Постепенно под историей начинает пониматься не поток изменяющихся событий, а становление и развитие устойчивых и безличных структур духовной и практической деятельности. История, из которой исчезают имена и даты предстает в качестве синонима развитию общества или просто категории «общество» в том смысле, что последнюю нельзя помыслить без фактора ее развития. В этом данном значении термин «история» – это жизнь общества.

В этом смысле история представляет собой коллективную память человечества. Это означает, что прошлое человечества, общества также реально и не является полностью прошедшим, а так или иначе присутствует в структурах настоящего. Так, для жизни общественно-го организма события отдаленных веков столь же реальны, как и для отдельного индивида, все то, что происходило с ним, например, «детстве или юности», разница же между индивидуальным и общественным сознанием в качестве исторической памяти заключается в том, что первое исчезает вместе с индивидом, а общественное, став фактом культуры, обретает реальность.

К изучению прошлого человека влечет чувство исторического интереса, и этот интерес обязывает людей знать его во всех деталях, во всей полноте. «Изучая предков, узнаем самих себя, – пишет известный историк - В.О. Ключевский, – без знания истории мы должны признать себя случайностями, не знающими, как и зачем пришли в мир, как и для чего, мы живем, как и к чему должны стремиться».

Таким образом, оказывается, что историческое неотделимо не только от общества, но и от человека, деятельностью которого она, в сущности, и является. Историческая реальность, по сути, оказывается реальностью бесконечно более широкой и богатой, чем непосредственно настоящее, воспринимаемое человеком даже на протяжении всей его жизни. Таким образом, за историческими фактами, письменными свидетельствами и памятниками материальной культуры, познающее сознание должно видеть человека. А если предметом истории в итоге оказывается сам человек, то не удивительно, что историческое познание оказывается таким привлекательным для мыслителей прошлого и современности.

Прошлое говорит с настоящим, только если настоящее обращается к нему. Способом такой взаимосвязи может быть историческая память, которая, в процессе одухотворения и преобразования выявляет внутреннюю взаимосвязь, «душу истории». Можно провести аналогию между сознанием отдельного человека и исторической памятью. Значимость последней нетрудно представить, если понять значение для отдельного человека дневников, автобиографии, исповеди. Такое же значение имеет историческое исследование в предельно широком значении для души целой культуры. Этот аспект притягательности истории вполне прослеживается в концепциях национального самосознания различных стран, не говоря уже об изучении прошлого всего человечества.

В этом аспекте история обретает связь с практикой – политикой и воспитанием, и прошлое начинает служить инструментом познания современности или даже прогнозирования будущего. Накопленный опыт делается всеобщим благодаря истории. Даже если верно, что история ничему не учит, остается аспект, в котором история все-таки может преподавать уроки, главное условие для этого – обращение к ней. «Понимание глубины своих исторических корней, законная гордость колоссальными по масштабу воздействия деяниями предков, преодоление всяческих синдромов тоталитарной эпохи, восстановление

адекватного исторического сознания, – отмечает Н.А. Назарбаев, – даст мощный импульс национальной консолидации».

Изучение прошлого приобретает как теоретическую, так и практическую ценность, что оно есть часть самосознания человека и общества, вероятно, это последнее обстоятельство может даже перевешивать многие другие утилитарные причины.

Именно в процессе исторического развития формируется неповторимая специфика социального бытия народа, его культура, духовность, менталитет. Утверждение, что историю можно назвать процессом приобретения индивидуальных черт, будет одинаково справедливым и для единичных субъектов и для глобальных социальных систем. Лишь неповторимость единичных историй создает неповторимое сочетание характерных свойств, отличающее каждую из них от других систем с похожей структурой, и именно истории объясняют нам историческую индивидуальность систем, позволяющую их идентифицировать. Поскольку, культурные и социальные системы, как и отдельная личность, сами идентифицируют себя с помощью своей исторической индивидуальности, постольку историческую индивидуальность можно обозначить как «идентичность».

Память или история становится такой же важной границей, как и река, гора или искусственно проведенная линия. Символы должны повторяться, включаться в учебные материалы и предохраняться от забвения. Национальная идентичность должна быть защищена от негативных влияний и интерпретаций, особенно если эта идентичность является обоснованием государства.

Становится очевидным, что если социальные субъекты обретают свою неповторимую идентичность среди им подобных через истории, то соответственно, доступ к искомой идентичности открывается через историю. В конечном счете, идентичность социально-исторических субъектов может быть изображена только с помощью их историй, поскольку эта идентичность, какова она сегодня, всегда содержит больше того, что можно понять из анализа условий настоящего времени. В некотором роде идентичность, понятая исторически, является не результатом действия, а результатом самосохранения и развития личности, государства, общества.

Тәуелсіз Қазақстан

Менің елім – Еуразия материгінің орталығында орналасқан, екі дүние бөлігін қамтитын, ұлан байтақ даласы бар, Тәуелсіз Қазақ елі. Осынау ұлы даламыз бабаларымыздан қалған мирас. Бабаларымыз бұл сайын даланы найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, кейінгі ұрпаққа аманат етті. Біз тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізген жоқпыз.

Тарихқа үңілер болсақ, сан ғасырлық тарихы бар Қазақ даласының, қазақ халқының көрмегені жоқ. Бабаларымыз небір қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірген

Жалпы қазақ көшпенді халық еді. Ру-руға, жүз-жүзге бөлініп өмір сүрді. Сол кездегі данагөй бабаларымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, біртұтас халық болып жасауды аңсады. Абылайхан бабамыздың тұсында бұл арман іске асып, үш жүздің басы қосылып, біртұтас елге айналды. Тарихтан белгілі танымал тұлғалар елдің бірлігін сақтап қалу жолында аянбай еңбек етті. Халқымыз жаугершілік замандағы шапқыншылықты, зұлмат жылдардағы ашаршылықты, сұрапыл соғыс жылдарындағы қиыншылықтың барлығын басынан кешірді. Халқымыз жасымады, сағы сынбады. Қиыншылықтың барлығын қара нардай көтере білді. Осыншама қиындықты басынан кешіріп, жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған кешегі көшпенді ел – бүгінгі таңда төрткүл дүниеге танымал, отырықшы, дамыған елге айналды!

Қазақ елі 1991 жылы қызыл империя құрсауынан босап, өз тәуелсіздігін жариялады. Еліміз Қазақстан Республикасы болып аталып, өз шекарасын айқындады. Әрине тәуелсіздіктің алғашқы жылдары оңай болмады. Елдігімізді сақтап қалу үшін ел ағалары күні-түні аянбай қажырлы еңбек етті. Олар күдік пен үміт арасында еңбек етті. Ертеңіміз не болар екен?-деген күдікпен өмір сүре жүріп, үмітпен ел болу жолындағы ауқымды жобаларды іске асырды. Уақыт өте келе сол ағаларымыздың үміттері ақталып, еңбектері оң нәтиже бере бастады. Еліміз өсіп-өркендеп, қазіргі таңда әлем таныған Қазақстан мемлекетіне айналды.

Еліміздің тәуелсіздік алғанына биыл 23 жыл толады. Осынау уақыт ішінде бағындырған белестеріміз аз емес. Еліміз қай саланы

алып қарасақ та, қарыштап даму үстінде. Әрине бұл – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегінің арқасы. Мен ол кісіні ұлы бір көрегенді кемеңгерге теңер едім. Еліміздің бүгінгі таңда жетіп отырған жетістігі сол кісінің жүргізіп отырған салиқалы саясатының нәтижесі.

Бүгінгі таңда 130-дан аса ұлт пен ұлыс көк ту астында тату-тәтті өмір сүріп отыр. Болашақ жас буын үшін бүкіл жақсылық жасалып берілді. Ендігі бізге қойылар талап: осы мүмкіндіктерді орнымен пайдалана отырып, ғылым-білімді меңгеру, ел болашағына қызмет ету.

Қарап отырсам, біз қазақ халқы ешнәрседен кенде емеспіз. Қойнауы қазбаға толы ұлан-байтақ жеріміз бар! Табиғатымыз ауыз толтырып айтарлықтай әсем! Көл де, шөл де, нулы орман да, қыратты-ойпатты жазық дала да, аспанмен тірескен биік таулар да жеткілікті!

Олармен мақтана алатын алып тұлғаларымыз, ұлы ойшылдарымыз, ақын-жазушыларымыз, ғалымдарымыз бар! Шүкіршілік!

Мен осындай өлкеде өмірге келгеніме қуанамын. «Менің елім – Қазақстан» деп көкірегімді керіп, мақтанышпен айта аламын! Еліммен, Елбасымызбен мақтанамын! Егемен еліміз Елбасымыз армандағандай Мәңгілік елге айналып, Тәуелсіздігіміздің тұғыры әманда биік болғай!

Мамырова Дарина

6 сынып, Халықаралық «Мирас» мектебі
Жетекшісі: Молдағалықова Қ.Т.

Менің туған өлкем

Райымбек ауданы....

Неткен керемет, неткен сұлулық!.....

Отаным – сағынышым, туған өлкем. Менің туған өлкем – Райымбек ауданы. Райымбек ауданы – еліміздің табиғаты бай, сұлу өлкелерінің бірегейі. Ауданның аты Райымбек батырдың есімімен аталады. Ал Райымбек баба жоңғар шапқыншылығынан елімізді азат ету жолында күрескен әйгілі батыр.

Алматы қаласының үлкен даңғылының бірі осы бабамыздың атымен аталады.

Райымбек ауданы Алматы обылысының, оңтүстік шығысында орналасқан. Мұнда үлкен өзендер мен көлдер бар: Шарын, Шелек өзендері, Көлсай көлдері көздің жанарын алады. Өсімдіктері алуан

түрлі. Бұл жерде құнды шикізаттар мен пайдалы кендер бар. Оның ішінде алтын, мырыш, көмір кендері бар.

Райымбек ауданында Хан-Тәңірі шыңының бөктерінде орналасқан. Оның биіктігі 7010 метр. Көне түріктердің аңызы бойынша Хан-Тәңір бүкіл әлемді жаратқан құдай.

Бұл өлкенің жануарлар әлемі де өте бай. Мұнды бұғы-марал, аю, қасқыр, түлкі және басқа жануарлар көптен кездеседі.

Райымбек өлкесінде атақты ақындар, жазушылар және ғалымдар шыққан. Бүкіл дүниежүзіне Мұқағали Мақатаевтың есімі таныс. Оның өлеңдерінде туған жерінің табиғаты мен сұлулығын жырлауда жан салмайды. Мұқағали Көлсай көлін қазақ қыздарының көзімен, ал олардың шашын үлкен шыңның баурайындағы қалың орманмен салыстырған.

Мен Райымбек ауданында дүниеге келіп, Алматы қаласында тұрып жатсам да туылған өлкем өзіме өте ыстық, жүрегіме өте жылы.

Мукашева Маржан

5 сынып, №176 мектеп-гимназия

Салт-дәстүр

Әр елдің ұлттық өзіне тән салт-дәстүрі болады. Сол дәстүрмен әр ел өзінше ерекшеленеді. Үйлену, балалы болғанда, үй салсада, қайтыс болған адамды ақтық сапарға шығаруда да әр ұлттын өзіндік салты бар. Салт-дәстүр сол елдің жеріне, ұстанған дініне байланысты қалыптасып дамып жатады. Біздің елдің салт-дәстүрі де солай. Қыз ұзату, құда түсу де өзіміздің жөн-жоралығымыз бар. Қазақ көбіне ырымға сенген, әр нәрседе ырымдап өзінше бір әдіс, өзгеше бір дәстүр болады.

Салт-дәстүр ұлттық айнасы деп айтуға болады. Салт-дәстүрді атадан балаға мұра боп өтеді. Заманына қарай өзгерістер болғанымен түпкі мақсаты мен негізі сақталады. Мысалы айтсақ біздің елде сүндет той, тұсау кесер, қыз ұзату, шілдехана, бесік той, келін түсіру деген сияқты рәсімдері бұрынғы аталарымыз жасағаннан сәл өзгеше дегенмен сол дәстүр жалғасып келеді. Әр ұлт ұлттық құндылығын сақтап қалу үшін өзінің тілін, дінін, салт-дәстүрін болашақ ұрпаққа түсінікті етіп, айнытпай жеткізіп отыруы қажет.

Біздің қазақта жеті ата деген бар. Жеті атасын білмеген жетесіз деп жатады, оның үлкен мағынасы бар. Руға, жүзге бөлініп жатады оныңда өзіндік пайдасы бар. Қыз ұзатып, келін аларда ең алдымен руын, тегін сұрайды. Қазақтың тектілігі, тазалығы үшін. Салт-дәстүр қандай ел, қандай ұлтын болымысын өзіндік ерекшеліктерін сақтап басқа елге үлгі боларлықтай болады.

Мұрат Алуа

5 сынып, Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия
Жетекшісі: Иманбаева М. Т.

Менің Қазақстаным

Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген. Менің Отаным – Қазақстан! Қазақстан ұлан-байтақ елім, кіндік қаным тамған жерім! Тәуелсіз мемлекет, өз туы, елтаңбасы, әнұраны бар. Жер көлемі бойынша тоғызыншы орында. Жері кең және құнарлы. Қазақстан кең байтақ, жер асты қазба-байлықтарға толы. Менделеев периодтық кестесінің бүкіл элементтері кездеседі, мұнайға бай. Бас қаламыз – көркейген Астана. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік жедел жаңару жолына түсті. Еліміздегі ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық арқасында Қазақстан әлемдегі достық пен бейбітшілік мекеніне айналды. Қазақстанымда бейбітшілік пен тыныштық әрдайым болсын!

Мустафаева Асем,

10 сынып, № 36 гимназия
Жетекшісі: Қожаниязова З.Қ.

Жайнай бер жарқын жолда елім менің - Қазақстан

«Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Талай жылғы ұлы дүбір, дүрбелеңнен кейін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. Еліміздің күні оңынан туып, жарық

жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арамызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Еліміздің арыстары талай жылдар басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында еліміз деп жанын пиде еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған желтоқсан қаһармандары.... Айта берсе жалғаса берер елінің асыл ұрандары, асқақ рухты азаматтарының ерен ерлігінің арқасы деп білемін.

Өз Отаныңның, өз елінің патриоты болғаныңа не жетсін! Сайын дала-атажұрт бабаларымыздың көздің қарашығындай сақтап, найзаның ұшы, білектің күшімен қорғағанының арқасында бізге жетіп отыр. Ендеше осындай алып Отанды сүйіп өту кімге де болсын парыз әрі қасиетті міндет. Отанды сүю оның әрбір тасын сүюден басталады. Яғни, туған анаңа, туған жұртыңа деген махаббат Отанға деген махаббатқа ұласпақ.

Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды, ата-баба дәстүрі көш түзеді, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. Содан бері атқан оқтай зулап 22 жыл да өтіп кетті. Қазақстанның жиырма екі жылдық ғұмырына көз салсақ, ауыз толтыра айтарлықтай, көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктері, асқан асулары мен бағындырған жаңа белестері көп.

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан елі тәуелсіздік алды. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Әрине, мемлекет құрылған кезде тілі де, рәміздері де қалыптасады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Рәміздері: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар ертеңгі өміріміз. Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз.

Ақыр соңында, әр Қазақстан Республикасының азаматы не істеу керек? Ол мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанын қорғау керек. Себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз. Яғни, осындай егеменді елдің, ұлан-ғайыр жердің болашақ ұрпағы – біз қандай болуымыз керек? Біз жан-жақты дамыған білімді, сауатты, бірнеше тілді еркін меңгерген, интеллектуалды ой-өрісі кең, осындай мемлекетке сай ұрпақ болуға міндеттіміз.

Қазіргі Қазақстан – егеменді, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Бізге әлі де алға ұмтылу керек. Ғылымды дамыту, ауылдық жерлердің әлеуметтік жағдайын, мәдениетін көтеру және осы жолға апаратын көптеген кедергілерді жою керек. Әрине, Қазақстанның алар асуы, шығар биігі әлі алда.

Бүгінгі Қазақстан Астанасын бас қала етіп, дамыған мәдениет пен экономиканың, білім мен ғылымның орталығына айналдыра, елінің тұрақтылығы мен бірлігін сақтап, дүниежүзіне танытуға күш салуда. Бұған мемлекетіміздің Бірікке Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымы сияқты халықаралық қауымдастықтарына мүше болып дүниежүзі елдерімен тығыз байланыс орнатуы және осы жолда атқарып жатқан қыруар істері дәлел бола алады. Кемеңгер Елбасымыздың «Қазақстан-2050» бағдарламасы өз бағытымен жүзеге асса, келешекте Қазақстан мемлекеті дүние жүзіндегі ірі мемлекеттер қатарына қосылады деген сенімдемін.

Осындай қйыншылықпен келген егемендігіміздің туын желбіретіп, ата-бабаларымыздың армандаған тілектерін орындау мақсатында, болашақта елімнің дамыған алдыңғы қатарлы алпауыт мемлекеттердің алдында болуына мен де өз біліміммен, еңбегіммен үлесімді қосқым келеді.

«Отан» деген сөзді естігенде асқақ ақынның мына өлең жолдары жүрегімді тебіренге есіме түседі және кеудемді мақтаныш сезімі кернейді:

Отан десем оралады ойыма
Ақсақалды, ақ шапанды қария.
Туған жерім-құт мекенім, дариям,
Егеменді елім, туым, әнұран,
Қанатымды қағып ұшқан жанұям.

Осы жолды аңсап еді еліміз,
Ар-намысты батыр туған жеріміз.
Мақтан етер бай мұрасы, салты бар,
Мен сүйетін қалың қазақ, халқым бар.

Негизбаева Гайни

4 класс, гимназия № 27

Руководитель: Михайлова А.Г.

Надо ли любить школу?

Звонит звонок все громче, все слышней.
Какая трель над миром разливается!
Ты думаешь, распелся соловей?
А вот и нет-уроки начинаются!

Н. Голь

Честно говоря, в 7 лет идти в школу, мне не особо хотелось. Подготовка в школу занимало время и на игру оставалось его мало. Но от этого нельзя было отказаться. Сейчас я понимаю, что учиться – это здорово. Особенно если ты любишь свою школу, свой класс и свою учительницу.

В стенах школы мы не только становимся образованными, узнаем, например, как образуются облака, почему лед не тонет, почему хамелеон меняет цвет кожи и т.д., но и находим друзей, затем на каникулах общаемся в социальных сетях.

Еще школа учит нас быть порядочными, добросовестными, ответственными, одним словом, прививает те качества, которыми должен обладать человек. Конечно, дети как и взрослые бывают разными, но, наверное, каждый ученик желает быть положительным, позитивным.

У нас очень дружный класс. Нас 31 человек, и мы все разные по характеру, поведению, тем не менее, нашей учительнице удалось нас сплотить, мы стали как семья. Беспокоимся друг о друге, защищаем, помогаем, заботимся. Даже на каникулах скучаем.

В нашей гимназии №27 проходят различные спортивные, праздничные мероприятия, эстафеты, олимпиады, поэтому, я думаю, мы всесторонне развиты.

Школа меня дисциплинировала, у меня строгий распорядок дня. И на игру, на любимые занятия у меня времени хватает.

Школу надо любить и уважать, нельзя говорить плохо о том, кто делает тебе добро изо дня в день. Учителя нашей школы самые лучшие. Надеюсь, в будущем моя школа будет мною гордиться.

Любовь к школе есть в сердце каждого из нас. Это не объяснить, не увидеть человеческим взглядом, ее можно лишь чувствовать. Она смешана с воздухом родного класса, родной школы.

Николаева Дарья

5 класс, ЧОШ «Зейнеп»

Руководитель: Островская Н.А.

Моя родина - Казахстан

Как хорошо, что я родилась в Казахстане! Эта самая красивая страна на свете. На юге у нас величественные горы Тянь – Шаня, в центре – бескрайние степные просторы, а на Западе - Каспий. Богат Казахстан полезными ископаемыми. Говорят, что в недрах Казахстанской земли можно найти почти все элементы из таблицы Менделеева. Вот некоторые из них: свинец, золото, уран, цинк, медь.

А какая у нас прекрасная природа. И эта красота впитывается навсегда в нашу душу. Если вдруг мне становится плохо, я выхожу на улицу и люблюсь нашими необыкновенными горами. С них стекает кристально – чистая горная вода, там растут лечебные травы, стоят величественно вековые сосны и ели, живут редкие животные. Цветы, какие необычайно красивые цветы в моем городе. Весной – это разноцветные тюльпаны, летом и осенью – розы и питунья. Нужно бесконечно любить свой родной край, он с младенчества учит нас красоте, и какая бы она не была эта красота – она родная.

Но главное богатство моей страны – это люди. Я думаю, что таких добрых, отзывчивых, душевных людей больше нет нигде на свете. И это не пустые слова. Однажды, когда я забыла в автобусе телефон, множество людей помогли мне найти пропажу. Спасибо им за это!

А вы пробовали нашу еду? Для меня нет вкуснее блюда, чем только что приготовленные бауырсаки моей апашки. Они очень вкусные и ароматно пахнут.

Наши люди добры не только друг к другу, но и к животным. Так на горе Кок – Тюбе есть маленький зоопарк: почти каждый посетитель старается посетить его, купить корм и угостить зверюшек.

Поэтому нисколько не удивительно, что наши замечательные люди строят такие прекрасные города, как Астана и Алматы.

В короткие сроки Астана превратилась в современный мегаполис. Хан Шатыр, Байтерек, Дворец мира и согласия, Мечеть Нур - Астана - эти достопримечательности юной столицы Казахстана известны всему миру.

Не уступает своей сопернице и южная столица Алма – Ата, так раньше назывался мой родной город. В переводе «Яблоко» и «Дедушка, какие теплые слова и город мой такой – же. Я люблю свой город.

Именно у нас в городе находится высокогорный каток Медеу и такого больше нет нигде в мире! Хорош наш город и ипподромом, и интересным зоопарком, и Чимбулаком, и Акбулаком и многим другим. И моя малая Родина Алматы – это часть большой и безграничной Родины, под названием Казахстан. Я хочу, чтобы Казахстан с каждым днём расцветал всё больше и больше. А чтобы моё желание исполнилось нужно подрастающему поколению ещё лучше учиться: ведь именно мы будущее своей страны.

Нұрсейіт Салтанат

5 сынып, Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия
Жетекшісі: Иманбаева М. Т.

Отаншылдық сезім

Отаншыл мәселесін көтерілуіне себеп болған, тәуелсіз ел болғалы әлі күнге дейін отаншылдықтың мазмұны мен құндылықтары қалыптаспа-ғандығынан туындап отыр. Жаңадан мемлекет құрып жатқан соң, оның халқының санасында да жаңа мемлекет құрып, бұрынғы идеяларды өшіріп, жаңасын жазу қажет, меніңше.

Отаншылдықты дамытудың басты шарты – отандастар бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтау. Құм, кесек, су, топырақты кез келген бала қалаған формасына келтіре алады. Егер де осыларды цементпен араластырсаңыз, бетонға айналады. Енді оны бала түгілі жігіттердің өзі қолымен бұзып, үге алмайды. Енді кішкентай ғана құм түйіршіктер мен топырақтарды, суды біріктіріп тұрған не? Әрине, цемент! Осы тектес миллиондаған отандастырымызды бір-біріне байлап тұрған бөлінбес бір Отан, ұлтқа біріктіріп тұрған патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік. Сол үшін ұлтымызды ұйымдастырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм біз үшін өте маңызды, басты мәселе. Менің ойымша, патриоттық сезімі жоқ адам – өз Отанын сыйламайды. Әр адамда өз патриоттық сезімі болуы керек!

Омирбаев Олжас

10 класс, школа № 118

Руководитель: Абикенова З. Б.

Любовь к «малой родине»

Быть патриотом – это носить Казахстан в своем сердце

Н.А. Назарбаев

И это так. Каждый колосок, каждая песчинка, каждый глоток воздух а- это твоё, родное. Я родился и живу Алматы, в «городе самой мечты». И я горжусь тем, что в общем хоре моей Отчизны есть ледяное дыхание ледников Ала-тау, земляничные поляны, бурные горные реки и казахское гостеприимство. Перечислять все то, что значит для меня Родина – это все равно, что пересчитывать каждую каплю в огромном потоке горных рек. Родина, которой я горжусь, это то, «когда где-то продолжает существовать то, чем ты жил. И обычаи, и семейные праздники. И дом твоих воспоминаний. И друг» (А. Экзюпери). А ещё это то место, где тебя любят и ждут. Родина для меня – это моя «малая родина», в которой есть свои ценности и определенные правила жизни. К сожалению, мы имеем свойства терять близких и родных нам людей. И я не являюсь исключением. Тяжелую потерю отца я пережил благодаря моим родным, маме и сестре. Ведь все, что осталось от отца в наследство – это то, на что никто не посягнет и не отсудит: честь, совесть, достоинство и бескорыстная любовь к Родине. Я горд за свою семью и за то, что, именно я – продолжатель дел и наставлений своего отца, который болел душой за свою семью и страну. Он строил красивые высотные здания и мечтал о том, что когда-нибудь и я внесу свою лепту в развитие строительства нашего города.

Сейчас мне шестнадцать лет, и я хочу продолжить дело своего отца и доказать, что понятие «Родина» - не просто слово. А это город, в котором ты родился, это улица, по которой ходишь в школу, это сад с твоими любимыми цветущими яблонями и это просто маленькая «тропинка в детство», куда только можно заглянуть через воспоминания. Чем старше я становлюсь, тем больше ощущений и представлений о Родине собирается в моем «я».

Читая страницы произведений о Великой Отечественной войне, я не перестаю восхищаться подвигами отцов и дедов, которые шли

в огонь войны, не думая о себе, заслоняли собою женщину с ребенком, трудились в тылу, ковали победу. С каждым годом все меньше и меньше остается тех, кто пережил страшные дни войны. И сегодня, в мирное наше время, мы преподносим букет тюльпанов и видим на глазах прозрачные капли слез, слез победы и радости за нас, продолжателей их незаконченных идей.

Я горжусь духом казахстанца, его характером. И пусть он находится в постоянных поисках себя. Главное свойство настоящего человека – жертвовать собой ради другого, радоваться чужому счастьем, простить врага. Это открытая и добрая душа, это умение видеть красоту во всем, что тебя окружает, это любовь к «малой родине», к местам, где родился и вырос – а это уже основа основ подлинного патриотизма.

Любовь к Родине – в каждом из нас. Она в нас с рождения, она в нас от наших отцов и дедов. Эта любовь – в каждой снежинке, в каждой улыбке, в каждом повороте дороги под названием жизнь.

Оразалина Айдана

6 сынып, Халықаралық Мирас мектебі
Жетекшісі: Молдағалықова Қ.Т.

Отаным-мақтанышым!

Өз шығармамды ақын Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңінен үзінді арқылы бастасам:

Бақытым бар үшінші-Отан деген.
Құдай деген кім десе- Отан дер ем!
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

«Отан» жай ғана айтылған сөз емес. «Отан» деген сенің жүрегің, қаның және жаның. Отан – сенің үйің. Ол сенің туған жерің ғана емес, ол сенің атамекенің. Отан десең алпауыт ұғымда естіледі. Өйткені Отан – сенің жүрегің.

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – Тәуелсіз мемлекет. 1991 жылы 1 желтоқсанда өзіміздің президентімізді сайладық. Ол – Нұрсұлтан Назарбаев. Отанымыздың өз рәміздері қалыптасты.

Тәуелсіздік алу – еліміздің барлық халықтары үшін аса маңызды тарихи оқиға. Қазақ елін әлемнің басқа да елдері тани бастады.

Туған жерімізде әр түрлі маңызды өзгерістер, жақсы жаңалықтар болып жатыр. Біздің ең үлкен жетістігіміз – бейбітшілік. Қазақстан БҰҰ-на, халықаралық валюта қорына мүше болды. Еліміздің өз армиясы бар. Қазақстанның жер қойнауында барлық кеннің түрлері бар. «Жері байдың, елі бай» дегендей ұлан-байтақ даламызда жануарлар мен өсімдіктерде сан алуан. Біздің Республика ғарышқа бірінші рет жол ашты. Қазақ азаматтары Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшты. Ақырын қадам басып біздің Отанымыз дамыған елдердің қатарына ене бастады.

Біздің мақсатымыз бен міндетіміз – Қазақстан халқының тұрмысын өркендету, гүлдендіру және тыныштығын қорғау. Біздің болашағымыз – жаңа технологиялар. Болашақта әр адам қазақ тілінде сөйлуге тиісті. Біз басқа да тілдерді меңгеру керекпіз. Әр азаматтың білім деңгейі жоғары болу керек. Отанымыз тек қана жоғары деңгейде дамуы керек. 2017 жылы Қазақстанда EXPO-2017 өтеді. Бұл біз үшін үлкен сынжәне қазақстандықтар бар күшін жұмылдыруға міндетті. Отанды сыйлау және қорғау әр азаматтың міндеті, бірақ осы міндеттің орындалуы-орындалмауы ол өзіңе байланысты. Белгіленген міндеттердің бәріне бірдей қол жете қоймас, әйтсе де, біздерге қазақстандықтарға оны жүзеге асыруға сенімді бет алыс керек, өйткені бәрі өз қолымызда, халық қолында. Мұқағали Мақатаев өз өлеңіде жырлағандай оты сөнген жалғанда жан бар болсаң, ойланбай-ақ менен кел от ал деп айтады.

Мен үшін Отан қасиетті ұғым. Ол маған бәрінен де-асыл, бәрінен де ыстық.

Оралбеков Нұрәлі

2 сынып, № 159 гимназия

Астана – бас қала

Оқу жылын үздік аяқтап, жазғы демалысты қызықты өткізу әр оқушының мақсаты. Соның бірі мен жазғы демалысымда еліміздің әр түрлі қалаларына сапар шеккенді ұнатамын. Өткен жазғы демалысымда Астана қаласына саяхат жасадым. Саяхат өте қызық болды және жаңа достар таптым.

Астана – менің елімнің астанасы. 1997 жылдан бастап Ақмола «Астана қаласы» деп аталады. Бүгін Астана әлемдегі ең әдемі, тар-тымды сәулеттерімен таңқалдыратын қалалардың бірі. Кең даланың ортасында Астана гүл секілді өсіп тұр. Бүгін Астана әлемдегі ең жас астана болып саналады. Қаламыз – даму жолында тұрған мемлекетіміздің мақтанышы.

Жас қалада тамаша тұрғын үй кешендері, әкімшілік ғимараттар мен сәулет ескерткіштері бар. Сондықтан да бас қаламыз өзгеше бір көркем көрініске ие. Мен саяхат кезінде Астананың тірегі Бәйтерекке бардым. Ол жерден қаланың барлығы айдан-анық көрініп тұрды. Сосын Думан ойын-сауық кешеніне жол тарттым. Мұнда көптеген балықтардың және тағы басқа су жануарларының түрлерімен таныстым. Мені ертіп жүрген әкем астананың көрікті жерлерімен таныстырып отырды. Қаланың даму тарихы жайлы айтты. Маған қала өте ұнады. Мен есейгенде Астанаға келіп, қаланың көркеюіне өз үлесімді қосқым келеді.

Астана көркейсе, еліміз – кең байтақ Қазақстан, көркейеді. Себебі, Астана – мемлекеттің жүрегі. Астананың болашағы жарқын екеніне мен сенемін!

Отаниезов Отаниез

10 класс, КГУОШ 57

Встреча с Художником

В рамках своего сочинения я хочу взять интервью у самого известного художника нашей страны – Шакена Ниязбекова. Это большая честь для меня. Он участник более 50 международных, всесоюзных, республиканских конкурсов, его работы находятся в музеях Санкт-Петербурга, Москвы, Киева, Ташкента, Еревана, Тараза, Алматы, Семей. Также он является автором Государственного флага нашей родины – символа независимости и суверенитета современного Казахстана. Благодаря умению и таланту Ш.Ниязбекова нашу страну отличает столь великолепный по красоте и гениальный по простоте флаг, впитавший в себя посыл, который Первый Президент и народ нашей Родины адресовал миру.

Казахстанский флаг невозможно спутать с другими. Голубой - основной цвет флага. Это чистое небо над необъятными землями

Казахстана. Это чистые воды наших богатых земель. Это чистые и добрые намерения казахского народа. Это безоблачное будущее нашей страны. Голубой символизирует честность, целомудрие, верность, безупречность.

В центре полотна солнце. Солнце - источник жизни и энергии. Поэтому силуэт солнца является символом жизни. А под ним степной орел. Птица, которая с давних времен сопровождает народ кочевников. А на языке символов он означает государственную власть. И параллельно древку располагается орнамент, который придает неповторимость. И все эти детали выполнены в золоте - символе могущества и богатства.

Я считаю, что только поистине гениальный и талантливый художник мог создать этот флаг. Поэтому мне так не терпится вживую познакомиться с этим выдающимся человеком.

И вот наступает этот волнующий момент. Я захожу в комнату и вижу его. В кресле сидит человек, на первый взгляд самый обычный, конечно, если вы не знаете о его заслугах так же хорошо, как я. Он встречает меня доброй улыбкой. И вот я начинаю разговор:

-Здравствуйте, Шакен Онласынович!

-Здравствуй, Отаниез.

-Как вы поживаете?

-Хорошо, а как твои дела?

-Спасибо, хорошо.

- Шакен Онласынович, вы человек, которого знает каждый гражданин нашей многонациональной республики. Каково это быть столь известной личностью, быть частью истории нашей страны?

- Когда я создавал будущий флаг Казахстана, у меня не было и мысли о том, что я войду в историю независимого государства. Впрочем, известным не считаю себя и сегодня.

-У Вас есть множество великолепных по красоте произведений. Думаю, у вас есть работа, наиболее близкая вашему сердцу.

- Да, национальный флаг является одним из главных творений в моей жизни.

-Расскажите о том, как вы придумали ваш флаг. Было ли это секундное вдохновение или же это были часы кропотливого труда?

- Я не считаю, что флаг мой. Теперь этот флаг принадлежит государству, всему народу, каждому казахстанцу. Я испытываю гордость, когда стяг страны поднимается в честь побед наших спортсменов в зарубежных странах.

- Вам не кажется, что молодежь забывает свои корни, не знает обычаи и традиции своего народа, своих предков.

- Да это проблема существует, но не все потеряно. Я был на встречах со студентами различных вузов страны. Во время беседы с ними молодые люди показали отличное знание не только истории страны, но и истории народов, населяющих Казахстан. А также я был рад тому, что казахстанская молодежь знакома с историей возникновения государственных символов. Так как считаю, что нужно воспитывать уважение к национальной истории и культуре, уделяя особое внимание изучению Государственных символов РК.

- А у вас есть какое-то хобби?

- Да. Это рыбалка. Но также я большой спортивный фанат и наблюдаю за участием наших спортсменов на всех крупных соревнованиях. И хочу, чтобы население страны болело за наших спортсменов. Я считаю, что для подрастающего поколения этот момент играет большую роль в воспитании патриотизма и любви к своей Родине. Как и миллионы казахстанцев, я испытываю гордость за наших спортсменов и чувство сопричастности к их победам. Желая им успешного выступления на всех предстоящих соревнованиях.

- Огромное спасибо вам за предоставленную возможность. Желаю вам всего наилучшего.

- И тебе спасибо.

Так прошли часы беседы с замечательным Человеком и Художником Шакеном Ниязбековым. Я буду долго вспоминать эту памятную встречу.

Пономаренко Александр

8 класс, ЧОШ «Зейнеп»

Руководитель: Соловьева Р. А.

Каждый из нас задумывается над тем, что значит для него Родина. Для меня Казахстан не просто слово, это часть моей души. Родина моя – это то, что стучит в моей груди, что отражается в моих глазах, то, что восхищает и волнует меня каждый день.

Моя родная земля – мой сад, мой дом, мои друзья. Люди, окружающие меня – тоже моя Родина, в которой вся моя жизнь, все мои чувства, в которой всё чудесно. Я думаю Ею, чувствую Ею. И что бы ни было, я люблю её – свою Родину, свой Казахстан, свою Землю, свой Дом, свою

подругу, свою мать. Я возвращаюсь к мысли о Ней, впитываю её каждой своей клеткой, не могу её покинуть и забыть.

Хочу жить здесь, где родилась моя душа, несмотря ни на что, любить этот Край, быть готовым защитить его и все силы отдать во имя мира и благополучия Родины.

Мы, дети матери одной – народ земли,
Казахи, Русские, Евреи...
Не просто всех пересчитать.
Но всем нам жизнь одна открыла двери.
В надежде только на любовь мы жить должны.
Не причинять друг другу боли,
Любить и чтить наш общий дом.
Пусть будет каждый в нем доволен.

И когда слышишь гимн своей Республики, трогаящий сердца людей, и видишь флаг, развивающийся на ветру, поднятый в честь Казахстана, то чувство гордости охватывает тебя, потому что на нашей огромной планете, на нашей Земле есть небольшой, но прекрасный уголок – Республика Казахстан

Сабирова Эльмира

11 класс, школа № 118

Руководитель: Абикенова З. Б.

Взгляд на Афганскую войну, глазами моего дедушки

В афганскую войну было испытано все-все, на что способен человек, что он в состоянии выдержать. Это знают и помнят наши афганцы: им полной чашей пришлось хлебнуть и страданий, и горя, и отчаяния, и трудностей. Каждый из сотен тысяч прошедших через эту войну стал частью Афганистана, частью его земли, которая так и не смогла поглотить всей пролитой на ней крови. Афганистан стал частью каждого воевавшего там.

Правду о войне знают лишь те, кто под пулями поднимался в атаку, кто изнывал от жажды, замерзал в снегу на горных перевалах, кто раненый ждал спасительную вертушку, кто провожал в последний путь на Родину в «черном тюльпане» боевых друзей. Война, какой бы

она не была, осталась открытой раной в душах тех, кто прошел ее дорогами, в семьях погибших и пропавших без вести солдат.

Мой дедушка, один из прошедших испытания афганской войны, Владислав Павлович, выполнял свой интернациональный долг в составе ограниченного контингента советских войск Афганистана, в звании подполковника специального назначения. Он служил на самом юге Афганистана в провинции Кандагар. В Кандагаре есть неоглядная пустыня - Регистан, горные отроги и угрюмые скалы. Суровый неприступный край. Ночи здесь аспидно-черные, зловещие.

Дедушка добывал сведения о местах расположения бандитских формирований, их численности, вооружении и намерениях. Ему приходилось каждый день проникать на нейтральную или вражескую территорию. Там он встречался с афганцами, которые были сторонниками демократических преобразований, и получал от них ценные сведения. Эти сведения приносили огромную помощь советскому командованию. Они предупреждали о готовящихся нападениях на воинские гарнизоны, о засадах на наши колонны, об установках минных полей душманами на пути следования советских войск. В задачу действий дедушки входило своевременно вскрывать очаги эпидемий.

В Афганистане слабо развито радио и телевидение. Во многих населенных пунктах отсутствует медицинское обеспечение и поэтому, когда в одном районе возникал очаг чумы, то болели не один или несколько человек, а жители нескольких населенных пунктов.

В беседах со своими афганскими друзьями дедушка всегда интересовался о здоровье местного населения. Если был очаг эпидемии, то он подробно расспрашивал о течении болезни. Затем докладывал командованию, и те решали нужно ли проводить военную операцию.

Дедушка с огромным удовольствием рассказывал мне о героизме врачей, для которых война уже была частью их жизни, а оказать помощь раненым – смыслом жизни. Была бы моя воля, я бы создала все условия жизни для тех, кто жертвовал собой ради жизни и счастья всего человечества. В тяжелых условиях приходилось работать им, советским медикам. Полевые госпитали часто обстреливались душманами. Спасая солдат, врачи отдавали им свою кровь, а порой и жизнь. Это они в мирные дни оставались героями. Это им приходят письма от бывших солдат со словами: «Спасибо Вам за то, что я жив!» За время службы в Афганистане мой дедушка провел свыше семисот встреч с афганцами на вражеской территории, совершил двадцать три диверсии по ликвидации

главарей банд формирований, машин с боеприпасами и штабов душманов. Были и критические ситуации, когда была под угрозой его жизнь.

Дедушка получил такие награды, как Орден «Красная звезда», медали «За отвагу», две афганские медали - «Ушт», Грамоту президиума Верховного Совета СССР.

Что бы сегодня ни говорили, мы не должны забывать о том, что на афганской земле погибло пятнадцать тысяч человек, которые просто выполняли свой воинский долг. Участники боевых действий проявили героизм, самоотверженность, любовь к Отечеству. Они выполняли свой долг, сохраняли верность воинской присяге.

Я считаю, что тот, кто избрал профессию защитника Родины, достоин называться героем нашего времени.

Сайлауханқызы Гүлшат

8 сынып, №1 балалар шипажайы мектебі
Жетекшісі: Садырбекова К.Б.

Отаным. Тілім. Тарихым.

Отаным – Қазақстан, тілім – қазақ, тарихым – бай. Жалпы алғанда бұл сөздердің астында баға жетпес байлықтар жатыр, ал көбісі бұл байлықты аңғара бермейді. Себебі, оны насихаттаушы аз. Сонда, «насихаттаушы болмаса қазақ-қазақ болмай ма?» деген сұрақ туындайды. Жоқ, әрине, бірақ өз тілім дейтін, ұлтым дейтін азаматтар азайып барады. Неге азаяды? Себебі, қазір өз бас пайдасын ойлаған халық. Халықтың бәрін өзімізшіл деуге тағы болмайды. Бұл – басты мәселе.

Келесі мәселе қазіргі жастар Елтаңбаның, Әнұранның, Тудың авторла-рын білмей жатады. Бұл – өте ұят нәрсе. Ал осыны жою үшін не істеу керек? Ол үшін әр мектепте мұғалімдер оқушылардың санасына әр сабақта құйып отыру қажет. Тек мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар үйде ата-аналар, түзде үлкен адамдар бала санасына құюы қажет деп есептеймін.

Одан да өзекті мәселелердің бірі «тіл» мәселесі. Қазіргі кезде тіл үлкен сұранысқа ие екеніне қарамастан, шетелдегі қазақ азаматтарын санамағанда, өз еліміздегі жерлестеріміздің көбісі қазақ тілінде еркін сөйлей алмайды. Намысқа тиетіні де осы ғой. Тіптен, қазақ бола тұра, қазақша сөйлемей өзге тілде сөйлегенде кірерге тесік таппассың. Өзге тілде сөйлеме демейміз, бірақ әр нәрсенің өз орны бар ғой.

Ал тарихымызды біліп, жарытып жүргеніміз де шамалы. Қарапайым халық былай тұрсын, өнер адамдары, кей оқушылар тарихымызды, дінімізді білмейді. Қазір оқып, тоқып отырған заманда білмегенде, өткен ғасырларда оқымаған ата-әжелеріміз қалай жеткізе білген?! Ол дегеніміз тәрбие, түйсік, сыйластық дегенді білдіреді. Бұрындары үлкендері кішілердің санасына асыл қасиеттерді құяды, кішілері үлкендерін тыңдаудан жалықпаған. Сонда олар тарихын білмей, болашаққа аяқ баса алмайтындарын түсінген. Осыны түйсігіне түйгенінің арқасында тәуелсіздік алдық.

Тәуелсіздігіміз енді бөлек әңгіме. Оны алғанымызға аттай мың жыл өтпесе де, жиырма екі жыл өте шығыпты. Енді тәй-тәй басып келе жатқан елімізді әлем халықтары біледі, таниды. Еліміз екі жүз жиырма жылда істей алмаған мемлекеттің ісін істеді. Қысқы Азияда Ойындарын өткізді, 2010 жылы Саммит өтті, БҰҰ-на төрағалық етті, ішкі - сыртқы өнім бірнеше есеге өсті. Қазақ балалары шетелде білім ала алатын болды, әлем елдері мойындады. Ең бастысы – тіліміз, тарихымыз, еліміз басты мәселеге айналса да ұмыт болған жоқ.

Жасай бер, ұлы Тәуелсіздік!

Сақытова Ақмарал Берікқызы
10 сынып, №131 мектеп-лицей
Жетекшісі: Садырбекова К.Б.

Мен қазақпын! Бұл сөзді жайбарақат айта салу қиын. Тіпті, мүмкін емес десе де болады. Бұл жігеріңді жанып, жүрегіңді баурайтын аса әсерлі сөздер. Оны естігенде ел мен жерге деген махаббат, туған халқың мен туған топырағыңның алдындағы перзенттік парыз жайлы ойлар жадыңа оралады. Оны айтқанда арқанды Алатауға тіреп тұрғандай тәкаппар да сенімді, алдыңда Сарыарқаның сар жазира-сындай шетсіз де шексіз ұлы жол жатқандай еркін, сергек сезінесің. Бойыңды ерекше сезім билеп, саңанда әлдебір жарқын сәуле жалт еткендей әсерге бөленесің. Қазақ дегенде көз алдыма шалқыған жайлау, түтіні бұрқыраған ауыл, жазық дала елестеп, бақтағы бұлбұл құстың үні мен айдын көлдегі қиқулаған аққу үні естіледі. Осындай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдері,

кең даласы бар. Осы жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып-өскен.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз, айыптамаймыз да. Себебі, бұл – тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ – бізді кешірмейді» деген ұлы даналықты жадымызда ұстайық!

Жалпы, қазақ жұрты бастан не кешпеді?! Қаһарлы, шерлі, азуын айқара ашқан аяусыз жылдардың, басқыншылық, төңкеріс, қуғын-сүргін, соғыс жылда-рының талайын көрді. Шыдады, төзді. Берілмеді, беріспеді, күресті. Соңында жеңіске жетті.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов. Соңғы Республикамыздың мемлекеттік рәмізі ол – Әнұран. Әнұран негізі – ол халық арасында кең тараған «Менің елім» атты патриоттық өлең. Әнұран – халық жүрегінің соғуы, армандардың қорытпасы болып табылады. Әнұранның авторлары Шәмші Қалдаяқов, Жүмекен Нәжімеденов және Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Әнұран ресми рәміз ретінде, Қазақстан болашағы мен өзінің болашағына сенетін қазақстандықтардың ортақ қазынасына айналып кетті. Біз, Тәуелсіз Қазақстанның азаматтары бұл күндері бүкіл еліміз болып сүйікті Әнұранымызды шырқаймыз. Туымыз бен Елтаңбамызды мақтан етеміз. Біз болашақта бұдан да бай, қуатты елде өмір сүретінімізге сенімдіміз. Ендігі тілек бәріміздің жүрегіміз Отан деп соғып, Тәуелсіздік туы желбірей берсін. «Менің Қазақстаным» атты әнұран әрбір қазақстандықты бірлік пен татулыққа үндей берері сөзсіз.

Мұқағали ағамыз:

Сендердікі қоғам, өмір, заман да,
Сән түзеген қалаң менен далаң да,
Болашақта барлығы да сендердікі, жас ұрпақ,
Сендерге аманат етіп табыстаймыз, қабыл алыңдар!,-

деп жазған.

Елімізде жаңа жас ұрпақ өсіп келеді. Бұлар – тәуелсіздіктің бел балалары. Елбасы осы ұрпаққа айрықша үміт артады. Елбасымыз айтқандай ХХІ ғасыр – жастар ғасыры. Елдің ертеңі осылар деп қарайды.

Тәуелсіз Қазақстанның гүл-денуін осы ұрпақпен тікелей байланыстырады. Жастар – елдің болашағы, халықтың үміт артары, өлкемізді көркейтіп жасартары да біз – жастар. Қалың елім қазағымның жанарында жанып тұрған оты бар жалынды, жігерлі жастары! Отан сүю – әрбір ет-жүрегі, қан-тамыры қазақ деп соғатын қазақжанды, елжанды, ұлтжанды ұландардың баға жетпес парызы. Сондықтан, парыздарымызды асқақ абыроймен, аса адал орындау арқылы ұлтымыздың іргетасын бірге нық тұрғызайық. Еңселі еліміздің ертеңі біздердің қолымызда! Қазақстанды биікке жетелелейік, жеткізейік!

Қазақстан, сен заңғар биіксің, кеңсің. Менің жаным өзіңе деген мақтанышқа бөленген. Туған жер! Мен сенің атыңды жер бетіне жар салар перзентіңмін, тәуелсіздікті мықтап қолда ұстайтын балаңмын!

Сәлімбай Алтынай

№176 мектеп-гимназия

5 д сынып оқушысы

Менің елімнің салт-дәстүрі

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы.

Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы — мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі.

Әдет - Ғұрыпқа байланысты салт – дәстүрлерді айтсақ: Туған жерге аунату. Әдетте, басқа жақта тұратын ер-азаматтарды туған жеріне келгенде оны сол жерге аунатып алатын жақсы дәстүр бар. Мұның мән мағынасы көп. Біріншіден, «сен осы жерде тудың, ұмытпа, перзенттік парызыңды өте» деген мағынада. Екінші, «туған жер – ата-анаң, Отаның, оның жақсы қасиеттері бойыңда, ойыңда жүрсін» деген тәлім жатыр.

Балаларға қатысты салт – дәстүрлерді айтсақ: Балаға ат қою - ата-ана үшін жауапты іс. Қазақ халқының ерекше бір көңіл бөлетін ғұрыптарының бірі - өмірге жаңа келген бөпеге ат қою. Әрбір ата-ана өзінің баласына әдемі әрі мағыналы есімді қоюды қалайды. Сондықтан болар ырымшыл халқымыз перзентіне қол бастаған батырлардың, сөз бастаған шешендердің, ел бастаған билердің, жез таңдай, күміс көмей әнші-жыршылардың атын қоюға тырысады.

Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған. Менің елім салт-дәстүрге бай оны айта берсем көп.

Сейдали Ақерке

11 сынып, №2 ЖББМ

Жетекшісі: Умбетова Ж.Қ.

Ертеңгіні болжағың келсе, елдің кешегісін танып ал

Мен қазақпын биікпін, байтақ елмін
Қайта тудым өмірге, қайта келдім
Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске
Айта бергім келеді, айта бергім
Жұбан Молдағалиев

Туған жер... Бұл сөзде қаншама сезім, қаншама адалдық, қаншама махаббат бар. Сол сезімдер кейде әрбіріміздің жанымызды керней түсетіндей көрінеді. Туған жердің әрбір тасы мен тауы, қаласы мен даласы, шүйгіні мен орманы бізге аса бағалы. Туған жердің сарқыраған өзендері мен тұнық көлдері, биік шыңдары жазира даласы жаныңды шын мәнінде тыныштыққа бөлейді.

Біздің еліміз – Қазақстан Республикасы. Бүгінгі таңда даму жағынан көптеген елдерден алда келеді. Мұның басты себебі деп, еліміздегі жанашыр, әрі өз Отанының шын патриоттарының жасаған еңбектерінің жемісі деп білемін. Бірақ біздің еліміз қашанда осындай тәуелсіз әрі бейбіт болған емес. Әр елдің болмасын тарихында қиындықты бастан кешкен кездері болады емес пе? Сол сияқты біздің еліміз басындағы түрлі қиындықтар тарих беттеріне түскен әжімдей әр адамның есінде сақтаулы тұр.

Қазақ елінің толық қалыптасу кезеңі деп Қазақ хандығының құрылуын айтамыз. Осы кездерде біздің бағыр бабаларымыз, білікті ел басқарушы-ларымыз ұлтарақтай жерімізді жау қолына бермеу үшін, қыздарын күң қылмай, ұлдарын құл қылмай, болашағына зор үмітпен қарап, жерімізге көз алартқандарға қарсы соққы беріп отырған.

Осы кезеңдегі ел тарихына үлкен үлесін қосқан әйгілі шешен билеріміз болған. Олардың сарабдылықпен сарапқа салынып, шын жүректен шым жібекше ширатылып шыққан даналық иірім көпшілік қуаттап, жұртшылық қолдаған, талғам таразысына салынып, тапжылтпай тауып айтқан әрбәр сөзі ел тарихында елеулі орын алған.

Ал бұдан кейінгі кезеңді біз еліміздің біртіндеп Ресей бодандығына қосыла бастауымен байланыстырамыз. Алғаш болып Кіші жүз қазақтары бастаған бұл үрдісті қалған екі жүз қазақтары жалғастырып кетті. Сонымен қазақ жері түгелдей дерлік Ресей қол астында болды. Солай қараңғы қазақ өз жерінде өзі нансыз қалды. Тек билер мен болыстар, өз ұлтын ұмытып, орысқа жалтақтай беретін «ел басқарушылар» жақсы өмір кешті. Осы кезде елімізде Махамбет пен Исатай, Кенесары мен Сырым, Амангелді мен Әліби сынды біртуарлар бой көрсетті. Әйгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы да осы кезге сай келді.

Ақтабан шұбырынды...

Ақтабан шұбырынды...

Қадарсын қайда барып тұғырыңды?!

Қазақ жері алып бір қара қазан,

Қазанда қайран жұртым қуырылды.

Өз халқымызды өздеріміздің хандарымыз қанап отырғанын көрген Махамбет пен Исатай Жәңгір ханға «Хан емессің қасқырсың» деп бетіне басып, халықты көтеріп, ханға қарсы шықты. Бұл көтерілістерді хан айла шарғымен басып тастағанымен, ел жүрегінде көтерісшілер нағыз батыр болып қалады.

Ал 1991 жылы еліміз өз тәуелсіздігін жариялады. Бұл желтоқсан оқиғасымен тығыз байланысты. Себебі, егер біздің жастарымыз сол алғашқы қадамды жасамағанда, еліміз тәуелді күйінде қала берер ме еді? 1986 жылғы жастар көтерілісі – санамыздағы өшесіз. Біз мәңгіге сол жастардың көрген қиындықтары мен тілеген тілектерін, айтқан аманаттарын естен шығармаспыз.

Бүгінде біз дамыған елдермен терезесі тең, тұғыры биік мемлекетпіз. Бұған біз елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей атсалысуымен қол жеткізіп отырмыз. Еліміздің өз халқы, өз тілі, өз ұлты бар. Мемлекеттік мәртебемізді асқақтатын мемлекеттік рәміздеріміз де бар. Біз қазақ жұрты тәуелсіздігімізді білдіретін рәміздерімізді қадірлеуіміз қажет.

Менің тілейтінім Қазақстанымның қашанда тек биіктерден көрінуі. Біз Қазақстан азаматары, игі ағалар жолын қууда мүлт кетпейміз деп сенемін. Еліміздің тарихын қастерлейік, ұмытпайық. Өйткені тарихы жоқ елдің ертеңі болуы мүмкін емес!

Сембаева Аяулым

8 сынып, Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия
Жетекшісі: Ибраимова М. С.

Ұлы Отан соғысы

Ұлы Отан соғысы талай адамның қаны төгілген майдан алаңы. Сол соғыста ұрпақтарын қорғау үшін, жерін аман алып қалу үшін майдан алаңына аттанды. Сол бір сұрапыл 1941-1945 жылдар біреуді қарындастан, біреуді ағадан, енді бірін ініден, өзгесін әкеден, анадан, туған-туыстардан айырды. Ызғарлы соғыс бәрін жалмады. Жеңістің лебі ескенде, Қазақ елі, даласы бір жасарып қалғандай болды. Сол сұрапыл соғыстың зардабынан қаншама адам жапа шекпеді десеңізші!

Біз, жеңіс дегеннің оңай келмегенін түсінер ме екенбіз? Қаншалықты түсінеді, ұғады, құнын біледі дегенмен де, қазіргі жастардың жанарына қарасаң, бір қуанышты көре алмайтынымыз тағы рас. Сол бір жастарға, өзім қатарластарға қарап, «Расымен де, Қазақстанымыз дамыған ба? Тәуелсіздікті ұғынамыз ба?» деген сұрақтар туындайды менде.

Уақыт көрсете жатар. Барлығы да болашақ еншісінде. Бала жүректен шынайы тілегім біреу ғана. Ол – еліміздің тыныштығы,

жеріміздің амандығы, бауырымыздың бүтіндігі! Бақытты ел болғанға не жетсін!?

Советхан Раушан

10 сынып, Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия

Жетекшісі: Исахметова Э. Ж.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Ата-бабаларымыздың, ержүрек батырларымыздың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға тапталмай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да, бұл – Ұлы мереке. Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Біз, Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Оққа ұшқан қарулас жолдаста-рының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен. Ол күш – әрине, «бірлік”. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргеңді Ел, ер болып сақтаймыз

Сенен аяр жан да жоқ,

Барлығы да сен үшін,

Саған қауіп төнгенде

Жау таянып келгенде,

Қамсыз тыныш жатпаймыз

Алпыс ұлттың адамы,

Қол ұстасып үн қосып,

Қорғауға сені дайынбыз,-

деп жазған Нүрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Мен осындай өзінің елі мен жерінің қамы үшін жан аямай шайқасқан батырларымыздың ішінен Бауыржан Момышұлын ерекше атап өткенді жөн көрдім!

Қазақ халқының қаһарман ұлы - Батыр Бауыржан Момышұлы!

Қазақта «ақыл жастан, асыл тастан» деген нақыл сөз бар. Бауыржан сияқты хал-қының ұлдарына байланысты айтылған сөз болар, сірә.

Батырдың өмір жолына көз жүгірте отырып, амалсыз осындай ойға қаласың. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Көлбастау ауылында дүниеге келген. Шымкенттегі 7 жылдық мектеп-интернатын бітірген соң, біраз жылдар мектепте мұғалім болыпты. Бұл сол кездегі ең бір абыройлы, беделді мамандықтардың бірі. Сол кездің өзінде-ақ еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ынта, жігерімен, дарынымен көзге түскен жас жігітке ауаткомның хатшысы, милиция бастығы сияқты аса жауапты қызметтер сеніп тапсырылған. Бауыржан Момышұлы әскер қатарына 1932 жылы алыныпты. Еңбекқор, іскер азаматтардың қандай да болсын істен нәтиже шығара білетіні белгілі. Баукең бойындағы мұндай қасиеттерін әскер қатарынан оралғаннан кейінгі жылдары көрсетсе керек. Осы уақытта біраз жылдар Шымкент, Алматы қалаларындағы банк саласында жемісті еңбек еткен ол, жақсылап қолға алса, өзінен тәп-тәуір қаржыгердің де шығатынын көрсеткен. Бұдан әрі қарай Баукеңнің өмірі өзінің туа біткен қасиеттерімен байланысты, яғни әскер саласындағы қызметтермен жалғасады. Яғни ол 1936 жылы Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты тәмамдап, қайтадан Қызыл Армия қатарына алынған. Онда жүріп, взвод, рота, командирі полк штабы бастығының көмекшісі сияқты басшылық қызметтерді атқарады.

1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы болады. Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен 316-шы атқыштар дивизиясының жасақталуына атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Онда Баукең немістермен Мәскеу түбінде болған айқастарға қатысып, әйгілі 8-ші гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болып, соғыс бітердің алдында осы гвардияны басқарады. Тап осы сұрапыл соғыс жылдарында ол өзінің асқан ерлігімен, соғыс өнерінің қырсырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, оның атақ-даңқы аңызға айналады. Соғыстан соң Баукең Кеңес армиясы Бас штабы жанындағы Жоғары әскери академияны бітірген.

Ал 1950-1956 жылдар аралығында әскери академияда сабақ берген және түрлі әскери қызметтерді атқарған. Бауыржан Момышұлының ерлік істері мен оның соғыс қимылдары жөнінде жазып қалдырған еңбектері мен естеліктері, халық арасында «Бауыржан айтқан екен» деген әңгімелері кейінгі ұрпаққа, өз еліне деген сүйіспеншілік пен махаббатың, ерлік пен елдіктің үлгісі болып қалды. Баукеңнің ерліктері жөнінде осы уақытқа дейін көптеген еңбектер жазылды. Олардың ең танымалдарының бірі – белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколам шоссесі») повесі. Бұл кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылған. Бауыржан Момышұлы туралы шығармаларды қазақ жазушылары да көп жазды. Ол туралы түсірілген фильмдер де жеткілікті. Ал осыншама көпті көрген, белді қызметтерді атқарып, үлкен марапаттардың, атақтардың иесі атанған танымал тұлғаның өзгелерге айтары, кейінгі ұрпаққа қалдырары аз болмаса керек. Оның соғыстан кейінгі жылдары айналысқан шығармашылық жұмыстары мен жазып қалдырған еңбектері осындай ниеттен туған дүниелер деуге болады.

Көрнекті жазушының орыс және қаза тілдерінде жазып қалдырған «Бір түннің тарихы», «Ұшқан ұя» сияқты алғаш шыққан кітаптары мен одан кейін жазылған «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» сияқты өзге де көптеген шығармалары оқырман жүрегіне жол тауып, көпшіліктің іздеп оқитын кітаптарының біріне айналды. Бұл шығармалардың барлығы да көптеген елдердің тілдеріне аударылып басылды. Осы ретте, «Егемен Қазақстан» газетінде 2008 жылы сәуірдің 4-інде жарияланған Көсемәлі Сәттібайдың «Аңыз бен ақиқат» атты мақаласынан үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік. «...Көзінің тірісінде-ақ өмірі аңызға айналған халқымыздың қаһарман перзенттерінің бірі Бауыржан Момышұлы туралы әлі толық айтылып та, жазылып та біткен жоқ. Филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас

Мырзахметов Жамбыл облысына орнығып, Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі атанғалы бері атқарған көптеген сүбелі еңбектерінің бірін, міне, осы батыр мұрағатындағы сарғайған құжаттарды жинақтап, көптомдық әзірлеуге байланысты жасап жатыр десем, артық айтқандығым емес.

Бауыржан Момышұлы әлденеше ордендермен, медальдармен марапат-талды. Дүние салғаннан кейін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (1990 жылы). Сөйтіп, ұзақ жылдардан соң, соғыс және еңбек ардагерлері, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, қалың жұртшылық талабымен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолдауы арқасында, халқымыздың ардақты ұлы – өзі тірісінде-ақ аңызға айналып кеткен осынау даңқты жауынгер, дарқан ойлы қолбасшы турасындағы тарихи әділеттілік қалпына келтіріліп еді. Бүгінде Бауыржан батыр есімін иеленген мектептер, көшелер, елді мекендер, ұжымшарлар егеменді елдің қала, даласында көптеп кездеседі. Оңтүстік астанада ол тұрған үйге ескерткіш тақпа орнатылған, әскери мектеп-лицей бар. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Стебляков Михаил

11 класс, сш № 121

Руководитель: Комшабаева К.Т.

Я патриот своей Родины!

Меня зовут Михаил, мне 17 лет. Я родился и вырос в городе Алматы. Наш Алматы это самый лучший город на свете. Все в нем такое родное и близкое для меня. К сожалению, мне еще не удалось побывать в других городах Казахстана. Но я точно знаю, что в моей стране все города по-своему хороши и имеют свою уникальную, интересную историю. Мечтаю посетить когда-нибудь нашу столицу - город Астана

и самому увидеть знаменитый монумент «Астана – Байтерек» и Океариум развлекательного центра «Думан».

В этом году я заканчиваю школу и планирую поступить в Казахский Национальный Аграрный Университет на факультет «Ветеринария». Так как считаю, что моей стране очень нужны такие специалисты. Ведь Казахстан имеет богатую фауну, которая с каждым годом ухудшается: пропадают редкие виды животных и птиц, заболевают и погибают целые районы крупного и мелкого скота. А также дикие животные в наших степях и горах. Ветеринария - это отрасль науки, которая занимается профилактикой, диагностикой и лечением болезней, а также расстройствами и травмами животных. Мне интересно изучать биологию и ветеринарию. Познавать окружающий нас мир. Я с самого детства люблю животных. Я хочу лечить и спасать их. Мечтаю открыть такую вакцину, благодаря которой можно будет избежать многих заболеваний у животных. Ведь животный мир Казахстана богат и разнообразен. И надо сделать всё, чтобы спасти и сохранить это богатство для следующих поколений.

Тұрдыш Нұрислам

5 сынып, Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия
Жетекшісі: Иманбаева М. Т.

Менің Қазақстаным

Менің туып, өскен жерім, елім – Қазақстан. Мен осы елде өмір сүріп жатқанымға шүкіршілік деймін. Қазақстанның табиғаты өте кереметі екен сөзсіз! Көптеген шет елде жүрген қазақтарымыз өз елін сағынады. Мен былтырғы жылда төрт мемлекетке барып келдім. Франция, Германия, Голландия және Бельгия. Сол кезде туған жерімді сағынғаным соншалық, өзімнің отбасымнан, туысқанымнан да қатты сағындым. Табиғатын, ауасын, топырағын. Бұрында қазақтарға көптеген ел шапқыншылық жасады. Қазақтар оларға төтеп беріп, намыстарын қолдарынан берген жоқ.

Қазіргі балалардың бәрі бұрынғы қазақтардың ұрпақтары. Біз қазір тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Әрбір адамзат өзінің борышын өтеп, қазағымыздың болашағы атануы міндетті. Жақында Ехро-2017 ұтып алдық. Біздің 2050 жылғы стратегиямыз қарқынды өтіп

жатыр. Қараңыздаршы қандай тамаша! Осындай елім барына және осындай елідң ұланы екендігіме мен шын жүреппен мақтанамын!

Тоқмет Әмір

10 сынып, Халықаралық Мирас мектебі

Жетекшісі: Молдағалықова Қ.Т.

Менің мектебім

Сәлеметсіз бе, оқырман! Менің атым – Әмір. Мен Алматы қаласындағы халықаралық Мирас мектебінің 10 сыныбында оқимын. Мектебім Н.Ә.Назарбаевтің Білім Қорында ұйымдастырылуымен 1999 жылы салынды. Мектептің босағасын аттаған кезден-ақ, мектептің әсемдігіне таң қаласыз. Мирастың әсем саябағына, театрына, спорт залы мен футбол алаңына, кең атриумы мен асханасына қызығарлықтай қарап тамашалаған соң, сізді қарсы алатын ақылды оқушылары мен жоғары санатты мұғалімдері көмек беруге әрдайым дайын. Ал хайуанаттар әлеміне саяхаттағың келсе, мектебімнің жаратылыстану кабинетінің жаңында хайуанаттар бағы бар.

Ол жерде сен әртүрлі өсімдіктер мен жәндіктерді, кемірушілерді қарай аласың. Сонымен, мектебім сізді кең құшағымен қарсы алды. Жылы қарсы алу кімге ұнамас десеңші...

Басқа мектептерге ұқсамас мектебімнің ерекшелігі өте көп. Солардың ішінде ең біріншісі – халықаралық бағдарлама негізде білім беру жүйесі, екінші – көптілділік ұстанымы, яғни оқушылар өз ана тілдерінен басқа мемлекеттік тіл – қазақ тілін, ұлтаралық тіл – орыс тілін, халықаралық тіл – ағылшын тілін оқып үйренуде. Мектебімнің мұғалімдері өз елімнің азаматтары және өзге елдерден кезген ұстаздар.

Менің мектебім – ол менің екінші үйім. Адамдар бір-біріне дос дегендей мектебімнің қабырғасында жүргенде бәрі маған таныс, бәрі маған дос, бәрі маған жақын. Біз бір отбасы сияқтымыз. Сабақтан тыс уақыттарымызды біз әр жаңа ашылуларды зертейміз. Себебі, Мирас мектебі – сапа жағынан және білім жағынан да ең жақсы шеберхана деп айтсам артық болмас. Сондықтан жолың түсіп, мектебімізге келіп жатсаң, сізге есігіміз айқара аш. Қош келдің досым!

Ыбраи Сымбат

8 сынып, Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия
Жетекшісі: Ибраимова М. С.

Отаншыл

«Отаншыл, отаншылдық» барлық адамда болу керек сезім! Әр адамның өз еліне, туып-өскен жеріне деген сезімі шексіз. Жалпы «отаншылдық» сөзі өз еліне деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімі. Қазақ даласын, жерін қорғау үшін қаншама ата-бабаларымыз өз жанын, қанын қиды! Дұшпандарға қарсы тұрды!

Ал, біз қазір сол бір бабаларымыз алып берген тәуелсіз елде, жерде өмір сүрудеміз! Біздің мына кеудемізде сол тәуелсіздікті сезінерліктей түйсік, сезім, махаббат, сана, ақыл бар ма екен?

Қазіргі таңда «Қазақстан» атауын «Қазақ елі» атауына өзгерту туралы талқыға түсіп тұрған мәселеге де өзімнің қосылатынымды айтқым келеді. Өйткені, «стан» деген сөз қазақ тіліне тән сөз емес. Меніңше, «Қазақ елі» атауы бізге әбден лайық!

Егер Қазақстан өзінің көркеюін қаласа, онда, одан әрі дамуына болашақ ұрпақтар, мына біздер, барымызды салып, үлес қосып, ұрпақ сабақтастығын жалғастыруымыз тиіс!

Шорохов Илья

В гостях хорошо, а дома лучше!

В школе нам говорили, что патриотизм - это законы и их соблюдение. Может быть, я путаюсь. Ведь мама на это улыbnулась. А папа сказал – это верно, но лишь отчасти, ведь человек, когда любит свою страну, не будет нарушать законы. После этого родители объяснили, что патриотизм значит - любовь к Родине.

Папа спросил – ты любишь Родину? Ответить на этот вопрос было просто – да! Но вот подумать, почему я сказал «да» – уже сложно. Мне нравится там, где я живу. Красивая природа, деревья, громадные горы. Люблю зимой играть в снежки, кататься на санях. Правда, иногда из-за холода болею, но без зимы скучно. Один новый год чего стоит! Я читал,

что есть страны, где постоянно жарко и снега не бывает совсем. Как там скучно.

Еще мне очень нравятся животные. Когда мы с дедом ходим в горы, он мне всегда показывает разных птиц на деревьях и рассказывает о них. Чаще всего попадают фазаны. Воробьи, голуби и сороки, конечно не в счет.

Я люблю путешествовать. Был в разных городах и за границей. Знаю, что наш Казахстан на карте похож на большую рыбу. И вообще, у нас большая страна. Больше только Россия и Америка, а еще Китай. А Турция маленькая, хотя там мне тоже понравилось. Я там плавал в море. До этого дома ходил в бассейн, поэтому плавать научился. Правда, на море плавал всегда рядом с папой. Конечно, на море было весело и хорошо. Мы ездили на рафтинг и ходили на рыбалку. Правда, на рыбалке нас обманули. Рыба не ловилась. Я ничего не поймал, папа – тоже. Повезло лишь маме. Другое дело, когда я был помладше, в Алматы, мы ездили на рыбное хозяйство. Вот это была рыбалка. Закидывал удочку и сразу же рыба клевала.

Город, в котором я родился, очень красивый. Хотя другие города тоже красивые, но в Алматы много деревьев. И еще есть скульптуры деда. Возле цирка есть здоровенный клоун. А в парке – барс. На этого барса можно залазить. Во дворе у меня тоже есть скульптура, но дед на нее залазить не разрешает.

Вообще, когда только уезжаешь в путешествие – интересно. Но потом всегда хочется домой. Почему? Не знаю, может быть, потому что скучаю по друзьям. У меня есть друзья на шахматах, на плавании и в школе. А еще родные – дед с абикой, аташа с апашей и тетя Катюша. В гостях хорошо, а дома лучше!

Ақмола облысы

Алкенова Диана

9 сынып, №7 қазақ орта мектебі

Атбасар қаласы

Жетекшісі: Әуезова З.Т.

Махамбет – патриот ақын

Өлді деуге бола ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған-

деп, ұлы Абай айтып кеткендей ерлігімен, жалынды жырларымен халықтың көкірегінде қалған ардақты ұлылардың бірі – Махамбет Өтемісұлы өзінің өнегелі істерімен, отты жырларымен халықтың жүрегінде мәңгі сақталған.

Махамбет шығармашылығы – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ.

Бұл – Махамбеттің тағдырын тануға керек тарихи дерек. Өнерге келсек, қазақ поэзиясының ғасырлар бойғы дамуына шешуші себеп болған қозғаушы күш-ешқашан үзілмеген, толастамаған, барған сайын үдей түскен азаттық идеясы.

Махамбет поэзиясы – көтерілістің үні, ол өмір сүрген кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдайға, ақын жасаған дәуірдегі елдің тіршілігіне, өмірге, поэзияға көзқарастарына әдеби ағымдары жатады.

Махамбеттің ең басты нысаны – ол тек көтеріліс басшысы ғана емес, ол-ақын, қарумен де, жалынды сөзімен де халқына қызмет еткен, Исатайдың оң қолы, көтерілістің дем берушісі, отаншылдық, азаматтық қасиетті мол, орыс отаршылдары мен империяның жергілікті қол шоқпарларының озбырлығын, барынша әшкерлеуші жақтарын басатын асыл тұлға.

Егер батыр ақынның өмірдеректеріне үңілсек: Махамбет жасынан дарын иесі, шешендігімен, ақындығымен ел аузына іліккен екен. Оның осы таланттын естіп-білген Жәңгір хан Махамбетті қарғы бау тағып, сарай ақыны етпекті ойлайды. Жаны жасық пенде болса сарай төңірегінде хан сарқытын ішкенге мез болып жүрер еді, ал Махамбет оған көнбеген. Ханның елге істеп отырған жәбірлігіне қаны қайнаған ол «Хан емессің, қасқырсың,»-деп, іргесін одан аулақ салады. Бірақ хан тұқымдары осы әрекетіне өкпелемей, қайта бұлайша айтпаса, Махам-

бет батыр бола ма? Батырдың сөзін көтермесем, мен хан болам ба?-деседі.

Бұл аңыз болса да Махамбетке берілген әділ баға еді. Аңыз болсын, ақиқат болсын, бәрі бір, Исатай мен Жәңгір, Жәңгір мен Махамбет – ағайыншылдықтан ажырамаған адамдар. Жәңгір ел басқарған хан болса, Исатай сол ортадағы ақылды көсем би, Махамбет от ауызды, орақ тісті шешен болған. Соңғы екеуі: бірі-батыр, бірі-ақын.

Махамбет поэзиясы екі обрыз жасады, - дейді академик Қ.Жұмалиев.

Бірі – Исатай образы, екіншісі – Махамбеттің өз образы.

Махамбет бейнелеуінде Исатай – үстем тап өкілдеріне жаны қас, ел үшін күрескен ер, халыққа қамқоршы патриот. Исатай оның тек серігі, досы ғана емес. Ол көтеріліс басшысы, халық қамы үшін алысқан – батыр азамат.

Ақын поэзиямында Исатай – халық бейнесі. Халық батырлығы, халық ерлігінің, халық махаббатының, халық үшін опат болған ерлер бейнесі.

«Тарланым», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай», «Соғыс» т.б. өлеңдерінде Исатай бейнесін жан-жақты, әр қырынан көрінеді.

Исатайға арнаған классикалық өлеңдерінің бірі – «Тарланым» өлеңі. Бұл өлеңде Исатай батыр бейнесі барлық бітімімен көрінген.

Таудан мұнартып ұшқан тарланым!

Саған ұсынсам қолым жетер ме?

Арызым айтсам өтер ме?

Арыстаным, көп болды-ау.

Саған да менің арманым!

Кермиығым, кербезім,

Керіскедей шандозым!

Құландай ащы дауыстым!

Құлжадай айбар мүйіздім!

Қырмыздай ажарлым,

Хиуадай базарлым,

Теңіздей терең ақылдым,

Тебіренбес ауыр мінездім!-

деген өлең жолдарынан алуан сөз образдарын қолдана отырып батырдың сом тұлғасын жасаған.

Махамбет өлеңдерін оқи отырып ақынның Исатайға деген махаб-батының шексіз екені, оны ерекше құрметтегені айқын сезіледі, сондықтан менің ойымша, мұндай асыра сілтеуге, дәріптеуге ардақтауға тұратын қос батыр деп есептеймін.

Махамбет жыры туған еліне, атамекеніне деген сүйіспеншілікке толы. Ол еңбекшіл халық мұңын жырлады, елінің елдігін, халықтың бүтіндігін сақтауды армандады. Ұлы арманының орындалуы жолында соқпағы мол, шытырманы көп болатындығын айта келе, ер ұлдардың неге де болса шыдап, төзе білуін талап етеді.

Сөйтiп, жақсылықты болашағынан күткен, келешек ұрпағында халық үшін күреске шақырған оптимист-ақын.

Қорыта келгенде, Махамбет поэзиясы – қазақ әдебиеті дамуындағы жаңа белес, өшпес мұра. Ол қазақ жырауларының жақсы дәстүрін жалғастырды, оны әрі қарай дамытты. Махамбет поэзиясы найза мен қылыш, садақ пен сүңгі үстінде туып, лаулаған жалын үстінде шыңдалған. Халықтың азаттығы, теңдігі жолында ақ найзасымен де, азаткер асқақ жырымен де нағыз азаматша орасан үлкен қызмет еткен, осы жолда қасық қанын қиған Махамбет Өтемісов халықтың осындай патриот адамы еді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: Махамбет – ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңіретіндей етіп кеңірек дәріптеу керек, - дейді.

Махамбет аңсаған азаматтыққа қол жеткізген халқымыз үшін енді ақын мұрат еткен азат ойдың биігіне ұмтылу шынайы демократиялық қоғам орнату – басты парыз.

Бір кезде керемет ерліктің үлгісі боп көтерілген Махамбет бүгінде егемен елдіктің өшпейтін рухымен астасып жатыр.

Былушкин Владимир

воспитанник семьи «Айголек», детский дом

г. Степногорск

Руководитель: Кузьминова Н.

Толерантность – основная черта казахстанцев

Мы живем в замечательной стране Казахстан. Недра ее богаты природными ресурсами: газом, нефтью, углем, черными и цветными

металлами. Природа разнообразна: бескрайние степи на севере, высокие горы Алатау и Тянь – Шаня на юге, могучие сосны Борового и быстрые реки на востоке - все это сокровища нашей необъятной Родины. Но самым главным богатством нашей страны является его народ. Щедра казахская земля, и характер у казахского народа тоже щедр и гостеприимен.

В Казахстане одной семьёй живёт пятнадцать миллионов человек, представителей более ста национальностей и народностей. В нашей стране мирно живут люди разных народов, говорящие на разных языках, исповедующие разные религии. И всё это сопровождается не только хорошим отношением, но и симпатией друг к другу. На казахском, русском, немецком, корейском, татарском языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы радио и телевидения. Человек, ступая на Казахстанскую землю, становится краше душою. Здесь все живут в мире и согласии друг с другом. Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы - народ Казахстана.

Наш Президент Нурсултан Назарбаев совершенно справедливо подчеркивает тот факт, что «в стремлении к единению и толерантности заключается великая мудрость народа нашей страны. Такого вы нигде в мире не встретите, особенно сейчас, когда так сильно обострились проблемы столкновения цивилизаций».

Принцип толерантности, вестником которого является Казахстан, – это сегодня самый необходимый принцип, очень нужный для дальнейшей жизни и взаимодействия наших сограждан, для доверия, согласия и безопасности во всем мире, и потому единодушно поддержанный как политическими и религиозными лидерами, так и народами многих стран.

Всем живущим в нашей стране нужно знать язык, историю и обычаи казахского народа. И пусть звучат над этой землёй напевы домбры, украинские и немецкие песни. Пусть танцуют люди польку и лезгинку. Народ Казахстана един. Это поможет сохранить мир на древней, прекрасной казахстанской земле. А мир – важнейшее условие будущего процветания

Вот какой мой Казахстан: мирный, свободный, богатый, многонациональный. Разве можно не любить такую страну? Мы гордимся прошлым нашей страны, посвятим жизнь её настоящему во имя нашего общего будущего.

Доценко Валерия

4 сынып, №3 орта мектебі

Ерейментау қаласы

Менің қалам

Бүркіт ұстап басыңа шығар едім,

Көзіме бір көрінші, Ерейментау.

Иманжүсіп

Менің туған қалам – Ерейментау. Ерейментау қаласы Ақмола облысында орналасқан. Бұл қала 1948 жылы салынған. Қаланың атауы неден шыққан дейсіз ғой? Ерейментау атауы туралы деректер көп. Бір дерек былай дейді. Ерттеулі ат тау ішінде қашып, оны тауып алғандар қуанып: «Табылды, ерімен, ерімен жүр екен», - деп хабарлап, бұл таулар осыдан соң Ерімен, Ереймен атаныпты-мыс. Қаламдағы ең әсем көрініс осы біздің таулар деп санаймын. Олардың аттары да бар. Олар: Айдарлы, Қойтас, Ширықты. Бұл таулардың әсемдігін жырға қосып айтқан Бұхар жырау болатын.

Біздің қала сыртында өсімдіктер де көп. Әсем аққайыңдар көзге түседі. Біздің ауданда жануарлар да жеткілікті. Орманда түлкілер, қояндар, қасқырлар да кездеседі. Тағы бір мақтанып айтатыным – ол біздің көлдеріміз. Біздің жерімізде 20-дан астам көл бар. Ең үлкендері – Тойғанкөл, Таңдыкөл, Қоржынкөл. Ерейментау жерінен көптеген атақты батырлар шыққан. Олар кезінде біздің асыл жерімізді жоңғарлардан аман-есен алып қалған. Қаланың ортасында оларға ескерткіштер қойылған. Бөгенбай батырға, Атан батырға, Жантай батырға.

Мен өз қаламмен, өз жеріммен мақтанамын. Мен үшін өзімнің туған қалам – ең әсем, ең жылы, ең жақсы қала.

Ерденев Максим

8 сынып, № 8 орта мектебі ММ

Көкшетау қаласы

Жетекшісі: Кантарбаева Г. Р.

Абылай хан – аңызға айналған тұлға

Биыл Абылай ханның туғанына – 300 жыл! Қанша уақыт өйтсе де, қазақ халқының жадына Абылай хан қажырлы мемлекет қайраткері, ба-

тыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келеді. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды. Мұхтар Әуезов жазған мына сөздерді дәл қазіргі Тәуелсіздік заманында еске алып отырсақ, артық болмас: «Қазақтың дербес ел болуына, әрі-беріден соң, қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас».

Абылай хан дәуірін білу арқылы біз қазіргі заманымыздың ерекшелігін, қадір-қасиетін, мән-маңызын түсінеміз. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады.

Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтырыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай жиырма жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің» деуі осының дәлелі.

Қай жылы туса да 1730-33 жылдар аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қонтағы Қалдан Сереннің жақын туысы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады.

Абылайдың бүкіл ішкі саяси қызметі бір орталықтан басқарылатын әрі ешкімге тәуелсіз мемлекет құруға бағытталды. Абылай өзінің күш-жігерін келесі бағыттарға жұмсады: біріншіден, оның бір орталықтан басқарылатын мемлекет құруының сәті түсті. 1771 жылы ол Түркістан қаласында қазақтың бүкіл үш жүзінің ханы болып жарияланды. Екіншіден, ол сот билігін күшейте түсті. Үшіншіден, Абылай қазақ рулары мен тайпаларының арасындағы өзара қырқыс, алаусыздықтан туындайтын қақтығыстар мен барымта алуды тоқтатты. Ең соңында, ол қазақтардың егіншілікпен, шөп шабумен және балық аулаумен айналасуына қолдау көрсетті.

Хан қазақ даласындағы керуен саудасын күшейтуге барынша көп көңіл бөлді. Абылай хан ақын-жырау, әнші-күйшілер мен діни қайраткерлерге қамқорлық жасап отырды.

Абылайдың кеңесшісі Бұқар жырау болды. Абылайды жырлауда да сыртқы жауға қарсы күрес, ел ынтымағы, ел бірлігі Бұқар өлеңдерінің негізгі өзегі болып отырды. «Ей, Абылай, Абылай!» деген өлеңінің бір жерінде жырау:

Қырық беске келгенде,
Жақсы мен жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезенге тіредің,

- дейді.

Абылай туралы өлеңдерінде Бұқар оның жақсылық жақтарын көріп қана қоймайды, кемшіліктерін де айтады. Ол «Ей, Абылай, Абылай!» деп, азуы алты қарыс ханға өктем сөйлейді. Айтарын бүкпейді, батыл айтады. Өйткені жырауға ел бірлігі, ел тағдыры қымбат. Өз дәуірінің ойлы ақыны Бұқар жырау ханның ісі халық тілегіне қайшы келіп, елдің батырлары мен ханның арасы алшақтап бара жатса, Абылайдың қателіктерін ашық көрсетіп, ел бірлігі үшін олардың арасына дәнекер болып, ханға дұрыс бағыт сілтейді.

Бұқар жыраудың көп өлеңдерінің Абылайға арналуының негізгі себебі – қазақ елін сол замандағы беделді Абылай ханның айналасына топтастыру еді. Енді бірде «Үш жүздің басын құрадың», - деп, Абылайды Жоңғар қалмақтарына қарсы күресте елге басшылық еттің, оның азаттық жолындағы күресінің ұйымдастырушысы, қолбасшысы болдың деп мадақтайды.

Жыраудың бұл жерде де айтайын деген негізгі ойы – қазақ елінің бірлігі. Сол ел бірлігін ұйымдастырудағы, әрі бірлікті ұстай білудегі Абылайдың рөлін көрсету, үш жүздің басын қосып, күшін біріктіріп, сыртқы жаулармен күресті басқара білгендігін дәріптеп, осы жағынан оны басқаларға үлгі ету. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржынқақпай», «Майда жел», «Сары бура», «Шаңды жорық» т.б. күйлердің авторы.

Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген.

Мәңгі риза халық «Ер есімі ел есінде» дегендей, Абылай ханның құрметіне еліміздің көптеген қалаларына ескерткіштер орна-

тып, оқу орындарына, көше мен даңғыларына оның есімін беруде. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1991 жылы Алматының басты даңғылдарының біріне Абылай есімі беріліп, темір жол вокзалының алдына ат үстіндегі ескерткіші орнатылды. Хан ескерткіші Көкшетау, Жезқазған, Павлодар қалаларында да бар. Қазақстанның 1993 жылғы ең бірінші төл теңгесінде бейнесі бедерленді. 2005 жылы Абылайдың өмір жолына арналған «Көшенділер» фильмі түсірілді. 2008 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Петропавл қаласында «Абылай хан ордасы» кешені ашылып, алдына ескерткіші орнатылды. Оның есімі Алматыдағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне берілген.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың мына сөздері де әрбір азаматқа ой салуға тиіс: «Иә, Абылай – аңызға айналған тұлға. Бірақ, біз ата тарихының бар шындығын ашу үшін, сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек және оны өткеннен сабақ, тарихтан тағылым алу үшін жасауымыз керек... Абылай тақырыбы ол туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет... Мен үшін Абылай заманы ғана емес, бүкіл қазақ тарихы ұлт-азаттығы, мемлекет тәуелсіздігі үшін күрес сияқты көрінеді. Ел бостандығы, ұлт тәуелсіздігі біздің халық үшін еш уақытта да төбеден түскен сый болмаған. Ол әрдайым ел қамын жеген ерлердің жанқиярлық, жанпидалық еңбегінің, күресінің нәтижесінде ғана келгенін ешқашан ұмытпауымыз керек».

Ерлан Әйгерім

10 сынып, №7 қазақ орта мектебі

Атбасар қаласы

Жетекшісі: Қонысбаева А. Қ.

Елімен етене Елбасы

Жер бетіндегі барлық адамның туған жеріне деген ыстық ықыласы мен сезімдерін жинаса ғой... Мүмкін, ол, шалқар мұхиттай болар ма еді, мүмкін, ол, асқақ Алатаудай болар ма еді?!

Иә, әр адамға сүйікті Отанынан, туған елінен қымбат ешнәрсе жоқ. Өз елін, өзінің кіндік кескен туған жерін, ана сүтімен дарыған туған тілін сүймейтін адам жоқ.

Менің туған елім – Қазақстан. «Қазақстан» деген кезде менің ойыма бірден небір тарих сынынан өткен, батыл да батыр, ержүрек, қандай қиындыққа болса да шыдап, төзе білетін рухы берік қазақ халқы елестейді. Ғасырлар бойы батыр бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған кең жері – менің мақтанышым, әрі әр қазақ баласының мақтанышы деп ойлаймын. Барша ұлтты бауырына басқан бауырмал қазақ халқы біреуді артық, біреуді кем деп көрмеген. Татулық пен достықта тұруды ежелден серік еткен.

Қазақстан – өз ұлты, халқы, діні, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар құдіретті ел. Қазақстан Республикасы қазақ елінің соңғы жиырма екі жыл тұтқасын ұстап, туын көтерген тұрлаулы да тұғырлы тұлғасы – тұңғыш Президентіміздің басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналды.

Қазақтың тұңғыш Президенті кім? - десек, еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екенін мүдірмей айта алады. Неге десеңіз, еліміз егемендігін алғаннан бері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың аты сол елмен бірге жасап келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы – жер бетіне сөзін өткізіп отырған бүгінгі заманның көрнекті саясаткері, Қазақстанның тәуелсіз мемлекетін құрудың басында тұрған, осы жолдағы не қилы тар жол, тайғақ кешуді халқымен бірге өтіп, қиыншылықтарын бөліскен, бүгінде әлем мойындап отырған жаңа мемлекетті қалыптастырған, қазіргі елді индустрияландырудың жаңа жобасын өмірге келтіріп, болашаққа бағыттап бара жатқан ұлы тұлға, төрт құбыланы түгендеп, кемел ойлы, кемеңгер ата-бабаларымыздың жолымен жүрген, қасиет дарыған қайраткер.

Ел басынан не қиындықтар өтпеді? Бас сауғалап кеткен бауырластарымызды, қаны бір қандастарымызды бір елдің, бір тудың астына жинаған, еліміздегі татулықтың туын желбіретіп, берекелі, бақытты, зайырлы, азат елге айналдырған – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Елі үшін туған перзент, атына заты сай, біреуге аға, біреуге бауыр бола білген – елбасшы.

Бұл ғасыр қазақ үшін алтын дер ем,
Даңқымды әлем білді, Салтымменен.
Кеудемде жаным барда көтеремін,
Аянбай, не күтсе де халқым менен!

- деп айтқан сөзінен де, ол кісінің елін сүйетін, патриот адам екенін білуге болады.

Президентіміздің егемендігіміздің алғашқы күнінен бастап, жатса-тұрса ойлайтыны да, айтатыны да көп ұлтты еліміздің тыныштығы мен бірлігін сақтап қалу болды. Халықты аштыққа, жалаңаштыққа ұрындырмай, қиын өткелден алып шығуының бірден-бір жолы – шет елдердің қаржысын Қазақстанның экономикасын өркендетуге жұмсау, өзіміздің теңгемізді тұрақтандыру, дамыған елдермен байланыс жасап, жер бетінде Қазақстан атты мемлекеттің барын таныту болды. Қазақ жерін әлемге танытып, Ақмоланы он ұйықтаса түсіне кірмейтіндей Астанаға айналдыру тұңғыш Президентіміздің ғана қолынан келді.

Астана ғажайып ертегідегідей гүлденуде. Адам танымастай кейіпке енді. Қиялдағы самұрық құстың ұясын Астананың нақ ортасынан көрдік. Жаңа туған сән қаламыз үлкен ордаға айналды. Нұрсұлтан Назарбаев аңыз әңгімедегі жерұйықты іздеген Асан қайғыдай еліне жайлы қоныс тауып берді. Астана қазаққа тек қана әлеуметтік, экономикалық һәм саяси маңызы бар қала ғана емес, ол тәуелсіздіктің рухани тұғыры ретінде әр қазақтың жүрегінде елге, жерге, Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігі болып қалады. Бүгінде әр қазақтың жүрегінде отансүйгіштік деген ұлы сезім ұлғая түсті, көңілге қонып, тамыры терең «Бәйтеректей» шартарапқа құлаш жайды. Астана ұлтымыздың, мемлекетіміздің мызғымас тақ-тұғырына айналды. Әр мемлекеттің астанасы – оны биіктерге бастайтын баспалдағы, беделі мен берекесінің діңгегі. Астана әр қазақтың жүрек түкпірінен орын алатын киелі мекен деп түсінемін. Қаншама жылдан соң қолымыз жеткен азаттықты, тәуелсіздікті ала сала, Сарыарқа төрінен ұлттығымызға ұлы шаңырақ көтеру – Президентіміздің кемеңгерлігі.

Біз үлкен жолдан өттік, әрі зор абыроймен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арқасында өттік деп ойлаймын. Ол кісі «Кез келген мемлекеттің қуаты – халқында» деген болатын. Сондықтан, біз, келешек ұрпақ, Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бізге деген сенімін ақтап, елдің даму жолында, мақсаттарға жету жолында үлесімізді қосайық. Жастардың адамгершілік, патриоттық сезімі оянсын, елімізді, жерімізді, Отанымызды қадірлеп, қастерлей білейік. Ата-бабамыз салып кеткен сара жолды, табиғатымызды, байлығымызды сақтай білейік.

Жабалова Айана

4 класс, НИШ ФМН г. Кокшетау

Горжусь тобой, мой Казахстан

Меня зовут Айана. Мне девять лет. Я учусь в 4 «В» классе Назарбаев Интеллектуальной школы города Кокшетау и очень этим горжусь: эта школа создана по проекту Президента Республики Назарбаева Нурсултана Абишевича Казахстан для одарённых и талантливых детей, которые проходят сложный конкурс, чтобы поступить сюда. Здесь нас и учат учителя, прошедшие конкурсный отбор. Кроме наших учителей, работают учителя-иностранцы из разных стран: США, Англии, Кении, ЮАР, Канады и др. Они все дружелюбные и интересные. С моей группой пока работают только артучитель и учитель английского языка. Это очень полезно для нас, они помогают нам лучше учить и знать английский язык. Но наши родные учителя мне больше нравятся, они нас лучше понимают. Моя школа очень красивая и уютна, светлая и просторная.

Здесь есть всё для отличной учёбы: современные учебные кабинеты, лаборатории, хореографические и спортивные залы. Я отличница, потому что в такой школе стыдно учиться плохо. Я также очень люблю занятия по музыке и ритмике. И я с большой охотой занимаюсь вокалом в ансамбле «Балдаурен» Дворца «Кокшетау». Интерес и любовь к музыке привил мне мой дед Жабал, который сам любит петь, знает много народных песен. И я благодарна ему, что он повёл меня в музыкальную школу, где я с радостью и удовольствием учусь.

В апреле 2013 года наш ансамбль «Балдаурен» выступал в Париже. Мы все волновались: мы приехали не себя показать, а представить творчество казахстанских детей, через это творчество передать дух своего народа, чтобы французы могли живо представить образ нашей Родины, нашего Казахстана. Наверно, в эти минуты чувство гордости за Казахстан, любви к Родине переполняют все твоё сердце и сознание. Зал был полон. Зрители тепло встречали юных артистов.

И вот началось наше выступление. Мы все очень старались. Мы так хотели достойно представить нашу страну, донести в своём выступлении культуру нашего народа, высокую музыку и красоту нашего

языка. Закончили мы своё выступление финальной песней «Біздің ел осындай», такими прекрасными словами:

Ия, солай, ия, солай
Біздің ел осындай
Ия, солай, ия, солай
Қазақ жері осындай.

Жюри достойно оценило наше творчество: нам вручили Гран-при.

И я была очень счастлива и горда, что главный приз фестиваля уезжает в нашу страну, мой родной, любимый Казахстан.

Вот здесь, во Франции, я поняла наказ бабушки Жабала Ергалиева: «Нигде и никогда не забывай, что ты казашка, дочь своего великого казахского народа». Мы были в прекрасных музеях и дворцах, гуляли по улицам Парижа, восхищались его красотой и прелестью. И даже здесь я помнила об Астане, сравнивала и сопоставляла. Наша Астана по красоте не уступает Парижу, она ещё такая юная и у неё великое будущее. Здесь я также поняла всю ответственность за свою жизнь. Жить так, чтобы не было стыдно за меня моим родителям, моим деду и бабушке, моим учителям.

Я много думала о Франции и о об интересных и увлекательных книгах и фильмах о ней. Вспоминала восторги своих подружек, завидовавших, что я буду в Париже. И в то же время я чувствовала за спиной богатство и силу, мощь и международный авторитет Казахстана, пославшего на престижный конкурс своих детей, юные таланты. И гордилась, что в далёкой Франции на парижской сцене выступала я, потомок древних кочевников. Это стало возможным, потому что Казахстан стал независимым, самостоятельным и его к успехам и достижениям ведёт Президент РК Назарбаев Нурсултан Абишевич. Я верю, что его мечта о развитом Казахстане в числе 30 высокоразвитых стран исполнится: выпускники Назарбаев Интеллектуальных школ претворяют вместе с казахстанским народом эти грандиозные планы в жизнь.

Я верю, потому что наш президент, как и я, любит петь, а поющие люди всегда добиваются цели.

Қазақтың Тұңғыш Президенті

XX ғасырдың қырықыншы жылдары Алатау баурайындағы Үшқоңыр жайлауында қарапайым қазақ отбасы шаңырағында бір ұл дүниеге келді. Ағайын-туғанды жинап, қуаныш иесі үлкен той жасады. Сол тойда ұлдың әжесі Мырзабала мынадай ұсыныс білдірді: «Менің сүйікті немерем екі бірдей есімді алып жүрсін. Оның аты Нұрсұлтан болсын». Әлемдегі барлық әжелер секілді Мырзабала да немересінің азамат болып қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Әжесінің сол еңбегін ақтап, ол ұл өзі туып-өскен, білім алған, еңбек жолын бастаған еліндегі барша ұлтты бауырына басып, президент болды.

Президент дегенде – адам баласының ойында бай, текті отбасыдан шыққан адам деген ой туындайды. Ал қазақ елінің президенті – Мырзабала әжейдің сүйікті немересі. Қазір барлық халықтың сеніміне кіріп, жаңа тарихтың бастауы болып отыр.

1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкіл халықтық сайлау нәтижесінде еліміз өзінің тұңғыш Президентін сайлады, сондықтан осы күннен тәуелсіздік тарихы басталды деп есептейміз. Ал 2011 жылғы 14 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, онда 1 желтоқсанда аталып өтілетін жаңа мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін белгілеу көзделген болатын.

Қазақ елінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі бағындырған шыңдары өте көп. Тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен Тәуелсіздік алған 21 жылдың ішінде буыны енді беки бастаған ел әлемдік деңгейдегі елдермен иық тірестіре білді.

Соның ішінде Президентіміздің ел тәуелсіздігінен кейін ең бір батыл, шешімі – астананы Ақмолаға көшіруі. Қайда жүрсе де, кіндік кесіп, кір жуған туған жерін ойлаған азамат оның ертеңгі өмірін де қамдап ойлайды. Астананы Алатаудың бауырынан Арқаға ауыстыру оңайға түскен жоқ. Арқа төсіне қоныс аударған Елордаға бақ пен дәулет тілеген Елбасы: «Бұл болашағымызға керек, қызығын келер ұрпақтар көреді», - деген болатын. Мен де сол ұрпақтың бірімін. Ақмола өңірінің

тумасы, Астанамен бірге өсіп келемін. Астананың, Қазақстанның дамуына мен де өз үлесімді қосамын деп ойлаймын. Өйткені егемен Қазақстан азаматтары үшін, Астана – еліміздің өміріндегі жаңа дәуір белгісі. Есілге қонған аққудай жарқ етіп, аз уақытта қанат жайған асқақ қала: «Ежелгі арман өтелген, Нығайды Қазақ елдігі. Ақталды шаңырақ көтерген, Елбасының ерлігі», - деп жерлесіміз Кәкімбек Салықов жырлаған.

Елбасының әлемдік деңгейдегі елдермен иық тірестіре білді деуіміздің тағы бір дәлелі, әрі ел үшін мақтанышы – ЕХРО-2017 көрмесін өткізетіндігі. Міне, осындай ауқымды жетістіктерге жетуге әрине, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қосқан ерен еңбегі. ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесін өткізуге ниетті Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынғаны белгілі. Осындай халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік деуге болады. Оның үстіне, әлем алдында өзінің даму деңгейің іс жүзінде дәлелдей отырып, шараны жоғары жауапкершілікпен өткізу – өте зор құрмет. Өйткені елдерді достастыру, ауызбірлікке шақыру, инфрақұрылымдарды лайықты деңгейде дамыту – жоғары дәрежеде өтетін кез келген іс-шараның мақтанышы. Әрине, бұлоңайшаруа емес.

Қазақстан Республикасының Президентінің елдің көркеюі мен халықтың болашағы үшін алға қойған мақсаттары – «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, бұл жолдаған арнауында «Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың эконо-микалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату» деп атап өткен. Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қо-ғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы.

Мемлекет басшысы биік мінбелерден сөйлеген сөздерінің бірінде қалың елі қазағына тебірене тұрып: «Мен үшін елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ» десе, бірде «Қазақтың өзінің ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау Президенттік те, перзенттік парызым» деген болатын. Мемлекет басқару ісі – машақатты да, мәртебелі міндет. Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы ең бақытты халық. Ендеше мен де өзімді бақыттымын деп есептеймін.

Жумабай Айжан

11 класс, средняя школа № 2 г. Атбасар

Руководитель: Левчук Л.Н.

Перед родной землей благоговей

Передо мной чистый лист бумаги... Буквально через минуту польются на него строки, в которых я попытаюсь воссоздать историческое время, портреты великих сынов родной земли, осознать своё место в этом мире. Все вместе это станет итогом моих размышлений об истинных патриотических чувствах, о моей любви к Родине, о больших и светлых надеждах на будущее.

Я говорю КАЗАХСТАН и представляю себе бескрайние – от горизонта до горизонта – раздольные степи, напоенные запахом разнотравья или покрытые снегами изумительной белизны; слышу журчанье ручьев и рокот Иртыша; снова мысленно прохожу дорогу от родительского дома к школе, к библиотеке, где с упоением читала Абая и Пушкина, Толстого и Сулейменова, перелистывала многотомную Книгу истории моей Родины. Все самое святое, светлое и радостное связано для меня с родной землей. Прав народ, утверждая: «Родная земля – золотая колыбель». Мои самые сокровенные чувства перекликаются со словами строк стихотворения Ж.Мулдагалиева:

Красотой и мужеством, я знаю,
Каждая земля наделена.
Но Отчизна, словно мать родная,
В целом мире у меня одна.

Как рассказать тем, кто никогда не вдыхал горького запаха полыни и не слышал топота бегущих коней, о полуденном зное, о яблоневых садах, окутанных белой пеленой весеннего цветения, об алых закатах в моей степи?! Как воспеть их безоглядную ширь?! Какие слова найти, чтобы поведать о милой сердцу родной земле?! Как же мне не любить и не дорожить этим чудом, которое зовется просто и нежно – Родина! Казахстан!

Ко дню своей независимости народ Казахстана шел долго, преодолевая множество преград, но шел уверенно, свято веря, что благие намерения всегда осуществляются.

Казахстан мой – степной бескрайний простор,
Красота и величие снежных гор.
Ты – страна, пережившая многих врагов,
Накопившая опыт и мудрость веков.
Распри землю терзали,
Вражьи кони топтали....

Когда эти строки слагались в моем воображении, я вспоминала наполненные борьбой за свободу, за единение страницы исторического прошлого моей Родины. Меня, и как гражданина, и как патриота, переполняет чувство гордости за то, что в истории моей страны были такие великие люди, как хан Тауке, Абулхаир хан. Разве можно не гордиться теми, кто стоял у истоков борьбы за независимую казахскую землю?! Сырым Датов, Махамбет Утемисов, Кенесары.... А сколько их, никому неизвестных, но верных и преданных своему народу, полегло в этой благородной, но жестокой борьбе. К страницам исторического прошлого я прикасаюсь с большим благоговением, настоящим – безмерно горжусь. «Перед прошлым - склоним голову, перед будущим – засучим рукава» - призывает наш Президент. Нурсултан Абишевич Назарбаев – большая и светлая личность. Это благодаря его усилиям Казахстан сегодня обрел свой собственный облик, свое лицо, он узнаваем на международном уровне. Свое восхищение Президентом страны я выразила в таких строках:

Наступил исторический новый момент:
К процветанью страну повел Президент!
В трудный час для страны Президентом он стал,
И богатства крылатой степи мир узнал.
Как зоркий орел он смотрит вперед
И ведет за собой свой великий народ.
Для нас он двери в мир новый открыл,
А для мира – страну, где трудился и жил.
Он со всеми находит общий язык,
В гости едут француз, англичанин, таджик.
Есть чему поучиться, есть и что посмотреть,
Как жить в мире, согласие, как трудиться и петь.
Он за труд свой и мудрость уваженье снискал,
И по праву народ статус Лидера дал.
Как оплот мира, дружбы ценят наш Казахстан

Главы сотни правительств и тысячи стран.
Молодежь учит честно и праведно жить,
Дом любить, патриотами быть.
Я по праву горжусь Президентом таким.
И хочу поделиться чувством своим:
Крикнуть громко, чтобы слышал весь континент:
Это мой Президент! Это наш Президент!

В своем Послании «Казахстан – 2030» Президент отметил :«Я уверен, Казахстан станет Центральноазиатским Барсом и будет служить примером для других стран. Это будет Казахский Барс с присущей ему элитарностью, независимостью, умом, благородством и хитростью». Сегодня с уверенностью можно сказать, что эти слова стали пророческими.

Чрезвычайно самобытна и интересна культура моего народа. Спецификой нашего пути развития является создание условий, как для развития казахской самобытной культуры, так и культур всех народов нашей страны. Родной язык – это духовное богатство каждого, в нем нравственное начало и совесть народа. Хочется напомнить великие слова Абая: «Каждый представитель одной нации должен и обязан учиться у другой. Ведь язык – это, прежде всего, отношение. Через язык люди находят друг друга и совершают то гуманное, что есть на земле.

Казахстан – многонациональная страна. На территории нашей республики проживают более ста тридцати народов различной национальности. Среди них больше всего русских, украинцев, татар, узбеков, корейцев, киргизов, таджиков, немцев и других народностей. Все они живут в мире и согласии. Каждый народ делится своими традициями и обычаями с другими. В связи с этим в Казахстане был создан праздник День Единства народов Казахстана. Это один из любимых праздников практически каждого второго человека.

Так как Казахстан Независимое государство, у него есть свои государственные символы и язык. Герб, флаг, гимн – государственные символы Республики Казахстан. А казахский язык является государственным языком нашей Республики.

Мир и согласие очень необходимые вещи. Например, если бы их не было, во всех странах царил бы порядок, люди бы страдали, настали бы тяжёлые времена, а могло бы быть хуже... И представить страшно!

Я считаю, что сохранить мир и согласие в нашей стране - долг каждого гражданина нашей Республики.

Шаймерденова Жанна

10 сынып, №7 қазақ орта мектебі Атбасар қаласы
Жетекшісі: Қонысбаева А.Қ.

Жерлесіміздің өмірі – бізге үлгі-өнеге

“Отан үшін күрес –
Ерге тиген үлес”

Осыдан 15 жыл бұрын еліміз қол жеткізген Тәуелсіздіктің күн сайын қадыр-қасиеті артып, айшықтала беруі мемлекетіміздің дұрыс және баянды бағытта қалыптасып келе жатқандығын көрсетеді. Тарих және тағдырдың талай өткелінен сүрінбей өткен қазақ халқы, жалпы Қазақстандықтар бұл жылдары жасампаздықпен аянбай еңбек еткені күмән тудырмайды.

Осы ретте Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың: «Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі – Қазақ халқы сан ғасырлар бойы күрескен, азаматтыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр», - деген сөзі азаматтықтың қадыр-қасиетін көрсеткендей. Тәуелсіздік жолында қазақтың болашағы үшін аянбай еңбек етіп, өлшеусіз үлес қосқан азаматтар аз емес.

Солардың бірі – халық сүйген тарихи тұлға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында ең көп роман жазған талантты жазушы І.Есенберлин менің жерлесім дегенге жүрегім қуанышқа толып, қайталанбас сезімге бөленемін. Қазақты қазақ қылып әлемге танытқан І.Есенберлин атамыздың еңбекқорлығы мен ерлігі менің бүгінгі тақырыбыма арқау болып , тың ізденістер жасауға түрткі берді.

І.Есенберлиннің кіндік қаны тамған жері Атбасар қаласының сан ғасырлық тарихы бар. Мұның өзі мақтан етер салты мен дәстүрі ежелден қалыптасқан, аттың жалында желмен жарысып, ұлан да лада еркін күн кешкен, батырлығы мен батылдығы аңыз болып тарап, жыр болып өрілген қазақ халқының бүгінгі ізбасар ұрпағы біз екендігімізді айшықтайды. Осындай киелі топырақтан шыққан, Атбасардың ұлағатты ұлы, адам жанының инженері атағына ие болған – І.Есенберлин. Ол – қазақ халқының сан ғасырлық тарихын көркем тілмен бейнелеп, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан үздік қаламгер. І.Есенберлин – XX ғасырдың 60-80 жылдары қазақ прозасының дамуына зор еңбек сіңірген жазушы. Ілияс атамыз жазып бастаған өлең-жырларынан басқа, он дастан, екі повесть және он жеті роман жазғаны белгілі. Оның көптеген романдары шет тілдерге аударылды.

“Біреуге аспандағы асылыңмын, біреуге жерде жатқан жасығыңмын”, - деп Қасым ақын айтқандай, көзі тірісінде көре алмаған көп дұшпаны үшін жасық, туған халқы өзіне ғашық болған І.Есенберлинді біз бүгін кім деп танимыз және не үшін құрметтейміз?

Алдымен атап айтарым, І. Есенберлин өмірде көп қиындық көрген, бірақ қандай қиындық кездесе де, өзіндік сымбаты бөлек, жан - дүние сұлулығын сақтап қалған “Асыл” адам. Асыл айнымас ... демей ме даналар. Уақыт ыңғайына қарай қысқа өмірде ол қырық құбылмады. Азамат қалпын сақтап қалды. Бұл оның екінші қыры, І.Есенберлиннің үшінші қыры – қайраткерлігі. Төртінші қыры – күрескерлігі. Ол тек өз табыстарын көре алмаған күншілермен ғана емес, ер мен елдің

мүддесі үшін қандай мықтымен болсын да тайсалмай айқасқан, табанды күрескер. Оның бесінші қыры – асқан еңбекқорлығы.

І.Есенберлиннің қазақ әдебиетіне қосқан зор үлесі, талантын ашып, жазушы ретінде аты шығуы, халық сүйіспеншілігіне бөленуі, оның романдарымен байланысты. Ол жылына бір романнан жазып шығарған. Сонымен қатар, сол жылдары қырықтан аса ән текстерін жазса керек.

І.Есенберлин бүкіл елімізге тіпті, дүние жүзіне жайылған осыншама шығармаларды осындай қысқа мерзімде жазып шығуы қандай ерлік, қандай еңбекқорлық десеңізші!

Ілияс атамыздың алтыншы қыры – принципшілдігі. Жетіншісі – адалдығы. Ал сегізіншісі – батырлығы. Бірақ оның негізгі қыры – жазушылық қыры. Қазақ халқының біртуар ұлы, І. Есенберлинді әріптестері “Жазушылар әулетінің әулие ханы” – десе, екіншісі “Қазақтың алмас қылышы”, – депті үшінші біреуі “Мұзжарғыш кеме”, – деп теңеген екен. Қандай тамаша теңеу. Бұл теңеуді түсіндірудің қажеті жоқ сияқты. І.Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясын қазіргі қазақ халқы өзінің тарихы болғандықтан көтермелеп, жоғары бағалайды. Алайда бұл трилогияны жарыққа шығарудағы жолында І.Есенберлин аянбай еңбек етті, талай терін төккенін халық біле қоймайды. Әсіресе трилогияның үшінші кітабының жазылуы Ілияс атамыз үшін үлкен қиыншылық тудырды. Ол бұл кітапты талай рет жаңадан жазуға мәжбүр болды. Ақыры Ресей үкіметінің қатаң саясатына, жазушыға түсірген қысымына қарамастан, І.Есенберлин атақты “Көшпенділер” трилогиясының үшінші “Жанталас” кітабын үлкен қиыншылықпен болсын, 1976 жылы басылымға шығартты. Тәуелсіздікті алып, өз тарихымызды ешкімнен қорықпай айта алатын кез туғанда “Көшпенділер” трилогиясындағы жағымсыз кейіпкер болған хандардың келесі қырлары, сырлары ашылып, тарихи орындары анықталуда. І.Есенберлин қаламынан туған 17 тарихи роман және т.б. шығармалары тың тақырыбына жазылып, қазақ әдебиетінде бұрын мүлде көтерілмеген мәселелер қозғалды, соны серпін әкелген, оқырмандардың сүйіспеншілігіне бөленген туындылары еді. І.Есенберлин алты кітаптан тұратын эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгісі болып қала беретіні бәрімізге де мәлім. І.Есенберлин сияқты мәңгі жасар тұлғаның еңбектері мен өнегесі бүгінгі және келешек ұрпаққа да бай мұра болып қала беретіндігі анық.

Бүгінде біз, Қазақстандықтар, Ата заңы орныққан, шекарасы айқындалып бекітілген, көк байрағы желбіреген, төл теңгесі шыққан, әнұраны шарықтаған тәуелсіз елімізді мақтан тұтамыз. Бұның барлығына біз жүректері нағыз патриоттық сезімге толы, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігімен аянбай еңбек еткен ата-бабаларымызға мәңгі разы боламыз. «Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», - деп Әбу Насыр әл – Фараби бекерге айтпаған . Патриоттық сезім туралы тақырыбыма арқау болып отырған ақын, жазушы, тарихшы – І.Есенберлин қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орын алатын тұлға.

Шевченко Анастасия

11 класс, средняя школа-лицей № 2 г. Ерейментау

Руководитель: Куренбаева Г.И.

Образ Родины в произведениях моих земляков

Родина... моя малая Родина – это город Ерейментау. Удивительный край, красота гармония природных творений этого уголка уникальны. У подножья Ерейментауских гор, сулящих раскрыть тайны и обещающих радость необычных встреч, расположился небольшой городок. Он открывается перед нами во всей красе, но самое главное, яркое и сильное, что на всю жизнь остается в нашем сердце – это люди, россыпи талантов, помогающие чувствовать окружающий мир своими полотнам, песнями, стихами. Они в каждом из нас побуждают любовь к родной земле, неожиданно открывая в обыденном прекрасное и тем самым помогая человеку стать лучше, добрее, умнее. Наследники Умбетая и Богенбая, Асауылбай Шешена и Саккулак би продолжают прославлять свой край замечательными произведениями

В моем маленьком городке живут и трудятся люди разных национальностей, настоящие самородки, много талантливых и известных поэтов, певцов, художников. Один из талантливых людей, вошедших в плеяду людей ерейментауской земли-акын Сайлау Байболсынов.

Байболсынов Сайлау Ашулы родился 16 марта 1958 года в Акмолинской, Ерейментауского района, селе Ажы. После окончания средней школы работал в сельском крестьянском хозяйстве. В 1990 году

окончил Целиноградский кооперативный техникум. Его стихи появились на страницах печати 1987 году. В айтысе, который проходил в честь праздника Наурыз, впервые в Акмоле был главным призером. А так же участвовал в третьем республиканском айтыс акынов. Неоднократно его стихи печатались в газетах. В журнале «Арка-Ажары» была опубликована его поэма «Актык Айкас» Он автор многих произведений. Его стихи «Ерейменнін аруы», «Сен онда он жетіден», «Казагым» и другие были положены на музыку. 25 октября 2002 г острофелы Казахстана собрались на айтыс, посвященный Дню Республики в городе Алматы. Улыбнулась удача нашему импровизатору - вернулся домой с победой – третье призовое место. Сайлай Байболсынов гордится своим краем, его богатой историей, автор связывает себя с краем в настоящем и в будущем. Священный край, на этой доброй щедрой земле в мире и согласии живут русские, украинцы, немцы, белорусы, татары.

Благодатная земля дала расцвет творчеству художнице Зинаиде Сергиенко застенчивая, добрая и талантливая художница Зинаида Евгеньевна Сергиенко любит жизнь, родную природу и умеет заставить краски сиять особенно ярко и свежо. Она старается изобразить не самые красивые уголки природы, а видит красоту, гармонию и неповторимость природы в самом простом и обыденном пейзаже. Восхищение и радость - вот чувства, которые испытываешь, глядяываясь в пейзажи Сергиенко. «Осенний лес» весь золотой и освещенный осенним солнцем заставляя нас чувствовать особое поэтическое звучание. А на другом полотне - заснеженный домик, вокруг тишина, ощущение покоя и благополучия. На полотнах нашей землячки мы узнаем до боли знакомые места: свои улицы, красивый домик по улице Богенбая. Ее картины отличаются тонким вкусом и мастерством исполнения, проникнуты поэзией красоты окружающего мира, светом любви к родному краю.

Своей любви к родным местам, природе, посвящает полотна живущий в нашем городе пейзажист Юрий Винницкий. Родился он в городе Ерейментау в 1970 году. С детства обнаруживал способности и любовь к рисованию, окончил Новосибирское художественное училище. В своем творчестве молодой художник открывает все самое важное, существенное, прекрасное, что совершается вокруг нас и старается раскрыть обаяние, прелесть родной природы, родного края. Окружающую нас природу нужно уметь видеть и чувствовать, и Юрий Винницкий наполняет и освещает полотна своими чувствами - своим восторгом, любовью, радостью. Эти чувства он хочет передать всем,

кто смотрит его картины. Винницкий отбирает в природе главные ее черты, которые могут взволновать человека, вызвать определенные настроения, мысли и переживания. Художник на картине «Весна» изобразил мартовское небо, половодье, стройные белые березки стоят, в канун пробуждения весеннего дня снег начинает буреть таять, еще холодно, но ярко светит солнце. Настоящий праздник красок, волшебство игры света, тени и цвета дарит нам художник в картине «Закат», мы чувствуем необыкновенную тишину, спокойствие разлито в природе, природы кажется недвижимой, она словно зачарована и околдована закатом. Юрий Винницкий рисует природу вечно прекрасную, вечно юную. Мой край на его полотнах красив и могущественен.

Жил в нашем городе Олег Андриевский, который в стихах излагает свою душу, особенно запоминаются стихи о березах, родной степи, родному краю. Стихи его по форме кажутся очень простым. Рифмы нередко неожиданные и смелые, богатая лексика, иногда - газетная, иногда - литературная, часто встречаются «простые» обороты. Легкие песенные ритмы. Все подчинено общей интонации стиха, сложной, гибкой - то задушевной и нежной, то иронической, то суровой, а чаще всего выражающей всю гамму чувств. Достаточно прочесть любое стихотворение, чтобы убедиться в этом.

Наверное, нет ни одного настоящего поэта, который не восхищался бы своеобразными законами гармонии, красками и звуками природы. Весна приносит много радостей людям. Зоркий глаз увидел маленький росток, замечает, как набирают силу, а земля пробуждается от зимнего сна. Весеннее обновление природы прекрасно, прекрасна жизнь разума.

Сапар Бырлыбаев тоже мой земляк, талантливый поэт-бард, родился в нашем городе и о городе нашем любимом написал стихотворение «Мой город», сейчас переложенное на музыку, является нашей визитной карточкой.

Сила подлинно талантливого художника, в широком смысле этого слова, состоит в том, что они через поэтические, живописные, музыкальные произведения могут заставить услышать шелест листьев, ощутить красоту окружающей среды, почувствовать несуществующие запахи.

Видя картины своих земляков на выставках в музее, читая их произведения в газетах, слыша их песни на концертах, нас переполняет чувство гордости. Благодаря их таланту, мы все узнаем, насколько прекрасны природные уголки нашего родного города, города Ерейментау.

Шығысбек қызы Ерке

3 сынып, Благодат орта мектебі Ерейментау ауданы

Жасай бер, Қазақстаным!

Егемен ел, Егемен жер.

Ата-бабам аңсаған ел, күллі қазақ армандаған ел.

Сен ұлтымсың, рухымсың, туымсың, ұрпағымсың!

Қазақ жастары, еліңді еңкейтпе, жеріңді төңкертпе!

Қаншама боздақтарымыз боранды күндерді, ұйқысыз түндерді өткізген азаттық армандары бізге нәсіп, бізге бақыт болды.

Қазақтың сайын сахарасы – менің сүйікті Отаным! Қасиетті қазақ елі ерлігіңмен елтаңбаң, еркін жеткен жер шалмаң, төткүл дүниеге паш. Мен сол үшін қуанамын, сол үшін дұға аламын. Ертеңгі болашақ рухты ұрпақтардың, бастау алар, кең байтақ далам, кемеңгер ағам бар.

Дүниеде теңдесі жоқ табиғатты, телміргенге ар ұятты, бұлағы буырқанған, құрағын құлын шалған, төскейде малы оттаған, ақ киізге ханы тоқтаған қасиетті қазақ елі.

Сен үшін шаттам, өзгеге мақтанам.

Менің Отаным азияның кіндігі, дүниенің дүлдүлі, жаңылма, жалында менің байтағым, асқақ ұраным Қазақстаным!

Ақтөбе облысы

Менің елім – менің Қазақстаным

Бұл құдіретті сөзді Қазақстан Республикасының әрбір азаматы асқақ сезіммен, мақтанышпен айта алары хақ. Өйткені біздер, жастар, асқақ арман жетегінде, отаншылдық рухты ту еткен ұлттық ұлқыздары қасиетті қазақ топырағында өсіп-өніп, мекен етіп, достық қарым-қатынаста, береке мен бірлікт, тыныштық пен татулықта өмір сүріп жатырмыз.

- Отан үшін отқа түс-күймейсің, деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, ата-бабаларымыз қанын төгіп, жанын беріп, басынан нелер кешпеді, нелер өткермеді десеңізші? Азаттық жолында құрбан болған, азап шегіп, қасірет тартқан бабаларымыздың ерлігін қалай ұмытармыз. Ұмытпаймыз да, ұмытылмайды да.

Біз бақытты ұрпақпыз! Біз осы жарасымды тыныс-тіршілігімізді Елбасымыз жан-жақты ойлап, кемел ойлы, кемеңгер ата-бабаларымыздың жолымен жүрген ақыл-парасатының, азаматтық саясатының нәтижесі деп білемін.

Адамгершілік, ар-ұят, абырой, патриотизм жеңісті күндерді жақындатқан рухани құндылықтар. Бұл құндылықтардың әрқайсысы өте маңызды. Дегенмен, қазіргі қоғамда аса құнды рухани дәнекер – патриотизм, отаншылдық. Патриотизм – Отанды сүю. Патриотизмнің маңызды элементтері – ұлттық рух пен ұлттық патриотизм. Соның ішінде ұлттық рухты қазақ халқының тарихын жан-жақты сараптай отырып кеңейтуге, дамытуға болады. Бабаларымыз ел қорғау сезімін, туған жерді қастерлеуді, аялауды ұрпақтар бойына дарыта білген. Отансүйгіштік рух – халықтың әлемдік өркениетті елдер қатарына қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Кейде, шіркін, бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттыртпай қалай аман сақтаған деп таңданамын. Шынында да, талай зобалаң кезеңді бастан кешірген Қазақстан «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» өзінің жер көлемін сақтап қалған. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Көп ұлтты Қазақстанда ұлттық

мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші ролі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету», - деп жазған болатын. Осы орайда еліміздің егемендігі қалай келгендігі, тәуелсіздігін алған жас мемлекеттердің алғашқы жылдардағы бастарына түскен ауыртпалықтар, олардан кімдер қандай жолмен өткен, соның ішінде біздің Қазақ елінің айналамыздағы кешегі одақтас, бүгінгі көршілес елдер арасында өз жолымызбен өркендеуіміздің арқасында қантөгіссіз, қақтығыссыз бүгінгі күнге жеткені және осының бәріне Тұңғыш Президентіміздің көрегендігі мен кемеңгерлік саясаты негіз қалағанын айтуға болады. Сонымен қатар көптеген елдердің тағдыры, халықтың тағдыры сынға түскен шақта Еуразияның жүрегінде орналасқан алып Отанымыз – Қазақстан елді есеңгіреткен оқиғалардың қанды қақтығыстардан аман шықты. Әрине, 130-ға тарта ұлт мекен еткен кең-байтақ еліміздің іргесінің берік, бірлігінің мықты болуы көп еңбектің нәтижесі деп білемін. Тарихи өлшеммен алғанда қас-қағым сәтке тең келетін осы уақыт ішінде еліміз талай жетістіктерге жетіп, өзіміз бен бір қоғамнан тараған елдердің алдыңғы легінде ілгеріге қарқынды қадам басып келеміз. Еліміздің экономикасы нығайып, әлеуметтік тұрмыс жағдайымыз шүкір, күн санап жақсарып келеміз.

Кейінгі ұрпақ, біздер, халқымыздың ерлік дәстүрін әрі қарай жалғастырамыз.

Сен үшін, Отан, сертім сол –
Неден де болса тайынбан!
Киелі менің өрісім,
Барлығы – дағы сен үшін,-

деген М.Мақатаевтың өлең жолдары осының айғағы болса керек. Бүгінгі жас ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Сол себепті жастықтың жалынымен, бойдағы күш-қуат, қарым-қабілетпен, ойдағы ұшқынмен Отан-Ананың тірегі болуымыз керек. ХХІ ғасыр – білім, ғылым, бәсеке ғасыры болғандықтан, рухымыз мықты, ұжданымыз күшті, елге, жерге деген адалдық керек. Әрбір жас ұрпақ өзін мемлекетінің өткеніне, бүгініне және ертеңіне тікелей қатысты екенін сезініп, Отан тағдыры үшін өзіне жеке жауапкершілік жүктелетінін терең білуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіз ел болу деген қандай бақыт! Қазақстан – Тәуелсіз!

Қазір біз ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған, кең байтақ, халқы ынтымақты, болашағы жарқын мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Бұл ақиқатты өзіміздің негізгі рәміздеріміз-ақ дәлелдейді.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,-

деп басталатын әнұранымыздың алғашқы жолдарының өзі-ақ Қазақ елінің кеңдігін, бейбіт өмірін айқын көрсетіп тұр.

Шынымен де, «Малым – жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» деп ар-намысын жоғары қойған халық екеніміз анық. Ежелден елдігімізді түзетумен келе жатқандықтан біз әр бір атаулы күндер мен әр бір қабылданған заңның, ардақты рәмізіміздің қадірін жақсы түсінеміз, қастер тұтамыз.

Кез келген елдің тәуелсіздігін оның мемлекеттік рәміздерін бөліп алып қарауға болмайды. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің қасиетті нышандарын қадірлеу – Қазақстанды Отаным дейтін, өз тағдырын және ұрпақтарының келешегін қазақ жерімен байланыстыратын барша қазақстандықтың отан алдындағы қасиетті міндеттерінің бірі. Кез келген өркениетті елге тән ортақ ұқсастықтар мен рухани құндылықтар болады. Рәміздер солардың бірегей нышандары. Өйткені рәміздер әр мемлекеттің тәуелсіздігін білдіруімен қатар, елдікке шақыратын, тұтастыққа ұйыстыратын, бірлікке үндейтін, жүректегі патриоттық сезімді оятатын, Отанды, жерді сүйге жетелейтін, ерлік дәстүрлер мен сабақтастық рухында тәрбиелеуге жұмылдыратын айшықты белгілер болып саналады. Еркіндігіміздің Көк байрағы көкте желбіреп, Елтаңба төрде орын алып, Әнұран шырқай орындалғанда, ата-бабаларымыз сан ғасырлар аңсаған елдік қалпымыз бен сүттей ұйыған тірлігімізге, дербес саяси және экономикалық даму жолына түскенімізге шүкіршілік айтып, толқымайтын жан, езілмейтін жүрек, селт етпейтін көңіл болмас, сірә!

Демесін Гүлнұр

9 сынып, Талдысай орта мектебі Қобда ауданы,
Талдысай ауылы

Салт-дәстүрімізді қорғайық!

Шығарманың бетін Шәкәрім атамның мына бір толғантарлық, ойлантарлық өлеңімен ашсам деймін:

Еуропа білімді жұрт осы күнде,
Шыққан жоқ айуандықтан о да мүлде.
Терең ойлап сөзімнің түбін біл де,
Іштен жыла шырағым, сырттан күлде,- дейді.

Қазіргі таңда алтын күн астында қыраны самғаған, азаттықты жалау етіп, сол жалауымызды желбіретіп, күндікті тастап, бірлікті сақтап келе жатқан халықпыз. Жас халықпыз, тамырымызға су құйылып тереңге жайылып барады, алып әлемдегі алып елдермен тең дәрежедеміз. Қуантарлығы, қуаныштан жылатарлығы да осы! Шүкір! Сансыз шүкіршіліктер болсын Жаратушыға! Бірақ...Осындай керемет теңеулерді, керемет шыңдықтың сөзін бөгеп тұрған осы сөздің себебі маған тақырып болса керек. Елдермен тенесеміз деп жүріп, басқа елдің салтың жұқтырып жатқанымызды сезбейміз-ау сірә, бұған қатысты шаралар қолданылып жатпаған соң. Өзге елдің салтың деймін-ау, олардың көздерін бітеп, саналарын улаған ауру десем дөп басып айтқан болар. Шәкәрім атамның өлеңін жалғастырсам:

Сол есті елде киім бар мода деген,
Керегіне лайықтап киінбеген.
Жас балаша қызығып сәкәкүлге,
Масқара боп жүргенін бір білмеген,-

деген өлең жолдары. Осы Еуропа елдерінің сонау мемлекет боп құрылғаннан бері өздері жасап алған ба, яки жұқтырып алған ба білмедім, әйтеуір бір аурулары – мода. Оны ауру емес, тәтті дәрілердей көретіндері қаншама! Осы ауруды алып, мемлекет болған Еуропа, қанша маңайындағы халықтарға жұқтырып келеді. Маған тақырып болған себебінде жобалап отырған боларсыз қымбатты оқырман! Ел санасын улайтын болғандықтан. Сөзбен айту оңай-ақ, бірақ шын мәнінде ол ел тамырына балта шабар нәрсе. Ол салт-дәстүрімізді жоғалтуымызға себеп болар бірден-бір у. Олай болса, у ішіп жүргендерін білмей жүрген жандар қаншама! Бәлкім, ұлттық дәстүр, салттың ар жақтағы Еуропаның модасымен не қатысы бар деп отырған боларсыз-ау.

Қазақ әдептен ешқашан аттаған емес. Себебі, олар білді, тек әдепті елде бірлік атты қасиетті ұғым сақталатынын. Бірлік сақталса, сізге де белгілі тәуелсіздік тұғырлы, мемлекет ғұмырлы болмағын. Сол әдеп демекші...Қазақ әдеп ұл, әдепті қыз тәрбиелеуді мақсат, борыш тұтқан. Өйткені, олар білді, балалар болашағы екенін. Бала әдепті болса сізде

тағы біліп отырсыз болашақтағы қоғам әдепті боларын. Айтпағым, біздің салт-дәстүріміз әдепке жетелейтін тәрбиелік мәні зор қазынамыз. Ал қазіргі таңда әдепке жат қылықтар жасап жатырмыз. Әсіресе, жастар. Салт-дәстүр ескі наным-сенім дейді. Салтымыздағы ұлттық киімімізді ұмытып барамыз, ұмытып десем асыра айтқан болармын кей-кездері еске алып қоямыз, бірақ жасалып жатқан жұмыстар жоқтың қасы. Қазіргі жастардың ниеті де жоқ, айта қалсаң «заман сондай, қоғам сондай», дейді. Сонда қалай болғаны, біздің заманымыз, өмір сүріп жатқан қоғамымыз әдепсіздікті талап ете ме? Заманымызда әдеп болмаса болашағымызда әдеп бола қоя ма, егер өзіміз қолға алмасақ? Біздің киімімізді еске түсірейікші, қыздардың киімін: әсем, жылтылдап жанарың жасырған көрікті бұйымдар, әсем әшекейлер бәріде сәукелеге жабысқан. Ұзын етегі желтілдеген қамажай көйлек, жанға жайлы сырт көзге көзтартар әдемі еді. Осы қамажайды ки демеймін. Бірақ, кеңірдекте сорайтпай, кеудені ашпай, ойланбай босқа тентек болғанша ең болмаса, жабық киінейікші.

Сондықтан, жас қыздарға айтарым:

Біз-қыздармыз, осы өмірдің гүліміз,
Ата-ананың әлпештеген күніміз.
Екі жанның үмітін ақтау үшін,
Сыр айтайын маған құлақ түріңіз.
Ата-ана бақытымыз, барымыз,
Санаға біткен абыройымыз, арымыз.
Осыларды шашпау үшін өмірде,
Жабық болып киінейікші бәріміз.

Қуаньшева Ботагоз

11 класс, БСШ г. Ақтобе
Руководитель: Усенко Л.И.

Мой Абай

Слово, понятое умом,
Ускользает, как звук пустой.
Но по жилам течёт огнём,
Коль берёшь его всей душой.

Есть люди – планеты. Находясь на расстоянии миллионов лет, они, далекие и близкие, освещают путь жителям Земли. Таков наш Абай.

С самого раннего детства я живу с ощущением, что это мой родственник. Я даже интересовалась у родителей, кем он приходится нашей семье. И очень удивилась, что никем. А тогда откуда это чувство какого – то кровного родства?! Вот, пожалуй, первое, чем привлекает меня Абай. Это желание разобраться, чем мы роднимся.

Такое трепетное отношение передалось мне буквально с молоком матери, ибо в нашей читающей семье все боготворят великого поэта.

А первым человеком, пробудившим интерес, была моя прабабушка, которая так много поведала мне об Абае. Она рассказывала, что когда выходила замуж, в числе приданого увезла с собой рукописные сборники поэта. Это была семейная реликвия. А ещё она говорила, что знаменитый роман Дюма «Три мушкетёра» был известен в казахской степи именно благодаря его устному пересказу.

Когда я впервые прочитала «Путь Абая», моей прабабушки уже не было в живых... Но я с грустью представляла её светлый образ в лице знаменитой бабушки Зере. Они так похожи!

Поэт – планета. Он не распознан полностью никем. Абай был оригинален. Его мечты шли на порядок вперёд, он был предтеча, пророк. Он столько нам сказал, да мы многого не расслышали...

Чем больше я узнаю об этом удивительном выдающемся представителе нашего народа, тем больше мне хочется постичь тайну его гения. И помогает мне в этом сам Абай, обогативший мировую сокровищницу культурных ценностей настоящими жемчужинами мудрости.

В трудные для меня минуты жизни я беру с полки «Книгу Слов» и обращаюсь к великому прорицателю в поисках ответа. Иногда мне кажется, что его слова адресованы именно мне. И тогда получается у нас духовный диалог, а решение проблемы оказывается не таким уж и сложным.

И я благодарю Абая – Учителя, в очередной раз, убеждаясь в том, что его творение – это источник нескончаемого добра и блага.

«Надо принимать умные слова сердцем, всей душой, так, словно ты утоляешь ими жажду», - эту истину подсказал мне мудрец.

Было бы здорово, если бы на уроках языка и литературы чаще звучало слово Абая. Тогда реже мы имели бы дело с невежеством, алчностью, хамством и другими общечеловеческими пороками.

А над входом в учебные заведения я бы написала абаевскую заповедь:

«Тот, у кого больше знаний...тот и обладает миром». В этом же «Сорок пятом Слове» сказано: «Справедлив, человечен, мудр тот, у кого больше знаний»

Меняются времена, меняются приоритеты, но советы великого мыслителя всегда звучали и звучат актуально:

Лишь знаньем жив человек,
Лишь знаньем движется век.

Слова – назидания – это моральный кодекс, который не позволит человеку сбиться с пути.

Мудрость его высказываний трудно переоценить. «Плохой друг, - пишет Абай, - подобен тени. Когда светит солнце, от него не избавишься, когда тучи сгущаются над головой – его не найдёшь».

Согласитесь: лучше не скажешь!

Мне интересно с Абаем, потому что мне доставляет наслаждение снова и снова открывать его для себя. И я горжусь, что великий Абай стоит в одном ряду с мировыми гигантами духа!

Нүрпейісова Ақжүніс

10 сынып, Қобда гимназия Бегалы ауылы

Ақылың мен қайратын екі жақтап

Әрбір елдің өткен-кеткенін саралап баға беретін тарихы болады. Қазақ тарихы да сан мыңдаған ғасырлардан тұрады. Оның әрбір жылы азаттықты аңсаған, күреске толы. Егер де арғы тарихымызға тоқталсақ төрт мың, бес мың жыл тереңге кетер едік. Ал мен, бергі тарихымыздан сыр шертсем деймін. Қазақ елі болып таныла бастауы 1456 жылы Керей мен Жәнібек хандардың “Қазақ хандығын” құруымен байланысты. Қазақтардың жоңғар шапқыншылығына, ұлт-азаттық көтеріліс және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңдерін бастан кешірді. Содан кейін ғана 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін дамытты. Қазіргі таңда президентіміздің салиқалы саясаты арқасында қазақ елін бүкіл әлем таниды. Бұның барлығы сан ғасырлардан бергі тарихымыздың жемісі болып табылады.

Патриотизм – отанға деген сүйіспеншілік. Отанға деген махаббат – әрбір жалындаған жастың халыққа адал қызметі деп ойлаймын. Мен өзімнің патриоттық сезімімді еліме адал қызмет атқару деп білемін. Себебі мен Қазақстанды шексіз сүйемін. Осы қазақстанның бір бөлшегіне кірпіш болып қалансам арманым жоқі. Патриоттық тәрбие, әрине, отбасынан басталады. Менің ата-анамда кішкене күнімнен тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенімізді, білектің күшімен, найзаның ұшымен ата-бабаларымыз жерімізді қорғағанын жиі айтады және біз осы тәуелсіздігімізді қадірін түсінсе екен. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл-қазақ болуымыз үшін, дін-адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасуы белгілі асқақ сезімдерден, мақтаныш – сүйеніштен бөлекжара қарауға болмайды. Ол елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем табиғатына сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сыңайлы. Әрине, бұл өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі.

Қазақ – көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып-дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық. Халқымыздың бітім болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың атап өткеніндей, қазақ – жайшылықта тәубешіл, жаугершілікте тәуекелшіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, шыдамды да жомарт, елгезек те еліктегіш, кеңпейіл де кішіпейіл, ерегескенмен ерегесетін, доспен дос бола алатын, әділдікті бағалай білетін халық. Біздің халқымыздың салт-дәстүрлері өзінше ерекшетыңдар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал болып келеді. Мен өз елімнің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен мақтанамын.

Мен сіздерге “үме” немесе “асар” деген ұмытылып бара жатқан салт дәстүр туралы айтайын. Бұл салт бұрындары қиын шаруаларды күшпен жасалатындықтан жәрдем ретінде ойлап тапқан. Яғни қой тоғыту, қой қырқу, жүн сабап, киіз басу, үй көтеру, жылқы күзеп, тай таңбалау, бие байлау, соғым сою, егін ору, шөп шабу және жинау, үй-жай, той жасау, ас беру, деген сияқты істерде ауылдастар мен руластар жабыла жұмылып, көмек береді. Көмек берген адамдарға үй иесі арнайы қонақ қылады. Бұл үшін көмектескен адам ешқандай

ақы алмайды. “Жұмыла көтерген, жүк жеңіл” деген осыдан қалса керек. Мен бұл салт туралы әжемнен естігенмін. Қазіргі таңда бұл салт тек ауылдық жерлерде қолданылады. Көбінесе соғым сойғанда немесе қонақ шақырып, той болғанда ғана қолданады. Қазіргі кезде неге “асар” салтын қолданысқа енгізбеске? Менің ұсынысым осы салт адамдармен, туыс-туғандармен ара-қатынасын үзбеуге, көмек көрсетуге дәріптейді. Екіншіден, адамдардың физикалық тұрғыдан шымыр болуға үйретеді. Себебі, қазір барлық жұмысты техника алмастырған. Кең-байтақ атамекеннің әрбір қарыс сүйемін сан ғасыр бойы ата-бабамыз сыртқы жаудан сом білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қан төгісіп, жан берісіп қорғап, ұлтжандылық, отансүйгіштік рухын бойға сіңіруді келер ұрпаққа аманаттаған. Алайда тіршілік тезінен өткен, жастарды ұлттық үрдіске тәрбиелеуде маңызы бар көптеген дәстүрімізден де жазып қалғанымыз белгілі. Өмірдегі бар сүреңсіздік, адам бойына көлеңке түсіретін бүкіл жаманшылық атаулы ата салтына, елдік дәстүріне солқылдақтықтан екені белгілі болып отыр. Ұлттық тәрбиеден қағажу қалып бара жатқан жастардың отаншылдық сезіміне де кесірі тиетінін өмір дәлелдеп береді. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз жұртының қадір-қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау – ұлтымызға, елдігімізге сын.

Менің алға қойған мақсатымның бірі – осы салт-дәстүрімізді келешек ұрпаққа дәріптеп, атадан-балаға мұра етіп қалдыру. Біздің ұлан-ғайыр мемлекетіміз бар. Соның қадірін білейік дегім келеді. Тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді дамытып ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырайық. Мен қазақ елінің дамуы үшін, болашақ журналист ретінде өз ақылымды, күш-жігерімді білімге жұмсаймын. Қазақ елі – мәңгілік тарихта алтын әріппен қаларына мен кәміл сенімдімін.

Сәлімова Аружан

5 сынып, Северный орта мектебі Әйтеке би ауданы,

Тереңсай ауылы

Жетекшісі: Бекназарова Ш.С.

Ел және Елбасы

- Атаның баласы болма, Адамның баласы бол», - деп ұлы Абай атамыз айтқанындай, қарапайым қазақ отбасында туып-өсіп, тәрбиеленіп,

ата өсиетін, ана ғибратын өмірлік азық еткен Елбасының ғажайып парасаты мен пайымы, ұлтжандылығы жас ұрпақ біздер үшін өнеге.

Адамзат баласына, күллі әлемге танымал болған осындай Елбасымыздың барына қуанамын да, мақтанамын да! Ең әуелі анасын, ана тілек сүйген Елбасы былай толғанады. Ана тілі бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы. Сол үшін де Елбасының жарық құлағы жастыққа тимей, халқының қамы, тілінің тазалығы үшін талмай еңбек етіп келеді. Толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болуы мүмкін емес. Бұл да Елбасының туған тілі, ұлты жайлы толғаныстан туған ойларының бірі. Бұл да Елбасының туған тілі, ұлты жайлы толғаныстан туған ойрының бірі.

Абылай салған ақ жолмен азат Қазақстанды болашаққа бастап келе жатқан бүгінгі берекелі күнге де оңайлықпен келмегенің біздің он бір жылдық болдырған дәуреніміздің белесерін де, ой елесінде тұрғандай.

«Тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын зәулім мектебінде білім алып жатқанына қуанамын. Зәулім мектепті салдырып берген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына айтар алғысымның шексіздігін ең Елбасы жайлы толғануды жөн көрдім.

Ұлттар бірлігін қамтамасыз ете отырып Елбасы өз халқына, ұлтына зор сенім жүктейді: «Өз ұлтын сүю, шын мәнінде нағыз болу – өзге ұлт өкілдеріне астамшылдықпен қарау деген сөз емес», -деп ескерте келе: «Мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел болудың ұлты да біздің жұрттың мойнында», -деп өз халқының алдына ауыр міндет жүктейді. Міне, Елбасымыз айтқан мынадай ой-түйіндері де жас ұрпақтар біздерге аманаттап отыр: «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ. Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін». Бұл әрі сабақ, әрі ащы шындық екені рас. Елбасымыздың білімдарлығының арқасында күллі әлем Қазақстанды тани түсуде. Елбасының шетелдерге әрбәр сапары қанатымен су тасыған қарлығаштың тірлігіндей ел қамы екені даусыз.

Елбасы еліне сенеді, елі Елбасына сенеді. Жас ұрпақ біздер де ертеңімізді Елбасымызбен, оның нұсқаған басым бағыттарыарқылы елестете аламыз. Еліміз ауыр да, сынағы мол жылдарды артқа тастады. Ендігі кезең-жарқын жылдар болмақ.

«Тәуекел болмаса, тәуелсіздік бола ма?»-деп сонау 1997 жылы Астанаға мемлекетіміздің бас қала мәртебесін беруінің қандай ұтымды болғандығын айтып жеткізгісіз емес пе?

Мен осынау Елбасы туралы жүрек жарды шығармамды Нұрсұлтан Әбішұлының өз сөзімен аяқтамақпын: «Алдымызда асу-асу белдер

бар, ұлт жолында ұйтқи соғар жолдар бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне тезу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!».

Сизых Анастасия

8 класс, СШ № 29 г. Актөбе

Руководитель: Прохорова Н. В.

Без прошлого нет настоящего, без настоящего нет будущего

Вопрос о том, каким быть нашему государству, имеет судьбоносное значение. Я уверена, что без прошлого нет настоящего и будущего. Не помнить прошлого – это преступление по отношению к историческому и культурному наследию Казахстана. Ведь государство сильно не только своей военной и экономической мощью, но еще и уважением к достижениям наших предков, сохранением традиций и уникальных памятников старины, памятью о важных событиях и выдающихся личностях. Мое поколение должно знать историю своего народа, чувствовать и беречь хрупкую связь времен. Иначе, я уверена, вся наша земля превратится в мираж, в призрак.

Нужно не призывать к патриотизму, а прививать его с детства, начиная с малого: любви к своей семье, месту рождения, дому. Ключом же к уважению, пониманию истинных ценностей, по моему мнению, является знание родной истории.

Любовь к Родине не может появиться внезапно, потому что кто-то приказал. Это чувство растет и укрепляется в течение всей жизни человека. Истоки его в уважении, трепетном отношении к месту, где родился, вырос, к родному дому, людям, воспитавшим тебя.

Мы должны знать историю Отечества. Тогда не будет у нас брошенных стариков, ветшающих древних памятников, забытых книг и умирающих народных ремесел.

Не зная прошлого, нельзя любить настоящее, думать о будущем. «Дерево сильно корнями,» - утверждает пословица. Наши корни - это наше прошлое, история и национальная культура. Без них дерево не может жить, они держат его в почве и питают.

Не зная или забывая свою великую историю, мы можем утратить национальное достоинство, национальную самобытность. Тот, кто не ценит культуры своей страны, не может уважать великие достижения

других народов. Я думаю, человек, воспитанный вне традиций собственной культуры, не имеет будущего, какую бы страну для проживания он ни выбрал. Такой не может быть патриотом своей Родины, он равнодушен к ее настоящему, его не заботит ее будущее

Мой Казахстан — моя Родина. Мой Казахстан! Эти удивительные слова невозможно произносить без трепета в душе, они пробуждают силу духа, любовь к родному очагу. Когда повторяешь их, обязательно вспоминаешь о той волшебной нити, которая связывает тебя с родной землей, с её прошлым, настоящим и будущим. Мой Казахстан! Когда я слышу Гимн моей страны, смотрю на развевающийся флаг цвета чистого бездонного неба, я чувствую себя сильной, смелой и уверенной в процветании моей Родины, в своём завтрашнем дне.

Я очень рада, что живу в мирной и спокойной стране, что мои земляки понимают: все трудности преодолимы без кровопролития и жертв. Я рада, что мой Казахстан принимает активное участие в укреплении и расширении международного сотрудничества в борьбе с терроризмом, организованной преступностью, наркоторговлей и незаконным распространением оружия. Политика Президента Н.А. Назарбаева полностью меня убеждает в том, что сегодня Казахстан стоит на пороге новых крупных свершений. Я уверена, что наша страна, выдвигая новые приоритетные задачи перед всеми отраслями экономики и социальной сферы, открывает широкие горизонты для достижения огромных целей, кроме этого обязывает всех казахстанцев, от школьника до взрослого, понимать и осознавать свое место в претворении великих дел, задуманных Президентом.

Кризисы и потрясения – тяжелые уроки истории, но нам необходимо их усвоить, чтобы не повторить вновь. Мы должны всегда помнить о своем прошлом и гордиться им, каким бы оно ни было. Достижения наших предков вселяют надежду, что и наш собственный труд приведет Казахстан к новым победам и свершениям!

Смадияр Мерей Серікұлы

10 сынып, №33 орта мектеп Ақтөбе қаласы

Жетекшісі: Молдағалиева И.

Қыз бен жігіт айтысының жарқын бейнесі

Айтыс өнері – халық ауыз әдебиетінің ерекше түрі. Бұл ертеден келе жатқан сөз саптау шеберлігі. Қазақ халқы сөз өнерінің құдіретіне тәнті болып, «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп ұтқыр сөзді басынан асыра білген. Айтыс көне түркі тілдес халықтарында, үндістер елінде де өркендеген. Дегенмен қазақ халқының тіл мен жақтың ұйқасқа тірелген ой ұшқырлығы айтыс өнеріне ұласқаны шындық. Ғасырлар бойы шебер өрнектелген сөз жарысы тыңдаушылар қауымын үйіріп әкететін сиқырға ие.

Айтыс барысында айтыскер ақындардың сөз саптауымен қоса, дауысы, бет-жүзінің қимылы, ерекше орындаушылық қабілеттері де ескеріледі. Өте ерте заманнан келе жатқан айтыс түрлері жан-жақты. Бәдік айтыс, адам мен жануардың айтысы, жұмбақ айтысы, салт айтысы болып ерекшелінеді. Салт айтысы қыз бен жігіт айтысы, сондай-ақ ақындар айтысы болып екіге топталуы, айтыстың бұл түрлерінің жиі қолданылып, дараланатынына куә.

Қыз бен жігіт айтысының жарқын бейнесі, ұтқырлық пен тапқырлыққа құралған айтыс шыңы – «Біржан мен Сараның» айтысы болып табылады. Әдеттегідей той-томалақта айтылып, жұртшылықты күлкіге кенелтетін, сауық кештерде тілі мен мазмұны тартымды да жеңіл, шағын келетін айтыс болуы тиіс еді. Бірақ, бұл айтыс ерекше болып, халық жадында ұзаққа сақталып қалды.

Біржан сал қысқа ғұмырында көпке мәлім ақын болған. Көкшетау облысында дүниеге келген. Біржан жастайынан әнге өлеңге әуес болды. Оның «Көкшетау», «Жанбота», «Айтпай», «Ләйлім шырақ» әндері - үздік туындылар. Біржанның әншілік мектебінен қазақ ән өнерінің майталмандары Балун Шолақ, Естай, Жаяу Мұса әнші-сазгерлер шыққан. Біржанды жас өнерпаз ақындар мен әншілер пір тұтады. Оның өнерін жанына жақын тартып, еліміздің түкпір-түкпірінен Біржанның мәнін жоймаған, қаймағы бұзылаған әндері әлі күнге шейін шырқалып жатады.

Ал Сара – ақын қыз Талдықорған жерінде әкеден жастай қалып жетімдіктің зарын кешіп өскен. Он үш жасынан бастап сауықшыл, дом-

бырашы, күйші, әнші болды. Ән мен күйге ынтық еді. Талай ақынмен сөз сайысқа түсіп, талай жүйрікке алдырмаған.

Белгілі қанша жұртқа атым – Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара,

- деуі тегін емес. Айтыс барысында қос ақын өздерін сипаттауы сүйсіндіреді. Екеуі де үздік өнер иесі. Екеуі де айтыс басынан-ақ ірілік, жүйріктік таныта бастайды. Біржан сал «Сайраған Орта Жүздің бұлбылымын» десе, ақын Сара өз тұлғасын – Мойыным сұңғағындай жүзген құдың, Лебізім – шырынындай шәрбат судың,-деп суреттейді. Әншілік өнер мен ақындықпен қатар сұлулықтан да құр алаған емес екенін білдіреді.

Біржан сал Сараның аяқ алысын бірден байқап өнерлі қыздың мінезін ардақтайды. Таңдана, тамсана қарайды. Өнер саңлағы бола тұра, қиын тағдыр иесі болған Сараны жамандыққа қимайды. «Жақсыны бір жаманға қосақтай салу ешқандай жолға симайды», - деп ел ағалары болып отырған Есімбек пен Тұрысбекке бетке баса айтады. Бұл билеушілердің ақын Сараны, елді аузына асқан өнерімен қаратқан Сараны, жаны да, тәні де кемтар Жиенқұлға атастырып қойғанын сынағаны болатын. «Тең теңімен, тезек қабымен» деген ақын Сараның теңі өзіндей дара тұлға болуы тиіс еді ғой! «Жібекті түте алмаған – жүн етер» деген, жаман Жиенқұл ақын Сараның қадірін білді ме екен?!

Өнерімен, ақындығымен, сөзде жүйріктігімен тең түскен Сараны Біржан осы осал тұсынан ұстап, осы айтыста жеңіске жеткен екен.

Майысып, сегіз қырлы жүйрік Сара,
Қай жерден болжамайсың тынарыңды.
Мақтаған Есімбегің дәнеңе емес,
Басыңнан айыртпаған мұратыңды.
Шақыртып күйеуіңді осында алдыр,
Көрейі таңдап алған сыңарыңды,

- деген екен. «Біржан мен Сара» айтысындағы басты тақырып – ерте замандағы қазақ әйелдерінің ескілік әдет-ғұрыпқа тәуелді болуы. Сара ақын «Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным» деп тауысылуы талай қазақ қызының басынан кешкен зары болатын.

Қалың мал – ескіліктің сым торы, айтыс өнері де осы әдетті сынайды. Әйелдің құны жылқы табыны мен қой-саулыққа саналған кезеңде, ақын Сара да көппен бірдей ескілік салт-дәстүрдің құрбаны болды.

Айтыс барысында сөзге жүйрік ақын Сара Біржанмен сөз таластыруда, жаман Жиенқұлға келгенде мүдіре береді. Жеңілісін мойындап, шаршы топтың алдында, дағдылы дәстүр бойынша, жеңіліс себебін айтып, ішкі күйінішін жұртшылыққа паш етеді.

Айтыстың негізі өзiгi әйел теңдiгi бола тұра, айтыстың дәстүрлi әдетi ойынша ру басыларын, байлары мен билерiн мадақтау, дәрiптеу сипаты да көрiнiс бередi. Біржан осы «дара тұлғалардың» ішiнен Абайды оқшаулап, дара суреттейдi.

Абай мен ел билеушiлерiнiң қарама – қарсы қылықтарын салыстыра келе, ойланасың. Бірi – ел iзетi мен iлтипатына бөленген дария көңiлдi ақын болса, екiншiлерi өнерпаз ақын аруды теңсiз кемтар жаманға қалыңмалға қосып зорлап берген – «ел билеушiлерi».

«Біржан мен Сара» айтысының нақты өзегі әйел затын бостандығымен қоса, тап қайшылығын, ескішіл ой-сананы, әйел затын күңмен теңдес ұстаған кезеңді ашық сынаған нағыз шыншыл туынды.

«Біржан мен Сара» айтысы айқындық, сөз тазалығымен ерекше болса, сұлулық, көркемдік жағынан қазақ ақындық өнерінің төрінен орын алатын айтыс. Үздің теңеу, эпитеттік метафоралар өз орнын шебер тапқан. Сонымен қатар ирония мен сарказм да ұтымды қолданылған. Сараның ашық әжуадан ащы кекетуге баруы Жиенқұлды суреттеуді байқалады.

Көрінсін Біржан салға «ай» секілді,

Аққұйрық көңіл ашар шай секілді,

- деп бейнелейді. Жиенқұлдың «бейшаралығы» - оның тәні мен жанының жамандығында емес, ел сыйлаған ақын ару қызды өзіне тең санап, малға сатып алғанында. Айтысты тыңдай отыра Сараның жан күйзелісі, Біржанның осы жағдайды түсіне отырып, сан жылдар бойы келе жатқан мызғымас дәстүрге шара жоқтығын жырлауын сезінесің.

Теңсіз өмір қайғы ғой жақсы адамға,

Жақсыны берме деген бір жаманға,

- дегені айтыстың бас тақырыбын ашып көрсетеді. Айтыс өнері қалмай қазіргі заманда да өріс алып келеді. Қыз бен жігіт айтысы

да, жұмбақ айтыс та еліміздің сахна төрінен шырқалады. «Елу жыл-да ел жаңа» деген қазіргі заманғы айтыс тақырыбында әйел теңдігі тақырыбы жаңа деңгейде шырқалады. Теңсізбен қосылған көркем ару емес, мәжілісте сөз сөйлеген ананың жүрегі, ел басқарған әйелдердің жарқын жаны жырланады.

Тарасенко Марина

10 класс, СШ № 29 г. Актобе
Руководитель: Прохорова Н.В.

Верю в будущее моей страны

Туған жер - алтын бесік

«Родная земля - золотая колыбель». Мудрая и значимая для нас, казахстанцев, пословица. Говоря о родной земле, родине, мы думаем о той великой стране, в которой родились. Наверное, я не ошибусь, если скажу, что ощущение родины приходит к каждому из нас именно в детстве. Это и сугроб, в который ты падаешь со смехом, и ручей, в который пускаешь бумажные кораблики, и береза под окном, и аллея в парке с деревьями-великанами, как из сказки, и облака- особенные - только над твоей ромашковой поляной... А потом дорога в любимую школу, добрые глаза учителей, и вопросы, вопросы, вопросы, на которые ищу ответа по сей день...

Земля, обретенная предками многие века назад, - это и моя земля. Пусть и не в той масштабной территории, каковой была раньше, но она рождает, питает своими силами, напоминает, каким трудным путем нам досталась независимость. И как мы, поколение двадцать первого века, гордимся этими достижениями!

В кровопролитных войнах отвоевавший свою землю у недругов, народ Казахстана впитал в себя ту сталь мечей, тот железный привкус крови, и, что самое главное, стремление к свободе и победе! Победа, теперь официально заключенная в наших государственных символах и первом разделе 3 статьи Конституции РК: «Единственным источником власти является народ».

Конституция Казахстана - общенациональная идея, воплощенная в букве Закона. Она отразила в современных правовых понятиях мечты многих поколений о свободе и возможности самим вершить свою

судьбу, о государстве, где власть служит интересам всего народа, о независимой стране, известной и уважаемой во всем мире. Согласитесь, недостаточно только провозгласить государство демократическим, главное - обеспечить его устройство и деятельность соответствующими правовыми институтами, реальными гарантиями демократизма. И это возможно только при реально работающей Конституции, а не при «декларации добрых намерений».

Основные ценности сильного гражданского общества закреплены в Конституции Казахстана: это и обеспечение прав и свобод человека, и свободно формирующееся общественное мнение, и взаимная ответственность государства и личности, и самоуправляемость. Основным законом страны выдержал испытание временем и доказал свою жизнеспособность, устойчивость, функциональность. Ведь не зря мы пишем его название с заглавной буквы: это говорит об огромном уважении к Главному закону страны.

Знаете, я не отношусь к тем людям, предки которых боролись за независимость, и мне, наверное, не понять многого, но это никак не влияет на мое отношение к стране. Я горжусь тем, что меня окружают люди, верные своей земле и своим традициям.

У казахского народа много добрых традиций! Люди ценят их, как основу общности, как напоминание о том, как они едины и как гостеприимны. Да, гостеприимство у нашего народа в крови! Славятся люди моей земли и добротой, и широтой души, и умением поддержать в трудные минуты своего ближнего. Казахстан - многонациональная страна! Более 150 национальностей живут в Казахстане. Сто пятьдесят! Это цифру мы узнаем на первых уроках в школе и поражаемся: дружбе наших народов можно позавидовать! И здесь заслуга нашего первого и самого главного человека в государстве – Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева. Человека, сумевшего объединить народы Казахстана, сумевшего вместе с народом построить новое независимое государство и новую столицу – Астану, город будущего! Вот чему стоит поражаться!

И мне бывает горько и грустно, когда я читаю негативные отзывы о нашей стране, когда вижу уезжающих за её пределы земляков, не верящих в будущее нашей Родины...

А я верю, что Казахстан, большая и многонациональная семья, обязательно достигнет своих целей. Ведь будущее страны в нашей вере в нее и в себя! Все мы хотим жить в богатой, процветающей стране, где для каждого созданы достойные условия – именно такие за-

дачи ставит наша Конституция. Жить по Конституции, по закону - не просто необходимость и гражданская обязанность. Это привилегия свободных людей. Людей, знающих цену своим правам и признающих такие же права за другими.

Только в этом случае мы не отдельные граждане, а казахстанский народ, не население, а общество, гражданское общество. Не географическое пространство, а страна, которая нас объединяет.

Будущее Казахстана зависит от нас, молодежи. Воспитанные в новом демократическом государстве на основе демократических ценностей, мы должны привести свою страну к новым достижениям и высотам и стать нацией процветающего государства!

Алматы облысы

Абзал Еркежан

8 сынып, №3 орта мектебі Іле ауданы, Жетіген ауылы
Жетекшісі: Бақтиярова Ғ.Ю.

Менің Елбасшым

Елбасы... Бұл тіпті мыңнан бір адамға берілмейтін лауазым. Елбасы болу – мыңнан бір адамның қолынан келмейтін міндет. Мен қазақ жерінде, қазақ даласында өмір сүріп жатырмын. Қазақ патриотымын! Қазақстан мемлекетін көркейтуге үлес қосатын 17 млн-ның бірімін. Елімнің жері – менің жерім, елімнің Отаны-менің Отаным, елімнің Елбасшысы – менің Елбасым!

Қазақстан мемлекетінің Елбасшысы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан халқы ғана емес, дүниежүзі таниды. Алты жасар баладан алпыс жасар қартқа дейін қадір тұтып, құрметтеп, әрқашан да тек қана жақсылығын айтады. «Барлығына бірдей жағу мүмкін емес» болса, Нұрсұлтан Назарбаев барлығына жаға білген адам. Ол еліміздегі әрбір балаға, әрбір адамға үлгі бола алатын адам. Нұрсұлтан Әбішұлындай жан бір ғасырда бір-ақ рет қана туады.

Сонау 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бастап Елбасы сайланып, қанатын кеңге жайып, сол қанатымен сермеп, бар халықты бір шаңырақ астына жинап, бәріне бірдей қамқорлық көрсетуде.

Ал Елбасшы тарихына келер болсақ, 1940 жылы шілденің алтыншы жұлдызы жарық жанып, дүниеге ерекше бір сәби келген болатын. Ата-анасы оған Нұрсұлтан деп ат қойған. Бұл Іле Алатауының баурайында Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында көптен күткен қуаныш болды. Сәбиге есім таңдап ат қоюдың астарында аса үлкен бір тарих жатыр деседі. Азан шақырып ат қоярдың алдында тойға жиналған ағайын туыс түрлі есімдерді ұсынып жатты. Ең ақырында жаңа туған ұлдың әжесі Мырзабала мынадай ұсыныс білдірді:

«Менің сүйікті немерем екі бірдей есімді алып жүрсін. Оның аты Нұрсұлтан болсы» деген екен.

Кім білсін... Нұрсұлтан деген есімінен бе, мінезінен бе, ақылдылығынан ба, осы Қазақстан мемлекетінде «Сұлтан» болып атанғаны сөзсіз таза ақиқат.

Мемлекет басшысы еліне деген адалдығын былай білдірген болатын: «Мен үшін елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ», «Қазақтың өзінің ұлттық» қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау Елбасшылық, перзенттік парызым».

Мемлекет басқару ісі – мақсатты да мәртебелі, өте маңызды міндет. Нағыз басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, нағыз Елбасшы басқарған халық – ең бақытты да ұйымшыл, тату-тәтті тұратын халық.

Бізбен қатар тәуелсіздік алған көп елдерде Елбасшы екі-үш немесе одан да көп ауысып жатса, біздің елімізде осынау жиырма төрт жылда Елбасшымыз мүлде ауысқан жоқ. Мұны біздің елде басқа Елбасшы атауына лайықты адам табылмағаны емес, Н.Назарбаевтің кеңестік басшы екендігінің тағы да бір дәлелі деп білемін.

Еліміздің әрбір жетістігі – Елбасшымыздың жетістігі. Әрбір жеңісі – еліміздің ортақ жеңісі. Елбасшымыздың туған күні – астанамыздың туған күні. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасына жіпсіз байланған жан. Қазақ халқы үшін, еліміз, жеріміз үшін кеудесіндегі дүрсілдеп соққан кішкентай ғана жүрегін суырып беруге дайын асыл жан.

Ол халқына қаншалықты әділ, адал болса, халқы да оған дәл солай адал да әділ. Тәуелсіздігіміздің түп тамыры Нұрсұлтан атамызбен тікелей байланысты. Ел басымыздың өз еліне деген сүйіспеншілігі, ыстық та мөлдір махаббаты, өшпес жақындастығы әр ананың өз баласына, бауыретіне деген махаббатынан кем түспейді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та, біз сияқты қазақтың қара домалақ баласы, ер тұлғалы адамзаттарының бірі. Біз сияқты өмірге алғаш келіп, біз сияқты бала болған. Қарапайым адамнан айырмашылығы – оның алдына қойған мақсатына жете білуінде. Қол созған арманының орындалуына көп еңбек сіңіріп, ешқашан да берілмегендігінде. Әрқайсымыз Президентімізден үлгі алып, тырысатын болсақ, алдымызға мақсат қояр болсақ, біздің мемлекетіміз нағыз мықты, мемлекеттер қатарынан орын аларымызға кәміл сенемін.

Елбасымз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастарға, біздерге, үлкен сенім артып отыр. Мен сол сенімін ақтағым келеді. Сенімін ақтап, арманымның орындалуына үлкен үлес қосам деп армандаймын. Мен де әрбір патриот сияқты Қазақстан Республикасының көркеюіне, өркендеуіне, биіктеуіне, шарықтап көкке көтерілуіне,

ешбір ел шыға алмаған биік шыңдарға шығуына, биік белестерді бағындыруына өз үлесімді қосқым келеді.

Біздің қадірлі де қастерлі, ұлы да ұлағатты Елбасшымыздың жүрегі «елім» деп соққан әрбір адамға үлгі болар асыл тұлға. Нұрсұлтан атамыздың кішіпейілділік пен адамгершілік, қарапайымдылық пен әділдік бір-бірімен ұштасып жатыр. Осындай асыл да жарқын жан басқарған мемлекеттің дүниеге әйгілі болып, әлем сахнасында жарқырап көрінбеуі мүмкін емес. Менің бала жүрегім еліммен, жеріммен, асыл тұлғалы Елбасшыммен бірге соғады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы. Осындай еркін де ер мінезді, ұлтжанды білімі мен ақылы таласқан, халқына мейірімін төгіп, қамқор болған азаматы бар ел нағыз мықты да бай ел деп толық айта аламын. Біз халқымызбен, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сынды Елбасшымен бірге әлі талай белестерді бағындырып әлем сахнасынан биіктеп көрінеріміз сөзсіз...

Айтмолданова Аружан

4 сынып, Жанұзақов Т. орта мектебі Райымбек ауданы,
Нарынқол ауылы

Менің туған жерім - егеменді Қазақстан

Менің туып өскен жерім – көк аспанда бұлты жоқ көк жалауы биіктен желбіреген егеменді Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Мен Аружан Жайдарқызы Айтмолданова (Алматы обылысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы Тельман Жанұзақов атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы). Нағашы атамның қолында оқимын. Өз үйіміз Алматыда. Оқу озатымын. Ән салып, өлеңді жатқа айтамын. Мұқағали Мақатаев атамның 40 өлеңін жатқа біліемін. Арманым ақын болу. Мектепте қоғамдық жұмысқа белсенді араласамын. Тез өсіп жоғарғы оқу орнына түссем ғой. Шіркін! Неге дейсіз бе? Біздің жер байлығымызды шетелдік кәсіпорындар игеріп жатқан жоқ па?! Сол үшін балалар жақсы оқып техниканың тілін білуіміз керек деп ойлаймын. Сонда ғана біз байлығымызды игере аламыз. Таудай талаппен жетістіке жетеміз. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі жануарлар бар. Осы жерде біздің ата-бабаларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазақстанның

жері шырайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай кең байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отан – алтын бесігім», «Отан қуат – болса шуақ», «Отансыз адам – ормансыз болу», «Отан отанда ыстық», «Ана тілін ардақтау – әрбір азаматтың бірінші міндеті». Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ наныммен бекіуі тиіс. Өйткені Отан біз үшін ыстық отанда ыстық. Мен өз егеменді Қазақстанды мақтан тұтып, жақсы көремін.

Акиш Алтынай

10 сынып, №3 орта мектебі Іле ауданы, Жетіген ауылы
Жетекшісі: Жексетова Ә.С.

Ел бейнесі – ел рәміздері

Жиырма екі жыл бұрын тәуелсіздігін алып, тәй-тәй басқан мемлекетіміздің айрықша белгілері – Ту, Елтаңба, Әнұран. Әр нышанда өзіндік өмір – салты, ерекшелігі, мұраты бар. Бұлар тек қана белгілер ғана емес. Бұлар қазақ елінің, қазақ жерінің қасиетті идеясы. Бұл белгілерді көрген адам өз еркіндігін және бірлігін сезінеді.

Рәміз дегеніміз – белгілі бір нәрсені көрсетуден туатын сыр таңба.

Басқа елдердің алдында өз құндылығын, жер байлығын, рух байлығын көрсететін белгілер. Осы күнде осындай елбасымен, осындай құндылықтар мен бірге дамып жатқаныма қуанамын.

Мемлекеттік Ту. Аспан текті, көк түсті. Ағайын, бұл кездейсоқ емес. Әйгілі Арсельм кестесі бойынша, ол – адалдықтың, кіршіксіз тазалықтың, пәктіктің белгісі. Сонымен қатар көк түс – ашық аспан реңіне сай болғандықтан, біздің халқымызда бұл ынтымақ пен бірлік, тұрақтылық, береке – байлық белгісі болып саналады. Тудың қақ ортасында күн бейнесі бұл – мәңгілік өмірді және тіршілікті білдіреді. Ал қыран, әркімге мәлім бұл – арман, мақсат, мұрат, азат күн, кең бейне. Мұның бәрі бір тұтасқа айналған кезде зор Бақыт!!!

Елтаңба. Бұл біріншіден, көгілдір түс аясындағы шаңырақ. Бұл – отанымыздың ошағы, біртұтастығы, бастауы. Шаңырақты айнала

тұрған уықтар, күн сәулесіндей жарқырайды. Ал екі жағындағы аңыз ертегілердегі, қанатты пырақтар тәуелсіз Қазақстанымның мәңгілік өмірі мен шексіз дамуының белгісі. Қазақ жерінің, көп ұлтты елдің рухани байлығын көрсетеді. Пырақтардың қанаттары болашақтың ертеңі жас ұрпақтың арманы биікке самғау талабы. Елтаңба маңдайындағы жұлдыз «Бағымыз ашылып – жұлдызымыз жана берсін» - деген асыл арманымызды көрсетуде. Жұлдыздың бес бұрышы қазақтың кең пейіл құшағындай бес құрлыққа теңдей.

Мемлекеттік Әнұран. Елімнің музыкалық эмблемасы. Бұл – қазағымның басқа елге деген ақ ниетті сәлем хаты. Әнұранның әр сөзі – елімнің намысы, арымның айнасы. Әнұранды тек қана естіп қоя бермей, қосылып айтқаныңда бойыңда ерекше бір ұландық, азаматтық сезім туындайды. Бұны сезіну бір бақыт. Маңдайға біткен бақ.

Осының бәрін санасына қондыра білген адам, еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек етуі, оқып – білім алуы, Қазақстанның іргетасын бекітуі сөзсіз.

Алимхан Дамегуль

11 сынып, №2 орта мектебі Қапшағай қаласы

Отансүйгіш

Отансүйгіш – еліне адал, халқыңа берік қорған бола алатын, өз өмірін еліне арнауға дайын, қайсар жүректі, ақ ниетті адал жан.

Патриот едім мен елдің,
Кең-байтақ қазақ жерімнің,
Халқыма жылы лебізді,
Жазылар шұмағым жеткізер.

Отаншыл адамдар жүрегінің түбінде жатқан халқының тарихында, ұмытылмас құнсыз әдебиетінде алтын әріппен жазылуға тиісті. Халықтың алғашқы патриоттары тұралы әркім әр жаста білу керек. Адам қандай ұлт болмасын елінің намысын қорғап, халқынның тарихын әр әріпке дейін біліп, жас ұрпаққа жеткізуге тиісті.

Асқақ болып желбіресін көк туымыз,
Жетістікке жеткізерміз елді де біз,

Мәнгі жансын достық оты, сөнбей жансын,
Бейбітшілік, береке қалаймыз біз.
Отаншыл адам болсаң да сен
Басқаларға қайрат пен рух
Берерсің сен!

Ең басты патриоттарымыз, біздің батырларымыз: Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Керей, Абылай және т.б. Халқымның отансүйгіштігі бүткіл әлемге қарсы тұрып, өзіне тиесілі, қасиетті қазақ жерін қайтаруға негіз болды.

Қазақстанда тұратын әр адам бейбітшілікте өмір сүргеніне қуанышты; ата-анасы, балалары, барлық адамдар тең құқұқты болғанына риза. Мемлекетіміздің әр тұрғыны жүректің тұңғыығында отансүйгіш. Ол үшін себеп бар. Біріншіден, ертеңгі күніне сенімді, екіншіден, болашағы жарық елде тұратынын біледі, үшіншіден, адам туған жерін өмір бойы қастерлеп өтеді емес пе...

Мемлекетіміздің өркендеуіне ешкім сенбегенде не болар еді?

Патриот болып аштым дүние есігін,
Туған мекендей табалмаспын мен жерді,
Өзге елде сұлтан болғанша мен қалайын,
Туған жермен мақтанып, ұлтан болып.
Патриот болып аштым дүние есігін,
Асып түсер өзге тілді Қазақ тілім,
Асыл тілім, менің тілім, жыр тілім
Қашанда ең қымбатым, қазақ тілім.
Патриот болып аштым дүние есігін,
Домбра төгер қазағымның барлық жырын,
Баулап, тербер, жанға бүткіл,
Қондырар тыныштық пен ой түрлі.

Отан туралы мыңдаған мақал-мәтелдер, өлендер, әңгімелер бар, бірақ әр адам туған жеріне әртүрлі әдістер арқылы махаббатын білдіреді. Мысалы, біреулер ағаш отырғызады, құстарға жем береді, нашар тұратын адамдарға көмек көрсетеді; кейбіреулер мектеп, емханаларға жаржылық көмек көрсетеді.

Сезімізді қалай білдірсеңізде, ең бастысы жүректен болса...

Алтаева Шұғыла

К. Әзірбаев атындағы № 15 мектеп Боралдай кенті, 1 сынып,
Жетекшісі: Еламанова Б.Т.

Әжетай, өзіңіз менің қасымда күнде жүрсеңіз де сағына беремін. Өйткені, сізді жақсы көремін. Мен дүниеге шыр етіп келгеннен аппақ алақаныңызға салып, барлық мейіріміңізді төгіп ақылды қыз болып өсуіме күш-жігеріңізді жұмсадыңыз. Сіз үйреткен өлең, жыр, би, ертегілер менің жадымда мәңгі сақталады. Себебі, мұның бәрін үйреткен менің әжетайым – Зәуре Дөненбекқызы.

Әжешім, ауырмай жүрсе деп тілеймін. Өзіңіз жазып, өзіңіз жаттатқан мен жайлы өлеңді сіз 100 жасқа келіп отырғанда да үлкен тойханада да айтып беремін. Онда сол тақпағымды бастайын:

Қандай нәзік баласың,
Шам-шырақ боп жанасың.
Баладай тәтті сөзіңмен,
Жүректі ерітіп барасың.

Сіздей әжем болғанына өзімді бақытты қызбын деп санаймын. Менің атымды қойып республика көлеміндегі балалар бақшасына арнап жазған «Шұғыла» атты оқу құралыңыздағы барлық тапсырмаларды жатқа айтып, жаттадым. Сіз үйреткен Абай бабамның: «Желсіз түнде жарық ай», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» өлеңдері жанымды жадыратып, биік болашаққа ұмтылуға талпындырады.

Биыл бірінші сынып есігін айқара ашып, алғашқы қоңырауды соғу менің тиесіліме жүктелгенде де сіздің қуанышыңызда шек болмады. Мен қоңырауды соғып бола салысымен өзіңіз аспандата шашқан тәтті шашуыңыз жан-жаққа шашыраған шашуды жапа-тармағай үлкен де, кіші де жүгіріп жинап жатқандарында: «Шұғылашым, мені ешқашан ұялтпа. Осы мектепті тек беске оқып, менің жанымды тек жақсылыққа бөле», - деген ақ батаңызды жүрегіме түйіп алдым. Екі жасымнан балабақшаға жетелеп, ондағы менің биіме, әніме шаттана күліп, мәз болған күндеріңізді ұзағынан болсын деп тілеймін, асыл әжем.

Біздің жетістігімізге Сіз қуансаңыз, Сіздің ерінбей, жалықпай атқарған еңбегіңізді мақтан тұтып, өзімізге үлгі етеміз.

Менің Отаным – Қазақстан!

Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастық, татулықпен бірге жұмыла отырып, қызметтің әр түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер, украиндер мен кәрістер еңбектенуде. Мен соңғы жүз жылда Қазақстан жеріне әр түрлі халықтар қоныс тепкеніне жиі ойланамын. Біздің еліміз сияқты менің ағайыным да көп ұлтты. Бірлік, ұлтаралық келісім және саяси тұрақтылық – қазақстандықтардың қалауы. Мен оны білемін. Онда татарлар да, орыстар да, қазақтар да бар. Олардың тағдырын, өмір тарихын тыңдағанда менің елім одан сайын маған жақындай түседі, оны жақсырақ түсіне бастаймын. Біздің отбасы тарихымыз мыңдаған басқа отбасылардың тарихына ұқсас. Өмірдің қиын кездерінде, ауыр жұмыстарда, өтіп жатқан күндер мен мерекелерде әр түрлі ұлт өкілдерінің пікірі қалыптасты. Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар, әсіресе ол қазақстандықтарда ерекше дамыған. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Осында тұрушылардың барлығы қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі керек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы.

Қазақстан күн сайын дамып, көркейіп жатыр. Осындай елмен әрине мақтанасын. Қазақ елі – мақтанышқа тұрарлық ел. Әрине, осы жетістіктеріміздің бәрі – Елбасымыздың арқасында.

Қазақстан менің елім, аңсағаным
Кең байтақ жеріңменен тамсанамын.
Асқар тау, белдеріңмен мақтанып,
Күлімдеп, мен де бір шаттанамын.
Отаным – Қазақстан туған елім,
Ойнап күліп ер жеткен туған жерім.
Өсе бер өркендей бер, Елім менің,
Ардақтап мәңгі мен сені өтермін.

Мен туған және өскен жері біртұтас болғанда ғана адам бақытты болады деп ойлаймын. Мен қандай бақыттымын, өйткені сен барсың – менің Қазақстаным!

Мен үшін Отан – құндылықтарды материалды тасымалдаушы емес. Бұл жан сезімі! Сенің әрқашан оймен болса да, оралғың келетін Жердің, рухани бұрышы. Менің жылдарым күндермен өлшенеді. Мен оның шексіз болғанын, менің кішкентай және үлкен Отаным татулықта болғанын қалаймын. Мен әрқашан да Қазақстанда тұратын адамдарға жанымның жылуын, жүрегімнің отын сыйлауға дайынмын. Мен өз Қазақстанымды қалай жақсы көремін? Мен өз отанымды қалай мақтан тұтпайын? Ол мені өз құшағына алады, әрдайым жылулық сыйлайды. Отанымда қонақта болғанда өзімді өте жайлы сезінемін, жақсы демаламын. Біз өмір сүреміз, кетеміз, өлеміз, ал біздің отанымыз мәңгі өмір сүреді.

2011 жыл – біздің Республикамыз үшін мерейтойлы жыл, Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдығы. Жиырма жыл ішінде экономикада, саясатта, әлеуметтік дамуда көптеген жетістіктерге жеттік. Бізді әлем таниды. Бұл өте маңызды. Бұл біздің де, біздің Елбасшымыздың да үлкен жетістігі. Біз, жастар бүгінгі табысымызды бекіте отырып, жаңа асуларға жету үшін көп еңбек етуіміз қажет. Біз оған дайынбыз.

Ата-бабаларымыз көп жылдар бойы тәуелсіз ел болуға армандады. Наурызбай, Бөгенбай, Қабанбай батырларымыз, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және тағы басқа ақын-жазушыларымыз тәуелсіздік үшін күресіп, көбі репрессияға ұшырады.

Бердіхалық Тілеу

10 сынып, №3 орта мектеп Іле ауданы, Жетіген ауылы
Жетекшісі: Жексетова Ә.С.

Тәуелсіздігім – тірегім

Атамекен...Атажұрт...Туғанжер...Бұл–еңжоғарғықұндылықтардың, асыл ұғымдардың бірі. Атамекен – ата-бабаларымыздың қоныс тепкен жері, асыл мекені. Туған жер - әр адамның дүние есігін ашып, өмірге келген жері. Бұл ұғымдарды айтуымның басты себебі - Тәуелсіздік. Атамекен, Туған жер сөздерін «тәуелсіз» деген ұғымсыз айту мүмкін емес. Тәуелсіз болу – егеменді, байтақ ел болу. Мен Тәуелсіздікті

қанатын кеңге жайған қыран құсқа, шапса бәйге бермейтін сәйгүлік тұлпарға, түпсіз тұңғиық терең теңізге, тамырын тереңге жайған алып ағашқа теңеймін. Тәуелсіздіктің бізге берері мол. «Тәуелсіз ел» деген екі ауыз сөздің өзі құлақтың құрышын қандырады. Тәуелсіз болу – қиындықтарға мойын сұнбай жеңе білудің, тар жол тайғақ кешсе де сүрінбей кеудесін тік ұстап берілмеудің нәтижесі, жемісі. Тәуелсіздік жолында қаншама саңлақтарымыздан айырылды. Олардың қайтпас қайсарлығының, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінің, келер ұрпаққа деген сенімінің арқасында қол жетпес арманға қол жеткіздік.

Сонау 1986 жылғы қаһарлы желтоқсан оқиғасы әркімнің болсын жүрегін сыздатып, көзін еріксіз жасқа толтырады. Желтоқсан сөзін естігенде боранды, даулы күндегі қыршыннан қиылған жастар көз алдыға елестейді. Қазақ жігіттерінің арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты мінезі, қыздарымыздың ер жігітке тән қайсарлық көрсетуінің жемісі – Тәуелсіздік болды. Олардың басты мақсаты – келешек ұрпақтың бейбіт өмір сүруі еді. Өзімізден кейінгі ұрпақ дүмдірек, қуатты болсын деген ақ ниеті еді. Қазақ халқымызда «Әкеден – бала, ағадан – іні, ұстаздан – шәкірт озсын» деген асыл сөз бар. Желтоқсанға қатысқандар қанша жас болса да өз ағаларының, беделді азаматтардың көтере алмаған өзекті мәселесін көтеріп, өздерін Отан жолында құрбан етті. Тарландарымыз Отан үшін ешқандай қиындықтан бас тартпады. Туған елге, кіндік қаны тамған жерге деген махаббаты, сүйіспеншілігі оларға дем беріп, алған беттерінен қайттармады. Міне, қазақ халқының қайтпас қайсар өрендері осылайша елге төнген қауіпті сейілткен еді. Осындай қиын қыстау күндерде қара бұлтты қақ жарған жарық сәуле қазақ халқын қуанышқа бөледі. Ол – елдің Тәуелсіздігі еді. Желтоқсан жастарынан бізге «Тәуелсіздік» атты өшпес із, баға жетпес қазына қалды. Аш қасқырдай аранын ашқан қара түнек қазақ халқын айналып өтті.

1991 жыл. Қазақ халқы үшін ақ түйенің қарны жарылған, киелі жыл. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып жарияланған жылы. Қиын қыстау күндердің артта қалып, қазақ халқының арқасын кеңге жайып, азат болған қасиетті жылы. Бүгінде Тәуелсіздігімізге 21 жыл. Аспанымыз ашық, кең байтақ жеріміз, тәуелсіз еліміз бар. Жерімізде жайқалып өскен гүл, көгімізде самғап ұшқан құс, езуімізде күлкі, желбіреген көк байрағымыз, «құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» демекші әр азаматтың бойын баурап алып, күш берер, еліне деген сүйіспеншілігін арттыра түсер әсем де ырғақты әнұранымыз, «нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деген-

дей киелі аспабымыз қара домалақ домбырамыз, ұшқыр ойлы елбасымыз бар. Еңселі ел болу үшін осыдан артық не керек?! 21 жылда талай игі істер атқарылды, еліміз де көркейіп, өркендеп келе жатыр. Күн санап сән түзеген еліміздің кешесі мен бүгiнiн салыстыру мүмкiн емес. Қазақстан деген мемлекеттi дүниежүзi мойындады десек артық айтпаған болармын. Оның дәлелi –елiмiзде өткен Саммит, қысқы Ази-ада ойындары. Бұл аталмыш оқиғаларды жоғары дәрежеде, әлемдiк деңгейде өткiздiк. Дүниежүзi елдерiнiң ақ ордамыз Астанада бас қосуы асқан мәртебе, тәуелсiздiктiң жемiсi. Елiмiздiң аяғынан тiк тұрып, әлем сахнасында көрiнуi, еңселi ел болуымыздың көрiнiсi, қазақ халқының маңдайына бiткен жарық жұлдызы, бiздiң елбасымыз – Нұрсұлтан Әбiшұлы Назарбаевтың арқасы деп бiлемiн. Қазақ халқының жеткен жетiстiктерi осымен аяқталып қалмайды. 21 жылда қандай жетiстiктерге жетсек, әрi қарай да тоқтап қалмай күн санап тiптен сағат, минут, секунд санай дамып, бiр секундымызды да жоғалтпай асқар-асқар белестердi бағындырып, биiк шыңның басынан көрiнемiз деген ойдамын.

Тәуелсiздiк бiзге бекерден бекер келген жоқ. Екi-үш ғасырға созылған, сонау жоңғар шапқыншылығынан бастап, кешегi Ресей отарлауына ұласқан қиын қыстау күндерде, азаттық жолында құрбан болған тарландарымыз, келешек ұрпақ мына бiздер үшiн жандарын шүберекке түйiп жүрiп, қан майданда күрескен ата-бабаларымыздың ерлiктерi ұмыт болмай, өткен күндердiң елесiндей бiздiң санамыздан өшпесi анық. Осындай қиын, әрi қилы өмiрдi бастан кешiрген кешегi ата-бабаларымыз алдында бiз борыштармыз. Сол борышымызды өтеу үшiн бiз бас көтермей бiлiм алып, еңбек етуiмiз керек. Өз елiмiз, Қазақстанымыздың гүлденуi мен көркеюiне аз да болса үлесiмiздi қосуымыз керек.

Мен «Тәуелсiздiгiм тiрегiм» атты шығарманы жазуымның басты себебi, жас буынға яғни бiзге және бiздiң артымыздан ерiп келе жатқан кейiнгi жастарға туған елдi қастерлеп сүю керектiгiн және осы елiмiздiң өздiгiнен қалыптаспағандығын, алдымыздан қанлдай қиындықтар тау-тау болып тұрғандығы, сол тауды асып өту үшiн ата-бабаларымыздың жасаған ерлiктерiн ескерiп, әрқашан тек қана алға ұмтылу керектiгiн айтқым келдi. Мемлекет өздiгiнен қалыптаспайды. Әр отбасы бiр шағын мемлекет болса, сол мемлекеттердiң бiрiгуiнен үлкен және қуатты мемлекет қалыптаспақ.

Туған жер

Менің туған жерім – Нұрым ауылы. Мен Нұрым ауылында өстім. Ауыл құмдауыт жерде орналасқан. Біздің ауыл «Алтынемел» МҰТП-нің аумағында орналасқан. Ұлттық паркте Айғайқұм, Қату, Ақтау, Бесшатыр қорғаны, Мыңбұлақ және қазақтың ғалымы, саяхатшы Ш.Уалиханов су ішкен «Шоқан бастауы» бар. Осы өңірде «Қызыл кітапқа» енген тораңғы ағашы мен бұталар, дәрілік өсімдіктері, уқорғасын, қызыл мия, қызғалдақ гүлдерінің сирек кездесетін сұрыптары кездеседі. «Алтынемел» МҰТП-не шетелден көптеген саяхатшылар келеді. Ауылымыз көркейген, көгалданған мекен болсын деп Құлжабаева Гүзел апай бізге үлкен бақтар егіп берді. Осы ауылда өмірге келген ҚР халық әншісі Н.Нүсіпжановқа арналған бақ ашты. Бұл баққа алма, алмұрт, жаңғақ, жиде тағы неше түрлі жеміс ағаштарын отырғызды. Қоршау ретінде шетіне талдар мен көктеректер және жылдам өсетін қытай теректерін екті. Ауылдың солтүстік-батысына 5 гектар жерге күміс жапырақты теректі алқап егіп берді. Қылқанжапырақ-тылар ауаны жақсы тазартады және қыс мезгілінде де аулаға әдемі көрік береді.

«Гүлстан» журналының бас редакторы – Құлжабаева Г.Ә. 2010 жылы күзде мешіттің жанына қылқанжапырақты бақ екті. Екі гектар жерге қылқанжапырақты шырша мен қарағайдың көшетін отырғызуға алып келді. Қылқанжапырақтыларды жерге отырғызуға ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары мен мұғалімдері де көмектесті. Нұрым орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Т.Т. Нурманова апаймен бірге қарағайларды санап, ұзындығын, арақашықтығын өлшеп, арамшөптен тазартып, күнделікке жазып жүреміз.

Қарағайлы алқаптың ені – 50метр, ұзындығы – 400метр, ауданы – 2 гектар. Барлығы – 12 арық. Тас жол жақтан бастағанда бірінші, екінші қатарға түгелдей шырша, 3,4,5,6,7,8,9,10 қатар қарағайлар, бас және аяқ жақтарына шыршалар егілген. 11,12 қатарға шыршалар егілген.

Еліміздің көркейіп дамуына өз үлесін қосып жатқан ауылымыздан шыққан Құлжабаева Гүзел апайға кішкентай бұлдіршіндер, мектеп мұғалімдері, әкімшілік, ауылдың адамдары да риза. Қазір ауылымыз гүлденіп тұр. Тайыржан атамның үйіне 6 түп алма, 10 түп шиіе, 5 түп алмұрт және 4 түп жаңғақ ектік. «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын»

деген мақал бекер айтылмаған ғой. Мен де ауылымның гүлденуіне, көгалдануына атса-лысқым келеді.

Жүнісбек Заңғар

4 сынып, №35 мектеп-гимназиясы Талғар ауданы, Бірлік ауылы
Жетекшісі: Нұқақызы Шарбану

Мен өсемін

Бейбіт, шаттық заманда
Күндей күліп өсемін
Ер жеткен соң халқыма
Адал еңбек етемін.
Қуантып әже, ата-анамды
Білім нәрін тоқимын
Өсіп жігіт болғанда.
Жасыл желекке бөлеп жерімді
Қуантып елімді
Алып тәуелсіз ел құшағынан
Мен бүгін қуат аламын
Өнегесін бабалардың
«Ой» мен «істі» биік-биік
Шыңдардан асырамын.
Білім мен тәрбие берген ұстаздарым
Туған ауыл қымбат маған
Сіздердің қастерлі өнегелеріңізді жырлап бағам
Сіздерден алған қадір-қасиетті сезу үшін
Үлкен жүрекпен маған көзім керек.
Мен өсемін, өсемін
Ер жеткен соң еліме
Адал қызмет етемін.

Менің асыл – әжем

Балажандылық, бауырмалдылық шығыс халқына, оның ішінде қазақ халқына тән ежелгі қасиет. Жанұяда бала тәрбиелеудегі үлкен тұлға – анасы мен әжесі. Әжелердің ұстамдылығы, төзімділігі, сабырлылығы, еңбекқорлығы, қиыншылықтаулыға қажырлылықпен қараулары үнемі бізге үлгі болуға тиіс. Шоқан Уәлихановтың Айғаным әжесі, Абай атамиздың Зере, Мұхтар Әуезовтың Дінасыл әжелері қазыналы бұлақтың көзі болған әжелер.

Бала жүректің мирасы деп қарайтын балажан адамдардың бірі – менің әжем – Шәрбану. 40 жыл ұстаздық еңбек етіп, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, бүгінгі күні құрметті демалыста. Жасы 66-ға толса да, тынымсыз еңбек етіп, мен оқитын №35 мектеп-гимназияда ата-аналар қауымдастығының төрайымы ретінде бүкіл ата-аналарды ұйымдастырып, мектеп ауласын, ауылды көгалдандыру ісімен айналысады. Мектеп ауласын бүгінгі күн талабына сай жасыл желекке айналдыру үшін көп ізденіс қажет болды. Әжем ұстаздарды, ата-аналарды, оқушыларды Алматы қаласындағы әсем де, тағылымды «Гүлзар» қоғамдық бірлестігіне экскурсияларға апарды. «Гүлстан» Республикалық ғылыми-танымдық журналға 2008 жылдан бастап мектеп басшылары, ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар жыл сайын жазылып, оқып үйренудеміз. Осындай талаптану мен ізденіс нәтижесінде мектеп ауласында түрлі өсімдіктерден 14 композиция бой көтерді. Олар: «Бөтегүлдер алаңы», «Аршалар», «Ғылым композициясы», екі «Альпі шоқысы», «Кірпігүлдер алаңы», «Юккалар», «Жеміс-жидектер бағы», «Түлектер аллеясы», «Өсімдіктер әлемі», «Розарий», «Көп жылдық аласа бойлы гүлдер», «Әжемнің құрағы», «Қыран төбешігі» және рәміздер күні қарсаңында биыл еліміздің Елтаңбаларының бірі – «Көк байрақты» бозкілем өсімдігінен жасадық. Бұл – композицияның авторы менің әжем Шарбану екендігін мен мақтан тұтам.

Әжем үнемі былай дейді: «Менің кәрілікке бой алдырмау себебім – ол қозғалыс, өзің сүйген істен алатын күш-қуат, ал жасыл өсімдік адам ағзасына тек жағымды энергия беріп отырады, ауырмайсың, әр кез көңілді жүресің, ұзақ өмір сүресің». Әжем мектептегі әрбір оқушыны, өз немересіндей көреді. Күнделікті іс-әрекет арқылы бала бойына адамгершілік ізгілікті дарытуға, туған ауылын, елін көгалдандыруға

баулу ісіне көп көңіл бөледі. Әжем мектепте «Сұлулық нәрі» атты жас гүл өсірушілер үйірмесін жүргізеді. Үйірме мүшелері өсімдіктер әлеміне деген қызығушылығын арттырып, іс жүзінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Базарбаев Саят «Таза болса табиғат, аман болар адамзат», «Бірлік Зерде», «Жүз жылдықтың жүз емі» атты ғылыми жоба жұмыстарын жүргізуде.

Мен осы үйірме мүшесімін. 5 сыныпта «Жергілікті жердің дәрілік өсімдігі – итмұрын» тақырыбындағы еңбегім облыстық семинарда бағаланды. 7 сыныпта «Іле-Күнгей Алатау – флористикалық аудан қызғалдақтары» тақырыбындағы жұмысым «Өмір және ғылым» атты І-ші халықаралық оқушылардың конференциясына қатысып «Ғылым шырағы» дипломы және таланттар академиясының сертификатымен марапатталдым. Бүгінгі күні менің әжемнің ерен еңбегі нәтижесінде мектебім жаңаша үрдісте көгалдандырылды. Мектепте жылыжай бар. Жылыжайдағы әрбір істі әжеммен бірлесе үйірме мүшелері атқаруда. «Балаларым – мына нарықтық кезеңде жылыжайды меңгеру нағыз табыс көзі екенін есте сақтаңдар», - дейді асыл әжем. Әжем мектепте «Әжелер шапағаты» атты әжелер ансамблінің жетекшісі. Ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрпымызды жас жеткіншектерге дәріптейді. Міне, менің асыл әжем өз бойындағы адамдық асыл қасиеттерімен мені және інім Заңғарды сусындатуда. Гүлді өсімдіктерді өсіру, күту, көгалдандыру жұмыстары үнемі ізденіс, тәжірибе алмасу, гүл мәдениетін меңгеруге байланысты өзгерістермен жаңалықтарды біліп отыруды және көруді талап ететін сала екен. Сондықтан да, әжем Атакентте өтетін (сәуір және қараша айларында) көрмелерге, аудандық, облыстық, республикалық семинарларға үнемі қатысып отырады. 2009 жылы мамыр айында халықаралық «Қызғалдақтың отаны – Қазақстан» атты фестивалде 5 сынып оқушысы, яғни мен Алғыс хат және Құрмет грамотасымен марапатталдым. Мен бұл жетістікке жетуім біріншіден мәпелей отырып үйреткен әжем болса, екіншіден Гөзел Құлжабаева апай мен Батима Қабдолданова апайдың ақыл-кеңес, іс-тәжірибелерінің нәтижесі екендігін мақтанышпен айтамын.

Қазақстан тілімен егіз

Мен бақыттымын... Себебі мен ынтымағы жарасқан, бірлігі ұласқан елде тұрамын. Бақыт бірлігі мен ынтымағы бар елге қонады екен. Демек, мен бақытты жерде туған елімнің бақытты перзентімін. Достығы дархан елімнің аты – Қазақстан! Туған елім – тірлігімнің айғағы. Тілім барда айтылар сыр ойдағы, Өссе тілім, мен де бірге өсемін, Өссе тілім, мен де бірге өшемін! – деп, ақын Әбілдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. «Тіл туралы» заңдағы «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы» – деген. Әрине ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы – тіл болып есептеледі. Сонымен бірге ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Конституциямыздың жетінші бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп анық жазған. Ата Заңымыздан туындаған «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңында да осы жағдай берік қамтылған. Біздің азаматтық парымыз – тіл заңындағы талаптар да жүйелі түрде жүзеге асыру. Ол тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларынан да көрініс тапты. «Тіл – біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс. Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр.

Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Егеменді ел болып, ес жиып, етек жия бастаған бұл күндері осындай ойға қонбайтын, солақай сорақыларды көбен көріп, қолмен ұстай отырып қазақ тілі мәселесі жөнінде толғанбай тұра алмаймыз. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

Қазақ тілі – өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы. Амал не, осындай әдемі туған тіліміз бола тұра өзге тілде сөйлейтіндер де көп болды. Тіпті туған тілден безетін сорақыларды да көргеніміз бар.

Төл тілде сөйлеуден безу ақ сүт беріп, асыраған анадан ұмытумен бірдей. Осы кезде Паустовскийдің: «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік», -деп, ашына айтқаны ойға келеді. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де болашағынан да қол үзеді. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлттың мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезеңнен басталуы тиіс. Айналаңды танып білу, туған тіліңді білуден басталады.

Биыл көк байрағын көтерген Тәуелсіздікке 20 жыл. Жиырма жылда еліміз дамып, еңсесін көтеріп, басқа елдермен терезесі теңелді. Халық болып, ел болып Ата Заңымыз қабылданды. Аспан түстес Туымыз, халықты елдікке, бірлікке шақыратын Әнұранымыз, Елтаңбамыз бар. Қастерлі де қасиетті тіліміз бар.

Осының бәрі – Тәуелсіздігіміздің айғағы, биік шыңы. Асқарлы биік таулар, мөлдір таза бұлақтар, кеңжайлау, жұпар иісті ауасы бейбіт өмірімізге әсем көрік беріп тұрғандай. Міне, мен осындай заңғар биік, достығы мызғымас берік Туған жерімді сүйемін! Құтты болсын елдігің.

Туған елім, топырағыңа не жетер?

Өз басыңа нелер келді, не кетер?

Отанынсызтіріжандар не етер,

Отанымжоқ, жетіммін мен депөтер.

Таңшапағыңаймалайдыжүзімді,

Сағындым мен қысың, жазың, күзіңді.
Жүрегімемәңгісалғанізіңді,
Елестетіпбіртамшыжасүзілді.

Қадырман Диана

9 сынып, № 2 орта мектебі Қапшағай қаласы

Менің Отаным – Қазақстан

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Қапшағай қаладан басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным және бала-бақшаға барған көше әлі есімде. Сол кезде ол маған өте ұзын болып көрінетін. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ серуендеп жүретін адамдар көп болатын. Иә... Туған жер ұзаққа қиып жібермейтін. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені, есіктің алдын, «Қызым, үйге кір...» деген ананың сөздерін еске түсіресің. Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі. Қазір бой жеттім, бірақ та өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным. Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын.

Мен туған және өскен жері біртұтас болғанда ғана адам бақытты болады деп ойлаймын. Мен қандай бақыттымын, өйткені сен барсың – менің Қазақстаным!

Сен барсың менің жанымда,
Көктемнің гүлі ашылған!
Балалық шағым қасыңда,
Тағдырым сенсің, Қазақстан!

Мен үшін Отан – құндылықтарды материалды тасымалдаушы емес. Бұл жан сезімі! Сенің әрқашан оймен болса да оралғың келетін Жердің рухани бұрышы.

Бұл біздің де, біздің Елбасшымыздың үлкен жетістігі. Біз, жастар бүгінгі табысымызды бекіте отырып, жаңа асуларға жету үшін көп еңбек етуіміз қажет. Біз оған дайынбыз.

Менің Қазақстаным міне: бейбіт, еркін, бай, көп ұлттығы. Шынымен мұндай елді жақсы көрмеуге болмайды ма? Біздер біздің ел өткеніміз мақтанамыз, біз өмір оны осы атымен ортақ келешек арнаймыз.

Қазбекова Анеля

7 сынып, №2 орта мектебі Қапшағай қаласы

Отаным – алтын ұям бесігім

Отанға деген махаббат пен сүйіспеншілік, анаға деген махаббатпен тең.

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстанда дүниеге келіп, осында өсіп жатырмын. Қазақстандай елім болғанына, қандай елдерде, мемлекеттерде жүрсем де мақтана аламын. Қазақстан жер көлемі жағынан дүниежүзі бойынша тоғызыншы орында. Кең байтақ жеріміз біз үшін мақтанышқа тұрарлық. Қазақ елінде 16 млн-ға жуық халық тұрады. Әрине, бұл өзге мемлекеттерге қарағанда орташа көрсеткіш. Қазақстанда 150-ге жуық өзге ұлт өкілдері өмір сүреді. Бұл нәтижеге жүгіне отырсақ, Қазақ елі өзінің жері сияқты кең пейілді, қонақжай, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел екеніне көз жеткізуге болады. Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Сондықтан да оның өз әнұраны, Елбасшысы, рәміздері бар. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болғандықтан өзінің ұлттық валютасы да бар. 1993 ж. 15 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы «теңге» болып қабылданды. Қазақ елі – өте дамыған мемлекет. Оны басқа шетелдіктерде мойындаған. Себебі, Қазақстан соңғы он жылдың ішінде дами түсті, көркейіп, өз экономикасын жақсартып, ішкі – сыртқы саясатын дұрыстады. Қазақ елінің ұлан-байтақ жерімен ғана емес, табиғи өнеркәсіп жөнінен ерекшеленеді. Қазақстан – мұнай мен газ, химиялық өнеркәсібіне өте бай ел. Көмір де қазып алынады. Химиялық өнеркәсіпте алтын, күміс, темір, мыс, қорғасын, мырыш және т.б. бар. Пайдалы қазбалардан негізінен ванадий, скандий, теллур алынады. Өзге шетелдіктермен саудаласып, экономикасын дамытуда.

Қазақстан күн сайын дамып, көркейіп жатыр. Осындай елмен әрине мақтанасын. Қазақ елі мақтанышқа тұрарлық ел. Әрине, осы жетістіктеріміздің бәрі Елбасымыздың арқасында.

Отаным – Қазақстан туған елім,
Ойнап күліп ер жеткен туған жерім.
Өсе бер өркендей бер, Елім менің,
Ардақтап мәңгі мен сені өтермін.

Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді.

Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекен санайды.

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін», - дейді дана халқымыз. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос», - дейді кемеңгер Абай. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Қай кезде де азаматтың өз Отанының алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салатты перзенті бола алу.

Қайдарова Жансая

8 сынып, М. Арын атындағы №24 лицейі Талдықорған қаласы

Менің Отаным – Қазақстан

Менің Отаным – егеменді, тәуелсіз Алтаймен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасын ен жайлап, еркін көсілген Қазақстан мемлекеті. Жүз жиырмадан аса ұлт өкілдері мекендеген, төрт түлігі маңыраған,

өндірісі өркендеген кең байтақ Қазақстан елінде тұрғаным – мен үшін мақтаныш! Қазақстанымның айта кететін ерекшелігі ол - дүние жүзінде жер көлемі жағынан тоғызыншы орын алады және пайдалы қазбаларға бай.

Мен үшін және басқа да отандастарым үшін халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік ұстанымын биікке көтеретін Тәуелсіздік күні – қастерлі мереке. Өйткені бұл Тәуелсіздік күні бізге оңай жеткен жоқ. Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмтылмас оқиғалар – ұлт-азаттық көтерілістер, соғыстар бұлардың бәрі ел жүрегінде өлмес мұра ретінде сақталып қалуы керек. Елімнің тәуелсіздігін алып беру үшін барын салған хан-сұлтандарды, батырларды, ірі тұлғаларды тарихқа өлшеусіз үлес қосқаны үшін ардақтап, олар жүрегімізде ұлт мақтаныштары ретінде сақталуы керек. Қазағымыздың ежелгі шежірелері – бүгінгі буын арқылы келер ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілуі керек.

«Қазақстанның болашағы жастарда» демекші әрбір қазақ жастарының сана-сезімінде отансүйгіштік, елжандылық сезім болуы тиіс. Сондықтан жастарға артылатын талаптар да көп. Қазақ жастары яғни, біздер мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздан қалған алтындай қымбат салт-дәтүрлерімізді бағалауларымыз, ежелгі шежіремізді білуіміз, ірі тұлғаларымызды ұмытпауымыз керек. Ата-бабамыз ежелден «нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», - деп домбыраны ерекше бағалап, тіпті әрбір үйде домбыра ілініп тұруы керек және ол осы үйге тек бақыт алып келеді деп те санаған. Қазақтарда сол кезде суырып-салмы ақындар қатысуымен өткізілетін айтыс дамыған. Және қазақта мағынасы өте терең, жүрекке жылы бірнеше күйлер бар.

Менің ойымша, осындай күйлерді естіп өскен балада міндетті түрде отансүйгіштік сезім қалыптасады. Еліміздің ары қарай өркендеуіне ат салысқымыз келсе, алдымен тарихымызды білуіміз тиіс. Бізді қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған осы күнімізге жеткізген ірі тұлғаларымызды өлді деуге келмейді. Өйткені олардың өзі өлгенімен, олардың есімі біздің жүрегімізден ешқашан өлмейді. Сондай ата-бабаларымыздың жолын біз де жалғауымыз керек. Бірлік, береке – біздің басты байлығымыз, құн жетпес қазынамыз, тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз татулық болса еліміздің тарихы төрінен табылады.

Батыр туралы

Батыр қол бастар,
Көсем жол бастар

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көпжылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Ақын сөзімен айтқанда: «Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі», - десек артық емес. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, батылдыққа, батырлыққа, ерлікке, табандылыққа, отанды сүюге тәрбиелей отырып үлкен үміт күтеді. Сол сияқты отанын қорғаған батыр бабамыз Бөгенбай батырды барлық қазақ баласы біледі.

Бөгенбай Ақшаұлы, Қанжығалы Бөгенбай (1680-1775 кейбір деректерде 1776-1778) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі тарихында ерекше рөл атқарған батыр, қолбасшы. Қаратау бөктеріндегі Бөген өзені бойында туған. XVIII ғасырдағы қазақ батырларының жасы үлкен ақсақалы болғандықтан оны халық аңыздарында ардақтап «Қанжығалы қарт Бөгенбай» деп атап кеткен. Қарабалта түбінде қырғыздармен болған шайқаста Бөгенбай батыр 77 жаста болған деседі. Арғынның қанжығалы руынан, батырлар әулетінен шыққан. Атасы Әлдеуін батыр Есім хан әскерінің қолбасшысы, әкесі Ақша батыр Тәуке ханның 80 мың қолын басқарғансардар болған.

Бөгенбай 1708 жылы (кейбір деректерде 1709 жылы) Әз Тәукенің бұйрығымен 30 мың жасақты бастап, қазақ елінің берекесін ала бастаған казак-орыстарды түре қуып, Еділден әрі асырып тастағаны туралы деректер сақталған. Осы ұрыста Бөгенбай алғаш рет ерлігімен көзге түскен. Батыр жоңғарларға қарсы 100-ден астам шайқасқа қатысқан. «Қазақтың қамал-қорғаны» (Бұхар жырау) баһадүр Бөгенбай қазақ халқының Абылай хан бастаған ұзақ жылдарғы ұлт бірлігі күресінің ұйытқысы болған.

1710 жылы Қарақұмда өткен үш жүз қазақтарының құрылтайында бүкіл қазақтық жасақ құрылып, жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру жоспары талқыланды. Бұл жиында көшіп кетіп жан сақтауды ұсынғандар да болған, бірақ сол кезде ерлігімен әйгілі болған рубасы Бөгенбай бұндай әрекеттердің бәрін тыйған. Осы құрылтайда Бөгенбай батыр үш жүздің бас сардары болып сайланған. 1726 жылы Бөгенбай бастаған қазақ қолы Бұланты өзенінің бойында қалмақтарға қарсы күйрете соққы берген. 1727 жылы көктемде Қожаберген бастаған қазақ-татар жасағымен тізе қосып, Бөгенбай бастаған қазақ, ноғай, қарақалпақтың біріккен әскері Нияз, Аюлы тауларының етегінде жоңғарлармен болған шайқаста жеңіске жеткен. «Аңырақай шайқасында» Орта жүз қолын басқарған Бөгенбай батыр Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, керей Жәнібек батырлармен тізе қоса отырып, қазақ елінің тұтастығын сақтап қалуда ерекше ерлік көрсеткен.

Бөгенбай Жайық, Ойыл, Жем өзендері бойы мен Ерейментау, Қарқаралы, Аягөз, Түркістан, Шу бойы, Жетісу өңірі, Қырғыз жерлеріндегі шайқастарда қол бастаған. 1756-1758 жылдары бірінші рет Шығыс Түркістанға келген қытай әскерімен болған әйгілі Талқы соғысында қытай әскеріне қатты соққы беріп, оларды Үрімшіден асыра қуған. Батыр жорықтарын, қоғамдық істерін 1696-1697 жылдардағы жоңғар қалмақтарымен шайқастары, 1710 жылғы Қарақұмда бүкіл қазақ елі жасағының қолбасы болуы, 1723-1729 жылдардағы қазақ елінің жоңғарлардан жаппай жеңілісі мен онан кейінгі халқымыздың сыртқы жауға берген тойтарыстарын ұйымдастыруы, 1731-1735 жылдардағы орта жүз бен Ресей қарым-қатынасын ыңғайластыру шараларын жүзеге асыруы, 1750-1760 жылдардағы Алтай-Тарбағатай, Жетісу жорықтарын ұйымдастыруы деп 5 кезеңге бөліп қарастыруға болады. XVIII ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары Бөгенбай батыр, көрші елдермен келіссөздер жүргізу мәселесіне етене араласқан.

1761 жылы Абылай ханның ұлы Әділ жүргізген Қытай империясы мен Қазақ хандығы арасындағы келісімге қатысқан.

Бөгенбай жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мешітіне жерлеу үшін батырдың денесін таза арулап, былғарыға орап, қыс бойы сөреге қойып сақтаған. 1776 жылы көктемде баласы Тұраналы мен қанжығалы Айтбай Аتكелтірұлы бастаған елдің игі жақсылары батырдың сүйегін нарға теңдеп, Түркістанға жеткізіп, Қожа Ахмет Яссауи мешітіне жерлеген. Бөгенбай батырдың денесі сөреге қойылған жер бүгінге дейін Ереймен өңірінде «Бөгенбай сөресі», -деп аталады. Бөгенбай батырдың ерлігін Қожаберген жырау «Елім-ай» атты тарихи дастанында жырлап, «Ер Бөгенбай» аталатын қисса шығарған. Бұқар, Үмбетей, керей Жанкісі, Сегіз сері Бөгенбай батырға дастандар арнаған. Батырдың баласы Тұраналы, немересі Бапан би, оның баласы Сәбден (Саққұлақ би) де өз заманында атақты адамдар болған. 1991 жылы Астана-Павлодар, Ерейментау-Павлодар тоғысқан жол торабында Бөгенбай батырға арнап ескерткіш орнатылды. 2007 жылы Астана қаласында Бөгенбай батыр мен Сарыарқа даңғылдарының қиылысына ескерткіш ашылды.

Менің тұжырымым бойынша барлық қазақ батырлары тәуелсіздік жолында көп ерліктер көрсеткен. Бөгенбай батыр ел рухы мен батыр рухының биіктігін барлық құндылықтан жоғары қояды. Елдің мүддесі Бөгенбай үшін қымбат, халқының тағдыры жау табанына басылмауы жолында жан аямай күрескен Бөгенбай батыр ерліктің, отаншылдықтың үлгісі.

Қазақ осындай батырлардың арқасында тағдыры мен келешегін қорғап қалған. Отан – өз батырларымен бай. Отанның қорғаушыларсыз, мемлекет жоқ. Батылдық, Отан сүйгіштік, достық - нағыз батырдың сапалары. Батырлар болып дүниеге келмейді, олар болып қалыптасады. Балалық шақтан кішкентай балаға отаншылдыққа, құрметке тәрбиелеу керек. Атамекен үшін ата-аналарға нағыз жігітті тәрбиелеу керек ғой! Халықта дана мақал-мәтелдер бар: «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», «Ер барда – ел қор болмас» және тағы басқалар.

Құмар Әсемгүл

10 сынып, № 3 орта мектебі Жетіген ауылы

Жетекшісі: Жексетова Ә.С.

Қазақстан – кеше және бүгін

Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңінен бастау алар қазақ халқының тарихы тереңге жайылған. Егеулі найза қолға алып, атқа қонған батыр бабаларымыз «Ақ найзаның ұшымен, Ақ білектің күшімен» осы бір ұлтарақтай жер үшін қан майданда қан кешіп, қасық қаны қалғанша тәуелсіздік жолында құрбан болды. XVI-XVII ғасырларда жоңғар қыспағынан қашып, көршілес жатқан Ресей мемлекетінен пана іздей барған аңғал да аңқау, еңбекқор қазақ елін орыс басшылары біржола қол астына алуды көздеп, сол мақсатына жетеді. Сол кезеңнен бастап қазақ халқы II ғасырға жуық тәуелсіздік аңсап, сол жолда қанша қазақ боздақтары қыршыннан қиылды. Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді.

Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру-тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен.

Ел басына күн туғанда халықты жаудан аман алып, еркіндік жолында жанын пида еткен жаужүрек батырларымыз елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап калды. Бабамның қаны сіңген киелі топырақ сол қазақтың ержүрек перзенттерінің арқасында осы күнде бізге жетіп отыр.

Абай, Шәкәрім, Ыбырай дәуірі қылыштан гөрі қаламға жақын болды десек артық айтпағанмымыз болар. XX ғасырдың бірінші жартысында тарих беттерінде қазақ зиялылары жарқырап көріне бастады. Солардың бірқатары Алаш үкіметін құрып, жан-жақта шашырап жүрген қандас бауырларды бір шаңырақ астына жинауға талпынған «Алаш» деп халыққа ұран тастап, жеке мемлекет болуды армандаған Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Жүсіпбек Аймауытов тағы да басқа қазақтың зиялылары еді.

Қазақ елі өзінің автономиясын жариялағанда Жеке ел болдық деп қуанған қазақтардың бұл қуанышы ұзаққа созылмады. Сол кезеңдегі Кеңес өкіметі алаш туының астына біріккендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен құрбан болған – Жүсіпбек Аймауытов еді.

Ал, 1937-1938 жылдары 125 мың қазақ зиялыларының көзін жойған. Олардың бар кінәсі өз ұлтының мұңын мұңдап, жоғын жоқтағандығы, көзінің ашық болғандығы, жоғары білімді, бетке ұстар азаматы болғандығы.

Осынша болған әр түрлі қиыншылықтың ең сорақысы – 1949 жылдан қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. Қазақ қоян құрлы болған жоқ. XX ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел қазақ көрген азапты көрген жоқ. Аяулы Отаным Қазақстан – ядролық қарудың қасіретін әлем бойынша ең көп тартқан ел. Оның талай ғасырға жететін тарихын қозғасақ, бабалардың басынан кешкенін көзге елестетсек, көздің жасын тия алмаспыз.

1991 жыл... 16 желтоқсан... Бұл күн қазақ тарихының парақтарында алтын әріптермен жазылды. Дәл осы күні сан ғасыр армандаған бабаларымыздың арманы орындалды. Қазақ елі өзінің тәуелсіздігін жариялады. Қаншама рет туы тігіліп, қаншама рет туы қайта қисайған, қаншама мемлекеттің құрамында болып, қаншама рет мемлекетсіз қалған әрі көне, әрі жас қазақ халқы қайтадан әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресті. XX ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында аттаған Қазақстан өзінің барша төлтума болмысын, жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт-дәстүрін, қызық та қилы-қилы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, құлдығы мен зорлығы жоқ жаңа өмірді жаңғырту үшін, еңбек пен мәдениетті жарастыру үшін, сұлулық пен парасаттың салтанат құруы үшін, жаппай келісімі жарасқан адамзатпен бір сапта болу үшін жаңаша өмірге қадам басты. Байтақ ел, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен аты шықты. Бүгінгі Қазақстан – өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіл әлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың пікіріне әлем саясаткерлері ықылас қоятын болды. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі – Еліміздің тыныштығы

мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр.

Қазақстанның табиғаты таңғажайып. Аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқындары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Қазақстан картасы – қазына картасы қазір. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай- ақ біледі.

Мамытбай Асқар

11 сынып, Қ.Байғабылұлы атындағы орта мектеп Райымбек ауданы,
Тоғызбұлақ ауылы
Жетекшісі: Бөтеева Салтанат

Тәуелсіздік-тұғырым

Қарт тарихпен тілдессек, ұлы дала қазақ деген халықтың жер бетіндегі ізі үш мың жылдың төңірегінен көзге түседі екен. Арғы тегі ғұндар мен сақтардан құралған халық содан бері-ақ жерін жатқа жайлатпай, елінің еркіндігін қорғап келеді. Әлемге апат әкелген Шыңғыс шеруді де, жоңғарлардың жойқын шабулы да оның атын жер бетінен өшіре алмады. Өте арыға бармай-ақ «Ақтабан шұбырынды» заманыны үңілсек, тұлпар мініп, беліне қылыш байлаған батырлар еркіндікті бәрінен де қымбат санағанынан көз жеткіземіз.

Ел мен жердің жел жағына шығып, қар жастанып, мұз төсеніп жүріп, елін, жерін басқыншы халықтардан тазартып, қорғап қала береді. Шалқар сахарада еркін өмір кешкен ежелгі халықты ХХ ғасырдың ғаламат сойқаны тас-талқан етті. Жоңғар шапқыншылығынан кейін қазақ жеріне енді патшалық Ресей ауыз салды. Қазақтар сәнді көштері қаздай тізілген жазиралы мекенінен ығыстырыла бастады. Бұлақты, көгалды, шұрайлы қоныстарды шақырылмаған қонақ «қара шекпенділер» иемденді. Соған қарап «Кеттің ғой тым болмаса мал баға алмай» деп, - күңіренді Абай.

Қазан төңкерісінен кейін қазақ халқы ұжымдастырудың солақай соқпағына ұрынды. Голощекиннің қансоқты қақтығысын бастан кешті, әлемде ала бөтен жұтқа жалықты. Отыз жыл бойы сталиндік ылаң жайлады. Осының бәрі еңсені еңкейтіп, ұлттық дәстүрден, ізгі

мәдениеттен, тіпті, туған тілді де айыру апатына дейін алып келді. Ұлттық байлықтар сыртқа қарай ағылып, табиғаттан түс, көлден су, дәннен дәм қашты. Атамекен отан ошағына айналды.

Алайда, бостандық бұлттан шыққан күндей жарқ ете қалмағаны ақиқат. Иә, бостандыққа жету жолының ауыр болғаны талай өмір сабағынан жұлынып, талай боздақтардың басы кеткенінен аңғаруға болады.

Ғасырға бергісіз жыл бар. Күллі ғасырдың арман-тілегін аспандатқан, абыройымен жүзеге асырған талай істер бар. мұның алғашқысы бірнеше ғасыр бабаларымыз бен әкелеріміздің аңсаған арманы орындалған 1991 жыл болса, ал соңғысы ұлт-азаттық қозғалысының асау арнасы тәуелсіздіктің тұғырына табан тіреген жылдар. Біз үшін тәуелсіздіктің алғашқы тың жылы – тәуелсіздікті қызықтаған желпінісінің емес, оның қиын да күрделі тағдырын ойлаған тебіреністің жылы болды. тәуелсіздіктің он жылы-жоғалғанымыздың көзі, іздегеніміздің өзі екені ақиқат. Үшінші мыңжылдық табалдырығынан дүние жүзінің айтулы елдерінің қатарында Қазақстан Республикасының аттап тұрғаны да қандай мақтаныш!

Осы жылдар ішінде біз неге жеттік? Өз жағдайымызды тәуелсіздік жолындағы қиын күреспен салыстырғанда жеткен жетістіктеріміз көп. Өз елдігіміздің белгісі рәміздерімізді, Ата Заңымызды енгіздік. Экономикалық даму жолын таңдап, бірте-бірте нарықтық жолға түстік. Мәдениетте, өнер салалары табыстарға жетіп, қазақ жастары шетелдерде оқып жатыр. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылық салалары да қарыштап, дамып келеді. Оған Қазақстанның көп жерінде ашылып, салынып жатқан зауыт, фабрикалар дәлел бола алады. тәуелсіздіктің соңғы жылдарында Түркістанның 1500 жылдығын мерекелеп, Мұхтар, Абай, Қаныш сияқты азаматтарымыздың мерейтойларын атап өттік. Елорданы жаңа астанаға көшіріп, тұңғыш рет ел астанасын Астана деп атадық. Ең бір қуанатын жағдай – ежелгі ата-бабалар мұрасы Күлтегін ескерткіштерінің көшірмесі Қазақстанға әкелінді. Осындай табыстар сыйлаған тәуелсіздікке ешбір өкпеіміз жоқ.

Қорыта келгенде, мен болашақта жақсылықтар көп болады деп сенемін. Себебі, біз талай қиындықтарды жеңген алыптардың ұрпағымыз. Барлық әніміз де, жырымыз да Отан үшін, туған жер үшін арналады. Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші ме найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Тәуелсіз өркениетті

елімізге білімді мамандар, елі мен жері үшін тәуекелге бара алатын нағыз отансүйгіш, адал, «желтоқсан» жастарындай азаматтар мен азаматшалар керек екенін түсіндік. Қазақ елінің абыройын асырап, мерейін үстем етер, әлем таңқалар талай-талай жаңалық ашар білімділер керек екенін түсіндік. Осы тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгімізді ертеңге жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, боалшағы үшін жауап беретін біздер екенімізді сезіндік.

Мұхаметжан Бегайым

11 сынып, № 12 орта мектеп Іле ауданы, Байсерке ауылы

Алаш ардақтысы

Тұтас буынның төлбасы, кешегі Ыбырай, Абай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы, аса көрнекті қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынов қалдырған тау сілеміндей мол мұра – қазақ халқының басты құндылығы. «Қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», - деп М.Әуезов айтқандай, Ахаң істері тарих сахнасында мәңгіге сақталмақ. Иә, Ахмет қазағым, «Алашым» деп еңіреп өткен асыл, қазақтың біртуар азаматтарының бірі.

А.Байтұрсынов туралы артығымен білгісі келген жам буын, әрбір қазақ оның өмірін тек қана кітап беттерінен іздемей, Ахаң 1934-1936 жылдары өмір сүрген, қазіргі таңда мұражайға айналған, Алматы қаласындағы үйіне барғаны дұрыс деп санаймын. Ол мұражай есігін аттаған сәттен бастап, Ахмет өміріне кіріп кетесің. Алдымен, оның енгізген әліпбиімен танысудан бастап, «Ғалия» медресесінде оқыған, М.Дулатовпен танысқан жылдарындағы естеліктерін көріп, жары Бәдрисафа (шын аты –Александра) туралы көп мәліметтер білуге болады. Өзі қолданған заттарды көргенде, тіптен, қызыға түсесің. Ахаң өзі:

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес –дарға асқаны, атқаны,
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері ұрып қапқаны,

- деп күйіне жырлағанда, жалған жала жабылып «Халық жауы» атанып, түрмеде өткен ауыр жылдарынан көп деректер аласыз.

1997 жылы ел Президенті Н.Назарбаевтің шешімімен «Жалпы ұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп аталды. Алматы облысы, Талғар ауданы Жаңалық ауылында репрессияға ұшырағандарға арнап ескерткіш орнатылды. Сол ескерткіште аты аталып жазылған әрбәр азамат ерлігі алдында қазақ баласы басын иіп өтеді. Әрине, ең басында Ахмет есімі – ерекше құрметпен аталып тұр.

Міне, мен Ахмет Байтұрсынұлы мұражайынан осыншалық керемет әсер ала алдым, және де сол әсеріммен оқырман қауымымен, өз құрдастарыммен бөлісуді жөн санадым.

Қазақ әліпбиінің реформаторы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, мысал жанрының бірегей үлгісін салушы және ақын. Халық әдеби мұрасын жинаушы, құрастырушы және шығарушы, оқу-ағарту ісінің білгір әдістемешісі, ағартушы-ұстаз. Қазақ баспасөзінің негізін қалаушы (1913-1918) ж.ж. қалыптасушы қазақ елінің көшбасшысы (1920-1924). Оқу-ағарту ісінің тұңғыш комиссары, қазақ академиялық орталығының төрағасы. Қазақ республикасы орталық атқару комитетінің белсенді мүшесі, қазақ республикасының жоғарғы оқу орындарының профессоры Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің алдында бас иемін!

Мұхаметжан Бегайым

11 сынып, № 12 орта мектеп Іле ауданы, Байсерке ауылы

Менің Президентім

Менің Отаным – Қазақстан. Мен осы елдің азаматымын деп мақтаныш сезіммен айта аламын. Өйткені, менің желбіреген көк Туым бар, бойыма қуат күшін беретін Әнұраным бар, аты жаһанға танымал Елбасым бар! Жетпіс жылдан астам Кеңестер Одағының құрамында болып, өз бұйдамыз өзгенің қолында болса, бүгінде Тәуелсіз елдің тумасымын, егемен елдің ұланымын. Біздің еліміз – жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің ынтымағы жарасып отырған мемлекет. Елімізде өзге мемлекеттер қызыға қарайтын береке мен тыныштықтың болуы – өзара достық қатынастың, Елбасының басқару жүйесінің жемісі.

«Халқымның тәуелсіздік таңы атқанда, көрінді көш алдынан дара тұлға», - деп ақын жырға қосқандай, мен кейде Қазақстанды алып кемеге теңеп, ал Елбасшыны алып кемеңің капитаны сияқты елестетемін. Осы капитан өз кемесін тура жолмен жарқын өмірге бастап келе жатыр. «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы», - деп Н.Ә.Назарбаевтың өз сөзімен айтқанда Егемендік, Тәуелсіздік, Ана тілі ұлтты біріктіруші күшке, ұлттың рухани тірегіне айналды. ХХІ жылға жетер-жетпес уақытта Қазақстан әлемнің азулы мемлекеттері қатарынан өз орнын ойып алды. Қазақстанды әлем таныды, мойындады. Қазақ елінің шекарасы айқындалып, ешкім қол сұға алмайтын заңмен көмкерілді. Әлем жаңа қазақ мемлекетін, оның Елбасшысын осылай мойындады. Әлем лидерлері Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаевтың уәлі сөзін тосатын, кесімді пікірімен санасатын, айғақ ойына келісетін болды. Англияның экс-премьер-министрі Маргарет Тетчер : «Назарбаев – қалыпқа сыймайтын тұлға», - деп жоғары баға берді. Бұл тек Президентке деген құрмет емес, қазақ халқына деген құрмет емес пе?! Елбасы – рухы биік, жасампаз, кімді болса да өз ісіне сендіре алатын, кімді болса да ізгі істерге жұмылдыра алатын, жігерлендіре алатын тарихи тұлға, халықтың қалаулы перзенті! Елбасының әлемді аузына қаратқан, әлем картасындағы ең жас қала – Астана қаласын салуы да ерліктің ерлігі деп білемін.

«Ел болашағы – білімді ұрпақ қолында», - деп Елбасы өз сөзінде айтып кеткендей, елімізде жастардың тиянақты білім алуына жан-жақты жағдайлар жасалуда. Шет елдің озық университеттері негізінде Назарбаев университеті, Назарбаев интеллектуалдық мектептері ашылды. Бұл – жастарға жасалып отырған үлкен қамқорлық, сара жол. Бүгінгі күнде халқымыз тоқ, еліміз тыныш. Бұл да еліміз үшін үлкен бақыт. Мемлекетіміздің гүлденуі, экономикамыздың өсуі, рухани-мәдени үрдістердің өркендеуі – Қазақстан-дағы саяси тыныштықтың, ұлттар арасындағы ынтымақтастықтың айғағы.

Мен осындай әлемді мойындатқан елдің азаматы екендігіме, қазақ деген ғажап халықтың қызы екендігіме мақтанамын. Мен Қазақ елінің бір кішкене бөлшегі ретінде осы елдің көркеюіне, дамуына өз үлесімді қосамын.

Еліміздің мамыражай, тыныш өмірі, жасампаз, жаңалыққа толы нұрлы болашаға, өркениетті елдермен тереземізді тең еткен сындарлы саясаты үшін Елбасымызға деген алғысым шексіз! Елін сүйген, елі сүйген Президентім менің! Елімізді жарқын болашаққа жетелей беріңіз!

Менің Отаным – Қазақстаным

Қазақстан – кең-байтақ ел. Төбесі көкке тірелген таулары бар, көк-жасыл орман-тоғайлары бар, асу-асу белдері бар, қойнауы алтын астық пен малға толған кең жазира даласы бар Қазақстан – әлемге әйгілі өте бай ел. Табиғаты әр алуан жан-жануарларға толы, аққулы көлдері бар, тулаған толқынды теңіздері бар, әсем қалалары бар достығы жарасқан көпұлтты мемлекет. Әнұранымен әйгілі, Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі егемен елімізге қызыға қарамайтын ел жоқ шығар.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Бестөбе кентінен басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным және бала-бақшаға барған көше әлі есімде. Сол кезде ол маған өте ұзын болып көрінетін. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ серуендеп жүретін адамдар көп болатын. Иә... Туған жер ұзаққа қиып жібермейтін. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені, есіктің алдын, «Қызым, үйге кір...» деген ананың сөздерін еске түсіресің. Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі. Қазір бойжеттім, бірақ та өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным. Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын.

Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Мұқағали ағамыз: «Сендердікі қоғам, өмір, заман да, Сен түзеген қалаңменен далаң да, Болашақта барлығы да сендердікі, жас ұрпақ, Сендерге аманат етіп табыстаймыз, қабыл алыңдар!»,- дейді.

Біз – халқымыздың үміт артарымыз, өлкемізді көркейтіп жасартары да біз – жастар. Біз енді тәуелсіздігімізді сақтау үшін, оны баянды ету үшін өмір сүруіміз керек. Ел қамы үшін пейішке де, тозаққа да бірге кіруге тиіспіз. Бабалар қалдырып кеткен Ұлы дала алдындағы

жауапкершілік бізді бүгін осыған шақырып отыр. Тарихқа есесі кеткен халқымыздың бүгінгі тағдыры бізден осыны қажет етіп отыр.

Шадкам Садаф

6 сынып, №4 Қарғалы орта мектебі Жамбыл ауданы

Соғыс деген суық сөз!

Соғыс не? Соғыс апат, Соғыс соққы.
Ол соқса шығарушы бұрын жоқты
Ол дауыл, күш мұхитын тасытады.
Елетпей азды-көпті, ашты- тоқты

Соғыс! Не деген қорқынышты да үрейлі еді. Бұл сөз кез келген адамға соншалықты суық естілетін сөз. Қазақ еліне ең ауыр тиген соғыс – Ұлы Отан соғысы. Бұл соғыста көптеген қазақ азаматтары қаза тапты. Есімдері қазақ халқының мәңгілік есінде.

Шығыстың қос жұлдызы атанған Мәншүк пен Әлия, Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Абдилов, Рақымжан Қошқарбаев және тағы басқа мақтан тұтарлық аталарымыз. Ерлік істері кейінгі ұрпақ, біздерге үлгі болмақ.

Осы соғыстың суық желі ешқашан ұмытылмақ емес. Қазақ елінің басынан ешқашан қиындық, азап таусылмады. Ал міне, қазір көптен күткен тәуелсіздігімізге де қол жеткіздік. Өз алдымызға тәуелсіз мемлекет болдық. Көк аспанда желбіреген көк туымыз, самғап шырқайтын әнұранымыз, елтаңбамыз бар.

Біз тәуелсіз елдің ұрпақтарымыз. Тәуелсіздігімізбен бірге жаңарып көптеген ақын-жазушыларымыздың шығармалары өз оқырмандарымен қауышты.

Өзіміздің кемел де, алғыр, білімді елбасымыз бар. Ол – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Нұрсұлтан атамыз халқы үшін өз жанын қиюға дайын. Ол жан-жақты, білімді, парасатты. Ол елбасы болғалы бері елінің амандығын, халқының тыныштығын тіледі.

Нұрсұлтан атамызды ел сүйеді, ал ол елін сүйеді. Сондықтан да, басқа елдер бізге қызыға қарайтындай бейбіт ел болайық. Біз қазір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда» өмір сүріп жатырмыз. Осының бәрі – қасық қаны қалғанша соғысқан азаматтарымыздың арқасы.

Біздің әрқашан оларға алғысымыз шексіз! Қазақтай елді басқарып отырған елбасымыз, туған ерлеріміз аман болсын!

Шадкам Сахила

10 сынып, № 4 Қарғалы орта мектебі Жамбыл ауданы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан кейін-ақ, өзінің белсенділігін, өнерлі халық екендігін дәлелдей бастады. Ең бірінші жетістігін ауыз толтыралықтай айтар болсақ, әрине тәуелсіз мемлекет ретінде аталуы. Ал сол тәуелсіз мемлекеттің рәміздері құпия, таңғажайып мағыналарға толы асыл қазына. Рәміздер дегенде менің ең бірінші ойыма келетіні, халықтың салт-дәстүрі, ұлты, тілі, тарихы бәрі-бәрі осы рәміздерде жыр болып, көркемделіп баяндалған. Мысалға алар болсақ: біздің көк аспандай желбіреген туымызаспан күмбезін еске түсіреді және халқымыздың мәдени-этникалық біртұтастығы мен мемлекетіміздің мызғымастығын көрсетеді. Таза, ашық көгілдір аспан әрқашанда бейбітшіліктің, тыныштықтың белгісі болған. Әрі көк түс менің ойымша Қазақстан халқының өз мемлекетін құру жолында ниетінің тазалығын және маңыздылығын білдіреді. Туымызды көркемдеу үшін арнайы жасалған өрнек қазақтың дәстүрлі көркем өнерінің негізгі нақыштарымен үйлесім тапқан. Тудағы күннің нұры шұғылалы алтын бейнесі-байлықпен берекенің, тыныштықтың нышаны. Ал күннің астында шарқырап ұшып жатқан бүркіт қазақ халқының барлық ұлттарға құшағын жая ұмтылатын кеңдігін, көп ұлтты егеменді мемлекетіміздің бостандық сүйгіш рухани ерекшелігін бейнелейді. Сонымен қатар дала қыраны қазақстандықтардың жомарттығы мен қырағылығын, ой-ниетінің биіктігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы рәміздерінің тағы бірі оның елтаңбасы. Қазірде біз Елтаңбаның бейнесін теңгелерде, мөрлерде, туларда, қару-жарақтарда, киімдерде, қолжазбалармен кітаптардан көре аламыз. Елтаңбаның негізін салып арқау болып тұрған оның шаңырағы. Шаңырақ – Елтаңбамыздың жүрегі, қазақ халқының ежелден келе жатқан киіз үйінің күмбезі. Ол әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығымен беріктігін білдіреді. Уықтары одан тарап жатқан сәулелері секілді. Елтаңбадағы тұлпар – бостандыққа, ерекше шаңдықпен, айрықша күш-қуаттың дарыған ғажап қасиетінің

иесі. Елтаңбаның маңдайшасында бес бұрышты жұлдыз салынған. Мемлекетіміздің жұлдызы жарық әрі биік болып, әр азамат сол жарық сәулеге сеніп, күш-қуат жинап, сол жұлдыздан бағыт-бағдар алып, әрқашан жарқын болашақпен жақсы жолға жетелесін деген сеніммен белгіленген. «Бағымыз ашылып, жұлдызымыз жарқырай берсін» деген асыл арманды осы елтаңбадағы бес бұрышты жұлдыз арқалап тұрғандай көрінеді.

Тағы бір рәмізіміз – мемлекеттік әнұран. Осы салтанатты әуенді естігенде қай Қазақстан азаматының жүрегі дір етпейді екен сірә? Әнұранымыз жүректің лүпілін арттырып, халықты патриоттық сезімге тәрбиелейді. Отанға деген сүйіспеншілік, бейбіт пейіл, досқа ашық құшағымызбен еркіндікке құштар көңіліміз жақсы көрініс тапқан. Бұл музыкалық бойтұмармен беттескен десекте артық емес. Себебі халықтың тарихы, ұлты, байлығымен еркіндігі, бәрі-бәрі осы әнұранымызбен шырқалады. Мемлекеттік Әнұран – егеменді еліміздің Туы мен Елтаңбасының сазды баламасы.

Осы рәміздерді ұлықтау арқылы елімізді гүлдендіріп жатқан «Гүлстан» ұжымының іс-шаралары дүниежүзілік мәселеге айналған елді көгалдандыру жобасы. Бұл бағдарламамен «Гүлстан» ұжымы көптеген жұмыстар атқарды. Соның ішінде маған қатты ұнағаны осы егемен мемлекетіміздің рәмізі еліміздің туы гүлдер арқылы өрнектеп егілгені. Бұл тек қана дизайн емес. Сонымен қатар экология, өскелең ұрпақты ел экологиясын қорғауға тәрбиелеу. Халықтың санасына Қазақстанды көгалдандыруға деген ынтаны арттыру. Сұлулықпен тазалыққа баулу. Кімге болмасын рәміздерімізді қала аймағынан көру ұнайды. Әсіресе оны ерекше өсімдіктермен жасап, ерекше күтімде баптаса...

Көптен күткен, ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке қанша қан төгіп жеттік. Енді міне егемен еліміздің қадір-қасиетін қастерлеп, оның мемлекеттік рәміздерінің салт-дәстүрін сақтау әр Қазақстан Республикасының азаматының міндеті, борышы.

Менің Отаным – Қазақстан

Әрбір ұлттың, халықтың өз отанына деген қатынасы ерекше және өзіндік, құрметі өте зор. Туған елдің мәдениеті, тарихы, тұрмысы, салты, тілі мұның барлығы халықтың рухани баға жетпес құндылығы, түп қазығы, айбыны болып табылады. «Отан», «Туған жер» дегеніміз неткен терең мағыналы ұғымдар. Олар адамға қуат, жақсы әсер беріп, намыс пен мақтаныш, сүйіспеншілік деген шынайы сезімдерін оятады. «Жарық дүниеде туған Отаныңнан сүйкімді не бар?» деп танымал неміс жазушысы Ф. Шиллер айтқандай, Отан расында да асыл даналық.

Менің Қазақстаным – ең ыстық қалаулы, «алтын бесігім», сонымен қатар аяулы, маңызды, ардақты. Бүгінгі күнде мықты, асқақ беделді мемлекет болып әлем жүзіне танымал. Батыстағы Каспийден Алтай асқақ тауларына дейін созылып жатқан қасиетті өлке. «Қазақстан», «Отаным» дегенде көз алдыма биікке желбіреген ашық көгілдір жалаудың бейнесі, шалқыған көк жайлау, қалықтап ұшқан қыран құс, қанатты тұлпарлар, шегі көрінер емес кең байтақ қазақ даласы, алты қанат ақ орда, түтіні бұрқыраған ауыл елестеп, айдын көлдегі аққудың даусы, құлақтан кіріп бойды алар қасиетті домбыраның үні естіледі.

Еліміздің туған тарихы айтарлықтай өзіндік. Біздің халықта атамекенді ардақтау сезімі өте терең болған. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан бірігіп қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Қазақ тарихының әрбір белесінде халықтың мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан, асқан ерлік көрсеткендер өте көп. Олардың аты мәңгі кейінгі ұрпақтың есінде қалады.

Осылайша, ол шеті мен бұл шетіне жеткенше қус қанаты тала-тын қазіргі кең байтақ өлкемізді, құтты қоныс ата мекенімізді ұлы жорықтарда батыр бабаларымыздың күшімен, найзасының ұшымен қорғай жүріп бізге аманаттап қалдырды.

Қазіргі таңда біздің ел – гүлденіп келе жатқан, мықты мемлекеттердің бірі болып келеді. Осы қысқа тарихи мерзімде қол жеткізген жетістіктері көп. Әрине, осы жиырма жылдың ішінде

егеменді еліміз өз дамуында ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың ересен күш-жігері, кемел ақыл, кемеңгер саясатымен бір ғасырға бергісіз жолды еңсеріп үлгерді. Бұл жол, алайда, теп-тегіс тақтадай жеңіл болған жоқ. Кешегі КСРО-дай алып державаның күйреп құлағаны, оның құрамындағы барлық елдердің есін тандырып түскенін ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, осы бір, әсіресе әлеуметтік экономикалық тұрғыда қисапсыз қиындық туғызған тұста тәуелсіздігін енді ғана жариялаған Қазақстанның тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «тәуекел түбі – жалқайық» дегендей, елдің бар құрылымын нарықтық қатынастарға бұрды. Шынында, қандай қиындық, қандай кемшілік болса да, осы бағыт еліміздің өркендеуіне жол ашты. Сондай-ақ Қазақстан бейбітшілік елшісі ретінде танылған мемлекетке айналып отыр. Өз еркімізбен ядролық қарусыз елатанғанымыз бұл бүкіл әлемдік өркениетіне ерекше әсер еткені айқын. Мұның бәрі Қазақстанның өз ішіндегі қоғамдық тірліктің үлгісінен туындап жатқаны белгілі. Бұл елдегі 140 этностың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруінің шынайы белгісі болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында Есілдің ен бойында жаңа ел орда орнығып, Сарыарқаның төсінде Астана бой көтерді. Тарих қойнауында өткен бұл кезеңде Қазақстан әлем арена-сына үлкен беделге ие болып, іргетасы берік орнықты. Төрткүл дүние қазақтың кім екенін танып білді.

Қазіргі уақытта мектептен бастап жеке тұлғаны, әсіресе интеллектуалдық тұлғаны қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі ең маңызды мемлекеттік істің бірі болып келеді. Бұл мақсатта мемлекет тарпынан «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Бүгінгі таңда қазақстандық интеллектуалдық ұлтты қалыптастыруда шет елдердің атақты жоғары оқу орындарында «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып жатқан білімді жастарға, еліміздегі зияткерлік мектептердің оқушылары мен «Назарбаев университеті» студенттеріне үлкен сенім артылуда. Оқушыларды білім ордасының қабырғасында жүргенде ақ зерттеу жұмыстарына тартып, болашаққа қлғамның интеллектуалды элитасын қалыптастыру басты міндеттердің бірі ретінде қойылып отыр.

Егеменді еліміздің жарқын болашағы білімді де білікті жастардың қолында екені ақиқат. Сондықтан біздің, жастардың алдындағы биік мақсат – отаншыл, нағыз отансүйгіш болып жас мемлекетіміздің дамуына, гүлденуіне үлесімізді қосу, отанымыздың жарқын болашағы үшін арпалысу.

Атырау облысы

Вранчева Ксения

7 класс, школа-лицей № 17 г. Атырау

Казахстан – моя Родина

Казахстан – земля родная
Очень любим мы тебя.
Море, горы, даль степная -
Это Родина моя!

- Что же такое патриотизм?, - задумалась я перед написанием сочинения. Первое, что я сделала, заглянула в словарь Ожегова.

Производное от слова «патриот» - «патриотизм» - преданность и любовь к своему народу. А кто же такой «патриот»?

- Патриот - это человек, одушевленный патриотизмом. Человек, преданный, любящий свою страну, выражающий любовь к Родине, то есть своей стране – Республике Казахстан.

Какой высокий смысл заложен в одном коротком слове – Родина. И для каждого человека это слово содержит в себе что-то особенное, личное и что-то общее, более значительное. Думая о Родине, мы думаем о той прекрасной, великой стране, в которой мы родились, выросли. Мы чувствуем гордость от того, что являемся частью этой страны. Любовь к Родине нам прививают с детства – родители, воспитатели, учителя.

Я – русский, но живу я в Казахстане,
Я здесь родился, здесь моя земля,
Мои дожди, покосы и туманы,
Мои березы и мои поля

Для меня моя Родина – это в первую очередь мой родной любимый город Атырау. Город, где я родилась, живу, учусь, где проходит мое детство, город, где живут мои родные, друзья. Я живу в Атырау уже 13 лет, и я люблю этот город ни за что конкретно, а за то, что он есть, он именно такой, непохожий ни на любой другой город.

Если представить, как будто мы оказались в другой стране. Надолго разлучились со своей Родиной, близкими людьми. И там мы встречаем земляка, человека из того же города. И какова будет наша реакция? Да, мы радуемся, как будто встретили родного брата.

Почему? Почему люди, оказавшиеся в другой стране, бывают так искренне рады встретить земляка – любого, пусть даже совсем незнакомого человека из родной страны, родного города, родных мест?

Потому что, сколько бы ни было лет человеку, он всегда помнит какие-то моменты из своего детства, а вместе с ними и места, где они происходили, то есть в любимом городе.

Гордость за настоящее и прошлое Отчизны, её достижения, богатства, красоты, культуру, преклонения перед выдающимися личностями, которые внесли значительный вклад в развитие страны – тоже казахстанский патриотизм.

Герои Великой Отечественной войны, космонавты, поэты, акыны, были патриотами. Б. Момышулы писал: «Каждый миг, каждый день я живу и дышу во имя Родины». Герои потому и герои, что жили, боролись и умирали за свою землю, за её независимость, свободу. Писатели и поэты очень много пишут о Родине: «Рану, причиненную Родине, каждый из нас ощущает на глубине своего сердца» - В. Гюго. «Тот, кто не любит своей страны, ничего любить не может» - Д. Байрон.

Мы, молодое поколение должны гордиться теми людьми, которые в своё время защищали, боролись за свою Родину. С таких людей надо брать пример и стараться быть на них похожими.

Я надеюсь, что каждый человек является патриотом своей Страны.

Молдағали Гаухар

11 сынып, Облыстық ұлттық гимназия
Жетекшісі: Қуандықова Э.Қ.

Еліміздің әнұраны – азаматтық асқақ рухтың жаршысы

Ән де адам секілді өз тағдырымен туады, өмірде өз орнын табады. Әр адамның өз ғұмыры сияқты әннің де өз тарихы бар. Ән – көңілдің ажары, адам жанының тәрбиешісі. Әннің адам сезімін әлдилеп, асқақтар құдіретін тек жүрегімен сезінер адам ғана бағалайды.

Халықтың елдігін танытып, даланың жырын жырлаған әннің ұранға айналуы тарихта талай кездескені шындық. Ел басына қиындық туып, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» сұмдығын

көрген ел «Елім-айлап» толғанып, тебіренеді. «Елім-ай» әні екі ғасыр елжаңдылық пен азаматтықтың ұранына айналды. Міне, нағыз өмір, өміршең өлең тек тарих пен бірге жасайды.

Ал жарты ғасыр, елу жыл, ел есінде, тарих жадында тербелген «Менің Қазақстаным» әні әлі күнге дейін тыңдарманын өзіне табындырмай қоймайтын құдіреттілігімен ерекше. Бір кездері тың жерлерді игеру саясаты тұсында қазақ жері бөлшектенгелі жатқанда еліміздің асқақтығын жырлайтын, бірлігін әнге қосып шырқайтын ән керек болды. Елдің шырқы кетіп, жері талан-таражға ұшырайтыны туралы қауесетпен бірге, халықтың көңілінде белгісіз үрей болды.

Осы кезде ақын Жүмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқов өздерінің Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін паш ететін «Менің Қазақстаным» әні дүниге әкелді. Шығармашыл қиялы қауым бұл әнді қабыл алса да, сол кездегі идеологиялық шырмауынан аса алмады.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы
Думанды бастаған
Далама қарашы,

- деп еркін, кең далаға жар салып шырқады.

Міне, елу жыл, жарты ғасыр «ән королі» Шәмшінің әні тәуелсіздікті еңсеп, халықтың рухына демеу болды.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ел данасы,
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,-

деп ұлы Абай өлең өлшеміне баға берсе, сол лайықты болғаны «Менің Қазақстаным» әніне халық берді. Жарты ғасыр тарих жадында тербелген әсем ән бүгінде егемен елдің көгінде шырқалады.

Тәуелсіз елдің ұранына айналған әннің әуені мен сөзі астасып жатыр. Әйтсе де, бүгінгі Қазақстан халқының биік мүддесі мен мұрат-мақсатын жеткізу үшін оның мәтініне өзгерістер енгізу қажеттілігі туды. Өз «өмірбаяны» бар, қалың жұртшылық жүрегіне жол тапқан туынды негізінде әнұран жасау-әлемдік тәжірбиеде талай кездескен.

Ел мен тарих алдында үлкен жауапкершілікті қажет ететін міндетті Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев өз мойнына алды. «Елім менің», «Үш қоңыр» әндерін дүниеге келтіріп, туған жерге сүйіспеншіліктің асқақ рухын жырлаған Елбасы бұл міндетті абыроймен атқарып шықты. Жүмекен ақынның қыспақты кезеңде айта алай кеткен арманын егемен елдің бүгіні мен болашағынан сыр шертер жыр жолдарымен жеткізді. Бұл өзгерісті жұртшылық тез қабылдап, жанымен түйсініп, сезінді.

Нұрсұлтан Әбішұлы қосқан тармақтар бұрынғы мәтінмен жымдасып, біртұтас дүниеге айналған. Өткеннің, бүгіннің, болашақтың жаршысы болған ән-бүгінде тұтастай бір мемлекетің Әнұраны. Жарты ғасыр бойы елмен бірге жасап, бірге мұңайып, қуанып келген «Менің Қазақстаным» әні – бүгінде әр шаңырақтың, ел шаттығының жалауы. «Әнұранды тыңдағанда құйқаң шымырлап, бойыңды рух кернеуі шарт. Ол айтылғанда егілуің керек, еңселуің керек, шаттанған жөн...», - деп әнші Бекболат Тілеухан тегін айтпаған. 1986 жылы желтоқсан көтерілісі кезінде қаһарман жас өрендердің рухани туы боп шалқыған әннің құдіретінің арқасында «Елім, жерім...» деп намыстанған ерлердің жігері тасыды десем қателеспес едім. Жас пен көрінің аузына тез ілігетін, тілге жеңіл оралатын әндер патриоттық сезімді астар, асқақ та сыршыл әуенге толы Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік әнұранына айналуы тегін емес екенін жұртшылықтың бәрі түсінді деп ойлаймын.

Ерліктің дастаны-

Еліме қарашы! –

деген жыр жолдарының өзі тұтас бір халықтың «өмірдастанын» жырлағандай. «Намысын бермеген қазақтың» сан ғасырғы ерлігін бір шумаққа сыйғызған көрегендік деп білемін. «Тірлігі жарасқан тәуелсіз елдің» азаматтары көз алдыма елестесе, бейбіт өмірде, аштықтан, жоқтықтан дін аман, көңілді, шат-шадыман халықтың бірлігін көремін. Осыған да «шүкір» деп қуанамын. Қазақстанның кең байтақ жерінің байлығын игерген адал еңбекке куә боламын. Бала көңілімен бақытты елдің жыршысына айналғым келеді. Туған елімнің ұлы мұраттары жолында «гүлі болып егілуге, жыры болып төгілуге» дайын екенімді айтып жар салғым келеді.

Менің көңілім де, пәк жүрегім де «елім» деп соғады. «Елу жылда ел жаңа» дейді халық нақылы. Бірақ өнердің өміршеңдігі сол – елу жылдан кейін қаншама адамдарды табыстырды, таныстырды, туыс, бауыр

етті. Әнмен бірге Жүмекен мен Шәмшінің өзі тіріліп келгендей әсер етті. Халықтың сенім артар Елбасына жаудырған алғысы да шексіз еді. Талай жылғы арман мен сағыныш табысты. Өлкенің мақтанышына айналған асау ақын тірілгендей бүкіл Атырау қуаныштан көздеріне жас алды.

Ұлы елінің ұлы гимні алдында
Жүрегіңнің қызыл туы алдында
О, құдірет, тап осылай, құдірет,
Жылайсың ғой ғұмырында бір рет, -

деп Жүмекен ақынның өзі көрегендікпен армандаған, Шәмшінің ән болып жыр көгінде қалықтаған тұғырлы жеңістеріне куә болдық.

Қазақтың жайсаңдығын, өр рухын, мұратының биіктігін, байтақ жерінің кеңдігін елу жыл бойы тынбай, толмай жырлаған «Менің Қазақстаным» әннің кереметтігі де осыдан болар! Әуені мен өлеңі бір мүддеге қызмет етіп тұрған еліміздің жаңа әнұраны – азаматтық асқақ рухтың жаршысы.

Ән падишасы Шәмшінің, жыр желкені Жүмекеннің, ел ардақтысы Елбасымыз Нұрсұлтан атамыздың жүрегімен оянып, жанымен жырлаған ән еркесі «Менің Қазақстанымның» талай дәуірдің куәсі боларына сенемін. Игі мақсаттар жолында елдікке, бірлікке шақырған ән әуенімен бірге Қазақстанның жарқын болашағына үлес қосуға асығамын.

Сарсенова Сабина

9 класс, городская школа-лицей № 17 г. Атырау
Руководитель: Акетова Г.Ж.

Моя родина – Казахстан

Моей Родиной является прекрасная страна – Республика Казахстан. Горы и равнины, реки и озера, бескрайние степи и песчаные пустыни - все это наш Казахстан. Это – великое государство с богатой историей, древней культурой и неповторимой природой. До чего же разнообразен наш животный мир! Недра Казахстана богаты природными ресурсами: газом, нефтью, углем, черными и цветными металлами. Если углубиться в историю нашей Родины, то Казахстану потре-

бовалось более двух сотен лет, чтобы получить свою независимость. Тысячи людей боролись за свободу нашей страны. С древних времён предки защищали наши земли от набегов джунгар. В период царизма люди видели смерть и несправедливость, горе и несчастье. Также казахстанский народ принимал активное участие в годы Великой Отечественной войны, являясь частью единой страны. Десятки тысяч героев из Казахстана проявили смелость и волю к общей победе. Именно благодаря этим людям мы живем в государстве, мирном и независимом. Всё это благодаря единству, сплоченности народа и общей вере в светлое будущее. Мы должны помнить этих людей и гордиться настоящими патриотами нашей страны! Каждый гражданин Казахстана помнит знаменательный день, 16 декабря 1991 года, когда мы получили независимость.

С этого дня прошло уже более двадцати лет. Как отмечает президент нашей страны, Н.А.Назарбаев: “Два десятилетия: множество конкретных дел, свершений, которые раньше не могли вместить целые века, предстоящий юбилей дорог всем, кому дорога судьба нашего Отечества”. Действительно, это не просто праздник, а результат трудолюбия и дружбы всех народов, проживающих в Казахстане.

Современный Казахстан - независимое, суверенное, демократическое государство со стабильной экономикой и планом на будущее. Сегодня Казахстан смело заявляет о себе, о своих правах и целях. Президентом нашей страны является поистине мудрый человек, тонкий политик, стратег и настоящий патриот, и за это нужно отдать ему должное. Благодаря ему мы достигли стабильности и процветания. С приобретением независимости начала развиваться экономика, наука, культура. Конечно, нашей стране пришлось нелегко, но мы прошли все трудности. Мы встали на ноги, и теперь наша страна продолжает двигаться вперед.

Казахстан имеет собственные государственные символы: Флаг, Герб, Гимн. Они отражают независимость и свободу нашего государства. Наша страна многонациональна, и в этом еще одно преимущество, потому что мы все - единое целое. В Казахстане единой семьёй живёт более 17 миллионов человек, представители более 140 национальностей и народностей. И всё это сопровождается хорошими и дружескими отношениями. На казахском, русском, уйгурском, немецком, корейском, татарском и других языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы на радио и телевидении.

Как сказал Н.А. Назарбаев: “Дружба народов, взаимопонимание и солидарность – вот основа, на которой мы строим новый Казахстан!” Миролюбивая политика государства, развитие интеллектуального и экономического потенциалов - залог будущего благополучия.

Сейчас XXI век - век нового поколения, которому предстоит стать опорой молодого государства. Нам следует уделять большое внимание учёбе, стараться приобрести максимум знаний. Государству нового тысячелетия необходимы образованные, активные люди. От нас будет зависеть будущее государства. “Казахстану необходима интеллектуальная революция, которая позволит пробудить и реализовать потенциал нашей нации” – говорит Н.А.Назарбаев. Мой Независимый Казахстан - это мой дом, моя Родина! Нельзя не упомянуть слова великого писателя, просветителя Ы. Алтынсарина: «Долг каждого из нас - внести посильную лепту на пользу своей Родине».

Шапилова Айя

9 класс, городская школа-лицей № 17 г. Атырау
Руководитель: Акетова Г.Ж.

Мәңгілік Ел-моя мечта.
Қазақ Ел-мой Қазақстан,
Как орёл парящий над миром,
Под твоим крылом шанырақ,
Как символ дружбы народов!
Қазақ Ел-моя мечта!
Ты несешься вперёд, собирая под свод
Свой сильный, непобедимый народ.
Ты мчишься, что кони к цели вперёд,
И крылья твои золотые,
Народ твой берегут!
МәңгілікЕл-мой Қазақстан!
Твой Герб-символ жизни и мира,
Под ним наш общий дом-Қазақстан!
Колосья пшеницы твои золотые,
Знак вечной щедрости и изобилья!
Ты символ Родины моей!
Под флагом твоим голубым,
Что неба чистого цвет,

Что золотых пшеничное полей,
Земля моя, Қазақ Ел!
Земля отцов и прадедов твоих
Под ним едины мы, сильны!
Қазақ Ел-мой Казахстан!
МәңгілікЕл-мой Казахстан!
Под Гимном Республики Казахстан
Я славлю страну, которая есть
И будет во веки веков!
МәңгілікЕл-страна моей мечты!
Казахстан! Қазақ Ел! Мәңгілік ел!
Цвети, расти и процветай!
Пусть сбудутся мечты народа!
Пусть внуки, правнуки твои
Живут одной семьей единой!

Шокурова Алина

7 класса, школа-лицей № 17 г. Атырау

Я горжусь тобой, моя страна!

Очень часто мы слышим о чувстве патриотизма, который нам стараются привить в школе и дома, к нему взывают газетные издания и телевидение. Вот и сейчас, темой моего сочинения является тема патриотизма.

Можно долго рассуждать о патриотизме, используя «высокие» слова и рассуждения великих, не имея ни малейшего представления о том, что же это на самом деле такое – любовь к своей Родине. В своем рассуждении я не буду этого делать. Мне захотелось выразить своё собственное понимание патриотизма, то, как понимаю его я, ученица 7 класса.

Слова замечательного автора Азамата Урусова не случайно были выбраны мною в качестве эпиграфа. Я считаю, что каждая буква этих строк пропитана этим великим чувством. Любовь к Родине, к своей земле, к своим предкам для меня равна любви к своим родителям. Ведь именно моя Родина, моя земля подарила мне их.

Ах, моя земля! Бескрайние необъятные степи... стоит навестить степь весной, и она, как радушная хозяйка раскинет перед вами ковер

необыкновенной красоты! Я всегда с нетерпением жду этой нашей встречи со степью по весне. Вдыхая аромат степных весенних цветов, я каждый раз поражаюсь просторам и красотам нашей Родины. Чувство безграничных возможностей, таких же безграничных, как наши степи, заставляет моё сердце стучать быстрее и стремиться вперед, туда, где заканчивается горизонт.

А наши горы? Что может быть величественнее, чем наши горы? Они будто показатель силы и мощи нашего народа. Взбираясь на Чимбулак, у меня возникает ощущение свободного птичьего полета. Кажется, что стоит расправить крылья за спиной и ты, как сокол, взмоешь в голубое небо, и снежные вершины покорятся силе твоих крыльев. И кажется, что каждый холм, каждый камень и каждая травинка тебе знакомы. Они ласково приветствуют тебя : «Здравствуй, мы скучали по тебе». Нигде больше на Земле такое чувство возникнуть не может.

Но стоит задуматься над тем, что мы могли бы не иметь ни гор, ни озер, ни степей..что у нас могло бы не быть ни свободы, ни равноправия, что, в конце концов, нас самих могло бы не быть.. Стоит мне подумать об этом, мне становится страшно. Чем больше я познаю историю нашей страны, тем больше меня переполняет гордость за наш народ, за его терпеливость и мудрость, за тот непростой путь, пройдя который наш Казахстан стал таким, каким мы с вами видим его сегодня. Потребовалось более двух сотен лет, чтобы получить свою независимость. Тысячи людей боролись за свободу нашей страны, многие погибли за будущее нашей Родины. Мы должны помнить этих людей и гордиться настоящими патриотами и равняться на них.

Я думаю, что о патриотизме судят не по словам, а по делам каждого человека. Патриот не тот, кто сам себя так называет, а тот, кого будут чтить таковым другие, но прежде всего его соотечественники. Для меня, на сегодняшний день, самым ярким примером патриотизма служит наш Президент, Нурсултан Абишевич Назарбаев. Благодаря ему, я и мои ровесники с уверенностью и оптимизмом смотрим в будущее. Благодаря ему, я с гордостью произношу фразу: «Я – казахстанка!» и показываю своим иностранным друзьям огромные просторы нашей страны на карте. Я чувствую себя сильной, смелой и уверенной в будущем, потому что наш Президент старается делать все для того, чтобы мы стали достойными гражданами, получили образование, отвечающее мировым стандартам, и жили в свободной, мирной, дружной стране, где уважаются традиции, обычаи и языки всех народов,

проживающих здесь. И как гражданин своей Республики, я понимаю, что должна оправдать надежды нашего государства. Ведь от моих знаний, трудолюбия, чувства ответственности за все происходящее в стране многое зависит. Это – моя жизненная позиция. Уверена, что все это поможет мне успешно окончить школу, поступить в вуз, получить специальность и работать на благо Родины – Независимого Казахстана. Моего Казахстана! И очень хотелось бы, чтобы однажды моя страна с такой же гордостью сказала обо мне «Она - казахстанка!»

А патриот ли я? Со стороны виднее... Я просто люблю свою Родину и горжусь ею.

Батыс Қазақстан облысы

Адилова Камила

9а сынып оқушысы, Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп, Орал қаласы
Жетекшісі: Бижанова М.С.

Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кием

Біз, Қазақ елі – тарих пен тағдырдың бұралаңы көп жылдар мен ғасырларға созылған батпан қиыншылықтардың барлығын басымыздан өткерген елміз. Сол зұлым замандардың шеңгелінен арыстанша алысып, жолбарысша жұлысып өткеніміз ақиқат. Тәуелсіздік халқымыздың ғасырлар бойы күресіп келген ұлы мұраты еді. «Ұлтым» деп қан алаңда қасқайып тұрып алған кешегі асыл текті, асқақ рухты аға-апаларымыздың шеруінің межесі тәуелсіздік екенін жыл өткен сайын терең түсініп келеміз.

Біз кешегісі тұлдыр, болашағы бұлдыр халық емеспіз. Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы ұлан-теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар, қазіргі саясаткерлердің ішіндегі өз елінде ғана емес, бүкіл әлем танып, үлкен беделге ие болған әйгілі тұлға Нұрсұлтандай көшбасшысы бар ел екендігімізді мақтан етеміз.

«Еңсемді көтерер елім бар» деп өз еліне сенген Елбасы «Ел көшін бастау- маған сын, мені қостау-елге сын» деп үміт артады. «Жырақтағы жұртың жаутаңдап қарап, отырса, кісінің жаны қайтіп жай табады?»- деген жан тебірнетерлік сөзін оқып, мен өз елімнің басшысын одан сайын жақсы көріп кеттім.

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» - деген мемлекет басшының сөздері біз үшін ұлы өсиет емес пе?! Мейлі сен патша, не қойшы бол, атамекеніңнен табаның тайса – жетімеңсің... Қазақ елінің озып, үдеген кезі де, тозып, жүдеген кезі де аз емес. Соны шын жүрегімен сезе білген Елбасымыз әлемдегі дамыған мемлекеттердің бай тәжірибесін таразылай отырып, тәуелсіздігін жаңа алған еліміздің жаһандық өркениет көшіне қосылуының бірден-бір дұрыс жолын нұсқап жүзеге асыруда.

Қазақ өзімен өзі тату болмай, өзгемен ешқашан да тату бола алмайды. Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, қазақ әлсіресе алауыздықтан әлсіреп, күшейсе бірліктен күшейген. Бойында қаны,

намысы бар әрбір азамат енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек, көгертеміз деп ой-санасын қамшылауы керек.

Біз бүгінде тәуелсіздігімізге жиырма үш жыл толған ел болып, басқаға жалтақтайтын күннен кеттік. Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне жеттік. Қысқасы, егемен ел болудың ең ауыр белесінен өттік. Азаттықты аңсаған ерлеріміздің ерен ерлігі мен төккен тері текке кетпей, аталар арманы ақиқатқа айналған біздің «Қазақстан» деген айбынды да айбарлы мемлекетіміздің, өрлігімен өз орнына таласқан төрткүл дүние саясатта санасқан мәңгілік ел Қазақстанымыздың жұрты аман, елі тыныш болғай!

Панкратова Анна

8 класс областной специализированной
школы № 8 для одаренных детей г. Уральск
Руководитель: Джайкенова Г.Е.

Мой Казахстан

Моя Родина – Казахстан. Она расположилась на самом большом континенте мира. Её просторы тянутся с запада на восток, от Каспийского моря до горного Алтая. В моей стране есть и огромные степи со своим особенным животным и растительным миром, и высокогорные хребты, увенчанные снежными шапками, и уникальные озера, и современные города. Но душа моей Родины – это ее народ. Уникальность населения Казахстана в том, что не смотря на многонациональность, люди живут в мире и согласии. А традиции и обычаи тесно переплелись и составляют культурное наследие своей страны.

Так как каждый из нас является частью своей Родины, так и Казахстан является частью современного мира. И поэтому Президент делает все, чтобы наш Казахстан был государством с сильной экономикой, где делается все для человека. Будущее нашей страны – это мы, нынешние школьники. Это на нас Президент надеется в своем Послании «Казахстан 2050», где он ставит перед страной масштабные задачи и уверен в нас, в нашем успехе.

Я, как и Нурсултан Абишевич, мечтаю о сильном, развитом государстве, с которым считаются в мире и почитают как великую державу. Это мы, молодежь, должны учиться и осваивать новые профессии, и в то же время сохранить традиции, самобытность своего народа и го-

сударства. Мы должны изучать языки, путешествовать по миру, быть открытыми новым знаниям, любить и ценить Родину. Казахи говорят: «Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине» («Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас»).

Молодое поколение должно опираться на опыт и мудрость старшего поколения и выбрать верный путь к государству, где царят мир и спокойствие, где граждане свободны и равны, а власть справедлива и закон один для всех. Наше поколение должно научиться не только пользоваться ресурсами своей земли, но и поднять промышленность, которая будет производить товары, конкурентоспособные в мире. Я хочу показать Казахстан всему миру, так как его природа уникальна. Я хочу, чтобы мы были лучше своих родителей, ценили семью, были равнодушны к чужому горю, чтобы в государстве не осталось одиноких детей и стариков. Я хочу, чтобы образование и здравоохранение в нашей стране было лучшим в мире, чтобы студенты всей планеты мечтали учиться в этом государстве, а старики хотели бы поселиться здесь и встретить безбедную старость.

Казахстан – это страна, которой можно гордиться, которая заставляет сердце ее народа биться чаще, когда звучит национальный гимн, поднимается флаг. Казахстан – это страна патриотов, которые уважают и любят свою Родину всем сердцем и делают все для ее процветания и дальнейшего развития.

Қадим Қымбат

М. Мәметова атындағы № 27 физика-математика бағытындағы мектеп лицейінің 10 сынып оқушысы, Орал қаласы

Ерлік - ұрпаққа ұран, елге – мұра

Ұшқан құстың қанаты талып, шығысынан шыққан күн батысына әзер жететін кең жазиралы даланы мекен еткен қазақ деген іргелі елміз. Ғасырлар бойы осы кең дала төсін тұлпар тұяғымен дүбірлеткен бағы мен соры кезектесе отырып, досқа ақ пейілін, қасқа найзасын, дауға қылышын сілтеген ата-бабамыздың ғұмыр бойы аңсағаны да, тілегені де – еркіндік. Болашақтан үмітін үзбеген аға ұрпақ тағдырлары қаншама рет тағдыр таразысына түсіп, қыл үстінде тұрса да «құт дарып, қыдыр қонған» туған жерді көздің қарашығындай сақтай білді. Теңдік пен татулықты, елдік пен еркіндікті ту етіп ұстаған

«бастаса қолдың көсемі, сөйлесе сөздің шешені» болған аталарымыз бен найзаның ұшы, қылыштың қыры, садақтың жебесіне тайсалмай қарсы тұрған аға-апаларымыздың арқасында еліміз «ақ түйенің қарны жарылған» тәуелсіздік таңына жетті.

Тәуелсіздік... Қандай ыстық, қарапайым әрі қасиетті сөз. Осынау қасиетті ұғымды аңсап күткен қазақ баласы екі жарым ғасыр бойы дұғадай жаттап, ұрпақтан-ұрпаққа найзаның ұшы, қылыштың жүзімен, ата-баба қанымен аманат етті, намыс жігерін болат кездіктей жаныған батыр бабаларымыздың азаттық жолындағы күрестері – осының жемісі.

Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Бүгінгі ұрпақ егемендік ғасырлар бойғы күрестің, «Елім, жерім» деген жан дауыстың, қасық қандарын қиып, елі үшін жанын пида еткен аға-апаларымыздың қанымен келгендігін есте сақтағанымыз жөн.

«Ерлік – ұрпаққа ұран, елге – мұра» деген бабалар өсиетін бойына дарытқан халқымыз бүгінде жас ұрпақтың бойындағы патриотизмді дамыту үшін зор көңіл бөлуде Елбасының бастауымен ұйымдастырылған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жас Ұлан» ұйымы – осының айқын көрінісі. Біз, жастар, «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», бір қозғалысқа бірігіп, биік асуларды бағындыруымыз қажет.

«Жас Ұлан» ұйымы осы игі істердің бастауы деп ойлаймын. Осы орайда жас ұрпақтың болашағына алаңдаулы Нұрсұлтан атамыз бен еліміздегі белсенді жастардың ойы ұштасып жатқандай. Себебі құрамына оқу үлгерімімен, үлгілі тәртібімен көзге түскен үздік оқушыларды қабылдайтын ұйымның мақсаты – елім деп еміренген, батыр да дана, ақылды да айбарлы, сәулелі де сезімді, ұшқыр да озық ойлы, саналы да үмітті ұрпақ тәрбиелеу болып отыр. Бүгінгі кезде рухани дүниесі кең, ұлтын сүйетін, білімге деген құштарлығы мол, дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас азамат қалыптастыруда ұйымның атқарар жұмыстары көп екендігіне сенімім мол. Қазіргідей жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтар әлсіреп, замандас ұл-қыздарымыз қазақы болмысымызға сай келмейтін әрекеттерге бой ұрып жатқан бүгінгі заманда қоғамымызға осындай ұйымдар қажет-ақ. Менің ойымша, жас ұрпақты ұлтжандылық рухта тәрбиелеу үшін ұлттық идеологиямыз мықты болуы керек. Сондықтан да осындай ұйым тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ құрылуы керек еді деген ой да келеді. «Дегенмен, ештен кеш жақсы» дегендей, ұйым жас өскіндердің талай ізгілікті шарасына арқау болып, тәрбие

жұмысына жәрдемін тигізіп, патриоттық сезімнің мән-мазмұнын байыта түсетініне кәміл сенемін.

Иә, мен күні күлімдеген, таңы жарқыраған тәуелсіздіктің жиырмасыншы жылын артқа тастаған ұлан-ғайыр кең даласы, жаны жайсаң жомарт халқы бар Қазақстан деген үлкен әрі қуатты елдің ұланымын. Ел тәуелсіздігінің болашағы мен тағдыры жастардың саяси-азаматтық, рухани бағдар – ұстанымына, патриотизміне, қандай азаматтық құндылықтарды қастерлеп бағалайтындығына тікелей байланысты. Сондықтан да туған жерімізді, телегей теңізімізді, ұшар басын мәңгі қар басқан зеңгір тауды, көкпеңбек орман-тоғайды, көз жеткізгісіз даламызды қорғап, қастерлеу егеменді елдің төл перзенттері, тәуелсіз мемлекеттің ұландары – біздің міндетіміз деп ойлаймын. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Болашақтың іргесін бірге қалайық!» дегендей, болашағымызды бірге кемелдендірейік, Жас ұландар!

Рахметоллина Алина

9 класс СОШ № 40 г. Уральск

Моя Родина

Думая о родине, мы думаем о той великой и прекрасной стране, в который родились, связываем свою родину со сложной и интересной, насыщенной и, иной раз, даже трагической историей родной земли.

Моя Родина – Казахстан. Казахстан гордится храбрыми батырами, талантливыми поэтами и акынами, писателями, которые воспевали любовь к казахской земле, призывали любить и уважать друг друга, сохранять мир и заботиться о будущем.

Моя Родина – государство, которое находится в Центральной Азии и Восточной Европе. Все, чем богата наша земля, вызывает у меня уважение и чувство гордости. Безграничной радостью наполняется сердце, когда слышу слова восхищения о нашем крае, о Казахстане. На казахской земле под одним шаныраком живут и трудятся люди более ста двадцати национальностей.

Столицей Казахстана является Астана. Это очень красивый город. Там живет наш Президент – Нурсултан Абишевич Назарбаев. Он уже 21 год правит нашим государством. И благодаря ему, наш народ процветает с каждым днем. Я учусь в школе №40. В свободное время я инте-

ресуюсь биологией и географией. Я хотела бы рассказать о растениях Казахстана.

В Казахстане свыше шести тысяч видов растений. Бетпак-Дала - занимающая пространство между озером Балхаш и реками Чу и Сарысу. Песчаные пустыни представлены в Казахстане такими массивами как Кызылкум (к западу от реки Сырдарья), Мойынкум (южнее Бетпак-Далы и реки Чу). Чаще всего барханы покрыты саксаулом и песчаной акацией. И все это просторы нашей страны.

Я люблю свою Родину, которой я горжусь и ценю!

Өтегенов Жарқын

8 сынып, №40 ЖОББМ оқушы Орал қаласы

XXI ғасырдың көшбасшылары

Өз ортасында беделі биік, қандай қадам жасаса да, нық сеніммен алға жүретін адам нағыз көшбасшы бола алады.

Жауапкершілік, терең ой, батылдық, тапқырлық сынды қасиеттер жаңа заман көшбасшыларының бойында болуы тиіс. Қазіргі жастар, яғни XXI ғасырдың ұрпағы бұл қасиеттердің барлығына ие десем қате болмас. Олардың әрқайсысы ақылды, белсенді болып өсіп, болашаққа жаңа қадам жасайтын көшбасшылар. Мемлекетіміздегі, қоғамдағы салалар осындай жандардың арқасында дами түсіп, үлкен жетістіктерге жетуде. Олар әлемдік ареналарда Отанымыздың мәртебесін биікке көтеруде.

Біздер XXI ғасырдың көшбасшылары, Қазақстанның болашағы өзімізді бар қырымыздан танытып, жан- жақты болуға тырысу- дамыз. Әрбір күнімізді өте тиімді өткізудеміз, өйткені біздер өнер саласында талантымызды шыңдасақ, білім- ғылым жағынан да бәйгелерден сүрінбей өтудеміз. Дебаттар, конференциялар, байқаулар біздерді бәсекелестікке емес, алға ұмтылуға жетелеуде. Рухани құндылықтарымызды дәріптей отырып, ішкі жан дүниемізді байыта түсудеміз.

Болашағымыздың жарқын болуын тілейтін біздер үнемі ізденіс үстінде жүреміз, жаңа, тың дүниелердің жұмбағын шешуге тырысамыз. Ұлтымыздың өткенін, салт-дәстүрін құрметтей отырып, жаңашыл, батыл қадамдар жасап, тәуекелге бел буып, қиын шешімдер қабылдаудан еш жасқанбаймыз. Оқу орындарында ресми,

мерекелік шаралар ұйымдастырып, егде жастағы адамдарға көмек қолын созып, өзімізден кішілерге қолдау көрсетудеміз. Мүмкіндіктері шектеулі, қиын жағдайдағы пенделерді материалдық жағынан болмаса да, рухани жағынан демеудеміз. Тақырыптары, мақсаттары әртүрлі акциялардың, флеш-мобтардың ортасынан табыламыз. Дәл осындай көшбасшы болудың арқасында өзімізді, келешек ұрпақты ешқандай пайда алып келмейтін зиянды әдеттерден алшақтатамыз. Салауатты өмір салтын ұстанудың көмегімен, спорттық сайыстарға қатысып, денсаулығымызды сақтаймыз.

Патриоттық сезімімізді оятып, жандандырып, еліміздің, ата-анамыздың, ұстаздарымыздың, бізге сенетін адамдардың мерейін үстемдету үшін, олардың үмітін ақтау үшін еш аянбаймыз. Қазақстанның бар жас ұрпағы өздерін нағыз көшбасшы болуға жетелесе деймін...

Қаирғалиева Айжан

8 сынып, Қ. Мырзалиев атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп, Қазталов ауданы

Мен Тәуелсіз елдің ұланымын

Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құрылған халқымен ерекшеленеді. Тарихы сан ғасырдың тереңіне кететін халқымыздың қазақ аталған бертінгі дәуірінде ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер, «ертеден шапса, кеште озған, ылдидан шапса, төске озған» жүйрік ақындар, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен дана билер, қалың жауға қарсы шапқан ержүрек батырлар, ел қамын жеген ардақты аналар аз болмаған. Олардың есімдері халық аузында да, жазба әдебиеттерде де өз орнын тапқан.

Жұмыр жердің тыныс тіршілігін жіті бағып, оның тағдырын, асылы мен жасығын тарих таразысына салып, зерделеген – ұлы көне өмір көші. Осы көште қарға тамырла қазақ халқының қатпар-қатпар тарих қойнауына көз жүгіртсек, шулы ғасырдың жұмыр басты пенденің шақшадай басын шарадай етіп, шаршы топты шырғалаңға тартқан шағы да, еьегін жаспен жуған қасіреті де жеткілікті.

Өткен талай замандарда ата-бабам аңсап кеткен азаттық, Тәуелсіздік ұғымы – қастерлі де қасиетті ұғым. Тарих парақтарын саралап қарасақ, қазақтың өрлігі мен ерлігі, қайсарлығы мен қайтапас мінезі, жаужүректігіне куә боламыз. Иә, жері мен елі, Отаны үшін аянбай қызмет етіп, әділдікті жақтап, шындық жолын қуып, жанын пида етуге әрдайым дайын болған батырларымыз аз емес қой. Сол батыр бабаларымыздың ұрпағы, бүгінгі жастар – бабалар аманаттап кеткен ұлан-ғайыр жердің иесі, ел ертеңі.

Еліміздің жедел дамитынына сенімдімін. Себебі, елдің болашақта тізгінін ұстайтын ұлдарымыздың бойында тектілік, дарын бар. «Қазақтар талай жерде тұтасымен қырылып қалуға шақ қалды. Бірақ, өмірге құштарлық қайтадан жығылған еңсені көтеріп, тәуекелге бел буғызады», - деп Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай, арттағы ерлігімізді мақтан тұтып, жарқын болашағымыздан үміт күткен жас ұландармыз.

«Не деген бақытты еді келер ұрпақ» деп ХХғасырдағы қазақ өлеңінің хас шебері Қ. Аманжолов жырлағандай, тәу етер тәуелсіздігін аталған тұстағы қазақ жұртының ұл мен қызының бақ-тәлейі бөлек-ақ. Олай дейтінім: білектің күші, найзаның ұшымен келіп, Абылай хан арман еткен тәуелсіздік, еркіндікке қол жеткіздік.

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары, бүгінгі ұрпақ – болар елдің ертеңі! – дегендей, ел болашағы – жастардың қолында. Қазір ХХІ ғасыр – жаңа ұрпақ кезеңі. Сондықтан Елбасымыз бен Үкімент жастардың апалы білім алуына жете көңіл бөліп отыр.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша жүздеген дарынды балалар шет елдерде білім алуда. Облыс орталықтарында дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар бар. Барлық мектептер компьютерлендірілуде, жаңа оқу орындары ашылуда. Айта берсек, жасалған жақсылықтарға біздердің, жастардың, жақсылықпен қайтарымы болуы керек. Бос сандалыс, жүріс пен «дайын асқа тік қасық» тірліктен гөрі, ел болашағы – басқа емес, біздер екенін толыққанды ұғуымыз қажет. Мемлекетіміздің болашағы бізге тәуелді. Сондықтан ел дамуына үлкен үлес қосуымыз қажет. Соның бір дәлелі – «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарының мүшелері.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2-толқын қабылдау рәсімі өтіп, оған біздің мектебімізден ең белсенді деген бірнеше оқушы қабылданды. Бұл – біздің мектебіміз үшін үлкен мақтаныш. Жас Ұланға қабылданып, мойнына галстук, кеудесіне

төсбелгі тағылған оқушылардың жүзінен патриоттық сезімдері, өз Отанына деген берік сенімділігі мен махаббаттары есіп тұрды.

Біз – еліміздің патриотымыз, сондықтан, негізгі тірегіміз мемлекетіміз болып табылмақ. Мұндай ұйымда мектебіміздің ең белсенді және ең білімді оқушылармен жұмыстану – мен үшін үлкен мақтаныш. Тәуелсіз елімнің шынайы патриоты болғандықтан Елбасымыздың бастамасымен құрылған «Жас Ұлан» ұйымына мүше болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенін ұмытпа!» - деп Елбасымыз айтқандай, мен бүгін партада отырған шәкірт болсам, болашақта жоғары білім алып, елімнің дамуына өз үлесімді қосқым келеді.

Отан! Бүгінгі таңда саған деген махаббатымды үздік оқуыммен, өнеріммен, талабыммен, бақытты болашаққа ұмтылысыммен дәлелдермін!

Еліме деген махаббат-жүрегімнің түкпірінде орналасқан мәңгі алауы өшпес жанып жатқан шырақ. Жалын маздайды, жанады, от болып лаулайды. Оны Сібірден соққан суық жел де өшіре алмайды, көзімнен жас шығаратын ызғарлы аяз да, мейлі, жер айналып, тау құлап, аспан көшсін, бірақ Отанға деген адал махаббатымды ешқандай құбылыс өшіре алмайды.

Отан! Аман бол сен! Сен барда мен сенің перзентің, қанатыңмын! Сенің кәдеңе жарасақ – сол бақыт! Елім, жерім деп еміренген өршіл ақын Мағжан:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

– деп болашаққа жастарға үлкен сенім артқан. Ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан балалар аманатын орындап жалғастыру біздің еншімізге тиген ардақты іс екенін жүрегімізбен сезініп, мақтан етеміз! Себебі, біз – көркейіп, гүлденіп келе жатқан бейбіт те тыныш, Тәуелсіз еліміздің Жас Ұланымыз!

Демеуова Аяжан

7 сынып оқушысы, Жаңажол жалпы орта
білім беретін мектебі, Казталов ауданы

Еліміз артып отырған үлкен жауапкершілікке лайық болу – біздің тікелей міндетіміз

Тәуелсіздік... Осы сөзде қаншама мән, шаттық, бақыт жатыр десеңізші! Осы бір ғана сөз елдің тыныштығын, азаттығын, бостандығын, ынтымағын білдіреді. Осы тәуелсіздікке жету үшін қанша аға-апаларымыз тер төккен. Міне, сол бір ғана сөздің арқасында алтын күн аспанымызда нұрын шашып тұр. Біздің ел – азат ел! Тәуелсіздігінің жиырма жылдығын тұғырға байлаған асқақ ел. Осы жиырма жыл ішінде талай жетістікке, талай күйінші-сүйіншікке бөленіп, талай өрлеудің жолында келе жатырмыз. Еліміздің кірпішін қалаған Елбасымыз бар.

Ал біз болсақ, тәуелсіздіктің туы желбіреген жас ұрпақпыз. Ел сенімін ақтар ұланбыз. Елбасымыз бізді бекерден бекер «Жас Ұлан», «Жас Қыран» деп атамаған. Бұның астарында үлкен мән жатыр. Бізді қырандай қырағы, тұлпардай жүйрік болсын деп, бізге көп көңіл бөлген. Арнайы төсбелгі мен галстуктері бөлінді. Бұл дегеніміз біздің нағыз Ұлан, Қыран атануымыз. Яғни, осы атаққа ие болғандықтан, сол атаққа сай болуымыз керек. Ата-бабамыз аңсап келген тәуелсіздікті қазіргі таңда мемлекет болып, ел болып өзінің баға жетпес нәзік байлығын біздің алақанымызға тапсырғалы отыр. Сондықтан да еліміздің ертеңі мен бүгінгі, атар таңы мен батар күні біздің қолымызда.

Еліміз артып отырған үлкен жауапкершілікке лайық болу – біздің тікелей міндетіміз. Осыны бір сәтке де есімізден шығармай, өз-өзімізді қазірден бастап тәрбиелеуіміз қажет деп білеміз. Өйткені, біз сонау «Ақтабан шұбырынды» да өз елін жаңғар шапқыншыларына бермей алып қалған Абылайдың, қанды майданда жігерлі бола білген Бауыржанның, сонау майданда елі үшін төсін оққа тіккен қазақтың батыр қаздары Әлия мен Мәншүктің, сонау ижаңбырша жауған оттың арасында Берлиннің биік шыңына алғаш туымызды тіккен Р. Қошқарбаевтің, сонау 1986 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік жолында құрбан болған Ләззат пен Қайраттың ұрпағамыз. Осыншама адамдардың қанына боялып, қиындық пен уысымызға түскен тәуелсіздігімізге немқұрайлы қарауға біздің қақымыз бар ма? Елімізді

дамыға елдердің алдыңғы қатарына енгізіп, ата-бабамыз өсиет етіп қалдырған кең-байтақ даласын бүкіл әлемге мойындатып, ұрпақтан ұрпаққа табыс ету біздің тікелей міндетіміз деп білеміз.

Біздің әрбір таңымыз бойымызға ата-бабаның қанымен сіңген отан сүйгіштікпен, еліне, жеріне деген ар-намысымызбен атауы керек. Біздің бағындырар биігіміз, алар шыңымыз әлі алдымызда.

«Жас Ұлан» - сені өз міндетіңе жауапкершілікпен қарауға шақырамыз!!!

Ғиззат Әнел

9 сынып оқушысы Ә.Молдағұлова атындағы
№ 38 мектеп-лицейі Орал қаласы
Жетекшісі: Ажкеева Гаухар

Ұлттық мүдде – ел қазығы, ел бағы.

Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,
азаматтық намысың болса, қазақтың
ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып,
көркеуі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет.
Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!

Н.Ә. Назарбаев

Шұғыласынан нұр шашып, өз жылуымен жыл басы Наурыз да келді. Қос етек көйлектері желбіреп, үкілері үлбіреп, шашбаулары сылдырап, басқан іздері білінбей, белдерін қынай байлап, қазақ киімін киген менің сыныптастарым Наурыз мерекесіне дайындалуда. Қарағанда көз тоятын мұндай әдемі ұлттық киімге бай сән өнері, күмбірлеген күй өнері, әуелеген ән өнері, таң қалдырған би өнері, ұлттық спорт, тағылымға толы ұлттық салт-дәстүр – бәрі менің ұлтымның тамырын тереңге жайған текті халық екендігінің дәлеліндей. Мен өзімнің қазақ болып жаралғанымға шын бақыттымын. Басынан «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» өткеріп, жетпіс жылдың үстінде қызыл империяның құрамында болған біздің елімізге, ұлттық құндылықтарымызға қызыға да қызғана қараған көршілеріміз көп болғанына тарих дәлел: күштеп отарлау саясаты, ұжымдастыру, ұлт интеллигенттерінің репрессияға ұшырауы тарихқа қанмен жазылған кезеңдер еді. Осы сұрапылдарда ұлтымызды ұлт ретінде жойылу-

дан сақтаған ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық құндылық еді. Әр шаңырақ жасырын баласын бесікке салып, сүндетке отырғызып, шаңырақ көтеріп, Наурыз тойлап, көрісіп, салт – дәстүрді сақтап, келер ұрпағына жеткізді. Сондықтан да жерлесіміз Ж.Молдағалиев:

Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске
Айта бергім келеді, айта бергім,-

деп жырлады. Ата - бабаларымыз көздің қарашығындай сақтап, аманаттаған ұлттық құндылықтарды сақтау жүрегінде «мен – қазақпын!» деген әр қазақ баласының борышы деп білемін. Ереуіл атқа ер салып, найзамен ел намысын қорғаған бабалар заманы өтті. Бейбіт өмірде аттандамай келіп, қойны-қонышыңа кіріп, «төр менікі» дейтін жымысқы жаудан қорғанар сақтық пен барымызды әлемге паш етіп, мақтана көрсететін сұңғылалық менің замандастарымның бойынан табылатынына сенемін.

Патриот деген кім? Ол жарқыратып, жалаулатып, көрсетіп істейтін іс емес. Ол – пенденің өзінің ұлт перзентімін деп ұлттың «мен» дегізерлік қасиеттерін тануы.

Ол – пенденің ұлттық мүддеге табынуы.

Ол – пенденің қара басының мақсатын ұлттық мүддеге бағындыруы.

Ол – пенденің ұлт үшін қабырғасы қайысып, қара нардай тартқан жүктен майысып, ағынан жарылуы.

Ол – пенденің өз ұлтының шыққан тауы биік болсын деп, мәртебесі басқа халықтардан озсын деп, жеңісіне сүйсініп, сүрінгеніне күйініп, қуануы мен қамығуы.

Ол – пенденің ұлтынан қол үзгенде өзегі өртеніп, көңілі құлазып, барын жоғалтқандай, аңсап сағынуы.

Ол – ұлт басына күн туғанда ұлтын сүйгіш жанның керек жерден табылуы, ұлт намысын қорғауға дайындығы керек.

Қорытып айтқанда, ұлттық намыс өз ұлтының «мен» дегізерлік қасиеттерін қызғыштай қорғайтын, ұлтты іргелі, жоғары деңгейге көтеруді аңсайтын да қолдайтын, ісімен де күшімен де ұлттық намыс туын көтеріп, қара басын, керек болса, мәңгілікке жолдайтын қаракет иесі. Әр патриот өзінің ұлттық санасына мығым болуы керек. Ал ұлттық санаға идеология, психология, менталитет, патриотизм,

тәрбие жатады. Ғасырлар бойы советтік өмір салтымен мәжбүрлеп, жоғары билікке қарсы келмей, езгіде болуға үйренген халқымыз өзінің ұлттық киімін тек ұлттық мерекелерде киетін жағдайға жетті. Тәуелсіз еліміздің жаңаша келбеті, менің ойымша, еуропалық үлгіде даму үстінде. Демократиялық принциппен халықтың басын біріктіретін ұлттық идеяны қалыптастыру тәрбиеге негізделеді.

Тәрбие – тал бесіктен басталады. М.Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп, «Педагогика» еңбегінде жазып кеткендей, әр ана қызына кілем, алаша, киіз басуды үйретсе, әкелеріміз ұлдарына асыл тастармен әшекейлеп, алтын-күмістен жасалған зергерлік бұйымдар жасауды үйретсе нұр үстіне нұр болмас па еді. Салт-дәстүріміз қажет уақытта ақылы қызмет көрсететін асабалардың деңгейінде қалмай, ата-әжелеріміздің жеткізуімен әр шаңырақта күнделікті қолданылса екен. Ұлтымыздың ұлт болып қалыптасып, дамуы үшін ұлттық санадан кейін маңызды орын алатын – ұлттық құндылық. Ұлттық құндылыққа ұлтымыздың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен спорты жатады.

Қазақстанда «Үш тұғырлы тіл» туралы мемлекеттіке бағдарлама жүзеге асырылуда. Өз тілін игермеген шалағай өзге тілді оқсата ма? Олай болса, «қазақ тілі – тек дау-дамайдың тілі болмасын», - деген елбасы саясатын ұстанып, келешекке ұлттық мұраларды жеткізер борышымызды адал атқаруымыз керек. «Қалың елім қазағым» деп өткен Абайдың, дала наркескені Махамбеттің, алашым деп аласұрған Әлиханның, қазақты Парижге танытқан Әміренің, шалықтап билеген Шараның, мазмұнды мүсіндерімен елге танылған Әбілханның, айбынды батыр Бауыржанның, шешендіктің шебері Әбіштің ұрпақтары, біздер, қазақ жастары, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, сақтай аламыз. Ұлт намысы үшін күресуді қазаққа ешкім үйретпеген, біздің ұлт қойдай жуас көрінгенмен, ешқашан намысты қолдан бермеген. Олай болса, еліміздің егемендігімен қайта жасарған еліміздің ерекшелігі ұлттық құндылықтарымыз ұмытылмақ емес.

Мыңжасова Елена

10 сынып оқушысы Ә.Молдағұлова атындағы

№ 38 мектеп-лицейі, Орал қаласы

Жетекшісі: Тасқарина Гүлзихан

Қасиетті мекен, тарихым-елімнің нұрлы бағысың!

Биә, бізге белгілі киелі ұғымдар көп-ақ. Солардың қатарына қастерлі байлығымыз – Отанымызды, еліміз бен тарихымызды жатқызамыз. Қасиеттілердің қасиеттісі – осы сөздерді мадақтай айтсақ, алдымен, тауының басын-жайлау, етегін-қыстау, ойын-егістік алған, өсіп-өнген, қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауға, жайлаудан күзеуге көшіп-қонған, адамзат баласының тарих көшіне ілескен халқымыздың тоқсан толғаулы тағдыры көз алдымызға келеді. Бүгінгідей ұлттық патриотизм турасында толғаулы ойларымды ортаға салар сәтте, алдымен, өзекті ойымды өткен тарихқа құрмет және бабалар рухына тағзым етуден бастаймын.

Тағдырдың талай тауқыметі мен тепкісіне кейде төзе, кейде қабырғадан қан кешіп қарсыласа жүріп, ата-бабалардан мирас болып қалған ұлан-ғайыр мекеніне ықылым заманнан бері иелік етіп келе жатқан жаужүрек те дана халқымыз қашан да ел басына күн туған қысылтаяң шақта елінің азаттығы мен егемендігі үшін жасқанбады. Халқымыз қай кезеңде де жалаң кеудесін жау оғына тосты. Өр кеуделі батырларды туғызды. Сонымен қатар, тарих-ана тумысынан бойында намыс оты тұтанған, сол отты жасындай жарқылдатып, халқының тәуелсіздік жолындағы жорығына ту етіп ұстап, ақыл- парасаты мен санасын сәйгүлік қып мінген Күлтегін, Білге қаған, Оғыз, Алып Ер Тұңға, Томирис тағы басқа да түркілік тұлғаларымен әлемге аян болды. Көне түркі жазбаларында: «Түбінде бәрімізді осы топырақ жер қорек қылды. Бірақ киеден айырылу біз үшін дұрыс болмас» деген сөз бар. Нұрдан жаралған қаракөктің тұқымы арғы түркілердің бүгінгі ұрпағы бабаларымыздың үстемдік, жаугершілік құрған заманда да теңдікке, тәуелсіздікке қол созғандығын байқатады.

Иә, рауандап ХХ ғасыр туғанда, халқымыздың қалғып бара жатқан рухын дір сілкіндіре оятып, ұрпақтан - ұрпаққа жететіндей шоқ тастап кеткен ағартушы, қайраткерлер – Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтардың қоғам алдындағы саяси-әлеуметтік қызметіне де тарих әділ төреші болды. Кейінгі ұрпақ оларға құрмет көрсете отырып,

олардың өмірін сүйсіне оқиды, шөліркеген жандай тұнығынан тамсана сіміріп, ұлылар өмірінен өзімізге ғибрат алып келеміз. Иә, түптеп келгенде, ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларын ел құрметіне бөлеген олардың бойындағы ұлтжандылық пен отаншылдық қасиеттер дер едім.

Ұлт зиялылары туралы айтқанда, мен ізденіс барысында «Мәдени мұра мемлекеттік бағдарлама сериясы бойынша «Қазіргі түркі филологиясы» атты жиырма томдық кітапты оқып шықтым. Бұл еңбекте Алаш зиялылары туралы: «Алмағайып тарихи аласапырандар тұсында ғұмыр кешкен ұлы ағаларымыз бір-біріне биік талап қоя білген, егер ұлт мүддесіне қылаудай көлеңке кемшіліктер байқаса, оны құлбілтелемей, әлдебір арам ниет көздемей, ашық айтқан», - деп жазған. Бұл пікірдің астарына мән беріп қарайтын болсам, елімізді мәдениет пен білім, ғылым өресіне сүйреген қайраткерлер еңбегінің орасан зор болғандығын және олардың қоғам алдындағы адалдығын кейінгі ұрпақтардың ұлығылауы туралы айтылып тұрған жоқ па? Қазақ деген намысқой да өжет халқымды өміршең еткен де, ұлылық деңгейіне көтерген де, айдай әлемге танытқан да әр ғасыр тоғысында осындай елім деп өткен ұлдары болса керек.

Иә, тарих тұңғышына көз жіберсең, ата қоныс жер үшін, сол қоныстан қуылып, соры қайнаған елі үшін «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» ұрандап жауға тиетін, халқына бас иетін батыр бабаларымыз бен тағдырдың қиынына төзгенмен, тарихтың қиянатына көнбеген, «көш бастаса көсем болған, сөз бастаса шешен болған» даналарымыз, қай тарапта да жауға белін бермеген, басын имеген, сол халқымыз не көрмеді?!

Туған жер. Туған тіл. Салт-дәстүр. Туған тарих. Қасиетті төрт анасың Сен!..

Осы алтын айбарлы мемлекеттік құндылықтарды құрметтеу біздірге, бүгінгі жастарға, үлкен жауапкершілік жүктейді. Рәміздерді құрметтеу, түптеп келгенде, халқымыздың жастарының өй-өрісін, өзгеше бірегей бітімін танытып қана қоймайды, жаһандану заманында, тіпті, қоғамдық ойлауына, қазақша сөйлеуіне де да ықпал ететіндігі сөзсіз.

ТХалқымыз бүгінгі бүлдіршіннің – ертеңгі ел келешегінің берік қалыптасқан өзегі деп осы Отандық патриотизмді ту етіп, нұрлы болашақ астында ұрпағын ізгіліктілік, өз елін сүюге баулып келеді. Бұл – берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі десе де болғандай. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дейді

ұлы Абай. Бұдан асқан сөз бар ма?! Бұл идея бүгінгі таңда жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм рухына тәрбиелеуде аса қажет. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақстанның Отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім беру мекемелерінде, мектепке дейінгі орталықтарында, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады» - деген еді. Олай болса, тарихты білу, қастерлеу, Отансүйгіштік – қазақ жастарының ұлттық-қоғамдық санасын белгілейтін әлеуметтік тарихи қалыптасқан сезім. Аса қасиетті сезімнің оты сөнбесін, ол Мәңгілік елімізге, Мәңгілік тілімізге, бәрімізге Жерұйық болған сүйікті Отанымызға қызмет көрсетуден бастау алып, ұлтымызды жылыта берсін деймін!.

Жамбыл облысы

Амантай Нұртас

10 сынып, А.Шынасилов атындағы орта мектеп

Т. Рысқұлов ауданы

Тәуелсіз елдің патриотымын!

«Тәуелсіз Қазақстан!», «Қазақстан Республикасы!» Неткен керемет, киелі ұғымдар! Бұл ұғымдардан Отанымыздың тәуелсіз, еркін мемлекет екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз – қанатын кеңге жайған егеменді елміз. Көк туымыз желбіреп, сол жағымыздағы мақтаныш сезімімен дүрсілдеп тұрған жүрек әнұранымызға әуен қосып, әнұранымыз асқақтай шырқалуда. Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 23 жыл толады. Тоғыз жолдың торабындағы алпауыт елдер қатарындағы алып мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та Қазақстанның санаулы ғана жылда биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын. Мен тәуелсіз елдің патриотымын! Ешқандай қиыншылық көрмей жүргенімде, ата-анамның, достарымның жүздерінен қуаныш пен шаттық іздерін байқағанда, көкірегімді керіп «Тәуелсіз елдің патриотымын!», - деп айта бергім, қайталап айта бергім келеді. Еліміздің бейбітшілігінің, тәуелсіздігінің арқасында күліп-ойнап, еркін білім алып жатқан ерікті елдің еркін ұланының бірімін! Н.Ә.Назарбаев: «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!» - деп айтқандай, біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі партада отырған оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу.

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!» -

деп, өршіл ақын М.Жұмабаев болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе? Ақынның өлеңде келтірген көркем сөздеріне лайық болатынымызға сенемін. Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Оған негіз – бүгінгі «арыстандай», «жолбарыстай», «қырандай» күшті жас ұрпақтың, біздің бүгінгі әдемі әрекеттеріміз, ұтымды ұмтылыстарымыз. Мен қазақ болып туылғаныма, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаныма бақыттымын. Өйткені, мен Тәуелсізбін, тәуелсіз елдің патриотымын!

Олай болса, от жүректі, көзі ашық, көкірегі ояу, еліміздің болашағы –жалынды жастар, жанын пида еткен бабаларымыздың аманаттап, мирас етіп қалдырған елін, жерін шұбарламай аман қалпында келесі ұрпақтарға табыстайық. Күніміз шуақты, халқымыз қуатты болып, көк туымыз көк аспанда мәңгілік қалықтасын!

Әжіғұлова Жансая

8 сынып, Ақтоған орта мектебі Т. Рысқұлов ауданы

Мемлекеттік рәміздер – ұлттығым

Менің Отаным – кең байтақ Қазақстан. Қазақстан – мен үшін, менің ата-бабаларым үшін өте қасиетті мекен. Қазақстан – тәуелсіз, дербес, егеменді мемлекет. Біз тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан бері Қазақстанды әлем тани бастады. 1991 жылы 1 желтоқсанда Президент сайлауы болды. Тұңғыш Президент болып Н. Назарбаев сайланды. 1992 жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының рәміздерін қабылдау туралы» Президенттің жарлығы шықты.

Әрбір егеменді елдің өзіне тән мемлекеттік рәміздері: туы, елтаңбасы, әнұраны болады. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ елімізде тұрып жатқан кез-келген адам мемлекеттік туды, елтаңбаны, әнұранды құрмет тұтуға міндетті. «Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны күн сайын телерадио бағдарламалары басталғанда, аяқталғанда және еліміздің аса маңызды мерекелерінде орындалады. Оның әуені менің көңілімді толқытып, жанымды шаттыққа бөлейді, жүрегімді егеменді елімізге деген қуаныш сезімге толтырады. Әнұранның әсерлі үні салтанатты жиналыстар мен мәжілістерде шалқиды. Шет елдердің мемлекет бас-

шыларын қарсы алғанда немесе шығарып салғанда оларға мемлекеттік әнұран әуенімен құрмет көрсетіледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын көпшілік алдында міндетті түрде түрегеп тұрып тыңдаймыз. Біздің мектебімізде әнұран әр дүйсенбі күні орындалады. Әнұранды айтқанда, оң қолды жүрек тұсына қоямыз. Бұл – біздің елімізге деген зор құрмет деп түсінемін.

Қазақстан Республикасының елтаңбасы – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Елтаңба термині немістің «erbe» (мұра) деген сөзінен шыққан. Егеменді Қазақстанның елтаңбасы 1992 жылы ресми түрде қабылданды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек нышанды. Бұл – ұлы дала көшпенділері айрықша қастер тұтқан өмір мен мәңгіліктің символы. Рәміздік тұрғыдан Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп негізі – отбасының бейнесі. Шаңырақ – күн шеңбері. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында қанатты тұлпар орналасқан. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір суретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазуы бар. «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес. Қазақстан Республикасының елтаңбасының авторлары: Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. Мемлекеттік ту ортасында 32 сәуле тараған күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар көгілдір түсті тікбұрышты кездеме. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең: 1:2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік туының авторы - суретші Шәкен Ниязбе-

ков. Бірыңғай көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Ежелгі түркі тілінде “көк” сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Түркі және әлемнің өзге де халықтарындағы көк түстің мәдени тарихына сүйене отырып, мемлекеттік тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді деп қорытуға болады. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн – уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс – бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран Қазақстан Республикасының еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай: «Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі». Мен өз елімнің жас ұланы ретінде ұлттық құндылықтарымыз – ту, елтаңбамызды, әнұранымызды әрқашанда қастерлеп, қадірлеп өтемін.

Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның-алтын бесігің», - деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау, әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Әмірханов Аман

11 сынып, Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектеп Т.Рысқұлов ауданы
Жетекшісі: Аденова Д.Қ.

Жасасын қазақ, Азаттығың!

Қасиетіңнен айналайын қазақ жері! Сенің әрбір тауың мен тасыңда, суың мен нуыңда бабамыздың шоқ басып, шөңге қадалған табанының ізі қалған. Қызыл қаны мен маңдай терінің кермек иісі сақталған. Өз жерінде өгей болып өскен халқымның шемен боп қатқан қасіреті бара-бара қара тасқа айналып, шерлі жүректің шежіресінен сыр шерткендей. Азат өмірді аңсап өскен ата-бабаларымыз өз жерінде

отырса да, басына үйі, бауырына қазаны бұйырмай, қаншама жылдар қайғы жұтып, қасірет тартпады дейсің. Алайда бұл жылдар ерен ерлікке, қайыспас қаһармандыққа толы болғанын біз бүгін сүйсіне еске аламыз да, аталар аруағына басымызды иіп тағзым етеміз. Тағзым жасай отырып, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Кенесары, Сырым, Амангелділер мінген тұлпарлардың тұяғының ізі қалмады ма екен деп, шақпақ тас пен шағыл құмға еріксіз үңілеміз. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болып, Қаратаудан құлаған қаралы көште көзден аққан қан аралас жастан жиналған бұлақ емес пе екен? – деп, сылдыраған суға қарап, ойға батасың. Ал көгілдір аспанға көз жіберсек, көк жүзінде қалықтаған қазақ жерінің қырандарына куә боламыз. Бұлар шейіт кеткен шерменделердің өлмес рухы сияқты.

Жыр семсері Махамбет халқының, елінің ертеңін ойлап, ет-жүрегі езілген қайран баба ес білгеннен бастап бір қадам жерді бастырмай, асыл дүниесіндей қастерлеп, ұрпақ қолына тапсыруды көксей келе:

Арғымақтан туған асылды,
Баптап мінер күн қайда?!
Алаштағы жақсыдан
Батасын алып, дәм татып,
Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол тартып,
Жалаулы найза қолға алып,
Жау тоқтатар күн қайда?! –

деп, жалынды жыр төкті.

1986 жылы 17 желтоқсан күні қазақ жастары тағы да азаттық жолында орталық алаңға шықты. «Менің Қазақстаным» әнін шырқай жүріп, империяның әміршілдік машинасының табанына тапталған, сонда да қайсар рухтан қайтпаған Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова, Е.Сыпатаев сияқты жас қаһармандарға бүгінгі азаттығымыздың алғы шарты болған желтоқсан ерлерін емірене еске ала отырып, соларға арнап жыр айтпақпыз.

Желтоқсан көтерілісі қанша ызғарлы естілсе де, елдің рухын көтеріп, еркіндік сәулесінің жібін қайта сабақтады. Өктем күш шындықты жер бетінен жасырғысы келгенімен, адалдық үні ақыры жарып шықты. Ол ел еңсесін езген жоқ, елдігін көтерді, санасынан ұлттық рух өше бастағандарға саңылау енгізді, ата-бабаның қанымен, жанымен қорғаған қасиетті жерінің құнын арзандатушыларға қатал

сабақ болды. Өктем күшке, әділетсіздікке қарсы халықтың қанын қыздырған ар-намыс алауы болды. Бұл алау – «Біз сондай іргелі ел едік» деп ұлтының оянуына ой жүгірткен, ұлтын сүйгені үшін «ұлтшыл» деген айып тағылып, өмірден от-жалын боп кеткен Мағжан, Ахмет, Міржақыптардың арман отының алауы еді.

Бұл алау – халықты дәуір көшінен қалдырмай, ел болу жолына салсақ, сол жолда адастырмас көшбасшы болсақ деп ұмтылған, «Халық жауы» айыбымен өмірден жалт етіп өткен Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің өкініш өксігінің лап еткен жалыны еді. Осы тәуелсіздікті сол қана аралас көз жасын, арман жасын халқының намыс отына тамызық етіп, алдыңғы бабаларының өрлігін жалғастырған, еркіндік күресінің алау отын жаққан жастадың рухы әкелген сияқты.

Тәуелсіздікке қол жеткізу қандай қиын болса, оны сақтап, іргесін нығайту жолында да қиыншылықтар аз кездеспеді. Бұл жол да өз сынын алға тартты. Әлемнің небір аузымен құс тістеген тәкаппар елдеріне өзіңді танытып, тең тұрып тілдесер күн де туды.

Шерхан Мұртаза: «Тәуелсіздік – біреу. Ол – біз сияқты, қазақ сияқты халыққа жүздеген жылдардан кейін ғана келіп жеткен Алланың ақ нұры. Оған бәріміз адал ниетімізбен тіреу болсақ қана аман түзелер», - деген еді. Тәуелсіздіктің күн нұры күлім қағып, қыраны қалықтаған туы желбірегенде жүзінде мақтаныштан нұр күлкісі төгілмеген қазақ жоқ шығар, сірә?! Осы орайда тіліме Тұманбай ақынның:

Ұлы аманат етейік еркіндікті,
Ел құлдықты білмесін, жер күндікті,
Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең,
«Қазақ болу – зор бақыт» - дер күн тіпті, -

деген шумағы еріксіз еске оралады.

Елбасымыздың сөзінен қуат алып, 2030 жылды бетке алып, жас ұрпақ өркениет жолына сеніммен қадам басты. Екпінді адым. Барыс қимыл, барыс шапшаңдық, шыңға ұмтылған барыстың өрлігі қазақ жастарынан байқалады.

Қазақстаным – жасыл орманым,
Қуанышымды жасыра алмадым.
Аңсаған елім, аңсаған бабам,
Азаттық еді асыл арманым!-

деп қазақ үні, менің замандастарымның асқақ үні бүгінде әлемді алып барады.

Не деген бақыт! Бұл – ұлт бақыты, ұрпақ бақыты.

Балкыбек Данекер

8 класс, СШ им. Болтай батыра Т. Рыскуловский район

Руководитель: Колжанова А. С.

Моя Родина – Казахстан

Утро. Солнечные лучи заглядывают в окно, наполняя комнату светом и теплом. Начинается новый день! Душа наполняется радостью и огромным желанием жить, творить и совершать добрые дела.

Я считаю себя счастливым человеком. Мне дарит свою любовь мама, заботится и оберегает старший брат, поддерживают верные и надежные друзья, открывают удивительный мир знаний любимые учителя. С особым трепетом я говорю о тихом моем селе, в котором прошли мои первые детские годы, об улице, ставшей родной вместе с ее стремящимися ввысь тополями. А самым лучшим городом считаю мой Тараз, расположенный на юге нашей необъятной страны. И это моя Родина, частичкой которой я и являюсь.

Родина... Родная земля.. Сколько красивых, теплых слов сказано о ней! Родной земле посвящены удивительно нежные строки известных поэтов, задушевными песнями воспето ее величие, кистью художников на полотнах запечатлена необыкновенная красота. Уверена, что в сердце каждого человека, взрослого или еще юного, живет любовь к той земле, где он и вырос, где произнес первые слова, услышал нежные колыбельные песни мамы, почувствовал тепло ее рук. Все самое хорошее и дорогое свяно именно с Родиной: родные и близкие, окружающие тебя с детских лет, друзья, с которыми не хочется расставаться, заветные мечты и планы, для осуществления которых нужно учиться и добиваться все новых и новых успехов. Это трепетная любовь, чувство искренней привязанности ко всему и выражается в слове Родина. Она закладывается с самых первых дней, с рождения человека. За нее во все времена честные и благородные люди, не колеблясь, готовы были совершить подвиг, а ради свободы и благополучия своего народа даже отдать жизнь. Если мы искренне любим свою Родину, то она отвечает нам тем же: родные места вселяют радость и успокоение в наши души,

придают уверенность, вдохновляют на великие дела. В родном краю все кажется более красивым, чистым. Именно родная природа дарит нам самые светлые чувства, позволяет вдыхать аромат полей, лесов, любоваться разливами прозрачных рек, наслаждаться неповторимой синевой небесных далей. И солнце на родине самое яркое, и снег зимой самый ослепительный, и летний дождь самый теплый.

Все, чем богата наша земля, вызывает у меня уважение и чувство гордости. Но глубокую любовь к Родине не может испытывать человек, равнодушный к живущим рядом с ним людям. Любить свою страну – это любить и ее народ. Именно ему посвятили жизнь многие великие люди, настоящие сыны своего Отечества. Народ – это главное богатство моей Родины. На казахской земле под одним шаныраком живут и трудятся люди более ста двадцати национальностей. Я особенно ценю мир, дружбу, взаимопонимание, согласие, царящее на нашей земле, и понимаю, что все это зависит от нас самих. Мне по душе все, что связано с людьми, проживающими на гостеприимной земле Казахстана. В единой дружной семье каждый учится уважать и ценить друг друга, каждый уверен в своем будущем.

Издавна наш народ славился щедростью, стремлением к свободе, умением защитить свой очаг. Ничто не сломило стойкий дух казахов, сумевших уберечь свою землю от набегов врагов, выстоявших в многочисленных битвах и сохранивших самое главное – свободу и независимость. Моя Родина гордится храбрыми батырами, талантливыми жырау и акынами, поэтами и писателями, которые воспели любовь к казахской земле, призывали любить и уважать друг друга, сохранять мир и заботиться о будущем. Магжан Жумабаев, Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Иван Шухов... Эти имена знают все. В честь многих знаменитых земляков в моем городе установлены памятники, открыты скверы, их именами названы улицы и школы. Мое поколение стремится сохранить все самое лучшее, что накапливалось веками.

Безграничной радостью наполняется сердце, когда слышу слова восхищения о нашем крае, о Казахстане. Горжусь, что живу здесь и являюсь гражданином этой страны. За годы своей независимости Республики Казахстан смогла завоевать авторитет в мировом сообществе. Наш Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев уверенно ведет к новым достижениям и делает все для благосостояния народа и процветания страны.

Настоящее моей Родины – это мирная жизнь казахстанцев, это великолепная столица Астана, это города, в которых строятся дома, это

люди, улыбающиеся друг другу при встрече, это наши ветераны и все старшее поколение, это студенты и школьники, которые получают хорошее образование, чтобы в дальнейшем стать достойными гражданами Республики Казахстан.

Берик Арайлым

9 класс, СШ им. Болтай батыра Т. Рыскуловский район
Руководитель: Сыйкымбек Г.Б.

Новый мой Казахстан

Казахстан завершил переходный период. А теперь перед народом стоят более трудные задачи: стать одним из конкурентоспособных, динамично развивающихся государств в мире. Я иногда смотрю на необъятные степи, ощущаю, что душа хочет всё познать, заявить о себе как о достойном гражданине. И кажется, там за горизонтом, твоё будущее, будущее страны. Читая Послания, я понимаю, что страной руководит человек, которому не чужды чаяния, надежды граждан.

Один мудрец говорил: «Если Вы не знаете, куда идёте, то Вас может привести любая дорога, но, памятуя об этом, нужно перед собой видеть модель будущего и присматриваться, не сбиваемся ли мы с пути, опережаем события или отстаём»

Мы видим, что Назарбаев проводит большую работу по улучшению благосостояния народа. Однако всякая реформа ничего не стоит, если человек не защищён. Проснувшись утром, человек должен знать, что его семья находится под защитой. Глава государства говорит: «Сегодня у нас появилась возможность на улучшение социального обеспечения народа, и эту возможность мы реализуем». На это государство потратило 108 миллиардов тенге. Здесь хочется сказать, что наша формула проста. Я делаю всё в интересах государства, а оно в свою очередь защищает меня как личность.

Итак, цель второй реформы — добиться финансовой стабильности. Казахстан приступил к инвестиционному этапу реформы. В страну увеличился приток иностранного капитала. Назарбаев последовательно проводит курс на развитие предпринимательства, удельный вес людей, занятых малым предпринимательством, достиг 10% от

общего числа работающих. Была принята новая Конституция. Решился вопрос о земле, о языках...

Мы достигли лидирующих позиций в экономике, конструктивных отношений с международными партнерами, но, чтобы Казахстан стал неотъемлемой частью мировых рынков, товаров, услуг, капитала, мы должны ещё очень многое сделать. Так у нас, совсем рядом, построен комплекс «Биохим», не имеющий аналогов в странах содружества. Завод открыл новую страницу для Казахстана как поставщика биоэтанола на мировой рынок. Вокруг завода задействованы сопутствующие производства. В этом и есть идея развития кластерной экономики. За достижения в инновационном развитии агропромышленного комплекса товарищу Зенченко Г.И. был вручен золотой нагрудный знак «Барс» и благодарность главы государства, в которой говорилось: «Надеюсь, что в ближайшие 10 лет, когда Казахстан будет входить в число пятидесяти наиболее развитых стран мира, Вы останетесь моим соратником и будете рядом со мной». Ответ юбиляра: «Все, что мы делаем сегодня, это не для собственного блага, а для блага всего Казахстана».

Мне в этом году посчастливилось побывать в столице, полюбоваться её достопримечательностями, почувствовать заботу и душевную теплоту к детям и услышать: «Перенос столицы состоялся во имя будущего всего Казахстана. Огонь столицы, зажженный на берегах Ишима, разогрел все факелы и осветил все уголки нашей Родины». Назарбаев уверил, что это и есть начало прогресса и устойчивого развития Республики Казахстан. И я уверена в том, что эти слова относились к нам, мы должны претворять в жизнь эти идеи.

Наше государство уникально и в примере образования Ассамблеи народов Казахстана. Причём это не просто формально действующий орган. Достаточно вспомнить, со сколькими инициативами Ассамблея выступила перед Главой государства. Всё говорит о том, чтобы избежать национальных перекосов, нужно готовиться заранее, разрабатывая превентивные меры. Говорю об этом, но меня не покидает ощущение гордости за то, что во многих вопросах внутренней и внешней политики наше государство оказалось мудрее других. Пришло время поделиться со всеми тем, каким мы хотим видеть своё будущее, будущее детей, внуков. Назарбаев отмечает, что нельзя жить только сегодняшним днём. Мы должны чётко понимать, что хотим построить. Только мы можем проделать огромную работу для реализации нашей мечты, которой могли бы гордиться дети. Первые испытания мы прошли. У нас создана систе-

ма, при которой каждое министерство и ведомство организует работу так, чтобы каждый день, месяц и год продвигаться вперед шаг за шагом к намеченной цели и твердо знать, чего мы хотим.

Каким я представляю Казахстан через двадцать три года? Казахстан должен стать чистой и зелёной страной со свежим воздухом и прозрачной водой.

Молодое поколение будет здоровым и высокообразованным. Мы будем одинаково владеть казахским, русским и английским языками, будем патриотами своей процветающей страны. Да, нам сегодня очень трудно, а разве людям во время войны было легко, когда люди пухли и умирали от голода, работали по шестнадцать часов. Ведь и сегодня 800 миллионов людей нашей планеты голодают, не имеют крыш над головой, гибнут в кровавых войнах. Мечта Президента и каждого из нас реализуются. Я верю, что к 2030 году Казахстан станет центральноазиатским Барсом, показывая пример другим развивающимся странами. Казахский Барс будет следить, чтобы солнце, которое согревает нашу землю, не затмило облако войны.

Гордяцкий Максим

11 класс, гимназия № 1 г. Тараз

Мой родной Тараз

Тараз – любимый город мой!
Мне хорошо всегда с тобой!
Здесь я родился, здесь я живу,
Здесь я свободно и вольно дышу!

Я решил написать сочинение о родном городе. Я его люблю и хорошо знаю, благодаря рассказам старожилков, изучению памятников, посещениям достопримечательностей, прогулкам по городу, посещению памятных мест, изучению материалов музеев и библиотек.

В нашей области 1100 памятников. Я с интересом их посещаю и изучаю. Считаю, что памятники – лучшие свидетели всего происходящего, это память о прошлых значительных событиях, о выдающихся людях. Изучая памятники, я пришел к выводу, что благодарные граждане города свято чтут память о тех, кто участвовал в борьбе за свободу и независимость народа во все времена, кто героически трудился

на благо народа. Всё, что дорого моим землякам, запечатлено в памятниках.

Мой город много повидал: он был победителем и побежденным, до основания сожженным, но вновь возрожденным на Великом Шёлковом Пути. Наш Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев говорил и писал, что Тараз – путеводная звезда истории нашего народа.

На протяжении двух тысячелетий город много раз менял названия: Теззек, Таниркут, Таласо, Тараз, Яны-Тараз, Аулие-Ата, Мирзоян, Джамбул. С 1997 года – Тараз.

Под современным центральным рынком (его закрыли для проведения раскопок) находятся остатки цитадели, к которой примыкают шахристан и рабады. В городе имелся трубопровод из глиняных труб, мощёные улицы, монетный двор. Исследователи достигли периода X-XII веков. При раскопках найдено 50 монет, более 40 тысяч экспонатов. Обнаружены две бани, датируемые X-XII веками. Их макеты я видел в музее Н.А. Назарбаева в Астане. Обнаружено медресе – это самое раннее медресе на территории Казахстана.

Археологи считают, что Тараз фактически был столичным городом. В нем жили люди разных национальностей и вероисповеданий. На шумных базарах звучали славянская, персидская, тюркская, китайская речи. И сейчас наш город по-прежнему многонациональный. В нашей гимназии учатся дети пятнадцати национальностей:

Я – русский, татарин – мой друг,
Казахи, узбеки – это наш круг!
Турки, уйгуры, корейцы, дунгане –
Они тоже в нашем стане.
У нас все люди полны оптимизма,
В нашем Казахстане нет национализма!

Развитие нашего города зависит от людей, от их труда. Мои ближайшие родные внесли достойный вклад в развитие экономики и культуры города. В бабушкином семейном архиве хранится множество орденов и медалей, различных знаков, Почетных грамот за труд. Мой прадедушка, Сеницын Михаил Васильевич, обслуживал Турксиб, сданный в эксплуатацию 31 декабря 1930 года. Это была огромная радость для людей. Первый поезд горожане встречали ликующими криками «ура». Ведь Турксиб связал Аулие-Ату со всеми центрами Союза. Дедушка был машинистом паровозов, а позднее тепловозов. Ему

было доверено водить пассажирские поезда. За свой труд он награжден орденами Ленина и Трудового Красного Знамени, медалями «За трудовое отличие», «Ветеран труда», отмечен знаком «Почётный железнодорожник».

В памяти о событиях Великой Отечественной войны в городе высечены монументальные памятники. За героизм, проявленный в боях, 20 наших земляков были удостоены звания Героя Советского Союза: М. Бегенов, Н. Белашов, А. Даулетбеков, С. Естемисов, С. Ларионов, П. Томасевич, Н. Фазлаев, Б. Момышулы, А. Мин, А. Петров, К. Шакинов, А. Сорокин, В. Вишневецкий, В. Савва, С. Сушев.

Самым юным Героем Советского Союза был 18-летний Жанибек Елеусов, прославившийся в боях за Днепр. 300 девушек добровольцами ушли на фронт из Джамбулской области. Они стали врачами, сестрами милосердия, снайперами, радистками.

Память о войне в нашей семье священна. Среди моих родственников много погибших, много умерших от ран после войны. Папин дедушка прошёл всю войну, много раз был ранен, вернулся в 1946 году домой. Много рассказывал о боях, о фронтовом братстве. Всегда повторял: «Сам погибай, а товарища выручай» Учил моего папу быть сильным человеком и преданным другом. Таким и стал мой папа. Большая часть наших родственников – люди военные. Четыре моих двоюродных деда – полковники в отставке, два из них воевали в Афганистане. Дядя - подполковник в отставке.

Бабушка рассказывала, что жители города собирали деньги на вооружение армии. Например, домохозяйки станции Джамбул в 1941 году собрали на танковую колонну «Турксибовец» сорок девять тысяч пятьсот четыре рубля.

В городе было несколько госпиталей. Клуб «КОР» стал госпиталем. Он был рядом с вокзалом, поэтому раненых прямо из вагонов перевозили на телегах или переносили на носилках в госпиталь. Безнадежных раненых жители аулов увозили к себе домой, отпаивали их кумысом, и большинство из них возвращались в строй. Вот такие мои земляки!!! Любовью и заботой окружили они осиротевших детей из Польши, которых привезли в наш город. Для них открыли школу на родном языке, интернат. Считаю, что жители нашего города внесли свой бесценный вклад для победы. Уверен, что надо из поколения в поколение передавать все то, о чем я пишу. Я должен рассказать об этом своим детям и внукам. Так будет передаваться память людская. Она не должна иссякнуть! Никто и ничто не должно быть забыто!

Только тогда люди будут добрыми и порядочными, будут беречь мир на планете!

Во имя спасения мирных граждан 12 ноября 2011 года при задержании террориста - смертника погиб командир взвода дорожной полиции капитан Газиз Байтасов. На месте его гибели установлен постамент, а на аллее ДВД установлен бюст «Халық Қаһарманы» Газиза Байтасова. Я думаю, что его сыновья Армаджан и Адильжан вырастут такими же смелыми, как их отец. Еще больше хочу, чтобы трагедии такие не повторялись, чтобы не оставались дети сиротами.

Город Тараз - областной центр с населением более 300 тыс. человек. В нем 13 микрорайонов. В городе прекрасные площади, парки, скверы, аллеи, комфортабельные гостиницы. Хорошая зона отдыха - парк Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Вход - величественная колоннада, выполненная в античном стиле. В парке - фонтаны, водоем, аттракционы, высится памятник легендарному Кошек батыру. В центре города - прекрасный парк Турара Рыскулова. В 2013 году на благоустройство города было выделено более 236 миллионов тенге. С 2013 года работают новые областная и городская детские больницы, Назарбаев интеллектуальная школа, детский образовательный комплекс «кінжу», где обучается 360 детей на казахском, русском и английском языках. Работает прекрасный Дворец спорта «Тараз - Арена», где в 13 залах ведутся занятия по 18 видам спорта. В городе 53 школы. Я учусь в гимназии №1. Школа была открыта в 1878 году, 25 января 1924 года школе присвоено имя Ленина, статус гимназии присвоен в 2004 году.

Творят историю города люди. А люди у нас необыкновенные, любящие свой город, создающие для него что-то особенное. С 2009 года наш город стал отличаться от других городов Казахстана множеством цветов. Площади и скверы, улицы и перекрестки украшают пышные цветочные клумбы из белых, красных, розовых, фиолетовых петуний. Цветы везде: в плетеных корзинах, в изящных бетонных вазах, в бетонных чашах - тайгазанах. Они переливаются всеми цветами радуги. Свыше 30 видов цветов. Сотни тысяч только петуний вырастила Жумагуль Омарова - руководитель фармацевтического объединения «Жасулан и К». Теперь имя цветочницы Жумагуль известно во всем Казахстане. Её мечта - превратить свою республику в красивейший цветочный сад.

Мы гордимся своими выдающимися врачами, актерами, спортсменами. Недавно открывшейся пятиэтажной клиникой «Жүрек» руково-

дит один из лучших кардиохирургов республики Абдудталып Аширов. В ноябре 2013 года Н. А. Назарбаев посетил клинику и действительно убедился, что в клинике созданы все условия, позволяющие проводить все виды кардиохирургических операций, включая пересадку сердца.

Всемирно известный актер Асанали Ашимов - наш земляк. 14 сентября 2012 года благодарные жители Тараза устроили ему юбилейный вечер в областном драмтеатре в честь его 75-летия. Я знаю выдающегося боксера Бахтияра Артаева. Наш земляк, получивший Золотую медаль на Олимпиаде в Афинах, неоднократно был в нашей гимназии и очень скромно рассказывал о себе. Жамбылский боксер Серик Конакбаев (жил рядом с моей бабушкой) - трехкратный чемпион Европы, двукратный чемпион Кубка мира. Серебряный призер на 22-ых Олимпийских играх - сейчас депутат Мажилиса Парламента РК. Закончить хочу эссе своими словами:

Не могу разлюбить я свой город,
Когда люди такие в нем есть!
Они создают ему славу,
Им же Почет и Честь!

Жайлау Мөлдiр

10 сынып, А.Шынасилов атындағы орта мектебі Т. Рысқұлов ауданы,
Жарлысу ауылы

Тәуелсіздік тұғырым!

Тәуелсіздік – елдің жүрегі,
Елбасы – оның тірегі
Бәйдібек баба

Осы бір зердесі мен зейіні ерен, байыпты да байсалды, сұңғыла да сара парасатты, қасиетті Тәуелсіздік туралы жазу үшін қолыма қалам ұстағанда, көңілім біртүрлі қанатты құстай көкке көтеріліп кетті. Қаншама қиын-қыстау жолдардан, қаншама қиямет-қайым от кешулерді бастан кешкен қазақты ел ету Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының маңдайына жазылды. 1991жылы бірінші желтоқсанда бүкіл халықтық сайлауда айқын жеңіске жетіп, ел тізгінін қолына алды. Сөйтіп, еліміздің тар жол, тайғақ кешулі қасиетті сапары,

азаттықтың арпалысқа толы ақ жолы басталды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялап, тас бұғаудан босап, қайта түлегенін танытты. Төл тарихымыздың жаңа кезеңі-жаңғыру кезеңі басталды. Ұлы көштің басында еліміздің тұңғыш президенті тұрып, асқар-асқар асуларды бағындырды. Тәуелсіздік жолында қаптаған қайраңдардың арасындағы адастырмас жалғыз ғана жолды Елбасы таба білді. Тәуелсіздіктің алтын шамының жануы – биік белес пен айшықты ақиқаттың нақты көрінісі. Қазақ халқының тәуелсіздіктен айырылып, Ресейге бағынышты кіріптар күн кешкен заманда қоғам көкжиегінде жарқырап шыққан. Елбасы талай тайталастармен келген азаттығымыздың, ел боламыз деп ғасырлар бойы ұмытылған егемендігіміздің еңсесін көтерді. Зайырлы ел болып, заңғар биікке өрлеуіне себепші болды. Сұңғыла да сара парасатымен таңғаларлық табысқа жетіп, тарихтың өлшемімен алғанда қысқа ғана уақытта батқан терең тұңғыықтан шығып, дамудың даңғыл жолына түсті.

Бар-жоғы 23 жыл ішінде атқарылған жұмыстар бір ғасырда жүзеге асатын істерге бергісіз. Айдын теңізге шыққан алып кеменің басқару тетігін қолына ұстаған көшбасшымыз туған халқына деген сеніммен тәуекел деп, Тәуелсіз елдің іргетасын қалауды, оны нығайтуды қолға алды. Бойында туа біткен қасиетті және өмірлік тәжірибие мен бекіген төзімділігі, сабырлылығы, ұстамдылығы бар тұңғыш президентіміз бүкіл Қазақстандықтарды өзінің айналасына топтастыра білген саясаткер екендігін танытты.

Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы – кеңестен кейінгі кеңістіктегі тұңғыш бастаушысы. Қазақ елі көк байрағын өз қолымен тұңғыш рет көтеріп, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрған Елбасымыздың аз жылдың аясында туған елін әлемдік қауымдастыққа танытқандығына, өзгелермен бірге өзімізде қайран қалып, тамсанамыз. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – әлемнің аса ірі мемлекеттері мойындаған қазақ мемлекетінің ең алғашқы бастаушысы, дүниежүзіне әйгілі саясаткерлердің бірі. Ол – ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тоғыстырып, Тәуелсіздікті алымды да, алғыр басшы. 1991 жылдың күзінде 40 жылдан астам уақыт бойы адамзат баласына от бүркіп, апт қауіпін төндіріп келген 459 ядролық жарылыс өткен Семей ядролық сынақ полигоны мәңгіге тыншыды. Елбасы көрегендігі мен ерік-жігерінің нәтижесінде туған елінің тыныштығы мен азаматтың қауіпсіздігін ту еткен Елбасы 40 жыл бойы ырық бермеген апатты алауыздықтады, аждаһанын беті қайтып, араны жабылды. Жалпақ дала төсіндегі

ядролық сынақтардың тоқталуына қол жеткізіп, дүйім дүниені құлақ, көңіл көркейткен әлемде тұңғыш рет жойқын, қуатты ядролық арсеналдан бас тартты. Бүкіл дүниежүзінің назарын өзіне еріксіз аударып, осы бір батыл қадамның нәтежесінде мемлекетіміздің Тәуелсіздігінің қауіпсіздігіне әлемнің іргелі мемлекеттері кепілдік берді.

1997 жылы көшбасшымыз елордамызды Алматыдан Астанаға көшірді.

Бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның жүрегі арқа төсіндегі ару қала, арман қала –Астанада соғады. Ақорданың төбесінде қасиетті көкбайрақ желбіреді. Астанадағы құрылыс қарқыны, адам қолымен сомдалып жатқан сұлулық қайран қалдырады. Тез арада бейнесі жаңарып, нағыз астана кейпіне енгені таңырқатады. Жас қаламыз күн сайын өсіп, көркеюде. Көз тартарлық көкпен таласқан зәулім үйлер, ірі-ірі оқу орындары басқа елдермен тең түсуде. Бұған басшымыздың сіңірген еңбегі орасан зор, ол күллі қазақ халқының күш жігерін жұмылдырып, іс жүзінде жаңа қала, жаңа Астана орнатты. Елорданың салынып көшірілуі елдің өткенінен болашаққа, жаңа дәуірге ауысуының нышандық оқиғасына айналды. Біздің Астанамыз қуатты да, өркенді және барша Қазақстандықтарды біріктіретін, сонымен бірге халықты ұштастыратын ұлттық идеяға айналып келеді.

Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері өзіндік даму моделін – Қазақстан жолын қалыптастырды. Табыстылық формуласының авторы – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ХХІ ғасырдың бірінші жарты-сына дейінгі бағыт-бағдарымызды айқындап, оны жүзеге асырудың нақты жолдарын көрсетіп берді. «Қазақстан-2050» стратегиясымен ел дамуының жаңа кезеңі басталды. Сондай-ақ, қоғамды толғандырып жүрген мәселеге де нүкте қойды.

Бұл – ұлттық идея мәселесі. Ұлтты ұйыстырып, мәңгі мақсаттарға жетелейтін идея – «Мәңгілік Ел» идеясы. Бұл идея жайдан-жай туа салған жоқ. Жерұйықты арман еткен көне заманғы бабалардан бүгінгі ширек ғасырлық Тәуелсіздік тарихымызда түзілген, Елбасы атаған жеті құн-дылық негізінде терең толғаныстан туған көшелі ой. Қазақта «Жақсы сөз жарым ырыс» деген аталы сөз бар. Елбасының «ұлттық идеямыз – мәңгілік ел!» деп нақтылауы сол даналықпен астасып, өзіндік үйлесім табуда. мәңгілік ел болу үшін ынтымағымыз жарасып, экономикасы дамыған халқы, тұрақты ұлттық теңгесі сынды құндылықтары бар тәуелсіз мемлекет орнығуы тиіс. Сонда сол елмен өркениетті елдер де санасады. Бұл биікке біз тәуелсіздігімізді төрткүл дүние паш еткелі Елбасының бастауымен көтерілгеніміз аян.

Мұны «мәңгілік ел» болу баспалдағына қадам басу деп те түсінген абзал. Елбасымыздың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты дәстүрлі жолдауының ұстанымы – елімізді әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосу, тәуелсіздігімізді сақтай отырып, «мәңгілік ел» идеясын баянды ету. Бұл қазақстанның жаңа белестерін бағындыруына, жоғарғы экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізіп, қарқынды дамыған мемлекетке айналуына жол ашады. Қазақстан халқы ежелден-ақ еңбек қорлықтарымен, татулығымен, қабілеттілігімен танымал. Сондай-ақ бұл жолдау – тарихи маңызы зор және жарқын болашаққа арналған басты мемлекеттік бағдарлама.

Президентіміз Тәуелсіздік алған күннен бастап, үнемі халықтың намысын қайрап, әрқашанда өркениетке ұмтылған ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер қойып келеді. Соның нәтижесінде еліміз кейбір дамыған мемлекеттердің өздерін сүріндірген ауыр кезеңдерден қиналмай өтіп, баршаны таңғалдырған айтулы табыстарға қол жеткізді. Дамудың қазақстандық үлгісін қалыптастыра отырып, беделі биік, абыройы жоғары, қуатты мемлекетке айналды. Әрине, бүгінгідей ғарыштық жылдамдықпен алға басқан уақытта бір сәтке кідіріп қалуға болмайды. Сол үшін Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудың жолдары мен тактикасын нақты белгіленген тың идеяларын жария етіп отыр. Бұл елдің алыс болашағын болжай білетін, өз халқына шынайы қамқорлық, жана-шырлық жасай алатын кемеңгер саясаткердің, дара тұлғаның қолынан келетін тарихи іс.

Бүгінгі күн қазақ елінің шежіресінде мәңгі енетін күн. Тарихтың талай белесін өтіп, бұл күнге де жетіп отырмыз. Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз. Елімізге тірен болатын ағамыздың басқарып, отырғанына мыңда бір шүкір. Шүкіршілік етіп қана қоймай, халқымыздың өмірінің одан әрі гүлденуіне де өз үлесімізді қосуымыз керек. Біз, XXI ғасыр жастары елдің болашағына, Елбасы салып берген жолдың баяндылығына жауаптымыз. Осы ойда, осы мақсатта әрбір жас көкейінде ұстап, сол жолда тер төгетін болса, тәуелсіздігіміз баянды, еліміз іргелі болмақ.

Жамбыл Әсем

10 сынып, Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы

Ақсу-Аюлы ауылы

Жетекшісі: Шатекова З.Д.

Ұлы далам – ұлан-байтақ Отаным!

«Отаным»,-деп соққан жұдырықтай жас жүрегімнен шыққан осы сөзді айдай асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау іңкәр еткен заманға жеткен елімді мақтаныш етемін. Менің Отаным – Алтайдан сонау Атырауға дейін көсілген:

Батысында Жайық, шығысында Ертіс есілген,
Тарихын шертсе тұсауы тілдің шешілген.
Жұртының ыстық жүрегінен жұлдыз тұтанған,
Отаным осы - Қазақстан болып атанған!-

деп ақын жырлағандай, Атыраудан Алтайға дейін созылған ұлан-ғайыр кең өлке, тарихы шексіз, дәстүрі шетсіз ата-жұрт. Әні мен күйі шалқыған ғажайып сұлу сахара!

Менің елім – Қазақстан. Осынау құдіретті сөзді әрбір Қазақстан Республикасының азаматы асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алары хақ. Осындай аймағы үлкен, қойнауы қазынаға толы құнарлы жерімізге кімдер көз тікпеді? Олар қазақ жеріне иелік ету үшін қаншама рет шабуыл жасап, елді тыныш қоймады. Бірақ ержүрек ата-бабаларымыз сыртқы жаудың қимылын бағып, тойтарыс беріп отырды. Сол батыр бабала-рымыздың арқасында, халықтың бірлігінің арқасында ел өзінің кең-байтақ жері мен құт мекенінде еркін көсіліп, жайланып жатыр.

Бақыт пен шаттықтың ұясы, туысқандық пен достықтың мекені, еңбек пен ерліктің ордасы – менің сүйікті республикам! Мен де Қазақстанда тудым. Яғни менің де қасиетті Отаным.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Талай адам тылсым құбылысқа сенуге біршама бейім және санамыздың әлдебір түкпірінен «кереметке іңкәрлік» деп атауға болатын бір сезім жиі қылаң береді. Көне кезең туралы хабардарлығымыз біздің бүгінгіні білуімізбен салыстырғанда болмашы ғана. Сондықтан да бағзы за-

ман біздің ұғымымызда көбінесе ертегідей ғажайып немесе жұмбақ кейіпте елестейді. Табиғат тылсымына терең бойлай бермеген ата-бабаларымыз да өздерін толғантқан мәселелер мен арман-мұңдарын көктегі құдірет иелеріне немесе киелі күштерге сеніп тапсырған. Сөйтіп, бүгінгі күні ақиқатқа айналып отырған қиял іспетті сенім мен таным бізге сонау ерте заманғы бабаларымыздың өсиеті арқылы тарихи мұра ретінде жетті. Тіпті көне дәуірдің өзінде-ақ әлдебір жердің немесе өңірдің ала бөтен ерекшелігі, әлдеқандай қасиеті болатындығы айрықша аталып келген. Римдіктер бұл ұғымды «genius loci» деп атаған, аударма мағынасы «киелі жер» дегенді білдіреді. Сол жердің немесе сол аумақтың қасиетіне орай оның желеп-жебеп тұрар иесі бар деген наным болған. Міне, «киелі жеріміз» осы. Алайда кез келген жердің тек өзіне ғана тән киесі бола бермейтінін нық сеніммен айта алар едім. Тіршілігіне айрықша мән-мағына беретін өзіндік орта мен адам әрдайым бірден сезіне қоймайтын ерекше қасиет әр аумақтан табыла бермейді. Аумақтың киелілігі әу бастағы жаратылысынан деп кесіп айтуға болмайды, ол ғасырлар, тіпті мыңдаған жылдар бойы қалыптасады. Осы жерде жүздеген жылдар бойы болған оқиғаның бәрі текке кетпейді. Соның бәрі, сөйтіп, оның айрықша қасиеті түзілуіне табиғи түрде септігін тигізеді. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихын зерделеген сайын біздің бүкіл ұлы даламыздың өзіндік айрықша құдірет болмысы бар екеніне көз жеткізе түсеміз.

Адам баласы балалық шағынан бастап-ақ Отанға деген сүйіспеншілігі ояна бастайды. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе туған кент. Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет.

Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдердің қатарына қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Отансүйгіштік сезімнің өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келеді. Кейде, шіркін, бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қалай аман сақтаған деп таңқаламыз?! Шынында талай зобалаң кезеңді басынан кешкен қазақ жері «найзаның ұшымен, білектің күшімен» өзінің жер көлемін сақтап келген. Бабаларымыз басынан не кешпеді, не көрмеді? Екі жүз жылдық жоңғар-қазақ тартысында Абылай хан сияқты жан да, Төле, Қазыбек, Әйтеке би секілді шешен де, Қабанбай, Бөгебай, Наурызбай, Қарасай секілді қас батырлар да өз жерін ерлікпен қорғады.

Біз бақытты ұрпақпыз! Себебі, ата-бабаларымыз қанын төгіп, жанын беріп аңсап кеткен тәуелсіздікке біз қол жеткізіп, ешкімге тәуелді болмай, еркін өмір сүріп келеміз. Енді осы желбіреген көгілдір туымызды төмен түсірмеу – басты борышымыз. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін, жас дос! Бізді бесігінде тербеген Отан үшін аянбай, Отанды сүйген үстіне сүйе берейік. Мен Отанымды жанымдай жақсы көремін және бүгінгі бақытына ортақтаса отырып, Тәуелсіздік тұғырың биік, мәртебең асқақ, бақытың мәңгілік болсын деймін, қасиетті Отаным!

Жөндербек Ақтомы

10 сынып, Қ. Сұлтанбеков атындағы орта мектеп
Т.Рысқұлов ауданы Жетекшісі: Бейсбаева А. О.

Шежірем бар таусылмайтын сан қилы

Тарихы көне Таразбен тамырлас қасиетті де киелі Т.Рысқұлов ауданы шежіреге бай өлке. «Шежірем бар таусылмайтын сан қилы» атты тақырыбын алған себебім де осы. Т.Рысқұлов ауданының құрылғанына 75 жыл толу мерекесіне орай, шығарманы өзімнің туып-өскен ауданым жайлы алуды жөн көрдім. Жүрегі «туған жер, туған ел, атамекен» деп соққан әрбір қазақтың өз мекенін, өз қонысын шырқамауы, оны астарлы сөзбен ардақтап, сыйламауы, туған жері жайлы сырдан шежіре тарқатпауы мүмкін емес. Сол себепті мен де өзімнің туған ауданым, қасиетті, киелі мекенім, тұнған шежірем, тарихи танымым Тұрар Рысқұлов ауданы жайлы сыр шертпекпін. Менің бас иетінім де, қасиетім де – туған жер.

Құлан өңірі – Жамбыл облысының оңтүстігінде орналасқан. Шығысында Меркі, батысында Байзақ аудандарымен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен шектеседі. 1938 жылы 4 наурызда Қазақ ССР Жоғары Советі Президумының жарлығымен Лугавой ауданы болып құрылған. Алайда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1999 жылғы 11 наурызда «Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылымы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8-ші желтоқсандағы Заңының 9-бабына сәйкес Жамбыл облысының Лугавой ауданы – Т.Рысқұлов ауданы болып қайта аталсын делінген.

Т. Рысқұлов ауданы – киелі өлке, қасиетті мекен десе де болады. Бұрынғы заманнан ата-баба дәстүрін ту етіп келе жатқан аудан

еңбеккерлері сайын далада шаңырақ көтерген жаңа ауданның, содан бері 75 жылдық тарихында Республикамыздың гүлдене түсуіне зор үлес қосып келе жатқандығын көреміз. 1938 жылдың 4 наурызы күні отау тіккен аудан кең көлемді, үлкен тарихи жолдан өтті. Егер тарих тұңғыығына көз жіберсек, бүгінде құрылғанына 75 жыл толып отырған аудан қай уақытта болмасын кең байтақ. Еліміздің гүлденуіне, экономикасының нығаюына барынша мол үлес қосып келе жатқандығын байқаймыз. Туған жер – адам өміріндегі киелі орын. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған ауыл. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат, жаныма жақын жер Құлан өңірінен басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалық шағым өтті. Үйдің маңында балалармен ойнағаным және мектепке алғаш барған кезім әлі есімде. Иә, туған жердің әр тасы мен жусаны, суы мен құмы – менің ақ бесігім. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені, есіктің алдын еске түсіресің. Сондықтан да мен оны анамдай сүйемін...

Жерлес ақын апамыздың Құланға деген ыстық махаббатынан туған өлеңінде мынадай жолдары бар еді:

Көркің әсем көктем,
Құмырсқа бел көкем.
Күлімдеші күлші,
Жүзің гүл алма.
Үмбет құмын басып,
Жібек жолын асып,
Келші сәулем келші
Біздің Құланға!

Бізде әлемдегі барша халықтар сияқты туған жеріміздің төсінде тыныстап, мөлдір суын ішіп, мәңгі бейбіт өмір сүргіміз келеді. Саналы ғұмырын өзінің кіндік кескен ауылында өткізіп, еңбек еткен азаматтың өзі: «Мен бірінші ата-анама, екінші туып-өскен ауылыма қарыздармын» дейді. Көрнекті жазушы, марқұм Тахауи Ахтанов: «Ойлап отырсам, талантты ақын-жазушылардың тоқсан тоғыз пайызы ауылда дүниеге келген екен. Сондықтан біздің ұямыз ауыл. Біздердің қан тамырымыз да, жүрегіміз де ауыл деп соғады», - дейді. Міне, сондықтан да қасиетті туған

жерімізді аялап, қадіріне жете білейік. Қасиетті, туған жер! Бойымдағы бар жақсы қасиеттерім үшін мен саған қарыздармын, қажырлық пен қайсарлықты, құзды шыңды тауың мен асау желің үйретсе, жомарттық пен ақ пейілдікті мына жатқан жеміс талы мен сай саламнан үйрендім. Шыдамдылық пен байсалдықты шетсіз де шексіз далаңнан үйрендім.

Кали Сымбат

10 класс, школа-лицей № 1 с. Луговое, Рыскуловский район

Моя отчизна – Казахстан

Моя отчизна - это Казахстан. Это – великое, прекрасное государство с богатой историей, древней культурой и неповторимой природой. Народные традиции сплотили людей и легли в основу устойчивого мира. Культура казахов по-своему уникальна. Широки просторы казахстанских земель. Казахская степь, природа поражает своей невиданной красотой. Я никогда не перестану ими восхищаться.

Президентом нашей страны является поистине мудрый человек, тонкий политик, стратег и настоящий патриот, Н.А. Назарбаев. Благодаря ему мы достигли стабильности и процветания. С приобретением независимости начала развиваться экономика, наука, культура. За время нашей независимости мы сделали немало: построили крепкое государство, улучшили уровень жизни людей. Нурсултан Назарбаев, президент нашей Родины, всегда на первое место ставит народ. Люди верят ему и любят этого человека. И в том числе я. Я думаю, мы не плохо живем, есть недостатки, но мы все верим в него, он сделает нашу страну самой благополучной.

Наша страна многонациональна, и в этом еще одно преимущество, потому что мы все - единое целое, и нас объединяет наша Родина, дружба, уважение, взаимовыручка и общая культура. В Казахстане единой семьей живёт более пятнадцати миллионов человек, представителей более ста национальностей и народностей. И всё это сопровождается хорошим отношением и симпатией друг к другу. На казахском, русском, уйгурском, немецком, корейском, татарском языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы на радио и телевидении. И как сказал Н.А. Назарбаев: “Дружба народов, взаимопонимание и солидарность – вот основа, на которой мы строим новый Казахстан!”

Астана – это олицетворение процветания нашей страны, это символ надежды и уверенности народа в своем будущем. Это – прекрасный и мирный город с архитектурным ландшафтом и уникальными скульптурными символами. Я уверена, что в будущем наша столица станет еще лучше. Своему родному, самому прекраснейшему для меня городу Астане искренне пожелал бы дальнейшего роста и благосостояния.

Каждый гражданин Казахстана помнит знаменательный день, 16 декабря 1991 года, когда мы получили независимость. С этого дня прошло уже двадцать три года. Я благодарна своей родине за семью, друзей и мирное небо над головой.

Все сознательные года моего детства прошли в независимом государстве. Даже не понимая, что такое независимость, я слышала и знала о ней. Из поколения в поколение передаются рассказы о важнейших событиях, выдающихся личностях, об их подвигах и великих делах. Поэтому, думая о родине, мы думаем и о героях прошлого и настоящего, и об известных писателях, поэтах, музыкантах, художниках. Все это — наша история, все это — наша родина. Родина, где мы родились, где каждый день кушаем хлеб, где самые родные люди живут рядом.

Кирьянова Дарья

8 класс, гимназия № 40 г. Тараз

Руководитель: Осипова Т.В.

Гимн родной страны

Каждое государство имеет отличительные знаки-символы: герб, флаг, гимн. Государственные символы олицетворяют независимость страны и живущего в ней народа.

Независимость и сила Казахстана, связь древности и современности, неба и земли выражаются в символике цвета – голубого и золотого. Сочетание голубого и золотого в казахстанском гербе, на развевающемся казахстанском флаге является узнаваемым во всём мире. Но едва ли граждане других стран знают о том, что голубой и золотой – это главные цветовые образы гимна моей страны.

«В небе – золотое солнце, в степи – золотое зерно...» – так начинается наш гимн. Уже в первых строках песни рождается образ просторного – от земли до неба – мира, тёплого, урожайного, счастливого. Радостное,

победное звучание гимну придают открытые, широкие гласные звуки, вслушайтесь:

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!

Гласные звуки сначала рождаются где-то в груди, затем становятся звонче, растут, и вместе с музыкой гимна растёт душа. В груди становится совсем тесно, ладонью чувствуешь, как сильно бьётся сердце и просит воли... И наконец – мощным, свободным потоком гимн прорывается и наполняет собой всё пространство. В глазах – слёзы...Слёзы гордости за страну, её силу и стремительные достижения. Слёзы счастья от сознания, что я родилась и живу в этой стране, могу быть ей полезной. Слёзы светлой веры в нерушимость страны, её прекрасное будущее.

Текст нашего гимна – текст от первого лица, от «я». Это – прославление Родины, это – признание Родине в любви, это – выражение преданности Родине, ощущение неразрывного родства с ней:

Я твой цветок, взращённый тобой.
Я песня, звенящая на твоих устах,
Родина моя – мой Казахстан!

В Казахстане все от мала до велика знают гимн, трепетно к нему относятся. Пусть гимн страны озвучивает великие свершения казахстанцев!

Қайырболатқызы Мерейлім

3 сынып, «Қойгелді» атындағы орта мектебі Талас ауданы,
Тамды ауылы

Туған жердей жер болмас

Туған жер өз үйімізден басталады. Әр адам өз туған жерін құрметтеу және сүю қажет. Егер адам Отанын сүймесе, онда ол жер оның Отаны болып саналмайды. Елін сүйетін адам Отансыз өмір сүре алмайды. Алыс сапарға шыққанда туған жерін қатты сағынады. Оны

түсінде де көреді. Демалыс кезінде ауылымнан қашық кетсем, қайта туған жеріме оралғым келеді. Ақындай айтпақшы, туған жер-жұмақ мекен деп ойлаймын.

«Отансыз адам, ормансыз бұлбұл», - деп дана халқымыз берер айтпаған. Себебі, адам баласы туған жерсіз, Отансыз ғұмыр кешпейді. Әр адамның тұрақты үйі, мекені болу қажет. Сонда ғана адам бақытты өмір сүреді. Кіп-кішкентай бұлбұлдың өзі туған жерін іздейді, қайғырады. Осы жөнінде «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», - деген мақалды дана халқымыз жайдан жай айтпаған болар.

Мен үшін Отан, туған жер деген ұғымдар ыстық. Себебі, адам баласы өз елін, жерін сүймей болашақта жетістікке жете алмайды. Туған жерді сүю арқылы біз елімізді, қазағымызды шекіз жақсы көруіміз керек. Мен Қазақстаныммен мақтанамын.

Қурбанбаева Индира

10 сынып, №1 мектеп-лицейі Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы
Жетекшісі: Сариева Э.А.

Аңсаған атамекен

Отан... Бұл сөз – әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз. Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным, ата-бабаларым туып-өсіп, туын тіккен жаныма жайлы киелі жерім, алтын топрағым – Қазақстаным. Бірақта жүрегімдегі бір өкініштісі сол киелі жерден алыста көрші елде, балалығымның, балдай тәтті шақтарын өз Отанымнан алыста өткіздім. Қанша алыс болсам да жүрегімдегі бір ғана арманым –Отаныма қайта оралсам екен деген ой болатын. Отаныма деген сағыныш қайта оралуымды жақындатқан сияты. Көрші елде басымнан көп киын жағдайлар өтті. Соның ішіндегі жаныма қатты тигені – менің тірегім әкемнің ол дүниеге аттануы.

Әкемнен ерте ажрап қалғанымның бірден-бір себебі оз Отанымыз атамекенімізде тұрмағанымыз деп білем. Себебі көрші елдегі адамдар біздің отбасымызды ылғи да шеттейтін. Сол қара ниетті бірін-бірі көре алмайтын, жанын да жылуы жоқ, тас жүрек жандар әкемді ерте ол дүниеге аттандырды. Өкініш өзегімді өртеп, жанымды қинайды. Кей кезде ойға шөміп!...»Неге менде басқа бақытқа толы

отбасындағы балдар сияқты өз Отанымда, кең байтақ қазақ жерінде, туылып, ата-бабаларым із басқан киелі жерде алғаш рет тысауымды кесіп, тәй-тәй басып жүрген жоқпын!?»-деген сұрақ жанымды жиі-жиі қинайды. Осылайша, балалық шақтарым Отанға деген сағыныш пен өкінішке толы өтті. Кеш болса да, балалық арманым орындалып, міне, өз Отаныма, қазағым орналасқан кең байтақ қазақ даласына, қайта оралдым. Қайта оралғандағы қуанышымды сөзбен жеткізе алмаймын...

Қуанғаным соншалықты поезден түсіп, өз Отаныма табаным тиген кезі көзіме сағыныш жастары келді. Бір сәтке болса да қуаныш сезімдері, қиналған шақтарымды, өкінген күндерімді кішкене болса да ұмытуға көмектесіп, жаным жай тапқандай болды. Ең бастысы мен жалғыз емес екенімді, менің қасым да қандас бауырларым, қашан да қол ұшын беруге дайын, қонақжай, мен үшін теңдесі жоқ, қазағым бар екенін сезіндім.Өз Отаныма нағыз бақыт не екенін түсініп, шын жүректен армандасаң, ерте ме, кеш пе орындалатынына көзім жетті. Алайда, көңілімнің көлеңкесі, сүйенсең асқар тауым әкеммен бірге осы бақытты күндерімді өткізсем екен деген балалық арман жүрегімді қинап, көңіл-күйімді түсіреді. Білемін, арманым еш уақытта орындалмайды, бірақта әкемнің жоқтығы мені әлсірете береді. Өкінген мен пайда жоқ, өткен күндер қайта оралмайды. Өмір ғой, бәріне де көнеміз...

Енді менің тек қана бір жолым бар, ол да болса әкем жете алмаған жетістіктерге жетіп, биік шыңдарды бағындырып, әкемнің арманын орындап өз Отаныма пайдасы тиетін азаматша болып ер жету. Енді қалған өмірімде өз Отанымды жоғарғы дәрежеде білім алып, болашақта Отанымның өркендеуіне өз үлесімді қоссам екен. Менің ендігі басты мақсатым ана тілімді жақсы менгеріп, өзге ұлттарға өз тілімде сайрап мақтану. Мен үшін Отан – дүниедегі ең асыл да ардақты, қымбатта ыстық, ой түйсігінің шырқау шыңының ұшар басындағы қасиетті ұғым. Мен үшін әр бір қазақ Отан мен «Ана» бірін-бірі толықтыра түсетін ажырамас ұғым. Біздің салыстырмалы санамызда бір неше анамыз бар. Атап айтатындай бізді өмірге әкелген жарыққа шығарған әйел затын ана десек, соңғы анамыз туған еліміз, туған жеріміз. Ойыңды жеткізіп айналаңмен қарым-қатынас жасайтын ол –өзіміздің ана тіліміз.

Міне біз міндетті түрде өз анамызды ардақтауымыз керек, тағы да сол сияқты өз халқымызды, оның ішінде қанша ұлт болса да, сыйлауымыз керек. Себебі біздің Отанымыз оларға қамқорлық

жасап, құшағына тартып отыр. Көзі ашық, көкірегі ояу қазақ ұрпақтары Отанын, анасын қорғауға міндетті. Шындығында, осы сезім емес пе, қазақтың батырларының елі үшін, жері үшін көкірегін оққа тостырған, жандарын пида қылдырған. Мен өз елімді, өз халқымды ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерім мен әдеп-ғұрыптарымды жан тәніммен сүйем.

Ана тілімізді ардақтап, қастерлеп ұлттық құндылығы-мызды сақтап қалайық. Біз ата-бабаларымыз сенім артқан ұрпақтарымыз. Барлығымыз бір жағадан бас шығарып қолымыздан келгенше қазақ елін, қазақ ұлтын әлемге танытайық. Мен Отанымның өркендеуі үшін, әр уақытта өз үлесімді қосуға тырысам. Қашан да мен қазақ деген атыммен, қазақ деген еліммен, жағымды ана тіліммен кай елге болсада көкрек кере мақтана аламын!..

Құлмахан Қазына

9 сынып, Жамбыл атындағы орта мектеп Т.Рысқұлов ауданы
Жетекшісі: Абдиханова Н.М.

Елбасының өмірі мен қызметі

Елбасының әкесі Әбіш атасы Назарбайдың кенжесі. Ол кісінің Әбіштен үлкен Үмбет, Шалабай деген ұлдары, бір қызы болған екен. Қызы жас кезінде қайтыс болып кетіпті. Назарбай әлде би, болмаса болыс па, әйтеуір ауқымды аймаққа билік жүргізген, қолында мөрі бар адам екен. «Назарбайдың жазығы», «Назарбайдың диірмені» деп аталатын жерлер әлі де бар. Назарбай Шамалған, Қаскелең, Үшқоңыр жайлауларын қоныстаған екен.

Назарбай атасы дүние салғаннан кейін мөрін елбасының әжесі Мырзабала ешкімге бермей өз қолында ұстаған. 1929 жылдың қатерлі көктемінде қазақ даласына «Коллективтендіру» деген бәле келді. Бұл шақ – жуанның жіңішкерік, жіңішкенің үзілген кезеңі. Әбіш жалданып жұмыс істеген Никифоровтар отбасының тамырына балта шабылды. Сөйтіп, бәрінен жүрдай болған халық ауылдан шұбырып, бас ауған жаққа кете барады. Басқа жақтан жер аударылған «кулактар» Шамалғанға қоныс тебеді. Жергілікті елге шаруашылықпен айналысуға рұқсат берілмей, тауда жол салу жұмысын істетеді. Осы оқиғадан кейін қаншама уақыт өтсе де, жергілікті тұрғындар осынау бұралаң жолды – «Жазалылардың жолы» деп атап келеді. Сол кезде бригадир болып қызмет атқарған Әбіш

«Жазалылардың» арасынан болашақ жары Әлжанды кездестіреді. Сөйтіп, екеуі жүрек қалауларымен тағдырларын қосады. Тұрмысқа шыққаннан кейін Әлжан бес жылға дейін құрсақ көтермейді. Райымбек бабадан «бойыма бала бітсін» деп тілеген Әлжан анамыз арада бес жыл салып қазақтың Қарасай батырының жетінші ұрпағы Назарбайдың Әбішінің отауында аңсап күткен маңдайы жарқыраған ұл дүниеге келеді. Түсінде теңіздің түбінен тауып алған мылтығы бүгінде баяндаманың кейіпкеріне айналған Елбасының өзі.

Құдайға сеніп, құлшылық етіп, намаз оқыған әжесі Мырзабала «Кенже ұлдан көрген тұңғыш немерем» деп бауырына салып, өзі Нұрсұлтан деп ат қойыпты. Бұл күн 1940 жылы шілденің алтыншы жұлдызы еді. Жастайынан білімге деген құштарлық пен ата-анаға деген сүйіспеншілігі байқалып тұратын баланы үй ішіндегілері Сұлтан деп атаған. Өз ортасының алғыры бола білген бұл Сұлтан бүгінде әлемді салиқалы саясатымен мойындата білген. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Елбасының өмір дерегіне көз жүгіртер болсақ ол кісінің аса еңбек сүйгіштігін байқаймыз.

Еңбек деген байлық бар,
Іздеген талмай жететін.
Жоқшылық деген жәбірді,
Жермен жексен ететін

- деп дана халқымыз айтқан осы өлең жолдарының сөздері Елбасының бозбала кезінен-ақ бойынан табылады екен.

Еліміз 1991 жылы тәуелсіздігін алғаннан соң, ТМД елдері өз ақша, валюталарын еңгізді. Соның ішінде бірінші болып біздің елдің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1993 жылы 16 қарашаны – теңге күні деп жариялады. Ол мемлекеттің ішкі саясатын нығайту және Ресейге тәуелдіктен құтылу үшін Қазақстанның ұлттық валютасын жасауды қолға алып, төл теңгемізді дер кезінде айналымға енгізді. Мемлекетаралық ынтымақтастықты қолға алды. Теңге өмірге оңайлықпен келген жоқ. Елбасымыз өз теңгемізді шығаруға қаржыгерлерге арнайы тапсырма берді. Ұлттық валютамыздың өз дизайні, өз идеясы болуы керектігін қатаң тапсырылды. Олай етпейінше, Қазақстанның халықаралық ауқымды танылуы, сол арқылы әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі, аумақтық тұтастығы мен шекарасының мызғымастығына кепілдік алуы мүмкін емес еді.

«Қазақстан - 2030» бағдарламасын экономика әлі оңала қоймаған 1996 жылы қабылдатқанын, сондай-ақ, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастықтың ұйымына төрағалық етуге деген қадамы да сонау 2003 жылы басталғанын еске алсақ жеткілікті. Тәуелсіздікке қол жеткізе салысымен, елімізде ядролық сынақтарға тыйым салуы, көп векторлы сыртқы саясат жүргізу арқылы алыс-жақын мемлекеттердің бәрімен де достық қарым-қатынасты жолға қоюы шетелдерде тұратын мыңдаған қандастарымызды Отанымызға көшіріп алғызуы Елбасымыздың республикамызды бүгінде ТМД мемлекеттері арасындағы ең қарышты қарқынмен дамып отырған, қуатты елдердің қатарына әкеліп қосқан тарихи еңбегі екені даусыз.

Елбасының ұстанған саясатының арқасында Қазақстан халқының бірлігі жарасым тауып келеді. Тәуелсіздік орнығуының ең қиын жылдарында халықтың кемелдігі мен елдің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қайраткерлігі нәтижесінде Қазақстанда этносаралық жанжал мен қоғамның бөлінуіне жол берілген жоқ. Осы орайда, Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы қабылданды. Мұндай саяси мәні терең, алуан түрлі ұлт пен ұлыстарды бір шаңырақ астына біріктірген доктрина ешбір елде жоқ. Елбасының үлкен еңбегінің бірі – Қазақстан халық Ассамблеясы институтын құруы. Бұны Біріккен Ұлттар Ұйымы басшысының өзі жоғары бағалады. Мемлекеттік тіліміздің ахуалы да біртіндеп түзеліп келеді. Осы кезде мектеп оқушыларының 71% қазақ тілінде білім алып жатыр.

Қазіргі таңда тәуелсіз және егемен ел екенімізді білдіретін Елтаңба, Ту, Әнұранымыз бар. Мемлекеттік рәміздер қашанда ел айнасы, ұлттық тұтастықтың кепілі. Елбасының пәрменімен 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік Рәміздер бекітілді. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің өмір салтын, бүкіл болмысын, ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіреді. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтас-тықтың ұйымына төрағалық етуіміз, оның 11 жылдан соң саммитін өткізіп 56 мемлекеттің басшыларын қабылдап, Астана декларациясының қабылдауына қол жеткізуіміз, 27 елдің спортшыларын жинап, VII қысқы Азия ойындарын өткізуіміз шоқтығы биік жетістігіміз екені анық. Мәдени мұра бағдарламасы, «Қазақстан – 2050» стратегиясы қоғам дамуының жаңа белесіндегі басты сұрақтарға жауап береді. «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастырумыз керек», - дейді Елбасы.

2012 жылғы 14 желтоқсандағы Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан XXI ғасырдың ор-

тасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс», - деп асқаралы межеге қол жеткізу қажеттігін мәлімдеді. Бұл мақсатқа жеті үшін Елбасының сеніп отырғаны – елі, туған халқы және өскелең жастарға деген зор сенімі мен үміті. Елдің даму стратегиясын ондаған жылдарға алдын-ала айқындап және оған болжам жасап қана қоймай, сол жоспарды іске асыра білу Елбасыға тән қасиет. Еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін арттыратын айтулы оқиғаның бірі – 2017 жылы Астанада өтетін ЭКСПО – 2017 көрмесі. Жаңа Қазақстан әлемдік беделді оқиғаларды тек қана тамашаушы ғана емес, өзі жүзеге асырушы, жаңа идеяларды сыңға салып, әлемдік қоғамдастықтың мерейіне бөлей алатын белсенді де жетекші мемлекеттің біріне айналды. ЭКСПО – 2017 көрмесінің жасыл энергия тақырыбы жаһанды өркендеу мен шуаққа, елімізді жаңа технология мен ғылымның әлеуетті буынына айналдыратын жасампаз жоба болатыны айдан анық.

Елбасымыздың қазақ халқына арналған жолдауын «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп атаған. Жолдау – жаңа үміт, жаңа міндет, жаңа жетістіктерге жол бастаушы. Жолдау Қазақстан халқын толғандырып отырған мәселелерге нақты жауап береді. Елбасының жолдауынан бастау алатын игі істердің барлығы еліміздің дамуына, халықтың мүддесіне бағытталады.

Біздің халқымыздың еңбек жолын қарапайым жұмысшылықтан бастап, бүгінде аты әлемге әйгілі қайраткер дәрежесіне көтерілген, өмірдің ащысы мен тұщысының бәрін де татқан, от пен судан өтіп, мейлінше шыныққан, мемлекет басшысы ретінде жүргізіп отырған саясатын дүниежүзі мойындаған өз Елбасымыз бар.

Ол Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Малахова Ксения

6 класс, гимназия № 1 г. Тараз
Руководитель: Сагимбаева Ж.Б.

Смотрю на мир и вижу – это я!

Теплый свет ночника, уютная мягкая пижама, новая книжка в руках, хрустальная музыка Грига...Всё располагает к неторопливым размышлениям. Я люблю это время перед сном. Книга в моих руках – путешествие, «самое легкое, самое сокровенное и самое простое», как обещает её автор Бернар Вернер. Уже не первый вечер я совершаю

это путешествие в мир воздуха, мир земли, мир огня и воды. Сегодня «Книга путешествия» предлагает мне слетать, в моё сокровенное убежище – вовнутрь себя. Кто я? Что могу? Что чувствую? Каково моё место в огромном окружающем мире и что представляет мир во мне?

Я внимательно прислушиваюсь к самой себе. Сердце четко и мерно отстукивает свой жизненный ритм: «Ксю-ша», «Ксю-ша»...

Ксюша – это я, девочка двенадцати лет, мамина радость и бабушкина любимица. Я центр маминой Вселенной ещё и потому, что единственная у неё.

Жёлтый глаз ночника приветливо мигнул: он в курсе моих детских впечатлений и забот. Моя душа вмещает в себя весь мир. Мне светло и радостно от этого. Моё имя – Ксения - в переводе с греческого означает «гостья». Наверное, когда мама ждала моего появления, она уж точно не думала о том, что её дочурка – маленькая гостья из будущего, которой так понравился сегодняшний мир людей, что она решила остаться в нём. Может быть, поэтому я всегда чувствую себя родной и близкой по духу Маленькому Принцу Антуана де Сент – Экзюпери. Может быть, поэтому я стараюсь дарить людям радость – звезды, которые умеют плакать и смеяться. Ничего, что они приобретают вид совсем обычных вещей, которые умею делать своими руками, своей головой, своим сердцем.

Мама научила меня видеть красоту в самом обычном. И я взяла в руки фотоаппарат. Теперь прекрасное – застывшее мгновение на снимке – радует всех, кто бывает в нашей гимназии. Самое удивительное, что моему фотоувлечению помогает общение с живой природой.

Совсем недавно я открыла для себя сенестезию В. Набокова – «слияние осязания и запаха, цифры, звука и цвета ...». Это единство звука и цвета я наблюдаю каждый день. В нашем дворе мирно уживаются две собаки и три кошки, кролики и куры, ежик и черепаха Сэндвич. Море цветов, зелени, плодоносящих деревьев и кустов. Как тут не станешь ботаником или биологом, как мама?!

Вот на белом снегу гордо застыл почти палехской раскраски петух. Его сияющая цветастость заполнила, кажется, весь наш двор. А следом полилась «музыка» - осторожное квохтанье смешных, по-домашнему уютных несушек.

На полу кухни солнечное пятно, посередине которого свернулись калачиком кошка и два её черных, как смоль, котёнка.

Во сне они мягко потягивают лапки, сонно мурлычут. И так весь день. Всё в нем для меня наполнено красками и звуками. Я словно

держусь руками за незримые нити, которые связывают меня с окружающей природой. Мне хорошо и комфортно от осознания того, что я часть огромного, красивого, загадочного мира.

Девочка, которой интересно жить и познавать себя. «Солнечная девочка», как называет меня моя учительница. И мне это нравится. Я счастлива. Смотрю на мир и вижу - это я!

Науан Гүлнұр

11 сынып, Қызыл-шаруа орта мектебі Қызыл-шаруа ауылы, Т.

Рысқұлов ауданы

Жетекшісі: Метерқұлова Ү. О.

Журналистика - мен армандайтын мамандық

Бала күнімнен журналист болуды армандаймын. Арманым жету үшін асығамын. Жақсы журналистке нендей талаптың үдесінен шығу керек дегенде менің түсінгенім: ең әуелі алдындағы ақ қағазға, қаламға адалдық керек. Қарақан бастың қамынан гөрі ел мүддесі, халықтың тағдыры, Отанның бүгіні мен келешегі қашанда бірінші орында тұруы тиіс. Менің журналистика саласындағы мақсатым: «Жүрген жолы әрдайым нұрлы істер, қаламың мұқалмасын журналистер!»- дегендей, жаңалықтың жаршысы болып, көрерменнен (оқырманнан, тыңдарманнан) алты сағат алда жүремін. Өз қызметімді жемісті атқару үшін интеллектуалдық, психологиялық, шығармашылық қабілетімді толық пайдаланып, сонымен бірге табанды, батыл, әділ қасиетіммен таныламын. Жеке бас мәдениетімді сақтап, мәселені терең білуге талпынамын. Өмірде әртүрлі жағдайға кездесетіндіктен, барлығынан жан-жақты хабардар болып фактіге жеңіл-желпі қарамай, оның түпкі мәніне, себеп-салдарына назар аударып, жаңалықтың жаңылмай шығуына атсалысамын. Өз білімімді теориялық тұрғыдан толықтырып, тәжірибелік тұрғыдан ізденіп, өз көзқарасымды білдіремін.

Журналистиканың үш саласы бар: газет, радио, телевидение. Қазір заман талабына сай интернет журналистика шықты. Әрқайсысының өзіндік көтерер жүгі бар. Мәселен, газет жанры бойынша Алаш арыстарының бірі – Ахмет Байтұрсынов атамыз: «Газет – әдебиет тобына жататындықтан, жазылған сөздер мағына жағынан толымды,

көңіл жағынан қонымды, тізуі тәртіпті, сын алдында сымдай болуы тиіс», - деп, газеттің көтерер салмағын сараптайды.

Радио саласы да оңай емес. Радиода адам микрофон алдында көзбен қабылданатын бейнесімен, қимыл-қозғалысымен көріне алмайды. Бұның бәрін дауыс алмастыруға міндетті. Ол барынша бейнелегіш қасиетке ие болуы тиіс. Сонда радио тыңдаушы дыбысқа сенеді, образды сезінеді.

БАҚ «төртінші билік» болғанда, ресми түрдегі үш билік: заң шығарушы, атқарушы, сот билігі бар. Бірақ, БАҚ-тың «төртінші билік» атаған халық. Қоғамның қолдауы мен ерік жігерінен пайда болған ұғым. Сондықтан «қолымдағы билігімді» пайдаланып, жетімнің жылауына, сырқаттың емделуіне себеп болып, халықтың назын билікке жеткіземін.

Журналистиканың қай саласында жүрсек те, шындықтан ауытқымайық. Шерхан ата Мұртаза айтқандай: «арқалағаны – алтын, жегені – жантақ» журналистер әр қоғамға да керек. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «...Біз еркін бұқаралық ақпарат құралдарының иелері журналист ұжымдарының өздері болатындай жағдайға келуіміз керек. Ол адамдар жолсыздықты сынға алатын, алайда патриот, өз Отанын сүйетін және қоғамның тыныш, қалыпты өмір сүруін қалайтын адамдар болғаны жақсы... Журналистік ұжымдардың жемісті әрі емін-еркін жұмыс істеуі үшін қазіргіден де көбірек жағдай жасау жөн. Сонда Қазақстанда ашық қоғам да, еркін баспасөз де болады», - деген еді ғой. Бұдан артық бізге не керек?

Елбасының бұл өткір сөзі еріккеннен айтылмаса керек. Тәуелсіз елдің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп, ұлттық журналистикамызы жандандыруды қолға алды. Жоғарғыдағы жанашыр сөзі әрбір ұлтжанды, саналы азаматтың есінен шықпауы тиіс. Тәуелсіз елдің тағылымды тілшілері біз боламыз болашақта!

Отыншы Дінмухаммед

школа-лицей № 1 с. Кулан, район Т. Рыскулова

Казахстан – это наша Родина

Через грядущие испытания мы сможем
достойно пройти только в том случае,

если сумеем сплотить воедино наши силы,
помыслы и желания

Н.А.Назарбаев

Казахстан – это наша Родина. Она ею была, есть и будет. Мы, казахский народ, весьма упорны. И именно это упорство позволило нам, не смотря ни на что, отстаивать нашу Родину.

На протяжении более трех столетий мы считались частью Российской империи. Триста лет мы были в их подчинении. Но, как уже было сказано, мы весьма упорны. Хотя Российская империя и подчинила наши земли, но душу казахского народа им подчинить не удалось. Мы никогда не переставали пытаться вернуть нам нашу независимость и свободу. Все эти триста лет мы боролись. Восстания под руководством Сырыма Датова, Исатая Тайманова, Кенесары Касымова и еще многих других великих предводителей происходили в течение ряда лет. Все они хотели лишь одного - свободы. К сожалению, все восстания были жестоко подавлены, а предводители беспощадно казнены...

Разумеется, причин, почему абсолютно все восстания были подавлены, хватало. Нехватка людей, несовершенное оружие, дезертирство революционеров и, самое отвратительное, предательство собственных товарищей. Раз за разом Российская империя подавляла наши попытки достичь независимости. Но с каждым разом, с каждым новым поражением люди не отчаивались. Они никогда не падали духом. А каждое новое восстание открывало людям глаза и заставляло их двигаться вперед к цели. Каждое новое восстание сопровождалось всё новыми и новыми поражениями. И так, двигаясь очень маленькими шагами, от поражения к поражению, без какой-либо потери боевого духа, мы достигли своей цели.

Сейчас независимому Казахстану двадцать три года. Двадцать три- именно столько лет казахский народ живет ради себя. У нас есть свой герб, свой гимн, свой флаг. У нас есть идеалы, которые дают нам жить с высоко поднятой головой, мечты и цели, которые двигают нас вперед к еще более светлому будущему, и свобода, которая позволяет нам вспорхнуть высоко-высоко в бескрайнее синее небо. А главное, у нас есть свой лидер, который освещает нам путь.

Истинный лидер не ищет легких путей, он идет навстречу препятствиям. А преодолевая эти препятствия, он делает себя и тех, кто идет за ним, еще более сильными и упорными. Он всегда идет впереди всех, ведь он лидер. Лидер – это тот, кто всегда идет впереди и принимает

всю боль, горечь поражения и ответственность на себя. Он позволит переступить через собственное тело, но никогда не позволит переступить через свой народ. Таков истинный лидер, а не паразит, который будет прятаться за спинами своих товарищей.

Мы имеем истинного лидера, у нас есть четко поставленные цели. А еще у казахского народа есть упорство, которое необходимо для достижения действительно недостижимых целей. Имея все это, мы не имеем права пасть на колени перед кем бы то ни было. Мы должны идти вперед за нашим лидером, как это делали все наши предки, которые желали свободы. Мы достигли свободы, а когда люди достигают одних целей, они обычно меняют их на еще более высокие. Так что свобода – это не предел наших желаний.

У нас есть еще очень много недостижимых целей, которые мы обязаны достичь. И, разумеется, без каких-либо других вариантов, достигнем. А для того чтобы подвести страну к высоким достижениям, стараний одного или двух людей совершенно недостаточно. Каждый человек должен внести свой вклад в достижение цели. Лишь стараниями абсолютно всех людей можно добиться чего-то действительно недостижимого.

Рамазанова Айжан

9 класс, гимназия № 40 г. Тараз
Руководитель: Радюкова Н.Ф.

Духовная связь

Прогуливаясь по улицам моего древнего города, наблюдая за вечно куда-то спешащими людьми, я часто задаюсь вопросом: «Что бы сказали нам наши предки, если б смогли вдруг нас увидеть?». Каждый раз, читая казахские легенды о прошлом, я ощущаю, что мое сердце переполняется трепетом, глубоким почтением и гордостью за свой народ, свою страну. В моей душе рождаются сильные непередаваемо-прекрасные чувства. Когда-нибудь, когда я смогу освободиться от своих забот, я приеду в далекую степь, распростершуюся среди гор, и закричу так громко, насколько это возможно: «Мы здесь! Мы свободны! Мы независимы, как ты и хотела, моя земля! Вот поля, вот степи, вот горы! Все принадлежит нам! Мы чувствуем, храним и помним, благодаря кому мы независимы.

Мы не забыли, мы помним! Помним все, что было, помним всех, кто посвятил свою жизнь борьбе за свободу. Их имена для нас святы».

Я и вся моя семья самые что ни на есть настоящие хранители истории, мы носители культуры своих предков. Каждый раз, собираясь всей семьей во время праздников за трапезой, мы усаживаем всех стариков во главе стола. Во время тоста медленно отодвигается стул, и встает самый старший из них – мой дедушка. В помещении становится невероятно тихо. Даже маленькие дети замолкают и прекращают мельтешить по комнате. Дедушка оглядывает всех присутствующих тяжелым и усталым взглядом. Держа в руке бокал, он начинает медленно говорить тост. В такие моменты все наше внимание сконцентрировано на нем одном. Его почти серые, когда-то бывшие карими, глаза устремлены в никуда. Жизнь моего дедушки была нелёгкой. Сам он мне никогда не рассказывал о тех временах. За всю мою жизнь не обмолвился со мной и словом об этом. Лишь только из уст своих родителей я узнала о его прошлом. У него не было беззаботного детства, война лишила его этого. Поэтому он так затем старался своим трудом обеспечить жизнь своей семье, чтобы счастливое детство было у нас, его детей и внуков. Возможно, в такие моменты, погрузившись в себя, мой дедушка вспоминает те тяжелые годы. Оглядывая всю свою семью, встречаясь взглядами со своими детьми и внуками, он заканчивает говорить тост, поднимает бокал и вновь садится на место, все еще погруженный в себя. В такие моменты мне кажется, что я вижу в своем дедушке не того человека, который всегда добродушно гладит меня по голове своей большой мягкой ладонью, ласково приговаривая: «Айналайын». Он представляется мне древним мудрым старцем, познавшим смысл жизни, её тайны. Его речи можно сравнить разве что с древним казахским песнопением, от звуков которого сразу же сжимается сердце. Вглядываясь в лица стариков, в их слегка печальные, потухшие глаза, я чувствую какую-то глубокую грусть. Но, замечая мой взгляд, дедушка или бабушка ласково мне улыбаются, отчего мне становится легко на душе. Ласково мне улыбается и моя мама, обеспокоенно целуя меня в лоб. Глядя на свою маму, на её милое лицо, я вспоминаю стихотворение Абая «Коземнин карасы». Будучи маленькой, я не замечала многого, что вижу сейчас. Дедушка с бабушкой казались мне тогда просто очень добрыми и родными. Сейчас же в них я стала видеть некое величие, достойное не просто уважения, а поклонения.

Наше старшее поколение – воплощение по-настоящему правильного представления о национальном менталитете казахов. Они носители прекрасного, правильного языка, традиций, обычаев народа. Именно

Я также очень люблю казахскую кухню, так как она очень необычна своим содержанием. Для меня достаточно интересно узнавать рецепты новых казахских блюд и иногда даже пытаться их приготовить. А моя мама часто, а не только в праздники, готовит дома мясо по-казахски, бесбармак, баурсаки. В Казахстане распространены мясные блюда из конины, так как конина - священное животное. Но лошадь дает казахам не только свое мясо, но и молоко, из которого делают вкусный и полезный напиток кумыс. Казы - прекрасное блюдо похожее на обычную колбасу. Его тоже делают из конины. Кумыс я успел уже попробовать, а конину еще не решился.

Казахстан – страна больших возможностей. Его развитие идет большими шагами. Сейчас мы дети, но уже думаем о планах на будущее, мечтаем кем –нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу людям. Мы мечтаем найти свое призвание.

Я очень люблю свою страну, свой город, своего Президента и очень рад, что родился на такой прекрасной земле, как Казахстан!

Казахстан – это моя родина, и я горжусь этим!

Көшкінбаева Толғанай

10 сынып, № 15 орта мектебі Балхаш қаласы

Кемеңгер елбасы – ырысы елімнің

1991 жыл... Тәуелсіз ел атанып, аяғынан тәй-тәй басқан республикамыз бен оның халқы үшін ерекше жыл. Сол күні республикамыздың аспанында Қазақ елінің өз жалауы желбіреді, елдігімізді танытар елтаңбамыз қабылданды. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы күннен бастап, қазақ халқы бар қажыр-жігерімізді жұмсап, жаңа, көк аспанда қалықтаған, еңсесі биік Қазақстан уақыт өткен сайын нық сеніммен алға басып келеді. Президент сөзі латын тілінен аударғанда алдыңғы қатардағы деген мағынаны береді. Осындай жолда көп

еңбек сіңіріп, бүгінде бүкіл әлем таныған, тарихы қысқа мерзімдегі таңғажайып табыстарына таңқалып, тамсанған, ертеңінің батырларындай тез ержетіп, еркін Қазақстанның ертеңіне сенген қайталанбас тұлға, еліміздің тұңғыш басшысы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Мемлекеттігіміді орнатып, оны қалыптастырып, экономикасын реформалау арқылы өзінде, елін де әлемге мойындатқан заманның аса дарынды тұлғасы. Аумалы-төкпелі алмағайып заманда мың өліп, мың тірілген қазақ елі үш ғасыр бойы іздеген мұратына да, арманына да Н.Ә.Назарбаев тұсында жеттік. Билік тізгінін қолына ұстаған жылдардан бері Президентіміздің жарқылдаған келбетін, биік болмысын, кемел дарынын, ел басшысы ретінде көсемдік қасиеттерін бүгінгі ұрпақ, яғни, біз жақсы білуіміз керек. Түркия елінің премьер-министрі Т.Ердоған айтқандай, «Нұрсұлтан Назарбаев – түрік әлемінің лидері». Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы ең бақытты халық. Ұлттық дәстүрде тәрбиеленген ел басшымыз- халқының бар қадір-қасиетін бойына жинаған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жетік білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіріп келе жатқан, халқының үмітін, сенімін ақтап келе жатқан ұлтжанды азамат. Қалың елінің жанашыры, мұңдасы, тағдырласы. Қорыққанға қорған, торыққанға пана, зарыққанға сана бола білетін өз елінің шын перзенті, ертеңгісін де оза ойлай білетін көсем. Таққа отырған күннен бастап атқарған, еліміздің болашағын көркейтуге арналған жүзеге асырған жобалар санында шек жоқ. Бірақ мұнымен тоқталмақ емес. Дегенмен де, абыроймен атқарған істерін мақтан етемін. Қазақстанды Орта Азия барысына айналдыру үшін жасалған Елабсының «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы бұл күнде құс қанатын талатын кең-байтақ өлкемізді шарлап кетті.

Елбасы тәуелсіз елдің бұқаралық санасын өзгертуде, ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғыртуда, тарихи сананы қалыптастыруда ерекше істер атқарды. Нұрсұлтан атамыздың 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты кітабы ұлт пен мемлекеттің өткені мен келешегіне жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жаға көзқарас қалыптастыру ісіне қосылған қомақты үлес деп бағаланды. Ел тарихына көз жіберер болсақ, жасөспірім үшін дәл бүгінгідей, өздерін қай қырынан болсын көрсетіп, таныта білетін заман. Нұрсұлтан Әбішұлы: «Жастар мәселесіне жоспар өте ауқымды. Олар болашақтың қаруы, күні ертеңгі еліміздің көк туын қолдарында берік ұстайтын қарымды топ деп білемін. Біздің мемлекетіміз – жас мемлекет. Еліміздің гүлденуі жолында жастарымыздың толыққанды дамып жетілуіне, салауат-

ты ұрпақ тәрбиелеу, жастар ұйымының қызметі үшін жағдай жасау жұмыстары мені қатты қуантады» деген еді. Мен осы елбасымыздың сөзін жиі есіме алып жүремін. Себебі, ол кісінің айтқан әрбір сөздеріне үлкен жауапкершілікпен қараймын.

«Ер мерейі – ел мерейі» демекші, басшысының мәртебесі биіктеген сайын, елдің абыройы да асқақтай береді. Ел ертеңін ойлаған кемеңгер Ұлт көшбасшысы: «Біз- алыс сапарға бел буып, кемемізді тәуекел дариясына түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратын кемеміздің тұғырына ту етіп байлаған елміз», - деген болатын. Бүгінгі Қазақстан – әлемнің іргелі мемлекеттерімен қатар халықаралық мәселелерді шешуде алдыңғы орындарда. Бүгінгі Қазақстан – әлем таныған егеменді, демократиялық және құқықтық мемлекет. Менің ойымша, 2030 жылдардағы Қазақ мемлекетін көз алдымызға елестетер болсақ, осы беттен таймай, көп ұлттың басын біріктірген, бәсекеге қабілетті 20 мемлекеттің алдыңғы қатарындағы ел есімі түседі. Мемлекет басқару ісі- машақатты да, мәртебелі міндет. Өзім 11 сыныпты аяқтап, елімнің өркендеуіне, биік белестерге жете беруіне үлесімді қосып, белді бір маман иесі боламын деген үміттемін. «Дүниеде тәуелсіз қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлтты, тату, ынтымақты халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар.

Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен жемісті болашағы бар» Елбасымыздың осы сөздері әрбір қазақстандықтың кеудесіне қуаныш пен шаттық әкеліп, жарқын болашаққа деген сенімін ұялатады! Ендеше, Қазақ елінің туымен тұғырлы, елтаңбасымен елеулі, әнұранымен айбатты, елбасымен қайратты екендігіне сенімдімін!

Күзенбаева Әлия

10 сынып, № 74 ЖББОМ Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Ходжаев С. Ә.

Туған жер – алтын бесігім

«Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін? Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?» - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқан екен. Расында да, туған ел, туған жер, аяқ тепкен атақоныс адам өміріндегі маңызды ұғымдар. Кіндік қанымыз тамып, шыр ете

түскен сәттен-ақ біз туған жерімізге, Отанымызға аяқ баса-мыз. Туған даламыздың кереметтей ауасын жұтынамыз.

Дүниеде, тарихта ер елден артық ел бар ма?! Ер жолымен өткен елдердің тарихынан сұлу тарих бар ма?! Көптеген қиын қыстау замандарды басынан өткізген, жоңғар мен орыстың езгісіне төтеп беріп, қырық бірде батылдықыпен неміс оғына қарсы шапқан, сексен алтының аязына шыдап, сорлы, арманда кеткен қазақ жастарынан айырылған ең мықты, босағасы берік, шаңырағы биік, алып, көк байрақтың астына жиылған ер, ел менің елім – Қазақ елі. Ит қуалап, топырағына ауынап, туып-өскен жерім киелі Қазақ жері, қазір де ол Қазақстан Республикасы. Осы жер үшін, ел үшін ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша күресті. Соның нәтижесінде олардың армандары орындалып, осы қасиетті өлкені бізге аманат етіп табыстаған болатын. Біз сол кісілердің ұрпағымыз, жолдарын жалғар ұл-қызымыз. Туған жерімізді қастерлеу, көр-кейту, қорғау біздің азаматтық борышымыз деп ұғамын. Тіпті Отаның үшін өзіңді құрбан етуге де дайын болуың керек. Бауыржан Момышұлы айтқандай «Отан үшін отқа түс, күймейсің» демекші, ол да артық етпейді.

Қазақстан дегенде, көз алдыма кең жазық дала, самал жел, қыран құс пен жарысқан құлын-тай елестейді. Оның ну орманы, өзен-көлі, әр тасы бәрі-бәрі маған қымбат.

Апырым-ай,
Туған жер-ай!
Теңдесер кім,

Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,
Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім

-деген Мұқағалидің осы өлең жолдары менің жүрегімнен орын тапты. Неге десеңіз, шынымен де бұл туған жермен ештеңе де тең келе алмайды. Ыстық қой, шіркін, туған жер! Өз жерін кім сүй-мейді дейсіз? Елін, жерін сүймейтін адам жоқ шығар бұл ғаламда...

Қазақтан – тәуелсіз, дербес мемлекет. Өзінің рәміздері мен конституциясы бар. Басқа елдердің алдында беделді, алып 50 мемлекеттің қатарынан көрінетін айрандай ұйыған ел. Осындай дәрежеге жеткізіп отырған қазақтың көшін бастаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Мен сол кісіге үлкен алғысымды білдіргім келеді. Бәрімізді туған баласындай қамқорына алған, еліне, жеріне адал азамат.

«Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзіңнің еліңе, Отаныңа, жеріңе, ата-бабаңның төккен қаны мен теріне адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын – елін ойлап, елімді көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек» - дейді Елбасымыз.

Менің жүрегім «қазақ» деп қана соғады. Қазақстан, сен заңғар биіксің, кеңсің. Менің жаным өзіңе деген мақтанышқа бөленген. Туған жер! Көк байрағың мәңгі желбіресін, Алаш баласы!

Лавренюк Анастасия

10 класс, ЧУ «Гимназия им. Т. Аубакирова», г.Темиртау

Руководитель: Арищенко Н.И.

Времён связующая нить

Загадочная бескрайняя Сарыарка... Сколько тайн хранят твои просторы. Великая степь на протяжении тысячелетий рождала и губила народы, многим из которых так и пришлось остаться просто историей. След, оставляемый народом кочевников, порой настолько же зыбок, насколько зыбким бывает след коня степного воина на песке.

Но этому народу суждено было оставить свой отпечаток. Казахи – гордый народ с вековыми традициями и культурой. История его уходит корнями в глубину веков. Казахская земля хранит и помнит историю многих племен. Расположившись в центре материка Евразия, Казахстан оказался на пересечении древнейших цивилизаций мира, социальных, культурных, экономических и идеологических связей между Востоком и Западом, Югом и Севером, Европой и Азией. За несколько тысячелетий на территории Казахстана развивалось множество государств со своей самобытной культурой и историей, наследником которых стал современный независимый Казахстан.

Отечество – земля отцов, которые сложили голову ради своих детей. «Нынешний независимый Казахстан появился не вдруг и не на пустом месте; во имя его свободы миллионы людей проливали кровь, отдавали жизни, вынесли неисчислимые беды и лишения....каждый гражданин нашей страны обязан всей душой осознать свою грандиозную историческую ответственность в сохранении единства нашей земли, нашего народа, в сбережении межнационального мира и согла-

сия». Эти слова принадлежат Первому Президенту нашей страны, настоящему патриоту, Нурсултану Назарбаеву.

У казахов бытовали и до сих пор сохранились следующие понятия. Первое – «ар» - честь, достоинство, которые стоят превыше всего. Второе понятие - «ру», что означает род, община. Важнейшая обязанность человека – не ронять ни при каких обстоятельствах «ар-ру». Человек, проживший жизнь ради славы, чести рода, после смерти становится «ар-ру-ақ». Память о нем не должен запятнать его потомок. «Ар-ру-ақ» - это честь, совесть, благородство. Следующее понятие, пожалуй, самое важное – «ел». Это родина, народ, родная природа, воспоминания о детстве, юности, зрелости. «Ел» – это сознание цели своего существования. Пока есть «ел», жизнь имеет смысл.

Родителей не выбирают. С первого дня своей жизни мы любим их за заботу, за ласку, которой они одаривают нас, да и просто за то, что они – родители. Наша память навсегда сохранит мягкую, кроткую улыбку матери, крепкие, но такие заботливые руки отца. Мы принимаем их такими, какие они есть.

Так и Родина... Она одна, и выбрать ее нельзя. Ведь это страна, давшая тебе самое дорогое - жизнь, взрастившая тебя своими хлебами. «Лучшее средство привить детям любовь к отечеству состоит в том, чтобы эта любовь была у отцов», - гласят слова французского писателя и философа Шарля Луи де Монтескье. Любить свою страну, хранить традиции и культуру своего народа может только человек, который хорошо знаком с историей своего отечества и дорожит ей.

Без прошлого нет настоящего и будущего. В современном мире, где сейчас отчетливо наблюдается кризис человеческих ценностей, особенно важно осознание и сохранение исторической памяти. Невозможно отрицать результаты прошлого. На сегодняшний день строительство перспективного, экономически развитого государства, каковым стремится стать Казахстан, не может быть осуществлено без опоры на предыдущий опыт. В своем послании «Казахстан-2050» Нурсултан Назарбаев особо подчеркивает это: «Казахстан XXI века – страна, созданная с «нуля» всего за два десятилетия талантливым, трудолюбивым, толерантным народом! Это наше общее детище, которым мы гордимся! Это наше великое творение, которое мы беззаветно любим! Мы приняли Стратегию-2050, чтобы казахстанцы крепко держали в своих руках штурвал будущего страны. Но будущее нельзя предвидеть, не изучив уроки прошлого».

Мы должны сохранить свою национальную специфику: язык, духовность, культуру. Государство, знающее истоки своего становления, уважающее исторические корни, – это сильное государство, которое трудно сбить с истинного пути. Поэтому сегодня вопрос изучения прошлого родного края имеет одно из первостепенных значений.

История многогранна. Победы сменяются поражениями, периоды стабильности и процветания, периодами кризиса и спада. От этого нельзя отмахнуться, нельзя забыть. Надеюсь, что молодое поколение будет стремиться стать ближе к истории собственной страны. Мы должны чувствовать преемственность поколений, культуры и традиций. Только тогда мы сможем вырасти достойной сменой, стать надежной опорой динамично развивающегося государства.

Макажанова Камила

4 сынып, № 15 орта мектебі Балхаш қаласы
Жетекшісі: Тергеубаева К. А.

Менің Елбасым

Менің Елбасым – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ол – өте ақылды, білімді адам. Елбасымыз біздің Тәуелсіз Қазақстанымыздың өркендеуін, өсуін, ұрпақтардың бақытты болуын қалайды. Қазақстан - 2030 стратегиялық бағдарламасында әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысып, ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі керектігін айтқан. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай: «Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ екендігін үнемі есте сақтау біздің парызымыз». Ал білімді болу үшін, ең басты – денсаулықтың мықты болуы шарт. Елбасымыз балалардың салауатты өмір сүргенін қалайды. Сондықтан да, біз жат әдеттерден аулақ, денсаулығымыз мықты, спортты сүйіп өсудеміз. Ол үшін әрқашан дене шынықтырумен айналысуымыз қажет.

Елбасы біздің өміріміздегі үлкен тұлға. Біз апта сайын саптық жиында Қазақстан Республикасының Әнұранын айтамыз, сол әнұранның авторы – біздің Елбасымыз. Әнұранымыздың сөздері, жүрегіңді шаттық сезім билеп елге, жерге деген сүйіспеншілік көкірегіңді кернейді. Өзімің қазақ екеніме, Қазақстан деген кең байтақ мемлекеттің ұланы екеніме мақтанамын, қуанамын.

Мен «Балалық шағымның аспаны» атты фильмді көріп, сүйкімді бала Нұрсұлтанның өмірге келген шағынан бастап, өмірін тамашалап, оның қандай өткелдерден өтіп, ержеткенін білдім. Сол жақсы фильмнен кейін «Адам сәби болып туады, есейеді және талпынса, оқу мен еңбекке құштар болса, абыройға жетеді екен» деп ойладым. Ол үшін кітапты көп оқып, іздену керек. Нұрсұлтан атаның әжесі, әкешесі өте ақылды адамдар болған. Әрине, әрбір ата-ана баласының жақсы азамат, өзіне қолғанат, елінің елеулісі болғанын қалайды ғой, мен де ата-анамның үмітін ақтап «өмір» атты үлкен жолға адаспай қанат қақсам деймін. Арманым – бас қаламыз Астанада білім алсам. Еліме еңбек етсем. Өйткені, елордамыз сәулетті де, әсем қала.

Болашаққа бастаған,
Шарықтайды асқақ ән.
Елордасы Отанның,
Мақтанышым-Астанам.

Ол да зәулім, салтанатты жас қала, ондағы барлық алып құрылыстар - Нұрсұлтан атаның еңбегі. Астана – Елбасымыздың қолтаңбасы. Мен бақыттымын, өйткені бақытты елде өмір сүремін.

Еліміз, Елбасымыз аман болсын!

Манатбек Ажар

6 сынып, № 15 орта мектебі Балхаш қаласы
Жетекшісі: Ибрайбекова А.Н.

Балқаш көлі

Балқаш өңірі – әрі жылы, әрі күн сәулесі көп түсетін, табиғаты жағынан Қазақстандағы тартымды жерлердің бірі. Шөлді болып келетін қуаң дала, Балқаш көлінен нәр алады. Бұл аймақ өзінің әсем көрінісімен, ерекше өсімдіктер және жануарлар дүниесімен белгілі. XX ғасырдың 50-жылдарына дейін бұл жерде хайуанаттар қожасы жолбарыс болған. Өтуге болмайтын шытырман тоғайдың арасынан жабайы шошқаны да кездестіруге болады. Іле өзенінің атырауын секемшіл елік, сайғақ пен қарақұйрық, түлкі мен борсық мекендейді. Көлдің шеткері түпкірлерінде қызғылт және бұйра бірқазан құстар ұя салып, баклан-дармен бірге үлкен сап түзеп, көлде жүзіп жүреді.

Бұл аймақтың өсімдіктері әсіресе елсіз даладағы шабындықтар мен батпақты жерлердегі өсімдіктер, өзара үйлесімдік тауып, далаға ерекше нәр беріп тұрады. Олар: сексеуіл, жыңғыл, жусан, қарандыз, мия, түйетікен және сасыр. Сулы жерлердің бәрінде де қамыс, жөке, құрақтар өседі. Балқаш өңірінде сасыр, жусандар мен араласа өскен қызғалдақ пен бәйшешекте даланы ерекше сәнге бөлеп тұрады. Балқаш көлі – Каспий теңізі мен Арал теңізінен кейінгі ірі көлемді және ағынсыз су қоймасы. Балқаш көлінің ерекшелігі – оның жіңішке бұғазбен жалғасып жатқан батыс пен шығыс бөліктерінің минералдарының екі түрлі болып келетіндігінде. Бұл көл төрт облысты – Алматы, Қарағанды, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарын тоғыстырып тұр. Батысында ең сусыз және тіршілік иелері аз кездесетін Бетпақдала жерімен шектеседі.

Негізінен, Балқаш көлінің шығуы жайлы аңыз кең тараған. Ол былай болған екен.

Бұдан көп ғасырлар бұрын көлдің батыс жағалауында мыңды айдаған бір байдың ай мен күндей сұлу, ақылы асқан, келбеті жарасқан қызы болыпты. Қыздың аты Балқия екен. Ата-анасы, ауыл аймағы еркелетіп, оны Балқияжан, Балқаш деп атап жүріп ақырында Балқаш деп атап кетіпті.

Күндердің күнінде осы Балқаш айдай толып, алмадай пісіп, кемеліне келіп бой жетіпті. Осы шақта жастайынан айттырып, қалың малын тегіс төлеп бітірген бай құдалық қамына кірісіп «қамдана берсін, келінімді биыл күзде түсірем» деп қыздың әкесіне сәлем жолдапты. Бесік құдасынан хабар келген әке қам жасай бастайды. Ал айттырып қойған күйеудің тілі сақау, есерлеу жігіт екен. Балқашқа бұл хабар төбесінен тас түскендей болып тиеді. Ас ішпей, ұйқы кірмей, сарғайып, сола бастайды. Мұны сезген ата-ана, ағайын-туған «бір байдың еркесі, өсе келе есі кіріп, ел ағасы болып кетеді», «Ақ батаны, шарифат жолын бұзуға болмайды» - деп жұбатысады. Күнде ойын, күнде думан жасап, көңілін бөлмек болады. Қайғы-қасірет жүрегін кернеген Балқаш, мұның біріне де назар салмайды. Жадыраған жаз өтіп, қоңыр күз келе жатады. Қыз елден безіп қаңғырып өлсе де, есуас сақауға бармауға бел байлайды. Өзімен көңіл қосып жүрген осы ауылға ертеден сіңісіп кеткен, еті тірі Ерден деген жігітке Балқаш жолығады.

«Қайтсең де мені мына пәледен құтқар, өле-өлгенше алдыңнан шығып, айтқаныңды екі етпеймін, өлсең көріңе бірге түсейін»- деп асылып отырып алады. Паналар жері, бетке ұстар елі жоқ жігіт не істерін білмей қатты қысылады. Ақыры, қыздың зарынан қабырғасы сөгілген, бір жағынан жатқа қиғысы келмеген ер көңілді жігіт, бір

түнді қызды атпен алып қашады. Барар бағыты бұдан бір жыл бұрын жау алған жылқыны іздеп жүріп кез болған қалың қамысты үлкен көл. Мұз қатқанша соның жағасында жасырынып жатып, қысқа қарай оның аржағына, Ұлы жүз еліне өтіп кетпек болады.

Екі жас түн жамылып, тау бөктерлеп, жапан тұз сусыз шөлді кезіп өтеді. Қамыстың құрағы күректей, сабаулары білектей, толқыны жар соққан үлкен көлге де келіп жетеді. Аттарын арқандап тастап, қамыстан күрке жасап, мұздың қатуын күтеді. Ауыл бұлардың қайда кетіп, қайда қонғанын білмей елден – елге кісі шаптырып, сұрау салып, сабылысуда болады.

Күндер өтіп, күн салқындап, көлдің қататын мезгілі де жақындай бастайды. Екі жас мұны асыға күтіп, жүректері алып-ұшуда. Өстіп жүргенде бір күні іңірде арқандаулы аттар осқырып, аласұрады. Қостан жүгіре шыққан Ерден екі аттың жанында жарғалы тұрған қабанды көреді. Жігіт мұны көре сала қос жанында жатқан сойылды ала жүгіреді. Аттарды құтқармақ болып жанталдасып жүрген Ерденді қарыстай ауызымен түйреп өтеді. Сол мезетте осқырынған арқандаулы аттар байлауын үзіп қашады. Қабан солардың соңынан кетеді.

Бағанадан бері безек қағып, маңайларына бара алмай жүрген Балқаш жүгіріп келіп, қызыл қанға боялып жатқан Ерденге бас салады. Сүйемелдеп қосқа кіргізіп жарасына қараса қабан шабын жарып кеткен екен. Киіз тоқымды отқа күйдіріп, жарасына басады. Күл себеді. Ал босанған сәйгүліктер сол кеткеннен елге барып тіреледі...

...Бұл күндері жарасы денесіне жайылып өне бойын қанды ірің кеулеп кеткен Ерденнің әлі азая бастайды. Қыршын жас көп ұзамай қайтыс болады. Жалаң түзде жан жолдасынан айырылып, қыс Балқаш ботадай боздап, жалғыз қалады. Еңіреген өксігін басып, есін жиғаннан кейін, қостың жанындағы майда құмды қазып, астына қамыс төсейді. Ерденді арулап көмеді. Жас қабірді құшақтап жылаған Балқаш енді өзіне ор қазады. Содан кейін дүниемен қоштасу үшін жартастың басына көтеріледі.

Осы мезетте иек ортадан бір топ атты сау ете қалады. Қыз олардың ішінен өз туыстарын, қайын жұртын таниды. Қолға түсіп, пенде болмас үшін Балқаш жар соғып, көбік шашып жатқан көлге секіреді. Қаңқылдаған қаз, сұңқылдаған қу көлді айнала ұшып, адамзаттың аруы Балқашты жоқтасты.

Содан бері, көл баурайын жайлай қонған ел, көлді Балқаш атап кеткен екен.

Балқаш қаласы келешекте әлем таңғалатын теңдесіз саяхатшылар мекені, шипажай – демалыс орындарына айналатын қала болатынына сенімдімін. Өйткені қазірдің өзінде еліміздің әр өңіренен, алыс-жақын шетелден де қонақтар келіп демалады.

Бұл менің қалам, туған жерімнің ырысымен, байлығымен мақтанамын.

Мекентай Бибарыс

4 сынып, № 15 орта мектебі Балхаш қаласы
Жетекшісі: М.Б.Жакыпбекова

Ескерткіштер – елдігіміздің белгісі

Еліміз Тәуелсіздік алған жиырма жылдан астам ішінде еліміздің қай өңірі болмасын дамудың даңғыл жолына түсіп, жыл сайын құлпырып келеді. Бұл қай-қайсымыз үшін үлкен мәртебе, қол жетпес бақыт, сөз жетпес қуаныш. Осындай бақытты күндер үшін ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен небір қиын жолдардан өтті. Оның қадіріне жету, қастерлеу, киесін ұғыну бәрімізге парыз. Елімізді әлем таныды. Тереземіз теңелді. Бұл халықтың тілегі еді.

Дамудың даңғыл жолына түсіп, алға басып келе жатқан өндірісті қала жерінің асты да, үсті де бай, көрікті де сұлу әсем қаламның көркеюін көріп қуанамын. Өйткені, бұл менің туған қалам. Қаламдағы ескерткіштер қала көркін одан әрі көріктендіре түсіп, әр ескерткіштің өзіндік тарихы бар. Атап айтсам:

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза болған Балқаштық батырларға арналған, Т-34 танкі, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған стелла, «Балқаш осы жерден басталған» - монументтік тақтасы қаланың 50 жылдығына арналған стелла, «Прибалхашстрой» тресінің құрылғанына 50 жылдығына арналған монумент, алғашқы құрлысшыларға арналған, қуғын-сүргін құрбандарына арналған, ақын Шашубай Қошқарбайұлының құрметіне арналған мемориалдық тақта өнер мектебінің алдында орналасқан, шертпе күйдің шебері М.Хамзинге арналған ескерткіш мысшылар мәдениет сарайының алдында орнатылған., М.П.Русаковқа арналған монументалдық ескерткіші, қаланың кіре берісіндегі екі балық ескерткішін мақтаншыпен айта аламын.

Туған өлкедемізде жыл сайын ғимараттар, жаңа үйлер салынып, қаламыз гүлденіп келеді, біз оған қуанамыз. Балқаш қаласының 70 жылдық мерейтойы қарсаңында, қаламыздың қақ ортасында орнатылған, еңсесі биік Ағыбай Қоңырбайұлының мүсіні. Ескерткіште Ағыбай барлық әскери киімімен, қолында найзасы, ат үстінде келе жатқан кезі бейнеленген. Ұлттық ерекшелік, қазаққа тән динамика да сақталған. Батырдың қазаққа тән күші ғана емес, рухани парасаты да көрсетілген. Бұл батырдың ат үстіндегі нық және еңселі отырысы мен аттың жүрісінен сезіледі. Мұның өзі «Батырлары мен данышпан ерлерін ұмытпаған ел – мәңгі ел! Есте сақтайық, Ұмытпайық!»-деген қағидатқа сүйенгенге ұқсайды. Қаламыздың қақ ортасынан орын тепкен батырымыздың мүсіні тұла бойы парасаттылыққа тұнған, күш-жігерге бай, мәдениетті, ержүректілігімен ерекшеленеді. Осы көркемдіктің өзі қазақ азаматтарын рухани бай, парасатты азамат болуға тәрбиелейді. Жоба авторы – белгілі қарағандылық мүсінші Жабасар Қалиев, Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының мүшесі, Ленинград көркем академиясының түлегі. Өзінің шығармашылығын қазақ ұлттық монумент өнеріне арнады. Туған қаламыздың халқын еркіндікке бағыттау мақсатымен осы ескерткішті орнатуға көп маңдай терін төкті десек қателеспейміз.

Бүгінгі таңда елдігімізді танытып, қазақ елін әлемге таныту үшін «Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ» деген елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қанатты сөзін есімізден шығармайық дегім келеді достарыма.

Морозова Александра

КГКП «Дворец детей и юношества» г. Жезказған

Руководитель: Дроздова Л. А.

Казахстан – сердце мое, Родина моя!...

...Человеку нельзя жить без родины, как нельзя жить без сердца, - говорит нам знаменитая цитата К. Паустовского. Однажды бродя по просторам Интернета и читая афоризмы, я обратила внимание именно на эту цитату. Я поняла, что место, где ты родился, играет важную роль в жизни каждого человека. Моя Родина - мой Казахстан, сердце мое!»

Для каждого из нас слова Родина, Отечество, связаны с самым дорогим и самым лучшим. Таким местом для меня является город, в ко-

тором я родилась - это Жезказган. Я считаю, совсем неважно большой твой город или маленький, самое главное, что он существует и занимает немаловажную роль в твоём сердце. Мой Жезказган не мегаполис с высотными зданиями и техникой последней модели. Для меня это маленький оазис! Так ласково я называю свой городок. Здесь всё родное: люди, дома, улицы. Я горжусь Жезказганом!

С самого детства я принимаю активное участие в жизни города: выступаю на городских мероприятиях, пишу стихи, узнаю историю «медной столицы». Кто-то подумает, что это очень скучно и пустая трагедия времени. Для меня же мой город нечто большее в жизни! В нашей школе организован историко-краеведческий кружок «Елим ай», членом которого я являюсь.

Наш кружок изучает историю городского театра имени Серке Кожамкулова. Мало кто может представить, как это интересно! Если вы никогда не были в стенах театра, не интересовались его историей, вам не понять моих эмоций и чувств. Театр - наша колыбель, наше сокровище, часть истории Казахстана! Это гордость моего города!

В период с 6-9 класс я состояла в ДЮО «Болашак». В это время мой патриотизм стал сильнее, я стала понимать насколько люблю свою Родину. Именно тогда меня стала интересовать политика нашего президента. Каждый год я читаю послания Нурсултана Абишевича Назарбаева и анализирую их. Всё-таки наша страна достигла очень больших высот и в этом вся заслуга Нурсултана Абишевича.

Спасибо ему, за «шанырак» под которым проживают сотни национальностей на территории Казахстана. Мирное небо и дружба народов - успех любого государства! Я мечтаю, что когда-нибудь Нурсултан Абишевич придет к нам в Жезказган и я скажу ему «спасибо!» за нашу страну, за свою Родину! Благодаря мудрой политике Нурсултана Абишевича наша Отчизна цветёт!

Патриотизм - это не только защита Родины с автоматом в руках. Патриотом можно быть в повседневной жизни, следуя за своей страной. В наше время патриотизм даётся с молоком матери. Молодёжь сегодня активно участвует в жизни страны. Таким активистом являюсь и я.

Пройдут года, и я обязательно пригожусь своей стране. Нужно делать всё, чтобы твоя Отчизна цвела!

Мукушева Ханшайым

10 класс, школа №19 г. Сатпаев

Руководитель: Мизамбаева Г.К

Моя Родина

Родина для меня – это память о трагической истории моей страны и знания об их проблемах, которые возникают в ней сейчас. Родина для меня – это родная культура и стремление ее сохранить. И, конечно, родина – это мой родной город, его улицы и переулки. Родина – это друзья и знакомые, моя семья. Думая о родине, мы думаем о той великой, прекрасной стране, в которой родились, связываем понятие родины со сложной и интересной, насыщенной историей родной земли.

Наша земля очень богата своей многовековой историей. Народная память хранит и передает из поколения в поколение славные и трагические события в жизни казахского народа. Поэтому хочу перелистнуть страницу истории, ведь без прошлого нет настоящего. Образование Казахского ханства приходится к XV веку, у истоков которого стояли Керей хан и Жанибек хан. С тех пор не одно поколение храбрых батыров сложило свои головы во имя защиты своей земли. В истории казахской государственности свято почитается имя Абылая, сыгравшего огромную роль в сохранении и укреплении Казахского ханства. Хан Абылай предпринимал огромные усилия по объединению всех трех жузов Казахского ханства и сплочению народа под одним знаменем. Также одним из самых выдающихся государственных деятелей Казахского ханства, внесший неоценимый вклад в национальную историю является Тауке хан. Время его правления ассоциируется с «Золотым веком» Казахского ханства, когда народ жил в мире и согласии.

Этот путь преодоления и созидания, проложенный нашими прадедами, продолжает наш Президент. Думается, эта высокая энергетика земли отцов и дедов, всю жизнь дает Нурсултану Назарбаеву силу, непоколебимую веру в свое дело и судьбу, решимость идти и вести народ по пути независимости, к его лучшему будущему. Наш Президент – пример политического лидера. Это человек и политик, который вызывает у меня чувство восхищения. Он состоялся как успешный государственный деятель. Именно он стоял у истоков становления нового государства, граждане которого с радостью говорят, что живут в свободной суверенной стране. Граждане, которые с уверенностью

смотрят в будущее, ничуть не сомневаясь в правильности выбранного пути. Казахстан смело идет к дальнейшему развитию и процветанию. Бесспорно, что с приобретением независимости возросла роль Казахстана на мировой арене. Сейчас в любом уголке мира знают или слышали о Казахстане, знают нашего Президента, который входит в «пятерку» мировых лидеров.

Мне довелось родиться в момент становления нашего государства. Я расту вместе с моей страной. Передо мною открыты все дороги. Я, как и тысячи молодых казахстанцев, уверенно смотрю в будущее. Для нас, молодежи, созданы все условия для успешной учебы и гармоничного развития. Ведь именно нам предстоит строить будущее суверенного Казахстана. После окончания школы мы имеем возможность поступить на грант, бесплатно учиться в высших учебных заведениях. Перед нами открыты все дороги. Все зависит только от нас, от нашего желания добиться успехов в жизни. Я понимаю, какую огромную значимость для нашей страны имеет образование молодежи.

В будущем я хочу поступить в высшее учебное заведение и получить хорошее образование, чтобы стать достойным гражданином Республики Казахстан. Быть полезной своей родине и честным трудом внести вклад в процветании нашего молодого государства.

Мухамедина Акбота

9 класс, школа – лицей № 7 им. К. И. Сатпаева г. Жезказган

Руководитель: Ибраева Р.

Каныш Имантаевич Сатпаев

Я стою в музее имени К.И.Сатпаева и смотрю на его портрет. Лицо его освещается огнём большой человеческой души. А особенно глаза... Они, словно горящие искры, проникают в душу. Я горжусь тем, что учусь в школе-лицее №7 имени К.И.Сатпаева. Да... Такие выдающиеся люди появляются раз в столетия. Сатпаев из той кагорты людей, чьи мысли и дела связывают века. Чтобы понять, как Сатпаев стал Сатпаевым, наверное, нужно обратиться к его корням. Габдулгани (так называли мальчика при рождении) рос любознательным и умным мальчуганом. Он постоянно задавал вопросы, а вечерами «мучал» всех, чтобы ему рассказали сказку.

Так как Каныш еще в детстве лишился матери, он оказался на попечении бабушки Нурум. Именно она сумела разжечь в душе мальчика любовь к казахским сказкам, легендам, пословицам, поговоркам, загадкам и к поэмам о батырах,

В 1911 году после окончания двухклассной русско-киргизской школы в ауле №4 Павлодарского уезда, Сатпаев поступает в Павлодарское училище, где занимается фотографией и танцами. Весной 1914 года он отправляется в известную в то время Семипалатинскую учительскую семинарию. В библиотеке семинарии юноша знакомится с произведениями русских и зарубежных писателей. Но уже в то время его больше привлекают химия, биология, география, математика. Наверное, поэтому он поступает на горный факультет Томского технологического института. И опять уже в первые годы учебы Каныш Имантаевич принимает участие в различных исследованиях: переводит на казахский язык и дополняет учебник алгебры для средней школы.

В 1926 году К.И.Сатпаев первый в Казахстане получил звание горного инженера. Тогда еще юный Сатпаев не знал о том, что он претворяет в жизнь мечту всей горной промышленности Казахстана.

Зная историю своего края, мы, молодое поколение, безмерно радуемся тому, что судьба привела Сатпаева на нашу жезказганскую землю, что для своей практической и научной деятельности он выбрал именно Жезказганское медное месторождение. Пятнадцать лет своей жизни Каныш Имантаевич посвятил выявлению рудных богатств в этом районе.

Каждый учащийся нашей школы, начиная с первого класса, знает, сколько труда и сил вложил ученый в нашу землю. Можно с уверенностью говорить, что Жезказган стал его родным детищем.

Говорят, что человек- сам творец своего счастья. Сатпаев оставил после себя три великих дела: первое-Жезказган, второе-Академия наук Казахстана, третье-Институт геологических наук.

Но мне кажется, что Каныш Имантаевич сделал безмерно много.

Он всегда умел добиваться цели, доказывая свою правоту конкретными фактами и цифрами, перед высокими начальниками.

Он любил людей. На протяжении всей своей жизни Сатпаев помогал, советовал, добивался льгот для всех, кто бы не обратился к нему с просьбой.

Сатпаев обладал природной скромностью: не любил громких слов и шумихи вокруг своего имени. Он умел заряжать окружающих энергией, заставляя не останавливаться на достигнутом.

Каныш Имантаевич был неординарной личностью с широко развитым кругозором. Он заботился о литературе и искусстве родного народа. Сатпаев создал эпос «Ер Едіге», создал прекрасный написанный в грамматическом стиле эссе-рассказ об озере Обаган, отмечая мировое значение эпоса «Қозы Көрпеш и Баян Сұлу».

Благодаря Сатпаеву, ученые стали проявлять интерес к историческим памятникамна территории Улытау. Им создан труд «Доисторические памятники в Жезказганском районе».

По образному выражению академика А.П. Виноградова, круг идей Сатпаева был также широк, как степные просторы, на которых он вырос.

К. И. Сатпаев был «звездной личностью нации, общества, эпохи»,- вспоминал видный деятель Ильяс Омаров. И сколько бы лет не прошло, Сатпаев продолжает жить в памяти потомков.

Глубоко символично и совпадение двух дат-дня рождения К.И.Сатпаева и Дня космонавтики. Детище ученого – город Жезказган стал космической гаванью. С нашей жезказганской земли стартуют космические корабли.

Свое сочинение я хочу закончить словами великого немецкого поэта И.Гёте, которые, на мой взгляд, отражают все, что было сказано о Каныше Имантаевиче Сатпаеве:

Прошли недаром, ясен предо мной
Конечный вывод мудрости земной:
Лишь тот достоин жизни и свободы,
Кто каждый день за них идет на бой!

Накупова Айдана

8 сынып, №7 орта мектебі Сәтбаев қаласы
Жетекшісі: Бекетова С.Ж.

Елбасы – ел мақтанышы

1940 жылдың 6 шілдесінде қарапайым қазақ отбасында, бір перзентке зар болып, әулие-әмбиені аралап, құдайдан бала сұраған Әбіш пен Әлжанның шаңырағын шаттыққа толтырған періште сәби бүгінде еңселі елді басқарып, Ұлы адам боларын кім білген? Ауыртпалығы мен қиыншылығы мол сұм соғыспен тұспа-тұс келген балалық шақтың

да қызығы аз болғаны белгілі. Тумысында ерекше жаратылған ұлы тұлғаның болмысы бөлек. Ерекше зейіні мен қабілеті, көрегендігі мен еңбекқорлығы – тамырын тереңге жайған бәйтеректей қазақ елін барша әлемге мойындатты. Елбасы халық арасынан шықты. Себебі ол халықтың өз қанынан жаралған бір бөлшегі және қазір де солай. Және де ол кісі қазақ жерінде туған ең дара азаматтарының бірі де бірегейі.

Қазақхалқы: «Әкеден – ақыл, анадан – мейір» демей ме. Елбасының жақсы азамат болып қалыптасуына ата – анасының қосқан үлесі шексіз.

Елбасының әкесі Әбіш Назарбайұлы – 1903 жылы Алатаудың бөктерінде, Назарбай бидің шаңырағында өмірге келген. Әбіш сауатты, қадірлі, қонақжай, қамқор адам болған. Өнерге қатты қызығушылық танытқан. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дегендей Әбіш ата ана тілінен өзге орыс, балқан тілдерінде еркін сөйлейтін болған. Тіпті ол кісі күміс көмей әнші болған деседі, яғни қазақ, орыс әндерін нақышына келтіріп орындайтын тағы да жақсы қасиеті болған екен. Сыр шерткен адамын зейін қойып тыңдап, пайдалы кеңес бере білетін қасиеті және бар.

Елбасының анасы Әлжан – 1910 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Қасық ауылында қарапайым молданың отбасында дүниеге келген. Мейірімді, сыпайы, ақылды, кез-келген іске икемі бар пысық адам болған екен. Әлжан ана да өнерден кенде емес. Ән салу мен суырыпсалмалық өнерден оның алдына ешкім де түсе алмайтын. «Өнегелі отаудың өрісі кең» демекші Әбіш әке мен Әлжан ана балаларын үлкенді құрметтеуге, сыйлауға баулыды. Ұлттық дәстүрлерге, ән-жырларға, салт – ғұрыптарға құштарлығын оятты.

Елбасы кітаптарды сүйсіне оқыды. Ол әсіресе қазақ ауыз әдебиетінде орнын ойып тұрып алатын ежелгі аңыздар мен ата-бабалардың наным – сенімдері туралы кітаптарды қызығушылықпен оқыды. Әр кітаптың мазмұнын бес саусағындай білді. Елбасы тек кітаптарды оқып қана қоймай әжесі Мырзабала мен әкесі Әбіштің айтқан әңгімелерімен сусындап өсті. Мәселен әжесі Елбасының қызығушылық танытатын сұрақтарына әрқашан жауап беретін. Ал әкесі «Жеті атасын білмеген – жетесіз болады» деп жас Нұрсұлтанға жеті атасын айтып жаттады. «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң, құйып алар» дегендей Елбасының айтқан сөзді қағып алатын зеректігі ешкімді бейжай қалдыра алмады. Яғни ата-анасы балалары сөзсіз болашақта жақсы азаматтар қатарында болатынына сенеді.

Елбасы мектеп оқып жүрген кезінде жазғы демалыс күндерін де бос өткізіп көрмеген екен. Әкесіне көмектесе жүріп көкейінде жүрген сұрақтарына жауап алып қанағаттанады екен. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы» емес пе. Ата-анасы жұлдызды аспан астында болашақ Елбасымен жанған алау маңында жатып, аспандағы жұлдыздарды санап оларды қызықтау – олардың күндегі әдеті екен. Және де өздерінің тұрып жатқан жер жағдайын жақсы білетін ата-бабалардың түп тамырынан сыр шертетін салиқалы әңгімелер айтып, қазақтың қаймағы бұзылмаған халық әндерін шырқап, болашақ Елбасының құлағының құрышын қандыратын.

«Алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүрер» дегендей Елбасы бала кезінен еңбек етуге араласады. Оның үлкендердің мал бағуына, бау-бақша өсіруіне, отын жаруына тырнақтың ұшындай болсадағы көрсеткен көмегі ата-анасының жүрегін елжіретіп, оның болашағына деген сеніміне секем түсірмей күшейте түсетін. Елбасы өзінің бір естелігінде: «Біз өзіміз өсірген аз-маз өнімдерді сатып, үй ішіне қажетті заттар алу үшін есек жеккен арбамен жақын маңдағы теміржол станциясына баратын едік. Бұл біз үшін мереке еді» деп еске алады.

Елбасының балғын балалық шағы ұзаққа созылған жоқ. Мектепті үздік бағаға бітіріп ол кісі өз қатарластарының арасында терең білімімен, ой – өрісінің кеңдігімен ерекше сөзге түсетін. Елбасының Күләш есімді сыныптасы мынадай бір естелігінде айтады: «Нүрекең мектепте жүргеннен зерек, алғыр оқушы еді. Ол кісі біздің Абай атындағы мектепке оныншы сыныпта ауысып келді. Түр десең түрі бар, бой десең бойы бар білімді бозбаланың біздің сыныпқа келгеніне барлығымыз қуандық. Барлық қоғамдық жұмыстардың алдыңғы шебінен табыла білетін. Ол уақытта әрбір оқушының сабақ үлгерімін анықтап жазатын арнайы тақта бар. Сол тізімнің жоғарғы жағында Нұрсұлтаннның аты үнемі тұратын. Мен өзім де мектепте жақсы оқыдым. Бірақ, жасырмаймын математика, геометрия пәндерінен кейде үш алып қалатынмын. Бір күні Нұрсұлтан қасыма келіп, «Күләш, тригонометриядан үш алып қалыпсың ғой? Мұның қалай?» деп ұялтқаны бар. Содан кейін дәптерімді сұрап алып, есеп шығаруға көмектесті. Сол сәттен кейін бестен басқа баға алмауға тырыстым. Оныншы сыныпты ойдағыдай аяқтағаннан кейін бірнеше жасты Теміртауға жолдамамен жіберетін болды. Сонда арамыздан суырылып шығып, екі-үш жігіт Теміртауды бағындыруға аттанып кетті. Нұрсұлтан сол кезде-ақ өз мүмкіндігін біліп, білімі мен біліктілігіне сенген. Ол қашан да ұмтылып

тұратын. Кейін еліміздің Тұңғыш Президенті болып сайланғанда бірге оқығандардан бес-алты адам құттықтауға бардық. Президенттің кабинетіне кім кіріп көрген? Алдымен кабинетінде қабылдап, соңынан дәмге шақырды. Бірге оқысақ та, жасқаншақтап, қысылып тұрмыз. Нүрекең байқап қалып: «Емін – еркін әңгімелесейік.. Сендер менің ауылды қалай сағынатынымды білсеңдер ғой. Біз мектепті қырық екі адам бітіріппіз. Солардың кейбіреуі арамызда жоқ» деп толқып отырып Елбасының сырласқаны бар....».

Елбасыны ерекшелеткен басты қасиеті – пікір айтудағы және әрекет етудегі дербестік пен жетекшілікке деген тұрақты ұмтылыс еді. Ол кісі құрбы-құрдастарымен алғаш танысқан сәттен бастап, тіл табысып кете беретін. Өз ортасының ұйытқысы, ұйымдастырушысы болды. Әзіл-қалжыңға бейім, әнге жақын, елдің көңілінен шығып, өз ортасын тез үйіріп әкете білді.

«Тісі шыққан балаға, шайнап берген ас болмас» дегендей бозбала Нұрсұлтан ертерек еңсесін тіктеп, өз ахуалын жақсартып, ендігі жерде ата-ана, туған-туысқа материалдық жағынан көмектескісі келді. Өйткені, ол отбасындағы үлкен ұл еді және 18 жасқа жетіп енді ата-анасы оған арқа сүйейтін болды.

Нұрсұлтан Назарбаев үлкен құрылысқа келіп оның бұл жерде көп мүмкіндіктері бар екеніне еш күмәнсіз сенді. Ендігі жерде ол өз тағдырына, өз тіршілігіне өзі иелік етуге бел байлады.

Теміртауға келген соң, ол кісі болашақ металлург ретінде Украинаға, Днепродзержинск қаласындағы Днепр металлургия комбинаты жанындағы кәсіптік-техникалық училищеге оқуға жіберілді.

Елбасы бозбала кезінде сегіз қырлы бір сырлы жігіттердің бірі болды. Яғни Елбасы шыныққан шымыр жастардан іріктелген домнашылар тобына қосылды. Елбасы өзінің еті мен менезінің мықтылығын мықтылығын спортта, балуандардың боз кілемінде дәлелдей түсті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев адамдардың игілігі үшін жұмыс істеді, сондықтан әрдайым өзін олардың қолдайтынына сенімді болды. Металлургтермен бірге ол қайнаған ыстықта жүрді, кеншілермен бірге штальняларға түсті. Сондықтан Елбасы үлкен лауазым иелері кабинетіне қаймықпай кіріп, әділдікке жету үшін «қара қылды қақ жарғандай» етіп шындықты ғана айтты. Ол кісі сонымен қатар түйткілді мәселелерді шешудің жолын ұсынды. Яғни дәлел мен дәйекке сүйене отырып. Оның пікірі әрқашан мұқият тыңдалды. Басшы ретінде Елбасының беделі жоғары болу себебі, ең алдымен оның

жұмысшылар қатарынан көтерілгендіктен ол кісі барлық мәселелерді түп төркінінен танып білетін еді.

Жоғарыда айтып өткендей Елбасы еңбекқорлығының, ізденімпаздығының, қажымас қайратының арқасында Қ.Р. Президенті дәрежесіне көтерілді. Ол кісінің ел дамуына қосқан үлестері шексіз. Саусақпен санарлықтай емес, ауыз толтырып айтарлықтай. Елбасы қызметіне келген соң ең алдымен өзінің тың идеялары арқылы қазақ жерінің есімін әлемге әйгілі етті. Жақында ғана Елбасының сондай бір жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы жолданды. Және өз жолдауында мақсаттарды айқындап берді. Жолдауда: «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылғы қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» деді. Елбасы жолдауынан жастар мәселесі де қалыс қалмады. Солардың кейбіреулері төмендегідей: «Бала тәрбиелеу – ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек. Мен өскелең ұрпақтың озық білім алуы үшін мүмкіндік туғызуда көп күш жұмсадым: «Балапан» бағдарламасы жүзеге асып, зияткерлік мектептер, Назарбаев Университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр. Өздеріңіз білесіздер оған тек дайындығы бар және дарынды балалар ғана өте алады. Баланы білім мен еңбекке дайындау – ата-ананың борышы. «Бар жақсылық балаларға» ұраны барлық ата-ана үшін қағидаға айналуы қажет» деп атап өтті.

1996 жылы Елбасы айды аспаннан бірақ шығарды. Жаңа елорда сал бастамасын алғаш Қазақстан Президенті көтерді. Ол кезде бұл ұсыныс жүзеге асатынына көбісі күмәнмен қарады. Жаңа қала салу мен оған көшу көптеген онжылдықтарға созылады деп санағандардың қатары көп болды. Бірақ олардың бәрі қателескен еді. Астана ең қысқа мерзім ішінде салынып, бүкіл еліміздің қарышты дамуының нышанына айналды. Қаланың бас сәулеткері Елбасы болды. Астана – Сарыарқаның төсінде орналасқан, Батыс пен Шығыс мәдениеті мен мен дәстүрін тоғыстырған көз тартар бірегей келбетке ие болды. «Еңселі Елорда, асқақтаған Астана» сөздерін біз бүгінде зор құрметпен, патриоттық сезімімізбен айта аламыз. Астана елдің ең әсем қаласына, саяси, экономикалық, мәдени, рухани орталығына айналды. Елбасының өзі «Жаңа Астана – ежелгі қазақ жерінің төрі» деп бағасын берді.

Қаланың көптеген ғимараттары, ескерткіштері Елбасы сурет, сызба, нобай түрінде түсірген ойдан алынды. Бәйтерек, Хан Шатыр, Отан қорғаушылар монументі, Бейбітшілік және келісім сарайы, Мәдениет

орталығы, Ақорда резиденциясы және өзге де сәулеті келіскен ғимараттар Елбасының ұшқыр қиялының жемісі.

Елбасының бойындағы қасиеттерге сан жетпейді. Және оның лауазымдық қызметтері дәл осындай. Мәселен Елбасы Қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Жәнібек ханның ізін жалғастырушы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Елбасы батыр, қолбасшы, дипломат, аса көрнекті мемлекет қайраткері Кенесары Қасымұлы, Сырым Датұлы, Махамбет Өтемісұлы, Исатай тАйманұлы секілді ел тыныштығын ойлаған Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Бас қолбасшысы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы. Елбасы Үш жүздің басын қосқан Абылай ханның жасаған игі ісінің жалғастырушысы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы. Бұдан бөлек Елбасы Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы жанындағы кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің төрағасы, Назарбаев Университеті Жоғары қамқорлық кеңесінің төрағасы.

Елбасының сүйсінерлік тағы бір қасиеті бар. Ол – қарапайымдылығы. Ол кісі өзінің бір кітаптарының бірінде: «Кейінгі кезде өзінің «пролетарлық» тегімен көкірек қағу басқа бір нәрсенің салқынымен алмасты: қайткенде де өз тегінен и»ақсүйектік» қасиет іздеп табу етек алды. Ондай біздің тұқымда болған емес. Мен – қойшылардың ұлымын, немересімін және шөбересімін. Демек, ешқандай ақсүйектер әулетінен емеспін. Менің ата – бабаларымның бәрі де Алатау баурайында өмір сүрген» деп жазады.

Елбасы әрқашан «халық» деген ұғымды мәңгі жадында ұстап, елінің ертеңін ойлады. Халық игілігі үшін жасаған істерін күнде көзімібен көріп, құлағымызбен естіп жүрміз.

Елбасы туралы айтар сөз, мақтау жетерлік. Сондықтан осы жерден тоқтайын. Ең бастысы еліміздің көшбасшысы, қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдызы аман болсын. Елбасының аман – саулығы біз үшін асылдан да қымбат!

Ертеңге Елбасымен

«Ер – ел тірегі» деген қанатты сөздер бар. Айтса, айтқандай-ау!.. Бейбіт күнде дүйім халықтың ішер ас, киер киімін қамдау сияқты материалдық сұраныстарынан бастап, олардың тамырын тереңге тартар рухани қажеттіліктерін де орнына келтіре білген, ал қиын-қыстау замандарда түтеген борандардың өтіне шығып, еліне ықтасын бола білген қаншама ардақты ата-бабаларымыздың есімдері тарихта қалды десеңізші. Сөйтсек, тұтас әлемге тұтқа болған сол бір пәруана жандар ең әуелі өз Отанының мызғымас тірегіне айнала білген екен ғой. Ақтығында біздің батырларымыздың көзінің тірісінде, қайта құру дәуірінің бізге берген бақыты – азаттық, еркіндік, егемендік тұсында тағы да сол халық ортасынан тағы бір азамат шығарды. Ол – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Н.Ә.Назарбаевтың біз үшін, қазақ үшін қадірі осынау бір кездегі құдіретті мемлекет, қазіргі тілмен айтқанда империя ыдырай сөгіліп, «балапан басына, тұрымтай тұсына» болған берекесіз де иесіз жағдайда, «ау, ел басқарар кім бар?» дегенде суырып шыққан даралығы. «Е, ел, бұл халық әлі иесіз емесекен» дегізгендігі.

Қазақстан, оның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өткеннің есесі, бүгіннің есендігі үшін қазіргінің де, таяу және алыс келешектің де тағдыры тебіреніп, түн ұйқысын төрт бөлгені әмбеге аян. Аланның жағасынан алған азуы алты қарыс державаның шаңырағы ортасына түсіп, мәңгілік делінген идеялардың астан-кестені шыққанда, қоғамдық сананың безбенінде үміттер мен күдіктер кезек теңселді. Дәл осы тұста, қазақ есімді халыққа сын сағаты туғанда – ұлттық даналық пен қаһармандықтың асқақ рухы сол халықтың тағдырына жауапты азаматының ерік жігерінде қайта жаңғырықты. Тұңғыш Президент болу қашанда қиын. Істің бәрін жаңадан бастауына тура келеді. Бұл дегеніңіз мемлекетті қайыра құру деген сөз. Елбасының сол кездегі ой-тұжырымдарына үңілсек, ата жұрты үшін қабырғасы қайысқан, туған жері үшін жанын шүберекке түйген ұлдың жүрек лүпіліне тебіренесіз...

Саясаткерлік, менеджерлік, ұстаздық, дипломатиялық, психологиялық әзірліктер керек. Саяси басшыға ойшылдық, мәселенің шешуші түйінін дөп басу, күнделікті өмір көріністерінен ой

қорыта білу, өзіндік шешім қабылдауға батылдық, оқиғаның алдын ала білетін көрегендік, әлеуметтік талдауға бейімділік қасиеттері керек. Жеке мамандық иелерінде кездесе бермейтін бұл қасиеттерді Елбасы бойынан көреміз. Қоғамды басқару жөнінде көне дүниеден бері айтылып келеді. Ежелгі грек ойшылы Аристотель қоғамды философ басқаруы керек деді. Француз О.Бальзак болса, ақын-жазушыларға артықшылық берді. Суреткерлерсіз бірде-бір король, бірде-бір патша тарихта қалмас едідеді. Яғни, қоғамның шешуші тұлғасы – ақын-жазушылар деп түсінді. Марксистер болса, тарихтың тегершігі, тұтқасы, қозғаушы күші- халық деді. Ал Францияның королі Людовик XVI-ші болса: «мемлекет дегеніміз мен», - деді. Орыс социал-демократы Плеханов тарихта жеке тұлғаның беделі де көп рөл атқарады деді. XX ғасырда коммунистер: мемлекет-біз деді. Қытай көсемі Мао: «халық – тобыр», - деді. Гитлер: «әлемді таза, ақсүйек ұлт-арийліктер басқаруы керек», - деді. Гогольдің бір геройы патшалық Ресейде сословиелік артықшылық, дворяндар тұқымы – қоғамның тұтқасы деді. А.С.Пушкиннің Дубровскийі: «государь справедлив, я буду просить его. Он нас не обидит. Мы все его дети», - деді.

Н.Ә.Назарбаев туа ойшыл, туа күрескер, туа еңбекшіл, туа бейнетқор, туа өршіл, туа көсем болған жоқ. Елбасы жетістігі – уақыттың, тарихи үдерістің жемісі. Ғасыр бойы өмір сүріп, ғасыр бойы үйренуден жалықпаудың нәтижесі. Қазақстанның атақ- даңқын паш еткен, ТМД-ның, Еуропаның көптеген елдерін басып озып, Шығыс Азияның көптеген азуын айға білеген мемлекеттеріне теңескен Қазақстан десек, Елбасы – ұлт көшбасшысы қатар тұратыны сөзсіз. Кім не айтса да, қалай айтса да бәрібір, домна пешінің ып-ыстық отына қақталып, мәңгілік шындалған, қазақтың ардақты ұлдарының бірі атанған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың идеясын енді ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды. Оның есімін ешкім де тарихтан сызып тастай алмайды. Нұрсұлтан Назарбаев – Абылайхан да, Әбілқайыр хан да, Вашингтон да, Кемал Ататүрік те, Фидель Кастро да, Рузвельт те, Махатма Ганди де, День Сяопин де емес. Ол- дара тұлға. Тарихи тұлға. Ешкімді қайталамайтын, қайталанбайтын Президент. XXI ғасырдың жаһандық аламанына ат қосқан жампоз елдің еңсесі биік, мерейі үстем болғай! Ал, Айбыны асқақ, Тұғыры биік. Тәуелсіз Қазақстанымыздың елі аман болсын, елі үшін туған ері аман болсын!

Нұрлыбаева Ақбота

8 сынып, №10 орта мектебі
Жетекшісі: Қазангапова В.О.

Патриоттық тәрбие – отаншылдық кепілі

«Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс - қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн», -деп Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі жас ұрпаққа ең бастысы патриоттық тәрбие беру деп ұғынған. Біз өзіміздің бойымызға отаншылдық сезімі мен өз елімізге деген сүйіспеншілікті дамытуға тиіспіз. Себебі, Қазақстанның болашағы – қазіргі жас ұрпақ, яғни біз. Мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен өмірге қабілеттілігін, ұдайы өндірісін нығайтуда патриотизм маңызды рөл атқарады. Отанға деген сүйіспеншілік сезімі, қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болған және солай болып қала бермек. Дәл осы патриотизм қоғамның саяси бірлесуі мен тұтасуына септеседі немесе керісінше қоғамның ыдырауы мен бөлінуіне әкеліп соғады. Патриоттық сезім өз елінің тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білуден, мемлекеттік рәміздерді білуден және оны бағалаудан басталады.

Өз тарихын білу – ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындардағы ұдайы дамуына септеседі. Жеке тұлғаның өз халқымен бірлігін сезінушілігі оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры да, олардық нақты сақтаушысы, әрі жалғастырушылығын диттейді.

Патриотизм – отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне, бауырбасушылықты білдіреді.

Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен,

тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін - адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Патриотизмнің бір көрінісі мемлекеттік рәміздерге құрметтен басталады. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу тек заңмен міндеттеуді ғана қажет ететін мәселе емес. Ол ең алдымен отансүйгіштіктің, мемлекетшілдіктің айнымас қағидасы болуы керек. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді. Сондықтан бойына патриотизмді дамыту үшін ең алдымен мемлекеттік рәміздерді бағалап, құрметтеу керек. Сонымен қатар жер-анамызды қастерлеп, туған жер қадірін бойымызға, санамызға сіңіру патриотизмнің бірден-бір көрінісі.

Патриотизм ортақ мақсаттар мен мүдделерге жетуде бірінші дәрежелі, басым маңызға, мақсатты сипатқа ие болады. Шынайы патриотизмді жаңғырту – Қазақстанды жаңғыртудағы жасалған қадам. Патриотизм халықтың рухани игілігі, қоғамдық сана мен қоғамдық және мемлекеттік жүйелер тұғырының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Олардың тіршілік әрекеті мен тиімді қызметінің рухани-өнегелік негізін құрайды.

Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек. Патриоттық сезім әрбір азаматтың сана-түкпірінен мықтап орын алу керек. Себебі, Қазақстанның үміт артқан болашағы – біз. Сондықтан біз артқан үмітті ақтауымыз керек. Қазақстанның келешегі – біз патриот балалар қолында!

Омар Альмира

11 сынып, № 3 ЖББОМ

Жетекшісі: Акмолдина М.С.

Сарыарқаның інжу-маржаны – Жезқазған қаласы

Жезқазған қаласы – Қарағанды облысының ірі шаһарларының бірі. Қаланың іргесі 1954 жылы қаланды. Кеңгір өзені жағасындағы Кеңгір ауылының орнында тұрғызылды. Үш мыңнан астам ғана халқы болған. Кейін Кеңгір су қоймасына жақын маңнан үлкен қаланың құрылысы жүре бастайды. Белгілі өлкетанушы С. Бүкіров:

«...Жезқазғанның арғы аты – Ақжал. Кенді үңгірдің бірін қазғанда самородок сары мыс, жез көптеп табылыпты. Содан жергілікті халық өз тіліне аударып, «Жезқазған» атаса керек», – дейді.

Жезқазған қаласы орналасқан даланың тарихы біздің жыл санауымыздан арғы заманға тамыр тартып жатыр. Жезқазған – көненің бүгінгі жалғасы. Себебі Ұлытауда аты аңызға айналған Абылай хан таққа отырып, бейтарап өмір кешкен қазақ халқының үш жүзі бірігіп, халқымыздың мақтанашы, белгілі академик Төрегельды Шармановтың кіндік тұсы, жүректерінен жыр төккен Болман, Тайжан ақындар, шындықты жырлаған Шынболат Ділдебаев, «Айтыстың жанашыры» атанған Жүрсін Ерманов, поэзияның бір тұяғы Сәкен Сейфуллин, өнерлерімен тәнті қылған Нұржан мен Қайрат ағаларымыздың кіндік қаны тамған жер.

Жезқазған өлкесі тағдырдан сағы сынбаған, өнердің талай наркескендерін шыңдаған. Ұлттық өнерді дәріптеген, күй құдіретін Америка мен Ресейге танытқан, кәрісі-жасы демдерін алмай тыңдатқан – Қыдырәлі Болманов, ...алтын қалам, кең далам, Жазғаннан айналам деп әндеткен Жақсыкелді Сейіловті, талай ұрпақты, күйлерін күңіретте шерткен күйшілерді, ақын-жазушыларды өсірген топырақ. Халыққа сыйлы болып ел мақтаса, оның бәрі осы топырақтың, осы елдің тәрбиесі деп есептеймін.

Жезқазғанның жерасты байлығын ашқан, Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты Қазақстан ғылым академиясының тұңғыш академигі, кенші, геолог Қ.И.Сәтпаевтың перзенті деп атауға болады.

Жезқазған-Байқоңыр атаулары – егіз ұғым. Жезқазған – ғарышқа жол тартқан ғажайып қала! Мыс шаһарында-ғарыш мекенін бағындырған талай- талай ғарышкерлердің ізі қалған. Қаламыздың басты көшелерінің бірі – «Ғарышкерлер» бульвары тарихтың куәсі. Бұл жерде ғарышкерлердің қолымен отырғызылған жасыл емендері, көшеттері әлі күнге сақтаулы.

Жезқазған – заман жаңалықтарымен жарысып келе жатқан жасампаз қала. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мыс шаһарына бірнеше рет ресми сапармен келуі, қаланың нарық жағдайында дамуына, өркендеуіне айырықша назар аударып отыруы ел экономикасы мен саяси өміріндегі Жезқазғанның тарихи орнын айшықтай түсті. Шағын қалаларды дамыту бағдарламасы аясында қаламыздың «денесіне қан жүгіріп», «Бейнеу» теміржол торабы салынып жатыр.

Жезқазған – әлемге аты танымал болған өндірісті қала. Бүгінде «Қазақмыс» корпорациясы – Қазақстандағы барлық экономикалық

реформа талаптарына және нарық заңына сәйкес келетін қазіргі заман үлгісіндегі кәсіпорын. Корпорация ТМД елдері арасында ірі мыс өндірушілер қатарында.

«Сары мыстың» сөлін ағызған осынау қасиетті жерде табиғаттың ыстығы мен суығана төзіп, қаншама адамдар маңдай терлерін төгіп, еңбек етуде!? Менің қалам күннен-күнге гүлденіп, көркейіп келеді. Мен – осы жаңарған өңір, гүлденген Жезқазған қаласында дүниеге келдім. «Әркімнің туған жері- мысыр шаһары», сол себепті атамекеннің орны бөлек. Неге екенін білмеймін, табиғаты қаталдау болса да, маған дүниенің төрт бұрышын қанша шарласаң да, осы Жезқазғаннан артық жер жоқ сияқты көрінетіндей.

Қаныш ата іргесін қалап, кейінгілерге аманат етіп кеткен қалада тұрып жатырмын. Қаламның болашағы үшін аянбай еңбек етемін, оқу оқып, білім аламын. Туған жерді, елді нығайту – біздің басты парызымыз деп ойлаймын.

Өмірбаев Ясин

2 сынып, № 15 орта мектебі Балхаш қаласы

Жетекшісі: Сатыбалдина Г.Х.

Көрікті де келбетті – Балқашым

Ерке толқыны жағаға ұрып, балығы тайдай тулағын, көкше көлдің теріскейіндегі шағын қаламыздың жетпіс жылдан астам тарихы бар. Осы жылдар ішінде талай тарихи оқиғаларды бастан кешкен Балқаш қаласы қазіргі таңда барша әлемге сары алтындай мысымен және орталық қазақстанның жауһары атанған – Балқаш көлімен де әйгілі. Жер шарындағы ішкі су қоймалары бар ең көне көл деп саналады.

Қаламыздың тарихы жайлы ата-әжемнің аңыздарынан білемін.

Тарих көшіне ілескен Балқаш қаласы Кеңес өкіметінің қарқынды бесжылдықтарының бастауында құрылып, ірі өндіріс орталықтарының біріне айналған. Балқаш өңірін игеру сонау 1928 жылы инженер, геолог И.П.Русаковтың басшылығымен Қоңырат тауларындағы геологиялық-барлау қызметінен бастау алған.

Көреген бабамыз Қарамеңде би айтқандай «Ойында балығы, қырында киігі» ұрпаққа азық болған қасиетті Балқаш өңірі тек қана өз еліміз емес Одақ көлеміне, шет елге өзінің даңқымен танымал.

Балқаш қаласы өзінің бай табиғи және минералдық қорларымен, өндіріс орындарымен ғасырлар қойнауына кететін тарихи дәстүрлерімен даңқты. Бірақ табиғаты қатал, сондықтан оның байлықтарын алу үшін табандылық және ерең еңбеккерлік қажет. Осының барлығы Балқашты игеруді бастаған адамдарда болды, бұл қасиеттер Қазақстанның осынау бір ғажайып та қайталанбас қаласында тұрып және еңбек етіп жатқан адамдар да бар. Балқашқа еңбегі сіңген еңбек ардагерлері, Балқаш қаласының құрметті азаматтары әрқашан біздің сынып сағаттарымыздың қадірлі қонақтары.

Көкше көлдің теріскейінде тербелген Балқаш қай уақытта болмасын еңбек бақытына бөленген жандар мен мыс бұлағын ағызған металлургтерге күш-қуат беріп келеді. Қазіргі күнде біз сол еңбек майталмандарымен мақтанамыз, шаттанамыз. Олар Көкше көлдің толқынымен кең тыныстап, қаламызды өркениет көшінен қалдырмай өркендеуіне сүбелі үлес қосқан түрлі мамандық иелері қаншама десеңші... Солардың арқасында қаламыз күн санап көркейе түскенін байқаймыз.

Балқаш – бүгінде ұрпақтар ұясы аңыздер мекені, Балқаштың даңқын әлем таныды. Аталарымыз бен аналарымыздың жастығы өткен мекен. Бүгінгі ұрпақ біздер ырысты өлкенің тарихын қастерлеп, ескерткіштерді құрметтеу парызым деп білемін. Атланта олимпиадасының жеңімпазы, Баркер кубогінің иегері, боксшы В.Жиров Балқаш қаласының атын әлемге тағы бір қырынан танытты. Ұшқыш-космонавт В.Ланчаков, күміс көмей опера әншісі Э.Епонешникова, ҚазКСР-і еңбек сіңірген әртісі, шертпе күйдің шебері М.Хамзин, «КСРО Халық әртісі» К. Байсейтова және басқа өнер тарландары біздің мәңгі мақтанышымыз.

Балқаш – еңбеккер қала, достық қаласы, даңқтың қаласы. Туған жерім туралы кітаптарды көп оқимын, ендігі болашақтағы арманым сапалы білім мен саналы тәртіппен оқуымды аяқтап, туған жеріме қызмет етсем деп ойлаймын. Осындай көрікті қалада туғаным мен қуанамын, өз өлкемнің тарихын мақтан етемін.

Моя родина Казахстан

Я живу в маленьком городе Темиртау. Он очень красивый и спокойный. Мои дедушки и бабушки жили здесь издавна. А еще в Темиртау жил и работал наш Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев. Благодаря ему, наша страна стала очень процветающей, счастливой. Мои самые любимые города - Астана и Алматы. Эти города очень необычные, интересные. Я неоднократно была в этих городах. Астана мне нравится за ее достопримечательности, а еще за то, что это очень современный, цветной город с оригинальной архитектурой. А Алматы я люблю за ее белоснежные горы и за то, что там зимой очень тепло.

Но в Астане моя семья бывает чаще, чем в Алматы. Мы любим бывать в Ханшатыре и смотреть на Байтерек, особенно ночью, когда он сияет всеми цветами радуги. В Алматы моя семья катается на лыжах и сноубордах. Я и мой брат устраиваем соревнования, кто быстрее спустится с горы, я на лыжах или он на сноуборде. Мы спускаемся одновременно быстро. А еще мой папа купил снегоход. И зимой мы гоняем на нем в степи, один раз мы застряли, но пока мы откапывались, я увидела лису, охотящуюся на беленького зайца. Это было так необычно и увлекательно. Я очень много путешествую по миру, мне это нравится. Мы семьей были в Америке, Англии, Германии (в Баден-Бадене). Там хорошо. Но когда я возвращаюсь домой, сразу такое ощущение облегчения, бодрости и радости. Ведь в гостях хорошо, а дома лучше. Я люблю Казахстан за его необъятные просторы и красоту степей.

У Казахстана много национальных символов. Они были приняты в 1992 году. Мой любимый символ- это флаг Казахстана. Потому что я очень люблю голубой и золотые цвета, а моя любимая птица орел, символ свободы и высокого полета. У Казахстана обширная и интересная история и очень много национальных праздников. Мой любимый праздник - наурыз. Наурыз – это очень веселый праздник, мы празднуем его со своей семьей. К сожалению, я не владею хорошо казахским языком, но многое понимаю, могу немного общаться с некоторыми одноклассниками. Казахский язык для меня не слишком легкий в изучении, но я проявляю настойчивость и терпение в овладении им. Мне нравится казахская музыка, в одном только кюекюйши мог описать все что угодно: и снежные горы, и красоту степи, и жизнь людей. Со-

временное музыкальное творчество Казахстана очень разнообразно, но я предпочитаю песни в исполнении таких певцов, как Беркут и Аиша, Бейбут. Когда мы ездили в Америку к знакомым, мы везли для них казахские сувениры, которым они были больше рады, чем дорогим подаркам.

Мне нравится жить в Казахстане. Я считаю, что моя родина величественная, сильная, неповторимая и очень красивая.

Рымбаева Ажар

1 сынып, Ә. Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ
Жетекшісі: Сұраған А.С.

Сүйікті пәнім - Ана тілі!

Мен алты жасқа толдым, енді мектепке барамын, мына кітаптардың барлығын оқимын деп алғашында қуанышым қойныма сыймай сол күнді қатты асыға күттім. Бірақ та кітаптарды ашып көріп, оның ішіндегі суреттерге қайта-қайта қарап, анашым мына кітаптардың барлығын оқимыз ба? Оңай бола ма? деген сұрақтар күнде мені мазалай бастады.

... Алғашқы қоңырау, қолыма бір шоқ гүл алып мектепке әжеммен бірге бардық, бәрі де қызықты, бәрі де көңілді болды. Алғашқы ұстазымды көрдім. Ұстаз маған, Қадамың құтты болсын! деп басымнан сипады. Сыныпқа келдік, қолымда әліппе кітабы. Екінші күннен бастап сабақ басталып кетті...

Әріптерді үйрене бастадық. Күнде жұлдызшаларды алып мәзбіз. Сөйтіп жүріп әліппемен де қоштасатын уақыт келіп қалыпты. Алғашында қорыққан менің ойыма, осы уақытта әжемнің «Көз қорқақ, қол батыр» ертең-ақ үйреніп кетесің, деп мадақтау, мақтау сөздерін әлі де жиі айтады. Екі тоқсан бітіп үшінші тоқсан да басталып кетті...

Туған тілім – бабам тілі - өз тілім!

Туған тілім – анам тілі - өз тілім!

Туған тілім – далам тілі - өз тілім!

Туған тілім – адам тілі - өз тілім!

деп ана тілі оқулығының алғашқы парқтары осылай басталған. Алғашында кітапты қолыма алып, анашым мына кітаптың барлығын

оқимыз ба? Бір жылда екі кітап деп таң қалған менің ең сүйікті пәнім Ана тілі пәні болды. Себебі, ұстазымыз сабақты өте қызықты өткізеді. Оқулық ішіндегі өлеңдерді, тақпақтарды да жылдам жаттап аламын, түсінбеген сөздерімді де анам мен әжемнен сұрап отырамын. Ол кісілерде маған үйретуден жалыққан емес. Ана тілі кітабы өте қызықты. Менің бос уақытымдағы хоббиім де осы ана тілі пәніне деген қызығушылығымнан басталды. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші әр елдің азаматы өз ана тілін білуі керек. «Білім инемен құдық қазғандай», «Білікті бірді, білімді мыңды жығады». Мақал- мәтелдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды, нақыл сөздерді тіпті салт- дәстүрлерді арнайы бір дәптерге жазып алып жүремін. Себебі болашақта маған қажет болады. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы біздің қолымызда. Сондықтан да Туымыз биікте желбірей берсін!

Сағындықов Дияр

3 сынып, №76 орта мектеб Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Киргизалина А.С.

Менің Отаным

«Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Талай жылғы ұлы дүбір, дүрбелеңнен кейін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Еліміздің арыстары талай жылдар басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында елім деп жанын пида еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған желтоқсан қаһармандары. Айта берсе жалғаса берер елінің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарының ерен ерлігінің арқасы деп білемін. Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды, өлгеніміз қайта тірілді, ата-баба дәстүрі көш түзеді, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын

болашаққа қол созды. Содан бері атқан оқтай зулап, табандатқан 22 жыл өтті.

Қазақстанның жиырма екі жылдық ғұмырына көз салсақ, ауыз толтыра айтарлықтай, көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктері, асқан асулары мен бағындырған жаңа белестері бар. Бүгінгі Қазақстан Астанасын бас қала етіп, дамыған мәдениет пен экономиканың, білім мен ғылымның орталығына айналдыра, елінің тұрақтылығы мен бірлігін сақтап, дүние жүзіне танытуға күш салуда. Бұған мемлекетіміздің Біріккен ұлттар ұйымына, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық қауымдастықтарға мүше болып дүние жүзі елдерімен тығыз байланыс орнатуы және осы жолда атқарып жатқан қыруар істері дәлел бола алады. Кемеңгер Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» бағдарламасы өз бағытымен жүзеге асса, келешекте Қазақстан мемлекеті дүние жүзіндегі ірі мемлекеттер қатарына қосылады деген сенімдемін. «Отан - оттан да ыстық» деген дана халқымыз, адам баласының жүрегінде ең бірінші, ақ сүт берген туған анасына деген сезім орын алса, екінші, Отанға деген жалынды, ыстық сезім орын алады екен. Мен өз Отанымды, туған жерімді, құдіретті елімді сүйемін және мақтан етемін. Өз елімнің дамуына теңізге тамған тамшыдай болса да үлесімді қосамын деп ойлаймын. Барша Қазақстандықтарды елімнің мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, ашық аспан көгінде қалықтаған қырандай еркіндік пен даму, асқан бақыт және шексіз қуаныш, биік белес пен шығар шың тілеймін.

Сағындық Нұрхат

2сынып, Ә. Бөкейхан атындағы №76 мектеп
Жетекшісі: Сұраған А.С.

Қазақ елі

Қазіргі қазақ елі қандай бақыттысың! Аспаның ашық, жерің байтақ. Осыншама кең жер мен алтынға теңер табиғи байлығың бар. Ешкімнен қорықпас егеменсің. Бұдан артық мен үшін мақтаныш сезімі жоқ. Әрбір адам, елін сүйген, елі үшін мақтанып, елі үшін жан күйдірген адам. Өз елі жайлы әңгіме болғанда жүрегі тебіренбей тұра алмайды. Қазақстан – Еуразия материгінің қақ жүрегінде орналасқан тамаша, бірлігі мен достастығы берік мемлекет. Қазақстан

– тәуелсіздік жолында көптеген қиындықтар, ызғарлы, қара күндерді басынан өткізді. Ал бүгінгі күнде еліміз – алдағы дамушы елдердің бірі. Тәуелсіздік алғалы еліміз тез бой көтеріп, еліміздің ұлттық валютасы, әнұранымыз, байрағымыз, өз елтаңбамыз бекітілді. Сонымен қатар еліміздің бас қаласы Астанамыз бой көтерді. Дүниежүзінде елбасымыз Н.Назарбаев білікті саясатшы, ақылдылығы мен азаматтығы тең түсіп жатқан тәжірибелі басшы. Халықтың болашағын болжай білетін көреген және қазіргідей алмағайып кезеңде елдің бірлігін сақтап, тұңғыықтан жарқын кезеңге алып шығар Президент ретінде бағаланады.

«Сан ғасырлар бойы қазақ халқының күш жігері даму жолында емес, тәуелсіздік жолында жұмсалып келді. Мүмкіндіктер бізде әрине бар. Бүгінгі күні қазақстандықтар өз-өздерінің тағдыры мен бас бостандықтарының иелері... Жаңа ғасыр Қазақстан тарихының алды болады. Бұл ғасыр бейбітшілік пен жасампаздықтың нышаны болып біздің тарихымызға енеді.» Халқымның болашағы қалай болмақ деген ой жиі мазалайтын болар. Осындай ақылды, жігерлі Елбасы барда бойымызды тік, аяғымызды нық басуға болады. Міне бүгінгі күнде Елбасымыздың бастауымен біртіндеп елу елдің қатарына қосылудамыз. Бұл бастама жаңа жас мемлекетке үлкен жетістік.

Ата-бабамыз найзаның ұшымен, білектің күшімен алған тәуелсіздігімізді Елбасымызға мұра еткендей. Менің ойымша Елбасымыз жасаған ерліктері мен данышпандылығын ұрпақтан ұрпаққа қалып отыратын сарынды дәстүр болып сақталатын сияқты. «Ел болғың келсе бесігіңді түзе» - деген қазақтың асыл сөзін Елбасы ертерек түсінген, оған дәлел «Мен жастарға сенемін» ұраны. Елбасымыздың осындай сенімін біз келешек ұрпақ терең түсініп, өмірлік міндетіміз бен мақсатымызға алған жөн.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Бұл есімді кішісі мен кәрісінің барлығы біледі. Сеніммен, үмітпен өзінің уайымын, дауасын, қуанышын Қазақстан Республикасының халқы өздерінің көзқарастарымен білдіреді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тап осы Нұр аға біздің мемлекетіміздің және халқымыздың тәуелсіздік жолындағы жаңа жаңғыруының, тәуілсіз, зайырлы мемлекетте тұрамын деп жар салатын, болашаққа нық сеніммен дұрыс жолға бастау алып, тұғырын биік көтеріп қарайтын намысты азаматтардың куәгері мен алға бастар басшысы.

Менің ойымша, ең бастысы – бұл кең байтақ қазақ жерімізде бейбітшіліктің орнауы. Сол себепті біз достық пен түсіністікті сақтауымыз қажет. Осы мақсатта қанша күш-жігерін біздің елбасымыз сіңдірді. Нұр ағаны біздің халық мақтан етеді, аса бағалайды. Әрқашан Қазақстан халқының пікіріне құлақ шалады, халықпен үздіксіз байланыста болады. Нұр аға ұлы ойшыл, өз елінің жарқын болашағының нағыз жақтасы.

Елбасының қатты дәйекті саясатының арқасында, Қазақстан абыройлы және дамушы мемлекеттер қатарына қосылды. Біз болашаққа нық қараймыз, ал болашақ – біздің қолымызда. Қазақстан – менің елім, ол әрдайым Қазақстан азаматтарының жүрегінде. Мен Қазақ елінің азаматымын!

Садыкова Тоғжан

10 сынып, М. Горький атындағы мектеп-гимназиясы
Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосы
Жетекшісі: С.Д.Тажібеков

Шежіре тұнған сырлы өлкем

Қасиетті қазақ даласы! Бабамнан қалған қастерлі мұрам, кіндік қаным тамып, ес біліп етек жиған ардақты атамекенім. Мен өзіңе мәңгілік борыштармын. Осынау жер бетіне шыр етіп дүниеге келген әрбір адамзат баласының тұғыры болған, ес біліп, етек жеңін жиып, ат жалын тартып мінер азамат қылған, бұл дүниедегі мәңгілік тұрағы, туған жері өзгеден гөрі ыстық болары хақ. Сол себепті, қилы ғасырларды басынан өткерген, топырағынан елі мен жері үшін намысын найза қылып, қылышын қанға суарған текті тұлғалар түлеп ұшқан, қойнауына қазына тұнған, тарих беттерін парақтап қарасаңыз өзіндік ойып алар орны бар шежіреге толы Шет өңірі елдіктің үлгісін танытар құдіретті ордам, аяулы алтын бесігім. Ауданымыз сайын Сарыарқаның төсінен оңтүстік, оңтүстік батыс аумағынан орын теуіп 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы округінің болыстарының негізінде құрылған. Жері негізінен ұсақ шоқылы, төбелі, белесті, аласа таулы, қырлы келеді. Оңтүстігінде Балқаш көлі, шығысында Қарқаралы тауларының сілемдері, оңтүстік шығысында Қызыларай таулары мен Тоқырауын өзені, Нұра өзенінің бастауы жатыр. Ауданның орта бөлігінде ақындарға жыр жазғызып, әншілерді таңдай қақтырып

тебіренткен Бұғылы, Тағылы, Қотыр, Қызылтау таулары орналасып, Тектұрмас шоқыларымен аяқталады. Қазіргі таңда ауданымыз облыс көлеміндегі 48 елді мекенді біріктіретін 25 әкімдік аумақтық бірліктен тұратын ең іргелі, ірі аудандар санатында. Жерінің қазынасына құмарта көз тіккен қаскөй жауларына жанын аямай ұрыс салған батыр бабаларымыздың ерлігі өз алдына бір төбе. Талды өзенінің бойында Сеңкібай батыр, Нұра өзені бойында Абылайханның ту ұстаған батыры Жидебай батыр мазарлары көздің қарашығындай қорғалуда.

Жасыл тулы Жарылғап батыр, ат көтере алмас Сазанбай, Дерібсалы батырлар туралы заманында туған тарихи жырлар ел есінде сақталған. Кенесары ханның қолбасшысы Ақжолтай, Ағыбай батыр ел мақтанышы. Ресей империясына алғаш қару көтерген Кенесары ханның ағасы Саржан Бұғылы тауының бойында жыл жарымнан аса уақыт орда тігіп, елді күреске дайындаған. Кенесарының қамалы да, Кенеханның өзі ғана су ішкен құдық та Манақа бойында Кенехан бойын сергіткен Қарасу да, атасы Абылайхан демалған орын да осы өңірде. Қазақ әдебиеті тарихында «зар заман» ақындарының айрықша танымал тұлғасы Шортанбай Қанайұлы да өмірінің соңғы сәттерін осы өлкеде өткізген болатын. Ақтентек сері серілігімен, жомарттығымен ел аузына іліккен. Атақты Қақпан ақын, Жуасбай, Дияқажы, Бабас, Оқа, Түсетай, Ғаббас, Күмісбек ақындар сөз өнерінің биік шыңы іспеттес. Дия қажы артында «Шахарбану» дастаны қалды. Оқа шежіреде «Абылайхан» атты дастан жазған. Түсетай «Сарыарқа» толғауын қалдырған. 1943 жылы алғашқы Республикалық ақындар айтысында бірінші орын алған Маясар ақын туралы сол кезде М.Әуезов деректі фильм түсірткен екен. Кешегі Кенесары ханмен үзеңгілес болған Бәйсейіт би, Дүйсенбай, Жанқұтты шешен, Қара билер туралы аңыз мол. Арқадағы шертпе күй өнерін аса биікке көтерген, шертпе күйдің бір мектебін қалыптастырған Қыздарбек күйші, оның шәкірттері Әбди, Сембек, Ақмолда, Кәрібек, Мақаштардан қалған күйлерге бүгінде бүкіл қазақ тамсанады. Өңіріміз көне заман суреті мен сөйлеп тұрған тарихи ескерткіштердің тілсіз мұрасына аса бай.

Егіз қойтастағы үш қабат үйдің биіктігіндей жартас басына қолмен қашалып салынған 72 ұялы дойбының тақтасы әлем тарихында дойбы, шахмат ойынының шығуына жаңа көзқарас тудырары хақ. Ауданымызда осы түрлі тарихи 35 ескерткіш мемлекет қорғауында. Халықтың көңілін көтеріп, мәдениетіміздің дамуына үлкен үлесі бар орталықтағы мәдениет үйі, оның ішінде орналасқан кітапхана, өткеннен сыр шертетін аудандық этнографиялық мұражай халық игілігіне

жұмыс атқарып келеді. Ауданның келбеті мен кемелденуіне айтарлық еңбегі сіңген, академик ағаларымыз бен апаларымыз Яхия Әубәкіров, Шәрбан Батталова, Баян Рақышев, Дәурен Сембаев, Жамбыл Ақылбаев есімдері алты алашқа танымал. Сонымен қатар, өмірден ерте озған айтулы ақын Дәулет Рысбайұлы, бүгінде көзі тірі кезінде ұрпақ ұлағатына айналған жазушы ағаларымыз К.Жүністегі, Т.Майбас, ақын-композитор З.Сүйіндікұлы, ақын Т.Амандықұлы сияқты т.б. ағаларымызды айта кетпесек болмас. Ұрпақты инабаттылық пен имандылыққа тәрбиелеп отырған ауданымыздағы жаңадан салынған «Жаңғұтты би» атындағы мешіт, бүлдіршіндердің өмірлік бет алысына бағдар жасайтын, жаңа құрылыс «Нұрдәулет» балабақшасы мен жастардың спортқа бейімделуіне үлкен үлес қосқан «Спорт сарайы» ауданымыздың көркіне көрік қоса түскендей. Жалпы қай жағынан алсақ та ауыз толтырып мақтана аларлықтай ауданымыздың абыройы асқақ, мәртебесі биік. Сол себепті тәңір сиындай болған тәуелсіз Қазақстанымызда емін – еркін тамыр жайып, гүлденіп келе жатқан ауданымыздың келбеті мен керегесі кеңейіп, жылдар өте үлкен қалаға айналып, отанға пайдасын тигізер орда болғанын іштей тілеп, ерінбей еңбек етуге тырысатын боламын.

Даналықтың үлгісі болған Абай атамыз: «Оңдай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деген екен. Кім білер арман орындалар. Аянбай еңбек етсек сол күннің де ауылы алыс бола қоймас. Алтын бесік атамекенім, ардақты Аюлы – Ақсуым, мен өзіңді қадір тұтып, мәңгілік мақтан етем!

Санжарова Аида

3 сынып, №76 ЖББОМ Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Сарсекеева Б.Е

Қазақ жерінің хикметтері, Карлаг оқиғасы

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарның соңында Қарағанды көмір бассейні мен бірге ірге қалаған Карлаг түрмесі салынды. Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 25 шақырым қашықтықта орналасқан.

Спасск елді мекені қазір еліміздің ішкі әскерінің бөлімшесі орналасқан маңызды нысана болып саналады. Осыдан жарты ғасыр бұрын Спасскіді Карлагтың әскери тұтқындарға арналған арнайы түрмесі ашылды. Қарағанды көмір кеніштерімен Жезқазған,

Балқаштың бай мыс қазынасын теру үшін, тегін еңбек күшімен азық-түлік базасын жасауға жоспарланып ашылған Карлагтың қақпасы Қарағанды, Жезқазған теміржолы бойында орналасқан Қарабас болатын.

30-шы жылдардан бастап Інжілдегі, Спасскідегі және осы маңдағы ондаған түрмеге, Қарабасқа пойыз арқылы жеткізілген тұтқындар қысы-жазы жалаң аяқ, жалаңаш шеру тартатын болған. Спасскіде Карлагтан бөлек «Песчаный» деген үрейлі лагерь болған. Бұл жерден ешкім тірі шықпаған. Қарабас Карлаг қақпасы болса, Спасск оның бауырлар зираты болған. Сырқаттанып қалған тұтқындарды өлу үшін сонда жіберген.

Бұрынғы қазақ «Инжіл» деп атаған, қазір ескі аты ұмытылып «Долинка» деген атауымен ел жадында сіңірілген ауыл Карлагтың астанасы ретінде тарихқа енгізілген. 1911 жылдары онда 2630 адам тұрған. Неміс, орыс, украин ұлттары да болған. 4 мың қазақ киіз үй құрған, 1200 неміс, орыс, украин үйлері болған. 1930-1931 жылдары халықты зорлап көшірген. Олар Тельман, Осакаров, Нұра аудандарына қоныс аударған. Халық көшірілгеннен кейін бос қалған жерлерде мыңдаған тұтқындар мекендеді. Олар лагерьдің бүкіл аумағына орналастырылды. Теміржол салды, өздеріне барактар, мал қоралар, күзет жауынгерлеріне казармалар салды, бастықтарға тұрғын үйлер салды.

Жалпы аумағы қазіргі Қарағанды облысының сексен пайызын алып жатқан Карлаг, оның Жезқазғандағы Сеплаг, Астана маңындағы Алжир бөлімшелері туралы жазу бірер. Бір ғана Қарағандының іргесіндегі Спасск – әскери тұтқындар түрмесі туралы әңгіменің өзі дәуір тарих.

Сванкулова Енлик

11класс, средняя школа № 15 г. Балхаш

Руководитель: Ш.Ш. Сатенова

Моя родина – Казахстан

Моя Родина-Казахстан, и я очень горжусь этим. Независимая, свободная, наша страна смело идет вперед, расправив свои гордые плечи, навстречу своему будущему. Олицетворяя собой барса, Казахстан решителен и тверд в свое политике, но наша политика миролюбивая. Наш народ протянет руку дружбы, помощи, сотрудничества любому

государству. Казахстан-государство перспективное, развивающееся. Я считаю, что в будущем он станет еще лучше, еще крепче. Миролюбивая политика государства, развитие интеллектуального и экономического потенциалов являются залогом будущего процветания.

Мы, молодое поколение, будущее Казахстана. Нам его строить и беречь, нам укреплять мир и дружбу между народами не только Казахстана, но и народов всего мира. Нам продолжать стратегию развития Казахстан-2050. И сейчас Казахстан – государство, с которым считается весь мир, государство, демонстрирующее разумную, миролюбивую политику нашего Президента.

Двадцать лет для истории, изучающей события, которые происходили на Земле миллионы лет назад, - срок микроскопический. Но ведь не скатилась наша молодая республика за это время в пропасть, не пополнила ряды стран «третьего мира», а, наоборот, - развивается, занимает достойное место в мировом сообществе. Двадцать лет - это только начало пути. Но «главное в этом мире не то, где мы стоим, а в каком направлении движемся». А направление нашей страной выбрано правильное - это процветание всех нации и народностей, проживающих на территории республики, благосостояния людей, развитие экономики, образования, здравоохранения, культуры, мирное сосуществование с другими государствами.

В нашей стране есть все для успешного продвижения вперед: земля Казахстана богата полезными ископаемыми, есть народ, готовый трудиться на благо своей Родины. И если каждый из нас отдаст частицу своего труда и своей души родной стране, то рано или поздно наша Республика станет одной из богатых и уважаемых мировых держав. Я люблю свою Родину – Казахстан. Я верю в светлое будущее Республики. Каждый прожитый мною день – это прожитый день моей Родины. Мое будущее – это твое будущее, Казахстан! Прошлое – это наша история, настоящее – это претворение в жизнь идей всех казахстанцев, это общая работа над благополучием Республики Казахстан. А будущее – это 2050-ый год, в который мы верим и к которому будем идти шаг за шагом, день за днем.

Гүлдей жайнаған мектеп ауласы

Экологиялық тәрбиенің мақсат-міндеті жас ұрпақты өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін сезінуге тазалығын сақтауға қоршаған ортаға мейірімділікпен жанашырылықпен қамқор болуға тәрбиелеу.

Осы бағдарлама аясында мектептебімізде «Жасыл мектеп» бағдарламасы арқылы мектеп іші мен ауласын көгалдандыру, гүл мәдениетін дамыту арқылы оқушыларды табиғатты аялап, қастерлеуге үйрету, жауапкершілікті қалыптастыру міндеті қойылған. Көктем айынан басталысымен мектеп ауласында көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар өсімдіктермен жұмыс жасай отырып оларды өсірудің қыр-сырын үйренеді. Ауламызда үйеңкілер, қарағайлар алаңы, қарағаштар қоршауы, жеміс ағаштар телімі, көпжылдық гүлдейтін ағаштар мен бозкілемдер алаңы, көгал, 14 гүлзар көпжылдық және біржылдық гүлдердің түрлері егілген. Осы өсімдіктерді күтіп баптауға агроном Орлова Нина Николаевна мен гүл күтумен айналысатын ата-аналар Касибаева Сауле, Токбаева Анаргүлдің ақыл-кенестерін тыңдай отырып, оқушы мен ата-аналар ұстаздардың көмегімен ауланы гүлдендіреміз. Биылғы жылы 11 сынып түлектерінен естелік ретінде раушангүлдер аллеясы немесе ғылыми тұрғыдан розарий жасалынды. Онда 17 әртүрлі раушангүлдер егілді. Былтырғы жылы бөртегүлдер егілсе биылғы жылы дәстүрлі түлектер аллеясы раушангүлдермен толықты. Жаз айында осы егілген гүл мен ағаштардың күтімі осы оқушылар күнделік жүргізеді, соңынан ең жақсы зерттелген өсімдік бойынша зерттеу жұмысы жасалынып, оқушының өз жаз бойы жасалынған еңбегі зертеу жұмысымен аяқталады. Оқушы өзінің өсірген гүлі мен ағашына қамқорлық жасай отырып, өсімдіктерді тани алады және бос уақытын зая кетірмейді, басқа зиянды әдеттерден өзін қорғайды және психологиялық жағынан өзіне сенімділігі молаяды. Себебі онда өзін-өзі үйрету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту арқылы балада өсімдік әлеміне қызығушылық туындайды. Мектеп ауласында былтырғы жылы егілген 7 түп раушангүлі мектеп ауласында ерекше тартымдылық береді. Себебі оны осындай аптап ыстық пен желді жерде өсіру өте қиын және көп еңбекті қажет етеді, сондықтан да бұл гүл оқушылардың мектепке деген шынайы сезімі мен еңбегінің

нәтижесінде бүгінгі күнде бұр жарып тұр. Сондықтан да мектептегі экологиялық бағыттағы жұмыстарға оқушыларды жұмылдыру, гүл мәдениетін үйрету, олардың өзіне деген сенімін қалыптастырып, жарқын болашағының негізі деп білемін. Жасыл желекке оранған, әсем қаламды, мемлекетімізді гүлдендіре беруге үлесімді қоса береміз.

Серік Мейрам

6 сынып, № 15 орта мектебі Балқаш қаласы

Жетекшісі: Амирова А.А.

Бауыржан Момышұлы - әйгілі батыр

Адамзат баласы жер бетінде пайда болғалы бері көптеген оқиғаларды басынан кешті. Қазіргі біздің өмір сүріп отырған заманымызға дейін жер бетіндегі халық қалыптасу процесін басынан кешірді. Міне, осы оқиғаларды мен 5 сыныпта тарих пәнінен оқып білдім. Тарихтан қазақ елінің көптеген соғыстарды бастарынан кешкендерін білдік. Сонда мен өз Отанына, еліне адал қызмет атқарып қана қоймай, қосымша жазушылықта да қабілетімен тарихта қалған Бауыржан атамызды танып білдім.

Әлемдік тарихта ІІ Дүниежүзілік соғысқа көптеген мемлекеттер қатысқан. Олардың қатарында Қазақстанның жауынгерлері де бар болатын. Ондағы Ұлы Отан соғысына жай ғана қатысып қойған жоқ, ерлігі мен батырлығын дәлелдеген «Кеңес Одағының батыры» деген атақты қан майдандағы ұрыстардан кейін еліміздің 500 адамы иеленді. Өкінішке орай, қазақ халқының жанашыры, батырлардың бірі және бірегейі, әскери маман Б. Момышұлына сол тұста «Кеңес Одағының батыры» атағын берген жоқ. Тек 1990 жылы ғана еліміздің тәуелсіздікке қадам басқан шағында Н. Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен «Кеңес Одағының батыры» деген атақ берілді. Бұл заңды құбылыс еді. Себебі, кеңестік қызыл империяның әміршіл-әкімшіл басшылары ұлттар арасынан шыққан ұлтжанды азаматтарды шет қағатын немесе жалған жала жауып, тұншықтыруға тырысатын да әдіс-тәсілдері бар еді. Мұндайда қазақ: «Алтынды, құм бүркей алмас» деген ғой. Яғни, барлығына уақыт төреші екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Б.Момышұлы 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған

316-атқыштар (8-гвардия) дивизиясы құрамында майданға аттанды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына оралды. Ресейдегі Волоколамск, Грюнь, Крюкова, Бородино, Трашкова, т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарға 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып, әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы - оның осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды.

Б.Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың бірі болды. Ол бұл әскер түрлерінің өзара тығыз байланыста әрекет етуіне баса көңіл бөліп отырды. Танк, артиллерия және тағы басқа әскери бөлімдерді (бөлімшелерді) полктар мен дивизиялар командирлері қол астына бере отырып, олардың (полктар мен дивизиялардың) өздігінше жауынгерлік қимылдар жүргізуіне мүмкіндік жасау тактикасын қолдады. Өзі қашан да ұрыс тағдыры шешілетін жерде болды.

Б.Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабынан оқып білдім. Б.Момышұлының айтып кеткендері жетерлік. Бауыржан Момышұлының әрбір айтқан ұлағатты сөздері біздер үшін қымбат. Ең үлкен бақыттың бірі - Отанына, еліне, халқына қадірлі болу. Қай заманда болмасын, ер азаматтың қадірлі болмағы ел-жұртын жаудан қорғап, айрықша ерлік көрсетіп, халқының қамын ойлап, елі үшін ерекше еңбек сіңіріп, ерлігімен көзге түсіп, даңқ пен абыройға кенеліп, халқының сүйіспеншілігіне бөленуден көрініс табады. Ел тұлғалары – әрбір халықтың көркі, мақтанышы. Мен де Отаныма адал қызмет істеп, оның көркеюіне өз үлесімді қосып, елімнің сүйіспеншілігіне бөленуге тырысамын.

Бауыржан Момышұлының аты аталғанда, менде екі бейне көз алдыма келеді: бірі – батыр, екіншісі – жазушы. Менің де мақсаты – бойымдағы қасиеттерімді тек жақсы жағынан көрсетіп, Бауыржан атамдай жан-жақты болу, әр нәрсенің өз бағасын жақсы түсініп, шын бағасын бере білу.

Федотова Мария

10 сынып, № 3 ЖББОМ Жезқазған қаласы

Жетекшісі: Акмолдина М.С.

Дархан елім – Қазақстан!

Мен бақыттымын! Себебі, мен ынтымағы жарасқан, бірлігі ұласқан елде тұрамын. Бақыт бірлігі мен ынтымағы бар елге қонады екен. Демек, мен бақытты жерде туған елімнің бақытты перзентімін. Достығы дархан елімнің аты – Қазақстан!

Отан... Бұл сөз - әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз.

Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным -сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қастерлі өлке - Қазақстан.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ халқы не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүрсілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл – тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» дейді ұлы дана халық..

«Тәуелсіздік – бізге тағдырдың кездейсоқ бере салған сыйы емес, қайғысыз-мұңсыз төңкерістің тартуы емес, мың өліп, мың тіріліп жүріп терген жемісіміз», - деген Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Қарнымыздың тоқ, көйлегіміздің көк, уайым-қайғымыздың жоқ болуы – білекті батырларымыз бен жүректі аға-апаларымыздың арқасы. Қазіргі таңда тәуелсіз және егемен ел екенімізді білдіретін елтаңба, ту, әнұранымыз бар. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі бар. Өзге елдермен тереземіз тең, босағамыз берік. Экономикамыз да қарқынды дамыған.

Қазақстан – көп ұлтты ел. Оның құшағы кең әрі ыстық болғандықтан ешкімді де жатсынбайды. «Татулық – табылмас бақыт» екендігін әрдайым есте ұстайтын халық ынтымақпен, бірлікпен бір шаңырақ астында, бір үйдің ағайынды балаларындай тату-тәтті тіршілік етуде. Бұл қазақ халқының қонақжай халық екендігінің бір белгісі.

Қазақстанның қалалары, оның әрбір көшелері күннен-күнге көркеюде. Ресей Федерациясы десек - Мәскеу қаласын, Франция мемлекеті десек- Парижді, Англия десек- Лондонды көз алдымызда елестетеміз. Астана мен Қазақстан - егіз ұғым. Еліміздің жүрегі – Астана қаласы. Ғасырлық тарихы бар, аты аңызға айналған мемлекеттердің астанасынан кемде- кем түспейді. Қазақстанның қазіргі таңдағы беделі жаман емес. Білім, өнер, спорттан Қазақстан дүние жүзіне біршама танымал. Дәл қазіргі кездегі Қазақстанның алға ұмтылысы да адамның мерейін өсіреді.

Егемендігін алғанына жиырма екі жыл ғана толған жас Отанымның күн өткен сайын жан-жақты дамып, көркейіп келе жатқанына қуанамын. Мен ауыз толтырып мақтауға тұрарлық, мақтана аларлық мемлекет – Қазақстанда туғанымды мақтан етемін. Осының айғағы ретінде Қазақстанның ЕҚЫҰ –на төрағалығына көп елдердің бірауыздан сайлағандығын, Қысқы Азияданың, ЕХРО-2017 халықаралық көрмесінің өтуін айтуға болады.

Елбасымыз айтқандай ХХІ ғасыр-жастар ғасыры. Мұқағали ағамыз:

«Сендердікі қоғам, өмір, заман да,
Сен түзеген қалаңменен далаң да,
Болашақта барлығы да сендердікі, жас ұрпақ,
Сендерге аманат етіп табыстаймыз, қабыл алыңдар!»,-
дейді.

Біз - халқымыздың үміт артарымыз, өлкемізді көркейтіп жасартары да біз – жастар. Бүгінгі таңда жастарға барлық мүмкіншілік жасалған. «Болашақ» бағдарламасы бойынша дүние жүзінің түкпір-түкпірінде еліміздің жастары білім алуда. Дарынды балаларға арнап зияткерлік мектептер әр облыстарда кезегімен ашылуда.

Қорытындысында, ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы ұшан-теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар ел екендігімізді мақтан етейік!».

Хабалхан Ляззат

10 сынып, №8 орта мектебі Балқаш қаласы

Жетекшісі: Жұмабаева М.К.

Жетім көрсең жебей жүр

Иә, перзент – Алланың адам баласына сыйға тартқан періштесі. Қазақ – өз баласын жетіге дейін патшасындай сыйлаған, он беске дейін шаруаға салып жұмсаған, он бестен кейін ең жақын досындай сырласа білген. Жетімін жаутаңдатып көп қолына қаратпаған, жесірін қаңғыртпаған, тастамаған ел едік, қазіргі жайтпен салыстыра отырып, көне, сүрлеуі кеткен дара жолдан адаса бастағанымызға куәлік ету неткен қасірет десеңізші! Әр адам өз өмірінің қожасы, тек осынау жеке дара қожалыққа ерте бастан өзгелердің қол сұғуын қатыгездікке жатқызамыз ба, заңсыздық деп шешсек пе екен? Ащы да болса шындық, қазақ ұлтына қара таңба болып басылған бітеу жара, бабалар аманатына қиянат жасалған ұрпағын өзгеге сату болып отыр. Шындығына келгенде “тұл жетім болып жер басып жүргенше өзге елде тәрбиеленгені де дұрыс па” деп ойлайсың. Алайда, жат елдің тәрбиесін көріп өскен бала өз Отанын білген күннің өзінде ыза-кекпен өмір сүруі ықтимал. Бәлкім, өзін, осы дүниеде өз анасына да, туған әкесіне де, керек десеңіз, еңбек етер Отанына да қажетсіз адам ретінде сезінетін болар. Табиғаттың тылсым күштері, заңдылықтары мен таңғажайыптары тәрізді адамның жан дүниесі қазынаға толы алтын сандық. “Жетім көрсең жебей жүр”-дейтін қазақтың шаңырағына нәубет күннің тууына не себеп? “Неге қазағымыз тарыдай шашылып өзге қолында кете барды” дегеннен гөрі “бейкүнә сәбидің дүние есігін аша сала тағдыр тауқыметін тартуына не себеп” деген сұрақ қойған жөн сияқты.

Әлбетте, ең алдымен, жауапсыз, тасжүрек, қатыгез, көкек анандан жауап талап ететініміз сөзсіз, бірақ неліктен әке жайын сөз қылмаймыз?

Отбасы, шаңырақ құру деген ұғымдар әрдайым тек екі жанның ынтымақтастығы мен сыйластығының арқасында құрылуы қажет. Әйел адам үй шаруасын, бала тәрбиесін атқарса, ер адам түзде жұмыс жасайды. “Көкек ана, көкек ана” дегенмен “көкек әкені” де талай көзіміз шалып жүр, сол себептен жауапкершіліктің барлығын қыз баланың мойнына жүктемей, ер азаматтар жайында ойластырып көру керек емес пе? Адам – өз қателіктерінен сабақ ала отырып болашаққа қадам басады, өкінішке орай, жастар өз қателерін түзеуге тырыспайтын да сияқты. Оның дәлелі

шет елдегі қазақ балаларының ата-анасы, яғни өгей әке-шешесі туған анасын іздеп тапқан күннің өзінде, тасбауыр ана бүлк етпеді, перзентін көруден бас тартты, қашты. Тіптен, өзінен алысырақ жерде болғанын жөн көріп те жүрген болар. Перзентінен аямай аузындағысын жырып беретін ет пен сүйектен жаратылған, мейірімді, қамқор аналар тасжүрек, көкек ана мен қайырымсыз-қатыгезге қалайша айналды екен. Көкек ана да – аялы алақанымен бала бесігін, бір қолымен әлемді тербеткен ана атаулыдан туғаны белгілі, тағдырға не шара, күнәсіз пәк сәбиді көргенде өзінің балалық шағы есіне түспеді ме екен «өгізге туған күн, бұзауға да туады»-демей ме, ертеңгі күні анасына қажетті болмаған, ана тәрбиесін көре алмаған бала өз ұрпағына қандай тәрбие бере алады. Қанша қамқор болса да, туғанындай болмас. Түрі, діні, тілі, ұлты басқа жандармен етене жақын болу, үйренісіп кету қиын ғой. Жатқа бала беру қаржы табудың сұрқайы, сұрықсыз жолы ма, әлде өзімізден алатын ешкім болмағандықтан ба? Не де болса, өзге жұртқа «бала сатумен танымал болғанша, ер-азаматтарымызбен, ұлттық өнімдерімізбен, экономикамызбен, Отан қорғар батырларымызбен, арқа сүйер жастарымызбен танылайық». «Көп түкірсе -көл»- мәңгілік ел боламын десек түзеуді ұмытпауымыз керек, өз перзентінен безінген ата-анадан күнәһар ешкім жоқ, сірә!

Отан-ана, сол себептен өз ұрпақтарыңның басын қос, талай тауқыметті көппен бірге көтере білдің, үш жүзге бөлінгенде де бірлік жеңіске жетіп еді, ел аман, жұрт тынышта нәубет төнуден сақтасын, осыған дейінгі балалар енді шет елдік, бірақ әлі де кеш емес, бірақ асығуымыз қажет екенін де естен шығармайық! Жұрт бірлігі – қамқорлықтан. Мысалға, Каталония аймағында тіптен «балалар үйі атымен жоқ»- деседі. Олар өз балаларын өзге тұрмақ туысқанға тастап кете бармайды, қайғылы оқиға негізінде ата-анасынан айырылып жатса, туғандары өз қамқорлығына алады. Дәл сондай заман қазақ елі үшін де өте керек, ауадай қажет. Әйтпесе, қазақты қорлау таусылар емес.

Біздің елден кеткен жетім балалардың ең көп бөлігі Америкаға кеткен. Сонда олардың өздерінде жетімдер жоқ деп ойлауға болмайды. Жетім де жесір де болса соларда болсын. Олар өздерінің жетімдерін жарылқамай отырып, қазақтың жетімдерін қалай есіркей қалды?! Мұнда нендей жымысқы ой, сұрқия сұмдықтың бұғып жатқаны бізге белгісіз. Елбасы өзінің биылғы Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын алға тартты. Оған қалай жетеміз, қалай Мәңгілік Ел боламыз? Жетімің жауандап жат жерде жүрсе, қабырғаң қайыспай қамсыз, мұңсыз боламыз ба?

Сұрақ көп, жауап біреу. Жетімдерді шырылдатып, шетелге өткізуіміз құдай алдында да, ар алдында да ақталмайтын күнә. Халқымыз «ішіме сыйған бала, сыртыма да сыяды» деуші еді. Көңіл тарылмаса екен...

Шанай Топе

8 класс, школа-лицей №7 им. К.И. Сатпаева г. Жезказган
Руководитель: Махатова Б. К.

Люблю тебя, мой Казахстан!

Мой Казахстан – это самая дорогая, важная, драгоценная, горячо любимая страна. Это Родина моя... Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы - народ Казахстана. Многонациональна как наша страна и моя большая родня. Есть в ней и казахи, и татары, и лезгины, и русские, и корейцы. Для всех эта земля стала родной. Стремление к согласию живёт в крови каждого народа, но особенно оно развито у казахстанцев.

Мы, молодое поколение – будущее Казахстана. Нам его строить и беречь, укреплять мир и дружбу между народами. Мы должны сохранить мир на древней и прекрасной земле – это важнейшее условие процветания. Каждый человек, живущий на планете, испытывает чувство гордости за свой народ, за свою страну, свою землю и историю. И нам сегодня надо помнить о прошлом, знать настоящее, чтобы построить будущее. И я призываю всех своих сверстников, всех молодых людей, посвятить себя служению Родине – Республике Казахстан.

Какого человека можно назвать патриотом? На мой взгляд, это человек, который должен почитать место своего рождения и проживания, уважать местные традиции, уважать своих предков, земляков, проживающих рядом с ним, стремиться помогать людям. Работать для улучшения и развития своей Родины, ее озеленения, благоустройства. Поддерживать земляков и соотечественников, укреплять дружеские отношения с соседями, с сослуживцами, с одноклассниками. Выступать против тех, кто разрушает нашу Родину, наносит вред, угнетает сограждан. Бороться со сквернословием, с загрязнением окружающей природы, с вредными привычками. Потому что алкоголизм, наркомания, коррупция, унижение достоинства человека - все это элементы проявления различных форм непатриотизма.

Наш президент возлагает большие надежды на молодое поколение. «Главное, чтобы у молодых, приходящих к руководству страной, было чувство патриотизма». Мысли и дела главы государства всегда устремлены в будущее. «Я часто спрашиваю себя, - заметил Нурсултан Абишевич, - каким он будет - «казахстанец будущего». Сегодня, глядя на вас, я вижу его. Его глаза должны гореть жаждой новых знаний. Его ум должен быть отточен для решения самых сложных задач. «Казахстанец будущего» - это высококлассный специалист, владеющий казахским, русским и английским языками, он социально активен, мобилен, не боится перемен. И я верю, что всегда будут с гордостью произноситься слова: «Мы, народ Казахстана», а при звучании Государственного Гимна на глазах будут наворачиваться слезы от гордости за страну.

Я люблю свою родную страну, люблю свой родной город, город Жезказган. Жезказган – это легенды и были, это герои труда и просто красивые душой и поступками люди. Растет город. Как могучее дерево. Взращиваемое заботливыми, мозолистыми руками. Растет город, раскинувшись вширь ветвями улиц, чеканя памятные знаки на ладонях своих площадей и скверов, будто посылая телеграммы будущим поколениям.

Растет Жезказган, устремляясь в будущее. Крепки и надежны его корни.

Звездной скатертью небо синее:
Россыпь медная, звездостан.
К звездам катится песнь орлиная
Песнь заветная-Жезказган.

Живет на земле счастье. Оно большое и разное. Высокое счастье – увидеть звезды, вернуться к родному порогу, обнять отца с матерью, посидеть с друзьями, послушать, как поют птицы, как шепчут березы родной земли. Я знаю, что я всегда буду беречь это большое счастье.

Костанай облысы

Біз – қазақпыз, биікпіз, байтақ елміз

Туырлыққа – ту іліп, қыннан қылыш суырып, көк найзаның
ұшына күдері үкі таққан елміз.

Қазыбек би

Қаншама ауыр кезеңдерді бастан өткерген Қазақ елінің тарихы тереңде жатыр... Алғаш Қазақ хандығының құрылуына ұйытқы болған Керей мен Жәнібек бабаларымыз екені бәрімізге аян. Шу мен Таласқа дейінгі алқапты иелік етіп, Қозыбасыда ту тігіп, ең алғаш ханымызды да сол жерде ақ киізге отырғыздық. Жауларымыз сескенетіндей ел болдық. Кейін Әбілқайыр ханның бастауымен Ресей боданына айналдық. Бәлкім, бұл тарих заңдылығы шығар. Егер орыс халқының азабын көрмесек, өжет те қайсар, табанды қарсылық көрсете алатындай «қазақ халқы» болып қалыптаса алмас па едік... Қалай болса да, ұзақ жылдық тәуелділіктен батыл жастарымыздың толқуымен құтылдық. 1986 жылы болған «Желтоқсан оқиғасы» кімнің де болса жүрегін қан жылатады. «Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, - дейді Әлихан Бөкейханов – бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды». Міне, сол бір күн қанша жастың тағдырын жалмаса да, қаншама отбасыға ауыр қайғы әкелсе де, Қазақ еліне бостандық сыйлады. Егемендікті «қан төгіспей, жан беріспеймін» деген қайсар халықтың ұрпағы осылайша алды. Ал, бүгінде жеке ел ретінде тарих төріне көтерілгенмізге 22 жыл болыпты. Осы жылдардың өзінде мемлекетіміздің даңқы көтеріліп, өзімізді әлемге таныттық. Қолына найза ұстап, үстіне сауыт киіп ел қорғаған батырларымыздың бүгінгі бейнесі дүниенің түкпір-түкпірінде спорт, өнер, білім сияқты әр түрлі салаларда Отанымыздың атын шығарып жүрген жастар болып отыр. Ендеше, осындай ұрпағы бар елдің ертеңі жарқын болары сөзсіз.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Өзінің қойнауына жүз қырықтай ұлт өкілдерін топтастырған еліміздің кең пейілділігін осыдан аңғаруға болады. Бұл халықтар бізбен бірге біраз жылдар бойы өмір сүріп, әбден сіңісіп кеткен. Ұлты, діні, тілі өзге болғанмен, біздің Отанымыз – бір. Жазғы Лондон олимпиадасында, қазір болып жатқан қысқы Сочи олимпиадасында еліміздің атын өзге ұлт өкілдерінің де қорғап жүргені

бұған айқын дәлел бола алады. Елбасымыз «Қазақстан – 2050» стратегиясында «Бір халық – бұл барлығымыз үшін ұлттық ортақ мүдделер, бір ел – бұл барлығымыз үшін ортақ Отан, бір тағдыр – бұл біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер» деп баса айтқан болатын. Олай болса, мемлекетімізді алда күтіп отырған қиындықтарды бір ел аясына бірігіп, бейбітшілікпен жеңе білейік.

Қазақстанның негізгі тірегі – қазақ халқы. Сондықтан, ең бірінші, әрбір қазақ азаматы өзінің Отан алдындағы парызын ұмытпауы керек. Өз елінің, ұлтының беделін асқақтатып, әрқашан туын көкке көтеріп жүруі қажет.

Мен - қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске -
Айта бергім келеді, айта бергім,

- деген Жұбан Молдағалиевтың жыры еліне деген сүйіспеншіліктен туғаны анық. Патриот ақынның бар әлемге «Мен – қазақпын!» деп жар салуы, оның ерлігін көрсетеді. Бұл поэма халқымыздың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына зор ықпал жасады. Осы поэманы оқи отырып, қазақ халқымен, тарихымен танысуға болады. Көшпенді қазақ өмірінен бүгінгі күнге дейінгі қазақ өмірі бүкпесіз суреттелген. Ақын қазақ елінің аспанында жарық жұлдыздай боп жарқыраған даналарымызды да тыс қалдырмаған. Мұндай шығарманың кез келген қазақ азаматының бойында патриоттық сезім туғызбауы мүмкін емес. Ал, осындай өлеңдермен өсіп келе жатқан ұрпақтың ұраны, әрине, «Біз – қазақпыз, биікпіз, байтақ елміз» деген Жұбан атамыздың жыр шумақтары болары сөзсіз. Мен де сол ұрпақтың бірімін. Ендеше, менің елімнің патриоты ретінде айтарым: Байтақ жерді алып жатқан шаңырағы биік Қазақ елі жасасын!

Жақында Елбасымыз халқына өзінің жыл сайынғы жолдауының бірін ұсынды. Бұл жолдаудың тақырыбы – «Мәңгілік Қазақстан». Мақсаты – өзінің аты айтып тұрғандай, мәңгілік ел құру. Біздің міндетіміз осы елді құруға үлесімізді қосу болмақ. Қазақ елін керегесін тарих сахнасынан ешқашан жойылмайтындай етіп берік құрып кетуіміз керек.

Белов Александр

4 класс, СШ № 11 г. Рудный
Руководитель: Гусарова Е.В.

Что такое родина? Родина!.. Это короткое, но дорогое слово. Оно звучит, как музыка. С чего начинается Родина? Может, с «заветной скамьи у ворот, с той самой березки, что в поле, под ветром склоняясь, растет...». Да, все это Родина. Это все то, что нам дорого и близко.

Любовь к своей Родине, к своему отечеству поднимала людей на подвиг. Много героев погибло, защищая свою страну. Их имена стали для нас символом мужества и чести. Родина начинается и с памяти о них. Мне кажется, что Родина, прежде всего, начинается с семьи. Когда вечером все собираются за одним столом. Приятно, когда все разговаривают о проведённом дне, когда, усевшись на диван, все смотрят интересный фильм. Это счастье, так и начинается Родина. Теперь я понимаю, почему люди, солдаты шли на смерть, защищая свои семьи, свою землю, свою Родину.

С чего начинается Родина? На этот вопрос каждый отвечает по-своему. Но смысл каждого ответа один – любовь, патриотизм, нежность... Родина начинается с малого – с детской кроватки, в которую нас клали нежные руки мамы, колыбельные песни и прочитанные сказки, веселые игры во дворе. Со школы, где дорогие наши учителя дают нам знания. Ведь все это тоже - Родина.

Даже птицы не могут навсегда оставить родные просторы ради теплых, но чужих стран. Они летят через моря и пустыни, выбиваясь из сил, чтобы хоть ненадолго вернуться к своим полям и лесам.

Человеку на все хватит сил, если дело его делается ради своей Родины.

Жұмабек Ұлпан

11-сынып, №2 Қазанбасы орта мектебі Әулиекөл ауданы

Тәуелсіз Қазақстан

Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік! Атамекен! Тарих! Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды...

Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діні жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін Қазақстандық телімі болған.

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының түкпірінде орналасқан. Қазақстан батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте Ресеймен, оңтүстікте, оңтүстік-батыста Орта Азия республикалары Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстанмен, оңтүстік-шығыста және шығыста Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы –13034км. Қазақстан аумағының көлемі – 2 млн. 714,9 мың шаршы км. Оған Батыс Еуропаның Франция, Португалия, Испания, Италия, Греция, Норвегия және Финляндия мемлекеттері түгел сыйып кетер еді. Міне, қазақ даласы – кең байтақ! Сондығынан ғой, күмбір – күмбір көне күй мен толғауы тоқсан жырларымызда: «Ұшса құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады, Атырауы – айшылық, Қаратауы – күншілік», -деп толғаған. Дала төсінде жаңа өмір шуағын төгеді. Оның бауырындағы буырқанған жасампоз өмір тіршіліктің тоқтаусыз соғып жатқан жүрегіндей.

Бүгінде Қазақстанның негізгі ұлтын қазақ халқы құрайды. Одан кейін славян халықтарының өкілдері орыс және украин халықтары. Сонымен қатар ең елеулі этносты құрайтындар өзбек, немістер және татар халықтары. Осы біздің елдегі халықтар басын біріктіріп, олардың ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін құжат бар. Ол еліміздің Ата Заңы, Конституциямыз. Отан мәңгі гүлденеді-демекші, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, еліміздің символы –мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, құрметтеу бәріміздің міндетті парызымыз болып саналады.

2007 жылы 4 маусымда Астана қаласында Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің 15 жылдығына арналған «Менің Қазақстаным» республикалық жастар форумында Президент Н.Ә.Назарбаев сөйлеген сөзінде: «Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Бұл рәміздер

біздің мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі.

Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей еліміздің аспан әлемінде қалықтап тұр» деп атап көрсетті. Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы – Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрегеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған. 1986 жылы «Менің Қазақстаным» бостандық аңсаған қазақ жастарының бейресми әнұраны болған еді.

2006 жылғы 7 қаңтардағы Конституциялық заңға сәйкес ҚР-ның Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы мен мәтіні жаңа редакцияда жазылды. Мемлекеттік әнұранның авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жүмекен Нәжмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Алғашқы рет Қазақстан Республикасының әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні 10 қаңтарда 2006 жылы, Елбасын ұлықтау рәсімінде орындалды. Бұл әнұранның сөзі республикамыздың барлық халықтарының жүрегіне жақын, жұрттың бәрінің көңілінен шыққан, терең отаншылдық сезімдегі ән.

Тудың авторы – Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков белгілі монументші-суретші. Біздің туымыз – көгілдір түсті, тік төртбұрышты мата. Егер де Туға тұтас зер салсаң, автордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғаны байқалады. Ол жер жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі астында қияға қанат қаққан қыран- тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады. Ол бірлік пен аман- есендікті көрсетеді. Оның қақ ортасындағы сәулесін шашқан алтын Күн – тыныштық пен байлықтың белгісі.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Туда қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, қыран сияқты ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған.

Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

2014 жылдың 17 қаңтарында Елбасы Қазақстан халқына «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын арнады. Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың нақты бағыт-бағдарларын белгілеп, жүйелеп берді. Бұл стратегия тек мемлекеттің, үкіметтің ғана жұмысы емес, қоғамымыздың әрбір мүшесі бұл іске қатынасуы қажет екенін атап өтті. Ел-жұрттың, әрбір азаматтың әлеуеті мен қабілеті қазақ елін бәсекеге қабілетті, дамыған отыз елдің қатарына енгізу үшін жұмсалуды керек. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жолдауда ата-бабаларымыздың арманы – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын көтерді.

Мәңгілік ел болу, баянды мемлекет болу, Тәуелсіздігімізді мәңгілік ете білу – ежелгі бабаларымыздың асыл арманы еді. Енді сол бабалар армандаған асыл мұрат бүгінгі ұрпақтың басты мақсатына айналмақшы. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – мәңгілік ел! Елбасының бұл Жолдауы Қазақстанда тұратын барлық халықтардың алдындағы басты мақсаты мен міндеттері деп білемін. Қорыта келгендегі айтарым, мен елімнің келешегін табиғаты танғажайып, экономикалық аймағы нығайған, төл ұлт өкілдерінің саны молайған, ортақ шаруашылық нарқы құрылған, медицина, білім беру жүйесі асқақтаған мемлекет, АҚШ сияқты күркіреген елдер сапынан көретініме сенімдімін. Еліміз Орта Азия барысына айналу үшін ел жастарын, құрбы-құрдастарымды саналы білім алып, сол білігімізді мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне жұмсауға шақырамын.

Игибаева Динара

11 сынып, Затобол мектеп- гимназиясы Қостанай ауданы
Жетекшісі: Арсаева Ж.А

Тіршілік. Табиғат заңдылығы. Дүниеге шыр етіп сәби келді. Өзін ғана емес, бойында қазақ қанын, қазақ тілін ала келді, себебі ұлты қазақ. Айналаға шолу жасап, іңгәлап жылып, тәп-тәтті күлкісімен тамсандырып, еңбектеп, артынша жүріп, ержетіп келеді. Қалыптасқан жағдай

бойынша балабақшаға барып, мектеп табалдырығын аттайды. Сөйтіп, өмір есігін айқара ашпақшы болады. Мектеп демекші, ол екінші үйіміз, мұнда бізге қамқор болар ұстаз – аналарымыз бар. Тәлім-тәрбие береді. Мен мұның бәрін неліктен жазып отырмын?! Әңгімені әріден бастамақ ойым болды. Себебі тіл де, діл де, дін де бәрі-бәрі тал бесіктен басталады. Бүгінгі тұлға қалай қалыптасса, болашақ ұрпақ сол бағытта дамитынына дау жоқ. Демек, бізге ата-анамыз, туғандарымыз, қоғам қандай тәрбие берсе, сол тәрбиемен болашақта сусындап, келесі ұрпақты сусындатамыз. Бірінші кезекте тіл мәселесі. Бұл мәселе қоғамнан орнын алшақтатқан сұрақ. Күрмеуі қашан шешілетіні беймәлім. Не себептен беймәлім?! Бұл қадамды қоғам адымдап баспаса, ілгерілемейді. Қазақ қазақпен қазақша сөйлеспейді. Жаңа отырғызған көшетті мерзімді суарып, күтім жасамаса ол алып бәйтерек болып өспейді, өшеді. Қазақ тілі де сол көшетпен пара пар. Егемен ел болғанымызға жиырма жылдан асты. Оңалар емеспіз, қынжылтатын мәселе. Теория жүзінде бәрі талапқа сай болғанымен, тәжірибеде қолданылмауына не кедергі? Менің ойымша, әрбір қаны қазақ адам тіліне бей-жай қарамай, қазақпен қазақша (басқа ұлтты айтпағанда) сөйлесе, жүз отыздан астам ұлт өкілдері мекен еткен Қазақстан Республикасы азаматтары сабақ алар еді.

Қазынаға тұнған қайран қазақ тілі. Мыңдаған дана бабамның мұрасы ұрпақ тіл білмеген соң қарайып бара жатыр. Жазылған жыр-тілек, айтылған өсиет санаға жетпей, шашылып қалып жүр. Қазақ әдебиеті сабағында ғана оқуымыз жеткіліксіз. Тілге деген сүйіспеншілік болса, оқусыз қалмас еді ғой. Құлықсыздықтың бетін қайтару жолы қиынға соғары анық. Нәтиже беріп, қорытынды шығарар амал қолдану керек. Бүгін жиырма, ертең қырық, елу жыл өткенде тіліміздің жойылып кетпеуіне кім кепіл?! Бүгін аяғына жеткізетін шаруаны неге болашаққа қалдырамыз? Біз не себепті тілді құрметтеуге шақырмаймыз, болмаса күштемейміз?! Бұл биліктің әлсіздігінде емес, ұлт санасыздығында. Елбасы жолдауында жыл сайын ойсыратып орын алатын мәселе. Елбасы тапсырған басымдылықтардың барлығы дерлік жауабын тауып, орындалуда, ал тіл мәселесі ұйқыда. Оятқан жөн.

Дана бабамыз оян қазақ деп ұйқыда жатқан қазақты білімпаздыққа шақырып, жол сілтеп еді. Қазақтан шыққан даналар, ғалымдар, танымал адамдар аз емес. Дегенмен, еңбектері орыс тілінде басылып шығып жатыр. Ақылға қонбаса да айтарым, армансыз адам – қанатсыз құспен тең демекші, Қазақстан Республикасындағы мектептер аралас емес, тек қана қазақ тілінде болса деп армандаймын, балабақшада, аялдамада, қоғамдық орындарда бәрі қазақша сөйлесе екен деп ар-

мандаймын. Сол кезде болашағымыздың төрт құбыласы тең, жарқын болар ма еді.

Каламабаева Мадина

10 класс, школа имени Н. Наушабаева п. Затобольск

Мой любимый Казахстан

Я родилась и проживаю в стране, в которой 16 миллионов человек живут с открытым небом над головой. В том государстве, где президент является поистине мудрым человеком, тонким политиком, хорошим стратегом и настоящим патриотом. Благодаря ему мы достигли стабильности и процветания.

Для меня Казахстан - это моя жизнь в настоящем и будущем. Я люблю свою родную страну за ее природу, за ее людей, за ее историю, за то, что я родилась в такой прекрасной стране. Наш Казахстан - это современное многонациональное государство, которому пришлось пройти немало трудностей. Если углубиться в историю, то нам потребовалось около двухсот лет, чтобы получить независимость. Тысячи людей боролись за свободу нашей страны, многие погибли за будущее своей Родины. Таких людей можно поистине назвать героями-батырами. Мы должны помнить этих людей и гордиться настоящими патриотами нашей страны.

С приобретением независимости в Казахстане начали развиваться экономика, наука, культура. Сегодня Казахстан смело заявляет о себе, о своих правах и целях. Наша страна несомненно завоёвывает место на мировом олимпе. За время нашей независимости мы сделали немало: построили крепкое государство, создали одну из самых динамичных экономик, улучшили уровень жизни людей. Тому подтверждение Азиатские игры, которые с успехом прошли в 2011 году, международная специализированная выставка ЭКСПО, которая будет проходить в 2017 году. Все это для нас делает наше государство, которому мы должны быть безмерно благодарны. Также гордостью Казахстана можно назвать нашу молодую столицу, которая постепенно становится крупным культурным, научным центром Казахстана. В столице создаются современные социальные и духовные инфраструктуры. Главной достопримечательностью и визитной карточкой Астаны является величественное сооружение на левом берегу реки Ишим - Байтерек. Астана

– это олицетворение процветания нашей страны, это символ надежды и уверенности народа в своем будущем. Это прекрасный мирный город со своей красотой.

В Казахстане единой семьёй живёт более шестнадцати миллионов человек, представителей более ста пятидесяти национальностей и народностей. У каждой национальности есть своя диаспора. Для них работают различные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы на радио и телевидении. Как сказал Н.А. Назарбаев: «Дружба народов, взаимопонимание и солидарность – вот основа, на которой мы строим новый Казахстан!»

Наша природа обладает разнообразными полезными ископаемыми. Из 105 элементов таблицы Менделеева в недрах Казахстана выявлено 99. Казахстан занимает первое место в мире по разведанным запасам цинка, вольфрама и барита, второе место по серебру, свинцу и хромиту, третье — по меди и флюориту. Также нашей гордостью является нефть, которую добывают на западе страны.

С каждым годом Казахстан развивается все лучше и лучше. В наших сердцах постепенно воспитывается дух патриотизма, любви к своей родине. Для меня это любовь заключается в том, что я должна знать и любить свой родной язык, знать историю становления Казахстана, вносить хотя бы какую-то лепту в развитие моей страны. В послании 2050 Нурсултан Абишевич Назарбаев сделал акцент на том, что будущее Казахстана в руках молодежи. Современная молодежь – это первое поколение, которое родилось в независимом Казахстане. Наше государство делает все для того, чтобы мы получали хорошее образование, становились гордостью нашей страны.

Я считаю, что наша молодежь самая образованная, самая культурная, самая современная, это та молодежь, которая выведет нашу страну на новый уровень. Мы достигли одной из лидирующих позиций в экономике, в международных отношениях. Мы многое сделали и, думаю, еще многое сделаем, ведь нашему государству всего лишь 22 года.

Представляя Казахстан через 10 лет, я вижу сильное устойчивое государство. Лично я буду стараться учиться, работать на благо нашей страны, чтобы внести вклад в развитие моей родины, Республики Казахстан, которую я люблю и уважаю!

Козлова Анна

10 класс, КГУ Банновская сш Федоровский район
Руководитель: Романец В.В.

Моя любимая Родина

Все мы родились в одной стране, здесь живем и растём. Все мы знаем историю нашей страны, гордимся ею. Мы можем с гордостью сказать: «Наша Родина – Республика Казахстан!». Именно Казахстан рождает в нас чувство патриотизма.

Патриотизм – это любовь к Родине, к земле, где ты родился и живешь. Для каждого человека важно, чтобы он любил свою землю, защищал её, почитал традиции и обычаи, ценил культуру и соблюдал законы. Мы не должны загрязнять природу. Мы обязаны сохранить исторические памятники и достопримечательности нашей Родины. Размышляя о ней, мы думаем о той великой, прекрасной стране, в которой родились, связываем понятие Родины со сложной и интересной, насыщенной и иногда трагической историей родной земли. Мы чувствуем гордость оттого, что являемся частью этой страны, частью этого большого мира. А любовь к Родине нам прививают с детства — родители, воспитатели, учителя.

Из поколения в поколение передаются рассказы о важнейших событиях, выдающихся личностях, об их подвигах и великих делах. Поэтому, думая о родине, мы думаем и о героях прошлого и настоящего, и об известных писателях, поэтах, музыкантах, художниках. Все это — наша история, все это — наша Родина. Родина наша — это и люди, которые нас окружают в повседневной жизни. Люди, которые родились в одном краю, всегда как-то ближе друг к другу, всегда лучше смогут понять друг друга, им легче найти общий язык и стать друзьями. Поэтому, наверное, что у них есть одно общее — та страна, в которой они родились, а это уже немало! Не потому ли люди, оказавшиеся в другой стране, бывают так искренне рады встретить земляка — любого, пусть даже совсем незнакомого человека из родной страны, родного города, родных мест. Но у каждого из нас есть свой уголок — своя маленькая родина. Это тот поселок или деревня, тот дом, где мы родились, где сделали свои первые шаги, сказали первое слово, узнали первые радости и первые обиды. Возможно, став старше, мы сможем глубже оценить, понять и полюбить нашу большую Родину, нашу страну. С ранних лет родители привили мне любовь к родной природе. И теперь я никог-

да не сорву нежного цветка, не спугну щебечущих на ветке птиц. Мне и самой хочется сохранить всю эту красоту, потому что в моих силах помочь своей стране. Трудно сказать, какая родина человеку дороже — маленькая или большая. Мне кажется, что и большая, и маленькая родина одинаково важны, и я их люблю. Больше того, это — неразрывное целое. Весь окружающий нас мир — вся Родина..

Каждый гражданин своей страны должен защищать ее. Поэтому молодые парни, достигшие совершеннолетия, годные по состоянию здоровья, обязаны служить в армии и получить там навыки военной подготовки, чтобы каждый военнообязанный смог постоять за свою Родину, защитить свой народ и отстоять свою землю.

История о военной службе и об Афганской войне мне очень хорошо известна. Мой родной дедушка Козлов Иван Иванович, отец моего отца, служил в Монголии, в шестидесятых годах.

В нашем роду, по линии моего отца, воевали в Афганистане мои дедушки Козлов Василий Иванович, Козлов Алексей Иванович и мой дядя Козлов Александр Геннадьевич. Они получили ордена и медали за войну в Афганистане. Они проявили свое мужество и отвагу, не боясь ничего. Я очень горжусь своими родными, что в нашем роду есть защитники Отечества.

Мешкова Юлия

11 сынып, Затобол мектеп-гимназиясы

Жетекшісі: Арсаева Ж.А

Өз нышаны жоқ мемлекет болмайды

Егеменді елдің әрбір азаматы құрметтейтін және мақтаныш етуге тиісті ресми рәміздеріміз бар. Бұл міндеттің күрделігін Елбасы нақты пайымдап, «..бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір отбасына қатысты».

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – ту, елтаңба және әнұранның сипаттамалары және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздер туралы» заңмен белгіленген. Бұл заң екі мың жетінші жылдың төртінші маусымында қабылдаған болатын.

Көптеген елдерге мемлекеттік рәміздер жалпы ұлттық және біріктіруші күш ретінде ұғынады. Рәміздер діни, партиялық, рулық бөліністерінен биік болып, барлығын біріктіреді.

Жас мемлекеттің рәміздерін жасау тарихына бүкіл Қазақстанның халқы ат салысты. Оған сол кезде жарияланған байқау куә. Мемлекеттік рәміздерде эстетикалық талаптармен бірге, тарихи, экономикалық, саяси мәні анық көрінетін шешімді табу қажет болатын. Мемлекеттік туымыздың авторы республиканың өнер қайраткері – Шәкен Ниязбеков. Жалауды айқындайтын элементтердің бірі – оның түсі. Көк түсін таңдаулы кездейсоқ емес, ол адамдықтың, мінсіздіктің және сенімдіктің белгісі. Бірлікпен бірге көк түс барлық елдердің тыныштығы мен ырысын білдіретін бұлтсыз аспанды еске салады. Аспандай ашық көк түс қазақтардың ұлттық түсі болып табылады, өйткені көшпенді қазақтар үшін табиғат мекендеу ортасы ғана емес, сонымен қатар, өмірлеріндегі ажырамас бөлігі болатын.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақыштаған. Туымыздағы күн бейнесі – шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнеледі. Шексіз далада ұшқан, ою-өрнек – еліміздің ұлттық жиынтық белгісі.

Бүгінгі Елтаңба – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихан секілді сәулетшілердің шығармашылық ізденіске толы үлкен еңбегінің жемісі. Мемлекеттік Елтаңбамыз – дөңгелек нысанды. Дөңгелек, шығыс қазақтарының аса құрметінде, өйткені бұл нысан өмір шексіздігінің белгісі. Ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – отбасы амандығы, бейбітшілігі және ашық аспанды білдіреді. Шаңырақты айнала күн сәулесін дей тарап уықтар шаншылған. Олар өмір мен жылудың белгісі. Оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Тұлпардың алтын қанаты – астықтың, еңбектің, ырыстың белгісі. Елтаңбаның ортасында бес бұрышты жұлдыз, біздің жүрегіміз бен құшағымыз барлық бес континент өкілдеріне ашық деген сөз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранының негізі – ол халық арасында кең тараған «Менің елім» атты патриоттық өлең. Әнұран – халық жүрегінің соғуы, армандарының іргетасы болып табылады. Әнұранның авторлары Шәмші Қалдаяқов, Жұмеке Нәжімеденов пен Қазақстан республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Әнұран ресми рәміз ретінде, Қазақстан болашағы мен

өзінің болашағына сенетін қазақстандықтардың ортақ қазынасы айналып кетті. Туып-өскен жердің мемлекеттік рәміздерінің мағынасын түсіну – әрбір Қазақстан азаматының борышы.

Мытник Анна

7 класс, школа № 10 г. Рудный

Руководитель: Румбах Е. В.

Кружись, айналайын, Земля моя!

Вот уже вторые сутки, как за окном вагона меняются картины моей необъятной Родины. Путешествие с севера на юг продолжается. Я проснулась на рассвете. С шести утра золотое солнце заняло своё место на голубом небосклоне. Я вглядываюсь в бескрайнюю панораму казахстанской степи. Приоткрыв окно, ощущаю лёгкое дуновение степного ветра, который только что обнимал каждую травинку, ковыль и нежные степные цветы... В голову приходит мысль о том, что что вся эта безмолвная, великая, могучая Природа видела и знает больше меня в миллионы раз.

Степной ветер ворвался в мой вагон. Вместе с ним как будто табун лошадей пронёсся мимо. И сразу в моём сознании зазвучали переборы домбры, ласковые, и в то же время торжественные.

...Я отдаляюсь от сердца многонационального Казахстана – Астаны, а ветер движется вместе со мной, мелодия домбры звучит в унисон со стуком колёс и наполняет меня чувством гордости. Астана. Один из самых необыкновенных городов мира! Совсем недавно я ездила туда с классом на экскурсию. В памяти навсегда будут живы её достопримечательности: Байтерек – дерево жизни, опора, оберегающая народ от бед и войн. Мысленно прогуливаюсь по набережной Иртыша, в чьих водах отражаются высотные здания, мосты, безоблачное голубое небо, такое звёздное и совсем близкое ночью...

Атамекен. Моя земля. И я не променяю её ни на какую другую! Ведь шестьдесят лет назад сюда, в целинный край, приехал по комсомольской путёвке мой дедушка. Здесь он повстречал бабушку, они создали семью, вырастили детей, трудились не покладая рук всю свою жизнь, на благо своей большой страны. Я закрываю глаза. Ветерок обдувает моё лицо, принося знакомы звуки народных мелодий. Вот звучат зажигательные мотивы «Кара жорга», её подхватывает укра-

инский гопак, на смену ему мчится белорусская «бульба», в хоровод дружбы вплетается русская плясовая, кавказская лезгинка. Мы вместе! Я вижу красивых людей, чей общий дом – наша величественная казахстанская земля. Здесь говорят на разных языках, но каждый понимает и уважает друг друга. Культура, традиции и обычаи каждого народа сохраняются, развиваются и преумножаются.

Говорят, что школа – это маленькое отражения большой жизни. Наша школа тоже сильна традициями, и одна из самых любимых и уважаемых – ежегодное проведение фестиваля «Под единымшаныраком», где мы соприкасаемся с самобытностью разных народов Казахстана.

Мой поезд близится к югу степи, на защиту которой встают величественные горы. Кажется, что ещё немного, и я сольюсь с ветром, который уже переносит меня в древность, когда человек был частью природы, когда зарождались традиции и обычаи моей родины. Я брожу среди маленького аула, наслаждаюсь звуками кобызаКоркыта... А в юрте неподалёку начинается Той-бастар...

В настоящее меня возвращает топот копыт лошадей, которые мчатся наперегонки с поездом по молодой траве. И эта трава наталкивает меня на мысль о жизни, о её бесконечном круговороте: осенью зелень умирает, степь превращается в жёлтый диск, припорошенный снегом, но весной здесь снова возрождается жизнь! Так и в жизни: старики умирают, но живут их правнуки, меняются дни и ночи, месяцы и годы, меняются люди.... Но неизменными остаются вечные ценности: любовь к Родине, уважение к атрибутам её государственности и дружба её граждан!

Нургалиев Дархан

4 класс, СШ № 11 г. Рудный
Руководитель: Гусарова Е.В.

Мой край родной

У каждого человека есть место, в которое всегда хочется вернуться, где тебя любят и ждут. Это маленький городок или поселок... Словом-это Родина, на которую всегда неумолимо тянет. И ждешь это время, когда собран чемодан и куплен билет. Скоро! Скоро! Скоро состоится долгожданная встреча с тем местом на карте, где тебя любят и ждут люди, улицы, детские площадки...

Удивительна и загадочна природа края, в котором я живу.

Степь... Чем она привлекает и завораживает? Может быть, своей многообразной жизнью или горько-сладким ароматом разнотравья?! Даже у Шолохова степь-символ донской земли.

Весной она – зеленое море. Летом, когда ковыль выкинет свои метелки, становится белым морем. Но как прекрасна степь на закате. Пушистые метелки ковыля тянутся к заходящему солнцу, как языки холодного пламени. Я горжусь тем, что живу именно в Таком, пусть даже небольшом городе, с разнообразным растительным и животным миром.

Поздеева Дарья

8 класс, Жамбылская сш г. Костанай

Руководитель: Бурнаева В.А.

«И горит над миром образ твой Флаг казахский и казахский герб...»

Республика Казахстан – наш родной край, наша Родина. На этой земле с древних времён жил казахский народ. Казахи пасли скот, занимались земледелием, защищали свою Родину от врагов. Они смогли сохранить свою землю для своих потомков, а значит и для нас.

Казахстан – моя земля; земля, которая раскрыла свои теплые объятия и показала миллионам, как прекрасен этот мир. Я горжусь тем, что Казахстан суверенное, самостоятельное государство. Как независимое государство Казахстан имеет свои государственные символы – герб, гимн и флаг. Все, что изображено на гербе и флаге, имеет смысл, особое значение: отображает богатство страны, единство народа, стремление достигать высокие цели, желание жить всегда в мире и согласии, не зная войн и различного рода междоусобиц. Красив и торжественен гимн страны, мы прикладываем руку к сердцу, тем самым выражаем своей земле преданность и верность.

Я могу с гордостью сказать: Казахстан-государство со своей историей, своим государственным языком, символами, закрепленными Конституцией и столицей.

Казахстан – государство перспективное, развивающееся. Я считаю, что в будущем он станет еще лучше, еще крепче. Миротлюбивая

политика государства, развитие интеллектуального и экономического потенциалов являются залогом будущего процветания.

Мы, жители Казахстана и само государство – одно органически целое. Мы сделаем все возможное для его развития, а в итоге выиграем сами – мы будем гражданами развитого, независимого, мощного в экономическом и политическом смысле государства.

«Послание народу Казахстана» от 17.01.2014 – самое главное доказательство этому.

Я родился здесь и вырос,
Мне другой земли не надо!

Стрибакова Татьяна

4 класс, СШ № 11 г.Рудный
Руководитель: Гусарова Е.В.

Я и мой город

Как истинный патриот, я люблю свой город. Будучи еще совсем маленькой, а точнее, когда я ходила пешком под стол, много раз видела свой город. Я сама, без посторонней помощи, залазила на подоконник закрытого окна, при этом, не боясь высоты, и видела простой город.

И вот мне одиннадцать лет, я начала ездить в лагеря, где пейзажи местности по-настоящему были красивыми: густые леса, шелковистая зеленая трава. Красивая полная луна ночью заменяла простой светильник. Окружающая природа не везде совершенна. Ее красота во многом зависит от самих людей. Так давайте это все сохраним.

Третьяк Кирилл

4 класс, СШ № 11 г. Рудный
Руководитель: Гусарова Е.В.

Посвящение родному краю

Казахстан-это место, где живут в мире и согласии многие народы. На мой взгляд, не каждая республика может нести в себе многонациональный состав. А Казахстан делает это с завидным успехом. И мы этим гордимся.

Переплетение разных культур, их взаимодействие, делает его самым сильным государством, толерантной республикой.

Наш город – не исключение. Здесь живут разные нации, живут в мире и согласии. Я горжусь тем, что люди в нашем городе ценят все красоты, добиваются чего-то недостижимого.

Мой призыв - любить свою Родину, оставаться до конца своих лет верным, не предавать ее.

Тубалькова Ақзия

9 сынып, Диев орта мектебі
Диев ауылы, Әуликөл ауданы
Жетекшісі: Иргасимова М.Б.

Мәңгілік Ел - Қазақстан

Тәуелсіздіктің жиырма екі жолында Қазақстанның жүріп өткен жолы да «тар жол, тайғақ кешуден» тұрғанын газет-журналдардан оқып, біліп жүрміз. Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері Уәлихан Қалижан өзінің мақаласында «Біз «азапты жолдан» өттік, мың өліп, мың тірілдік», - деп атап көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл кезең экономика жағдайы, адамдардың рухани дүниесі күйзелісінің ең биік шыңы болды деп ойлаймын. Осы бір күрделі кезеңнен үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар, қарапайым азаматтардың қолдауымен және ел басшылығының жүргізіп отырған сауатты ішкі және сыртқы саясатының арқасында шыға алдық. Елбасымыз биылғы Жолдауында «Күш жігерді біріктіре отыра 22 жылда қыруар іс тындырдық, үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық», - деп сеніммен атап айтты.

Қазақстан 2013 жылы бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарына кірді. Қазір еліміз дүние жүзінің 126 мемлекетіне 200 -ден астам дайын өнім түрлерін экспорттайды. Аз уақыттың ішінде еліміздің кемел келешегі жаңа елорда – Астана тұрғызылды. Қазақстан халықаралық аренада да көптеген табыстарға қол жеткізді. Бұған дәлел – Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі және 2010 жылдың желтоқсан айында өткізілген Астана саммиті.

Біздің мемлекет осылайша биік белестерді біртіндеп бағындырып келеді. Қазақстан бүгінде өте жауапты шешімдер қабылданып жатқан

елге айналды. Міне, енді мемлекетіміз «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруды қолға алып отыр.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері тарихымыз бен мәдениетімізге, ана тілімізге көңіл бөліне бастағанын білеміз. Қазақстан дамыған 50 елдің қатарынан орын алғанда қатты қуандық. Елбасымыз ендігі кезекте дамыған 30 елдің қатарына кіру жоспарын да ұсынды.

Елбасының «Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті сендерсіңдер», - деген сөзін оқып, біздің бойымызды қуаныш кернеді, ойымызға сенім ұялады. Мектебімізде сабақ оқуымызға барлық жағдай жасалған. Менің ойымша, біз, еліміздің болашақ жастары білімді, ғылымды, рухани, адамгершілік қасиеттерге бай, елінің тарихын, салт-дәстүрін, тілін қадірлейтін нағыз патриот болып өсуіміз қажет.

Еліміздің бас қаласы – Астанада 2017 жылы өтетін ЭКСПО-ның тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталуы да тегін емес деп есептеймін. Тағы бір айта кететін нәрсе – Елбасымыздың биылғы Жолдауындағы қазақ тілінің Мәңгілік тіл болатындығы туралы мәлімдемесі Қазақ елі тарихына алтын әріптермен жазылатын болады деп сеніммен айта аламын. Бұл мәлімдеменің қазығы ретінде қазақстандықтарды қонақжайлық, мейман-достық және патриоттық рухында тәрбиелеуде халқымыздың теңдессіз салт- дәстүрі мен әдет-ғұрыптары таңдалса, бізге өте жақсы болар еді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев халыққа жолдаған «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды» деп атап көрсетті. Қазақстан туралы айтатын жетістіктер өте көп.

Біз, қазақ елінің болашақ жастары елімізді одан әрі өркендетіп, көкке көтеру үшін тәрбиелі, білімді, саналы, бойындаар-ұяты бар, намысты ту етіп көтеретін, патриот ұл-қыз болып өсуге міндеттіміз. Алдағы уақытта осындай мақсатқа жету үшін бүгіннен бастап сабағымызды ізденіп оқып, алға қарай ұмтылуымыз қажет. Мен бүгін оқушы болғанмен, ертең болашақ маманмын. Еліміздің өсіп, өркендеуіне мен де өз үлесімді қосамын деп зор сеніммен, мақтанышпен айта аламын.

Қорыта келе, шығармамды ақын Несіпбек Айтұлының мына өлең шумақтарымен аяқтаймын:

Бақыт құсы қонарда, Мәңгілік Ел боларда,
Періштенің қасына сайтан сірә жолар ма?
Мәңгілік Ел белгісі - аспандаған Бәйтерек,
Жайнап тұрған Астана, жарқыраған Ақорда!
Жақсы - жайсаң кеңесіп, төрт құбыла теңесіп,
Арман болмас айналсақ алынбайтын қамалға!...

Қызылорда облысы

Қазақ жері

Қазақстан жерінің тарихы сонау біздің дәуірімізге дейінгі 2-1 мыңжылдықтардан басталады. Бұл уақыт аралығында, қазақ жерін Андронов тарихи-мәдени бірлестігіне жататын тайпалар мекендеген. Ал ерте темір дәуірінде Қазақстан жерін сақ, ғұн, сармат және тағы да басқа тайпалар мекендеген. Қазақтың ұлт болып қалыптасуы өте күрделі, сан қырлы мәселе. Қазақ халқының нәсілдік-генетикалық, мәдени тегінде андрондықтардан бастап үзілмей келе жатқан бір желі бар екенін бйқауға болады. XIV-XV ғасырларда қазақ тайпаларының өмір сүрген жері Еділ өзені мен Жайық өзенінің арасы болған.

Қазақ хандығын қалаушы сұлтандар – Керей мен Жәнібек екенін жақсы білеміз. Ал қазақтың ең бірінші ханы болған – Керей хан. Қазақ хандығының ең маңызды жері Жетісу мен Сырдария жағалауы. Сырдария жағалауындағы қалаларды жаулап алу үшін, қазақ хандары жылдар бойы соғысқан.

Ал қазіргі таңда Сырдария өзенінің жағалауында Қызылорда облысы орналасқан. XVII-XVIII ғасырлар қазақ халқы үшін өте қиын кездер болып табылады. Тақтырақ айтсақ, осы ғасырларда қазақ жеріне жоңғарлар шабуыл жасаған. Жоңғарлар шапқыншылығының зардабын ел қайғыра көрген. Қаншама халық азаб тартқан. Жоңғарлар халықты аяусыз өлтірген. Елдің сол кезде көрген қиындығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қазақ батырдарының арқасында бұл соғыс жеңіспен аяқталды. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай батырларымыз және Төле, Қазыбек, Айтеке билеріміз елді жеңіске алып келген. Бұдан кейінді қазақтың өірі жақсарған жоқ. Ендігі кезеңде орыс патшалығына қарсы тұру қажет болатын. Бұл кезеңнен де еліміз қиындықпен өтті. Ахмет Байтұрсынұлы, Алихан Бөкейханұлы, Тұрар Рысқұлов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхаммедұлы, Жалел Досмұхаммедұлы және тағы да басқа қазақтың бетке ұстар тұлғаларына қарыздармыз.

Бұл Қазақстан тарихының бір ғана беті, кішкене ғана үзіндісі. Қазақтың тарихын ауқымды түрде жазу үшін жылдар керек. XX-XXI ғасырларға келетін болсақ, 1991 жыл – тарихтағы маңызды жыл екендігін білеміз. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Коституциялық заң қабылданды. Бұл күні талай қырғын соғысты, «Ақтабан-

шубырындыны» көрген ел тәуелсіз атанды. Қазақстан әлемге тәуелсіз республика болып танылды. 1992 жылдың маусымында мемлекеттік рәміздеріміз де бекітілді. Мемлекеттік әнұранымыз, елтаңбамыз, туымыз белгіленді. Әнұранымыздың сөздері адамның өр-рухын төбеге көтереді. Туымыздың көк түсі аспанымыздың ашықтығын, еліміздің тыныштығын білдіреді. Ал елтаңбамызда қазақпен бірге келе жатқан белгілер бейнеленген. Біз мемлекеттік рәміздерімізге құрмет көрсетуге міндеттіміз.

Қазақстан сандаған қиындықтарға, әлемдік дағдарысқа қарамай, өзінің тәуелсіздігін нығайтып келе жатыр. 1991, 1995, 1999, 2005, 2011 жылдары өткен президент сайлауының бес ретінде де Нұрсултан Әбішұлы Назарбаевқа халық өз сенімін білдірді. Елбасымыздың арқасында біз ынтымағы нығайған, тәуелсіз, аспаны ашық елде тұрып жатырмыз. Елбасымыздық саясаты Қазақстанды бүкіл йлемге танытты. Елімізде жүз отыздан астам өзге ұлт өкілдері тұрады. Біз шешен ұлтының өкіліміз. Көптеген ұлттарды Қазақстанға жер аударған кезде, қазақ халқының арқасында тірі қалдық дейтін атамыз. Қоңқжайлығы бәріне де белгілі қазақ халқы сол ұлттарға барынша көмек қолын созған. Өзге ұлт деп шеттетпей, бір үзім нанды боліп жеген еді. Міне, осындай тарихы бар Қазақ елі құрметтеуге, үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алуға тұрарлық ел. Қазақ рухы – өр, тәні – бекем қайсар халық. Әрбір өзін құрметтейтін, тұрып жатқан елін құрметтейтін азамат тілін, дінін, салт-дәстүрін білуге міндетті.

Қазақстан – Еуразия жүрегі. Мен өз елімді сүйемін және Қазақстанда туылғанымға бақыттымын. Біз, яғни жас ұрпақ, бойымызда рухани, патриоттық сезім тәрбиелеуіміз керек. Елді жастарына қарап сынауға болады. Білімге, ғылымға, елімізді әлемге танытуға тырысайық.

Қазақстанның болашағы біздің қолымызда екенін ұмытпайық!

Бақбергенов Ертуған

10 сынып, №3 мектеп – лицей Қызылорда қаласы

Мәңгілік мұра

«Сыр – Алаштың анасы». Бұл киелі өңір – көне дәуір шежіресі, мәңгі өшпес те өлмес тарихы және мәдени мұралардың асыл көмбесі.

Түркінің ішіндегі тұғырлы тұлғаның бірі – Қорқыт. Ол туралы аңыз көп. Ел арасындағы әңгіменің бірі мынау. Қорқыттың қабірі Сырдың жағасында жатыр. 1925 жылдан бастап баба мазарының табанын толқын тебе бастайды. Талай жылғы жәдігерді құлайды дегендер де болыпты. Дегенмен, қабырғаның қалыңдығы соншалық, дария оған дақ та түсіре алмапты. Сол күйінде жарты ғасырға дейін тұрған екен. Дегенмен, 50-жылдардан кейін қабырға мүжіліп, опырыла бастапты. Мұны неге айтып отырмыз? Ауылдағы ақсақалдар Аралдың тартылуын Қорқыттың қабірінің құлауымен байланыстырады кейде. Ежелден жеткен аңыздың бірінде Қорқыттың қабірін су мүжігенде теңіздің тартылатыны туралы айтылады екен. Сәйкестік деуге келмейтін шығар. Дегенмен, аңыздың ақиқатпен де астарласып жататыны шындық. Олай болса, ел арасындағы әңгімеге күмәнмен қарау да қисынсыз секілді.

Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт дүниеге келер алдында әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған орай баланың атын “Қорқыт” деп қойған дейді. Қорқыт Атаны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады. Қорқыт атаның тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш – “Қорқыт Ата кітабы”.

Ол “өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі” дейді.

Қорқыттың кереметтері туралы айтып тауысу мүмкін емес. Бүгінде баба мазарынан сәл беріде, күре жолдың бойында «Қорқыт-ата» мемориалдық кешені бар. Осы кешенге жылына 10 мыңнан аса турист келіп тәу етіп, мінәжат жасап кетеді. Аптап ыстықта болсын, алапат желде болсын адам аяғы азайған емес. Мемориалдық кешенде үнемі қобыздың үні естіліп тұрады. Осы үн баба рухымен тілдестіретіндей әсер қалдырады көбіне.

1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қонақүйі, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды.

2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылды. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда. Мұражай экспозициясында Қорқыт өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін ма-

териалдар қамтылған. Бұл ескерткіш кешен күллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып саналады.

Ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді, ақылдылығы мен тапқырлығын үлгі етсек мұратымызға жетеміз. Сондықтан Қорқыт атамыздың өмірі мен даналығын керемет ертегідей оқып қана қоймай, қолдана білсек, мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын із қалдыруды мақсат етсек, тұғыры биік ел боларымыз қақ.

Бақбергенов Жандос

6 сынып, №3 мектеп-лицей Қызылорда қаласы

Туған жерім – Қызылорда

Мен Қазақстан мемлекетінің Қызылорда қаласында туылдым. Қызылорда қаласы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. 1938 жылдың 15 қаңтар күні Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында құрылған. Қаламыздағы Ұлы Жібек жолы – әлем өркениеті тарихының аңызды жетістіктерінің бірі. Қызылорда – әдемі қала. Қызылордада Сырдария өзені бар. Қызылордада күріш өседі. Мұнай мен газ өндіріледі. Өзімнің Қызылорда қаласында туылғанымды мақтан етемін.

Шуақты боп тұрсың сен,
Қызылорда қалам менің,
Әйгілі күріші өскен.
Мақтанам далаңменен!
Шуақты, нұрлы қала,
Қызылорда туған жерім,
Жайнай бер, жарқырай бер!
Өзінді әнге қосам!

Қызылорда – әдемі қала. Әр адам өз туған жерін мақтан етеді. Мен де өз туған қаламды мақтан етемін. Қаламызда түрлі әсем ғимараттар мен зәулім үйлер, балабақшалар мен балаларға арналған жаңа ойын-сауықтыру орталықтары ашылуда. Денсаулығымызды шынықтыру мақсатында спорт орталықтары да көптеп ашылуда. Туған қаламда түрлі қызықты концерттер мен мәдени шаралар ұйымдастырылады.

Қаламыздағы мұражай, кинотеатр, облыстық Н.Бекежанов пен А.Тоқмағанбетов театрлары бар. Қаламыздан түрлі өнерпаздар мен ғалымдар, спортшылар шыққан. Мен осы аға апаларымыз секілді өскенде өз қаламның, туған жерімнің дамуына үлес қосқым келеді.

Бізде ғарышқа түрлі ракеталар «Байқоңыр» қаласында ұшырылады. Бұл да біз үшін үлкен мақтаныш. Кейде зардабы да бар екенін естіп те жатамыз. Мен өскенде өз қаламның табиғатын сақтап, қорғағым келеді. Ғарыш әлемін зерттеп, елімді дамытамын.

Туған қаламның әлемдегі керемет қалалардың біріне айналатынына сенімді білдіремін.

Кенже Қалдарбек

9 сынып, №162 орта мектеп Қожамберді ауылы,
Жаңақорған ауданы

Қайрат ағама хат!

Сәлеметсізбе Қайрат аға? Мен де сіз секілді ұтын ұлықтаған ұлдардың бірімін. Сіздер сыйқылған Тәуелсіз елдің ұланымын. Мен осы Тәуелсіздіктің оңай келмегенін білемін. Сонау Керей мен Жәнібек хандар құрған іргесі кең қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі бастан кешкен қиыншылық аз болмады. Жан-жақтан жағасынан алған қалмақ, башқұрт, жоңғар сынды мемлекеттерге тойтарыс беру халықты титықтытып жіберді. Йә, сол кезеңнің қиындығына қарамастан үш жүздің басын қоса білген білгір хандар, дана билер де болды. Солардың бірі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Тәуке хан өзінің өзінің шығарған «Жеті жарғы» заңдар жинағымен халықты біріктіре білген. Қасым хан «Қасқа жол» атты заң жинағымен елдегі тыныштықты сақтаса, Есім ханның заңдары халықты бір орталыққа бір орталыққа бағындыруды көздеді. Заңдар туралы неге сөз қозғады дейтін шығарсыз? Біздің де Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциясы бар. Заң бұзушылар Конституциямызда бекітілген заңдар арқылы жазаланып отырады. Ең алғаш Конституциямыз 1993 жылы 28 қаңтарда жарық көріп, 1995 жылы өзгерістер енгізілді. Сөйтіп, 1995 жылы 30 тамызда жарықа шықты.

Әр елдің өзінің тәуелсіздігінің белгісі – елтаңбасы, туы, әнұраны болатын секілді біздің елдігіміздің белгісі: таңдандырар елтаңбамыз, аөгілдір көк байрағымыз, әуелетіп шырқар әнұранымыз бар.

Байрағымыздың түсі – көгілдір. Ол кең де әрі шексіз аспанды бейнелесе, ондағы күн шуағы – нұрын біздің қазақ шашып тұратындай. Ал, қыран болса – кең далада еркін өскен қазақ жастары секілді көрінеді маған. Ал, біздің елтаңбамызға зер салып қараған әрбір жан онда үлкен мән жатқанын бірден түсінеді. Елтаңбаның ортасында – шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – іргесі бүтін қазақ елінің бір шаңырақ астына жиналған отбасының бейнесін көрсетеді. Шаңырақ – елтаңбаның жүрегі. Шаңырақтың екі жағында алтын түстес тұлпар бейнеленген. Тұлпар – ер азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, тәуелсіздікке ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Ал, елтаңбаның жоғарғы жағында бес бұрышты жұлдыз ейнеленген. Жұлдыз – елтаңбаның тәжі, Қазақ елінің жол нұсқайтын жарық жұлдызы. Елтаңбаның төменгі бөлігінде «ҚАЗАҚСТАН» деген жазу бар. Енді асқақтаған әнұранымызды қалайша атпай кетейін?! Әнұранымыз кім-кімді болсын тебрентпей қоймайды. Біздің әнұранымыз әрбір қазақ баласының өз елінің патриоты екенін білдіреді.

Аға, қазіргі елдің жағдайына келер болсақ еліміз жоғарғы қарқынмен дамып келеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қазақ елін көркейтуге бар күшін салуда. Алысқа бармай 1-2 жылдың төңірегін алып қарасақ болғаны. Қазақстан «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесін жеңіп алды. ЕХРО-2017 көрмесі қазақ халқының салт-дәстүрін танытуға деген мол мүмкіншілік деп түсінемін. Ал, «Қазақстан-2050» стратегиясы болса еліміздің ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу көзделген.

Міне, Қайрат аға! Мен қазақ халқының заңғар биікке өрлеген ел болып қалыптасқанын айтып бердім. Енді сіздер салған ізгі жолмен қазақ елі мәңгі дами бермек,-деп сенімді айта аламын.

Таурбаева Асель

7 класс

Мой – Казахстан

Родина моя - Казахстан. Я здесь родилась, выросла, учусь и живу здесь. Казахстан – моя земля. Человек не может жить без Родины. У каждого она своя. Это страна, город, деревня, в которой он живет. С

большим уважением я отношусь к своему родному краю к своему поселку где родилась.

Я люблю свою Родину нежной, трепетной любовью. Я горжусь своей страной, потому что мне есть чем гордиться.

Казахстан необъятная, неповторимая, великая земля. Много тысячелетий понадобилось нашим предкам, чтобы освоить, заселить, защитить от нашествий врагов и передать нам в наследство эту огромную территорию. Народная память хранит и передает из века в век славные и трагические события в жизни казахского народа. Несмотря на тяжелейшие испытания, муки и страдания, минувшие поколения сохранили и передали нам, ныне живущим, богатейшее наследие.

Сколько хорошего хочется сказать о своем Казахстане! Взять хотя бы наш поселок Кызыл тюбе-2. Как изменился его внешний облик: только недавно здесь была пустыня. А посмотрите сейчас! Большие дома, большая школа, детские сады, аптеки, большой медпункт. И я надеюсь что наш поселок, и наш Казахстан еще будут цвести и цвести. Я горжусь тем, что Казахстан суверенное, государство. Как независимое государство Казахстан имеет свои государственные символы - герб, гимн и флаг. Все, что изображено на гербе и флаге, имеет смысл, особое значение: отображает богатство страны, единство народа, стремление достигать высокие цели, желание жить всегда в мире и согласии, не зная войн. Красив и торжественен гимн нашей страны.

Сейчас мы только дети, и учимся в школе, но уже сейчас мы строим планы на будущее, мечтаем кем-нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу государству, приумножать богатства нашей Родины. Хорошо учиться, быть добрыми и щедрыми, уважать пожилых людей и сверстников, многое должно нас интересовать, мы не должны быть «глухими» к бедам и страданиям людей. Потому что именно таков наш Президент. Мы уважаем нашего Президента – Нурсултана Абишевича Назарбаева, благодаря которому мы имеем возможность жить в такой мирной и благополучной стране.

А что в жизни нужно детям и взрослым? Конечно, чтобы мы, засыпая, были бы уверены в том, что нашей жизни, нашему будущему ничего не грозит. Мир и согласие на земле – вот самое главное для каждого из нас. Мы уверены в своем будущем, наш Президент сделает все для того, чтобы мы жили счастливо. Я ему верю! И ему верят миллионы таких как я, казахстанских детей.

Воткакой мой Казахстан: мирный, свободный, богатый, многонациональный. Разве можно не любить такую страну? Я горжусь своей страной и прошлым нашей страны.

Маңғыстау облысы

Ағатаева Балдырған

11 сынып, Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясы

Түпқараған ауданы

Жетекшісі: Төлеуова А.Қ.

Ел боламын десең, бесігіңді түзе!

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тотолитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүрсілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл-тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата-бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?!

Міне, ежелден еркіндікті аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлады. Қазақстан, тәуелсіз мемлекет ретінде, дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды. Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар-ұжданы азаттықты тілейді екен. Сол халқым өз табиғатына тән тіршілік кешкісі келсе, несі айып? Ақыры бұғау біткенге сыймай, шідер біткенді шіррей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді.

Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

Отан...Бұл сөз – әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз. Осы сөздің астарында қанша мағына жатыр десеңізші?! Отан дегеніміз - туып өскен жерің, Отан дегеніміз – 75 жыл Кеңес Одағының құрамында болып, дербестік пен тәуелсіздікті мүлде жоғалтқан қазақ халқының бастан кешкен тарихы, Отан дегеніміз – ел бірлігін,

бостандығын, елін, жерін қайтсек сақтап қаламыз деп құрбан болған апаларымыз бен есіл ерлеріміз.

Мен үшін Отан – құндылықтарды, материалды тасымалдаушы емес. Бұл жан сезімі! Сенің әрқашан оймен болса да оралғың келетін Жердің рухани бұрышы.

Менің жылдарым күндермен өлшенеді. Мен оның шексіз болғанын, менің кішкентай және үлкен Отаным татулықта болғанын қалаймын. Мен әрқашан да Қазақстанда тұратын адамдарға жанымның жылуын, жүрегімнің отын сыйлауға дайынмын.

Мен өз Қазақстанымды қалай жақсы көрмеймін? Мен өз Отанымды – қалай мақтан тұтпайын? Ол мені өз құшағына алады, әрдайым жылулық сыйлайды. Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық», -деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сую, өз ана тілін ардақтау әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өтсе де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Өйткені Отан – біз үшін оттан да ыстық.

«Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Талай жылғы ұлы дүбір, дүрбелеңнен кейін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Еліміздің арыстары талай жылдар басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында елім деп жанын пида еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған желтоқсан қаһармандары... Айта берсе жалғаса берер елінің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарының ерен ерлігінің арқасы деп білемін.

Мен – жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықтың жас ұрпағы, егеменді елдің ертеңімін. Сондықтан, жас тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын қалаушы, «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан»,-деп Абай атамыз айтқандай, кірпіші болып қаланып, ата-баба ерлігі мен рухынан нәр алып, дәстүріне берік болып, Отанымның одан әрі өркендеп-өсуіне бар күш-жігерімді аямаймын.

Ол үшін кемел біліммен қаруланып, ғылым мен техниканың сан қырлы тетігін меңгеріп, бүкіл әлемдік құндылықтарды бойына сіңіре алған ұрпақ болсақ деп армандаймын. Өйткені, болашақ – жастардікі. Елдің ертеңгі иесі – бүгінгі ұрпақ.

Қазақстан, сен заңғар биіксің, кеңсің. Менің жаным өзіңе деген мақтанышқа бөленген. Туған жер! Мен сенің атыңды жер бетіне жар салар перзентіңмін, тәуелсіздікті мықтап қолда ұстайтын балаңмын!

Ағатаева Балдырған

11 сынып, Жалау Мыңбаев атындағы мектеп- гимназиясы

Түпқараған ауданы

Жетекшісі: Төлеуова А.Қ.

Өнерлі өзін де, өзгені де асырайды

Шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап ана сүтімен бойға даритын ұлы қасиет бар екен. Бұл қасиеттің бір жанға бұйырары, бір жанға бұйырмасы анықты. Бойыңдағы сол туа біткен қабілетке егіз ұғым бар. Ол – қанатсызға қанат, талапсызға талап сыйлар ұлы ұғым. Ол – шуақты күндерге толы жайлы өлке. Әрине, ол – өнер өлкесі.

Өнерөлкесі... Өнерөлкесіне саяхат жасарда қалайша толқымассың?! Ол әлемге кірсең, шықпағың қиын-ау, сірә! Мінеки, мен өнер өлкесіне таяп келемін. «Өнер» атты жаз мекенге жасаған бұл саяхатымның кермет боларына сенімдімін.

Өнер – дүниедегі бар жақсылықтар қамтылған тамаша туынды. Өнер туындысы – өмірді түсінудің негізгі кілті. Өнер мен өмірдің байланысын айтсаңызшы! Өнермен өмір нұрланады, жан жадырайды. Өнерді қанатына ілген әсем құстай көк жүзінде қалықтайсың. Талантың асқан сайын одан әрмен жоғарылай бересің. Табиғат сыйлаған талантқа мықты талап қоя білу керек. «Талант – табиғаттан, талап – өзіңнен»,- демей ме Мұзафар Әлімбаев ағамыз.

Өнердің саясы тарылған ба? Таусылмайды-ау, шамасы. Осы өнердің бәрі де оқуменен табылған. Білім құған талап қана өнер өлкесіне аяқ бастырады. «Өнер тағына рұқсатсыз отырар болар», - деген сөздерде қаншама мағына жатыр десеңізші?! Бұл қанатты сөздердің иесі – Мұзафар Әлімбаев.

Өнерлі адам саясын кеңге жайған ағаш секілді. Саясы – оның тамырлары. Осы бір тамырлар кеңге жайылған сайын ағаш аясы өсе береді. Бір күндері таумен теңдес асулы шыңға теңдес болады. Таланттылар раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар шашып, көңіл ашады. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуға керек.

Өнер адамға әдайым нұрын шашады. Нұрынан адам бойына адамгершілік, сұлулық, ізеттілік, инабаттылық секілді ғажайып қасиеттер төгіледі. Осы қасиеттер бойыңа еніп, сені шаттыққа бөлейді.

Өнер – ұлтты танытатын негізгі белгі. Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы бола алмайды.

Әр пенденің жаны бір өнерді сүйеді ғой. Сол сияқты мен де өнерді сүйемін. Қай өнер болмасын адамды көкке жетелейді. Ал мені көкке жетелейтін өнерлер – сұлу поэзия, қаһарлы күй және әсем ән. Сұлу поэзия ақынды көрікті етеді, оқырманды да сұлуландырады.

Өнерді сүйген адам өзін де, өмірін де сүйе алады. Мен де өзімді және өмірімді сүйемін. Адам биік көкке өнермен ғана жете алады деп ойлаймын. Өнерлі өзін де, өзгені де асырайды.

Айтмұханқызы Гүлбану

11 сынып, Шахта орта мектебі

Түпқараған ауданы, Таушық ауылы

Патриот болу – әрбір қазақтың парызы

«Біздің болашағымыз – жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек» деп Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты жолдауында басты мақсат – Қазақстандық патриотизмге нақты тоқталған. Қазіргі таңдағы еліміздің өркендеуіне тек патриоттық тәрбие, патриоттық рух, патриоттық білім мен патриоттық сана арқылы ғана қол жеткізуге болады. Расында да қоғамның қай саласында табысқа жеткізсеңіз де тек патриотизм арқылы ғана жеткізесіз. Алдымен патриотизм

дегеніміз не? Патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезім.

Ел болашағы – жастардың қолында. Бүгінгі жастарды алдымен Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, ізгілікке бір сөзбен айтқанда жалпы адамзаттық құндылықтарға толы рухани тұлға тәрбиелеуде осы патриотизмнің орны ерекше екенін айта кеткен жөн. Менің ойымша, патриоттық тәрбие алдымен өз отбасынан басталады. Тұлғалық бойындағы патриоттық құндылықтар отбасындағы мейірімді әже, ақылды ата, ардақты әке, аяулы ана, ыстық бауырларың, жанашар туған-тумаластарың қамқор болар аға-інілерің арқылы бойыңа сіңеді. Отбасының ыстық – ықыласын мейірімінен туындайтын отбасына деген сүйіспеншіліктен, Отанға деген сүйіспеншілік туындайды. Бүгінде отбасы бірлігін ажыраспайтын жанұяның жағдайын жақтауымыз керек. Сонда ғана өсер ұрпақ отбасынан патриоттық тәрбиені сезінеді.

Мен өз отбасымда анам мен әжемнің, іні мен қарындастарымның бесікке салынып, «Бесік жырын» айтқанын тыңдап өселік. «Шілдехана», «Сүндеттой», «Беташар», «Қыз ұзату» сияқты дәстүрін көріп, біліп өстім. Жазда үнемі тігілетін киіз үйдің құрылысын қалай тігуін ойыма тоқып алсам, оның сәндейтін қазақы ою-өрнегін, баушашағын, түндігін жасауды анам мен әжемнен көріп таң қаламын, қандай керемет... Мен осындай ауылда өсіп, ұлттық тәлім-тәрбие алатынымды, салт-дәстүрімді көріп-біліп өскеніме мақтана аламын. Отбасымдағы келін мен ене, қайын аға, отағасы, қайын-келін арасындағы сыйластықтың өзіндік патриоттық тәрбиеге де әкелер есептігі мол. Тіпті қазақтың ұлттық тағамдарының өзі – құрт қайнату, балқаймақ әзірлеу, қазы-қарта дайындау, ет асу, сыбаға беру, қонқасы жасау сияқты өзіндік қазақы ерекшіліктерді мен осы ауылда өсіп-өнген балаларға берер ұлттық тәрбиелік мәні зор деп айта аламын. Сондықтан ұлттық мәдениетпен патриотизмді дамытып, ел болашағына сенімді боламын десең – ауылды көркейтуден, ауылдың қажеттілігін бастаң. Өйткені нағыз ұлттық рух – ауылды. Ұлттық мәдениет де – ауылда. Ұлттық тілде – ауылда. Ауылда өскен балалар тірі табиғат пен үй жануарлары, атап айтқанда тек жылқы малына қатысты – үзеңгі, тартпа, шылбыр, ер-тоқым, сабауіс, аба, тайтоқы, бозкүрең, торы сияқты әдемі сөздермен тілдік қоры, сөздік қоры әлдеқайда көбірек дамыған Ана тілінің ескірген, ұмыт болған түрінде сақтаушы ауыл тұрғыны. Отбасынан, ауылды үюдей, туған еліне, салт дәстүріне, тіліне деген құрметпен патриотизм туындайды.

Бауыржан Момышұлының «Патриоттық негізгі қайнар көзі – отбасы және мектеп пікірі» деген пікірін де айта кеткен жөн. Патриоттық тәрбиенің қалыптасуы – балабақша, мектеп. Яғни мектептегі білім, балабақшадағы тәрбие отбасындағы патриотизмді әрі қарай ұштастырады. Өйткені, балабақшадағы менің іні-қарындастарымның Қазақстанның мемлекеттік Әнұранын жатқа білуі, тіпті ту мен елтаңбаның неліктен солай таңбаланғанын да біледі. Аудандық, облыстық «Балалар күні», «Астана күніне арнау», «Бақытты балдырған» сайысына қатысып, сәби кезінен ұлттық патриотизмге тәрбиеленсе, «Білім ордасы – мектептен» дегендей бүгінгі ұрпақты сапалы білім мен тәрбиелейтін мектеп жоспарында тек білім мен қоса тәрбие де жүргізілуде. Ертеңгі күнге сенімді қоғамның бірі – білімді ұрпақ тәрбиелеу болса, осы әрбір қазақ патриот болып тәрбиелеуді керек дегенді естен шығармау керек. Сосын мектептегі орта білім стандартында білім алу ғана емес, оқушылардың ұлттық патриотизміне де үлкен мән берілген. Ғылыми тұрғыда ұлттық патриотизм дегеніміз – өз ұлтының салт-дәстүрін, қадір-қасиетін бойына сіңірген және оны қастерлеп, қорғауға дайын болуы бұл туғаннан ата-тегімен берілген тәлім – тәрбие арқылы жетілетін ұлттық сипаттағы сапалы әрекет пен мінез құлық.

Бүгінде мектепте болсын, қоғамдық қызметтегі болсын білім мен сапалы өнімнің түкпірінде Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет, ар-намыс жатырғанын естен шығармауымыз керек. Себебі, патриоттық тәрбие – ұттық намыс, ұлттық сана – сезіммен рухани байланысып көрініс табады емес пе? Жастарды патриоттық тәрбиеде тәрбиелеуде алд ымен Отансүйгіштік сезімін оятып барып, қоғамға бейім, адамгершілікті, ізгілікті, мәдениетті, зиятты сапалы тұлға қалыптастыру керек.

Альева Айгерім

9 сынып, «Атамекен орта мектебі» Бейнеу ауданы
Жетекшісі: Абытова А.А.

Азаттық туы астында

Өмірге келген әр жаңа мемлекеттің өз «іңгәсі» бар. Ол – көтерген туы мен елтаңбасы, асқақтата әуелеткен әнұраны. Еркіндікке

ұмтылған қай ел, қай халық та өз даусымен сөйлеуді, өз үнімен жар салуды армандайды.

Қанша айтса да тозбайтын ананың аты секілді, қанша емсең де дәмі азбайтын ананың ақ сүті секілді, қайран азаттық, еркіндік, саған не жетсін!

Тарихта тұңғыш рет жас мемлекетті бастау, оны тұғырына қондырып, басына ту байлау, бақытты дербестік жолына жаңылмай алып шығудан артық қиын жұмыс болмақ емес.

Қабылданған аспанкөк туымыз, айшықты елтаңбамыз, ізгілік пен ақпейіл жігерге толы әнұранымыз сондай ас қиын сараптауларда көп көңілінен шығып, тәуелсіз мемлекетіміздің атынан сөйлейтін ресми белгілерге айналды. Олардың басты қасиеті – халқымыздың табиғатына етене жақындығы, төлтума өнер тілімен терең сыр шертіп, асыл аңсарларымыз бен алыс-жақынға деген ізгі пейілімізді кемел жеткізе алуында. Әлемде жалғыз-ақ вексиллология «ту» деген латын сөзінен шыққан, вексиллология – ту институты бар. 1973 жылы Лондонда вексиллологтердің бесінші конгресі өткізіліп, оған 14 елден 57 делегат қатысты. Конгрестің төрағасы болып вексиллология институтының директоры америкалық Уитни Смит сайланды. Смит конгресте өзі басқарған институттың нәтижелі жұмыс істеп жатқанын зор энтузиазммен хабарлап, оған мысал ретінде Оңтүстік Американың Гайана мемлекеті институт жасаған ту суретінің жобасын өабылдағанын айтты. Мемлекеттік тулар мәселесіндегі қиындықтарды шешу үшін вексиллологтер тәуелсіздік алған жаңа мемлекеттердің туларын жасау бір жерден басқарылғанын дұрыс деп есептейді. Мысалы, Индонезияның туы Монаконың және Польшаның туларына ұқсас болып кеткен. Конгреске қатысушылар «Барлық мемлекеттердің туларынан жаугершілік рухты білдіретін рәміздер алынып, бейбіт еңбек рәміздері бейнеленсін» деген үндеу жариялады.

Біздің ұлттық белгілеріміз де шетелдік мамандар тарапынан да жоғары баға алды. Мысалы, Бонн қаласындағы дүниежүзілік вексиллология ғылыми-зерттеу институтының директоры Р. Климеш бізге жазған хаттарының бірінде: «Мемлекеттік туларыңыз ғажап екен! Мен оны алғаш рет теледидардан, Барселонадағы олимпиадалық ойындарды тамашалау кезінде көргенмін» деп жазды. Көк ту – қазақтың қасиеті. Көк ту – қазақтың рухы. Көк ту – ұлттың ұлылығының белгісі. Көк туды қорлағаның – рухыңды қорлағаның. Көк туды қадірлегенің – ұлтыңды қадірлегенің. Көк ту – әрбір шаңырақтың төрінде, әрбір мекеменің төбесінде ілініп тұруға тиіс. Көк туды қадірлеу арқылы ру-

хымызды оятамыз. Ұлттық санамызды қалыптастырамыз. Халықтың болашағы саналатын келер ұрпақ та қазақтың мемлекеттік рәміздерін қадірлеп өсуі керек. Өкінішке орай, қазіргі таңда ұлттық нышанымызды аяқ асты қылып жүрген жастар да бар. Мәселен, көк тудың суретін неше түрлі тәтті кәмпиттердің қағазына салады. Ал ол қағаз болса, қоқыс жәшігінде немесе аяқ астында жатады. Сондай-ақ, көк тудың суретін жеңіл автокөліктің артына салу үрдісі де халық арасында кең жайылған. Бұл қалай болғаны? Сонда ұлттығымыз, азаматтығымыз қайда қалды? Бұл азаматтығымызға үлкен сын.

Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналар тұсы – осы! Бұл баға жетпес байлығымыздың қадіріне жете білейік.

Аманбек Жансая

10 класс Каракиянский район, с. Мунайшы

Моя родина-Казахстан

Казахстан-страна больших возможностей, всего более двух десятков лет назад ставшая независима. Её развитие идет большими темпами. Сейчас мы только дети, но уже сейчас устроим планы на будущее, мечтаем кем-нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу государству, приумножать богатства нашей Родины. Хорошо учиться, быть добрыми и щедрыми, уважать пожилых людей и сверстников. Многое должно нас интересовать, мы не должны быть «глухими» к бедам и страданиям людей. Что в жизни нужно человеку? Конечно, чтобы люди, засыпая, были бы уверены в том, что их жизни, их будущему ничего не грозит. Мир и согласие на земле-вот самое главное для каждого человека. Мы уверены в своем будущем!

Моя малая родина-просторные степи на берегу седого Каспия. Я родилась, живу в этих бескрайних просторах. Щедрая земля, на которой я живу дает моей стране нефть-«черное золото». Нелегко труд нефтяников, которые из недр земли достают так необходимое нам полезное ископаемое. Запасы нефти, газа не безконечны, поэтому мы должны очень бережно относиться ко всему тому, что так щедро дарит нам земля. Каждую каплю нефти мы должны использовать с пользой,

обдуманно. Моему краю необходимо построить заводы, которые перерабатывали бы нефть, газ и получали все необходимое на своей земле. Этим предстоит заняться мне, моим сверстникам. Так хочется, чтобы наш Казахстан был одно из самых процветающих стран мира. Мы, молодое поколение, сделаем все, что от нас требуется, чтобы эта мечта сбылась.

Вот какой мой Казахстан: мирный, свободный, богатый, многонациональный. Разве можно не любить такую страну? Мы гордимся прошлым нашей страны посвятим жизнь её настоящему во имя нашего общего будущего.

Аманқос Дарын

7 сынып, Бейнеу лицейі

Бейнеу ауданы

Жетекшісі: Айсұлтанова Бағыла

Бабалар ерлігі – ұрпаққа өнеге

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру-тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмай, шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен жауынгерлік істері бізге аманат болып жеткен.

Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлері түркі халқына тән негізгі ырымдар. Халқымыздың бойындағы отансүйгіштік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарауға болады. Бұған дәлел көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: “Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді” – деген көне жазу қазақ халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден-ақ туындап, дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетеді.

...Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір қасиет тұтуды Ұлы дала ойшылдары Қорқыт Ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари және т.б. айтқан болатын. Ақын-жыраулар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды. Жыраулар жаугершілік заманда хандар мен бектердің ақылгөй кеңесшісі болып, жорықтарға бірге аттанды, ру тайпаларға басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті.

Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халықтың береке бірлігін, Отанға адалдығын сақтау, намысты қолдан бермеу, өз Отанын жаудан аянбай қорғау – ат жалын тартып мінуге жарайтын қазақ баласының қасиетті борышы екендігін Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шал ақынның өлең-жырларынан көре аламыз.

Қазақтың айбынды ақындарының бірі – Махамбет Өтемісұлы қазақ шаруаларын бостандық үшін күреске шақырып, қара халықты бақытқа жеткізуді армандап өткен. Ол өзінің үзеңгілес серігі Исатай мен халықтың ерлігін, олардың адамгершілік қасиеттерін жыр етті. Өз халқына, ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев шығармаларынан да көруге болады. Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Ол көшпенді елдің баласына ғылым-білім, өнер үйретуді армандады.

Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін тудыратын жыр жолдарын кездестіреміз. Оның “Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп” деген сөзі, барша жұртшылықты жауласу, күш көрсету дегенді білместен, тек тату-тәтті өмір сүруге шақырады.

...Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Бұлай деп текке айтпаған. Өйткені Отан үшін еткен еңбегің ешқашан ұмытылмайды. Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты

– ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген қасиет тұтқан ел. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған еді. Оны Қазыбек би: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмітұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, такаппарлығын сипаттаған еді.

Демек, біз – аманатты арқалаған баһадүр бабалардың ұрпағымыз! Бабалар салып берген сара жолдың иесіміз. Толарсақтан саз кешіп, ат ауыздықпен су ішкен заманда, қолына найза алып, ерлеулі атқа қонған батыр да қайсар қазақтың жалынды ұрпақтарымыз. Олай болса, бабалар рухына бас ие отырып, егемендікті сақтау, тәуелсіздігіміздің тұғырын тереңнен бекіту қасиетті борышымыз саналады емес пе?!

Андрейқызы Назира

9- сынып оқушысы, № 2 орта мектебі Мұнайлы ауданы

Елім – деп соғар жүрегім

Туған жер, атамекен әр адамның тағдырын құрайды. Тек одан барлық алғаныңды көңіл сүзгісінен өткізіп, бал жинаған арадай, жүрегіңе құя білуің шарт. Туған жерді сүю дегеніміз өмір бақи өз жеріңде байланып қалу емес. Әлемге назар аудармай, табандап оты-

рып алсақ, ақпайтын көл секілді, өз-өзімізбен тұйықталып, әлемдік даму мен өркениеттен құр алақан қалар едік. Десе де, жер шарының қай ендігі, эквадордың қай белдеуінде жүрсең де, қайта саған, сағынышыңды басар темірқазығың – туған жер атты ұлы ұғым біреу. Сонымен рухани байланысыңды үзбесең ғана, айдарыңнан жел еспек. Өйткені өзге топырақ, өзге ауа, өзге су оның орнын толтыра алмақ емес.

«Алтын анам, Отаным! Сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ» - деген Мұхтар Әуезов бекер айтпаса керек. Өз туған жеріңе деген сүйіспеншілігіңді ең алдымен отбасыңа, ауылдастарыңа арнамай тұрып, барша әлемді сүю мүмкін емес.

Елге, жерге деген махаббатты осылай бағалау керек. Елін, жерін сүйетін адам туған топырағының кешегісін-бүгінімен, бүгінгісін ертеңімен жалғастыра алады. Отанын қастерлеп, білімі мен еңбегін елінің мүддесіне, игілігіне жұмсайды. «Отан-оттан ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», - дейді.

Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту-қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің қанымызда ана сүтімен тараған, ана сүтімен дарыған. Байтақ ел, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбіршілігі мен аты шықты.

Ең бастысы, қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да Отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді. Елордамыз ел кіндігі Арқа төрінде ту тіккелі бері тәуелсіз республикамыздың өрлеуі мен өркендеуінің басты нышанына айналды. Астана – елдің жүрегі! Біз жаңа ғасырға, жаңа мың жылдыққа өркениетті ұлт ретінде, тарих сахнасына егеменді ел ретінде ендік. Әлемдік қауымдастықтың көшіне жеке керуен болып қосылдық. Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей, алтын күндей елтаңбамызды, желбіреген көк байрағымызды көргенде, әуеленген әнұранымызды естігенде бойыңды ерекше бір асқақ азаматтық сезім билейді. Мұны көру, сезіну де бір бақыт, маңдайға біткен бақ емес пе?!

Мен өз ойымды елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Отаны бірдің – тілегі бір, жүрегі бір», - деген сөзімен аяқтаймын.

Әлібекова Аида

9 сынып, № 2 орта мектеп Жаңаөзен қаласы

Жетекшісі: Жанова Гүлбаршын

Қазіргі қоғамның жастар туралы саясаты

Қазақстан Республикасының Президенті және жастар саясатына тоқталсақ, біз, тәуелсіздік бесігінде тербеліп өскен бақытты қазақ елінің ұландары, мемлекетіміздің қазіргі жетістіктері – бұл партиямыздың басшысы, әлем таныған ірі саяси қайраткер, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан сан алуан реформалардың заңды нәтижесі екенін мақтан тұтамыз. Себебі, елімізде қазіргі таңда әр жас азаматтың толыққанды дамуына арналған жан-жақты тетіктер жасақталғандығы айқын көрініс табуда.

Мәселен, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, мемлекет жастар мен жас отбасылардың экономикалық ахуалын жақсарту мен табыс деңгейін көтеру, ұзақ мерзімді несие берудің кезеңдік жүйесін енгізу, басқа да экономикалық көмек түрлері арқылы білім алу мүмкіндігін кеңейту, іскерлік белсенділігін арттыру, тұрғын жайы мен үй шаруашылығын толыққанды жабдықтау үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасаудың барлық шараларын қолдануда. Мысалы, студенттерге жол ақысының жеңілдігінің қолданылуы, еліміздегі жас азаматтар мен жас отбасыларды жеңілдікті ипотекалық несиелеу, жас мамандарды еңбек нарығында қамтамасыз ету жолындағы мемлекеттік ықпалдасу тетіктері, ауыл жастарына берілетін көпсалалы квота, ауылға барған жастарға көтерме көмектер, жетім балаларға және мүгедек жандарға көрсетілетін көмек түрлерін атап өтуге болады. Ғылым-білім, мәдениет пен өнер саласындағы талантты жастарды қолдауда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры орасан зор жұмысты атқарып отыр. Өйткені, Қазақ елінің атын үшінші мыңжылдық тарихына жазатын, аға толқынның ғылым мен мәдениеттегі өрелі жолын лайықты жалғастыратын да осы бүгінгі толқын – жастар болмақ.

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры» қоғамдық қорының атқарушы директоры біраз жыл Бектас Мұхамеджанов болды. Еліміздің тұңғыш Президенті қорының мақсаты мен міндеттеріне тоқталсақ: қор қызметінің негізгі мақсаты – Қазақстан мемлекеттігін нығайтуға, отансүйгіштікті қалыптастыруға, қоғамымыздың әрі

қарай демократия-ландырылуына, еліміздің мәдени, экономикалық және саяси саладағы халықаралық байланыстарының одан әрі дамуына атсалысу. Қазақстанның ішкі саясаты мен халықаралық аренада жеткен жетістіктерін еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Н.Ә.Назарбаев жаңа қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына, халықтар достығын нығайтуға, еуропалық және азиялық мәдени байланыстар мен экономикалық қарым-қатынастардың үйлесімді дамуына үлкен үлес қосты. Міне, осы тұрғыдан алғанда, еліміздің тұңғыш Президентінің әлемдік деңгейдегі саясаткер ретіндегі тұлғасын ашып көрсету, оның сан қырлы қызметін ғылыми тұрғыда сараптау және насихаттау мақсатындағы шараларды ұйымдастыру қордың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры» қоғамдық қоры 2011 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен өткен Білім конференциясына қатысушылар адамзаттың басын біріктіретін – білім ғана деген байлам жасады. Мықты маман болып, өмірдің сан кетігін бүтіндер ақылды, дарынды, талапты жастарымыз аз емес.

Мәселе, солардың алғашқы қадамына қолдау көрсетіп, көмек жасауда. Осы мақсатта Қор жанынан республикамызда және шет елдердегі ғылыми-зерттеу орталықтарында жұмыс істейтін отандық ғалымдардан кеңес құрылды. Қызметінің басты бағыты – мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттың маңызды мәселелері жөнінде ұсынымдар дайындау болып табылатын жас ғалымдар кеңесі ғылымды дамытуға, оны алға апарар талантты жастардың ғылымға келуіне қамқорлық жасау мақсатында бірқатар бағдарламаларды жүзеге асырады. Мұндағы мақсат – жастардың ғылымға деген ынта-ықыласын, кәсіби біліктілігі мен шығармашылық қабілетін арттыруға қолдау көрсету, сол арқылы еліміздің интеллектуалдық әлеуетін көтеру ісіне қызмет ету. Республикамыздың жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігін арттыру, жастарды нақты ғылыми-зерттеу, сараптау, әлеуметтік және бизнес-жобаларға тарту. Яғни, гранттар алу үшін үздік жұмыстарға жарияланатын байқаулар – бұл дарынды жастарды табу, іріктеу, олардың тұлғалық және кәсіби тұрғыда көрінуіне, өсуіне жол ашу, сонымен қатар еліміздің даму болашағы үшін құнды, бағалы идеяларды ынталандыру, алға апару мүмкіндігі болып табылады.

Әлімжанова Гүлназ

7 сынып, № 3 орта мектеп Мұнайлы ауданы

Жетекшісі: Оразова Гүлсара

Отан

Отан! Осы сөзді естігенде маған бір ой келуші еді. Отан менің кімім? Отан – анам, әкем, бауырым, досым,-дейді. Сонда ол солардай қымбат болғаны ма? Дәл осылай ойлаушы едім. Бұл сұрақтардың жауабын енді тапқандаймын. Отан расында бізге өте қымбат екен. Осыны білгеннен кейін «Отан» деген сөзді естігенде бойымды ерекше әсер билейді. Мен Отанымның көк шөбінен, заңғар тауынан, мөлдір бұлағынан, ашық аспанынан бойыма қуат, нәр аламын. Тек осы аспанды басқа елдің азаматшасы ретінде тамашалауға қорқамын. Мен бірде ашық аспанда жарқыраған күнге, шайдай ашық түнде жарық айға ұзақ қарап тұрдым.

Сонда менің ойыма келгені мен бақытты жан екенмін, менің өмір бойы жолым болып келеді екен. Былай емес пе? Аспанда самсаған жұлдыздар көп, аспан сонысымен әдемі, бірақ самсаған жұлдыздардың ішінде бір жұлдыз ерекшеленіп тұрады. Менің де әлем аспанында жарқырап өзінің орынын алған Қазақстандай елім бар. Міне, мен осы себепті бақыттымын. Тәгілген күн сәулесінің нұрына шомылған алып та әсем ғимараттарды, күннің сәулесіне шағылысқан әсем жерлерді көргенде.

Отанымның сұлулығына тағы бір мәрте көзім жетеді. «Отанымның бар жәндігін сүйемін қыбырлаған» деген өлең тіркестерін енді түсінгендеймін. Мейлі, ол құрт-құмырсқа болсын, мейлі ол жусаны болсын, ол елімдікі. Кез-келген адамға елінің кез-келген нәрсесі қымбат. Бұл сөзсіз.

Қазақ жастары нағыз патриот жастар. Бұған біздерге үлгі болған Қайрат, Ләззат, Сәбина секілді аға-апаларымыздың елі үшін жанын беріп, өшпес ерлік көрсеткендігі дәлел. Кез-келген уақытта қазақ жастары Отаны үшін отқа да, суға да түсетініне сенімдімін. Себебі біз Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай секілді батырлардың ұрпақтарымыз. Иә, әркімге өз елі қымбат, өз елі әдемі. Бірақ Қазақстаннан алған әсер басқа елде қайталануы мүмкін емес. Мен өз Отаныма пайдамды тигізетін адам болып өсемін. Бұл Отанымның алдында борышымды өтеуге кішкене болсын септігін тигізер деп ойлаймын. Мен өз елімді сүйемін, өз елім үшін бәрін істеуден, өмір бойы сүюден ешқашан жалықпаймын. Себебі менің Отаным бұған әбден лайық!

Ұлы – Қазақ елі

Ғасырлардың сан мыңдаған көшіндегі қазақ халқының даму тарихы өзгеше. Азаттықтың ауыр жолында тағдырлары өлшеусіз күреспен өткен қазақ ұлтының жанының тек еркіндікті аңсауы да осыдан болар. Ұшы қиыры жоқ кең далада көсілген, емін-еркін өмір сүріп сол даланың тарланына айналған қазақ үшін дархан даласынан артық қымбат не болсын?! Қыран бүркіт асқар таудың шыңынан кең далаға қанат қағып, қалықтап ұшқан сәтінде өзін қалай еркін сезінсе, табиғат берген жаратылысына сай тіршілік етсе, сол табиғаттың ажырамас бөлігі адам да дәл солай тумысынан еркіндікті аңсайды, азат өмір сүруге құштар.

Алайда қазақ ұлтының тағдыры еркін өмірге қиян-кескі күреспен көптеген құрбандықтың арқасында ие болды. Қазақ ұлты тарихында өлшеусіз қиындықты басынан өткерді, аяусыз езгіге ұшырады. Азғындардың озбырлығына тап келіп, билік үшін тартысқан жандардың кәріне ілінді. Тарихтың өткен беттері қазақ үшін ұлты жолында құрбан болған арыстарының қанымен жазылып, жасымен жаңғырды. Дегенмен «тәуелсіз» деген ұлы атауға ие болу үшін, «қазақ» деген атына сай болу үшін талпынды, осы жолда күресті хәм өз жандарын құрбан етті. Талай боздақтарымыз халқын бостандық таңына жеткізуді армандап, сол жолда шәһит болды. Ұлтымызды түп тамырымен жою мақсатында жасалған түрлі әккі әрекеттер, саясатта орын алған қу тірліктер ұрпақ санасына жойқын соққы бергенімен халқымыздың діні мен тілін жоюға шамасы жетпеді.

Бабалар аңсаған ұлы арманның арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда өз шуағымен бүкіл қазақ елін нұрландырды. Міне, биыл азаттықтың ақ таңының атқанына еңселі 23 жыл. Бұл жылдардың ішінде қазақ елінің жеткен жетістіктері жетерлік. Қазақ елі достығы мен бірлігі жарасқан әлемге танылған бейбіт елдің біріне айналды. Қазақ халқының осы ұлы жеңісін дүние жүзі мойындады. Бостандықтың белгісі ретінде Сарыарқаның төрінен тәуелсіз елдің тұңғыш асқақтаған астанасы бой түзеді. Бұл елбасының ойға алған ұлы табыстарының бірі болды. Сәулеті мен дәулеті жарасқан еңселі елордаға әлем халықтары «Бейбітшілік қаласы» деген атау берген болатын.

Тәуелсіз ел екендігімізді дәлелдейтін мемлекеттік нышандар да халқымыздың қадір тұтып қастерлейтін құнды дүниелерінің бірі. Мемлекеттік ту мен елтаңба 1992 жылдың маусымында бекітілсе, Мемлекеттік Әнұран 2006 жылы қабылданған болатын. Тамыры тереңдерден бастау алатын бұл нышандардың мәні мен маңызы ерекше. Бабаларымыздың жорыққа аттанғанда туды ең алдыңғы шепте көтеріп шығуы да тегін емес. Елге белгілі батыр адамдар ғана туды ұстау мәртебесіне ие болып, оның айбарлы рухына жауапты болған. Бәлкім, осыдан болар шайқас алаңында жаудың көзін жою емес, оның туын құлату жеңістің белгісі саналған.

Елдің таңбасы да дәл осындай құрметке ие. Оны тек лауазымды адамдар мен хан ғана тиісті дәрежеде пайдаланған. Ту мен елтаңбаның тарихы хандық дәуірде де ерекше құрметке бөленіп, оны тегіс жұрт қадір тұтқан. Бүгінгі ұрпақтар да осыны санасына сіңірсе екен. Елдің ұлылығын дәріптейтін асыл бейнелер барда, елдің келбеті анық, келешегі кемел.

Қазақ елі! Әрдайым әр қазақтың жүрегінде жалындаған ұлы есім. Тарих – тереңіне үңілсек дәл осы есім қазақтарға қастерлі болған қымбат дүние еді. Дүрбелеңі мен зобалаңы көп Кеңес Одағының отарына айналдық, жерімізге жан-жақтан сансыз ұлт өкілдері қоныстандырылды, кесапаты көп озбырларды айдауға әкелді, сөйтіп қазақтың жазира даласы бір мезетте күңіреңкі қалыпқа еніп, лагерьге айналды. Осы оқиғалардан кейін тарихтың келесі толқыны «Қазақстан» атты мемлекетпен толықты. Яғни, Қазақстан көп ұлтты бауырына басқан үлкен жанұяға айналды. Бірақ қазақи құндылықтарға бай, естілу сазы мен айтылу назы бөлек «Қазақ Елі» атауы қайта жаңғырса, онда қазақ халқы нағыз қазақи сарында болар еді. Бұл елбасының ұсынысы болатын. Халық та оның осы ойына бірден-ақ ризашылық танытты. Шіркін, қазақ сол баяғы кең сахараның иесі болған сәттегі ұлы есімін қайта иемденсе, бабалар салған ұлы мақсат-мұраттарының шыңына бір қадам болсын жақындарма еді!?

Қазақ даласы бауырында талай мықтыларды туғызып, олардың өнегелі өмір жолына куә болған тарихи сахна. Ол – төрткүл дүниені дүбірлетіп, өз үстемдігін орнатқан Әмір Темірдің елі, ол – құлдықтан хандыққа дейін жеткен, сонау Мысыр еліне әмірін орнатқан Бейбарыстың елі. Осындай тарихи тұлғалардың ізі қалған киелі дархан даламыз қазақ үшін өткені мен бүгіні хәм келешегі. Онда ертеңгі күні қазақ ұрпақтары бейбіт өмір сүріп, билік ететін болады. Сондықтан да

ол мәңгі. Мәңгі жасайды. Мәңгілік елге айналып,ғаламның тірегі ата-нады. Мәңгі жаса Ұлы Қазақ елі!

Бақытжанова Жаңыл

10 сынып, М.Әбдіхалықоватындағы орта мектебі

Түпқараған ауданы

Жетекшісі: Қартбаева Г.Б.

Отан

- Отансыз адам, ормансыз бұлбұл» демекші, әр адамның кіндік қаны тамған құт мекені болары анық. Бірінікі шөлді болар, бірінікі нулы болар, ал бірінікі сулы болар, әйтеуір, әр пенденің Отаны өзіне ыстық.

Менің Отаным – Қазақстан. Ұлан-байтақ, ұшы қиыры жоқ, байтақ Қазақстан. Туған жер – сезімі сана төріне сан түрлі ой, талғам толқынын әкеледі. Мына бір көрініске көз жіберіп көріңізші. Аспанмен таласқан ұшар басы сұлудың сәукелесіндей әдемі, аппақ қармен көмкерілген, қарақұсты көздеген мергеннің жебесіндей көкке тіке шаншылып, көкжиекке кеудесін тіреген асқар, алып шыңдар, тау төсін тауысша түрлендірген, сұлудың кірпігіндей кербез шыршалар Әйгерімнің әсем күлкісіндей сыңғырлай аққан бұлақтар, әсем әнімен, жаныңды тербейтұғын самал жел, сағымдағы шөлдер бәрі-бәрі таңғажайып. Алтын бесігім, Отанымның сұлулығын сыртқа шығару үшін бұл сөздер де тіл жеткісіз.

Бірақ осынау Отанымыздың басынан қаншама азап, қаншама қасірет, қаншама нәубет өтті. Сан ғасырлар көкірегінен мұң кетпеген, иығынан қасірет пен қайғы түспеген қазақ еліне тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ. Бірақ қазақ халқы өзінің тәуелсіздікке ұмтылған күресін бір сәтте тоқтатпаған. Ол күрес қолға қару алып, атқа қонудан бастап, ұлтжанды арыстарымыздың парасатты амал-айласы түрінде жалғасып отырады. Отан үшін, халқы үшін, қабырғасы қайысып, елі үшін еңіреген ер-азаматтар қай заманда да болған. Сонау «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» өткен қазағымда Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай секілді батырлар, Кенесары тұсындағы заманда көтерілістер, ұлттық езгіге қарсы бас көтерген Созақ, Адай көтерілістер бұған дәлел.

Қазақтың біртуар перзенті, әлем әдебиетінің жарық жұлдызы, асқақ данышпан, «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Абай атамиздың да ең асыл арманы – халқымыздың азаттығы, елінің бақыты еді.

Орыстың боданына айналған қайран қазақ елі кешегі қызылдардың қырғынын, алапат аштықты, қатігез жеке басқа табыну қасіретін, сұрапыл соғысты, полигон сынағының зардабын бастан кешірді. Ұлы Отан соғысын есімізге алсақ, қазақтың хас батыры, қаһарман қолбасшысы – Бауыржан Момышұлының мына бір қайратты сөздері ойымызға оралады. «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік». Елін сүйген, елі сүйген аңыз адам, алып батырдың адуынды сөздері. Желтоқсан желімен желкені желбіреген тәуелсіздік осынау қорқынышты трагедиядан аман алып қалды.

Иә, сондай сұрапылды басынан өткерген Қазақ елі арада сан жылдар салып, аңсаған арманына, көздеген мақстына жетті. Тәуелсіздік туы Қазақстанның тұғырына берік бекінді. Тәуелсіздік! Қандай рухты, жүрекке қандай жылы, жанға жайлы ұғым. «Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып» тұңғыш Президентімізді сайлап, Ата заңымыз бен рәміздеріміз қабылданып, туған тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бұл тәуелсіздік тек қазақ халқына ғана емес, Республиканың барлық халқына бостандық әкелді. Шетел асқан қаншама қандастарымыз туған Отанына оралып, еркін өмір сүруіне мүмкіндік алды.

Қазақстан осынау 22 жылдың ішінде іргесін тіктеп, керегесін кеңейтті, әлемдік аренада атын алтын әріппен жазды. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық жасап, айды аспанға бір-ақ атты. Жетінші қысқы Азиаданы өткізіп, «Азия жолбарысы» атанды. Күні кеше ғана Лондонда өткен Жазғы Олимпиада ойындарында 12 орынды иеленіп, спорттан кенде емес екенін тағы бір дәлелдеді. Бүкіл әлем көз тіккен дүниежүзілік көрме EXPO – 2017 Қазақстан астанасы – Астанада өтеді. Ал бұл еліміздің бәсекеге қабілетті, экономикасы мен технологиясы қарыштап дамығанын айқындайды. Бұл – тек бастамасы ғана. Қазақстанның көріне биігі, алар асуы, шығар белесі алда. Өйткені, Қазақстан – Мәңгілік ел!

Ынтымағы жарасқан тату халық

Біздің халық – жатты жатырқамайтын, жатсынбайтын бауырмал халық. «Таспен ұрғанды аспен ұр», «кекшіл болма, көпшіл бол» дейтін кешірімшіл де, кеңпейіл біздің қазакем. Алла қаласа, өзге елмен де тереземізді теңестіреміз-ау, тек қазақты кеңдігінен айырмасын. «Кең болсаң, кем болмайсың!» Жаратқан да бізге тыныштықты осы кеңдігімізге қарай беріп тұрған шығар, кім біледі... «Қайғысызға қара су да ас» дейтін қазақ үшін байлық та, бақ та – ынтымақта. Жүз отыздан астам ұлттың басын біріктірген киелі Отанымның менің отбасыма тікелей қатысы бар...

Біздің ауылда дүркіреп той өтті. Ағам үйленді. Ауылға келін түсті. Анау- мынау емес, ерекше келін. Ұлты – орыс, жаны – қазақ. Жаны қазақтығы сол, қазақша сөйлейді, тәрбиесі де қазақтікіндей. Бізге бәрі қызық. Сөйлегені де, жүргені де. Шайды айналып келіп қайта-қайта ішеміз. Қабақ шытпайды. Әр жұма сайын иіс нан пісіреді. Ет асып, қазанға қамырды да илеп салады. Қабыршақтанған «жайманы» салмайды. Денсаулыққа зиян деп ұнатпайды. Домбырамен ән шырқайды. Даусы керемет. Өзі көңілді. Ата-анам да көңілді. Бірақ басында бәрі де өзгеше болып еді...

Ағам мектепті бітірген соң, жоғарғы оқу орнына түсті. Студенттік бал дәуренде қазақ тобында оқитын орыс қызымен танысады. Көңілдері жарасып, үйленбекші болады. Бірақ үйдегілер қарсы болады. Бала адамның бауыр еті емес пе? Әкем де, анам да көп ойланды. Ауыл-ел болып ақыл қосып, жөн білетіндер батасын беріп, әупірімдеп келісті-ау, әйтеуір...

Ерте тұрып шайын қайнатып, малын өріске жіберіп, отбасының ұйытқысы бола білген ибалы келінге бүкіл ауыл риза. Түтін түзу ұшты. Бір шаңырақтың ғана емес, бір ауылдың...

«Бақ, қайда барасың?» дегенде, «Ынтымаққа барамын» деген екен.

Ынтымағы жарасқан, пейілі кең халқымнан айналдым. Сүйемін туған жерімді!.. Сүйемін ата салтымды!.. Сүйемін дана халқымды!..

Бөкенбайқызы Қымбат

10 сынып, «Опорный» орта мектебі Бейнеу ауданы,
Боранкул селосы

Еркіндік – ежелден ел тілегі

Тәуелсіздік – ел тарихында, тағдырында айрықша орын алатын, ауқымы кең ұғым. Тәуелсіз ел болу кез-келгеннің маңдайына жазыла бермейтін бақыт. Біреудің боданында, бұғауында емес, еркіндікте ғұмыр кешу өмірдің рақаты емес пе? Сол бақыт, сол еркіндік біз өмір сүріп жатқан елдің тағдырына жазылған сый екен. Демек, біздің еліміз екінің біріне бұйыра бермейтін сондай сыйға лайықты болғаны.

Тәуелсіздік оңайлықпен келмейтіні баршаға аян. Олай болса, біздің ел сол байлыққа қалай қол жеткізді? Тарихқа көз жүгіртелік. Бізге бостандық әкелген ХХ ғасыр тек қана қуаныштарға толы болған жоқ. Бар қиын-қыстау кезең, «тар жол, тайғақ кешудің» барлығы осы кезеңде болды. Ойланып қарасақ, қазақ еліне бұл ғасырдың тартқан сыйы да, қайғы мен қасіреті де мол. Қанша қиындық көрсе де біздің қайсар халықтың мақсаты ел болып, халық болып бірігіп, тек қана тәуелсіздікке жету болды.

1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында қайсар қазақтың қайсар ұлдары мен қыздары халық тағдыры үшін көтеріліске шыққан болатын. Сол жолда бозторғайдай боздаған жастар қанша қиындық көрді, азаптанды, қаншамасы қыршынынан қиылды. Әйтсе де ел үшін, еркіндік үшін ешбір қазақ мойымады. Тек алға жылжуды ойлады және алда болды. Міне осындай жігердің арқасында 1991 жылы «Қазақстан Республикасы» атты алып территорияға иелік еткен дербес мемлекет пайда болды.

Тәуелсіздікпен бірге ел тарихына, көп ұлтты Қазақстан мемлекетіне ұлы жаңалықтар қоса кірді. Ұлан-байтақ жері бар, сабырлы да еркін халқы бар үлкен мемлекеттің өзгеге ұқсамайтын тарихы, қалыптасу, даму жолы да ерекше болды. Ата-бабадан қалған ұлан-ғайыр жерді игеріп, дербес мемлекет ретінде өз билігімізді сақтай отырып, өзгеге көңіліміз ашық, дастарқаны, қолы жомарт халық ретінде дамып жатқан еркін елміз.

Бүгінгі Қазақстан әлемдік аренадан өз орнын ойып алған, Азия мен Еуропаны ғана емес, күллі ғаламды мойындата білген өжет елдің мекені.

Мен де өркениет әлеміне қадам басқан еркін елдің өренімін. Өткенге бойлап, бүгінді ақыл-парасатыма салып баға беру, нарықтық заманда қарқынмен дамып жатқан қазақ мемлекеті туралы өз пікірімді айту менің парызым сияқты.

Осындай патриоттық санамен ой толғайтын, елге деген махаббатпен жыр жазатын жастары бар, көш бастар Елбасы бар. Күннен-күнге дамып жатқан экономикасы бар, ұмытылмас тарихы мен әдебиеті бар, талайға арман болған байтақ жері бар Қазақстан ешқашан да өлмеуге тиіс! «Тәуелсіздік тәу етер жалғыз кие...», - деп Әбіш Кекілбаев айтқандай, жалғыз киемізді жоғалтып алмайық! Қазақстан көш бастар мемлекет болуға лайықты, сол жолда аянбай еңбек етейік!

Дүйсенова Нұрилла

7 сынып, Қарақұдық орта мектеп Қарақия ауданы

Ұлттық үрдіс – ұлағат

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын басты міндеттердің бірі – есті, еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Әр халық өзінің жас ұрпағын қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды және бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп отырды. Ол үшін ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталған, тұрмыс және өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрлерді қолданып келді.

Бүгінде өз алдымызға тәуелсіз ел болып тұрған шақта ұлтымыздың ұлылығын, халқымыздың дархандығын, киелі қасиетін дүниежүзіне таныта алатын бар мүмкіндігіміз – еңбек, білім және ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді жаңғырту. Ата-бабаларымыз жерімізге жау басып кірмесін деп, жаратқанға жалбарынған. Елін қорғайтын батыр болсын деп ұрпағын қайратты, күшті, епті болуға баулыды, ұлттық мәдениетіміз жойылып кетпесін деп өнерге, ал халқымыз гүлденсін деп еңбек етуге, білім алуға баулыды, «Бір тал кессең, он тал ек» деп табиғатты аялауға тәрбиеледі, «Ұя бұзған оңбайды» деп жас ұрпақтың санасына обал-сауапты сіңіріп өсірді. Сондықтан мұндай қасиеттерді қастерлеп, дәріптеу – ата-бабаларымыздың аманаты деп білуіміз керек! Өйткені, тілден, мәдениеттен, тарихымыздан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізден айырылғанымыз – ұлтымыздың жойылғаны!

Ұлттық тәлім – тәрбиесіз ұлттық намыс болмайды! Ал ұлттық намыссыз ұлттың гүлденуі мүмкін емес! «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деп ұрпағын алтын бесік – туған жерінің жасыл желегін, көсіліп жатқан кең байтақ даласын аялап қорғауға баулыды. Өйткені, табиғатсыз адамзаттың күні жоқ.

Табиғат – адамның ежелден тіршілік ету, өмір сүру ортасы және мәңгілік мекенінің алтын бесігі. Біздің халқымыз ежелден өз жерінің табиғатын аялай қорғап, обал мен сауапты, адал мен арамды ажырата білген. Аталарымыз бен әжелеріміз жеміс-жидек өсімдіктерін кесіп, сындырмаған, көк шөпті орынсыз таптамаған. Құстар мен буаз аңдардың бәрін табиғат перзенті деп, олардың өсіп-өнуіне қиянат жасамаған. Ел аузында мынадай аңыз бар. Бірде жау елге шабуыл жасап, ауыл үдере көшеді. Төле би бабамыздың шаңырағына бір қарлығаш ұя салып, балапан шығарып жатады. Мұны көрген кемеңгер би киіз үйін жыға алмай, жұртта қалып қойыпты. Бидің осы адами қасиеттерін түсінген жау да оған тиместен, кейін кетіпті.

Қазақ халқында үйіне кездейсоқ кіріп кеткен жыланды да өлтірмей, басына ақ құйып шығаратын дәстүр бар. Өрмекші, киік, аққу, көгершін, қарлығаш, бүркіт т.б. жәндіктерді, жануарларды, құстарды халқымыз қасиетті, киелі санаған. Олай болса, туған жер табиғаты – халқымыздың ұлттық байлығы. Оны аялап қорғау, еселеп арттыруға үлес қосу – сенің азаматтық борышың, жас өрен!

Дюсенова Жансая

9 сынып, Жаңаөзен мектеп – гимназиясы

Мен – тәуелсіз ел ұланымын

Кез-келген адам баласының бойында алдына қойған мақсаты, міндеті болуы шарт. Себебі, адам баласының құндылығы да осында болмақ деп ойлаймын. Әр адам өзінше ой тербеп, қиял құсы қанат қағып, болашақтан бір жақсылық пен жаңалық күтері сөзсіз. Сонымен қатар болашағын болжағысы келген әрбір қоғам мүшесі өткені мен бүгінін сараптай білуі шарт.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев атамыз: “Қазақстанның болашағы – жастардың қолында” деген болатын. Бұл сөзді кезінде аты аңызға айналған Мағжан ақын да үлкен сеніммен айтқан:

Мен жастарға сенемін,
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Ол сенімді жастар талай қиын-қыстау кезде үлкен жауапкершілікпен ақтады. Олар – от кешіп, елін қорғаған Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, желтоқсанда ел тәуелсіздігін аңсап, құрбан болған Қайрат Рысқұлов сияқты өзгеге ел намысын қолдан бермес апа-ағаларымыз. Мен – осындай үлгі алар елдің перзентімін! Сондықтан да, ел сенімін ақтап, жақсы тіршілік кешуге өз күшімізді қосып, жеріміздің, халқымыздың өркендеп, гүлдене түсуі үшін ерінбей еңбек етіп, ел тыныштығын қорғауға ат салысамын. Мен – тәуелсіз елдің ұланымын. Мен елімді, жерімді шексіз сүйемін! Елімнің әрбір тасын, әрбір меншігін қорғау – менің еншімдегі дүние. Өз басым болашағыма үлкен сеніммен қараймын және болашағымның жарқын болуы үшін терең білім, адамгершілік сезім арқылы жетуді мақсат тұтамын. Адам жүрексіз өмір сүре алмайтыны сияқты, Отансыз да өмір сүре алмайды деп ойлаймын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: “Жаңа асулар мен шыңдарды бағындыруда мақсатына жетелейтін елеусіз, бірақ сенімді соқпақтарды іздестіруде табанды да бірбеткей болуға тиіспіз” деген сөзі әркімге қайрат пен жігер беретіні айқын. Сондықтан да, ел алдындағы, туған жер алдындағы жауапкершілік кез келген адамның бойында болуы хақ. Мұның өзі патриотизмнің белгісі емес пе?!

Өзіміздің ұлттық салт-санамызды, әдет-ғұрпымыз бен тілімізді құрметтей отырып, халықаралық мәдениетке талпынып, соның ішінде өз мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды көрсете білер азамат болу – біздің перзенттік міндетіміз.

Абай атамыз қарасөзінде: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек- қайратсыздық. Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» дегенін ескерсек, қай нәрсеге де жауапты қарап, қорықпауымыз керек. Өйткені, халықта: «Жеңістің өзі жеңілістен тұрады» деген сөз бар. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи скеткіштер, туған өлкедегі тамаша жерлер, ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық езімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, патриотизм – қасиетті ұғым.

Елін сүю – әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Патриоттық сезім – балалық бал күндерден бастап, есейе келе, өз ақылы өзіне жетіп, нақтылы тарихи ортада ұзақ уақыттар бойына қалыптасып, шыңдала түседі.

Қорыта айтқанда, мен болашақта жақсылықтар болады деп сенемін, себебі біз талай қиындықтарды жеңген алыптардың ұрпағымыз. “Ел мен үшін неістей алады деп сұрамай, ел үшін мен не істей аламын?” деген мақсатты ұстансақ, болашағымыздың кілті өз қолымызда. Болашаққа басар қадамымыз сәтті болғай!

Ерқасова Салтанат

9 сынып, Қарақұдық орта мектебі Қарақия ауданы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

Мемлекеттік Рәміздер – мемлекетіміздің тәуелсіздігін білдіретін белгілері. Мемлекеттік Рәміздер белгілі бір мағына берерлік өзара үйлесімде орналастырылған жанды-жансыз заттардың бейнелерінен құрастырылған. Мұндай бейнелер үйлесімінен мемлекеттің, елдің арман-мұраты, өзін-өзі түйсінуі көрініс береді. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі, сондықтан да мемлекет адамдарға мемлекеттік рәміздерді қастерлеуді парыз етеді. Олардың түр-түсі мен ресми қолданылу тәртібі Конституцияда немесе конституциялық заңда белгіленеді және заңмен қорғалады.

Мемлекеттік рәміздер көне замандардағы ру-тайпаны қорғаушы болып есептелетін тотемдік аң-құстың бейнелерінен, рудың, әулеттің мал-мүлкіне салынған ен-таңбаларынан шыққан. Қазақ халқында әрбір рудың мал-мүлікке салатын өз таңбасы болды. Соғыс жағдайында межелі жерге әрбір рудың жасағы өз руының таңбасы салынған байрақ ұстап, хан туының астына жиналатын болған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін оның мемлекеттік Рәміздері бекітілді. Біздің рәміздеріміз мыналар: Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны.

Әрбір мемлекет үшін отаншылдық рухта тәрбие беру әрбір азаматтың мемлекетімізге, оның даңқты да қиын тарихына, алдағы болашағына өзінің қатысты екендігін сезініп, еліміздің мұң-

мұқтаждарын ойлануынан басталады. Бұл міндеттің күрделілігін Елбасы нақты пайымдап, «...бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір отбасына қатысты. Ал, оны елдің туын, елтаңбасын, әнұранын қастерлеуден, заңды өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн», - дейді. Халық жүрегін желпіген еркіндік самалы ғажайып шығармашылық белсенділікке жол ашты. Елбасымыз жаңа мемлекеттік рәміздерді қабылдауға зор мән берді.

Мемлекеттік рәміздеріміздің ресми хатталуының да өз тарихы бар. Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 жылғы 4 маусым күні «ҚР Мемлекеттік туы туралы», «ҚР Мемлекеттік елтаңбасы туралы», «ҚР Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» тарихи заңдарға қол қойды.

Егеменді елдің әрбір азаматы құрметтеуге, мақтаныш етуге тиісті ресми рәміздері бар. Біздің мемлекетіміздің рәміздері - Ту, Елтаңба, Әнұран. Бұл рәміздер 1992 жылы 4 маусымда қабылданды. Біздің мемлекеттік туымыздың түсі – көк. Көк түс аспанның белгісі. Бұл киелі түс - бірлік пен ынтымаққа шақырып, барлық халықтар үшін әрдайым тыныштық, бейбітшілік пен береке символына айналған.

...«Қоғамда Қазақстан – біздің отанымыз, бұл ұғымға көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қалыптастыру керек» - деп, атап көрсеткен Елбасымыздың сөзі терең ойдан туындаған пікір деп білемін.

Қай ұлттан шыққанына қарамай, әрбір азаматтың парызы ең алдымен, біздің ортақ үйіміздегі достық пен келісімді қолдауы. Елімізде патриоттық сезімі ерекше жоғары дамыған, қоғамда мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау қалыптасқан. Мысалы, мектебімізде сабақ басталғанда, мемлекеттік органдарда ант қабылдағанда, басқа да көптеген іс-шаралар кезінде Мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран орындалады. Қазақстан патриоты, біріншіден, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне: туына, елтаңбасы мен әнұранына ерекше құрметпен қарайды, мемлекеттік нышандарымызды шын ниетімен қадірлейді және оны басқалардан талап етеді. Қазақстандық патриотизм - өзіңді республика халқының құрамдас бөлігі ретінде сүйіспеншілік және берілгендік сезімді, халық пен елдің мүддесін қорғайтын, тіпті әскери қорғауды жүзеге асыратын азаматтың пары-

зы мен намысын тәрбиелеу. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруға негіз болған қазақтың дәстүрлі қоғамында орныққан құндылықтар қатарына, «Отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «арнамыс», «адалдық пен әділдік», «азаматтық парыз», «қанағатшылдық пен жомарттық», тағы басқа ұғымдарды жатқызуға болады.

Біздің қазақ жұртымыз кіндік қаны тамған жерін, ата-баба әулетінің мәйіті жатқан жерді ерекше қадірлейді. Қазақ үшін атамекен – отанжанды пенде ретінде өмір сүруінің шарттық атрибуты. Сондықтан да халқымыз өз ата-мекенін, Отанын, өз халқы, өз тілін, өз мемлекетінің рәміздерін, салт-дәстүрін жүреппен сүйе білген әрі ұрпағын да соған тәрбиелеген, баулыған.

Есенғалиева Айдана

8 сынып, №6 орта мектеп Жаңаөзен қаласы

Мәңгілік ел-болашақ бастауы

Қазақ елі! Баршаның ұлттық болмысын, елдігін асқақтатар киелі сөзді естігенде бойыңды ерекше сезім билеп, Отан деген ұлағатты ортаның иесі болғандай сезінесің! Өйткені менің елім Атыраудан Алтайға созылып, Алатау бөктеріндегі елді тұтастырып, «Егемендігін – берік тұғырым» деп танытқан елдіктің нышаны. Ұл мен қызына еліңе адал бол, ісіңе берік, намысың-мығым, рухың биік болсын деп ұлтжандылыққа тәрбиелеген елміз.

Елдің елдігін, мемлекеттің мәртебесін аяққандайтын құндылықтар мен ұстанымдар тарих толқынында шыңдалғаны баршаға аян.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы санасында «Ақтабан шұбырынды Алқа көл сұлама атанған кезеңнен аман қалып, «Желтоқсанның ызғары мен солақай саясат сынына төзуі» – тәуелсіздікке жетудегі үміт отының сәулесі болар!

Егеменді елінің елдігін сақтауға, тәуелсіздік тұғырынан тайдырмауға күш салады. Сондықтан да баршаның тілегі де, үміт сенімі де – бүгінгі жастар. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың елге сенім артқан жолдауы да «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп аталуы – елге аманат жүгі іспеттес. Халыққа жолдау – жеті басымдық бағыттан тұрады. Бұл жолдау елімнің 30 елдің әлемдік деңгейінде көрінуге күш салады. Елінің бақыты, ертеңгі болашағы –

сол дамыған елдермен иық тіресіп жатса, Қазаққа одан үлкен қандай бақ керек!..

Шіркін, мен кейде сол бақытқа еріксіз сүйсініп: «Мәңгілік елім – мәңгілік жолға басқан қадамың сәтті болсын!» - деп, айғай салғым келеді. Мен – қазақпын! Менің Мәңгілік жолым енді басталды. Ендеше, Мәңгілік Ел– Мәңгілік болашағын жасар болса, Мәңгілік тілі, діні, ділі болуы керек. Ол- халық қанымен біте қайнасып,, Тәуелсіздік тұғырын Мәңгілік сақтауға ел болып, жұрт болып, сол сапарға сәтті қадам басу керек!

Барша Қазақстандықтарға тілерім: мәңгілік жол – Мәңгілік елдің ақ жолы болсын! Сол жол – елімді, жерімді, тек адастырмай, биік белестен, биік белестен, үлкен арманмен үлкен бақыт жолының куәгері болайық!

Ибрагим Айнагүл

7 сынып, А.М.Горький атындағы мектеп-лицейі

Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Жетекшісі: Шопанова А.И.

Рахмет, Анашым!

Ана жайлы ойыңды айтып тауыса алу мүмкін емес. Әркімнің өз анасына деген махаббаты шексіз. Мен де анама маған сыйлаған мәнді өмірі үшін алғысымды айта отырып, өз ойымды аз да болса жеткізім келеді.

Жер бетінде анасын жақсы көрмейтін адам жоқ шығар, сірә. Әр сәбидің дүние есігін ашқанда өз анасы болады. Бұл әлемде қанша ана болса да, барлығының тілеуі бір. Олар балаларының мейірімді, адал, адамгершілік қасиеті мол, кішіге қамқор боларлықтай азамат болғанын қалайды және сол жолға түсуі үшін еңбегін аямай жұмсайды. Мен осы өмірге шыр етіп келгеннен бері асыл анамның аялы алақаны мен жылы құшағының арқасында ешқандай қиыншылықты сезінбей өсіп келемін. Біздің отбасымыздың ұйытқысы – анамыз! Егер анамыз бір жерге бір-екі күнге қыдырып кетсе, үйіміз жылусыз қалғандай болады. Ал қайтып келгенде мээ -мейрам болып қуанамыз.

Осы аяулы жанды кейде ренжітіп та аламыз. Оған орынсыз талаптар қойып, еркелігімізді асырып та жібереміз. Дауыс көтеріп жатқандарымыз да болады. Бірақ, осы қылықтарымызға анамыздың

іштей қиналатынын кейбіреуіміз ойламаймыз. Кейде қателігімізді түсініп, бір ауыз жылы сөз айтып, кешірім сұраймыз. Қанша қателікке ұрынсаң да жүрегі кең ана әрқашан кешірімді болады.

Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш иесі. Әлемдегі ең кешірімді, ең мейірімді жан – Ана.

Ана! Жалғыз ғана сөз... Дегенмен де жарық жалғанда кез келген адам баласына осы сөзден артық, осы сөзден ыстық сөз жоқ шығар. Тіпті, көк аспан да ана жайлы терең ойға батып, үнсіз мөлдіреп тұрғандай сезіледі. Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді.

Ана – әрбір адам баласы үшін ең ыстық, жанға жақын, мағыналы да қастерлі сөз. Адамзат баласы алғаш дүние есігін ашқанда ананың ақ сүтімен бойына нәр алады, ана құшағына еніп, ана мейіріміне бөленеді. Адамның аузынан шығатын ең алғаш сөзі де – «Ана». Міржақып Дулатов айтқандай, бізді сүйетұғын, күйетұғын, әрқашан қамымызды ойлап жүретұғын абзал жанды адам – «ана».

Баласының алдына қойған мақсатына жетуі үшін ана өз жанын қиюға да дайын. Ана баласының үлгілі азамат болып өсуі үшін бар күшін салып, тер төгеді. Ананың махаббатына, құдіретіне тамсанған талай ақын әнін арнап, талай жазушы қалам тербеген. Соның ішінде, ана тақырыбына ұзақ жылдар бойы қалам тербеген жазушы Ғ.Мүсірепов еді. Оның «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана» атты аудармалары мен «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима», «Ұлпан» сияқты шығармаларын атауға болады. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызыңды өтей алмайсың!» деген дана қазақ халқы. Шынында да, осыншама қиналып, көз жасын төге жүріп, бізді өсірген анаңа қолыңнан келгеніңнің бәрін істесең де, оның бәрі анаңның түн ұйқысын төрт бөлген бір күніндей ғана. Өз парызыңды өтеу, бұл – ана алдындағы парызыңды өтеу. Қаншама байлық иесі болсаң да, әлемге әйгілі адам болсаң да, анаңды, оның саған жасаған жақсылығын ұмытпау – сенің өмір бойғы борышың.

Қай адам қолынан келген сый-құрметін жасамады десеңші, шіркін! Бірақ соның бәрі анаңның бір ауыз жылы сөзіне де жетпейді. Дүниенің нұры, өмірдің гүлі, қызықтың қызығы – ананың қолында. Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді.

Баласы үшін анасы бармайтын құрбандық бар ма? Ана махаббаты, сүйіспеншілігі жер жүзін жаулап келе жатқан қаһарлы әмірші Ақсақ Темір мен Жалпақ батырға қарсы шығып, тізе бүктіреді. Тіпті: «Менің атым – әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің де анадан тудыңдар! Ана-

мен алыспайды да, атыспайды да. Нең бар еді менің жалғызымда? Кел ботам, өзіме!» - деген сөздермен жауын тұқыртып, баласын құтқарады. Сонымен қатар, Ш.Айтматовтың «Найман-Ана» әңгімесіндегі ананың мәңгүрт баласы үшін қалай шырылдап, қанша қиындықтарға тап болса да бәріне шыдап, баласының жолында жанын құрбандыққа шалған ана махаббатының шексіздігі осыған дәлел бола алады.

Ана болу – бүкіл өміріне кететін ұлу рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып-қағуда өзін ұмытып барлық күш-жігерін сарқа жұмсайды.

Қорыта айтқанда, барлық адам ана алдындағы парызын өтеп, ақ сүтін ақтап, ананың шашына ақ түсірмей, тек осы киелі жандардың бақытты болуын ойлау керек. Себебі, ең бақытты адам – анасы бар адам... Адам «адам» болғысы келсе, алдымен ананы қастерлей білуі керек. Өмірде ана алақанының қызуы мен әке-шеше мейірімін тоя жеген тамақ да, шипасы күшті дәрі де алмастыра алмайды.

Шоқан мен Абайдың бойына ұлылықтың дәнін сепкен аналары Айғаным мен Зерені, Елбасымыз Нұрсұлтандай азаматты дүниеге әкелген Әлжан ананың өмірін ғибрат ету бүгінде қажет.

Ана – үйдің берекесі, қыз баланың өнегесі, шаруаның несібесі. Ананың көзінен нұр төгіліп, жан жағына шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейір алып жүрген біз – алтын анамызды мәңгі қастерлеп, еңбегін бағалап өтейікші. Мен анашыма шексіз жылылық сыйлап, жанымға демеу болғаны үшін алғыс айтамын.

Жер бетінде жақсылық нұрын себетін аналарымыз аман болсын! Мен де өз анама ризашылығымды білдіріп, Алладан анамның аман болуын тілеймін!

Иванқызы Шұғыла

11 сынып, Жалау Мыңбаев мектеп-гимназиясы

Түпқараған ауданы

Жетекшісі: Төлеуова А.Қ.

Өнері өмірдің өзегіндей мәңгілік

Қазақ халқының ХХ ғасырдағы ақыны, жазушысы, белгілі сәулеткер Сайын Назарбекұлы 1941 жылы 2 қаңтарда Маңғыстау өлкесінің Тиген ауылында дүниеге келген. Ол 1958 жылы Ұштаған орта мектебін бітіріп, біраз жылдар бойы жүргізуші болады. 1964

жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының инженер-құрылыс факультетін бітіріп, 1964-1969 жылдары Маңғыстау мұнай өңдеу бірлестігінің құрылыс мекемелерінде жұмыс жасаған. Ал 1980-1989 жылдар арасында Алматы техникумында дәріс берген. 1992 жылы Маңғыстау өңірінің өлең, жыр, шешендік сөз туындыларын жинақтап жарыққа шығару, өлкенің зираттық сәулет ескерткіштерін дүние жүзіне танытарлық түрлі түсті, бірнеше тілді кітап альбом шығару, өнерді дамыту және сол мақсаттарды орындау үшін «Маңғыстау мұралары» атты циклдық кітаптарды шығармақ болған. Сол мақсатта «Парыз» мекемесін құрды. Қазір Сайын Назарбекұлы басқаратын бұл мекеме «Маңғыстау мұралары» циклдық кітаптарының алғашқылары «Маңғыстау мұралары», С. Жаңғабылұлының «Аманат» кітаптарын жарыққа шығарды.

2002 жылы Л.И. Гумилев атындағы Ұлттық Еуразия университетіне қызметке шақырылған ол ұлттық этнография саласында еңбек етіп, «Қазақтың киіз үйі» атты зерттеу жұмысын аяқтады. «Адай шежіресі» атты сегіз томдық еңбектің жинақталып, жазылуына басшылық етті.

Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталған. Қазақстан жазушылар одағының, Қазақ Халық «Экология» академиясының мүшесі. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағының иегері. Атырау облысының Махамбет ауданы, Шығыс Қазақстан облысының Абай аудандарының «Құрметті азаматы», Семей мемлекеттік пединститутының құрметті профессоры, жан жақты талант иесі. Туған жер түлегі Сайын ағамен сұхбаттың реті келіп қалып еді.

– Сәлеметсіз бе, Сайын аға. Сіздің еңбектеріңізге тәнті болған мен, өзіңізбен сұхбаттасқалы отырмын.

Сайын аға, бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға алдымен табандылық қажет дейді. Енді сіз бір жұмысқа кірісер алдындағы тәуекелділігіңіз жөнінде айтып берсеңіз.

– Амансың ба, шырағым. Егер де мал керек болса, қолөнер керек. Өнердегі әрбір шығарма өмірдің жаңа бір қырын ашып бергенде ғана нағыз өнерге жатады. Істі бастамас бұрын жан-жақты ойланамын. Мүмкін тәуекелшілігім осы шығар...

– Таңдап алған тағдырыңыз сәулеткерлікпен қатар ақындықтың ақ жолы болды. Бойда бұл қасиеттің бар екенін қашан білдіңіз?

– Мен осы шаруалардан қол босаған сәттерде өлең, әңгіме жазумен де жұмыстанамын. Алғашқы 4-5 шумақ өлеңімді 46 жасқа толған

кезімде жазған екенмін. Шамасы, поэзия мені сүйген болуы керек. Әлі күнге дейін қаламымның сиясы сарқырған емес.

– Сіз бір сұхбаттыңызда Сарайшықтан басқа да көне қалаларға (Отырар,Түркістан, Тараз) ескерткіш орнату ойыңызда бар екенін айттыңыз. Енді сол ойыңызды қашан жүзеге асырасыз?

– Сол кезде айтқанмен де, қазір ол ойды қозғап жүрген жоқпын.

– Осы қос өнеріңіз балаларыңызға , немерелеріңізге дарыған ба?

– Мен өзім күй тыңдаудан ләззат аламын, күйдің әсерінен көптеген ойлар да туындап жатады. Жиенім Абай қазіргі таңда Алматыда, консерваторияда домбыра факультетінде оқиды. Домбырада жақсы ойнайды. Ал, ұлым Нұрлан сәулетшілік өнерімді жалғап келеді. Өнер идеясыз өмір сүре алмас дегендей мен Нұрланға ескерткіштер бастауда бағыт беріп отырамын. Сарайшық ескерткішінің сызбасын мен сызып көиек бердім, бірақ құрылысшысы Нұрлан болатын.

– Бүгінге дейін жасалған дүниелеріңіздің ішінде ойыңыздан шықпай қалғаны бар ма?

– Жоқ. Біткен істің міні жоқ,

Бітірген ердің кемі жоқ,- дегендей осы еңбектерімнен рақат аламын.

– Мына суреттерге қарағанда Әбіш ағамен жақсы араласатын сияқтысыз. Байқағаным өлеңдеріңіздің көпшілігі Әбіш Кекілбаев пен Абай Құнанбаевқа арналған. Бұл жөнінде не айта аласыз?

– Абайдың бір өлеңі мың қасиетке татиды. Сондықтан кез келген істі бастар алдында Абай шығармаларын оқып, жігерленемін. Ал , Әбішке келер болсақ, ол да Маңғыстау жерін бүкіл әлемге танытып жүрген ірі тұлғалардың бірі. Жаныма жақын тартар себебім, Әбіштің жарымен бір ауылда өсіп, бір сыныптың түлектері болдық. Сол достығымыз олар отасқаннан кейін де жалғасып келеді.

– Өнерде орны биік танымал сәулеткер – ақын, ал өмірде, яғни отбасыңызда қандай отағасысыз? Бала тәрбиесіндегі сіздің роліңіз қандай?

– «Ата-ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең» дегендей мен ешуақытта ата-анамды ренжітіп көрген емеспін. Сол айтқандай бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлемін. Ұлым Нұрланға өзімнің бойымдағы бар имандылықты, адалдықты, жанаршылықты бере алдым деп ойлаймын. Нұрланым ешқашан менің сөзімді жерге тастаған емес. Құдайға шүкір, қазіргі таңда алты немерем, екі жиен немерем бар. Мен немерелеріме қазақтың ұлы есімдерін қойдым және де есімдерге сәйкес жасалған ескерткіштер де бар.

–Аға, менімен риясыз әңгімелескеніңізге көп рақмет! Үлгілі әке, кемеңгер ата болуыңызға тілектеспін. Отбасыңызда тек шаттық пен береке болсын!

– Рақмет, айналайын! Сенде бақытты бол.

Исмаилов Гани

7 класс, школа № 6 Мунайлинский район

Руководитель: Отимова З.Ю.

Моя Родина - Казахстан

Я горжусь своей Родиной. Это многонациональное государство Казахстан.

Оно занимает девятое место в мире по величине территории! Казахстан-большое государство, построенное в непростых природных условиях. Это степи, полупустыни и пустыни.

Казахстан обрел независимость около двадцати лет назад, после распада Советского Союза. Но национальную культуру Казахстана еще много веков назад стали создавать кзахи, кочевники, которые большую часть жизни проводили в седле. Бескрайние степи и полупустыням, заросшие типчаком, ковылем, тирсиком и полынью, стали их единственным богатством.

Сейчас в нашей стране проживают люди разных культур: казахи, русские, узбеки, украинцы, уйгуры, татары и другие. Каждый житель Казахстана знает казахский язык-это язык казахской нации. Также официальным языком признан русский, как язык межнационального общения. Люди в Казахстане живут свободно. Здесь много земель, а людей на них приходится немного.

Большинство жителей Казахстана живут дружно, понимая, то эта наша общая Родина. Не зря 1 мая в стране отмечается День единство народа Казахстана, а христианское Рождество и исламский Курбан айт вместе являются государственными праздниками.

Хотя климат в нашей стране считается заслуживаемым и не очень-то ласковым к людям, Казахстан богат полезными ископаемыми. Еще в Казахстане находится знаменитый «космический город» Байконур, откуда стартуют в космос российские ракеты. Такого уникального государства, как Казахстан, больше нет нигде в мире!

Мен Қазақстанның патриотымын

Тәуелсіз Қазақстан! Атыраудан Алтайға дейін созылып жатқан осы бір ұлан-байтақ кең дала – менің Отаным. Байтақ дала төсінде талай-талай дүбірлі жорықтар, елі үшін «егеулі найза қолға алдырған» соғыстар, елінің бірлігі мен бүтіндігін ойлаған жыраулар, халқы үшін қасқайып қиындыққа қарсы тұрған небір ұлы тұлғалар өтті. Тәуелсіздік үшін күресте олар патриотизмнің нағыз үлгісін көрсетті. Тарих қойнауына көз жіберсек, кешегі өткен Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сынды ерлеріміз қиынқыстау кезеңде көзсіз ерлік көрсетіп, елін, жерін жау қолына бермеген.

Кешегі тарихта қара таңба боп жазылып қалған Ұлы Отан соғысы туралы тарихи шығармалар, кинофильмдер сол жылдардағы Отан-Ана үшін болған ұлы күрестің сұрапыл күндерін көз алдыға әкеледі. Әділеттілік қашанда жеңері қақ, бірақ Жеңіс күні миллиондаған адамдардың көз жасымен, қайғы-қасіретімен келді. Өмір мен өлім ортасында жүріп, Отаны үшін кеудесін оққа төсеген қаншама ағаларымыз, әкелеріміз көз жұмды. Жыл асқан сайын сол қасіретті күндерді көзімен көрген қарияларымыздың қатары сиреп бара жатырғаны, әрине, өкінішті... Алайда, қай уақытта да олардың ерлік ісі бүгінгі ұрпақ есінде ұмытылмай қала бермек.

Ал, кеше ғана желтоқсанның ызғырық желімен бірге орталықтың солақай саясатына қарсы шыққан ұлтымыздың өрімдей ұл-қыздары ше? Батыр бабаларымыздың қанымен, еркіндікке шақырған құдіретті үнімен бойға сіңген патриоттық сезім оларды алаңға алып шықты. Бұл күндердің бүгінде Тәуелсіздік күні болып аталып өтілуі де олардың ерлік істеріне деген үлкен құрмет деп білеміз.

Міне, осылайша ел үшін, елдік үшін күрестегі бабалардың басынан кешкен қиындықтарын, «тар жол, тайғақ кешуін» көз алдыңнан өткізе отырып, жат жұрттықтардан жер-суын, ұлан-асыр даласын қан төгіп, қайсарлықпен қорғап қалған ерліктерін сезінгенде тұла бойыңды өзгеше бір мақтаныш сезімі билейді екен. Бұл – сенің бойыңа ұялай бастаған Отаныңа, туған жеріңе, тарихыңа, ана тіліңе, салт-санаңа деген ерекше құрмет. Бұл – сені еліңнің ар-намысын қорғауға, халқың үшін қызмет қылуға жетелейтін ерекше күш. Осы бір асқақ

сезім арқылы «Отан оттан да ыстық» деген сөздің құдіретін ұғына бастағандай боласың.

Мен бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның ұланымын. Ата-бабамыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен алып берген тәуелсіздігінің арқасында Қазақстан бүгінде әр таңын амандық пен бейбітшілікте қарсы алады. Отанымның тыныштығы мен елімнің тәтті ұйқысын Отанымыздың қырағы ұландары күзетіп тұр. Еліміздің түкпір-түкпірінде Отанына, Қазақстан халқына қызмет етуге даяр қазақ әскерлері еліміздің қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қорғауда. Жыл сайын олардың қатары білімді, жалынды жастар қатарымен толығып отырады. Өйткені, Отанды қорғау жәнен Қазақстан Қарулы Күштерінде қызмет ету – әрбір Қазақстан азаматының қасиетті парызы.

«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»-дегендей, Отансыз өмір, Отансыз қуаныш жоқ. «Туған жер, туған тіл, туған дәстүр, салт-сана және туған тарихың – тағдырыңның тынысы, Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!», -деп Мұхтар ағамыз жырлағандай, оларсыз біздің рухымыз биік самғамақ емес.

Қазақстан халқы осынау жылдар ішінде қол жеткізген жетістіктеріміз бен толағай табыстарымызды саралап, алдағы жарқын болашаққа Елбасының тың жобаларымен жаңаша бағдар жасауда. Еліміздің болашағына, нұрлы келешегіне сеніммен көз жібере отырып, ұлан-байтақ Отанымыздың гүлденуіне сапалы білім, саналы тәртібімізбен өз үлесімізді қосамыз. Біздің мақсатымыз – халқымыздың Отанды сүюге тәрбиелейтін дана сөздері мен өсиеттерінің өресіне жетіп, еліміздің айбынды жерін, айдынды көлін, аспанмен таласқан асқақ тауларын әрқашан қызғыштай қорып, тәуелсіздігіміздің туын мәңгі биікке көтеру.

Тәуелсіз елімнің көгінде желбіреген көгілдір түсті туынан көзімді айырмай, қолымды жүрегіме қойып тұрып, елдік пен ерлік жыры – Әнұранымды сәңгі асқақтата шырқаймын. Себебі мен кешегі Абайдай даналар, Мұқағалидай ақындар сүйген елді Мағжан сенген азат жас ретінде сүйемін!

Коляева Баян,

8 сынып оқушысы

Маңғыстауым киелі мекенім

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Мен туған өлкем Маңғыстау туралы толғасам алдымен 362 әулие мекендеген киелі аймақ екенін айтамын. Менің Маңғыстауымда Қазақстанның жеті кереметінің бірі – Бекет Ата жерасты мешіті Оғыланды шоқысына қашалған, үш-төрт қанат киіз үйдің көлеміндей үш бөлмесі бар, тарихи-сәулет ескерткіш орналасқан. Бекет ата 1750 жылы туылып, емші, көріпкел ғана емес, физика, математика, астрономия заңдылықтарын жақсы білген ғұлама ретінде аты танылған. Бұхарада оқып, ілім жинаған соң, өз өңіріне қайта келіп, бес мешіт салдырады. Жергілікті дін ғұламаларының арасында атақ-даңқы өсіп, Пір атанады. Жерасты ғимараты маңында Бекет ата пайдаланған бұлақтар, құдықтар бар. Атақты «Маңғыстау» дастанының авторы Түмел Балтабасұлы:

Маңғыстау - ер Бекеттің туған жері,
Кетіріп, кіндік қанын жуған жері.
Кіндігін қожа-молда қолмен кесіп,
Тамырын тарамыспен бұған жері,

- деп толғайды. Заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшыл Әбіш Кекілбаев «Ұлы Баба әлсізге - медет, күштіге - айбар, зарыққанға - жебеу, тарыққанға - демеу, асқанға - тосқан, сасқанға - сая, ұрпаққа - ұстаз, ұлысқа - ұран, ел иесі, жер киесі» болған және бола да береді деп ойлаймын.

Менің кішкентай кезімнен Бекет ата есімі санамда киелі сөз есебінде қалыптасқан. Біз маңғыстаулықтар, атаның есімі аталса, кенеттен бір тың күш қосылғандай, әлі күнге дейін жадырап, арқаланып тұрамыз. Аталарымыз бен әжелеріміз қиналса да, қуанса да, «Иә, Бекет», - деп атаның аруағына сиынатын болған. Осы бір аяулы есім талай жанды қысылғанда қолтығынан демеп, қуанғанда қасында болды. Обал, сауапқа көп мән бермеген қатыгездеу қоғамда өмір сүргенімен, ата-әжелеріміздің имани, мұсылманшылық бағытта берген тәлім-тәрбиесінің арқасында жүрегіміздегі Аллаға деген, Пір атамызға деген сенімімізге нұқсан келтірмей, әлі күнге дейін Атаға деген махаббатымызды биік ұстап келеміз.

Ата 63 жасына келгенде қайтыс болады. Бекет ата денесін осы жерасты мешітіндегі бөлмелердің бірінің іргесіне қашап жасаған бөлмеге орналастырған екен. Маңғыстаулық ақын, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Есенғали Раушановтың: «Ата көзі тірісінде талай жерге құдық қаздырып, мешіттер, сағаналар салдырғаны анық. Сол ескерткіштердің ең үлкенін қайда салдырды? Меніңше, Ата ең үлкен ескерткішін ұрпақтардың жүрегіне орнатты: «атаны іздесек, жүректерден іздейік!» - деген сөзі мен үшін Бекет атаға деген үлкен махаббаттан туған шын сөз деп есептеймін. Осы күндері Атаның басына дүние жүзінің бұрыш бұрышынан келіп тәуіп етіп, ауру сырқауларына шипа тауып кетіп жатырғандар қаншама?!

Менің Маңғыстауымда 130-дан астам ұлт өкілі тұрады. Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар, әсіресе ол біздің қазақтарда ерекше дамыған. Бұл Қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын Қазақ халқының мінезінен жаралған. Осында тұрушылардың барлығы Қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі керек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы. Бірлік, ұлтаралық келісім және саяси тұрақтылық – қазақстандықтардың қалауы. Осы үшбұрышты мықтап орнықтырған кемеңгер – іздің елбасымыз Н.Ә.Назарбаев, ол – дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл. Елбасымыздың ерен еңбегі тәуелсіздіктің туы желбірегеніне 20 жылдан асса да тұғыры мықты көкбайрағымыз қисаймастан көк аспан астында желбіреп тұр. Алдағы уақытта да солай болады деген нық сенімдемін. Н.Ә.Назарбаев биылғы Жолдауында Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына енгізу бойынша алдағы басты міндеттерді айқындап берді. Соның барлығы қазақстандықтардың өмірін жақсарту және елдің дамуымен қатар жүруі тиіс. Ол үшін әрбір қазақстандық аянбай еңбектеніп жұмыстануы қажет деп ойлаймын.

Қазір егемен еліміздің ең бай өңірі, экономикалық даму тұрғысынан алдыңғы қатардың бірі болып отырған қазыналы Маңғыстауым – «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен», шытырман оқиғаға толы өңір. Жерінің асты қазынаға, жерінің үсті аңызға толы өңір. Осы өлкемнің өркендеп, одан әрі қанат жайып дамуына үлес қосу бүгінгі біздер – жастардың міндеті.

Қуанышова Сымбат,

9 сынып, Ә.Махутов атындағы мектеп Төлеп селосы,
Бейнеу ауданы

Мекенім менің – Қазақстан

Отан... Бұл бір сөз ойыма оралғанда ерекше әсерленемін. Білмеймін, бәлкім бұл менің махаббатым болар.

Иә, кезінде осы қазақты қазақ қылу үшін ата-бабаларымыз не істемеген. Талай тар жол тайғақ кешуді бастан өткерді. Отан үшін қанында, жанында құрбан етті. Сонау Жәнібек пен Керей бастаған қазақ бұқарасы не көрмеді. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заманынан да сүрінбеді, тек алға деді. Одан кейін Аңырақай шайқасында қазақ жасағы жеңіс тойын тойлады. Осылайша үш жүздің басын қосып Абылай хан сайланды. 1456 жылдан басталған қазақ елінің тарихы небір сындардан сүрінбей өтті. Бүгінге жетті. Қазіргі еліміздің болашағы зор. Мен еліме деген махаббатымды жеткізер болсам, ақ қағаз бен көк сия жетпес еді. Кіндік қаны қазақ топырағына тамып, осында өскен әр қазақтың өз еліне деген махаббаты шексіз болады, әрине. Еуразия құрлығының орта нүктесі біздің елде. Біздер Еуразияның жүрегіміз. Ал қазақ жастары тәуелсіздіктің төл перзенттері. Тек, АЛЛАМ, осы бір қуаныштан, азаттықтан айыра көрмесін. Мұқағали айтпақшы:

Құс ұясыз,
Жыртқыш інсіз болмайды,
Отансыз жан өмірінде оңбайды,
Өзін өзі қорлайды сорлайды,
Тірі адамға сол қайғы,

– дегендей қазағымның көк туы әрқашан биікте желбіреп, қыранымыз көкке самғай берсін деп тілеймін. Ел ертеңі-жастар. Жастар-мемлекетіміздің тірегі, күш-қуаты, биікке самғар қанаты. Азамат-абыройлы атақ. Парыз-қастерлі ұғым. Өмір-парыз бен қарыздан тұрады. Осы қарыз бен парызды терең сезінген әрбір жас-елінің үлкен үміті. Ондай жас өз отбасының қамын ойлаудан әрі асып, Отан қамын ойлау биігіне көтеріледі. Абай атамыз айтқандай “Атаңның баласы болма, адамның баласы бол”. Осындай ұл қыздары көп елдің еңсесі биік, іргесі берік, мәртебесі жоғары болады. Әрбір адам өз елінің болашағы жарқын болатындығына сенеді және соған қызмет етеді.

Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болды қазақ елі ұмытпақ емес. Осынау дархан дала, ашық аспан, масатыдай құлпырған жасыл жайлау, шегі жоқ шөлді жерлер, әсем әсем таулар, арқырап аққан өзен, бәрі бәрі қазаққа берілген сый көрінеді, маған. Мұндағы әрбір тал, әрбір гүл ыстық сезіледі. Жүрегімде елге деген ұлы сезім лаулап, алаулы өрттей тулап барады. Жүректің осынау кіршіксіз сезіміне кір түсірмеспін деп ойлаймын. Қасиетті жерімізде қымбат та бағалы қазынамыз да бар. Мұнайымен, табиғи газымен әлемге әйгілі болды. Бәрінен бұрын қазақ елінің батырлық жасап Семейдегі полигонды жабу туралы мәлімдемесі еді. Қазақ жерінде 40 жылдан астам уақыт бойы сынақ жүргізілген ядролық қаруға нүкте қою әлем назарын өзіне аудартты. Алаштың бұл қайсарлығынан кейін, бұл халықты ардақтап, сенуге лайықты мемлекеттік екендігін мойындады. Сенді. Ең бастысы, біз сенімді ақтадық. Тәуелсіздікке небәрі жиырма үш жыл болған қазақты танымайтын ел жоқ шығар. Себебі алда үлкен сынақ тұр. Ол ЕХРО-2017 көрмесі. Осы бір сыннан сүрінбей өтеміз деген сенімдемін. Тек жүрегі қазақ деп соққан әрбір алаштың азаматы өзіндік үлесін қосса болғаны. Қазағыма, шын жүрегімнен мына өлең шумақтарын арнаймын.

Дархан дала иесі қазақ деген,
Сонау бастан азапты көптеп көрген.
Сенімменен алға жүрді ылғида тек
Азаттықты бір күні көрем деген.
Биіктей бер таудай болып, Қазақстан!
Қарқыныңнан осы бір сен таймасаң
Бір күні жетерміз деген атқа ҒАЖАПСТАН!

Мен елімнің еңселі азаматтарына сенемін. Елімді жаныммен сүйемін, ардақтап жүремін. Осындай әсем елде, қарапайым қазақтың топырағынан жаралғаныма бақыттымын әрі тағдырыма ризамын!

Құспан Гүлназ

10 сынып Боранкул селосы, Бейнеу ауданы
Мен тәуелсіз елдің ұланымын

Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуды аңсады. Қаншама батырларымыз, ер жүрек апа-ағаларымыз елін, жерін

қорғау мақсатында оққа ұшты. Қаншама сәби ата-ананың жылы алақанынан айрылып, жетім өсті. Ақын-жазушыларымыз тәуелсіздік үшін күресіп, көбі репрессияға ұшырады. Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі болсам да, Егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін Тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Тәуелсіздік бізге тегіннен тегін келген жоқ. Осы күнге дейін құрып кетпей, ұлан байтақ жерде Қазақстан деген мемлекеттің болуы – ата-бабаларымыздың қасық қаны қалғанша елі, жері үшін кеудесімен оқ тіреп, соңғы демі үзілгенше еліне, ұрпағына осынау кең қазақ жерін сақтап қалуынан. Тәуелсіздік алғанға дейін қазақтың басынан не өтпеді? Бүгінгі таңға дейін осыншама қиындыққа қарамай өз жері, халқы, діні, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жоймай біртұтас қазақ мемлекеті болуы әрине, бірінші ата-баба қанымен, білектің күшімен, найзаның ұшымен, сонымен қатар, ынтымағы жарасқан еліміздің осынау ұлтшылдығымен, қайсар рухымен, ел болам деген асқақ үмітімен жүзеге асты. Жер үшін қаншама соғыстар болды. Қаншама қан төгілді.

1986 жылдың желтоқсан айында сақылдаған сары аязға қарамай студенттеріміздің «Қазақты қазақ басқарсын!» деген ұран көтеріп ереуілге шығуынан кейін 1991 жылдың желтоқсан айында Қазақстанға өз тәуелсіздігін берді. Бүгінгі таңда қаншама ел тәуелсіздік таңына зар болып отыр. Ұлан байтақ Еуразияның жүрегінен орын тепкен тәуелсіз Қазақстанда өмір сүру қандай бақыт! Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқы таңдаған Н.Ә. Назарбаев атамыз қазақ елінің тұңғыш Президенті болып сайланды. Президентіміз осы күнге дейін көптеген істер атқарып, ел ықыласына бөленіп келеді. Қазақстанның өз «Ата заңы», мемлекеттік рәміздері: туы, елтаңбасы, әнұраны дүниеге келді. Қазақстанның мемлекеттік тілі-Қазақ тілі. Ұлттық валюта-теңге енді. Міне, бүгінгі таңда тәуелсіздігімізге 23 жыл толады. Осы 23 жыл аралығында Президентіміз ауыз толтырып айтарлықтай қыруар істер атқарды. ТМД, БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО ұйымдарына мүше болды, 2010 жылы Азиаданы өткізді. Спортта да, саясатта, әлеуметтік дамуда, экономикада да үлкен жетістіктерге жеттік. Қалалар өсті. Қазіргі таңда Қазақстанды әлем таниды. Жеріміздің үсті де, асты да қазынаға толы. Елімізде Менделеев кестесінің 99 элементі бар. Бұл үлкен мақтаныш. Президентіміз өз жерімізден шығып жатқан қорларды игертіп, еліміздің экономикасын көтеруде. Халыққа көп көмегін тигізді. Атап айтқанда, қарттарға зейнетақы, қорғаушыларынан айрылған жандарға төленетін жәрдемақылар, көпбалалы аналарға, оқушыларға

шәкіртақы, білім гранттарын, т.б. жеңілдіктер мен жәрдемақылар тағайындады.

Шет елден келген қонақтарға ұялмай көрсететін бас қаламыз Астананы жасады. Аспанмен таласқан зәулім үйлер мен ғимараттар тұрғызды. Астананың символы – «Бәйтерек» монументі көкпен таласқан бәйтерек ағашындағы самұрық құстың алтын жұмыртқасы іспеттес. Еліміздің жас Астанасымен бірге мен де дүние есігін аштым. Мен Астанамен түйедей құрдаспын. Бұл мен үшін үлкен мақтаныш. Мен өскен сайын Астана да көркейіп, өсіп келеді. Қазақстан «ЭКСПО-2017» көрмесін жеңіп алды. Бұл Қазақстанды әлемге танытатын көрме болмақ. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көпұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы – Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі деп ойлаймын.

Қазақ халқы рухани құндылыққа бай. Қазақ тілі – бай тіл. Қазақстанның көк аспанда желбіреген туы мен сазды әнұраны маған сенім мен рух береді. Оң қолымды жүрегімнің тұсына қойып Әнұран айтқанда шабытым оянып, патриоттық сезімім еселене түсіп, жүрегімнің дүрсілі ерекше соғады. Әрбір Қазақстан азаматының жүрегі елім, жерім деп соғуға тиіс. Мен өз Отанымды шексіз сүйемін және қара көзді қандастарымыздың да Отанға деген сүйіспеншілігі, махаббаты жоғары болғанын қалаймын. Ұлттық намыс – ұлы ұғым. Әрбір қазақ азаматы қазақша сөйлеп, салт-дәстүрін қадірлеп, дінін, тілін жоғалтпай, өзге елге мазақ болмай жүрсе екен деп тілеймін. Елімізде өзге елдердегідей апатты жағдайлар болып жатпағанына Аллаға мың да бір шүкіршілік етемін. Жеріміз кең, табиғатымыз көз тойдырарлық. Жерімізде табиғаттың жасаған мүсіні қаншама.

Ата-баба аманаттаған кең байтақ жерімізді өркендетсек ата-бабаларымыздың рухы риза болар еді. Қазақстанның ертеңгі болашағы, осынау кең жерге иелік ететін – біз. Президент бізге білім алуымызға барлық жағдайды жасады. Білім алу мен оқу кітаптары тегін. Біз ел экономикасын көтеруге, ғылыми-техникалық жағынан дамытуға атсалысуымыз міндет. Ғылымға тың жаңалықтар еңгізіп, алған білімді қорытып жаңа нәрсе ойлап табуымыз керек. Айтуға оңай. Сөзбен ғана шектелмей, іспен дәлелдеу қажет. Мен өз еліме қай жағынан болмасын үлесімді қосуға дайынмын. Кеудемде елім деп соққан жұдырықтай ғана жүрегім барда елім үшін қолымнан келгенін аянбаймын. Шығарманың соңын жастарға рух беретін Президентіміздің жастарға арнаған сөзімен аяқтағым келеді. «Еліңнің

ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

Лепесов Дастан

8 сынып, Бейнеу лицейі Бейнеу ауданы
Жетекші: Момынова Индира

Салт пен санамыз егіз болсын десек

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұғымы тек қазаққа ғана емес барлық ұлтқа тән ұғым. Ежелден сол елдің нанымы мен танымы, сенімі мен ұғымы негізіндегі құрылым болып табылады. Қай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Қазақтың қанына сіңген қасиеттері: бауырмалдығы мен ақжарқындығы, қонақжайлығы мен қамқорлығы дәстүрінен көрініс табады. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда да кездеседі. Сонымен ұлттардың салт-дәстүріндегі мінездері мен қасиеттері бір-біріне ұқсап, бірін-бірі толықтырады. Біздің елімізде салтты қатаң сақтау ерте кездерден бастау алған. Салт-дәстүрдің негізі тәрбиеден тұрады деуге болады. Бұрынғы өткен кезеңдерде салтты сақтамағандар қатаң жазаға да тартылған кезі болғаны әдеби шығармалар мен тарихи шығармалардан белгілі. Қазақ салты мен дәстүрінің мәні үлкенді сыйлау мен кішіге құрмет көрсету, әлсізді демеуден құралады. Ауқымды мәселелерді. Өзге ұлттардың мәдениеті мен танымында да осындай ауқымды мәселелерді ғұрыптарын негізге ала отырып шешкен екен. Бабамыз: «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал қалдырған екен. Той-думандарда, жиындар мен мерекелерде орындалатын осы қазақ халқының салт-дәстүрлері оның ұмыт болмағанын паш етеді. Қазақ халқының бұрыннан пайда болған салт-дәстүрлері басқа көршілес жатқан ұлттардың салт-дәстүрлеріне ұқсас болып келетін тұстары да бар. Ғалымдар түркі тілдес халықтардың тілі мен діні ғана емес, ғұрпы да бір-біріне ұқсас екенін айтады. Халықтың салт-дәстүрлері тіршілік кәсібіне, наным сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты, ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақытта өмірдің ағымына сәйкес қазақи құндылықтар өз арнасында күн санап даму үстінде.

Қазақ әдебиетінде әдет-ғұрыптың жұрнағынсыз жазылған шығарма кемде-кем. М. Әуезовтың «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегінен негіз алған қазақ фольклористикасының дені салт-дәстүр негізінде жазылған шығармалардан туратыны белгілі. «Әдебиет – өмір айнасы» дейтін болсақ, адам баласы шырылдап өмір есігін ашқан күннен бастап, бесік жыры – бесікке салғанда, «жар-жар» өлеңі жастар қосылғанда, сыңсу өлеңі – қыз ұзатылғанда, беташар өлеңі жас келіннің бетін ашу сәтінде, жоқтау өлеңі – адам дүниеден өткенде айтылатыны белгілі. Абай атамыз айтқандай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» демекші, қазақ поэзиясының бастау алар негізі салт- дәстүр болып табылады. Салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор. Ол бала тәрбиесіне байланысты, тұрмыс-салт және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып үш түрге бөлінеді.

Қазақ елі бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға аса үлкен мән берген. Баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелерінен бастап, есейіп азамат болып кеткенге дейінгі кезеңі кіреді. Мысалы: шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, тіл ашар, ұл бала мен қыз баланы жанұя болуға, шаруашылыққа, еңбекке, өмірге бейімдеу.

Ата-бабамыз салтты жоғары деңгейде қолдана білген, киіз үйді де, сәйгүлікті де бабымен жарата, ұлттық киімдерді да нақышына келтіріп тіге білген. Қазақ әдебиетінде дәстүрді бекем ұстап, құмай тазысын ертіп, бүркітін шүйілтіп, тұлпар атты салтанатымен мініп, аңшылыққа шыққан сал- серілер жетерлік. Солардың бірі де, бірегейі Ақан сері «Құлагерін» жоқтаған, Біржан сал сынды сал-серілеріміздің әр басқан ізі салт-дәстүрден ауытқыған емес.

Қазақ әдебиетінің көрнекті көркем шығармаларында әмеңгерлік, қалың мал өтеу салтын ерекше назарға алады. Ә.Кекілбаевтың «Құс қанаты», М.Әуезовтың «Абай жолы», С.Көбеевтің «Қалың малы», т.б қазақ әдебиетінің бетке ұстар шығармалары салт-дәстүрді ту қып ұстап жазылған шығармалар. Ә.Кекілбаевтың «Құс қанатында» ұлттық тағамдар мен ұлттық киімдер, келін түсіру, бет ашу дәстүрі негізге алынса, қазақ әдебиетінің классигіне айналған М.Әуезовтың «Абай жолы» қазақ менталитеті мен әдет- ғұрпынан тұрады. Салтты сақтамады деп, Қодар мен Қамарды ауыр жазаға кескен Құнанбайдың дәстүрге беріктігі көрініс тапса, С.Көбеевтің «қалың малында» қазақтың қалың мал өтеу салт-дәстүрі көрініс тапқан.

Міне, осы мәселенің барлығын алдын ала ойланатын болсақ, ата - бабамыздың салып кеткен сара жолын насихаттап, сол жолмен жүргеніміз жөн деп ойлаймын. Менің осы тақырып туралы ойым, салт-дәстүрді насихаттайтын, жете түсіндіретін бағдарламалар ашылса, ұлттық құндылықтарымызды жариялау мақсатында мектептер мен балабақшаларда іс - шаралардың саны көбейсе екен деймін.

Медеуова Әлия

10 сынып, З. О. Баймырзаев атындағы орта мектебі
Қызылөзен ауылы

Менің кішкентай Отаным

Туған жер – адам өмірінде ең үлкен орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: мен үшін туған ауыл. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін қымбат жер Қызылөзен селосынан басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалалық шағым өтті. Сол кезде ол маған өте үлкен болып көрінетін. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ теңіз жағасында серуендеп жүретін адамдар көп болатын.. Қазір үлкейдім, бірақ та өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным. Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын.

Мен ауылымнан жырақтап кетсем күндіз есімде жүретін, ал түнде түсімде көретін Қызылөзен ауылы туралы айтқым келіп отыр. Менің ауылым байтақ Қазақстанның ең әсем жерінде орналасқан. Олай дейтін себебім Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының кәрі Каспий теңізі бойында орын алған менің ауылыма кірер тас жол төбеден құлау жерден жүргізілген. Ал енді көз алдыңызға елестетіп көріңізші: төбеден құлар кездегі ана шеті мен мына шетіне көз жетпейтін көк теңіздің жағасында тау-тастың арасында орналасқан шап-шағын әдемі ауыл. Мен соы көріністі ауылға қайтар кезде қаншама рет көрсем де, сонша рет тебіренбей отыра алмаймын.

Белгілі ақын атамыз Ж. Молдағалиев:

Өткеніңді еске алсаң,
Өскеніңнің белгісі.
Өткеніңді ұмытсаң,
Өшкеніңнің белгісі,

-демекші мен ата-бабаларымыздың қаны төгіліп ,одан беріде Ресейдің 300 жылдық боданынан аман қалып,тәуелсіздік алғаннан берідегі тар жол, тайғақ кешуді басымыздан өткізіп, енді ғана кеудемізді тік ұстап, Қадыр атамыз айтқандай «мың өліп,мың тірілген» қазақ екенімді зор мақтанышпен «айта бергім келеді, айта бергім»!

Біздің ауылда 150үй түтін түтетіп отыр,1207 адам есепте бар. Аулымызда қазіргі заман талабына сай әкімдік, мектеп, селолық фельдшерлік амбулаториялық пункт, пошта үйі, мектеп жанындағы мини-центр жұмыс жасайды. Мектеп ғимаратын 2004 жылы «Аджиб» компаниясы спонсорлық көмек негізінде салып берген. Мектебім Қазақстанға еңбегі сіңген қоғам қайраткері Зұлқаш (Зұлқарнай) Баймырзаев атында екенін мен ерекше айтқым келеді. З.Баймырзаев ақпан төңкерісінен кейін Маңғыстауда уездік соттың тілмашы әрі қағаз көшірушісі, кейіннен кеңес қызметкері – Адай, Табын ревкомының төрағасы болды. 1921 – 25 ж. Мәскеу коммунистік университетінің тыңдаушысы, Адай уездік ОГПУ бастығының орынбасары. 1925 – 29 ж. Түркістан мен Шалқар уездік комитетінің хатшысы, Ақтөбе губкомы төрағасының орынбасары, Қарқаралы окр. аткомының төрағасы, Гурьев округ партия комитетінің хатшысы болды (1932 ж).

Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылы шаруашылық академиясының балық шаруашылық институтын бітіріп, ихтиолог-инженератағыниеленді.1933ж.ОртаАзиясаясисекторыныңнұсқаушысы, 1934-35 ж. Бүкілодақтық «Рыболодэкспорт» бірлестігінің Ленинград бөлімінде және Сыртқы істер халық комиссарының шет елдер бөлімінде жауапты қызметкер, 1936 ж. Керчь мемлекеттік балық тресі бастығының орынбасары және бас инженері, 1937 ж. Қырым АКСР-інің Балық өнеркәсібі бас басқармасының орынбасары қызметтерін атқарған. Зұлқаш атамыз сонау алмағайып кезеңнің, өткен ғасырдың 30 шы жылдары орыс-украин арасында Қырым өңірінде қызмет еткен қазақтан шыққан жалғыз азамат. Атамыз қоғам қайраткері бола тұра өзінің ихтиология саласындағы жұмысын да қоса атқарған. Сол Қаратеңіз жағалауынан Каспий теңізіне кефаль балығын алып келіп жерсіндерген. Қазіргі таңда осы кефаль балығы Маңғыстау өңірінен экспортқа шығатын қызыл балықтан кем түспейтін өнім болып са-

налады. Кефаль өсіру мейлінше жемісті болды. Қазіргі кезде Каспий теңізінің фаунасында 854 түрлі балықтар мен басқа да су жануарлары болса соның екеуі сүйекті балықтар класы-кефаль туысына жататын – «сингиль», «остронос» Каспий теңізінің акваториясына тұтастай таралған кефаль түрлеріне айналды. Атамыз өз басы қатерде жүрсе де өмірінің соңғы күндеріне шейін халқы үшін аянбай қызмет етіп, ғылымнан да қол үзбеген. Әлем ойшылдарының бірі, мемлекеттік қайраткер Әбіш Кекілбаев ол туралы: «Ол қиян түкпірде туып, қилы заманда күрескер жігерімен, зеректігімен биік адамгершілігімен ерекше көзге түскен арыс. Тағдыр мен тарих оны ең қиын шайқастар мен сайысқа салды. Соның бәрінен абыроймен өте алды... Сауатсыздықпен енді күрес бастап жатқан қыр қауымынан әлемдік державаға айналған іргелі елдің танымал қайраткеріне дейін шарықтап өскен жарық жұлдыздардың бірі. Өз халқына қылаудай қиянат жасамаған адал перзент. Тоталитаризм ұлттық кемелденуімізге қаншалықты қиянат жасағанын осы бір айрықша талант қажымас жігер иесінің көрген тауқыметінен-ақ анық аңғаруға болады».

«Тұлпар тұяғымен текті» дегендей оның баласы Жан-медицина ғылымының докторы, қызы София да Медициналық институтын бітіріп, ұзақ жылдар республикалық емдеу мекемелерінде қызмет еткен. Олардың балалары (Талап, Ескендір және басқалар) мен немерелері демократиялық және құқықтық мемлекет құруға бет алған тәуелсіз Қазақстанда өсіп-өнуде.

Міне, осындай туған жері үшін аянбай тер мен қан төкен аталарымыздың арқасында келіп жеткен тәуелсіздігіміз туын алдағы уақытта биік ұстап, қазақстандық әр азамат көрікті ауыл, келбетті қалада бақытты тұрмыс кешуі үшін аянбай қызмет етуіміз қажет деп ойлаймын.

Біздің ауылдан 15 шақырымдай жерде «Саура» каньоны бар. Мұнда әлемде теңдесі жоқ «Қызыл кітапқа» енген теңіз тасбақасы тіршілік етеді. Батпақ тасбақалары шағын көлдің су кеңістігіне қанағат тұтып паналап, шөл даланың тасбақаларынан оқшау мекендеп, барлық адамдар өмірінде өзінің жартысын іздеуде. Маңғыстаудың көне көз қариялары Саура шатқалынан елу метрдей жердегі Саура өзенінің екінші жартысы бар екендігін біледі. Кішкене төбешіктен өткен соң, жаңа жолдар мен әсерлі көріністерге қызығушылар жарылған тостағанның екінші жартысын тамашалай алады. Табиғат-ананың сыйлығы тек бұл ғана емес. Көз алдыңызда тұщы көлге жақын жерде тұзды теңіз! Теңіз жағалауы жібектей қайыр топырақпен

төселген. Теңіз түбі құм қайраңды, мінсіз тегіс. Ең таң қаларлығы, мұнда өркениет дөңгелегімен және адамзат аяғымен бұзылмаған көптеген ірі ұлу қабыршағын кездестіруге болады. Теңіз тасқынымен пайда болған шағын көлшіктер күн сәулесіне күмістей шағылысады. Кішкентай тамшылары жалғыз көлге әр жақтан ағын су болып құйылып, оның өмірін жалғастыруда. Каньон жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген.. Жаз айларында каньон тамашалау үшін облыс орталығынан, басқа аудандардан жүздеген адам келіп демалады.

Мен өз ауылым туралы кішкене ғана шығармамды Елбасымыздың: «Біз кез-келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз», - деген сөзімен аяқтағым келеді.

Мусаева Асель

9 класс, школа № 19 г. Жанаозен

Руководитель: Бертлеуова А.М.

Мой Казахстан

Мой Казахстан – это самая дорогая, важная, драгоценная, горячо любимая страна. Это Родина моя. Много веков понадобилось нашим предкам, чтобы заселить, освоить, защитить её от врагов и передать в наследство нам, ныне живущим. Сколько труда, пота и крови, радости и страданий выпало на долю минувших поколений. Поэтическое наследие нашего народа содержит немало завораживающих картин красоты родной земли, её безбрежных просторов, белоснежных гор. Великие акыны воспевали красоту и историю казахской земли. Народная память хранит и передаёт из поколения в поколение славные и трагические события в жизни казахского народа. Слушая народные мотивы домбры, представляешь себе огромные степи, колышущиеся степные травы от вольного ветра, всадника на лихом коне, летящего на нём, как на крыльях, к солнцу. Широко и правильно раскинулся Казахстан. Солнце встаёт из степи, весь день идет над степью, встречаясь с дремучими лесами и тысячами озёр, заходит оно тоже в степи. Когда на севере ещё лежит снег, у подножия гор на юге уже зацветают плодовые деревья. Республика омывается водами Каспийского и Аральского морей, на её территории находятся много рек и озёр. Сказочно богаты

недра древней казахской земли. Уголь, нефть, золото, титан, свинец, цинк, железо – всё можно найти в казахской земле.

Любовь к Родине, чувство патриотизма. Как их объяснить? За что мать любит своего ребенка? А за что мы любим своих матерей? Так и любовь к Родине. Она есть, так как есть страна, в которой родила тебя мать, где родились и покоятся с миром на кладбищах твои предки. Именно в этой стране, а не в другой. Есть родной язык, который ты слышишь с детства, на котором ты сказал первые слова. И тебя поняли. Прочитал первую книгу на родном языке и она тебе очень понравилась. Много книг еще прочитаешь в будущем. Может, и на других языках. Но родным будет язык твоей матери, язык, на котором говорят все вокруг в твоей стране. И родное слово, родной язык – это тоже часть твоей родины.

Родная земля-это колыбель, которая качает нас на волнах жизни. Любовь к Родине есть в сердце каждого из нас. Любовь к родному краю не приходит сама по себе. Любовь к Родине - это, прежде всего, любовь к месту, где ты родился, сказал первое слово, сделал первый шаг, вырос, нашел верных друзей, встретил первую любовь, шагнул во взрослую жизнь. Куда бы ни забросила тебя судьба, священным будет это место, в которое всегда хочется возвращаться. Зовется оно малая Родина. Малые Родины сливаются в целую страну, к которой каждый ее гражданин испытывает возвышенные чувства – патриотизм, гордость, восхищение.

Моя малая Родина – это город Жанаозен, где я родилась и выросла. Научилась делать первые шаги, сказала первое слово «мама», пошла в детский сад. Потом спустя несколько лет в первый раз пошла в школу, где нашла для себя первых друзей. Когда я куда-нибудь уезжала, то всегда скучала по своему родному городу, всегда тянуло обратно, потому что я люблю свой город. И никогда его не променяю.

Повзрослевшие юноши и девушки разлетятся после школы по миру в поисках лучшей жизни. Многие осядут на чужбине, создадут семьи, бизнес. Проживут жизнь насущными проблемами. И вдруг наступит тот момент, когда воспоминания о Родине щемящей болью пронзят сердце. Родная земля голосом матери позовет домой и будет терпеливо ждать.

Казахстан – страна больших возможностей, всего лишь два десятка лет назад ставшая независимой. Её развитие идёт большими темпами. Сейчас мы только дети, но уже сейчас мы строим планы на будущее, мечтаем кем-нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу

государству, приумножать богатства нашей Родины. Хорошо учиться, быть добрыми и щедрыми, уважать пожилых людей и сверстников, многое должно нас интересовать, мы не должны быть «глухими» к бедам и страданиям людей. Потому что именно таков наш Президент.

Мы уважаем нашего Президента – Нурсултана Абишевича Назарбаева, благодаря которому мы имеем возможность жить в мирной и благополучной стране. А что в жизни нужно человеку? Конечно, чтобы люди, засыпая, были бы уверены в том, что их жизни, их будущему ничего не грозит. Мир и согласие на земле – вот самое главное для каждого человека. Мы уверены в своем будущем, наш Президент сделает все для того, чтобы мы жили счастливо. Я ему верю! Вот какой мой Казахстан: мирный, свободный, богатый, многонациональный. Разве можно не любить такую страну? И еще наш Президент предлагает переименовать нашу страну в «Қазақ елі». Мне кажется, что это правильное решение и я его полностью поддерживаю.

Мы гордимся прошлым нашей страны, посвятим жизнь её настоящему во имя нашего общего будущего.

Мұхамбетова Арухан

5 сынып, №19 орта мектеп Жаңаөзен қаласы
Жетекшісі: Бердекешова Г.Қ.

Менің Қазақстаным

Арайлап атқан таңы бар, асу бермес асқарлары бар, сайын дала, жазираны мекендеген мейірбан халқы бар ел – Қазақстан. Қазақстан – бүтін қазақ халқының ата мекені, кіндік қаны тамған киелі жері. Ол – менің елім! Тәңірі жер қайысар мал беріп, асты-үсті байлыққа тұнып тұрған осындай өлкені бұйыртқан халқымның арманы да жоқ болар. Неге болмасын?!

«Армансыз адам – қанатсыз құс» демекші, бабаларымның асау арманы, жанын жаншыған намысы ұрпақтан – ұрпаққа жетіп жатты. Ол арман – шексіз-шетсіз жатқан осынау табиғаттың берген сыйына көз алартқандардың отаршылдық саясатынан құтылу еді. Ол жол – Сырым, Жоламан, Қасым, Кенесары, Наурызбай, Исатай, Махамбет, Барақ бастаған және 1916 жылғы көтерілісшілер басшыларының заңды наразылықтарын тудырды. Қазақ халқы – патшалық Ресейдің отаршылдығына ең көп қарсыласқан қауымның бірі.

Менің елім – Қазақстан. Осынау құдіретті сөзді әрбір Қазақстан Республикасының азаматы асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алары хақ. Сонау Алтайдан Атырауға дейінгі созылып жатқан кең байтақ, ғажайып өлке – бұл Қазақстан. Осындай аймағы үлкен, қойнауы қазынаға толы құнарлы жерімізге кімдер көз тікпеді? Олар қазақ жеріне иелік ету үшін қаншама рет шабуыл жасап, елді тыныш қоймайды. Бірақ ер жүрек ата-бабаларымыз сыртқы жаудың қимылын бағып, тойтарыс беріп отырды. Сол батыр бабаларымыздың арқасында, халықтың бірлігінің арқасында ел өзінің кең байтақ жер, құт мекенінде еркін көсіліп, жайланып жатыр. Қасиетті жеріміздің иесі олардың ұлы ұрпақтары қол жеткізіп отырған бостандық туын желбіретіп, көкке көтерер ме едік?

Өз басынан ұрпақ тағдырын биік санаған ардақты ақын атамыз Асан қайғы ел үшін мәңгілік мекен – жақсы жайды желмаямен желіп іздеген. Талмай кезіп ерінбей шарлап, таппай тынбай, таңдап тоқтап, түйесін шоқтірген жері осы күні Қазақстан аталады. Қысқы аязы мен жазғы ыстығына ұл-қызын бірдей шынықсын дегендей. Еліне апарып тіресе, бір шетін күннің көзі найзадай қадалатын оң бүйірге тіреген. Арқасынан күн қысқанда, Алатау мен Алтай сынды алып таулар мейлінше мейірленіп, бал бұлақтары еш уақытта үзілмей аға берсін деп ойлаған сияқты.

Туған Отан сезімі сана төріне сан түрлі ой, толға тоқынын әкеледі. Көз қуанышы, көңіл шуағы етіп жаратқан жер жаннаты Жетісу мен көгілдір Көкше, Баянауыл мен Қарқаралы, Алтай мен Атырау, Сарыарқа сынды алып аймақты бауырына басып, Сыры мен Ілесін, Шуы мен Жайығын, Ертісі мен Есілін ағызған алып қазақ даласы – ержүрек ата-бабамыздың бізге аманат етіп тастаған ұлы Отаны. Қазақтың таны-мал ақыны Қасым Аманжолов:

Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған.
Бұл далаға жылап келіп, уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман,-

деп, Отанға деген жүрек тебіренісін жырға қосып жекізіпті.

Отан – белгілі бір адам үшін туған шаңырағы, ата-ана, бала-шағасы, өмірде көретін қызығы мен бақытының тұрағы, өлгенен кейін де ұрпақтарына рухы жар болып жататын топырағы. Отаным Қазақстан – баяғы замандардан бері менің ата – мекенім, бүгінгі біздің, кешегі

аялы алақанына салып, ер жетіп, есейгенде біздің азаматтығымызға баға беретін ұлы анамыз. Мен – қазақпын. Мен үшін осы сөздің өзі – үлкен қуаныш.

Өз халқым – қазақты мақтан етемін.

Тәуелсіздік! Дүниеде бұдан асқан ұғым, бұдан қымбат игілік жоқ. Арыстарымыздың қанымен, жанымен келген тәуелсіздігімізді алып, өлгеніміз тіріліп, өткеніміз жанғандай. «Тәуелсіздік – ғажайып ұғым, мемлекетіміздің өз саясаты бар деген сөз», - деген еді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде. Халқы үшін қызмет етуді бақыт санайтын Елбасымыз тұрғанда Қазақстанның келешекте дамыған, өркениетті ел боларына кәміл сенемін. Әрбір ұрпақ өз елін, жерін, оның адамдарын жан жүрегімен сүйю керек. Рухы күшті адам дәл осылай етеді. «Рухы күшті ел – алынбайтын қамал» - дейді халық нақылы.

Біздің Отанымыз, туған жеріміз қойынан қалың қазына шығып жатқан – қасиетті де, қастерлі жер. Әсіресе, мұнай мен газ Отанымыз Қазақстанның басты баға жетпес байлықтары – қара алтын мен көгілдір газ, өз кіндік қаным тамған туған жерім – Маңғыстау өлкесінде де өндіріледі, яғни Отанның бақыты үшін өз үлесін қосып жатыр. Ол мен үшін – үлкен мақтаныш.

Қазақстан тәуелсіздік алғанына биыл жиырма екі жыл толды. Өз алдына егеменді ел болып, тәуелсіз мемлекет атанды, қазақ халқы үшін, әрине, үлкен қуаныш. Бұл жағдайда жиырма екі жасқа енді ғана толған періштедей сәби, жас мемлекетке оңайға соқпасы белгілі. Қазақстан атты көк жүзінде шарықтап ұшқан, қалықтап ұшқан, көк байрағын желбіретіп ұшқан қыран бейнелі қайсар халық, момын халық бар екендігін өзге елдер де танып біледі.

Бүкіл адамзат баласы үлкен үміт артып отырған ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған еліміздің басшысы Н. Назарбаев Қазақстанның болашағы жастар екендігін, елімізді дамытып, көркейту де солардың қолында екенін баса айтты. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың:

Сен үшін, Отан, сертім сол –
Неден де болса тайынбан!
Киелі менің өрісім,
Барлығы-дағы сен үшін,-

деген өлең жолдарын өзіме ұран ғып ұстап, талабы таудай, өнері жасампаз елімді гүлдендіруге, оның даңқын асырауға өзіндік күш – қуатымды арнаймын.

Нұрболат Милена

7 сынып, Бейнеу лицей Бейнеу ауданы

Жетекшісі: Шәудірбаева Г.И.

Елім – деп соғар жүрегім

Мен-патриотпын! Мен елімді, жерімді, ұлтымды сүйемін! Мен отанымды, отбасымды сүйемін! Мен - тілімді, дінімді, ділімді сүйемін! Мен Қазақстан Республикасының туын, әнұранды, елтаңбаны құрметтеймін. Мен үшін аса қымбат осы құндылықтарға деген махаббатыммен мақтана аламын, және сол махаббатымды дәлелдей аламын. Мен өзімді шын патриот санаймын.

Кез-келген адамды отансүйгіштікке тәрбиелейтін ең бірінші – ата-ана тәрбиесі, екінші – ұстаздардың тәлімі. Ал өзіңді-өзің отансүйгіштікке тәрбиелегендегі тірегің ол – кітап. Осы құдіреті күшті кітап арқылы біз өзімізді патриот болуға тәрбиелей аламыз.

Ал енді Патриот дегеніміз не? Оны қалай түсінеміз. Жалпы «патриот, патриотизм» - дегеніміз кең ауқымды, көп сатылы ұғым. Яғни оны қатып қалған бір сөзбен немесе бір сөйлеммен, немесе бір пікірмен түсіндіру мүмкін емес. Патриотизм – ұғымының түп тамыры гректің «патрис» деген сөзінен шыққан. Ол қазақ тілінде – «Отан», «Атамекен» деген мағынаны береді.

Патриот болу ол қиын нәрсе емес, өзіңнің тіліңмен, еліңмен мақтансаң, міне сен патриотсың. Патриот болу тек қана ұлттық киім киіп немесе халық әндерін тындау емес, тіпті бұларды істемеуге де болады. Ең бастысы сен отанға адал қызмет етіп, еліңмен мақтанып жүрсең, бұның өзі отанға деген махаббатты білдіреді.

Көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былайша суреттеледі: «Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді», – дейді. Немесе сол жазбада “Ей, Түріктіңбектері, халқы! Сендералауызсыңдар, таққакіріптарсыңдар. Ағалы-інілінің дауласқандығынан, бекті-халқының жауласқандығынан, дұшпаныңның сөзіне алданғандығыңнан қағандығыңнан, елдігіңнен, төріңнен, билігіңнен айырылды. Жер-жерге босып сандалдың. Біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың, барған жерде не пайда таптың? Бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды. Түрік халқы, өкін!”,-дейді. Сай-сүйегінді сырқырататын осы сөздерді Күлтегін ескерткішінен оқимыз. Басынан кешкендерін мәңгі өшпестей етіп

жүрегінің қанымен, көзінің жасымен бабалар тасқа осылай, қашап жазып кеткен.

Осы көне жазу арқылы қазақ халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болмағанын, ол ежелден бері қалыптасқанын байқаймыз. Ықылым заманда жазылып, бізге дейін жеткен «Қорқыт Ата» кітабында тәлімдік мәні күшті, қанатты сөздер мен ұстаздық ұлағаттар көп кездеседі. Мысалы, «Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшіңді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін құған балаға ешкім жетпейді. Өтірік өрге баспайды, өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық» – дейді. Бұл өсиет сөздерден ақыл-парасат, өтірік айтпау, атаның атын былғамау туралы ойлар ұлы даланың байтақтығын, әдемілігін көрсетеді. Бұл пайым сөздер әр қазақтың мақтаныш сезімін тудыратыны анық.

Қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі – Ш.Уәлиханов өзінің патриоттық сезімін былай жеткізеді. «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін», – деген. Бұл тұжырымнан патриотизм отбасынан бастау алып, әулет, тумаластарға деген сүйіспеншіліктен барып халыққа деген махаббат және сол кездегі алдыңғы қатарлы елдердің бірі Ресейді атап көрсетуі де патриотизмнің халықаралық мәдени қатынастардың да негізі екенін көрсетеді.

Осыдан жүз жыл бұрын Абай қазақ намыстан, ар-ұяттан, береке-бірліктен айырылды деп күңіреніп еді. Құлдық санаға уланған ұрпақ сол Абай айтқан намыс, ар-ождан, береке-бірлікпен қоса, тілімізден, дінімізден, қайырымдылықтан, мейірімділіктен айырылып қала жаздадық. Елдің елдігін сақтап тұратын – намыс. Намыссыз жұрт елін де, жерін де қорғай алмайды. Көрінгеннің шылауында кетеді. Міне, Абай өле-өлгенше осыны айтып кетті.

Қазақ халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлы «Соғыс психологиясы» атты шығармасында адамның жеке психологиясының сырын ашқан. Ол: «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік. Жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей

байланыстылығын, өзіңнің мемлекетке тәуелді екеніңді сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді», – деп терең, жан-жақты анықтама берген.

Сондықтан да жастар бірімізді біріміз бауыр тұтып, егеменді елімізді сүйіп, отбасымызды сүйіп, жүрегімізді мейірімге суарып, көңілімізді адалдықпен ақтап, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді, теңдесі жоқ Тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстан патриоттары болайық! Мен айтайын деген бір дүние осы еді.

Оңдасынова Дариға

8 сынып, № 6 орта мектеп Жаңаөзен қаласы

Менің елім-Қазақстан!

«Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Талай жылғы ұлы дүбір, дүрбелеңнен кейін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Еліміздің арыстары талай жылдар басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында елім деп жанын пида еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған желтоқсан қаһармандары... Айта берсе жалғаса берер елінің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарының ерен ерлігінің арқасы деп білемін.

Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды, өлгеніміз қайта тірілді, ата-баба дәстүрі көш түзеді, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. Содан бері атқан оқтай зулап, табандатқан 20 жыл өтті. Қазақстанның жиырма жылдық ғұмырына көз салсақ, ауыз толтыра айтарлықтай, көкірегіңді

мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктері, асқан асулары мен бағындырған жаңа белестері бар. Бүгінгі Қазақстан Астанасын бас қала етіп, дамыған мәдениет пен экономиканың, білім мен ғылымның орталығына айналдыра, елінің тұрақтылығы мен бірлігін сақтап, дүние жүзіне танытуға күш салуда. Бұған мемлекетіміздің Біріккен ұлттар ұйымына, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық қауымдастықтарға мүше болып дүние жүзі елдерімен тығыз байланыс орнатуы және осы жолда атқарып жатқан қыруар істері дәлел бола алады. Кемеңгер Елбасымыздың «Қазақстан – 2030» бағдарламасы өз бағытымен жүзеге асса, келешекте Қазақстан мемлекеті дүние жүзіндегі ірі мемлекеттер қатарына қосылады деген сенімдемін. «Отан - оттан да ыстық» деген дана халқымыз, адам баласының жүрегінде ең бірінші, ақ сүт берген туған анасына деген сезім орын алса, екінші, Отанға деген жалынды, ыстық сезім орын алады екен. Мен өз Отанымды, туған жерімді, құдіретті елімді сүйемін және мақтан етемін. Өз елімнің дамуына теңізге тамған тамшыдай болса да үлесімді қосамын деп ойлаймын. Барша Қазақстандықтарды елімнің мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, ашық аспан көгінде қалықтаған қырандай еркіндік пен даму, асқан бақыт және шексіз қуаныш, биік белес пен шығар шың тілеймін

Салиева Айторғын

11 сынып, Бейнеу лицейі
Жетекшісі: Шәудірбаева Г.И.

Қазақтың ұлттық киімдерінің ерекшеліктері

Адам көркі – шүберек. Бұл талай жылғы тәжірибеден өтіп, әбден екшеліп айтылған тобықтай түйінді сөз. Халқымыз атам заманнан бері осы бір қағиданы берік ұстанып, мың бір сырлы әсем киім үлгілерін жасап киініп келген. Киім жай ғана бір жапырақ мата емес. Ол белгілі бір ұлттың, мәдениеттің бет бейнесін көрсетіп тұратын ғажайып дүние. Оның эстетикалық, этно-мәдени, қоғамдық мәні де орасан. Сондықтан әр қазақ мақтан тұтатын мол мәдениетіміздің елеулі бір саласына киім кию ғұрыптарымызды жатқызсақ болады. Шындығында да, әлемдегі озық өнер түрлерін сарапқа салар болсақ, қазақ өнері алдыңғы қатардан көрінері даусыз. Себебі, қазақ дүниетанымы терең, мәдениеті бай, әрбір

өнері көрнекті, көрген-түйгені мол үлгілі ұлт. Қазақ өнерінің әрбір туындысы өзгеге ұқсамайтын өзіндік ұлттық нақыштарға толы. Қазақ ісмерлерінің қолынан шыққан киімдерден ұлтымыздың дүниетанымдық, философиялық көзқарасы мен дүниені қабылдауы көрінеді. Халқымыздың бүкіл ішкі жан дүниесі, ұстанған діні мен ділі киім үлгілерінен, олардың пішілуінен, тігілуінен, қолданылған әшекейлерден, таңдалған түр-түстен аңғарылады десек әсіре айтқандық емес. Өйткені кез келген киім оны жасап шығарған халықтың ішкі руханиятының материалданған көрінісі екені даусыз. Демек киімдеріміз қандай сұлу болса, жан байлығымыз да соншалықты сұлу болғаны!

Енді қазақ әйелдерінің ұлттық киімдеріне ерекше тоқталып өтейік. Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі, негізінен, көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекшеден тұрады. Әшекей, ажар жағынан төрт топқа арналып тігіледі. Олар қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен бәйбішелердің киімдері. Қыз киімдері кеуделері тар, қынамалы, жаға, жең, кеудесі, өңірі кестелі, әшекейлі келсе, жас ұлғайған сайын неғұрлым етекті, кең, мол қаусырмалы бола түседі. Қазақ халқының ұлттық киімдерінде тұрғындардың географиялық, ру-тайпалық ерекшеліктері де көрінеді және ол көбіне бас киім мен шапаннан байқалады. Мысалы, 3 құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмалаған 6 сай найман тымақ, 4 сай жатаған тобықты тымағы (М.Әуезовтың айтуынша) болған. Аймақ ерекшелігіне қарай Жетісу, Арқа, қоңырат үлгісіндегі тымақтар деген атауларға бөлінеді. бұйымдар Қазақ халқының ұлттық киімдеріне ерекше әр берді. Қазақ әйелдерінің бас киімдері.

Қазақ әйелдері жасы мен отбасы жағдайына байланысты өзіндік ерекшелігі бар баскиімдер киген. Олар-дың жазғы, қысқы түрлері болады. Әйелдердің негізгі баскиімдері: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, қарқара, шылауыш, сәукеле, тақия, шәлі (жібек, шілтер, оюлы т.б.). Кимешек кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық болады. Тек адамның бет-әлпеті шығып тұратын жері “ойық” болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ойықтың жиегін өңді жіппен “шалып” тігеді. Мұны “алқым шалу” деп атайды. Алқым шалудан кейінгі “жадағай” тігісті “су” деп атайды. Судан кейін “қиықшалап” тігеді. Қиықшадан кейін су “жүргізіп”, “құман бау” деп аталатын әшекей тігіспен тігеді. Құман баудан соң “Күрең

кесте” деп аталатын ою-өрнек салынып тігіледі. Күрең кестеден кейін “сағат бау” тігісі жүріледі. Сағат бау кей жерде “ағақ бау” деп те аталады. Кимешектің кеудедегі бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл кимешекке сән береді, әрі төмен қарай басып, жазып тұрғанға әсері болады. Кимешектің бір мәні әйел адамдардың шашын шаң-тозаңнан сақтап, додырап шықпауына септігін тигізеді. Бұл да діни наным-сенімнен туындап, мұсылман әйелдерінің шашын жасыруларына көмегі тиеді. Кимешектің Қазақстанда бұрама жаулық, иекше атаулары кездеседі. Орамал (парсы, араб. румал) – Ерте кезде кестелеп жасалған қол орамалды қыздар жігіттерге сыйлайтын болған. «Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды» дейтін халық мәтелі осыдан шыққан. Орамалдың басқа тартатын шаршы және қиықша түрлері де бар. Жібектен шашақтап тоқылғаны – «бөртпе». Жібектен, матадан шашақталмай, қалыңдау келген түрі – салы. Шәлінің бүркеніш, жібек, оялы, торғын, шілтерлі деген түрлері және ою, өрнек гүл шоқтары сызылған әртүрлі бедерлі немесе шымқай қызыл күлгін т.б. өңділері де болады. Шәліні әйелдер өздеріне шаршылап, кейде үшбұрыштап әртүрлі үлгіде із салып, ақ немесе күлгін түсті ешкі түбітінен де тоқиды. Қыстық жүн шәлілер түбіт, түйе жүнінен үлпілдек етіліп тоқылған, басқадай да суық өтпейтін қалың, жылы маталардан жасалып, барлығының да шетіне шашақ төгіледі. Бедері барын жастар, бірыңғай, өңділерін орта жастан асқан ана, әжелер тұтынады. Шәлінің құны, сапасы мен қажеттілігі жағынан да салыға жетпейді. Қасаба. Тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойыңқылау келген, дөңгелек тақияға ұқсас етіп пішіледі де, артқы жағына немесе желкесіне қарай бірте-бірте ойыңқы түскен құламасы болады, ұшы әйелдің арқасына қарай төгіліп жатады. Айдыны зерлі жіптермен кестеленіп, қиылысқан жерін алтын жолақпен жауып, зерлі әшекеймен безендіреді. Құламасына шашақтар тағылады. Шашақтың көп тағылуын “ұрпағы көбейсін” деген игі тілекпен түсіндіруге болады. Қасабаның маңдай тұсына түрлі асыл тастармен тізілген дөңгелек табақшалармен бекітілген қыстырма ілінген. Ал самай тұсына ұзынырақ күміс қоңыраушалармен ұшталған 5-6 тізбек салпыншақ қыстырған. Көне түркі (қыпшақ) бас киімнің негізгі элементтерін бойына сіңірген қасаба атауы «алтын зерлі» деген мағына береді дейді этнограф Ө.Жәнібеков. Қасаба көбіне төре, сұлтандардың қыздары киетін бас киім саналған.

Сәукеле – қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдері аса бай, керемет сәнді бас киімдер ішіндегі ең әшекейлі, әрі күрделі, ұзатылған

қыз киетін аса қымбат бағалы ғұрыптық бас киім. Сәукелені Орта Азия мен Қазақстан-ды мекендеген үшкір тымақты сақтар – тиграхаудтардың бас киіміне ұқсатады. Сәукеленің биіктігі шамамен бір жарым, екі қарыстай болады. Сәукеленің негізін жұқа ақ киізден сырып тігеді де, сыртын қызыл шұғамен тыстап, қымбат бағалы аң терісімен әдіптейді: алтын, күміс әшекейлер, моншақтар тағады; жоғары қарай жіңішке-ре түскен төбесіне үкі қадап, тірсекке түсетін асыл тасты, оқалы лента тігіп, бергегіне бетті көлегейлейтін желек бекітеді.

Жекей тымақ — жаз бен күзде киетін әрі сәнді, әрі жеңіл елтірі тымақты айтады. Жекей — сәнді деген сөз. Жекей тымақты дүрия, шағи сияқты жібек маталармен тыстап, кейде оның артқы етегін көтере түріп, кейде алдыңғы бір жақ құлағын алға келтіре әнтек шекеге салып киетін. Бөрікті де әр түрлі үлгіде қозы, қой, түрлі аң терілерінен тігеді. Бөріктің түрмесі кейде жалпақ, кейде жұмыр етіліп жасалады. Ал оңтүстік аймақтарда қой терісінен тігілген түрмесі үлкен бөрік киеді. Бөріктің неғұрлым жүнді де жылы түрлері Орал, Гурьев жағында жиі кездеседі. Жетісу, Семей, Өскемен жағында жалпақ және биік түрмелі үлгілері кеп. Бұрын ақын, әнші, сауыққой салдар мен өнерпаз жастар өте сәнді тігілген шошақ төбелі құндыз бөрікке үкі тағып киетін.

Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдердің ең жақсысын, таңдаулысын киген. Ішкі киімдері: көйлек, дамбал, желетке, кәзекей; сырт киімдерге: шапан, күпі, кеудеше, тон, шидем; сулық киімдерге: шекпен, қаптал шапан, кебенек кенеп, сырттық жатады. Киім мәуітіден, жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі. Қазақтар құланның, ақбөкеннің, жолбарыстың, жанаттың, бұлғынның, сусардың, ақ тышқанның терілерін ерекше қымбат бағалайды. Бұл аңдардың терілерінен тондар тігілді. Астарына құнды аң терісі салынған тон – ішік деп аталды. Осы аң терісіне сәйкес бұлғын ішік, жанат ішік, қасқыр ішік, күзен ішік болып бөлінеді. Ішіктердің сыртын шұға, мәуіті, үш топ барқыт, атлас, көк берен, манат, қырмызы, торғын, ләмбек сияқты бағалы ширақы маталармен тыстаған. Ішіктер кейде әдепті, оқалы, шет-шеті жұрындалған қайырма жағалы болып тігілген. Қазақ шапандары алдыңғы екі өңірі, артқы бой, екі жең және жағасын ойып пішіледі. Артқы бойдың екі жақ шеті алдыңғы өңірге құсырыларда оның екі жақ етегіне, бел мықынға жеткенше, екі үшкіл қойма қойылады. Оның етек жағы енді, бел жағы еңсіз келеді (“шабу” деп атайды).

Шапан жеңінің екі беті бір-ақ қиылады. Ұлы жүз қазақтарының шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, әшекейлі келсе, Орта жүз тұрғындарының шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырусыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ оймалы немесе түймелі болған. Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, бидайлаған қалың, қайырма жағалы болып тігілген. Қазақтар шапанға шабу, жең түптеріне ойынды, қолтырмаш қояды. Ішіне жабағы жүн салынып сырылған, суықта киетін сырттық – күпі, түйе жүнінен иірілген жіптен тоқылған жұмсақ сырттық – шекпен (тайлақ жүнінен тоқылса шидем шекпен), жеңсіз, киізден қаусырылған, сәндендірілген кебенек, астары қалыңдатылған қаптал шапан, сырмалы, шабулы, жұрынды түрлері болады. Иленген, әрі боялған (қарағай, қайың нілімен, өсімдік, қына, томар бояумен боялған) тон, сырты қымбат матамен тысталған ішіктің түрлері кең таралған. Тонды тебен инемен басып тігіп, немесе шалып тігіп, кестелеп, қаптама тон жасайды, етек жеңіне жұрын ұстайды. Жарғақ, тайжақы, қылқа, дақы деген киімдерді тай, құлын, лақтың терісінен жүнін сыртына қаратып тігеді.

...Мен “Қазақтың ұлттық киімдері” тақырыбында шығарма жаза отырып, ежелгі қолданыстан шығып қалған ұлттық киім үлгілерін жарыққа шығардым. Оның бүгінгі және келешек ұрпақ арасында қолдау табуы мақсатында халыққа үндеу-насихат жүргіздім. Осы тақырыбымның қазіргі және келешек ұрпақ үшін мәні аса жоғары деп есептеймін. Бұл ұлттық нақыштағы киімдерімізді насихаттаудың тиімді жолы. Көшелерде, түрлі қоғамдық орындарда әрі заманымызға сай, әрі қазақы, әрі мұсылмандық канондарға сай киінген қыз-келіншектер көбейсе, ұлттық мәдениетіміз де өркен жая бастайтыны даусыз. Әрине, бір ғана ұсыныспен бүкіл мәселе бірден шешіле қоймас. Бірақ осы тақырыптағы мәселелерді әрі қарай іліп әкетіп, қоғамдық шараларда, мектеп, балабақшаларда дәстүрлі түрде жиі тәрбие сағаттарын өткізудің жолдарын қарастырса құба-құп. Сөз соңында, елімізге тілерім ұлттық мәдениетіміз жаңғыра берсін, ұлдарымыз салмақты, қыздарымыз ибалы болсын! Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Саркенова Раушан

9 сынып, А.М. Горький атындағы мектеп-лицейі
Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Отан - баға жетпес сый

Патриотизм – Отанға, туған өлкеге деген махаббат, туған жердің өсиеттеріне адал болу. Осы қасиет әр бір қазақтың бойында болса, ба-сымызды тік ұстап, “тек алға” деген ұранмен болашаққа қарауымыз керек. Кез келген адам өзінің ата-бабасы мен қасиетті қазақ қаны, туған өлкемен байланыстырады. Отаншылдық – өзінің халқына, еліне деген адалдық сезім. Біз, кейінгі ұрпақ, қазақ жері қолымызға бабаларымыздың өмірімен, аналарымыздың зарымен, сол кездегі жасөспірімдердің балалық шағын айыр бастауымен келген екенін білеміз. Кең байтақ жерімізді қорғау мақсатында халқымыздың қалаулы тұлғалары билікке қарсы шығып, одан зардап шеге отыра, айдауға кеткендері қаншама. Сол азаматтардың қайғысы бір қазан. Өйткені жат жерде тұру – адам басына салған ең ауыр жаза деп білемін. Басқа елде тұрып, өз Отанын көре алмау қиынның қиыны. «Өзге жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген сөзді айта аламын. Патриоттық сезім кешу үшін міндетті түрде Каспий жағасында отырып таңды бірге аттыру, Алатаудың бауырайында қыдыру немесе туып өскен жерінде аяқ басып тұру емес. Бұл ұлы сезімді тағдырдың талқысымен жат жерге аттанған азамат пен азаматшаларымызда кешуде. «Қазақстанды сүйем» деп, тек қана қазақтар емес, өзге ұлт өкілдері де айта алады. Оны мен еш ойланбастан айтар едім. Себебі, менің сыныбымда басқа ұлт өкілдері оқиды, олардың екі сөзінің бірінде – осы жерде туып өскеніне ризасын білдіріп жатады. Олардың өз Отанына деген сүйіспеншілікті ояту, жергілікті халыққа байланысты деп білемін. Мысалы менің туып өскен жерім – Маңғыстау жері. Бұл жерде ежелгі дәстүр – жорамалдарымыз жақсы сақталған. Сол себепті қарапайым халық басқа ұлт өкілдерін қабыл алып, жатсынбай отаншылдыққа қадам басып келеді.

Мен кейбір адамдарға таңдана қараймын. Олар: «біз жақсы көрген, туып өскен, мақтанышпен айта алатын Қазақстан кайда, ол өте өзгеріп, танымастай болып бара жатыр» деп таңқалады. Оны сүйікті де, ең жақсы, алып мемлекетке айналдыратын да өздері ғой. Елімізде қандай өзгерістер болмасын, уақыт зырғып өте шықсын, сонда да «қазақ жері әрқашан бар, мейлі билік басқа да болсын, тірлігіміз

өзгерсін, қазақ халқы бар кезде, ол мәңгілік өмір сүреді» демекпін. Адам баласы туылғанда ең бағалы сыйлықтарға ие болады. Олар өмір мен баға жетпес Отан деп ойлаймын. Ол адамда біреу ғана, өмір секілді. Өйткені өмір екінші рет берілмейді. Ол ана сияқты – қандай болмасын ол сенің бір бөлігің.

Мен барлық жастарға айтарым: «Отанды анаңды сүйгендей сүй, әкеңдей құрметте, досыңдай сыйлап, қамқор бол». Оны аялап жақсы көрген үшін мақтау күтпеу керек, себебі ол біздің парызымыз. Сонда ғана өмірге келгенің үшін риза боласың. Мен өзімді биік ағашқа теңеймін, өйткені ағаш тамыры барда биік самғайды, ал менің тамырым ол өз Отаным...

Сембай Досан

7 класс, школа № 6 Мунайлинский район

Руководитель: Исмаилова Х.Т.

Моя Родина - Казахстан

Я родился и живу в Казахстане. Казахстан-моя Родина, мое Отчество. Земля, где родился человек и вырос, остаётся в его сердце навсегда. Горы и равнины, реки и озёра, бескрайние степи и песчаные пустыни - всё это наш Казахстан. До чего же разнообразен животный мир! Каспийский осётр, горный барс, архары, сайгачье стадо, беркут и сокол, много-много других животных и птиц всегда являлись и являются гордостью казахстанцев.

Смотрю на карту и поражаюсь, ведь вся таблица Менделеева находится в недрах Казахстана, и ведь не просто находится, а имеется в огромных количествах: и газ, и нефть, и металлы, и соли, и огромные запасы пресной и минеральной воды. У каждого человека есть фамилия, имя, отчество. А что является фамилией, именем, отчеством моей страны? Гимн, флаг, герб! Флаг голубого цвета означает мир и благополучие. Золотое солнце с лучами - покой и богатство. А парящий орёл олицетворяет щедрость и зоркость высоты помыслов. Сколько доброго хочется сказать о своём Казахстане! Взять хоть бы наш город Актау. Как изменился его внешний облик: прекрасная архитектура, обилие культурных центров, мест, где молодежь может отдохнуть и провести свой досуг. Конечно, наряду с положительными факторами ещё много

негативного в нашей жизни, но я верю, что пороки нашего общества уйдут в прошлое.

Я думаю, что неважно, на каких языках говорят дети Казахстана. Всех нас, независимо от цвета кожи и разреза глаз объединяет чувство любви и благодарности родной земле. Помните наказ Ы.Алтынсарина: «Долг каждого из нас - внести посильную лепту на пользу своей Родины». Если есть у человека дар, талант, ум, он непременно употребит их во славу своей Отчизны. Я люблю тебя, Казахстан, современный, независимый, устремленный в будущее!

Сүлейменова Сымбат

7 сынып, А.М.Горький атындағы мектеп Форт-Шевченко қаласы
Жетекшісі: Шопанова А.И.

Елі сүйген, елін сүйген Елбасы

«Мен қазақтың, мың өліп, мың тірілген», - деп ақиық ақын Қадыр Мырза-Әлі жырлағандай сан соқтырған 70 жыл бойы Кеңес үкіметінің қол астында болып, байлығы мен базарын иемденіп, болашағы мен бақытын болжай алмаған қазақ деген қарапайым халық едік. Желтоқсанның желбіреген желі есіп, қазаққа «қазақ» екенін танытқан жылдарда ел есін жиып, етегін жинап, бесігін түзеді. Қазақ елінде тәуелсіздікті тәу етіп, болашаққа жөн сілтеп, тізгінінен тарта ұстаған дана да дана жан алға суырылып шықты. Ол – елі сүйген, елін сүйген, қазақ даласына нұрын шашқан елбасшысы Нұрсұлтан еді.

Адамнан емес, құдайдан сұрап, жаратқан Аллаға жалбарынып қазақ еліне ұл сыйлаған Әлжандай анаға елінің қуанышы мен алғысы шексіз. Барша өзге ұлт өкілдерін бауырына басқан қазақ халқы біреуді артық, біреуді кем көрмеген, татулық пен достықта тұруды ежелден серік еткен. Қазақ елі тәуелсіз болса деген арман ұшқын шашса бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы қазақ елінің соңғы 22 жыл тұтқасын ұстап туын көтерген тұғырлы тұлғасы – тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты тараған мемлекетке айналды. Ұлы даланың тағдыр-тарихын сол ұлылар рухында одан әрі жаңғырта, жасарта алып кететін ер, көзсіз батыр, таптаза ар-намыстан жаралған қайтпас қайсар қайраткер елін басқарып, қос батырдың ісін жасай алатындай ерекше тұлғаны тап басып таңдап,

тағдырын қолына беріп, көк туын желбіретіп ұстатқанына жаза басып жаңылған жоқ еді.

«Бастауы бар бұлақ ұзақ ағады» деп аталарымыз айтпақшы Нұрсұлтандай ерен көшбасшысы барелі тұғырын биік ұстап, аты мәңгілік жасамақ. Өйткені, ол – өз тұжырымдарын мінбелерден сөйлеген сөздерінде қалың елі қазағына тебіреніп тұрып: «- Мен үшін елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ»- десе, «Қазақтың өзінің ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау президенттік те, перзенттік те парызым» деген болатын.

Мемлекет басқару ісі – машақатты да, мәртебелі міндет. Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы-ең бақытты халық. Қазір тәуелсіздігімізді алған егемендігі бар бақытты еліміз. Елбасымыздың «Қазақстан 2030 бағдарламасы» бойынша көптеген игі істер атқарылып «Қазақстан-2050» бағдарламасы бастау алды. Астанамыз алыстан әйбаттанып, менмұндалап шақырады. Көрген жанның көзін тойдырып, таңданғанның таңдайын қақтырады. Осындай сиқырлы күштің иесі – қазақтың тұңғыш елбасысы. Елбасымыздың бесіктегі баладан еңкейген қарияға дейін пәріндей сыйлап, мәртебесін асқақтатады. Менің де кішкентай жүрегімнен шығар елбасыға деген ықыласым мен алғысым шексіз.

Түйебаева Айзада

11 сынып, Жалау Мыңбаев атындағы
метеп-гимназиясы Түпқараған ауданы
Жетекшісі: Төлеуова А.Қ.

Отан қорғау - басты міндет

Мемлекетіміздің кең-байтақ жері, оның қойнауындағы мол қазынасы, көлі мен тауы, шөлі мен нуы – халқымыздың игілігіне жарататын, атадан балаға мирас етіп қалдыратын баға жетпес байлығы. Сонау ғұн, сақ заманынан бері ата-бабаларымыз осы жер үшін қан төгіп, ұлтарактай бөлігі үшін жан алысып, жан берісті. Сол «елім, жерім», деп еңіреген ерлердің арқасында ұлан-ғайыр жерге иеміз. Жер көлемі бойынша 9-орындамыз.

Отан үшін отқа түс – күймейсің” деген екен Баукең, Бауыржан Момышұлы. Осы сөздің өзегіне бойласаң көп ақиқат ашылады. Отанды қорғау- ең алдымен, ер азаматтардың міндеті.

Патриотизм – өз еңбегін, күш -жігерін туған жері мен Отанын көркейтуге жұмсау деген ұғымды білдіреді. Патриоттық сезімнің нысаны Отан десек, оның негізі туған жер, ұлттық тіл, діл, дәстүр, олардың адамға жылылық беріп, ізгі ерлік істер қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болып табылатынын біздің әр азаматымыз түсініп біледі.

Қазақстан қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқару әрбір қазақ азаматының аса маңызды әрі құрметті міндеттерінің бірі болып табылады. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету- Отанымызды қорғаудағы қасиетті борышыңды өтеу деген сөз.

Отанды қорғауды біздің елімізге шабуыл жасаған сыртқы жаулармен қарулы күрес деп қана түсінбеу керек. Біз Отанымыздың күшқуатын нығайта отырып, оны бейбіт уақытта да қорғауға ат салысымыз.

Қазір енді Отан қорғаушылар қатарында да ұлы Отан соғысы қаһармандарының ұлдары мен немерелері тұр. Олар әкелері мен аталарының үлесіне тиген қатал сыннан өткен жоқ. Әйтсе де олар армияларымыздың, халқымыздың қаһармандық дәстүрлеріне адал, еліміз қауіпсіздігінің, бейбітшілікті қорғаудың мүдделері талап еткен, агрессия құрбандықтарына көмектесу керек болған әрбір сәтте қазақ жауынгері дүние жүзінің алдында қандай да болсын қиыншылықтарды жеңуге әзір тұратын, әрі ержүрек патриот, интернационал ретінде көрінеді.

Қазіргі армия жауынгердің ерік-жігері мен психологиялық төзімділігіне үлкен талап қояды. Ол әскери техникаларды, оның ішінде өте күрделі әскери машиналарды, ракета комплекстері мен радио электрондық жүйелерді, атомдық сүңгуір қайықтары мен дыбыстан қашатын әуе кемелерін шебер меңгере білуі керек. Бұл жерде жауынгерлердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігі қажет. Ал әскери тәртіпті білу, оны орындауға әзір тұру-өзіңнің жеке басыңды қалыптастыру мен әскери қызметке дайындалу жолындағы маңызды қадам деген сөз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-бабында былай деп жазылған: «Қазақстан Республикасын қорғау-оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндетті. Република азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет

атқарады». Бұл сөздердің мәні қандай екендігі жайында әрбір азамат түсініп білуі қажет.

Қазақстанның мемлекеттік қорғаныс комитеті Азаматтық қорғаныс штабы мен Қазақ Республикалық әскери комиссиатының негізінде құрылды. Оған «әскери жасақтарға бақылауды» жүзеге асыру, сонымен бірге әскерлердің орын алмастырып, әр түрлі жаттығулар жүргізуін, әскери мүліктердің республикадан тысқары жерлерге тасымалдануын, армияның әскери қызметіндегі басқа да бағыттарды назарда ұстау міндеті жүктелді. Қарулы Күштер – елдің тірегі, қорғаны, тыныштығының күзетшісі, тұтастығының кепілі. Жер бетінде кез келген мемлекет өз қарулы күштерінің қуатты, мықты болғанын қалайды. «Өз әскеріне көңіл бөлмеген ел, өзгенің әскерін асырауға мәжбүр болады» деген нақыл кімді де болса ойға қалдырады.

Қазақ – жауынгер халық. Ұлы далада жөңкіп жүрген көшпелілердің бір тармағы «қазақ» деп аталғалы бері, сол ұлы елдің ұландары өз атамекендерін көздің қарашығындай қорғады. Жан беріп жан алысты. Егеулі найза қолға алап, еңку-еңку жер шалып, толарсақтан жерді де жауға бермеді. Арыстан жүрек, жалаңтөс мыңдаған батыр ұландарының арқасында жаугершілік кездерде үнемі жаудан мерейі устем шығып отырды. Бұл-ақиқат. Бүгінгі күні жауынгер бабаларымыздың мирасқа қалдырған жерінде қазақ мемлекеті тұр. Сол елді қорғайтын тас түйін армиясы бар.

Соғыстан сақтану-адамзаттың ең бірінші мақсаты. Қазіргі кездегі қасіретті болмыстардан- соғыс, қақтығыс, әскери қауіптен және әскери қатер көздерінен арылу армияға арқа сүйемей өтуі мүмкін емес. ҚК мемлекеттің аумақтық тұтастығын сыртқы қауіп-қатерден қорғауды қамтамасыз етуде күш көрсету әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, агрессияға қарсы тұруға міндетті.

Аймақта қалыптасқан әскери-саяси жағдайға байланысты және Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы аумағында орын алып отырған саяси және экономикалық процестерді талдай келе, ҚР өз ҚК-ін құруды қолға алды. Кеңестер Одағы тарағаннан кейін қысқа мерзімде 1992 жылдың 7 мамырында ҚР ҚК құрды.

Еліміз Қарулы Күштерінің дамуына мемлекет тарапынан ерекше мән беріліп келеді. Оған Елбасының: «Қазіргі әлемде саны коп армиялардың қажеті шамалы. Ыңғайлы, ұтқыл жақсы жабдықталған, әзірлігі мол армия керек. Армия халқымыз мақтанатындай болсын. Өйткені, ол – Қазақстан халқының армиясы. Армиямыздың беделін арттыра түсейік» деген сөзі жақын дәлел. Отанымыздың

еңсесінің биіктігі, іргесінің мықтылығы, абыройының асқақтығы оны қорғаушылардың мықтылығы, айбындылығында, отаншылдық пен ұлтжандылығы, біліктілігі мен білімділігінде, ширақтығы мен шымшылдығында. Сонда ғана біздің сүйікті Қазақстанымыз, туған Отанымыз биіктен-биікке самғап, шарықтай бермек.

Шахаманова Лаура

8 сынып, Бейнеу лицей

Жетекшісі: Тәженова Шынарай

Қазақтың салт- дәстүрлерін құрметтеу борышым

Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай халық. Ал салт-дәстүрге бай болу елдің мәдениетті әрі тәрбиелі екенін айғақтайды. Жалпы салт-дәстүр деген не, соған тоқталып өтейік. Салт-дәстүр – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани және мәдени азық. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын қасиетті салт-дәстүрмен, өнегелі әдет-ғұрыппен, ырым-тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмей тәрбелей білген. Б. Момышұлы «мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбилеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті» деп жазады. Бұдан отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, адамгершілік қасиеттердің бәрі салт-дәстүр арқылы даритынын түсінуге болады. Яғни, салт-дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн-жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас заң іспетті десек те болады.

Қазіргі таңда салт-дәстүрлеріміздің ұмытылып бара жатқаны және оны тек наурыз мерекесінде есімізге түсіретініміз маған ұнамайды. Бұлай жалғаса берсе түбі бір құртылмайтынына кім кепіл, кім куә? Жетпіс жыл бойы жетесіз әрі қанқұйлы тәртіптің қырсығынан ұлт дәстүрлерінің ережесі бұзылады. Біреулері ұмытылды, біреулеріне тыйым салынды. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпсыз ел әдепсіздік пен берекетсіздікке салынуы мүмкін. Осындай зиянды жақтарды біле отырып мен жұдырықтай жүрегіммен қолыма қалам алып, салт-дәстүр арқылы қалай өзім секілді жеткіншектердің отанға деген патриоттық сезімдерін арттыра аламын деген ой қозғамақпын. Ел боламын десең бесігіңді түзе демекші ең алдымен отанға деген сүйіспеншілікті салт-дәстүрді түзеуден бастау керек. Бұл арқылы бала салт-дәстүрін білсе тарихын таниды, ал тарихын білу отанды тану. Бала түгіл үлкен адам-

дарда біле бермейтін салт-дәстүр түрлері өте көп. Солардың бір түрі белкөтерер салты. «Тоқсан көтеремін деген жасым бар еді, быламық ішемін деген асым бар еді» деп бұрынғы қариялар айтпақшы, жасы келген адамдардың тісі болған соң тамақ іше алмайды. Мұндай жағдайда оларға арнап «белкөтерер» тағамы дайындалады. Бұл әрі жұмсақ, әрі дәмді, нәрі мол тамақтардан дайындалады. Мұны балалары, көрші-көлемдер, сыйлас кісілер әдейі дайындап әкеледі. Бұған риза болған қарт батасын береді. Біз бұдан халқымыздың жасы үлкен адамдары сыйлаудың, бағып-қағудың үлгісін көреміз. «Белкөтерер» аурудан жаңа тұрған адамдарға, сол сияқты «Наурыз», «Айт» күндері де үлкендерге әдейі тартылады. Наурыз мерекесі жақындап келе жатыр. Осындайда жасы үлкен қарияларға белкөтерер дайындап берсек алғысын аламыз. Тек наурызда ғана емес әркез дайындап беріп тұрсақ салт-дәстүрімізге деген құрмет болар еді.

Біз балаларды қалай патриоттыққа тәрбиелей аламыз дейміз. Қай бала патриот болсын өз наурызды өз жаңа жылын асыға күтпесе. Орыстардың жаңа жылында аспанға түрлі-түрлі от шашулар шашып ат шапанын сүйретіп алыстан аяз ата келеді. Ал өз наурызда да Қыдыр атамыз келеді. Қыдыр ата жақсылық жасаушы ырыс, құт, несібе жасау, бақыт сыйлаушы қарт. Әр балаға Қыдыр ата келіп арман-тілектеріңді орындайды десек бала арманын айтып Қыдыр атаны сағынып күтеді және наурызды да асыға күтіп отырады. Отбасында ата-ана, мектепте ұстаз, көпшілік ортада ақсақалдар жастарға салт-дәстүрлерін үйретіп, айтып отырса, ұтарымыз көп болар еді. Құрдастарымның, сыныптастарымның бойына қазақтың салт-дәстүріне деген қызығушылықты қалыптастырып, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындырып, олардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыра алдым деп ойлаймын. Балалар, үлкенге – сәлем, қуантқанға – сүйінші, соғымнан – сыбаға, егіннен – кеусен, малдан – көгендік, балаға – базарлық, кішіге – байғазы, сәбиге – көрімдік, көрші қонғанға – ерулік, жетім-жесірте – қолқайыр, мүсәпірге – садақы, алғашқы қымыздан – қымызмұрындық, соңғы қымыздан – сіргежияр, сағынғанға – сәлемдеме, қуанышқа – шашу шашып ешқашан салт-дәстүрімізді ұмытпай, қазақ деген халықтың патриот ұрпағы болып атын шығара беріңіздер демекпін. Бұл жазылған шығармам біреулерге жай сөз болып қалар, біреулерге қамшы болып тиетініне көзім жетеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы

Амантай Демеу

10 сынып, Қ.Өмірәлиев атындағы орта мектебі
Қазығұрт ауданы, Үшбұлақ ауылы
Жетекшісі: Тойлыбаева Г.

Мен – елімнің ертеңімін

Киелі қарт Қазығұрттың әр тасы, әр қиясы, әр жотасы түбі терең тарихтан сыр шертеді. Біздің өлке халқы да қалмақ шапқыншылығының тауқыметін мол тартқан. Оған күә ел аузындағы аңыздар, ерлік дастандар. Өгем тауы – біздің елдің жаз жайлауы. Сол тауға барар жолқалың ну, 11 шақырым келетін қия жартас. Сол қияны жағалай қатар – қатар «Қырық қыз» атты алып тастар, «Күйеу жігіт» атты алып дара тас сан тарихтан сыр шертеді.

..Сол батырдың бесінші ұрпағы Әдіхан ата Өмірәліұлы – кешегі сұрапыл 1941 – 1945 жылдардағы қан майданда от кешкен майдангер. Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихқа енген сұрапыл жылдарда 5 жыл бойы етігімен су кешкен ардагер ата бұл күнде арамызда. Кеудесі толы орден, медальдар - ата ерлігінің айғағы . Елдің саялы бәйтерегіндей болған ата қан майдан жайлы кейде бізге сыр шертеді.

«Сталинград майданы еді. Біз қазақтың екі жігіті жұбымыз жазылмаушы еді. Ел жайлы екеуміз сыр шертуші едік... Елге аман оралсақ деген арман біздің жауға деген өшпенділігімізді арттыратын. Кезекті бір шабуылда қасымдағы досымның жауған оққа қарамай ротаны шабуылға бастады «Отан үшін, алға!» деген айбынды даусы әлі күнге есімде. Қайсар досым кеудесін кере алға ұмтылды. Бәріміз де «Уралап» жауға лап қойдық. Жау бекінісі алынды. Бірақ менің досым оққа ұшты. Шалқалай құлаған досымның қасына ұшып жеткенімде, ол мені көріп әлсіз ғана езу тартты «Көке, елге салем...» «Айт» дегенде үлгермеді, есіл ер» деп ардагер ата әңгімесін аяқтағанда даусына діріл енеді. Атам айтқан әр әңгімені жайдан-жай тыңдау мүмкін емес... Жүрек өз-өзінен елім, жерім, Отаным деп лүп етеді.

Біз батыр бабалар рухына бас иеміз!

Көк туды желбірете жамылып, әуелеген Әнұранымызбен қазақ елін әлемге танытқан олимпиадашылар - бүгінгі таңның ерлері! Олар ерлігімен елді танытты, ел намысын қорғады!

Олар - халық мақтанышы!

Мен де келешекте өзім үшін, елім, халқым үшін еңбектенуге әрекеттенемін. Мен Қазақстанның кең даласы мал мен астыққа толы

болса деймін. Халқымыз өз байлығын өзі игеретіндей білімді болса екен деймін. Әр ауданда сүт зауыты, тері илейтін цех, киім тігетін фабрика болса екен деймін. Сонда біздің халық сапалы тамақ ішіп, сапалы киім киетін болады.

Шалғайдағы шағын ауылымдағы жаңа жетістіктер көңіл қуантады. Жаңа мектеп құрылысы басталып жатыр. Жол жөнделді, көпір салынды. Халық таза сумен қамтылды. Көгілдір отынмен қамтылу да қолға алынып жатыр. Елімнің келешегі жайлы ойласам, менің жүрегімде қуаныш сезімі оянып, өзіме артылар жауапкершілікті сезіне түсем.

Дамыған, қуатты мемлекет Қазақ елінің бір кірпіші нық кірпіші болсам деймін. Даламыз кең, сол кең жерде мен ойлаған бір жоба іске асса деймін.

Менің ойым: Осы ауылдан ферма ашылса... Иә, кәдімгі сауын фермасы... Менің әжем Күләш Қасымова кезінде, кеңес кезеңінде, озат сауыншы болған екен. Әжем сол кездегі ферма жайлы айтып отырса, «Неге сол жұмысты қайта жолға қоймасқа» деп ойланамын. Ол үшін нақты есеп керек, батыл жүрек керек.

Елбасы жолдауында дамыған 30 елдің қатарына қосылсақ дейді. Елбасының ойы-елдің қамы. Жолдауға халық тарапынан қолдау қажет. Сонда ғана мұратқа жетіп «Мәңгілік ел» орнығатын болады.

Ия, мен келесі жылы мектеп бітіремін! Құрбыларым, келешекке нық қадам басайық! Елбасының, халқымыздың, ата-анамыздың бізге артып отырған үмітін ақтайық!

Әбдіқұл Гаухар

11 сынып, № 9 М.Жұмабаев ЖОМ Мақтарал ауданы,
Таубай ата ауылы

Ораз Жандосов – қайраткер тұлға

Адамзат баласының тарихымен тағдырында ХХ ғасырдың алатын орны айрықша. ХХ ғасыр қазақ даласына қуаныш пен қайғыны өсу мен өшуді, үміт пен күдікті аз әкелген жоқ. Социалистік идеяның құдіретіне қалтқысыз сенген туған халқы мен елінің игілігіне адал қызмет еткен абзал азамат, тұғыры биік тұлғалардың бірі Ораз Қиқымұлы Жандосов.

Ең берік есім, ең биік есім, ең баянды есім – Азамат. Әбіш Кекілбаев айтқандай елі үшін бар ғұмырын арнаған Ораз Жандосов ағамыз болады. Мен осы кісінің өмір баянымен таныса отырып, еліміздің өсіп өркендеуіне ең қажетті нәрселерге көңіл бөлгендігін таныдым. «Кедейлік ер жігітке намыс емес», «Бұрынғы бар кісілер болды жарлы», «Бардан жарлы болғандар болады арлы», – деп шал ақын айтқандай Қиқым ақсақал баласы Ораздың оқып білім алуына қолдан келген жағдай жасады. Табиғатынан қабілетті Ораз оқу бағдарламасын еркін меңгеріп кетті. Ораз Жандосовтың дүние танымына, ерте есеюіне 1916 ұлт-азаттық көтерілісі, жазалаушы отрядтардың көтерілісшілерге көрсеткен зорлық-зомбылығы үлкен әсер етеді, ұлт-азаттық көтеріліс халықтар арасындағы алауыздықтан емес, ұлттық, отарлық езгінің асқынуынан бастау алатынын ұғынды. Ораз Жандосов Жетісу өңіріндегі беделі мен өркенді ісі – 1919-1921 жылдары биіктеген үстіне биіктей түсті. Жетісу облыстық атқару комитеті төрағасы қызметіне жоғарылатылды, «Қосшы» одағының облыстық комитетіне басшылық жасады. «Көмек» газетін шығару жолға қойылды, О.Жандосовтың бастамасымен тікелей араласуымен әйел теңдігі съезі өткізілді. Бұл кісінің көңіл бөлген, күш салған мәселелері сауатсыздықты жою, мектептер жүесін кеңейту, қазақ әдебиеті мен өнерін өркендету, ұлттық мамандарды даярлауды жеделдету, қазақ тілінің мәртебесін өсіру, қыз-келіншектерді оқуға тарту болды.

Оқу комиссариатын басқарған жылдары қазақ ғылымының мәселелерін шешуге қосқан үлесі мол. Әсіресе Қазақстанды зерттеу қоғамының мұқтаждықтарын жиі ауызға алумен болды. 1929 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы туралы «Советская степь» газетінде жариялаған мақаласында шаруашылық құрылысындағы кезекті міндеттер ғылымның өзегін құрауы керектігін баса көрсетті. Өзінің замандасы М.Әуезовтың үлкен білім иесі екенін түсінді, ғылыми еңбектерін шығаруға жәрдемін берді. М.Әуезов, Б.Майлин, С. Мұхановтардың шығармашылық тағдырына қол ұшын бергені жеткілікті ашылмапты.

Келешекте осындай істермен айналыссам деген ойым бар. Мен Ораз Жандосовты оқи отырып, атқарған істерімен таныса отырып, басқа жастарға үлгі боларлықтайлығын түсіндім. Қазақстанның әрбір азаматы осы кісілердей қызмет етсе, осы кісілерден үлгі алса патриоттық сезімдері толыға түсер еді. Отан тарихында патриот,

қайраткер азамат Ораз Жандосовтың есімі әрқашан құрметпен атала беретіні сөзсіз.

Әбілқайыр Нұржан

10 сынып, №6 мектеп-гимназия Жетісай қаласы

Алтын ұям – Қазақстан

Менің елім – менің Қазақстаным! Осы құдіретті сөзді әрбір азаматы асқақ сезіммен, мақтанышпен айта алары хақ... Өйткені біздер, асқақ арман жетегінде, отаншылдық рухты ту еткен ұлт пен ұлыстардың ұл – қыздары, қасиетті қазақ топырағында өсіп-өніп, мекен етіп, береке-бірлікте, достық қарым-қатынаста, тыныштық пен татулықта өмір сүріп жатырмыз. Біз осы жарасымды тыныс тіршілігімізді Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің жан-жақты ойлап, кемел ойлы, кемеңгер ата – бабаларымыздың жолымен жүрген ақыл-парасатының, азаматтық саясатының нәтижесі деп білеміз.

Әскерлер үйге кенет келіп, инғуш халқын тарихи Отанынан жер аударды. Қазақстанға келіп, қазақ елі оны қалай қарсы алатынын білмеді. Бірақ қазақ елі оны өз қонақжайлығымен таң қалдырды. Қазақ елі, қиыншылыққа, кедейлікке қарамай, оларды тастамай, ашық жүрекпен қарсы алды. Әжемнің отбасы үлкен болды. Оларды өзінің панасына алған бір қазақ отбасы туралы әжем көз жасын сүртіп, риза болғанын бізге айтып отырды. Сол отбасының иесі атам мен әжемнің жұмысқа орналасуына көмектесті. Әжем қазақ елін туған еліндей сүйді. Достарының көбі қазақтар болды. Әжем қазақтармен тату-тәтті тұрып, олар бір-біріне әрқашан көмек көрсетуге дайын болды.

Уақыт өткеннен соң, әжем қазақ елінің салт-дәстүрлерін үйреніп, қазақ тілін де жетік үйренді.

Менің әжем өз Отанының нағыз патриоты!

Тәуелсіздікпен, бірлікпен, татулықпен, рәміздерімен бірге Қазақстанда мемлекеттік тілі де бар. Тіл – бағы жетпес мұра! Тіл бізді біріктіреді, достығымызды нығайтады. Бірде «мен өзіме, қазақ тілі не үшін керек?», - деп сұрақ қойдым. Менің ұлтым – инғуш. Бірақ мен Қазақстанда тұрамын. Қазақ тілі – менің екінші ана тілім.

Ұлы қазақ жазушылары, ақындары, күйшілерінің шығармалары, күйлері, поэмалары ұрпақтан-ұрпаққа жалғысып келеді. Осы баға жетпес құндылықтарды білу – менің парызым, мен қазақ тілі арқылы осы байлықты меңгеремін. Өзіме мынадай мақсат қойдым: болашақта қазақ тілді жетік біліп, елімнің мақтанышы боламын. Қазір менің тілегім орындалып жүр. Жақсы оқимын, көптеген қалалық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орынға ие болып жүрмін. Мен төрт тілді жақсы білемін. Олар: ана тілім – ингуш тілі, мемлекеттік тіл – қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдерді білемін. Менің атам да, әжем де қазақ еліне құрмет етіп, өздері, балалары да қазақ тілін жақсы меңгерген.

Меніңше, осы тілдер арқылы менің жан дүнием кең және бай. Қазақ жері маған өте қымбат:

Қазақстан – көп ұлттың мекені;
Тату еліміз табысқан.
Қазақстан – бақ – станым!

Президентіміз айтқандай: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілде». Қазақ елінің салт-дәстүрлерін, тарихын, шығармаларын, тілін қастерлеймін. Қай жерде болсам да, өз Отанымды ешқашан ұмытпаймын, өйткені мен бұл жерде тудым, өстім, есейдім. Бұл жерде анам маған алғашқы бесік жырын айтты:

«Әлди - әлди ақ, бөпем...»

«Ел іші – алтын бесік», - деді қазақтар. Осымен толық келісемін. Тәуелсіз, дербес, егеменді мемлекетінде тұратынымды мақтан тұтамын. Қазіргі кезде біз өзге ұлт өкілдері мемлекеттік тілді меңгеру үшін өзіміз ыңталы болуымыз керек! Қазақ елінің ұлы ғұламаларының тілін білу біздің қазақ халқына деген зор құрметіміз болатындығын ұмытпаймыз!

Арманым жоқ десем, қанатсыз құс болар едім. Күнде бір нәрсе жайлы армандаймын. Әр жастағы адамның арманы бөлек. Бала өссем дейді, өскен соң балалы болсам дейді, балалы болған соң, соның қызығын көріп, өсірсем дейді. Меніңше, қойған мақсаттарын жүзеге асыру үшін бар күшімді салуым керек. Мектепті бітіргеннен соң, университетке түсу үшін дайындалып жүрмін.

Болашақта мен еліміздің қадірлі азаматы, мақтанышы боламын, деп сенемін! Елімнің ертеңі үшін аябай еңбек ету, оқу оқып, білім игеру, жас тәуелсіз мемлекетімнің ірге тасының беки түсуі, ұлттар

арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайту ең басты парызым деп түсінемін.

Ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру біздің ардақты іс екенін жүрегіммен сезініп, мақтан етемін. Өз шығармамды Н.Ә. Назарбаевтің сөзімен аяқтағым келеді:

«Елінің ұлы болсан, Еліне жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жалында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!

Әгібай Самал

7 сынып С. Ысқақов атындағы орта мектебі Ордабасы ауданы,
Ынтымақ ауылы

Менің мақсат, армандарым!

Мен Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданының шағын ғана Ынтымақ деген ауылында, 2001жылдың қазан айының 12-інші жұлдызында өмірге келдім. Менің отбасым өте үлкен. Себебі, біз атам, әжем, анам, әкем, ағам, інім, 3 сіңілім және мен, бәріміз тату-тәті жанұямыз. Кейде отбасыммен мақтанып та аламын. Мен шыр етіп өмірге келген сәттен-ақ, бәрі мені еркелетіп, қатты ерке болып кетіппін. Бірақ, отбасымда ең үлкені болғандықтан көп еркелей алмадым. Не дегенмен еркелігім кейін сейілді. Мен кішкентай кезімде айтқанымды істетпей қаймайтын қырсық болып өстім. Не болса да ешкімнің көңіліне қарамай, еш ойсыз, түсінусіз болғандаймын. Ата, әжемнің, анам мен әкемнің арқасында көптеген жерлерді көріп, ащы өмірдің не екенін, қандай болатынын сезген де емеспін. Үш жасымнан әжем оқу оқуды, қалам ұстауды, жазу жазуды үйрете бастады. Үйдегілер, туыстарым маған бала кезіңнен-ақ зерек, алғыр болатынсың деп айтып отыратын.

2005 жылы жаз мезгілінде елордамыз Астана қаласына ата, әжеммен демалып қайтуға барып қайттық. Ол жақта президентіздің өзіменкездесіп, өзіме жаңа мақсат қойдым. Сол кезде төрт жаста болсам да еркелігім сейіліп, өмір мәнін түсінгендей едім. Мен елбасымыз секілді батыл, қайсар, шыншыл әрі атақты болғым келетін. Ол бала күнгі арманым болса да, әлі күнге санатымда. Соған әр күн, әр сәт ұмтылудамын.

Мен мектепке де кішкентай күнімнен, ерте бардым. Астанадан келген кезде мені бірден мектепке шақырды. Мен не бәрі төрт-ақ жаста едім. Мектепте даярлық сыныбын оқып жүрдім. Ол кезде бар болғаны үш қана оқушы едік.

Жылдар өтіп жатыр, еш тоқтаусыз, еш мүдірусіз. Әр жыл мен үшін сәтті жылдар мен қадамдар болды. Мен әр жыл үздік болдым. Бағам тек бестік. Ұстаздарымда алға сүйреп, әр шыңға шығарып келеді. Әр жиында өлең оқып, би билеп, әйтеуір сақынада жүретінмін. Анам да қызығыма тоймай әр жиында мектепке келіп өнерімді тамашалайтын. Қаншама уақыт өтіп кетіпті... Қазір міне жоғарғы сынып оқушысы болып жүрмін. Қазіргі сынып жетекшім – Асхат ағай. Ол – өте қайырымды, білімді ұстаз. С.Ысқақов метебінің белгілі оқытушылардың бірі. Мені қазақ әдебиет пәнінен сабақ беретін Айнур апай өз үйірімесіне алды. Мен жас ақындар үйірімесіне қосылдым. Менің қызығушылығым да ақындық. Мен көптеген ақындар мен жазушылар жайлы оқып, арнаулар жазып, зерттеп, қызығушылығымды ұшап жүрмін. Алға қойған мақсатыма жету үшін сүрінсем де еш тоқтамақ емеспін. Тоқтамаймын да. Ойым да да жоқ. Мақсатым айқын, тек әлемге танылып, елбасымыз секілді болу. Оның бәрі үшін тек білім керек. Сол үшін талпынып, ұмтылып, әр жылы үздік болуға талпынып жатырмын. Біздің үйірмеде көптеген оқушылар бар. Олар да дарынды. Біз үйірме сабақ кезінде бәріміз бірге отырып әдебиет жайлы көптеген кітаптармен танысып, білім алудамыз. Жетекшіміз – Айнұр апай өте мейірбан, адал кісі. Ол мені өлең жазуға, шығарма оқуға баулуда. Биік белестерге шығаруда. Әр күніме ризамын, қуаныштымын. Сірә мен секілді бақытты адам аз болар. Мүмкін... Енді тек мақсатыма ету үшін, арманымның орындалуына үлес қосу үшін тек алға деп талпынып келемін. Бұл менің мақсатымның бір бөлігі, ең маңыздысы, маңызды бөлшегі.

Әлібай Адам

10 сынып, Жамбыл атындағы орта мектебі Ордабасы ауданы

Менің атамекенім – Қазақ елі

Атамекен – қазақтың қара топырағы, менің ата-бабамның асылы, ұрпағына қалдырған баға жетпес мұрасы, ең аяулы дұғасы, ең асылы. Атамекен сөзінде үлкен мән бар. Алдымен көз алдымызға «Қазақ елі» елестейді. Кезінде осы Қазақ жері үшін қаншама ата-бабалары-

мыз найзаның ұшымен, білектің күшімен, қасық қаны тамғанша тер төкті емес пе?! Міне, осы құндылықтарды дәріптеуіміз керек. Оны іске асыратын біз, мына – жастар. Ол үшін қазағымыздың тарихын, рухани мәдениетін, материалдық мәдениетін білуіміз керек.

Алдымен тәуелсіздігімізге көз жүгіртейік. Биыл, міне, қазақ жеріне егемендігіміздің қадам басқанына 23 жыл болып отыр. Осы уақыт аралығында көптеген жетістіктерге жеттік. Ол – тәуелсіздігімізді, елдігімізді еңселі еткен елбасымыз Н.Назарбаевтың жетістігі. Тәуелсіздік оңай келген жоқ. Сол кездегі аға-әпкелеріміздің көзсіз ерлігінің, теңдік аламыз деп ұрандаған жастардың арқасы.

Әр адам қоғамның бір мүшесі ретінде белсенді болғаны дұрыс. Әуелі жастардан бастайық. Бірінші мәселе – білім алу, мектеп білімін жоғарғы оқу орнында жалғастырып, өз халқына адал қызмет көрсету. Қоғамға пайдалы игі істер жасар. Игілікке қол жеткізу үшін түпкі мақсатың болу керек. Игілік – ырыздықты, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым. Ол тұтастай алғанда қоғамдағы адам өмірінің қажетін өтейтін құндылық.

Рухани байлыққа халқымыздың мәдени мұралары, ата-бабамыздың қалдырған байлығы. Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Оның әр бірінің өзіндік тәрбиелік мәні, мағынасы бар. Мысалыға мақалды қарастырсақ, олардың астарында үлкен тәрбие жатыр. Кезінде патшалық елдің отарында болып, көптеген дәстүрлі мерекелеріміз, мәдени мұраларымыз ұмыт бола жаздады. Ал қазір соның орны қайта толды десек қателеспейміз.

Біздің ұлттық рәміздеріміз – біздің мақтанышымыз. Біздің рәміздеріміз арқылы өзге мемлекеттер Қазақ елін таниды. Еліміздің мемлекеттік әнұранының авторлары: Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев. Ал көк туымыздың авторы: Ш.Ниязбеков, елтаңбаның авторлары: Ш.Уалиханов, Ж.Мәлібеков. Еліміздің рәміздерін қазақтың әрбір азаматы тұмардай қасиет тұтуы қажет.

Қазір XXI ғасыр – дамыған заман. Қазақстан мемлекеті жан жақты дамып зайырлы, көпұлтты мемлекет атанып отыр. Елбасымыздың «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» даму стратегиясының жоспары жасалынған. Ал жастар «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелде білім ала алады. Олар сапалы түрде білім алып еліміздің дамуына, көркеюіне, өркендеуіне үлестерін қосады. Сонымен қатар «Дипломмен ауылға», «Болашақтың іргесін бірге қалайық», жақында жасалынған «Мәңгілік ел» жоспары бар. Ол жоспарда «Бір мақсат,

бір мүдде, бір болашақ» мәселесі айтылған. Яғни, өскелең ұрпақты бірлікке, бір мүддеге, ынтымаққа шақырады!

Қазақ елінің барша әлемге танылуына, өркендеуіне үлес қосатын біз – жастар. Оны тек сөз жүзінде айтып қана қоймай, іс жүзінде дәлелдеуге міндеттіміз!

Базарбай Майра

11 сынып, «Жаңатірлік» жалпы орта мектебі Қазығұрт ауданы

Қазақстан: кеше, бүгін, ертең

Тамырын ертедегі сақ, алыстағы ғұн, берідегі көк түрік, кешегі қазақ хандығынан алатын ұлы елім-еңсесін тіктеп, қанатын кеңге жайды. Еуразияның кең-байтақ төсінде өзінің тарихи аумағын, мәдениеті мен тілін, дінін қалыптастырған қазақтың күні кеше ғана пайда болмағаны белгілі. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру-тайпаларымыздың өз жерін ешқандай жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап, қол күшімен қатар ой күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының ерліктері бізге аманат. Ат құлағында ойнаған, жауын терең ақыл-парасатымен жеңген – Тұмар, Зарина падишалардың жұдырықтай жүрегіндегі ерліктері, парсы патшасы Кирден қаймықпай, қыз да болса тайталасып, елін, жерін қорғауға үлкен септігін тигізгенін бәріміз білеміз және үлгі тұтамыз.

Кезінде елді отарлауға барынша күш салған Ресей үкіметінің бұл кезекті жоспарының күл-талқанын шығарған Кенесары бабамыздың ерен ерлігі неге тұрады десеңізші! Сондай қанды шайқастардың бірінде бабамыздың басы жау қолында кете барды емес пе?!

Сан ғасырлық тарихымызды мақтан тұтар, бүгінгіміз бен кешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен Отан алдындағы адал ұлы тұлғалар аз болмаған. Қазақтың ұлт болып ұйысуына, ұлан-ғайыр ата-қонысымыздың қалыптасуына, тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар Абылай, Тәуке, Жәңгір сияқты ел билеушілерінің арқасында қазақ халқы бүгінде «Қазақстан Республикасына» айналды.

Ұшқан құстың қанаты талатұғын, жүгірген аңның тұяғы талатұғын осынау ұлан-ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-ба-

бамыз ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батырларымыз жоғарлардан даламызды арашалап, тарихқа есімдерін алтын әріптермен жазып қалдырды.

Азаттық – қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлғаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды.

Бүгінгі күнде бізге қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларда жатыр. Ел басына күн туғанда даналығымен, парасат-пайымының кеңдігімен, ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында тапқырлығын таныта білген билеріміз Қаздауысты Қазыбек би, Төле би, Әйтеке билердің арқасында еліміз іргелі елге айналды.

Сондай елдің мәдени дамуына тарих сахнасына Абай, Шоқан, Ыбырай аталарымыз қылыштан гөрі қаламының қуаттылығын көрсетіп, «Қазақ» деген халықты қараңғылықтың терең құдығынан алып шықты.

Алғашқы болып қазақ балаларына арнап мектеп ашып, «Қазақ хрестоматиясы» атты кітап жазып шығарған Ыбырай Алтынсарин, алғашқы рет жазу әдебиетінің негізін салған Абай Құнанбайұлы, тұңғыш рет халықтан шыққан, қазақ жерінің географиялық аумағын зерттеген Уәлиханұлы Шоқанның өнегелі істері-біз үшін мол мұра.

Одан бергісі Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан сынды алаштың алпауыттары елді бір тудың астында ел болып, мемлекет құруға шақырғанын, «Қайтсек ел боламыз?», -деп ойын сан жаққа, қиялын қырық жаққа жүгіткенін білмеуіміз – ұят нарсе!

Тізе берсек, тарих тізгінін тарту мүмкін емес. 1989 жылдағы «Желтоқсанның ызғары» атанған көтерілістегі қазақ балаларының ұлтжандылығын айтпай кету мүмкін бе? «Қазақ елін – қазақ азаматы басқарсын!», -деп алаңға шыққан ұл-қыздарымыздың ел билеушілерінен көрген қорлықтары мен азаптары-біздің бүгінгідей бейбіт күн кешуімізге алып келді емес пе ?!

Бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтағанымыз жөн. Осы асыл азаматтарымыздың үзілген жас, қыршын өмірлерімен Қазақстан бүгінде тәуелсіз ел! Тәуелсіздік туын қолда берік ұстау – әрбір қазақтың, Қазақстанды өз отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты.

Кез келген елдің тәуелсіздігін паш ететін, әрі мемлекеттігіміздің өткені мен бүгінгі арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі – туы, әнұраны, елтаңбасы және ата заңы мен валютасы болуы тиіс.

Ата заңымыз – ұлттық заңнамамыздың ұлттық өзегі. Ол сонау Есім ханның «Ескі жолымен» еңселеніп, Қасым ханның «Қасқа жолымен» қуаттанып, Тәуке ханның «Жеті жарғысымен» жалғасқан, бүгінде Нұр атамның «Нұрлы жолымен» нұрлануда. Ата заңымыз – қазығы берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласы сай еліміздің айбынын асырып, атағын әлемге жаятын бірден-бір қазынамыз.

Халқымыз «Береке басы бірлікте» деп тегін айтпаса керек. Уақыт сынынан сүрінбей өткен еліміздің қол жеткізген жетістіктері өте көп. Бұл-елімізде тұратын барлық халықтардың бірігіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жарасымды өмір сүруінің арқасында. Қазіргі уақытта Қазақстанда 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар ынтымақта өмір сүруде. Аллаға мың да бір шүкірлік, бүгінде талай-талай толайым табыстарға қол жеткіздік, тәуелсіздігіміздің басты нышанына айналған Астанамыз – махаббатымызға, рәміздеріміз – айбарымызға, Ата заңымыз мақтанышымызға – айналды.

Даламыз-дәнге, өрісіміз-малға, үй-ішіміз-жанға толған, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүргеніме өте қуаныштымын! Тәуелсіздігіміздің мерейі үстем, келер ұрпақтың жүзі жарқын, тілі мен мәдениеті құлашын кең жайып, еліміз ұлт болып өркендей берсін!

Бәкрамбек Асылзат

10 сынып, Қ.И.Сәтбаев ЖОМ Отырар ауданы
Жетекшісі: Жұмашева Л.

Мәңгілік елдің ұлы ұрпағымыз

Елбасы Н.Назарбаев “Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде” атты еңбегінде ұлт ішіндегі бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, азаматтық келісім ахуалын жасау мәселелеріне тоқталып, “Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді” – деген.

Сан ғасырдан бері қазақ халқының тәрбие жөніндегі өнегелі сөздері мен істері, тұрмысы, мәдениеті, өнері, өмір тәжірибесі отансүйгіштік сезімнен бастау алады. Әрбір халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың ғасырлар бойғы жинақталған тәрбие әдістерін қолданып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, қайырымдылық, еңбексүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қабілеттерді олардың бойына дарытты. Осылардың бәрі адамзат тәрбиесінде патриотизмнің қандай рөл атқаратындығын көрсетеді.

Қазақ халқы қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен елдігін сақтап қалу үшін күресе отырып, туған елге, кіндік қаны тамған қасиетті жерге деген махаббатын ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп беріп отырды. “Туған жер” ұғымын бала бойына ерте сіңіруге тырысып, оны Отан, ел-жұрт ұғымдарымен байланыстырып отырған. “Отан от басынан басталады”, “Отан оттан да ыстық”, “Елің үшін отқа түс күймейсің” деп тәрбиеленетін қазақ баласы үшін Отан – отбасынан, ата-жұртынан, туып өскен топырағынан басталады.

Патриоттық тәрбиенің нағыз қайнар көзі отбасынан және мектептен басталады. Мұндай тәрбие беруде халқымыздың тарихи мұраларын пайдалану мен тарихи тұлғалардың ұлттық патриотизмге негізделген отансүйгіштік іс-әрекеттерін үлгі тұтудың үлкен маңызы бар екені бүгінгі таңда нақтылана түсуде. Сондықтан зерттеу барысында “патриотизм”, “ұлттық патриотизм”, “қазақстандық патриотизм”, “Отан”, “отансүйгіштік” ұғымдарына қатысты терминдердің мәні мен мазмұны анықталып, нақтыланды.

Патриотизмнің тарихи элементтері туған жерге, ана тіліне, салт-дәстүріне сүйіспеншілік түрінде ықылым заманнан қалыптаса бастаған. Таптық қоғамда патриотизмнің мазмұны да таптық тұрғы да көрініс табады, өйткені әрбір тап Отанға деген көзқарасын өз мүддесі тұрғысынан білдіреді.

Бауыржан Момышұлы – ержүрек жауынгер, атақты қолбасшы, әскери жазушы. Ең бастысы – әр қылығымен, әр көзқарасымен, бар болмысымен қазақтың намыстан жаралған халық екенін мойындата алған тұлға. Бауыржан Момышұлының отызға енді ілінген шағынан-ақ есімі аңызға айналды, даңқы әлемді шарлады. Ұлтжандылықтан жаралған батырлық бейнесі тарих белдерін аралап, жыл өткен сайын “тот баспас сары алтындай жарқыраған” ерлік жолын жалғастыра отырып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің қаһарманына айналды.

Қазақ азаматтарына патриоттық тәрбие беруде Бауыржан Момышұлының шығармаларының мүмкіндіктері кең. Өйткені ол біріншіден, жас ұрпақты тәрбиелеуде адамгершілікке баулудың басты құралы, рухани дүниесі байиды, ниет-танымы, өмірлік көзқарасы қалыптасады; екіншіден, ұлттық тәлім-тәрбие, отбасы тәрбиесі мен салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарға бай тарихи мұра, үшіншіден, Ұлы Отан соғысында жанқиярлықпен соғысқан ұлдарымыз бен қыздарымыздың бейнесін және ерен ерліктерін ұмыттырмауға мүмкіндік беретін танымдық мұра. Жауынгер жазушының шығармалары арқылы отбасы тәрбиесі ондағы ұстаз бен ата-ана, мораль, этика турасында тұщымды сөз қозғағанына көз жеткіздік. Оның қаламынан туған төл еңбектерінің тәрбиелік жақтары ашылып, патриоттық мәні айқындалды. «Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді». Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Б.Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше.

«Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Осыларды көздеп жүргізген зерттеу еңбегімізде педагог, психолог, философ ғалымдар мен ақын-жазушылардың ой-пікірлеріне сүйене отырып «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беруге ұмтылдым.

Қазақ барда салт-дәстүріміз ғұмырлы болмақ

Салт – халықтар кәсібіне, сеніміне, тіршілігіне байланысты қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр. Уақыт озған сайын оған жаңалық еніп, өзгеріп, қоғамдық болмыс принциптеріне бейімделіп отырады. Ал жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері жаңа жағдайда ілгері дамиды. Сондықтан да халық: «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар», - деп дұрыс айтқан.

Дүниежүзі халықтарының өздеріне тән салт-дәстүр ерекшеліктері бар. Сол сияқты: «Қазақ барлық сенім, әдетімен де, ойын-сауығымен де, әр кезде жасаған адамдарының тарихи мәні бар оқиғаларды баяндайтын поэтикалық құны күшті аңыздар, өлең жырлар жасауымен де, сауыққа құмарлығымен де, халықтың заңның көптеген кодекстерін сақтаумен де, соттың шешімдерімен де ең ақылдылардың қатарына қосылады», - деп Ш.Уалиханов атамыз айтып өткеніндей, қазақ елі – өнердің сан қырлы түрлеріне де, сондай-ақ біршама ата-бабаларымыздан бергі қарай нағыз мұсылман ұлтымыздың нақышын танытатын салт-дәстүрлерге де бай жұрт. Ал халықтың игі дәстүрі – біздің ең асыл мұрамыз.

Адам өміріндегі ең бір қызықты да, қуанышты да ұмытылмас белең – оның үйленіп, жеке тау тігуі. Ұрпақтарының үлгілі отау құруы – сол жастардың ата-аналары мен ауыл адамдарының ғана тілекталабы емес, қоғамдық қажеттілік. Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Қоғамдағы әр шаңырақтың босағасы берік, мерейі үстем болмай, мемлекеттің де мықты болуы мүмкін емес.

Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Бұл әдет-ғұрыптар ұрпағының келешегін, нәсілінің болашағын ескеруден туындаған.

Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша, қазақ жұртында отау тігудің бірден-бір жолы – құда түсіп, қалыңмал төлеп үйлену арқылы жүргізілді. «Құда түсіп, қалың мал төлеп үйлену» деген ұғымның мағынасы өте кең. Бұдан қазақ жастары қалыңдығын өздері таңдап-талғамай, оларға болашақ жарын тек әкесі алып берген екен деген

қорытындысы шықпауға тиіс. Әрине, қазақтар көбіне балаларды ата-стыру арқылы үйлендіретін. Егер екеуі де ұл, не қыз болсын, онда олар өскен соң әкелеріндей дос болып өтуге тиісті болған. Бұл салттың көрінісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында жақсы сақталған.

Ал «Қыз Жібек», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр» секілді эпостық мұраларымыздан жігітке де, қызға да жар таңдап, ұнатқан адамына қосылуына ерік берілген ежелгі дәстүр сілемін көреміз.

Жігіт үйленер алдында әуелі өзіне ұнайтын теңін іздестіреді. Бұл дәстүр – «қыз көру», «жар таңдау» деп аталады. Шөптің шүйгінін жеп, судың тұнығын ішкен, аттың жүйрігін мініп, иттің алғырын ерткен, құстың қыранын баптап, мылтықтың түзуін асынған, ақ шаңқан үй тігіп, саф таза ауада жаз жайлау, қыс қыстауға көшкен дала тұрғындары осы салтанатқа сай болашақ жарының да тұрмыс-тіршілігінің ажар-көркі болғанын ұнатқан. Асылы көшпелілердің ұғымы бойынша, бұл дүниеде түзу мылтығы, қыран құсы, жүйрік аты мен мінез-құлқы мінсіз әйелі бар ердің төрт құбыласы тең деп танылған. Бұл салт-дәстүрлерді сипаттау барысында тұрмыс-тіршілік, отау құруға байланысты біздің «қыз ұзату», «беташар», «шілдехана», «тұсау кесу», «тілашар» сынды салт-дәстүрлерімізді қоспау мүмкін емес.

Сонау VII – VIII ғасырлардан бастап қолдауын тапқан зергерлік өнер әр елдің тұрмысына, салт-дәстүріне бейімделе отырып дамыды. Сондай озық та әрі үлгілі, түрлі геометриялық пішіндерге негізделе құйылған зергерлік бұйымдар жасауда қазақ халқы ерекше оқшауланған. Осы өнеріне байланысты ұлтымыздың азды-көпті салт-дәстүрлерін де қалыптастырған. Солардың бірі – құдағи жүзік.

Құдағи жүзік – ертеректегі салт бойынша қыз шешесінің құлағына сыйлайтын қос дөңгелекті, үсті тұтас қомақты, асыл тастардан көз қондырылып, алтынмен қапталған қымбатты бұйым. Бұл кәдімгі қос балдақ жүзікке ұқсас, бірақ одан көркемделуі жағынан ерекше болып келеді. Мұны қыздың шешесі зергерге арнайы жасатады да, екі жастың қос балдақ, сақина тәрізді қартайғанша біргеөмір сүруін тілейтіндігінің белгісі ретінде сыйға тартады.

Сондықтан да осынау шығармамда ата-салтымыздың жөн-жобасын, жол-жоралғысын жинақтап жазуды жаным қалады. Әрине, бәрін де қамтып, бәрін де айттым және ең дұрысы – осы деуден де аулақпын. Бірақ қазіргі өзім тәрізді егеменді елімнің болашақ жас ұрпақтарына: «Асыл мұрамызды ұмытпай дәріптеп, қастерлейік», - деген үндеу салғым келеді.

Мәңгілік ел

Еліміз тәуелсіздік алу жолында қаншама қиындықтарды басынан өткізгендігі айдан анық. Ия, «тәуелсіздік» атты асыл арманға жету – ата-бабаларымыз ерен ерліктері, болаттай мықтылығы, темірдей төзімділігі, сөзсіз батырлығы, халық қамы үшін қан кешіп, құрбан болғандығын, біз, яғни еліміздің жас ұрпағы терең ойлап, түсінуіміз парыз. Ел болу үшін, Тәуелсіздік керек, ал тәуелсіз болу үшін ұлттық рух, күш-жігер, сенім, мақсат керек. Міне, халқым көктен тілеп, көптен күткен тәуелсіздігімізге жиырма екі жыл. Бұл ұлы мақсат жолында қаншама халық қырылып, өз туған-туыстарынан айырылған болатын.

Бірақ, қаншама қиындық келсе де қасқайып қарсы тұра білген қазақ елінің рухы биік еді.

Ендігі кезекте бізге аманат етіп қалдырған осынау кең-байтақ, киелі жерімізді көз қарашығындай қорғауға тиіспіз деп ойлаймын, әрине ол біздің міндетіміз.

Еліміз егемендік алған осынау саусақпен санарлық аз жылда биік-биік белестерді бағындыра білді. Әлемді таңдай қақтырды, өркендеп, көркейіп, гүлдене бастады. Ол әрине егемендіктен кейінгі ел басын біріктірген елбасының ерен еңбегі екендігі сөзсіз. Еліміз өз алдына жеке мемлекет болды, яғни Қазақстан Республикасы болып жарияланды, халқымыздың бағына туылған Нұрсұлтан Назарбаевтай парасатты көшбасшының арқасы. Егеменді еліміздің өз тілі, әдебиеті, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, рәміздері және де Ата заңы бар. Оны мақтанышпен айта аламыз.

Ендігі уақыттарда, сын сағаттарда, жарқын болашаққа жауапты ол әрине біз. Менің ойымша өз тәуелсіздігімізді тұғырында нық ұстап қалу үшін әрине жоғары сапалы білім мен тәртіп керек. Ол әрине жастардың, білімді ұрпақтың қолында, оны елбасымыз да әр сөзінде айтып жүргені рас. Елімізді одан әрі дамытуымыз үшін, әлемге танытуымыз үшін талантты жастар керек. Еліміздің осыншама өркендегені үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан елбасымызға және де әрбір азаматтар мен азаматшаларымызға алғысымыз шексіз.

«Дарын емес, қарын билеген тірліктен сақтан», – деп ақын әрі жазушы ағамыз Асқар Сүлейменов айтқандай, тек қана ақшаны ой-

лап, ақ жолдан айнығанша, адалдықтың ақ жолында шындық үшін күресіп, асқақ армандарға қарай ұмтылып, алдымызға мақсат қоя білуіміз, ел үшін елеусіз еңбек етуіміз парыз әрі міндет деп санаймын. Бауыржан Момышұлының бір қанатты сөзі бар еді «Талантқа қанат бітірер-сезім емес, сенім болуы керек», - деп. Ия, әлемдегі болып жатқан өзгерістер, күннен-күнге, тіпті сағат санап дамып келе жатқан техника талайды таңқалдыруда. Оның барлығы талабы таудай тамаша таланттылардың, білімі биік білімділердің, рухы биік ұлттардың, ерікті де жігерлі, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың арқасында.

Біз үшін ерекше айта кететін жайт, ол еліміздің егемендігіміздің айқын әрі нақты дәлелі ретінде мемлекеттік рәміздеріміз болып табылады. Олар көгімізде желбірген, азаттық пен мәңгілік көк аспанымызды өз бейнесінде анық дәлелдейтін – Көк туымыз. Қазағымның ұлттық символы болып саналатын, жылдар ағымы бойынша санамызда жаңғырып тұрған шаңырақ бейнелі, қос қанатты қос тұпарымен өз мағынасын асқақтатар, кереметтей көз тартатын – Елтаңбамыз бар. Мемлекетіміздің, халқымыздың ертеңі мен нұрлы болашағы, тәуелсіздіктің қаншалықты асыл қазынамыз екендігі, келешегімізге деген мол сенім мен нағыз тәрбиені, жалпы айтқанда нағыз патриоттық сезімді ой-санамызға құйатын, мәңгілік ұранымыз – Әнұранымызбен мақтанамыз. Атақты үш биімізді қаншалықты биіктерге көтерсек, бұл үш рәміздеріміз де соншалықты дәрежеде сақтай білейік. Сонымен қатар бұрыннан келе жатқан ата-бабамыз бізге аманат етіп, сеніп тапсырған салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыптарымызды да сақтай білейік. Әрқашан да қазақы болмысымызды сақтап, өзгелерге өз өнерімізді дәріптей білуіміз, мемлекеттік тіліміз Қазақ тілінің асыл құндылықтарын сақтап, тағылымға толы тарихымызды қорғау, оны бізден кейінгі де жас ұрпақтарға тапсыра алуымыз керек. Ия, жаза берсек елімізге деген, жүректен шығар, ой түбіндегі асыл ниеттер таусылмақ емес. Тобықтай сөздің түйініне тоқталсақ: «Біз қазақпыз», сондықтан да елімізді көркейтуге өз үлесімізді қосып, асыл құндылықтарымызды, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді, егемендігімізді, рәміздерімізді, тарихымызды, өнерімізді әрқашан да сақтай отырып, еліміздің нағыз «патриоты» болайық.

Жаманқұл Аяулым

8 сынып, «Ақбастау» жалпы орта мектебі Қазығұрт ауданы
Жетекшісі: Пернекул Н.

Отаным – Қазақ елі

Қазақ... Бұл халық – әлемдегі ұлы халықтардың бірі. Қазақтың ұлылығы – бауырмашылдығында, бейбіт өмірге құштарлығында, сабырлы-лығында және даналығында. Қазақ – сөзге тоқтаған халық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен, ел бастаған көсемдері мен шешендері ақыл айтса, ақылына ұйыған халық. Сонау Алтайдан Атырауға дейінгі созылып жатқан кең байтақ, ғажайып өлке – бұл Қазақ елі.

Біздің жеріміз кең. Оның айдын шалқар көлдері мен мөлдір бастау қайнарларын, сарқырай аққан тасқынды өзендерін, гүлденген жазираларын, тамаша жайылымдар мен шалғынды таулы даланы көргенде мен тамсана-мын.

Еліміздің ертеңі жолында жан аямаған алдағы күнге қызмет еткен аталарымыздың рухына бас иіп, тағзым етеміз. Мен осындай данагөй, асыл қасиетке бай елде дүниеге келгеніме қуанамын, қазақ екеніме шаттанамын және елімізді ел етіп, жерімізді жер етіп, өлшеусіз еңбек етуінің арқасында өркениетке өрлеткен Елбасы Нұрсұлтан ағамызға ілтипатпен қараймын. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан-теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», - дейді Елбасымыз.

Расында, болашақта өз елінің қожасы да, иесі де – бүгінгі жастар. Олар – біздер. Біз – жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықтың жас ұрпағы, егеменді елдің ертеңіміз. Біз еліміздің экономикасын, мәдениетін, білімін көтеретін азаматпыз. Жаңа дәуір көшін жалғастыруды, халқымның әл-ауқатының артуына, еліміздің көркейіп, нығаюына үлес қосуды басты борышымыз деп санаймын. Біздің Отанымыз – жүздеген ұлт пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жарастырып отырған мемлекет. Осы еліміз бен жеріміздің тыныштықта, бейбітшілікте өмір сүруі де біздің қолымызда. Мен қырандай биікте қалықтаған азат елдің болашағымын. Тәуелсіздік таңы тілімді, дінімді, салт-дәстүрімді жаңғыртты. Қасиетті Ата заңым қабылданды. Егемендігімнің айғағы – аспан түстес азат байрағым, елтаңбам, әнұраным дүниеге келді. Барша

ұлтты бауырна басқан Отаным, мен сенің ізгілігіңнен, ұлылығыңнан нәр алып, дархандығыңнан үйреніп, өсіп келемін.

Сенің әрбір тасың, әрбір гүлің, өзен-көлің, тауың мен үшін қымбат. Біздің алысты болжай білетін алғыр, көреген, үлкен саясаткер Елбасымыз Нұр аға елдің сенімін ақтап, қиын жолдан өз халқын аман-есен алып өтті. Көшбасшымыз Нұрсұлтан аға әр жылда халыққа кезекті жолдауын жолдап, еліміздің даму жолдарын нақты айқындап көрсетіп, бағыт-бағдар беріп келеді. Елін сүйген Елбасы жолдауын халқымыз да қызу қолдап, қуаттап келеді.

Жумалиева Айдана

10 сынып, Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектеп Отырар ауданы
Жетекшісі: Ноғайбекова А.

Ұлтын ұлықтаған ұлтжанды азамат

Ұлтының жүгін ауырсынбай арқалаған, аумалы төкпелі заманда қазағының сөзін сөйлеп, жанынан табылуы, озбыр саясаттың бүкір пейілін, ішкі арам ниетін көрегендікпен танып, бұқпантайламай өз ойын, өз шындығын халық қамы үшін ашық айтқан Алаш көсемі А.Байтұрсыновтың тұлғасы уақыт өткен сайын биіктей бермек. 1873 жылы дүние есігін ашқан Шошақтың немересі – Ахмет кеңестік жендеттердің қанды шеңгеліне арандап бақиға аттанғанға дейінгі 64 жылдың саналы ғұмырында өлшеусіз еңбек, ғасырлар бойы зерттелсе де түгесілмейтін мол мұра қалдырды. Азаматтық үні, қайраткерлік өнегесі, пендешіліктен биік тұрған өресі, қаптаған қара ниетті жауларына білімімен, көрегендігімен, алғарлығымен қарсы тұрып, есежібермей, өркөкірек өзімшілдерге, қазақты қан қақсатуға бел шеше кіріскен ішкі-сыртқы қысымға жүректілікпен жауап беруі А.Байтұрсыновты ұлт батыры деп тануға негіз бола алады. Заман талабы қазақ қамын қарапайым мұғалім – Ахметке ақындықтың, көсемсөздің, ғылымның, қоғамның көшін сүйреуге мәжбүр етті. Оның жан-жақты болмасына лажы жоқ еді. Ғалым А.Байтұрсыновтың әдебиетші ретінде танытатын құнарлы материалдары қазақ жұртына мәңгілік азық. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баянда-

ма жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық», - деп жазды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды, жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды.

Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды.

Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл

құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек.

Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарма психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Демек, Ахмет Байтұрсынов – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғұлама ғалым,

ұлы ойшыл. Ахмет Байтұрсыновтың ақын, көсемсөз шебері, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа деген үміт-арманы-баршасы ұлы міндетті орындауға, туған халқы үшін қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Кеңес империясы кезінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр. Тау сілеміндей мол мұра болып оқырман қолына тие бастады. Баспалар ақын, ғалым зерттеушінің біртөмдік, көптөмдік шығармаларын басып шығарды. Қазақстан өкіметінің арнаулы қаулысы бойынша республикамыздың әр жерлерінде шаруашылықтарға мектептерге көшелерге және Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілді.

Сөйтіп, тарихи әділет, шындық салтанат құрды, халқының бостандығы тәуелсіздігі еркіндігі үшін тар заманда жан аямай күрескен ұлы азамат Ахмет Байтұрсынов ұлт күрескерлерінің сапына келіп қосылды.

Жұрсынбай Зияда

11 сынып, Созақорта мектеп Созақ ауданы, Созақ ауылы
Жетекшісі: Нұрбекова Г.

Мен – ұлттық бояуы сіңген елімнің перзентімін

Қызық... Бұл жолы жан дүниемді белгісіз ойлар арбап, жүрегімнің дүрсілі әлденені сезгендей ме? Бұрындары ойыма келген әр нәрсені ақ қағазға түсірудің өзі мен үшін бір ләззат болса, ал бүгінгі сезім одан да күштірек, одан да беймәлім болады- ау. Кеудемдегі жүрек дүрсіліне құлақ салсам «жаза түс және тағы жаз» дегендей үн қататын секілді. Осы үнмен жалғасқан ойды мына параққа түсірмесем сірә, мұным тағы әбестікке жатар.

... Анам тілі – қазақ тілім. Сен менің жүрегімнің бөлшегісің, бөлінбейсің. Сен маған ана сүтімен дарып, бірде бойымды да, бірде ойымды да, ал бірде жан дүниемді жандандыруға өз септігіңді тигіздің. Алғаш анамның бауырынан шыққан сәттен бастап- ақ сенің тынысыңмен күн кештім, сен арқылы тіршіліктің тіліне түсінісіп, тіл қаттым, анашымның әлдиін естіп, әлдимен өсіп жетілдім. Сен маған жарық дүниенің жанарына қадам тастаған кезден бастап, ерекше

ыстық, ерекше қымбат қазына болып табылды. Мен сенің әліге дейін перзентіңмін. Сенің алдындағы борышымды қай жағынан өтемек болсам да өтелмесіне сенімдімін. Өйткені мен саған бәрібір қарыздармын, ал сені қорғау мына менің парызым. Анамды ренжітуден қорықпадым, өйткені ол кісі менің қателігімді түзеп, жол сілтеп, ақылымен мені кешіп, өмірдің қиынынан сүрінбеуге үйретті. Бірақ та мен тек қана сені ренжітуден сескенемін. Өйткені, сені ренжітсем бәрін қайта бастай алмас едім. Саған титтей де жауыздық жасау менің қолымнан келмес те еді. Себебі, сенің алдындағы сенің азаттығың үшін күрескен қаншама жанның қаны мен көз жасы сені ренжітуге жібермес те еді.

Тіл, тарих, дін, мәдениет тұрғанда қай елдің болмасын өзіндік ерекшелігімен ұлттық құндылығы болады. Сондай құндылықтарымыз: әуені көркем, сөзі үстем – Әнұран, мағынасы терең, суреті көркем – Елтаңба, қалқыған қыраны бар шалқыған байрақ – көк Ту. Міне, осы үш-ақ нәрсе біздердің ең басты рухани қазынамыз болмай ма? Егер бұлар болмаса мемлекеттің аты шықпайды да. Көк аспанның бұлтсыз бейнесінде емін-еркін қалықтаған қыранның суреті, шетіне көрік берген қазақилықтың көрінісі – ою-өрнектің бейнеленген бейнесі, сары түсті шапағатын шартарапқа шашқан алтын күннің шуағы айтпасақ та біздерге ұлттық тәлімнің бастамасы болып табылмай ма? Күннің бейнесін көріп-ақ бейбіт өмірдің болашақ ұрпағы болғанымызға, болашақта сол бейбіт тұрмысты жандандыру туралы ойлағанда шыны керек ерекше бақытқа кенеліп, қай-қайсымыздың болсақ та жүрегіміз дуылдап кете барары анық. Ту дегенде тұғыры еске түсетін еліміздің еңсесін биіктен көтертетін осы байрақтың өзі емес пе? Байқайсыз ба, жүлделі жарыстарда әлем туларының ішінен біздің көк туымыз үстем тұрса қандай бақытты күйде боласыз? Тіптен бақытыңыз сізге ерекше қуат беріп, бір үлкен мақтанышпен жүретініңіз де ақиқат қой. Әсіресе, теледидардан туымыздың ең жоғары дәрежеде көтерілгенін көріп отырып, өзге емес өзін сол жарыста болып қайтқандай күй кешемін. Меніңше, осының өзінен-ақ мен өз ұлтымның болашағы Аллаһ бұйырса, бұдан да биіктерден көрінеді дегенге сенемін!

Әнұраным – мақтанышым. Өйткені сол мәтіндердің ішінен өз басым айтып тұрып бар қазақтың тынысын көріп, барлық тіршілік атауымен танысқандай күй кешемін. Әр мәтіннің мағынасы үстем, айтар ойы өзге. Әнұранды айтып тұрып-ақ «мен қазақтың патриотымын!» деп бар дауыспен бітіргім келеді.

Ал Елтаңбаға келгенде, оның орны тым бөлек қой. Онда бейнеленген екі пырақтың бейнесі, қара шаңырақтың көрінісі, ондағы

дәл ортада жарқыраған жұлдыздың бейнесі кімді де болмасын өзіне елітірері хақ. Бұл Елтаңбадан түйерім, қазағымды әсемдік пен еңсесі биік ел екенін, жұлдызы жарық тату шаңырақ екендігін бір көргеннен түсіндірер осы деп түйемін.

Қанша қайнап тасыса да берекесі бұзылмаған, ар-ожданым, қаным төксе де тапталпаған, қаншама ұлт өкілдерін бір шаңырақта тату ұстап, елімізді жандандырған, әр сөзімен нұр игілік істердің ба-стамасы жасаған, осы елдің басшысы ғана емес үлкен әкесі атанып отырған президентімізді шығармама жазбай кетсем, бұл тағы күнә болар. Өйткені, біздің осылай еркін күліп, терең біліп, ғажап өмірде бейбіт кешуіміздің өзі – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бірден-бір септігі ғой. Елім деп еміренген әр азамат өз басшымыздан, мықты саясаткер ағамыздан, құрметті азаматымыздан үлгі алып жатса, бұл жақсылықтың жаршысы емес пе? Отанына адал ұл болып, еліне ақылы арқылы тамсандырған қыз балалар өсіп жатса, еліміздің әл-ауқаты, қарым-жігері, экономикасы мәңгі биікте тұрады. Болашақта еліміз үшін күресер, Отанымызға қызмет етер, келешегі айқын, дәрежесі үстем жұртымыздың жолын ақ қылып арманына, діттеген мақсатына жеткізу жас ұрпақ, мына біздердің парызымыз.

Казанфарова Минара

11 сынып, С. Рахимов атындағы орта мектеп Сайрам ауданы

Манкент ауылы

Жетекшісі: Давлетова Д.

Білімнің қайнар көзі мектеп дегенді сонау «Кел, балалар, оқылық!»- деп ұран салып, далада шапқылаған жастың бәрін оқуға шақырған Ыбырай Алтынсарин атамыздың өшпес өнегесінен жақсы білеміз.

Мектеп – білім ордасы. Мектебім генерал-майор Сабыр Рахимов есімімен аталады. Әрине, бұл есімді естіген кісі «Бұл- қазақтан шыққан тұңғыш генерал ғой» дегенді есіне алады.

Жалпы генерал жайында тоқталатын болсам, Сабыр Рахимов – Ұлы Отан соғысының даңқты батыры, Қазақстан мен Орталық Азиядан шыққан тұңғыш генерал.

Сабыр Омарұлы Рахимов 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Көкбел ауылында дүниеге келіп, 1945 жылы 25 наурызда Польша, Данциг (қазіргі Гданск қаласы) қаласы маңындағы

қанды-қырған шайқаста қаза болды. Сүйегі Ташкенттегі бауырластар зиратына жерленген. Ол – әскери қайраткер, генерал-майор. Әкесі ерте қайтыс болып, жас қалған Рахимовты шешесі (өзбек қызы Бахарайым) Өзбекстанға алып кеткен. 1922 жылы әскер қатарына шақырылған. Бакудегі әскери училищені бітірісімен, Самарқанд қаласындағы атты әскерлер дивизиясында взвод, эскадрон командирі болды. 1941 жылға дейін түрлі әскери мекемелерде қызмет істеді. Соғыс басталғанда полк, кейін дивизия қолбасшысы болды. 1941 жылы шілдеде жау қоршауын бұзып шыққандағы батылдығы үшін 2-рет Қызыл Ту орденімен марапатталып, полковник шенін алды. Оның дивизиясы Дондағы Ростовта, Кавказда ұрыс жүргізді. 1943 жылы Мәскеудегі Бас штаб академиясына оқуға жіберілді. Академияны бітірген соң Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысты. Рахимов Ленин, 4 рет Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз, 2-дәрежелі Суворов, Кутузов ордендерімен, медальдармен марапатталған. Сабыр Рахимовқа 1965 жылы 6 мамырда КСРО Жоғары Кеңесі Президумының Қаулысымен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

Әскери қолбасшылар генерал Рахимов туралы: «Инабатты да ұстамды, тактикалық білімді, тәртіпті офицер. Шешімді де ізденгіш, ойы терең, қайсарлығы мен жүректілігінен біз алатын үлгі ұшантеңіз», - деп естелік қалдырыпты. Ия, Сабыр атамыз әлсізге медет, күштіге айбар, шарасызға қол, амалсызға жол беретін ержүрек, көреген қолбасшы болды.

Елімізде генерал Сабыр Рахимов есімімен аталатын көше, мектептер, әскери-училищелер бар. Генералдың асқан ерлігін өте жоғары бағалаған Польша республикасы бір траулерін генерал Рахимов есімімен атап, суға түсірген. Ал қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында Тәуке хан көшесінің бойында Жеңіс саябағында генерал Сабыр Рахимовтың еңселі ескерткіші бой түзеді. Сонымен қатар, 2012 жылы мамыр айының 8 жұлдызында мен білім алып отырған мектепте С.Рахимовтың 110 жылдығын кеңінен тойланып өтілді. Осы мерекеде мектепке генерал-майор Сабыр Рахимовтың бюсті орнатылды.

Мектебіміз генерал атына лайықты, дамыған заманға сай тұлға қалыптастыратын нұрлы шуақ келешек азаматын жетілдіретін құзіретті орта. Ал ұстаздарымыз сол ортаның қозғаушы күші. Ұстаз сөзіне лайықты болу- заман талбына сай жаңашыл, ізденімпаз, шығармашыл, әрі өз мамандығын шексіз деген сөз. «Ұстазы жақысының ұстамы жақсы»- деген сөз бар. Баршамызға белгілі

болғандай, XX ғасыр технологиялар ғасыры болса, XXI ғасыр интеллектұлды ғасыр болып отыр. Интеллектісі жоғары адамның білім-парасаты, таным-тағылымы, түсінігі кез келген сыртқы ықпалға орнықты тұра алады. Осындай мәдени құндылықтарды бойымызға дарыту үшін мектебіміздің жаңашыл, тәжірибелі ұстаздары аянбай еңбек етуде.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың таяуда халықымызға жолдаған жолдауында мектеп түлектеріне мол сенім артып, 3 тілді меңгерген интеллектуалды оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игерген болуы тиіс екендігін мәлімдеді. Осы жолдауға қолдау көрсете отырып, мектебімізде оқушының интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығуға шабыттандыратын, жаңаны түсіне білуге деген құштарлығын оятуға бағытталған «7x7» білгірлердің интеллектуалдық ойыны ұйымдастырылып отырылады. Бұл ойында топ мүшелері өзін-өзі дамыта отырып, түйткіл мәселені шешудің ең тиімді жолдарын табуға ұмтылады. Бұл шара мектебіміздің білім дәрежесінің көтерілуіне игі ықпал жасауы сөзсіз.

Өмірге тек тәрбиелі әрі білімді жастар ғана емес, ең алдымен дені сау ұрпақ қажет. Дені сау бала – ең жоғарғы әлеуметтік құндылық. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектебімізде түрлі спорттық байқаулар, жарыстар ұйымдастырылып отырылады. Теннис, вoleyбол, баскетбол, дойбы үйірмелері үздіксіз жұмыс жүргізуде. Оқушылардың да белсенділігі жоғары деңгейде. Жас спортшыларымыз аудандық футбол, вoleyбол жарыстарында жүлделі I, II орындарға иеленіп келеді. Ал 10- сынып оқушысы таэквандо бойынша Азия чемпионаттарына қатысып, талай рет жүлдені қолқалады. Бұл мектебіміздің атағын одан әрі асқақтатты.

Мектебіміздегі ән-күй үйірмесінің мүшелері «Гүлдер» биші қыздары өткізілетін әр іс- шараның көркі десем, қате болмас. Мың бұралған сұлу қыздарымыз өз өнерімен мерекелік шараларда көптің көңілін тәнті етеді.

Генерал-майор Сабыр Рахимовтың 110 жылдық мерейтойы мектебімізде ерекше тойланды. Облыс көлемінде өткен өткізілген бұл салтанатты жиында өте көп қонақтар болды. Оқушылар тамылжыта ән айтып, күмбірлете күй төкті, сахналық қойылымдар көрсетті. Келген қонақтарды генерал-майордың асқан ерліктері, майдандағы әккі офицер екендігін дәлелдейтін көріністер қатты тебірентті. 11 сынып

оқушылары жаттаған өлеңді естіген кезде жылтылдап жанарына жас үйірлді, жүректер лүпілдеді.

Аяусыз ғой қу соғыстың ызғары,
Талай жүрек сұм соғыста мұздады.
Ерлігіңді есте сақтап Ел іші
Ұмытпайды бейбіт күннің ұлдары.

Әбден риза болған қонақтар жаңа ашылған Сабыр Рахимов бюсті қасына гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Бұл шара көпке шейін шәкірттердің жүрегінде қалып, генералдың есімімен аталған мектептің оқушысы екендерін мақтаныш етті.

Жаза берсем, жүрегі нәзік, бір бойынан ерлікте өрлікте табылатын генерал-майор Сабыр Рахимов есімімен атлатын менің мектебімнің жетістіктері ұшан-теңіз. Ұстаздары ақ жүзді, абыройлы, жаңашыл әрі тәжірибелі. Олардың нәтижелі еңбегі шәкірттер жетістігінен көрініп тұр. Біз, оқушылар, келешекте Отанымызға, туған жерімізге мол пайда келтіретін, озық ойлы азамат болып, белгілі бір мамандықтың шебері болуды мақсат еткенбіз. Осындай салмақты жауапкершіліктің ішінде біздің нақты үлесіміз әрі міндетіміз – терең білім алып, шынайы шығармашылық қабілеті қалыптасқан, интеллектуалды шәкірт болу.

Қаратай Айдана

11 сынып, Қ.Әбдәлиев атындағы орта мектеп Шымкент қаласы

Бірлігі жарасқан қасиетті мекенім

Қазақ елі – Еуразияның жүрегінде орналасқан, тарихы бай үлкен мемлекет. Қазақ халқы жүзі жайдарлы, пейілі кең, қонақжай халық екені бүкіл әлем жұртшылығы үшін аян шығар. Барша халыққа тарихымен де, ерлігімен де, мәдениетімен де, салт-дәстүрімен де үлгі болатын тұғыры биік алып мемлекет. Қазақ жерінде туып-өскен әрбір қазақ баласы – біреуде болса біреуде болмайтын үлкен бақыт иесі. Құс ұясыз болмайтын сияқты, адам отанынсыз болмайды. Каспий теңізінен Алтай өңіріне дейін созылып жатқан қасиетті өлке – қазақ жері. Қазақ елі десе, ең алдымен, бірлігі жарасқан халқы, шалқыған көк теңіздей жайлауы, түтіні бұрқыраған ауыл көрінісі, бағында бұлбұл құсы сайраған, көгінде қыран құсы самғаған, көлінде аққу

құсы қиқулаған бақыт мекені елестейді. Қазақ елі – бүкіл әлемге үлгі болатын мемлекет. Қарап отырсақ, қазақ елінің мәдениеті, салт-дәстүрі де өзгеше. Адамды адал жолға жетелейтін, ақ пен қараны ажыратуға, қараңғылық уақытта күндей жарқ етіп, үнемі тура жолда жүруімізге басты бағыт, бағдар беретін салт-дәстүріміз- қазақ даласында туған ата-бабаларымыздың бізге ана сүті арқылы берген үлкен тәрбиесі, ата-бабаларымыздан келе жатқан мәдениеті. Бұлбұл құсының даусымен барабар әнші апаларымыздың ерекше даусы, қос ішекті аспаптың қоңыр сазды үні - қазақ даласына тән ерекше құбылыс. Мен қазақ елінде, қазақ жерінде туғанымна қуанамын. Дана да дара халқымның ұрпағы болу – мен үшін нағыз бақыт. Келешек қазақ жастары қазақ екенін әрқашан мақтан тұтады. Себебі, біз – тарихы мен тұғыры биік Қазақстан дейтін алып мемлекеттің ұрпағымыз!

Бүгінде міне, тәуелсіздіктің нұрлы таңы атты. Тәуелсіздік алып, еліміз ірге тасын қалап, егеменді ел болдық. Арқамызды кеңге жайып, бақытты елге айналдық. Көк туы көкте желбіреген, ынтымағы мен бірлігі жарасқан, көп ұлт өкілдері баянды ғұмыр кешуде. Барша ұлтты бауырына басқан бауырмал қазақ халқы біреуді артық, біреуді кем деп көрмеген. Татулық пен достықты серік еткен. Тәуелсіздік алу жолында есімі ерекше аталатын тұлға Н.Ә.Назарбаев. Тәуелсіз ел болып, басшысы ретінде осы Н.Ә.Назарбаев атамызға үлкен сенім артып, міндет жүктеді. Елімізді өркендету, еліміздің болашағын айқындату – бұл кісінің басты арманы, басты бағыты болды. Н.Ә.Назарбаев – елге, барша әлемге танылған, өмір еңбектің шытырманы жолдарынан өткен, шыңдалған, болашақты көрегендігімен саралап, болжай білетін азамат. Н.Ә.Назарбаевтың жүргізген саясаты бойынша елдің экономикасы жақсарып, өзге де саладағы тың жобалар жүзеге асырылып, қарқынды дамыды. Бұл игі істер көзі ашық, көкірегі ояу азаматтың елі үшін жасаған, көшбасшы бола білген ұлы тұлғаның ұлы ісі.

Еліміз әлемдік деңгейге көтеріліп, дамыған елу елдің қатарына қосылдық. Н.Ә.Назарбаев жасаған «Қазақстан-2030» стратегиялық жоспары елдің экономикасын көтеріп, қазақ елінің қарқынды дамуына үлкен септігін тигізді. Бұл жоба тәуелсіз еліміздің сол кезеңде болашағын айқындап, ілгері жылжитты. «Қазақстан-2030» стратегиялық жоспарында көрсетілген міндеттер мен тың жобалардың мезгілінен бұрын аяқталуының өзі қазақ елінің еңбексүйгіш, соның ішінде көшбасшының даналығын көрсететін

ғажайып көрініс болды. Ендігі кезекте елімнің дамуын қарқынды үдететін ел басшының «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жоспары. Бұл жоспар бойынша дамыған отыз ел қатарына қосылу – басты нысанада. Жасалынып жатқан бұл жобалар, бұл идеялар – ұлт қамқоршысы ретінде жасаған игі істер. Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан-2050» стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге, қазақ халқына, айрықша жауапкершілік жүктеледі. Тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз. Үдеудің сыры-бірлікте, жүдеудің сыры-алауыздықта. Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты. Біз бәріміз бір атаның қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу- ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар ол-тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» стратегиясы – осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік ел» боламыз»- дейді осы жолдауында. Ия, ата-бабамның бізге тарту еткен сыйын өз уысымыздан шығармай, елдің ертеңін жақсартатын біз-мына жастар. Елбасы айтып өткендей бірлік бар жерде еліміз «Мәңгілік ел» болмақ. Ел ағаларының үмітін, кейінгі ұрпақ ақтай білейік!

Осындай бірлігі жарасқан елде туған әрбір қазақ баласы қандай бақытты десеңші? Тарихымен де, ерлігімен де, мәдениетімен де бүкіл әлемге үлгі болатын бақытты ел. Бақыт құсы қонған, көгінде көк туы желбіреген бақыт мекені. Алдыңғы буын ағаларымыздың ақ үмітін міндетті түрде біз, жастар, ақтаймыз! Біз көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз! Аңсарлы азаттығымыз бен тәу етер тәуелсіздігіміз баянды болсын! Қазақ елі мәңгі жасасын!

Қаспақбайтегі Әйгерім

11 сынып, Кемелұлы атындағы орта мектебі Созақ ауданы,
Жартытөбе ауылы

**Айбынымызды асқақтатар, рухымызды биіктетер –
ел рәміздері**

Мемлекеттік рәміздер – белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін белгі. 1992 жылғы 4 маусымда қабылданған мемлекеттік нышандарымыздың төл тарихының бастауы да тым әріде жатыр. Мемлекеттік нышандар тарихы да ел тарихының ажырамас бөлігі. Ол да халық тағдыры туралы сыр шертеді. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев ту шашағын сүйіп тұрып: «Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін, күніміз мәңгі сөнбесін!

...Ұлттық рухты осыншама кемел жеткізген Елтаңба әлемде сирек кездеседі десек те, артық болмас. Айбынымызды асырып, рухымызды аспандатар Елтаңбамыз құтты болсын!»-деп тебіренді.

Нұрға малынған күн оның аясында еркін қанат қаққан дала қыраны және қазақы оюдан жасалған тік жолақ тудың шымқай зерен көк түсіне көлеңке түсіріп тұрмағандығын да айтқан жөн. олардың бәрі бірдей алтынмен айшықталып, көз жауын алардай әдемі зерленген. Өзара әсем үйлеседі.

Халқымыздың талантты ұлдарының бірі – Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков ұсынған жоба. Негізінде жасалған қасиетті көк байрағымыз, тәуелсіз мемлекетіміздің қыран қанатты көкшулан туы, міне, осындай!

Мемлекеттік елтаңба Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихановтың ой-қиялы, маңдай терімен дүниеге келген. Елтаңба толық шеңберге сыйып тұр. Әрі мән-мағынасы да тереңде жатыр. Тіршілік, шексіз өмір нышаны. Шынайы шеберлікпен шендестірілген түндігі – аспан күмбезіндегі асыл шырақ – күн бейнесін елестетсе, уықтары – одан тарап жатқан алтын сәулелердей әдемі әсер қалдырады. Қисынын тауып, керегелердіңкөрінісін де бере алған. Әр бөлшегі әсем айшықталған шаңырақ алдымен өз халқымыз, одан қалды қатар тіршілік кешкен басқа ұлт өкілдері бар бірлесіп, кереге – уықтай кірігіп, күш-жігер жұмсап аяғынан тік тұрғызуға кіріскен қасиетті отауымыз – тәуелсіз мемлекетімізді мегзегендей болады да тұрады. Келесі бір құранды бөлік – ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі. Елдік нышандарда арғымақ бейнесін пайдалану – өте ертеден келе жатқан үрдіс.

Ал жылқы – түлік біткеннің төресі. Оның жолға беріктігі мен жүрдектігі, еті мен қымызының қоректік және шипалық қасиеттері жанға дәру болса, ойынды айтпай көзіңнен ұғатын қасиеті мен талғампаз кірпияздығы мінез-құлқындағы тектілік ретінде жоғары бағаланады.

Елтаңбадағы енді бір назар аударатын белгілер маңдайдағы бес бұрышты жұлдыз бен елдің аты. Тәуелсіз мемлекетіміздің құшағы бес құрлыққа бірдей ашық, әлемдік өркениет көшіне өз болмыс-бітімімізді сақтай отырып, ілеспек ниетіміз бар дегенге мегзейтін бес бұрышты жұлдыз бізге бұрыннан таныс.

Ол халық жүрегінің лүпілін тұмар қып түйген музыкалық сәлем хат іспеттес. Ел басшылары ресми сапарының беташары болатыны да содан.

Алуан әуеннің арасында жаңылыспай таныр, бойымызға ата-баба қанымен қоса дарыған ажарлы айшығынынан музыкалық символымыз жүректерге жол тапқан өнер туындысы екенін соңғы сынақта тағы біррет дәлелдеп шықты.

Әрине, Әнұран жеке адам тіршілігінен гөрі, бүкіл бір қауымның өмір салтына, мемлекеттік іс-қимылына көбірек қатысты. Әнұран тек әуеннен ғана тұрмайтыны белгілі. Оның өлеңі де қасиетті.

Бойтұмар жырда халқымыздың еркіндікке құштар көңілі, тамыры терең болмысы, еңселі ертеңіне бағышталған арманы жақсы көрініс тапқан. Сол сияқты төл рухани қазынамызды танытар халықтық қасиеттер, бейбіт пейіліміз бен досқа ашық құшағымыз туралы толғаныс та орынды шыққан.

Туға тағзым – тарихқа тағзым, туға құрмет – елге құрмет. Елтаңба мен Әнұран жөнінде де осылай деуге болады. Өйткені олар – біздің елдік белгіміз, елдің құты, қасиеті. Ал елін сүйген оның бойтұмарларын да қасиеттер болар.

Қосмырза Жансая

10 сынып, №25 «Ә.Молдағұлова» ЖОМ Сарыағаш ауданы
Жетекшісі: Мусаева Б.

Мен қазақпын!

Қазақ халқы – ежелден еркіндік аңсаған халық. Тәуелсіздік – қазақ жұртына оңай келген жоқ. Сан ғасырлардан бері дербес ел болуды көкसेген халқымыз еркіндік пен азаттық жолында талай асудан

асты. Түркі халқының ата-бабалары, яғни сақтар, ғұндар өз жері мен елінің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін сыртқы жаумен күрескен Томирис, Зарина сынды сақ патшалары өздері мекендеген жерді көздің қарашығындай сақтап, ата-бабаларынан қалған ұлан-ғайыр жерді өзге жұрт өкілдері таптап кетпес үшін қасық қаны қалғанша күресті. Сондықтан да біздің арғы түп ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан кең байтақ жерді, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келген ұлан-ғайыр өлкемізді қорғау біздің басты міндетіміз болуы тиіс.

Айтып өткеніміздей бостандық, теңдік тәуелсіздік өз бетімен келген жоқ! Қаншама адам құрбан болды. Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы желтоқсан! Осы бір жан түршігерлік оқиға қазақ халқының мәңгі есінде қалды. Желтоқсан көтерілісі – еліміздің болашағы, бостандығы, егемендігі үшін болған күрес. Ежелден еркіндік аңсаған ер халықтың асыл мұраты – еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреп, «Егемен болмай, ел болмас, етекпен кесіп жең болмас», - деп жырлап өтті. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы аса шытырман талас-тартыспен тәуелсіздікке жетті. Тәуелсіздікпен бірге егемен Қазақстанның жаңа тарихының да жаңа беттері ашылды.

Тәуелсіздік! Қандай киелі сөз! Ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық аңсап өткен киелі сөз! Осы тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтарымыз қаншама?! Олар елдің қамы, жердің қамы үшін қан төгіп, ақыр соңында солар төккен қызыл қанның арқасында «Тәуелсіздік» атты бақытты қолымызға қондыра білдік, осы киелі сөздің мағынасын ұғына білдік!

Тұлғасы Елбасымының жеке дара, - деп ақын ағаларымыз жырлағандай бүгінде Елбасы десек тәуелсіздік, тәуелсіздік десек елбасы айға оралып, нұрлы, бейбіт, бақытты күндеріміз алтын сәулесін шашады. Еліміз тәуелсіздік алғалы жеткен жетістіктеріміз бен көрген жақсылығымыз, еліміздің қуаттануына және гүлденуіне Елбасының еңбегімен сараптау саясатының арқасы деп білеміз. Елбасы еліміздің өркендеп, өзге елдермен тереземіздің тең болып, иық тіресе биікке қарай өрлеуімізді кемеңгерлікпен ұйымдастыра білді. Ол бүгінде 130-дан астам ұлт өкілдерін бір шаңырақ астына жиып, татулық пен бірліктің тізгінін ұстаған кемеңгер көшбасшы.

«Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру. Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі-өркендейді», - деп Елбасымыз айтқандай, қазақ тілі – мәңгілік тіл деп білемін. Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыған халық та жер бетінен жоғалады. Ана тіліміздің тұғыры, тағдыры үшін баба-

ларымыз қам-қарекетсіз болған емес. Халқымыздың аса бай рухани құндылығы – туған ана тіліміз. Ол – қазақ тілі. Ана тілі – әр адамның өз ұлтының жан дүниесімен мәдениетінен, ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры. Онсыз халықтың аты бар да, заты жоқ. Осындай қасиеті мен құдіреті күшті халықтың рухани қазынасы тіл туралы ұлы тұлғалар ой қозғаған. Академик Радлов: «Қазақ тілінде түрлі мәдениетке енгізген әсері француз тілінің Еуропаға тигізген әсерімен бірдей», - деп ана тілімізді бағалаған. Сондай-ақ Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі әр түрлі тілдердің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады», - деп қазақ тілінің сан қырлы жақұттай таза, бай екендігін толық жеткізеді. Сонымен бірге «Қазақтар шешен әрі әдемі сөйлеудің шебері», - деп Бауыржан Момышұлы өз ойын толығымен аша біледі.

Міне, Қазақ жұрты өз тілінде сөйлеуді мәдениеттілік белгісі деп, ана тілін құрметтеп қадірлеген ел бола білді. Сондықтан да ана тіліміздің мәртебесі асқақтай берсін!

«Біз қазақ деген – мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз, дәм- тұзды ақтай білген елміз, дәстүрімізді сақтай білген елміз», - деп Қазыбек бабам айтқандай ең даланы жайлаған көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының өзіне тән, өзге ұлттардан ерекшелейтін салт-дәстүрлері бар. Халқымыз ғасырлар бойы жинаған бай қазынасы, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып өз жалғасын табуда. Халқымыздың әдет-ғұрыппен дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз.

Бүгінгі таңда біздің еліміз әлемде тәуелсіз Қазақстан Республикасы ретінде танымал. Елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері өзара тату, түсіністікте өмір сүруде. Қазақ халқы осы достықтың негізі болып табылады. Отанымызды, рәміздерімізді құрметтеп, патриоттық сезімімізді нығайта түсейік. Келешекте елімізді қорғауға, өркендетуге, гүлдендіруге сапалы білім, саналы тәрбиемізбен ат салысайық.

Мен – Қазақпын! Осындай Қазақ елінде туып-өскен, өскеніме бақыттымын! Қазақ елі – мәңгілік ел. Өскелең ұрпақ барда, қазақ елі өшпейді. Асқақтай бер, Қазақстан!

Тәуба, тәуба Тәуелсіздік туының желбірегеніне де 23 жыл болып қалды. Төрт құбыламызды түгелдеп, тәуекелдің кемесіне мініп

Құлшықова Бақытжамал

9 сынып, А. Пушкин атындағы ЖОМ Мақтарал ауданы,
Мырзакент кенті.
Жетекшісі: Касымова Д.Е.

Мен журналист болғым келеді
Журналистика – ар-ұждан
Мен қоғамның айнасы

Ия, неткен өгіп бара жатқан уақыт десеңізші?! Мен тоғызыншы сынып оқушысымын, бірақ қазірден ой үстіндемін, мен журналист болғым келеді. Уақыт шіркін тез өтуде адамдар бір-біріне қарамастан арпалысу-да әркімнің өз тіршілігі, өз өмірі. Біз өмірге адам болып туылғасыносы Отанымызға, ата – анамызға пайдалы азамат болуымыз керек. Ал журналист ең алдымен, өмір көрінісін беретін, халыққа қызмет көрсететін қоғамға өте пайдалы адам. Бүкіл әлемде болып жатқан қазіргі заманғы зор өзгерістерге байланысты журналистика да жаңа көзқарасты, жаңа ұғымды, жаңаша ойлауды қажет етеді. Уақыт өткен сайын ішкі-сыртқы саясат баспасөз, радио мен журналистиканың алдында тың міндеттер қояды, ондай міндеттерді орындау үшін жан-жақты дамыған, саясаттан көп хабары бар тұлға болу керек. Сондықтан мен көп ізденемін, оқимын, баспасөзге шыққан материалдарды көзден таса қылмауға тырысамын үнемі оқып, ой түйіп жүремін. Алаш елінің ардақтысы А.Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда: «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тіліне айналды».

Жалпы алғанда журналистика өте қиын мамандық және қауіпті. Журналист басқаға ұқсамайтын, өзгелерден айырмашылығы бар мамандық. Ол өз, еңбегі арқылы қоғамға, адамға қызмет етеді. Ол әркез жаңаны жақтаушы, бар жақсылықты қолдаушы болып табылады. Сөйтіп газет-журнал немесе радио мен телевидениенің жұмысын атқарып, творчестволық қызмет жасайды. Ол редакция жұмысында бірінші — ұйымдастырушылық, екінші – әдеби өңдеу, үшінші шығармашылықпен айналысады. Бұл үшін оған білім мен қабілет керек. Оған қоса өмірдегі құбылыстардың мәнін түсіне білу де үлкен қасиет болып саналады. Қандай оқиғаны болсын тапқырлықпен, сенімді түрде, көз жеткізіп жазатын болуы керек. Жұртқа өмір жайлы толғап айта білу де үлкен өнер. Ол үшін тіл, сөз байлығын қолдану қажет.

Журналистер бір тыным таппайтын жандар, үнемі іздену үстінде жүреді тіпті ұйқы кезінде де сол бір ізденген тақырыбын ойлап жата-

тын тұлғалар. Яғни олар халықтың мұң-мұқтажына араласып, қоғамда болып жатқан оқиғаларды шынайы түрде жеткізіп отыратын адамдар.

Әрбір мамандық білім мен күш, қабілет талап етеді. Мен де өзімнің арманыма жетіп, қоғамға қызмет еткім келеді. Менің арманым адамдар арасында жүріп, олармен тіл табысу, қандай да бір мәселелерге ой қосу, шешімін табу.

Сондықтан өз жұмысымды ертеңгі таңда жақсы атқару үшін өз қабілетімді одан әрі дамытып отырғым келеді. Ақыл-ой, эрудиция бірінші орында тұруы керек.

Сондай-ақ журналистің жеке бас мәдениеті көп нәрсені аңғартады. Журналист мәселені терең білуі аса қажет. Онсыз журналистің табысты жұмыс істеуі екіталай деп ойлаймын. Бұған қоса журналист кең пейілді, жаны жомарт, жақсылыққа құштар, мейірімді, жақсы дос, қиналғанда қол ұшын беретін жан болуы да үлкен қасиет. Ол менмендіктен аулақ болуы керек, өзін-өзі ұстауы мен іс-әрекеті арқылы өзгелерге үлгі-өнеге бола білгені жөн. Журналист жұртпен тіл табысқыш болса тіпті жақсы. Осы өз арманыма жету үшін мен барынша тырысып жүрмін, журналистерге тән қасиеттерді қазіргі уақыттан бастап өзімнің бойыма сіңірудемін бірақ оған көп күш, қайрат, табандылық қажет екен. Айттып өтетін бір жайт ол осы өзімнің таңдаған мамандығым арқылы өз ана тілімді дәріптесем, яғни өзге ұлт өкілдеріне ана тіліміздің кеңдігін, байлығын, ұғындырсам әрі қызықтырсам деймін.

Қорыта айтқанда халық сөзін, халық назын жүректен жүрекке жеткізу, адам баласының жүрегіне қуаныш сезімін ұялату, халықтың үні жетпей жатқан жерлерге дауысын жеткізу менің келешектегі міндетім деп ойлаймын!

Құрман А.

9 сынып, Ғ.Мұратбаев орта мектебі Отырар ауданы,

Қостерек ауылы

Жетекшісі: Омарова Р.Г.

Қазақстан – бейбіт өмір мекені

Менің туып-өскен жерім – егеменді Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер

мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде аңдар мен құстар, неше түрлі жануарлар тіршілік етеді. Сол жерде біздің ата-ба-тырларымыз, ақындарымыз, ғалым-дарымыз туып өскен.

Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық-нағыз жоқтық»,-деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау-әрбір азаматтың бірінші міндеті. Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да барын, да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Өйткені Отан біз үшін оттан да ыстық.

...Менің Отаныма деген сыр сандығым қашан да ашық...Міне, менің анам бесігіне тербеп, аялап өсірер – Отаным! Топырағына құт дарыған осындай өлкеде дүниеге келгеніме өте бақыттымын. Туған жер-алтын бесік. Әлдилейді, тербетеді. Әлемде менің елімдей ел жоқ деп айқайлап айтқым келеді. Мұның сыры туған жерге деген ыстық махаббат та сияқты. Қасиетті Отаным – Қазақстан бағзы замандардан бері ата мекенім, бүгінгі біздің, кешегі бабаларымыздың құт мекені. Сонымен бірге бесіктен бастап, аялы алақанына салып, ер жетіп есейгенде біздің азаматтығымызға баға беретін ұлы анамыз.

Қазақ халқы ертеден-ақ, үш нәрсені бойтұмардай қасиет тұтып, қадірлеп өткен ғой. Олар-туған ел, жер, ана тілі. Осы жолда қайсар халқым атқа қонып, қолына найза ұстап, қаншама қиын жолдарды басынан өткерді?! Олар білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған кең байтақ қазақ жері-біздерге қалдырған мұрасы, тапсырған аманаты. Бабалар аманатына адал болу-ортақ міндетіміз. Байтақ ел, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Еліміз күннен күнге көркейіп өсуде. Тәуелсіздік алғаннан бері атқан таңымыз арайлы, алдағы өміріміз сансыз қиялдарға толы. Алда ұзақ, үлкен асулар бар. Оған тек жүрек пен білім, талап пен талант керек.

... Отан болашағы алдындағы жан-жақты жауапкершілік, адамгершілік, ақыл, парасат, қажырлы қайрат, шебер ұйымдастырушылық қабілет таныта білген тұлғалар тарих төрінде, тарихи өшпес мұра болып қала береді. Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі, Шығыс жастарының ұйымдастырушысы болған белгілі қоғам қайраткері Ғани Мұратбаев

есімі елге ғана емес, әлемге әйгілі... Ол өз басына дарыған жігер күшпен ақыл-парасат иесі. Шығыс жастарының жалынды жетекшісі – Ғ.Мұратбаев Қазалының қасиетті топырағында, қазіргі өзінің атымен аталатын ауылда Мұратбай болыс шаңырағында 1902 жылы 3 маусымда дүниеге келген. Ғани өз заманына сай, уақыт толқынына ілесе білген асқақ ойлы, ер кеуделі өрен еді. Елдің жоғын жоқтады, халқымен бірге мұңайды, бірақ болашаққа сенді. Халқымыздың ардақты да, абзал азаматы, аққан жұлдыздай аз жасап, артына мол мұра қалдырған. Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі, көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы-демократ Ғани Мұратбаевтың ел мүддесі үшін жасаған жанқиярлық еңбегі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Мұндай қоғамдағы үлкен рөлі бар дара тұлғаны ұмытпас үшін, ел кісінің атына көптеген көшелер, мемлекеттік мекемелер берілуде. Соның бірі біздің ауылымыздағы Ғ.Мұратбаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі. Бұл оқу орнының біз үшін орны бөлек. Себебі, маған білімге апарар бақытты көрсеткен осы мектебім екеніне сенімдімін. 1999 жылы 7 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы Қостерек елді мекенінде дүниеге келдім.

Ал қазір мен осы мектептің 9 сыныбында оқимын. Дәл қазірге дейін барлық сыныптарды мақтау қағазымен аяқтадым. Осы тоғызыншы сыныпты да ойдағыдай аяқтағым келеді. Бұл уақытқа дейін көптеген қоғамдық, мектепшілік олимпиадаларға қатыстым, аудандық конкурстардан да алған орындарым болды. Жалпы өзімнің жақсы көретін сабақтарым: әдебиет, сызу, физика, алгебра және тағы басқа. Мектептегі көптеген үйірмелерге қатыстым. Жалпы өзім волейбол, баскетбол, теннис ойнағанды ұнатамын. Алға қойған мақсаттарым өте көп. Көптеген жетістіктерге жеткім келеді, әрине білім саласында. Жоғарғы оқу орнына түсіп, білімімді әлі де жетілдіргім келеді. Қоғамда өз орны бар, мемлекетке пайдасы тиетін жұмыс жасағым келеді. Менің армандарым өте көп. Ол армандарыма жету үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Қазақ халқының абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы тәуелсіздігіміздің намысын қорғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезіну керекпіз.

Қазақстан – ұлы отаным

Отан. Бұл сөзді естігенде, ойға алғанда әрбір адам баласының жүрегі езіліп, ден бойы шымырлауы анық. Себебі, әрбір қазақ деп, халық деп соққан кеудедегі жүрек болған соң және нағыз патриот жандар болғандықтан. «Отан отбасынан басталады». Бұл мақалдан не түсінеміз? Әрине, бұдан түсінетініміз әрбір адам баласы ең алдымен өз әке – шешесін, бауырларын, яғни өз отбасын сүйеді, бағалайды және сыйлайды. Осылайша өз отбасын құрметтеген адам өз Отанын да дәл осылай сезімдермен қабылдай алады. Отан – туып өскен жерің, кіндік қаның тамған, тай құлындай ойнап өскен өлкең. Отанға деген махаббат, сүйіспеншілік, құрмет – мұның барлығы анаға деген ыстық сезіммен пара пар бола алады. «Отанды сүю – өркениеттіліктің белгісі» дегендей барынша осындай іс-әрекеттерді айтып қана қоймай соны жүзеге асыруымыз қажет.

Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз.

Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды,

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана қазақ халқымыз. Ұлы ақын, кемеңгер Абай айтқандай «Біріңді қазақ, біріңді дос, көрмесең, істің бәрі бос». Сол секілді жұдырықтай түйілген, бірлігі жарасқан, тас қамалдай берік Қазақстан – менің отаным, алтын ұя мекенім. Негізінен кез келген адам баласының борышы, парызы – Отан алдындағы парызын өтеу. Сондықтан да мынадай бейбіт заманда да әрбір азамат Отанды қорғай алады. Ол деген қолға қару алу емес, өз отаныңның білімді, өркениетті, сауатты да салауатты перзенті бола алу. Міне, қазіргі таңда біздің отанымыз яғни Қазақстанның көп көңіл бөлініп жатқан мәселесі келешек, өскелең ұрпақтың сауатты болуына, анығырақ айтар болсақ елбасымыздың мән беріп жатқан мәселесі осы. Қазіргі таңда бұл саясаттың жемісін татуға аз – ақ қалғандай. Тіпті, оны көріп те жатқандаймыз. Соңғы он жылда біздің еліміз Қазақстан бұрынғысынан да көркейе, көріктене түсті.

Сонымен қатар атағы ел-елге тарап, таныла бастауда. Алғашқы жылдары атлған дамыған елу елдің қатарына ену болса, ендігі мақсат яғни дамыған, озық отыз елдің қатарынан көрініп, Қазақ елінің экономикалық болсын басқа да жағдайларын одан әрі жандандыра түсу және ең бастысы халықтың орташа жасының сексенге жеткізу. Әрине егер көп жасаған халық, көбейген ел болатын болса Отанымыздың жасары да мол болары анық. Мұның барлығын да еліміздің көшбасшысы бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» секілді «Нұрсұлтанның нұрлы жолын» құрып келе жатқан, сындарлы саясатын ұтымды, халыққа өтімді етіп ұстап отырған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Алдағы уақытта Отанымыз жоспардағы ғана жетістіктермен ғана шектелмей, асқар асу белдерді бағындырары хақ.

Біз – елдің болашақ ұрпақтары «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсуіміз керек. Сонда елімізде әрқашан да және де мәңгілікке бейбітшілік орнары анық. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» дейді емес пе? Елімізді, жерімізді, Отанымызды ойлайтын азаматтар әрқашанда көп болсын!

Марат Іңкәр

4 сынып, Т. Әлімқұлов атындағы лицей Созақ ауданы
Шолаққорған кеншары
Жетекшісі: Алтаева Мақпал

Менің әжем

Мен қолыма мектеп оқушылары арасында өтетін байқау туралы ережені алып, оқып танысқанымда есіме бірден нағашы әжем жайлы жазсам ғой деп ойлады. Білмедім, дұрыс па, бұрыс па әже деген сөзге анықтама берейін десем қиындау сияқты. Ал тереңірек ойлансам ол асыл анамның – асыл анасы. Анамның анасы болғандықтан әрине, маған нағашы әже. Мен ес біліп, есейгелі қандай жағдайда болсын яғни, қуанышымыз, тойымыз немесе менің анам перзентті болып жатқанда бірінші жетіп, қуанышы қойнына сыймай жүретін де осы әжем. Әжем, әжем деп айта беріппін, бұл кісінің өзімен сіздерді

де таныстырып қояйын. Ол – Зәуре Дөненбекқызы Еденбаева. Бұл кісі Алматы қаласындағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтында «Мектепке дейінгі тәрбие» бағытында 27 жылдан бері осы аталған институтта қызмет етіп келеді. Әжем туралы жазылған газет-журналдарды оқығанымда төбем көкке жетеді. Сонша жыл тек еңбек етіп, сол жерде жүре бермей, көптеген мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарына керекті әдістемелер мен бағдарламалар жазыпты.

Еңбекқор, жаны нәзік, мейірімді, жанашыр, білімді әжетайымды өзін танитын туыс-тумалары ғана емес, мектепке дейінгі тәрбиеде жүрген адамдардың барлығы да сыйлайды екен.

Өзімнің тілім «р» дыбысын дұрыс айта алмайтынмын. Бір күні әжем: «Сен қашан «р» дыбысын дұрыс айтасың, сонда ауылыңа қайтасың» демесі бар ма? Бес жасар маған бұдан өткен қаталдық жоқ сияқты болып көрінді. «Р» дыбысынан келетін сөздердің бәрін тіземін, бәрібір дұрыс айта алмаймын. Менің жанымның қиналып тұрғанын әжешім түсінген болуы керек: «Іңкәр, сен және сенің атаң жайлы өлең тақпақ бар екен, соны жаттайық», - деді. Әжем тез арада ойластырып шығарды білем, өйткені анау айтқан атақты ақын емес, бірақ біз жаттап, біз айтып жүруге жарайтын өлеңдерді әжем жадынан шығарады.

Қарапайым ғана «р» дыбысы көп өлең жолының ішіндегі маған ең ұнағаны атамның Марат деген аты еді. Шынында жорғасына мініп келіп тұрғандай, «Іңкәрім, жүр үйге» дегендей болды. Расында 4-5 қатар өлеңнің ішінде 25 «р» дыбысы тұрса, әрине бұл дыбысты мүдірмей айтып кетесің. Сөйтіп, «р» дыбысын дұрыс айтып кету бақыты менің де басыма қонды. Әжем де мәз болып: «Міне, көрдің бе, айта алады екенсің ғой» - деп, ыстық құшағына алып, мені біраз мақтап, бетімнен сүйді. Тағы бір әжемнің ерекшелігі кез-келген әнді нәшіне келтіріп орындап, онымен қоса, біздің бірге айтып, әрбір сөзін түсініп, қазақ тіліне тән қ, ғ, ң, ұ, ө дыбыстарын дұрыс айтуымызды қатаң бақылауға алады.

Осы өлең жолдары арқылы менің жұдырықтай жүрегіме патриоттық сезімді ұялатып, есейген шағымда қазақ елінің, қазақ жерінің мақтанышына айналатын баласы болып өсуді көздегені ғой. Мені балабақшаға жеткізіп салғанға дейін, кешке үйге жеткенге дейін әжемнің жағы шаршамай ма? – небір мақалдар, мәтелдер, әңгімелер мен ертегілер айта беретін. Мұның бәрін мен біліп алады деп емес, құлағының бір шетінде сақтайды ғой дегені ғой. Расында, мен одан жаман болған жоқпын. Мектепті тек 5 оқудамын. Маған күйсандық

сатып әперіп, музыка мектебіне де жаздырған әжем. «Алатау» әнін үйреткен де әжем.

Шыңына көз жетпес,
Көркіне сөз жетпес.
Басынан қар кетпес,
Өзіне тау жетпес.

«Іңкәртай, әсем Алматыда аспанмен таласқан Алатау болса, сенің туған жеріңде қарт Қаратау бар. Сондықтан осы бала кезіңнен таудай биік, таудай талапты, таудай асқақ боп өссең мен бақыттымын. Осы сенімімді сен ақтайды деп сенемін. Өйткені, сен өте ақылдысың», - деп жігерілендіреді.

2012 жылы менің әжемнің авторлығымен «Сиқырлы қалам» интерактивті кешені (мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарына арналған) жарық көрді. Қазақ және ағылшын тілінде. Жаңа интерактивті кешен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту талаптарына сәйкестендірілген, қолданыстағы тиімділігі дәлелденіп, бүгінде мектепке дейінгі тәрбие мекемелері жаппай пайдалануда. 60 ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінен тұратын кешенді жасауда әжем қаншама тер төкті десеңші, шіркін!

Арман қала Алматыда, Алатаудың бөктерінде тұратын әжемнің еңбегі еленіп, 2013 жылдың қыркүйек айында ұлы хан «АБЫЛАЙ ХАНҒА 300 жыл» медалімен марапатталды. Әжетай, менің қуанышымда шек жоқ! Сондықтан да, өзіңізге деген сағынышпен, құрметпен қуанышыңызға ортақтасып, «Нағашы әже» атты шығарма жазуды парызым деп, мен де өзіңізге ұқсап ақ жүрегімнен, сәбилік сезімімен мына өлең жолдарымды арнаймын:

Асылдан да қымбаттым,
Ақыл әже, ақ әже.
Біз келгенде өмірге,
Шын қуандың Сен, әже.
Ақ маңдайлы, ақ жүзің,
Тотықпасын жан әже.
Немере, шөбере, шөпшектерге,
Той жасап жүр, бақ әже.

Мұса Әсел

9 сынып Отырар ауданы, Қоғам ауылы

Жетекшісі: Қазақбаева А.

Туған жер

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап - ақ әрбір жеке тұлға адам да отанға деген махаббат езімі оянады. Менің отаным кішкене болса да, мен үшін аса қымбат жер Отырар ауданы Қоғам ауылынан бастау алады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнаған достарыммен өткен қызық күндерім әлі есімде. Туған жердің қадірін ұясынан ұзаққа кеткен адам ғана түсінеді. Туған жердің топырағы, суы мен ауасы, түтіні де қымбат. Адамның өскен жері адамның жанына, сана - сезіміне әсер етіп, мәңгілік есімде қалады екен. Мен тұратын өлкенің табиғаты әсем. Ағаштар арасында серуендегенді ұнатамын. Құстары сан алуан әуенге салып сайрағанда, адамның көңіл-күйін жақсартады. Жерге жабысып өскен түрлі құлпырған гүлдері бейне бір түкті кілемдей көзді қызықтырады. Салқын жел, таза ауа, жасыл желекке оралған дала деуге болады. Туған жердің түтіні де ыстық.

Отырар тарихи орта ғасырлық қала. Отырарда небір атақты, дүлділдер туылған. Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби, сазгер Шәмші Қалдаяқов, ақын Мұхтар Шаханов, сатирик Көпен Әмірбеков секілді ұлы даңқты тұлғалар дүниеге келген аймақ. Қоғам ауылынан шыққан, қазір де ерекше дарынымен көзге түскен, журналист, «Жеті күн» және осы «Орталық» бағдарламаларын жүргізіп жүрген Нұрсұлтан Құрманды айта кетуге болады. Осындай жерде туылғаным әрдайым мақтан тұтам. Осы туған жер үшін қаншама ержүрек, батыр ұл-қыздарымыз жаулармен шайқасып, келешек ұрпақ үшін бабаларымыз жандарын қиған. Сондықтан да оны қадірлеп ұстауымыз керек. Туған жер, атамекен әр адамның тағдырын құрайды. Отан табиғаты ерекше ыстық. Оның тауы мен тасынан да, өзен көлінен де, тіпті құмы мен шөлінен де әсем әуен естуге болады. Әр адам өз туған жерін құрметтеу және сүйу керек. Туған ел, жер туралы ақын-жазушылар ұлы шығармалар, ән-жыр жазған. Ең алдымен адам, өз елінің перзенті, өзінің туған жеріне жан-жүрегімен берілген азамат болуы керек.

Елін, жерін сүйетін адам туған топырағының кешегісін бүгінмен, бүгінгісін ертеңімен жалғастыра алады. Бойында ұлттық намыс пен ұлттық мақтанышы бар адам өз еліне адал қызмет етіп, оның жарқын болашағына сенеді. Отанын қастерлеп, білімі мен еңбегін елінің барлық мүддесін, игілігіне жұмсайды. Дүние жүзінде біздің елімізден басқа да алуан түрлі мемлекеттер мен жерлер көп, бірақ адамның туған анасы да біреу, оның Отаны да біреу ғана. Біздің Қазақстан көп ұлтты мемлекет. 130-дан астам ұлттар мен ұлт өкілдері мекендейтін полиэтникалық мемлекет. Қазақстан – қазақ халқының мекені. Бұл жерде ата-бабамыз өмір сүрді. Оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Қазақстан даласы дарқан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы.

Мен елімнің патриоты ретінде елімді қорғаймын. Қазақстанның бас қаласы – Астана қаласы. Ол – жас қала, бірақ ол қазір өсіп, гүлденуде. Астанада «Бәйтерек», «Думан», «Ханшатыр» бар. Ол өте көркем қаланың бірі. Біз туған еліміздің перзентіміз, сондықтан анамдай болған туған жерді әрқашан мақтан етеміз! Қазақстанның жиырма екі жылдық ғұмырына көз салсақ, ауыз толтырып айтарлықтай, көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктер. Өз елімнің дамуына теңізге тамған тамшыдай болса да үлесімді қосамын деп ойлаймын. Қазақстаным өрлеп, мәңгі биіктен көріне бер!

Нуридин Гүлнүр

9 сынып, «Қоссейіт» орта мектеп

Шардара ауданы

Оңтүстік Қазақстан облысы

Ерлікке тағзым

Ерлікке тағзым жасау әрбір азаматтың қасиетті борышы. Жылма-жыл ақпан айының ортасында біз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарының алдында бас иеміз. Өйткені бұл соғыста 18-19 жасар өрімдей жас жігіттер жазықсыздан жазықсыз құрбан болды.

Ауған соғысы – КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. 1978 ж. Ауғанстанда сәуір айында билікке таласқандар арасында төңкеріс болып, оның арты аяқталмас соғысқа айналды. Бұл қасірет елдің тек

өз ішінде ғана емес, оған сырт мемлекеттердің қатысуымен де ұзаққа созылды.

Аса құпия қаулымен бекітілген шешімнің салдарынан Орта Азия Республикаларының түпкілікті ұлтынан жинақталған арнайы әскер құрамы жасақталды. Бұйрық бойынша жасақ «мұсылман» ұлты өкілдерінен құрылуы керек болды.

Батальонға аулымыздан бір отбасының «көзінің ағы мен қарасы» болып отырған жалғыз ұлы Ташенов Құрманбай да алынады. Бұл жағдайдан ата -анасы мүлдем хабарсыз болатын. Құрманбайлар Ауғанстанға жеткеннен кейін ғана ауылға хабар келген. Олар жаз бойы арнайы мамандықтар бойынша дайындалыпты. Әрине, бәрі де жасырын түрде болатын. «Жалғыз баласы бардың, шығар-шықпас жаны бар» деген сөзді халқымыз босқа айтпаса керек. Ата-анасына қосылып, бүкіл ауыл болып, күндіз-түні құдайдан тілеуін тіледі.

Бұл соғыс ешкімге абырой әпермеді. Жаңа билік ауған жеріне үстемдігін жүргізе алмады. Оны мемлекет басшылары кеш ұқты. Балшыққа белшесінен батқан басшылар енді былғанбай шығудың жолын іздестіре бастады. Өздерінің «Ауған халқы үшін күресте жеңіліс тапқандығын» мойындады. Талайдың тағдырын тәлкекке салған Ауған соғысы 10 жылға созылды. Жауынгерлердің бірі ғана міндеті – бала жастан санамызға сіңірген патриоттық тәрбие Отан алдындағы борышын өтеу, қабылданған антына берік болу еді. Олар борышын адал атқарды. Эттең, қаншама қазақ отбасы қасіретке душар болды. Бұл соғыста көптеген отбасының шаңырағы шайқалды. Қайсыбір ана боздағынан айырылса, кейбір әйел жесір, кейбір бала әкесіз, кейбір отбасы панасыз қалды. Енді ғана азамат атанып, әскер қатарына алынған жігіттеріміз ауған даласында жан тапсырды. Ал кейбіреулері із-түзсіз жоғалып кетті. Аяқ-қолдан айрылып, қан төгіп, мүгедек болғандар қаншама?!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ауған соғысы туралы: «Ауған соғысында қыруар қаржы шығындалды, мыңдаған өмір қиылды, бәрібір кеңес әскерлеріне бұл елді тастап шығуға тура келді. Халық үшін бұдан асқан қасірет бар ма?»- деген ойлы сөзі бар.

Жиырма бес жыл. Биыл ауған соғысының аяқталғанына 25 жыл толып отыр. Бірталай уақыт өтсе де, соғыстың зардабын тартып жатқандар қаншама?

Аллаға шүкір! Осындай қиыншылықтарды көзімен көріп басынан өткізіп, аман - есен отбасына оралған ағамызды бүкіл ауылымыз, бүкіл оқушылар әр жыл сайын құрметтеуде. Әңгімелерін тыңдап, ұлтжанды

азамат болуға талпынудамыз. «Біз көрген қасірет, көз алдымда жоқ болған жолдастарым ешқашан да есімнен шығар емес», - дейді ағамыз өз сөзінде.

Бүгінгі жастар, біздер, ағаларымыздың Отан алдындағы борышын адал орындағанынан, олардың патриоттық сезімінен тағылым алуымыз керек.

Қорыта келгенде, әр халықтың, әр адамның қасиетті борышы - Отаны үшін жанын пайда қылған азаматтарды мәңгі есте сақтап, құрметтеу. Тарихта ерекше орын алатын «Ауған соғысы – жүректе жазылмайтын жара» ретінде азаматтардың бойында мәңгі есте сақталып қалатынын ешқашан ұмытпайық дегім келеді. Себебі олар берілген тапсырманы орындау кезінде мерт болды, ерлік жасады. Ерлік пен елдіктің тамаша үлгісі болып қала береді.

Оразбай Сандұғаш

11 сынып, Жамбыл атындағы мектеп-лицейі
Отырар ауданы

Ұлттық тәрбие – бүгінгі мен болашақ негізі

Ұлт боламын десең бесігіңді түзе... Иә, расында бұл сөздің астында қаншама мән-мағына жатыр десеңші. Елім деп өткен қаншама ерлеріміз қазақ елі үшін жанын аямай, қасық қаны қалғанша елі үшін күресті. Мұндағы ерлігіне қарап тұрсаңыз, жүрегінде еліне деген, қазақ ұлтына деген патриоттық сезімнің шоқтығы биік екендігін аңғарасыз. Ал, қазір жастардың сана сезімінің жоғары бола тұра әлсіреп бара жатқандығын байқаймын. Айналып келгенде бұл мәселе қазақ елінің ұлттық тәрбиесінің әлсіреуіне әкеліп соқтырады. Неге біз әлсізбіз? Неге ойлау қабілетіміз төмендеп бара жатыр? Ал, бұл сұраққа жауап іздеп көрейін. Мүмкін, Ыбырай атамыз айтқандай «Айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызды», - дегендей интернет желісі арқылы санамызды улап алдықпа, әлде бізге тәлім тәрбие беруде қазіргі заманның өзі әлсізбе деп ойланып қаламын. Әл-Фараби бабамыз айтқандай: «Балаға ең алдымен тәрбие бер, білімді де тәрбие беру үшін бер», - дейді. Қазіргі жастардың көбі нашақорлық және де алкогольді заттарға машықтанып алды. Кітапханаларды араламай, түнгі клубтар мен интернет желілеріне де құмартып алды. Ал, мұндай азаматтар елдің тұтқасын қалай ұстамақ деген ой келеді. Елбасының

көрегенді саясаттарының арқасында бұл мәселе де өз жауабын табар деген тұжырымға келдім.

Сырлы әлем... Сырлы заман... Сырлы ғұмыр... Сырлы жаратылыс... Қарап тұрсаң бұл өмірде сырлы. Ең Ұлы сыр – адамзат. Адамзат баласында рухани күш жатыр. Ал, мұны көбісі байқамайды. Өзіндегі тылсым күшті көрсете алмайды.

Егер менің қолымда билік болса, адам өзгермейді дегеннің тілін кесер едім! Адам өзгереді, ол өзін-өзінің білімділігімен өзге де елдерді тамсандыра алады. Мақсатсыз жанталасып жүрген адамнан өз мақсатын көзден таса етпеген адам әлдеқайда артық. Біз Қазақстан жастары «Жаңғырамыз» деген позицияны ұстанған халықпыз. Әрқайсымыз өз алдымызға мақсат қоя білуіміз керек. Сонда ғана біз өз еліміздің ұлттылығын ұстап қала аламыз!

Оразбай Сандуғаш

11 сынып, Жамбыл атындағы мектеп-лицейі
Отырар ауданы

Сөзіңнің мәнділігі – мәңгілігі...

Осы, менің бір байқағаным, әдеби шығармаларды немесе шешендік кітаптарды оқып не естісем құлағымның құрышы қанғандай болады. Ондай әңгімелерді естісең қызыға, сүйсіне тыңдайсың. Ал, қазіргі таңда әдеби кітап, шешендік сөздерді оқитын жастар қайда!? Кейбіреулерінің аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрады. Барынша кедей сөйлейді. Егін арасына шыққан арам шөп секілді, үйреншікті, бұралқы сөздермен сөйлейтін жастарымыз да аз емес, оны күнделікті өмірде де байқап жүрміз.

Жаңа ғасыр мен жаңа мың жылдық табалдырығынан егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Осындай зайырлы ел болып отқанымызда, тіліміз орышаланып, бұрмаланып жатса ол бізге мін емес пе!?

Римнің шешені, екінші Цицирон атағын алған Марк Фабий Квинти-лианның өзі «Жақсы шешен болғы келсе, алдымен жақсы адам бол» деген түсінікке бәрін сыйғызуға тырысқан. Мен Квинтилианды дәріптегелі тұрғаным жоқ, тек қана жақсы адам болсаң, тілің алмас қылыштай өткір, шешен болатындығымызды айтқым келеді.

Ендігі ойымды, Шәкәрімнің мына бір сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Сөзіңді түзе – ол әдетіңе айналады. Әдетіңді түзе – ол мінезіңе айналады. Мінезіңді түзе – ол тағдырыңа айналады...»

Орымбек Әсел

10 сынып, Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектеп
Ордабасы ауданы

Елімнің рәміздері мақтанышым!

Жұмыр жер бетіндегі мемлекет атаулының қай-қайсында да шет елге өзіндік бет-бейнесін танытатын белгілері – ел нышандары (туы, елтаңбасы, әнұраны) болатындығы белгілі. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының да ондай белгі – нышандары болған.

Рәміз адамның санасы мен ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Заттың тілдік белгісі сол заттың ақпараты, хабары ретінде түсініледі. Белгі мен мағына арасында тығыз қатынастық байланыс болуында. Халық өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға мән, мағына бере отырып, оның негізгі белгілерін салыстыру, ұқсату, абст-ракциялау т.б арқылы қасиеттерін жинақтап, ортақ белгілерінің жиынтығы негізінде жаңа ұғымға атау қойған. Шындық болмыс үнемі қозғалыста және шығармашылық даму үстінде болуы заңдылық. Демек, рәміз де өзгеріс пен дамудан тұрады.

Елтаңбаның негізінде қазақта «Шаңырағың биік, керегең кең, босағаң берік болсын» деген сөз бар. Осы үш сөз негізге алынды. «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» деп келетін аңыз-жырлары жасымыздан жаттап өскендігіміздің арқасы шығар, елтаңба нышандарын өткен тарихымыздан іздеп, оны бүгінгі күнмен байланыстырған. Елтаңбадан сол елдің тарихы, дәстүрі, рухы толық танылып тұруы тиіс. Оның пәл сапалық мән-мазмұны айқын ашылмаса болмайды. Осы ретте әлемдегі талай елдің елтаңбаларын салыстыра қарап шығуға тура келген. Мәселен, қос басты бүркіт, қылыш пен қалқан, ауызын арандай ашқан арыстан бейнеленген елтаңбалар аз емес. Тіпті Австралияның елтаңбасында кенгуру, Африка елдерінде қолтырауын бейнесін елтаңбаға енгізген елдер бар. Әр халық өзі қасиетті санайтын жан-жануарды мемлекеттік нышан еткен де жайы бар. Бастапқыда «шаңырақ қазаққа тән емес қой» деген сыңаржақ пікірлер де болған. Сонда «ау, Абай да, Абылай да сол шаңырақтың

астында дүниеге келген жоқ па?» деген уәж айтылған. Аңыздардан арқау тартқан пырақ бейнесіне де қарсы келгендер болмай қалған жоқ. Біле білсек, жылқы да өз кезегінде өркениеттің дамуына ықпал еткен ғой. Ал қазақ – төрт түлікке жақын халық. Қанатты пырақтың қойылғаныда сондықтан болуы керек. Алтын киімді адам қазақ жерінен табылды. Ал оған дейін де бұл далада үлкен мәдениет болды ғой. Болмаса сондай ғажап ескерткіш тақыр жерде тұра қала ма?... Елтаңбадағы шаңырақты, яғни біздің бейбітшіл Отанымызды қорғау қажет болды. Яғни босағаны берік қылуды ойлаған. Бұл үшін жеті буыннан тұратын мүйіз таңдалды. Жеті буын бір жағы қазақтың «жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» дегенін аңғарту. Жалпы, қазақ мүйізді қастерлеген. Оған қатысты түрлі ырым-нанымдары аз емес. Пырақтың қанаты бір қарағанда бидайдың бауланған сәтін еске салады.

Әнұранымыз отаншыл, ұлтжанды рухыңды аспандатып, алпыс екі тамырыңда тәңірлік күштің қуатын буырқандырып, тік тұрып қарсы алып, қасқайып тұрып тыңдайтын, шабыттана жан дүниеңмен беріле шырқайтын сұлу саз әлгі қасиетті сөздермен қосылып айтылатын халықтың жан дауысы, құдіретті әуені.

Мектебіміздің әрбір жиыны көк байрағымызды рәсімдеуден басталады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заң күші бар жарлығының 3-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын қастерлеуге міндетті» екендігін жариялаған.

Қорыта келе, мектебімізде рәміздерді насихаттауда көптеген сыныптан тыс сайыстар, апталықтар және ертеңгіліктер өтіледі. Оқушыларға рәміздерді оқып-үйрену, Отанын шексіз сүйге, қастерлеуге әрқашан елінің өсіп, өркендеуіне үлес қосулары қажет.

Оташ Гүлбану

11 сынып, Тілеубердин ЖОМ
Шағыр елді мекені, Арыс ауданы

Қазақ қашан да қазақ

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды. Біздің туған жеріміз Қазақстан Республикасы, осынау ұлан-ғайыр, шексіз де шетсіз тәуелсіз елде туып-өскенімізге аса қуаныштымын. Біздің Қазақстан – дүние бәйгесінде еңсесі биік ел. Қазақстанның болашақ жастары еңсесі биік мемлекетте өмір сүргеніне қуанып,мақтану керек. Егеменді елдің ұл-қыздары Қазақстанның еңсесін одан әрі биіктетуге өз үлестерін қосуға міндетті. Қазақстанның болашағы артуы үшін, біз өз тарихымызды ұмытпай, тілімізді шұбарландырмай, дінімізді сақтауымыз керек,-деп ойлаймын.Тек осы әдістермен дамытып қана қоймай,бар күшімізді, білімімізді жаңа ой,керемет жоспарларымызды паш етуіміз керек. Қазір біз шынында да бақыттымыз, себебі біздің отанымыз,өз тіліміз, дініміз, желбіреген көк туымыз, керемет мағыналы елтаңбамыз, әнұранымыз бар.

Сондықтан да біз тәуелсіз мемлекет деп аталамыз. Қазақта “Отаны бірдің тілегі бір, жүрегі бір” деген жақсы сөз бар. Жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір, атасы басқа болса да Отаны бір қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп, дүние жүзі мойындап отырған Қазақстан атты елміз. Көп ұлт өкілдері тұратын ел болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз. Өз халқын сүйген адам ғана оның тағдыры үшін алаңдай алады. Қазақстан халқы – Ассамблея арқылы Қазақстандық патриотизм моделін өмірге келтіріп отырған халық, оның айғағы – еліміздегі татулық пен келісімнің дүние жүзінің басқа елдеріне үлгі бола алғандығы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Патриот болу – Қазақстан мемлекетін өз жүрегінде сақтау» деген сөздері терең ой салады. Өз елінің патриоты болу әрбір азаматтың парызы мен міндеті. Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім өз-өзінен қалыптаспайды, ол оқу-тәрбие үдерісінде мемлекеттік саясат негізінде жүргізілуі керектігін бүгінгі заманның өзі талап етіп отыр. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу.

Адам баласының әрқайсысының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар.

Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі үдеріс. Әр ұрпақ өзінен бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғандықтан өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді. Әлем тарихында патриоттық тәрбие туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен. Менің пайымдауымша, патриоттық тәрбие сүйенетін негізгі ұғымдар – «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм». Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын адам бойына сіңіру. Тереңірек пайымдасақ, мұның өзі ұлтымызды ұлылауға бағытталып, ілгеріде жүргізілген кереғар ұлт саясатының кесірінен ұмытылып қалған дәстүрлердің жаңғыруы ұлттық патриотизмді күшейте түседі. Ал Қазақстандық патриотизм – Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Ең бірінші әсер Тәуелсіздікке қол жеткізген аға, әпкелеріміздің ерліктері болса, туған жерге деген сүйіспеншілік, ерлік жасауға негіз болатын оқиғалар барлығы әдеби шығармаларда беріледі, әдебиетіміз тікелей тарихпен байланысты, ал тарихымыз біздің осы күнге жеткен қиын да, аңсаған жолымыз. М.Жұмабаевтың «Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі» деген нақыл сөздері де бар. Ұлтжанды, Отанын сүйген патриоттар салт-дәстүрін, тілін, дінін жетік білген азаматтар болмақ. Қазіргі уақытта «Қазақстандық керемет» деген ұғым пайда болған. Ол тек бастамасы. Оған нағыз сай болу үшін жан-жақты дамуымыз керек. Қазақ – құдыреттілігі, имандылығы, адамгершілігі көзінен, жүрегінен көрініп тұрған, патриоттығы ішінде ұйып жатқан кең халық. Бұл келешек жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Менің пайымдауымша, жалпы халықтық патриотизм отбасынан, мектеп қабырғасынан қалыптасады деп ойлаймын. Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Адамға ұлттық патриоттық тәрбие беру тек қана мектепте ғана емес жоғарғы оқу орындарында кең көлемде жүргізілуі тиіс. Ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір оқытушы өз тәрбие жұмысының негізгі мақсатын от жүрегі Отан деп соғатын жастар тәрбиелеу деп түсінсе, ұлт болашағына, ел тыныштығына сеніммен қарауға болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде

айтылған еліміздің тұтастығын, оның тыныштығын мемлекетімізге қауіп төндіретін қандай да болмасын ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі – жастарымызды отаншылдық, елжандылық, патриоттық қасиеттерді сақтауға шақырады. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан елінің жас ұрпақтарын отаншылдыққа тәрбиелеу – аса маңызды идеологиялық міндеттеріміздің бірі деп білеміз. Ал оны елдің туын, елтаңбасын, әнұранын қастерлеуден, заңды, өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн» деген сөздерімен қорытындылай отырып, еліміздің әрбір азаматы өз елінің патриоты болсын десек, оның бойындағы патриоттық сезім отбасында, балабақшада, мектеп қабырғасында қалыптасуы тиіс деп ойлаймын.

Пердеш Дана

11 сынып, №8 орта мектебі
Жетісай қаласы

Егеменді елімді мақтан тұтамын

Егемендік... Тәуелсіз ел... Қазақстан Республикасы... Иә, бұл сөздер елін сүйетін шын патриоттар үшін қашан да болмасын ыстық естілетіні анық.

Дербес мемлекет болып, көк туымызды желбіреткенімізге аз ғана уақыт болса да уақыт өткен сайын ел өркениеті мен экономикасы жоғарғы деңгейге өрлеп, қарқынды дамуда.

Өткен күнді парақтасақ, азаттық алу үшін басымыздан нелер өтпеді десеңізші?! Халқымыздың тәуелсіздікке дейін көрмеген азабы мен тартпаған зардабы қалмады. Тәуелсіздік таңы үшін күрескен Ләззат, Қайрат аға-апаларымыз секілді қас батырлар арқасында мемлекетіміз бүгінде бейбіт өмір сүруде.

Жалпы қазақ жұрты бұрыннан кең пейілді, ақ көңіл, жетімі мен жесірін жылатпаған, мейірімді де дана және өнерлі халық болған.

Оның дәлелі ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан, қазірге таңда да ұмыт болмаған шешендік сөздеріміз бен суырып салма айтыс өнеріміз ел мәдениетін биікке көтереді.

Еліміз – өзгеге жамандық тілемейтін, бейбітшілік пен татулықты өзіне ұран еткен ынтымағы жарасқан мемлекет. Тіпті, рәміздеріміз де оның айғағы бола алады. Әрбір рәміз ынтымақтың, бірліктің символы.

Көк туымыз аспанымыздың ашықтығын, оның ортасындағы бейнеленген шуақты күн халқымыздың шексіз мейірімділікке ие екенін көрсетеді, қыран құс әрдайым биіктерден көрініп, тек қана алға жылжудың белгісі болса, ал тудың оң жағындағы ою қазақтың ұлттық құндылығын білдіреді.

Елтаңбадағы уық пен шаңырақ керегеміздің кеңдігін, шаңырағымыздың биіктігін және берік екенін, жоғарыда орналасқан жұлдыз бүкіл қазақ халқының жұлдызы жоғарыдан жарқырасын деген ұғымды білдіреді. Қанатты пырақ – азаттықтың символы.

Ал енді Әнұранымыз жайлы айтатын болсақ, тыңдаған кезде белгісіз тылсым күш тұла бойымызды шымырлатып жібереді. Мектеп қабырғасында жүріп әр таңымызды мемлекеттік әнұранымызбен қарсы аламыз. Сөздері де әсерлі. Әсіресе:

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.

Деген шумақты естіген кезімізде жігерімізді ұштап, кез-келген азаматты патриоттық сезімге тәрбиелері сөзсіз.

Егеменді еліміз өз тәуелсіздігін алып, көк байрағымызды жоғары көтергеннен кейін де алға жылжуы мен сәтті қадамдарын тоқтатпады. 23 жыл аз уақыт болса да, БҰҰ сияқты әлемдік деңгейдегі бірнеше ұйымдарға мүше болды. Дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылды. Президентіміздің қолдауымен ана тіліміз қазақ тілі халықаралық дәрежеге көтерілді. Елбасымыздың 2014 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы идеологиялық «Мәңгілік ел» бағдарламасы бойынша білім және денсаулық саласына ерекше назар аударылып отыр. Сонымен қатар елдің әлеуметтік жағдайларын жақсартуға байланысты қазірдің өзінде біршама шаралар жүзеге асырылды. Қазақстан сияқты 17 миллион халқы бар, жер көлемі жағынан дүние жүзі бойынша 9-шы орынды иеленетін мемлекетті басқарып, халықтың жағдайын жасап, еліміздің экономикасын жоғары деңгейге көтеріп отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа да айтар алғысымыз шексіз!

Көшбасшымыз Жолдауында айтылғандай: «Өзгенің қателігінен өнеге алып, дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын!»

Мен аспан түстес Көк туымызды, патриоттықа баулайтын әнұранымызды, ел мақтанышына айналған елтаңбамызды және 17 миллионнан астам халықты басқарып дәреметке жеткізіп отырған, елдің ынтымағы мен татулығын сақтап отырған Елбасымызды мақтан тұтамын. Қазақ еліміздің ғұмыры ұзақ болсын!

Ратбай Жанэль

8 сынып, №2 орта мектеп
Шымкент қаласы

Қазақ тілінің қоғамдағы қолданысы

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі не? Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – Қазақ тілі. Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тіл – еліміздің іргетасы, «Ұлттың қуаты тілінде». Тілдің адам өмірі үшін мәні айрықша. Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем». «Тіл – асыл ойдың бұлағы». «Тіл – құдірет». «Тіл – тәуелсіздік тұғыры». «Тіл – ұлттың жан дүниесі». Тіл құдіреті – ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз опық жегізіп, өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді. Тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында Қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Халқымыздың тілге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес, ана тілге деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін сөздер көп-ақ. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Осы сияқты ой тұжырымдардың баршасы ел аузына түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты

сөздер.«Тәрбие басы – тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз ХІ ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Иүгінекидің есіміне қатысты. Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көреміз.

Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөздерге айналдырған зиялыларымыз да баршылық.Бүгінгі Қазақ тілінің тағдыр мен болашағы Елбасын аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар Ел басының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген сөзі бар. Ал кейінгі 2005 жылғы жолдауында айтылған «Біз барша қазақстандықтарды біріктіруші басты факторлардың бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» деген уәжінде Қазақ тілінің Қазақстан халықтарының басын біріктіруші ұйытқы болуын көздеп отыр. Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Солай бола тұрса да бізде қазір көптеген қазақтар үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарылтып, қолданылу аясын әлсіретеді, тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өздері орыс тілінде сөйлейді, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Басты кемшілігіміз – осы.Қазір көптеген жастар ана тілін дұрыс білмейді. Ауылдық жерде жақсы, қалалық жерлерде тіл құнарлылығы сұйыла түскен. Қазақ тілінің жанашыры болған сатирик ақын Шона Сымаханұлының бір шумақ өлеңінде осындай жағдайды сипаттайды:

Қазіргінің баласы,
Көп білем деп көкіді.
Әкесінің жазғанын
Аудармадан оқиды.

«Ұлттың тілі – ұлттың ділі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы – ана тілі.

Қазіргі кездегі қазақ тілінің қолданылатын қоғамдық салалары – әртүрлі, әр деңгейлі. Тілдік қолданыстың қоғамдық қызметін зерттеушілердің айтуынша, қазақ тілі: білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салалары бойынша біршама кеңірек қолданылады. Алайда, қазақ тілі мен орыс

тілі арасындағы қызметтік (функциялық) шекара күні бүгінге дейін әлі нақтылана қойған жоқ. Сол себептен, оның қандай деңгейде екені туралы әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулердің қажеттілігі қазір бізде жетекші орынға шықты. Әсіресе, қазақ-орыс қостілділігінің біздің қоғамдық өмір салтымыздағы бүгінгі функциясын айқындау туралы еңбектердің маңызы зор болып отыр.

Рысқұлбеков Нұржан

11 сынып, Қажымұқан атындағы
мемлекеттік мекемесі
Шымкент қаласы

Менің Президентім

Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Бірінші желтоқсан - Тұңғыш Президент күні. Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (1940) – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті. Туып-өскен жері – Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылы. Днепродзержинск техникалық училищесін (1960), Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орынын (1967), Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетіне қарасты Жоғары партия мектебін (1976) бітірген. Экономика ғылымның докторы, академик. Еңбек жолын 1960 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газдаушылығына дейінгі жолдан өтті. 1969 жылдан бастап комсомол және партия жұмысына ауысты. Жоғары мемлекеттік және партиялық қызметтерді 1979 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланған кезден атқара бастады. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы (1984-1989), әрі Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі (1990-1991), Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы (1990 жылдың ақпан-сәуір айлары) болып қызмет атқарды. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1990 жылдың 24 сәуірінде Н.Ә.Назарбаевты Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының ең алғашқы Президенті етіп сайлады. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президенті ретіндегі қызметінің заңға сәйкес екенін 1991 жылы 1 желтоқсанда

өткен ең алғашқы бүкілхалықтық сайлау одан әрі орнықтыра түсті. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауының Қазақстан Республикасы болып өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысына сәйкес Н.Ә.Назарбаев 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті лауазымымен қызметке кірісті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Басқолбасшысы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының Төрағасы, Қазақтардың Дүниежүзі Қауымдастығының Төрағасы, Қазақстанның, Ресейдің, Өзбекстанның және басқа да бірқатар шет елдің жоғары ордендері мен медальдарымен марапатталған. Нұрсұлтан Әбішұлы әлемнің аса ірі мемлекет басшылары мойындаған Қазақ мемлекетінің ең алғашқы басшысы, дүние жүзіне әйгілі саясаткерлердің бірі. Ол ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тал бойына тоғыстырған алымды да алғыр басшы. Ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысын терең білу, маңдай тіреген проблемалардың ең елеулісін тап басып тани алу, ел ішіндік және әлемдік ахуалдармен санаса отырып ұрымтал әрекеттерге бару, сол жолда таңдалған бағытын табандылықпен жүзеге асыру – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет басшысы ретіндегі басты қасиеті. Н.Назарбаевтың бастамасымен тәуелсіз Қазақ елінде дүниежүзілік тарихи маңызы бар істер атқарылды. 1991 жылдың күзінде 40 жылдан астам уақыт бойы адамзат баласына от бүркіп, апат қауіпін төндіріп келген Семей ядролық сынақ полигоны жабылды. 459 ядролық жарылыс өткен бұл полигон енді мәңгіге тыншыды. Туған елінің тыныштығын, адамзаттың қауіпсіздігін ту еткен Н.Назарбаев Америка Құрама Штаттарының, Ресейдің, Францияның билеушілерімен ұзақ та күрделі келіссөздер жүргізіп, ядролық қаруды Қазақстаннан аластауға 1994 жылы келісті. Бұл біз үшін өтеуі қымбат келісім еді. Өйткені ядролық державалар (АҚШ, Англия, Россия, Қытай, Франция) Қазақстанның тәуелсіздігіне, егемендігіне және бүгінгі шекараларының өзгермейтініне құрметін білдірді, Қазақстанның тәуелсіздігіне территориялық бір тұтастығына қарсы күш қолданбауға міндеттенді, Қазақстанға экономикалық қысым көрсетуге бармайтынын мәлімдеді. 1995 жылы соңғы ядролық қару Қазақ елінен әкетілді. Осылайша адамзат тарихында тұңғыш рет жойқын қарудан ерікті түрде бас тартқан мемлекет пайда болды.

Президент Н.Назарбаевтың көптеген бері қолға алып, практикаға енгізіп келе жатқан іргелі идеясы – Еуразиялық одақ құру. Бұл, әрине,

бұрынғы Кеңестер Одағын тірілту емес. Еуразиялық одақ қос құрлықты мекендеген мемлекеттер мен халықтар арасындағы интеграцияны жаңа сапалы биіктікке көтеру. Алғашқы нәтижеге де қол жетті. 2000 жылдың күзінен бері бес мемлекеттің басын қосқан еуразиялық экономикалық одақ өміп сүріп келеді. ЮНЕСКО күнтізбесіне Абайдың 150 жылдық, М.Әуезов пен Қ.Сәтбаевтың 100 жылдық, Түркістанның 1500 жылдық мерейтойларының енуі, Париж бен Лондонда, Берлин мен Токиода Қазақ арыстарының аттары құрметпен аталып, ән-күйлеріміз бұрынғыдай жалтаң көзденбей, барынша еркін, қуанышты көңілде шалқуы мәдениетімізді, өнерімізді, ғылымымызды ғана түлетіп отырған жоқ, санамызды, дүниетанымымызды, мінезімізді де жаңаша қалыптастыруда. Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында қыруар іс атқарылды. Бірақ олардың ішінде екеуін атап өту керек. Біріншісі – 1997 жылы Президент Н.Назарбаев ұсынған «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы, екіншісі – елорданың Алматыдан Астанаға көшірілуі. Үш ғасырға жуық уақыт бойы отаршылдықтың тауқыметін тартып, этнос ретінде шалажансар халге түскен Қазақ халқын ел етіп, ТМД елдерінің аясындағы ең көп тілді, көп конфессиялы Қазақстанның еңсесін көтеріп, тәуелсіздік жолымен алып жүру міндеті Нұрсұлтан Әбішұлының маңдайына жазылды. Бұл жолда да тәуелсіздікті тәу ететін, шынайы демократияға ұмтылған, ұлтаралық түсіністік пен достықты өмір салты еткен, болашағына сеніммен қадам басқан қазақстандықтардың символына айнала білді.

Президентіміз бізге: «Еліңнің патриоты бол!» дейді. Біз елімізді Нұрсұлтан атамыздай сүйеміз, еліміздің патриоты боламыз, еліміздің өркендеуіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосамыз. Туған елім, кең байтақ дархан далам – менің мақтанышым. Себебі, мен осы дархан далада дүние есігін аштым. Сол киелі жерде қанша ма талантты да зиялы, ақылды да мейірімді адамдар дүниеге келді! Елімнің алға қойған мақсатты мен міндеттерін, қуанышы мен жетістігін сенімділік пен үмітті басшылыққа ала отырып алға тартып келеді.

Мемлекет басқару – бұл өте қиын іс, мәртебелі міндет. Біздің Елбасымыз осы істерді атқаруға бар күш-жігерін жұмсайды. Қазақстанның әр облыс орталықтарына, аудандарына, қала, ауылдарына барып, халықпен кездеседі, біз сияқты оқушылармен кездеседі.

Елбасымыздың игі істерінің бірі – мемлекетіміздің Тәуелсіздігі. Тәуелсіздіктің арқасында еліміз көркейіп, Астанамыз гүлденіп келеді. Біздің елде тұратын жүз отыздан астам ұлт өкілдері бір-бірімен тату-тәтті тұрады.

Біз ең бай мемлекетпіз, халқымыз ең бақытты халық. Даламыз егісті, Ордамыз кеңесті! Біз өз болашағымызға сенімдіміз, біз өзіміздің Елбасыға сенім артамыз!

Сайлау Бекасыл

10 сынып, №6 мектеп- гимназиясы Мақтарал ауданы,
Жетісай қаласы
Жетекшісі: Молдабекова Ж.

Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз киеміз

Тәуелсіздік деген тәтті сөз емес. Ол – алаш деп түнемесі дөңбекшіген бабаларымыздың, ағаларымыздың әлде өкініштен, әлде өзекті өртеген намыстан былайғы жақын-жұрағатына көрсетпей, бармағын тістелеп отырып жанарына үйірген көз жасы. Ертеңіміз, елдігіміз не болады деген ұлы уайымы. Қазақ келешекте бодан болып жер бетінен мүлде жойылып кете ме, әлде іргелі елге айналып, көшін түзеп кете ала ма деген жүрекжарды сауалы.

Тәуелсіздік – халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Адамзат жиырмамыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік алақызбалыққа ұрынып, еліре аттаныпты. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Төңірегімізге көз тастасақ, көкте бір Тәңірге, жерде бір өзіңе ғана сеніп, көреміс жарықты көріп, бұйырмас ырзықты татып, сүйгізген ұрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмырға пейіл болдудан басқасының бәрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастағандай. Көңілге медет қыларымыз тек бұл ғана емес. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де жоқ емес.

Өйтіп біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуіміз керек. Бүгін Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта емес, бүкіләлемдік мәселелерді талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын өркениетті ел. Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесіне көз жүгіртсек, ежелден-ақ ата-бабамыздың өз жерін еш жауға бастырмағандығын, ұлын құл, қызын күң еткізбегендігін, жауына қатал, досына адал болғандығын байқаймыз. Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтан тұтар, бүгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар

ұлы тұлғалар аз болмаған. Ұшқан құстың қанаты талатын, жүгірген аңның тұяғы сынатын ұлан-ғайыр алтай мен Атырау арасын ата-бабаларымыз шыбын жанын шүберекке түйіп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Дұшпандарымызға қарсы аттанып, садақ асынып, қолына қылыш ұстаған Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Наурызбай сынды ерлеріміз жайлы жыр-дастандар біздің сана-сезімімізді көтереді. Түлкі бұлаң тарихтың қаншама бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымында тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Бізге бүгін қажет жігерліктің, біліктіліктің, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр.

Халық басына осындай қиын-қыстау заман зары туған шақта, Қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін сақтап қалды.

Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен ел мұңын, халық сырын түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында тапқырлығын таныта білген Абылай хан Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін іргесін кеңейтті. Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірінде қылыштан гөрі қалам қуаттырақ болды. XIX ғасырдың соңынан бастап тарих сахнасына қазақтың зиялылары шықты. Олар қолдарына қалам алып, қоғамдағы ащы шындықты жазды. Қазақ халқын дербес мемлекет болуға шақырды. Осындай халық зиялыларына қылышынан қан тамған Кеңес Үкіметі жалған айып тағып, қырғынға ұшыратты. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстар азаматтарының бар кінәсі – көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімдерін жақтағандары ғана. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ сарбаздарының ерен ерліктерін білмейтін адам кемде-кем. Солар көрсеткен үлгі, сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда жаңғыруына әкелді. Желтоқсан оқиғасы ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді. Ел болашағын ойлаған қазақ жастарының өмірін қиған бұл оқиға халық жүрегінде мәңгі дақ болып қалды.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.

Өздеріңдей жас өркені бар елдің
Ешқашан да еңкеюге тиісті емес жалауы.

Желтоқсанның мұзға жаққан алауы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Міне, содан бері 22 жыл уақыт өтті. Бұл – тарих үшін аз ғана уақыт болса да, бұл аралықта еліміз ауыз толты-

рып айтарлықтай жетістіктерімен мақтана алады. Әлемнің дамыған елдерімен иық теңестіре алатындай дәрежеге жетті. Егемен еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен, сан ұлттан құралған халқының ауызбіршілігімен аты шықты. Мұның барлығы алдымен, тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасы деп білемін. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз – Қазақстанның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіздік – халықтың тойы, бүкіл елдің тойы. Жауын торғайдай тоздырып, ірімшіктей іріткен ата-бабамыз сол тәуелсіздік жолында не көрмеді десеңші!

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Ал оны келер ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап, аманат етіп тапсыру – біздің азаматтық борышымыз. Еліміз берекелі, шаңырағымыз биік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

Қанша боздақ, жауқазындар жастайынан қиылды,
Аңсап жүріп азат, бейбіт бұл күнді
Сондықтан да ардақтап, қастерлейік,
Тәуелсіздік таңы атқан бұл күнді.

Сман Аружан

8 сынып, Абай атындағы орта мектеп-интернаты Арыс қаласы
Жетекшісі: Даутова Л.А.

Төлеген Тәжібаев

Көрнекті мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, нар тұлғалы азамат Төлеген Тәжібаевтың туғанына биыл 104 жыл толып отыр. Өзі жоқ болса да, оның шоғы әлі басылмаған жарық жұлдыз 1910 жылы қасиетті де, киелі Арыс топырағында дүниеге келді. «Жігітке – жеті өнерде аз» - дегендей Төлеген Тәжібаев сегіз қырлы – бір сырлы кісі болған. Оған дәлел қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы, Қазақ КСР-і ғылым академиясының академигі болған. Осындай азаматы бар қазақ елі бақытты. Төлеген Тәжібаевтың балалық шағы қиын қыстау кезеңде өтті, соғыстың зұлмат жылдарында көзінің ағы мен қарасындай ата-анасынан ерте айрылып, балалар үйіне тапсырыл-

ды. Балалар үйінен мейірімді орыс отбасы Кабановтар жас Төлегеннің тұлға ретінде қалыптасуына үлкен ықпал жасады.

Төлеген Тажібаев қандай жоғары мәртебелі қызметте жүрсе де адами қадірін түсірмеген, абыройын асыра білген абзал жан, көреген басшы, сан буын жастарды ғылым жолына бағыттаған ұлағатты ұстаз бола білді. Иә, Төлеген Тажібаев адам жанын жазбай танитын нағыз тәлімгер психолог еді.

Парсатты ғалым-ұстаз ірі қоғам қайраткері, ұлы даланың ұлы перзенті Т. Т. Тажібаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оның ғылыми мұралары мен тәлім-тәрбиелік еңбектерін бірнеше томдық жинақ етіп жариялап отыр. Болашақта да өскелең ұрпақ үшін Төлеген Тажібайұлының өмірі мен қызметінің ғибратын, тарихи мәнін танытатын еңбектерді жарыққа шығару, оның жарқын бейнесі мен есімін университет тарихында қалдыруға бағытталған барлық шаралар – біздің осы біртуар азамат алдындағы парызымыз.

Т. Тажібаев Мәскеудегі Н.К.Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясында оқыды. Онда озат оқып қана қоймай, өзінің ұйымдастырушылық қабілетін жан-жақты танытып, Академия комсомол ұйымының хатшысы болды. Осымен оның оқуы аяқталып, ғылыми зерттеу кезеңі басталады. Аспирантураны да сонда бітіріп шықты. Психология бойынша «К. Д. Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін қалаушы» деген тақырыпта белгілі кеңес ғалымы А. В. Веденовскийдің жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын тамаша қорғап шықты. Психология ғылымдарының кандидаты атанды. Ғылыми орта оның еңбегіне жоғары баға берді.

Психология саласындағы зерттеулері қазақ топырағында осы ілімнің дамуына, оның дұрыс қалыптасуына ізгі ықпалын тигізді. Тұлдыр жетім қалған баладан үлкен академик-ғалым, мемлекеттік, дипломатиялық тіпті халықаралық саяси қайраткер дәрежесіне дейін көтерілген халқымыздың даңқты перзенті, ұлтымыздың ұстыны болар ұлы тұлғасы өсіп шықты.

Аспирантураны психология мамандығы бойынша бітіргеннен кейін Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны – Абай атындағы ҚазПИ педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі және доценті болып қызмет етті. Білімдарлығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 1940 жылы Қазақ КСР оқу-ағарту Халық комиссарының бірінші орынбасары, артынша оқу-ағарту Халық комиссары болып тағайындалды. 1941 жылы 31 жастағы жас ғалым

Қазақ КСР Халық комиссарла кеңесі төрағасының орынбасарлығына жоғарылатылады. 1944 жылға дейін осы қызметте мәдениет мәселелеріне жетекшілік жасады. Мәдениет жанашырлары мен майталмандары туралы айтқанда, жалпы мәдениет мәселесінде билік басындағылардың ішінде Т. Тәжібаев, І. Омаров сияқты ұлтжанды кісілердің бола бермегені рас. Оқу, білім саласы бойынша да осыны айтар едік.

Төлеген Тәжібаевтың дипломатиялық, халықаралық, саяси қызметі мен қабілетіне белгілі кеңес, мемлекет қайраткері А. Молотов жоғары баға берген болатын. Т. Тәжібаев Конституция бойынша егеменді мемлекет болып есептелетін Кеңестік Қазақстанның сыртқы саясатының іс жүзінде негізін қалап, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының биік мінберінен көптеген көкейтесті мәселелерді көтере білді. Бұл туралы таяуда Сыртқы істер министрі қызметінде болған Қасым-Жомарт Тоқаев өз еңбектерінде атап өтіп, жоғары баға берді. Т. Тәжібаевтың бұл қызметінің жемісті болуына оның ағылшын тілінде жақсы сөйлей білгендігі де әсер етсе керекті.

Төлеген Тажибаевтың жарқын бейнесі туралы айтқанда, оның тамаша ұстаздық, тәлімгерлік, дәріскерлік қасиеттерін ерекше атап көрсеткен дұрыс. Белгілі ғалым-профессор Мәулен Балақаевтың естелігінде көрсетілгендей, Төлеген Тәжібайұлының психология саласында оқыған дәрістерінің мазмұны аса терең, ғылымы өрісі кең, тыңдаушыға тартымды да, әсерлі болған. Ғалым-ұстаз лекцияның жинақы, логикасы көкейге қонымды, мазмұнды, ғылыми құндылығы жоғары болуына баса назар аударады екен. Аудиторияны бірден баурап алатын, мейлінше байсалды да байыпты, биязы, майда қоңыр дауыс ырғағы да оның ұстаздық тұлғасын даралай түскен. Бұл туралы профессор М.Балақаев былай деп жазады: «Үлкен дипломат әрі ғалым, академик Төлеген Тажибаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сыпайы, әрі салмақты болатын, біреумен сөйлесе келгенде оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін. Бірқатар кісінің әдептілігі бойына біткен қасиет болмай, жасанды, бірде олай, бірде бұлай болатыны да бар, ал Т.Тәжібаевтың ізеттілігі оның әбден қанына сінген қасиет болатын»

Төлеген Тәжібаев тақырыбын тереңірек қау жап келе жатқан ғалым, Төлегеннің шәкірті Құртқа Тәуіп атындағы академияның вице-президенті, Қазақ ұлттық университетінің психология кафедрасының профессоры, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Жолмұқан Түрік ұлымен журналистер тілдескен еді.

«Ұстаздардың ұстазы атанған турашыл тұлға Төлеген Тәжібаевпен ең алғашқы таныстығым – мектепті бітіріп, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті атанған кезімнен бастау алды. Өзім физик-математик болуды қаладым. Оқуға түссем де, жатақханаға жайғаса алмай әбден қиналдым. Ол кезде Т.Тәжібаев осы оқу орнының ректоры әрі педагогика-психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады екен. Ол кезде шыны керек халықтың әлеуметтік жағдайы нашар болатын. Менің оқуға жағдайым болмай, кетуге мәжбүр болдым. Өзіміздің курстас балалармен бірге барып, ара-арасында жатақхана жатып тұратынмын. Менің хал-жағдайыммен етене таныс достарым маған ректордан көмек сұрауға кеңес берді. «Ректор ағай сондай қарапайым кісі. Алдына барған студенттерді бір-бірлеп қабылдап, оларға қолынан келген көмегін аямайды», - деді балалардың бірі. Басқалары да маған ректорға түрлі жағдайлармен барып, көмек алғандығын жарыса айтып жатты. Содан не керек, ректордың алдына баруға тура келді. Ол кезде шыны керек, ауылдан енді ғана келген жасқаншақ бозбаланың бірі болатынбыз. Ауылда профессор, ректор дегенді көрмегендіктен болар, білдей бір оқу орнының басшысының алдына кіруге қатты жүрексіндім.....

Тай Әсем

8 сынып, «Шолақорған» жалпы орта мектеп
Сузак ауданы, Чулақкорған қаласы
Жетекшісі: Қозыбақова А.

Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің белгісі

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін алған болатын. Қазіргі кезде тыныш әрі бейбіт өмір сүрудеміз. Сонымен қатар, ел тәуелсіздігінің белгісі – мемлекеттік рәміздер халық жүрегінің төрінен орын алуда. Біздің елде өмір сүріп жатқан әр адам мемлекеттік рәміздерді құрмет тұтып, сыйлайды. Мемлекеттік рәміздерге елтаңба, ту және әнұранымыз жатады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек пішінді және ортасында көгілдір түс аясындағы шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – елтаңбаның жүрегі. Ол – күн тәрзіді. Шаңырақ – отбасының белгісі және көшпелі түркілердің ұғымы бойынша үйдің, ошақтың және бірліктің белгісі. Сонымен қатар, айналған Күн шеңберінің

қозғалыстағы суреті іспетті. Етаңбаның сол және оң жағында қанатты тұлпар бейнеленген. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сенімді серігі, ешқашан налымайтын, тек алға ұмтылатын жануар бейнесі. Ал қанатты тұлпар – аңыз-әңгімелердегі және қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол уақыт пен кеңістікті білдіреді. Қанатты тұлпар – асқақ мақсаттың, асыл арманның, ұшқыр ойдың белгісі. Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдыз бейнеленген. Ол елдің жарқырап, жоғарыдан көрініп тұрғанын көрсетеді. Еліміздің арман-мақсатынан, асқақ рухына хабар беретін ұлттық елтаңбамыздың авторлары -Жандарбек Мәлібеков және Шотаман Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – көгілдір тусті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында нұрын шашқан, арайлы күн орналасқан. Күн – бейбітшіліктің, тәуелсіздік пен еркіндіктің, өмірдің белгісі. Сондай-ақ, күн бейнесі уақыт пен мәңгілік қозғалыстың, жаңарып өсу мен дамудың, батыс пен шығыстың, сол күннің ұр шұғылалы алтын түсі – байлық пен берекенің, тыныштықтың нышаны. Күннің астында қанатын жайған қыран құс бейнеленген. Қыран құс – қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді, еркіндік сүйгіш асқақ рухын көрсетеді. Мемлекеттік тудың ағаш сабына бекітілген тұсында – қазақтың ою-өрнектерімен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Ою-өрнек – еліміздің салт-дәстүрін, рухани байлығын, мәдениетін көрсетеді. Күн, арай, қыран және ою-өрнек алтын түспе бейнеленген. Ежелгі түркі халқы көк тусті аспан сөзіне байланыстырған. Бірыңғай көгілдір түске қарап бұлтсыз аспанды көруге болады. Бұлтсыз аспан – ынтымақ пен бірліктің, адалдық пен сенімділіктің, еркіндік пен тәуелсіздіктің белгісі. Мемлекеттік тудың көгілдір түс Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Көк түс біздің ата-бабаларымыз үшін қасиетті ұғым. Геральдика тілінде – көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді. Ел көгінде желбіреген көк туымыз суретші Шәкен Ниязбековтың төл туындысы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны – халқымызды бірлікке, ынтымақтастыққа шақырады. Әнұранды әрбір қазақ қолын жүрегіне қойып, жан-тәнімен ынталана шырқайды. Мемлекеттік әнұранның сөзін жазған Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев және әнін жазған Шәмші Қалдаяқов.

Мемлекеттік рәміздер – әр елдің тәуелсіздігін білдіретін, өзіндік ерекшелігін аңғартатын басты белгі болып саналады. Біз, қазақ

елінің халқы - мемлекеттік рәміздерімізді сыйлап, құрмет тұтамыз. Еліміздің көк байрағы көгімізде желбіреп, әнұраны әр қазақтың жүрегінде шырқалып, елтаңбасы елдіктің, бірліктің белгісіндей болып, жүректерінің тұсына бекітілген.

Қасиетті де қастерлі саналатын рухани байлығымыз мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің, тәуелсіздігіміздің басты белгісі болып саналады. Ел рәміздерін құрмет тұтып, қастерлеу – еліміздің Отансүйгіш әрбір азаматы үшін міндет әрі үлкен мәртебе.

Тәттібек Индира

10 сынып, №25 «Ә.Молдағұлова» ЖОМ Сарыағаш ауданы
Жетекшісі: Мусаева Б.

Қазақстан – мәңгілік ел!

Қазақстан – ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талардай, кең – байтақ, дархан даланы мекен еткен жаны жомарт қазақ халқының Отаны.

Бүгінгі таңда, Қазақстан – тәуелсіз мемлекет! Тәуелсіздік – қазақ жұртына оңай келген жоқ. Сан ғасырлардан бері дербес ел болуды көксеген халқымыз мұра болып келе жатқан кең байтақ жерді, ақ білектің күшімен, найзаның ұшымен келген ұлан-ғайыр өлкемізді өзге жұрт өкілдері таптап кетпес үшін қасық қаны қалғанша күресті, жері, елі үшін талай күнәсіз жастардың қаны төгілді.

Айтып өткеніміздей бостандық, теңдік, тәуелсіздік өз бетімен келген жоқ. Қаншама адам құрбан болды. Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылы болған желтоқсан оқиғасы! Осы бір жан түршігерлік оқиға қазақ халқының мәңгі есінде қалды. Желтоқсан көтерілісі – елімнің болашағы, бостандығы, егемендігі үшін болған күрес. Ежелден еркіндік аңсаған халықтың асыл мұраты – еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреп «Егемен болмай, ел болмас, етектен кесіп жең болмас», - деп жырлап өтті. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы аса шытырман талас – тартыспен асыл арманы тәуелсіздікке қол жеткізді. Дербес мемлекеттердің қатарына қосылу жолында Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда «Тәуелсіз мемлекет» деп жарияланды. Міне, осы сәт, дәл осы мезеттен бастап қазақ халқының 70 жылдан астам уақыт бойы КСРО-ның құрамында болып, қаншама ауыр да қиын сәттердің,

қатігездіктің, жәбір көру мен әділетсіздік атты іс-әрекеттерге нүкте қойылды. Себебі, бұл сәтте Қазақстан – тәуелсіз мемлекет атанған еді.

Міне, тәуелсіздікпен бірге егемен Қазақстанның жаңа тарихының да жаңа беттері ашылды. Біз жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа өркениетті ұлт ретінде, тарих сахынасына егеменді ел ретінде ендік. Әлемдік қауымдастықтың көшіне жеке керуен болып қосылдық. Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей, алтын күндей Елтаңбамызды, желбіреген көк байрағымызды көргенде, әуелеген Әнұранымызды естігенде бойыңды ерекше бір азаматтың асқақ сезім билейді.

Хош, еліміз тәуелсіздік алғалы жеткен жетістіктеріміз бен қол жеткізген табыстарымызға, бағындырған биік шыңдарымызға көз жібертіп көрейікші.

Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып Түркия, Америка Құрама Штаттары, Қытай Халық Республикасы, Германия, Пәкстан мемлекеттері мойындады. Қазіргі күнде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін әлем мемлекеттерінің барлығы дерліктей танып отыр. Бұл да бір үлкен жетістік.

1992 жылы Қазақстан дүние жүзіндегі ең ықпалды және беделді ұйым- Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Қазір Нью – Йорктегі БҰҰ-ның зәулім ғиамаратының алдындағы салатанатты алаңында әлем мемлекеттерінің туларымен бірге Қазақстанның да аспан түстес көк туы желбіреп тұрғанын ескермей кетуге болмайды. Қазақстанның 1992 жылы ЕҚЫҰ-ға мүше болуы, ал 2010 жылы бұл ұйымға төрағалық болып сайлануы және дәл осы жылы Астанада аталмыш ұйымның саммитінің ТМД елдерінің ішінде Қазақстан бірінші өткізіп отырған мемлекет болғандығы – біздің еліміздің беделінің жоғарылай түскендігінің айқын көрінісі. «Азияда-2011» спорттық ойындарының өткізілуі Қазақстан үшін маңызды оқиға болды. Бұл ойындарда қазақ спортшылары биік нәтижелерге қол жеткізді.

Әлемдегі 126 мемлекеттің ішінен ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыруды жеңіп алу – еліміз үшін, Отанымыздың әлемдегі беделін одан әрі бір сатыға жоғарылатты.

Міне, жеткен жетістіктеріміздің біршамасын сараладық. Мұның бәрі алаш асылдарының осындай сан ғасырлық армандарын іске асырып дербес мемлекет құрған елі сүйген, елін сүйген Елбасымыз Н.Назарбаевтың кемеңгерлік пен ұйымдастыра білуі және сан түрлі ұлт өкілдерінен құралған қазақ халқын біртұтас ауызбіршілікте ұстай білуінде.

Қазақстан таңғажайып табиғатымен, аспан тілдескен мұзарт шыңдарымен, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерімен, ақ жол толқындары асау арғымақтай көкке шапшыған шалқар теңізімен, күні от шашқан шөлейтті және арналы өзен, ну орманымен әсем де әдемі.

Қазақ даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Осындай көркем табиғатымен де әлем өкілдерін таңғалдырудан жалыққан емес. Асты мұнайға, үсті бидайға толы байтақ Қазақстан – әлемдік алпауыт елдермен иық тіресе алатын үздік 20 елдің қатарына кіру мақсатын көздеген жетекші мемлекеттің бірі. Байтақ ел, күн сәулелі Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолында келе жатыр. Осындай болашақтың жарқын боларына сенген, сол үшін алға ұмтылыс үстінде жүрген мәңгілік ел болуды мақсат тұтқан Қазақстан біздің мақтанышымыз.

Шығармамды аяқтамас бұрын Елбасының мына сөздерін айтқым келеді: «Тағлымы мол тарихымызбен, ұлы тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін, мәңгілік ел болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірлерге жол ашсын.»

Мен – қазақтың! Қазақ болып туғаным мақтанам. Себебі мен татулық пен достықтың, ерлік пен елдіктің мекенінде тұрып жатырмын. Өзіміз ғана емес, өзгелер де тамсана қарайтын, ырысы мен ынтымағы, бірлігі мен тірлігі жарасқан қазақ елінің бақыты баянды болғай!

Қазақтың мәңгілік ғұмыры біздің мәңгілік болашағымызды баянды етуге арналады. Дамуы жедел, келешегі кемел Қазақстанның елдігі мәңгілік болатынына сенемін.

Тленшин Даулетияр

7 сынып, №29 орта мектеп

Шымкент қаласы

Ел тәуелсіздігі мен мемлекеттік рәміздер егіз ұғым

1996 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігімізге аяқ басқан кезеңде төл рәміздеріміз дүниеге келді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Рәміздерін жасау бүкіл халықтық сипат алып көптің ісіне айналуы да кездейсоқ емес. Халық жүрегін желпіген еркіндік самалы

ғажайып шағармашылық белсеңділікке жол ашты. Елбасымыз жаңа мемлекеттік рәміздерді қабылдауға зор мән берді. Егеменді елдің әрбір азаматы құрметтеуге және мақтаныш етуге тиісті рәміздері бар. Қазақстан республикасының рәміздері – ту, елтаңба және әнұранының сипаттамалары және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздер туралы» заңмен белгіленді. Алайда Қазақстан Республикасы рәміздерінің тарихы 1996 жылғы 24 қаңтарда қабылданып, қазіргі уақытта күші жойылған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының нышандары туралы» Конституциялық заңынан басталды. Алайда терминнің дұрыс пайдаланылуына байланысты 2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде «нышандар» деген сөз «рәміздерге» ауыстырылды. «Рәміз» деген сөз грек тілінде «символ» деп аталынады. Дүниежүзіндегі мемлекеттің ресми рәмізділігі үш бірлікті білдіреді – мемлекеттік елтаңба, мемлекеттік ту, мемлекеттік әнұран.

Мемлекеттік туымыздың авторы республиканың өнер қайраткері – Шәкен Ниязбеков. Ол Қазақстандағы дизайнерлік өнердің негізін салушылардың бірі.

Жалауды айқындайтын элементтерінің бірі оның түсі. Көк түстің таңдалуы кездейсоқ емес. Ол адалдықтың, мінсіздіктің, және сенімділіктің белгісі. Бірлік пен бірге көк түс барлық елдердің тыныштығы мен ырысын білдіретін бұлтсыз аспанды еске салады. Аспандай ашық көк түс қазақтардың ұлттық түсі болып табылады. Өйткені көшпенді қазақтар үшін табиғат мекендеу ортасы ғана емес, сонымен қатар өмірлеріндегі ажырамас бөлігі болатын. «Көк» сөзі ежелгі түріктердің тіліне аударғанда «шығыс» мағынасын беріп, осылай тудың түсі географиялық ақпараттың тасушысы ретінде де қолданылады. Геральдистердің сөзіне сүйенетін болсақ, Қазақстан жер шарының шығысында орналасып, шығыс мәдениетінің өкілі болатынын білдіреді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Туымыздағы күн бейнесі – шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнелейді. Шексіз далада ұшқан қыран, ою-өрнек – еліміздің ұлттық жиынтық белгісі. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Бүгінгі елтаңба – Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уалиханов секілді сәулетшілердің шығармашылық ізденіске толы үлкен еңбегінің жемісі. Мемлекеттің елтаңбасыз дөңгелек нысанды. Дөңгелек, шығыс қазақтарының аса құрметінде, өйткені бұл нысан өмір шексіздігінің белгісі. Ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – отбасы амандығы, бейбітшілігі және ашық аспанды білдіреді. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Олар өмір мен жылудың белгісі. Оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылып жауға қарсы күресте арыстанның үрейсіздігін маралдың жылдамдығын, түлкінің қулығын білдіреді. Тұлпардың алтын қанаттары – астықтың, еңбектің және материалдық ырыстың белгісі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұранның негізі – ол халық арасында кең тараған «Менің елім» атты патриоттық өлең. Әнұран – халық жүрегінің соғуы, армандардың қорытпасы болып табылады. Әнұранның авторлары: Шәмші Қалдаяқов, Жүмекен Нәжімеденов және еліміздің Президенті Н. Назарбаев.

Әрбір мемлекет үшін отаншылдық рухта тәрбие беру әрбір азаматтың мемлекетімізге, оның даңқты да қиын тарихына, алдағы болашағына өзінің қатысты екендігін сезініп, еліміздің мұң-мұқтаждарын ойлануынан басталады. Елбасымыз әрбір адам болса кезінен: Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн дейді. Мемлекеттің рәміздері құрметтеу – елді, халықты, тарихты әдет-ғұрыпты, салт дәстүрді қастерлеу болып табылады.

Ел тәуелсіздігі мен мемлекеттік рәміздер егіз ұғым. Кез келген ел тәуелсіздігін оның мемлекеттік рәміздерінен бөліп қарауға болмайды. Жас мемлекеттің Астанасында және бүкіл Республика аумағында елдің елдігін танытатын, отаншылық пен патриоттық рухты оятатын, әр жүректе мақтаныш сезімін тудыратын нышандар өз дәрежесінде көрініс тауып отыр. Мемлекеттік рәміздердің зор тәрбиелік мән, мағынасы бар. Оған мысал, Олимпиадада спортшыларымыз жеңіске жеткен кездегі еліміздің көк байрағының желбіреуі әнұранымыз шырқалды. Міне, осының бәрі Қазақстанның әрбір азаматы үшін зор мақтаныш, үлкен эмоция тудырады.

Төлеген Ұлбала

9 сынып, «Қоғам» орта мектеп Отырар ауданы, Қоғам ауылы
Жетекшісі: Қазақбаева А.

Жырақта

Ауыл өмірі. Ауыл таңы. Ауыл үні. Бұл қастерлі атаулар бір-бірімен біте қайнасқан ұғымдар. Ауыл өмірінің қоңырқай тіршілігін, ауыл адамдарының арман қиялын тек қана ауыл баласы жан жүрегімен ұғына алады, барша түйсігімен түсіне біледі.

Менің өлкем қашан да күн нұры азаймаған шуақты Оңтүстік, тарих қойнауынан үнсіз ғана сыр шертетін ұлы Отырар даласы. Ғылымның сан саласында өшпестей қолтаңбасын қалдырған, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді, қазақтың қара күшін дүниежүзіне танытқан алып Қажымұқанды, құлағында күй, көмейінде саз ойнаған композитор Шәмші Қалдаяқовты, барша түркі елдерінің ақыны Мұхтар Шахановтарды туғызған топырақтан болу мен үшін үлкен бақыт. Құдды олардың дараланып, елінің елеулілері болғанында менің де бір еңбегім бардай кеудемде мақтаныш, келбетімде қуаныш тұрады. Мұндай асқақ сезімдердің көкірегімде ұялауы өз туған жеріммен мақтану болар.

Адам баласы түрлі себептермен жер шарын шарлап кетсе де түбінде өскен ортасын аңсап қайта оралатыны тарихтан айқын. Өйткені ол – туған жері! Қазақ халқының көп бөлігі ауылда тұрады ғой. Біздің халықта елінің тұтқасы болған талай марғасқалар ауылдан шығып отырған. Менің мекенім – Мыңшұңқыр ауылы. Қазір сол ауылымды сұмдық сағынып жүрмін. Өзі Мыңшұңқыр десе дегендей-ақ. Оның да өз артықшылықтары бар, қазіргідей қалаларға айналып бара жатқан поселкілердей қысылысу жоқ, ауыл іші кең үйлер дөңде орналасады. Олай болса онда оның сайында шарбағы, жанында гектармен есептелетін әжептәуір егін алқабы және үй алдында үлкен бір қорасы бар. Біздің ауылда бас-аяғы сексен шақты үйлер бар. Олар бір-бірінен алыстау қоныс тепкен. Өзіміздің көзіміз үйренген, алайда сырттан біреу келе қалып, «көршіміз әне тұрған үй» деп сайдағы немесе қырдағы үйлерді көрсете қойсаң, қылжаққа басып, «тиіп тұр екен» деп күледі. Көршілердің үй арасы алшақ болса да жандары жақын, қуанышы мен қайғысы ортақ.

Алайда бұлай ойлауым өзімді сағыныштан жұбатуға арналған арзан сылтаулар ғана екен. Тып-тыныш қана тірлік етіп отырған

ауылда біреудің үйіне келін түсе қалса немесе қыз ұзатылса артынып-тартынып, қолындағы барын алып, құтты болсын айтысып жетіп барады. Қаншама уақыт ауыл іші азан да қазан шаттыққа тола қалады. Ал арыстандай ақыратын дауылын айтсақ ауыл тұрғындары оған үйренген. Тіпті, алдын ала болжап та қойып, қамын жасайды. Ол күндері барша отбасы мүшелері үйде болып, әр кеш сайын дастархан басында өзара рухани әңгімелері басталады. Әбден жерді құрғатып тастаған бұл желден соң, батпағын былшылдатып аспан нөсерлетсе шаң басылып, ауа тазарып, жер дүние шомылып алғандай күй кешеді. Бір ғаламаты жаңбыры да жылы. Салқын мезгілдерде өзге облыстарды сарышұнақ аяз аямай жатқанда, біз мұнда бас киімнің не екенін білмей өсіп келеміз.

Қазір көз алдыма мынадай сәт көрініс беріп отыр. Үй ішінде кешкі ас ішіліп, қазан-табақ жайғалып, әркім өз ісімен бола бастағанда тысқа шыға қалсаң шығыстан қарсы алдыңнан толықсыған әсем ай түседі. Жер дүние ала көлеңкеленіп, тап-таза, өзіне ғана тән ауыл иісі танауыңды қытықтайды. Жан-жағыңа көз салып, жұпар ауамен кеуденді кере тыныстайсың. Дархан далада өзіңді еркін, кең сезінесің. Сонан соң айға қарама-қарсы отырғышқа жайғасып, терең ойларға батасың. Дүниенің ана тұсы мен мына тұсын шарлап қайтасың. Арман мен қиялдың тәтті дүниесіне ене кетесің.

Әншейінде назар салмайтын туған жерімдегі алтынға айырбастағысыз сәттер жырақта жүргенде сезіліп жатады екен. Пәленше келіпті десе жүзі күндей нұрланып, сол мезетте-ақ үйіңе жетіп келіп, құшақ жая амандасып, әй - шайғаға қарамастан қонақ етуге ерте кететін мейірімді, ақкөңіл, адал еңбек пен адамгершілікті ту еткен ауыл халқын сағындым! Қызғылт сәулесін шашыратып ататын ауылымның ақ таңы мен күні бойы тіршілігімізге куә болып, бізді қимағандай мұңайып, қызарып бататын ауылымның ала кешін сағындым! Бір төмпешігіне шыға қалсаң қыр мен ойысы арасындағы ойдақ-сойдақ қара жолдарын сағындым! Ұлттық тәрбиені барлық қасиетімен бойыма сіңіріп, опалы ұл мен қыз болуға өз-өзінен талпындыратын туған ауылымды сағындым! Бүкіл Қазақстанды ауылым арқылы сүйемін. Ауылымның мерейін үстем ету үшін Қазақстаныма қызмет ететінім анық. Өйткені мен – ауылдың перзентімін!

Мен – қазақпын, қазақпын деп мақтанамын

Иә, мен – қазақпын! Ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың ұрпағымын. Ата-бабаларымыздың асыл арманы еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреп, «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас»,- деп жырлап өткен ата-бабаларымыздың арқасында мың өліп, мың тірілген қазақ халқы талас-тартыспен жүріп, тәуелсіздікке ұмтылумен келді.

Тәубә! Бұған да жеттік!

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуындағы барлық жетістіктеріміз, ерекше өрлеуіміз, өркендеуіміз, дүниежүзілік дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасауымыздың бастауы – біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігінде. Тәуелсіздік халқымыздың талай ғасырлардан бері ата-бабаларымыздың арманы болғаны – тарихи шындық. Сондықтан да бұл тарихи шындықты кеудесінде қазақ деп соққан жаны бар, әрбір азамат жүрегімен сезінуі керек. Әлемнің көптеген озық елдерінің басшылары бұл шындықты мойындап, қазақ елін құрметтейтінін көріп отырмыз. Мақтанышпен де айта аламыз.

Еліміздің тәуелсіздігінің болашағы үшін, өсіп өркендеуі, нығаюы үшін ең бірінші – ұлттың бірлігі керек. Бірліктің арқасында елімізде қаншама ғажап өзгерістер, жаңарулар болуда.

Елді бірлікке бастап, өзінің еңбегімен, көрегендігімен ұйымдастыра білген Елбасының орны ерекше. Елбасымыз қазақ елінің жаңа кезеңін ұлтымыздың өркендеп, өркениетке ұмтылуын керемет ұйымдастыра білді. Тәуелсіздікті сақтап қалу – тәуелсіздікке жетуден де күрделі екендігін өз сөзінде айтып өткендей, сан түрлі толқындардың жетегіне ілеспей, ерекше дараланып, алға оза шыққан бүгінгі қазақ елін тіл көзден сақтасын дегім келеді.

Дана халқымыз: «Бір басшыға – мың қосшы», - деп бекер айтпаса керек. Елбасыны сайлап алып, соңына ерер халқы болмаса, «жалғыздың үні шықпастың» күйін кешпесіне кім кепіл?! Ертеде бір ойшыл: «Саясаткер – сайлау мен сайлау арасында ғана көрінетін белсенді. Ал шын мемлекет қайраткерінің тағдыры халқының тағдырымен байланысты»,- деген екен. Қандай да басшының сөзі, іс-әрекеті және сол әрекеттің нәтижесі ел көңілінен, жалпы жұрттың

ойынан шығып отырса ғана халықтың сеніміне ие болады. Біздің Елбасы – сондай ел сенімін арқалаған азамат. Сондықтан да оның соңынан ерген халқы бар, «Нұр Отан» партиясы бар. Біздің еліміз – көп партиялы ел. Отанымыз нұрлы, жарқын болсын деген мақсатта «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы құрылды. «Нұр Отан» партиясының мақсаты - егемен еліміздің қарқынды дамуы үшін қызмет ету. Партияның төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – жеке тұлға деп айта аламын. Ол «сегіз қырлы, бір сырлы» ерекше жаратылған жан. Ол – сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем кісі. Елбасының «жұмылсақ-жұдырықпыз, жұмылмасақ-құрыдық біз» деген сөзі нағыз шешеннің сөзі емес пе ?!

Нұрсұлтан Әбішұлы жыл сайын халқына жолдау арнайды. Әр жолдауында еліміздің ілгері дамуы үшін жөн сілтеп, бағыт-бағдар беріп отырады. Өткен жылдағы жолдауында «Қазақстан-2050» стратегиясын жария етті. Стратегияның мақсаты – Қазақстанның әлемдегі ірі 30 мемлекеттің қатарына қосылу.

Біз бұған жетеміз! Биылғы жолдауында «Мәңгілік ел» жобасын беріп отыр. Еліміздің болашағы – жастарға сенім артып «бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» арқылы бәсекеге қабілетті болуға талпынып, алдағы асулардан өтуге даяр болуымыз керек. Біз Мәңгілік елде өмір сүруге тиіспіз. Қазақ елі – Мәңгілік ел болуға әбден лайықты ел. Өзінің тарихы да «мың өліп, мың тірілген» қазақ елі енді ешкімге тізе бүкпейтін, еңкейгенде еңкейетін, шалқайғанда шалқаятын азат ел болды.

Елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясын біз де қолдаймыз. Еліміздің болашағы-жастардың қолында деп біздердің, жастардың мүдделерімізді қорғап, терең білім, сапалы тәрбие, болашақта өмірден өз орындарымызды табу үшін қамқорлық танытып келеді. Ата-бабаларымыз: «Арғы атам ер түрік, Біз Қазақ еліміз!»-деп ұрандаған болса, енді біз өз тізгініміз өз қолымызда болғанда неге мемлекетімізді Қазақ елі деп атамауымыз керек. Мен бұл идеяны қолдаймын және ел болашағы болып табылатын барша жастарды Елбасы бастамасын қолдауға шақырамын. Өйткені Мен – қазақ-пын!

Еңселі елімнің ертеңі

Қазақ... Бұл сөздің түп қазығын қазбаласақ сонау YII-YIII ғасырларға барып тіреледі. Сол заманда да еркіндікке жаны құмар халық. Ежелден есімі ел аузына еш кетпеген халық. Жаны жамандыққа қас, жақсылыққа бір табан жақын халық. Көңілін тапсаң, сол қазақтан жақсы халық жоқ ғаламда, мейірлене мейманын күтіп құрақ ұшады, ал сатқындықтың суынан дәм татар болса оңдырмай өзіңе әділдікпен дәріс беріп қасына жоламастай етеді. Қымызы мен қымыранын сапырған, қылышымен жауын қайырған бір өр халық. Жусанды даланы жайлаған қазақтың көрмегені жоқ, сірә. Сонау қалмақтың қорлығын бір көрсе, бертін келе социализмнің сырығына ұшырап соғыстыда көрді. Бас болып көтерілді де су сепкендей қан толқын болып жеңілді. Азапты да, қанауды да, аштықты да басынан кешті.

Тарқата айтқанда, кешпеген суы, көрмеген қиындығы-қалмағанды. Табаннан таусылып талай біртуар тұлғалар репрессия шынжырына байланып, қыршынынан қыйылды. Осынша зұлматты басынан кешкен, қиындықты қасқайып қарсы алған халық, бүгінде бірлігі жарасқан білдей бір мемлекет. Басына қара бұлыт үйіріліп тұрса да, бірлігімен шуақты күнге жеткен – Қазақстан. Сан сынақтан өтіп ақыр аяғында тәуелсіз күнге жеттік, дамыған елу елдің қатарына іліктік. Бұйыртса, дамушы әлемнің отыз ел қатарына ілігетін ниетіміз бар. Көш басшымыздың сындарлы саясатының арқасында күннен-күнге гүлденіп, көркейіп келеміз. Бұл сөзімнің бірден-бір дәлелі 11 жылда жауһардай жарқырап көздің жалын алушы – Астана.

Астана – бас қала. Еуразияның маңдайына біткен шолпан жұлдызы. Елімнің шеберлері шыңдалып, шеберліктерін ұштап астанамыздың сәніне әр беруде, жаңа нысандар көбейуде. Дей тұрғанмен де, астана ғана емес, белді қалаларымыз: Алматы, Ақтөбе, Қызылорда сынды алып шаһарлар да күн санап жаңа нысандармен толықтырылуда.

Ендігі сөз кең байтақ даласының бір бұрышында жатқан қайсар бір халық жайлы. Ауыл өмірі... Туған жерім... Көк теңіз қоршаған, жусан исі аңқыған жайлаулы мекен. Табиғаты ғажап өлке. Сан түрлі құстардың сайра-ғаны, әлемдік аркестір сынды естіген сайын құлағыңның құрышын қандырады. Күлімдеп атқан әр таңы қуат пен күш әкелгендей. Ауылымның қауырт тірлігі таң атпай қаумалана ба-

сталады. Шуылдаған мал қыр қуалап жұмысына асыққан жолаушыдай саябырылмай жан-жаққа тарасады.

Ауылымыздың адамдары бірлігі жарасқан берекелі де мерекелі халық. Ауыл белсенді азаматтары еңбегінің арқасында жаңа мектеп нысанына қол жеткіздік. Жаңа мектебімізде оқймын деген баланың талап тілегі жерде қалмайды. Ұстамды ұстаздар білікті мамандар жол басшымыз секілді алдымыздан шыққан сынақтан сүрінбей өтуіміз үшін алдына жан салмай бар білгенін бізге үйретуде, толасыз еңбек етуде. Ендігі бізге қойылған бірден бір талап жақсы мамандық иесі болып шығу. Еліміздің даму жолына азғантай болса да сүбелі үлесімізді қосу. Топ жарып, тарих сахнасында із қалдыру. Ел басымыз айтқандай қызы қылықты, ұлы ұлықты елімізді жарқын болашаққа жетелер, ұлт азамат-азаматшалары болуымыз шарт. Білім гранттарын жеңіп алып, қазақ халқының атын әлем сақнасына көтеру, жанжақты ізденістер жүргізіп, елінің елеулі, халқының қалаулы азаматы деген атаққа ие болу. Білім гранты демекші, өзге елдерде білім жолына, жастар жолына мұншама көп көңіл бөлінбеген бүгінде. Алайда ел басымыз ауылдан келген жас студент үй іздеп сабылмасын деп жылы орын жатақхана, жұмыс арқаламай тек оқумен шұғылдансын деп шәкіртақы бөлдірген бюджеттен. Осынау жеңілдіктер заманында оқымай жүру әрбір жасқа сын болмайма екен? Сондықтан біз, жастардың, алдымызға қойған мақсатымыз біреу-ақ. Оқу, оқу және оқу.

Тұрлыбек Әсел

9 сынып, «Қоғам» ЖОМ Отырар ауданы, Қоғам ауылы

Менің ауылым

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезім оянады. Міне, менің де туған жерім бар, ол – Отырар. Мен негізі қатты қуанам. Осындай өлкенің топырағынан жаралғаным. Жалғыз мен емес Отырар топырағынан жаралған барлық адам қуанатын сезінентін сияқты. Негізі Отырар ауданының ішіндегі кішігірім ауылда Қоғам ауылында дүниеге келдім. Біздің қоғамымызда қалыптасқан бір түсінік бар ол басқа бір ортаға барған кезде «Қайдансың?» деген сұраққа ауыл десең, адамда бір менсінбеушілік, төмендету сияқты көрсең,

ұялатын қасиеттер сол заматта пайда болады. Ал, мен керісінше ауылда туғаныма әрқашан мақтанамын. Мақтанғанда кеудемді кере тұрып мақтанамын. Себебі, тарихқа толы киелі Отырарда дүниеге келгенім. Отырарды қазақ халқының «тарихы»

Деп айтар едім... Сонау орта ғасырдан әлі күнге дейін «тарих» болып жазылып келе жатыр және солай болып қала береді. Туған жерімнің артықшылығы онда талай даралар мен дарабоздар дүние есігін ашқан. Қазақ вальсінің королі – Шәмші, Шығыстың ғұлама ғалымы – Әбу Насыр әл-Фараби, ақын, жазушы – Мұхтар Шаханов, айттыскер ақын апамыз – Әселхан Қалыбекова сынды талай дүлділдер өмірге келген. Бұл тек ауылымның бір ерекшелігі екіншісі орта ғасырдың үздік сәулет ескерткіштері, Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы, сопы «Арыстан баба» кесенесі бар. Ол туралы айтпаса да түсінікті шығар... Менің Отаным кішкентай болса да мен үшін аса қымбат жер. Дәл осы жерде менің көңілді де, уайымсыз балалық шағым өтті. Ауылым кішене ғана болса да, Қазақстан таниды десем қателеспейтін шығармын. Қай мақтанышымды жазамын, бәрін тізіп отырсам елді жалықтыратын шығармын деген ой келді.

«Отырар» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта алам. Ауыл деген ойпырмай-ай еске түссе, көзден жас шығып, бетіңнен күлкі кетпес... Кейде басқа жерлерге белгілі себептермен бара қалсаң, аяғың сол жаққа барғанымен ойыңның бәрі ауылыңда. Біраз куннен соң ауылға барамға басасың. Бұл не? Бұл әрине ауылға деген махаббатыңның қайда жүрсеңде үзілмейді дегені! Басқа жерді қайдам бір нәрсені анық білемін ол туған жерімді мәңгілікке сүйіп өтемін және сол үшін қызмет етемін. Басқа айтарым әр адам өзі туып өскен өңірге пайдасын тигізу керек. Бала өскен сайын оның ортасы, түсінігі де кеңейе береді. Әуелі туған жерің, өсе келе Отаның – Қазақстан үшін тер төгу керек.

Ғасырлардың куәсінің, ақындардың жыр, әнісің – Отырар!

Усарова Мадина

7 сынып, № 77 орта мектебі Сайрам ауданы

Жетекшісі: Нарқұлова Шахида

Қазақ елінде туғанымға мақтанамын

Өзбек болып туғанымға мен ешқашан өкініп көрмеппін, басқада болмыстарға көп өкілініп, өкініп көрген болсамда өзбек болып туғанымға өкініп – сірә. Қалай ғана Аллаһ Тағаламыз осынау ұлаң-ғайыр ұлылық, дарабоз даналық, маңғаз мерей, пайымды парасат, қонақжайлылық сипаты Өзбегіма. Менің ойымша әрбір өзбек «Менің ұлтым – өзбек, тілім – өзбек тілі» деген ойды оншалықты мән бере ұғына бермегенімен, «су түбінде жатқан тас, жел толқытса шығады» демекші, бәрібір нағыз намыстанғанда қазіргі кейбір мәселе айналасындағы келеңсіздіктер түп-тамырымен жойылары анық. Тегі осынау ұлаң-ғайыр даланы жайлап жатқан халықтың санасы, парасаты, ой-өрісі даласындай кең, көркем, кемеңгер келбетті екенін әрбір өзбек іштей сезеді, мен оған сенем. Қашанда менің халқым өнер-білімге шөлдеген, сусаған-ғой? оның түбінде дегеніне жетіп, өнер-білім, мәдениеттің биік шыңына шықпайды деп айта алмассың. Тәуелсіздіктің таңына тізерлеп қол жеткізген қазақ халқы өзбек халқы мен бірге осы күндері аяғына тік тұрып, мәңгі тізе бүкпейтін дәрежеге жетіп отырғанына бар әлем куә. Аллаһқа шүкір, кім қалай айтса да, солай!

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды...

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал жиырмасыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді.

...23 жыл ішінде қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін - өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды.

Ең бастысы, қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді.

Бүгінде Қазақстанның негізгі ұлтын қазақ халқы құрайды. Одан кейін славян халықтарының өкілдері орыс және украин халықтары. Сонымен қатар ең елеулі этносты құрайтындар өзбек, немістер және татар халықтары. Осы біздің елдегі халықтар басын біріктіріп, олардың ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін құжат бар. Ол еліміздің Ата Заңы, Конституциямыз.

Қаншама рет туы тігіліп, қаншама рет туы қайта қисайған, қаншама мемлекеттің құрамында болып, қаншама рет мемлекетсіз қалған әрі көне, әрі жас қазақ халқы қайтадан әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресуде.

Халқымның «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген даналық пікірін ойлап қарасақ, ата-бабаларымыздың асқар таудай ақылында, өз өмір тәжірибесінен өткен өнегелі істері – елін, жерін қорғау, бірлікте, ынтымақта өмір сүріп, еліне елеулі, халқына қалаулы болу сияқты жақсы қасиетті ұрпақтан- ұрпаққа дарыса деген асыл арманы екен.

Қазақстандық жастардың тілек, армандары бір. Ол – өз елінің ертеңіне, оның гүлденіп, кемелденуіне үлес қосу. Елбасының да ел ертеңі жастарға деген сенімі нық. Олардың пейілінен ортақ Отанымыз – Қазақстанға деген сүйіспеншілік, махаббат сезімі есіп тұрды. Мен де қазақстандық өзбек екенімнен мақтанамын.

Хабибуллаев Заманбек

10 сынып, №6 мектеп-гимназиясы Мақтарал ауданы,

Жетісай қаласы

Жетекшісі: Молдабекова Ж.

Қазақстан – алтын бесігім

Тәуелсіздік! Қандай рухты, жүрекке қандай жылы, жаныңа қандай жайы ұғым. Жаста түсінен, жүрсе есінен кетпеген ата-бабалардың арманы – сол бір ғажайып тәуелсіздік емес пе ?!

Халықта мақал бар: «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады». Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихын таспен жазып келді. Оған дәлел, «Орхон-Енисей», «Күлтегін» жазбалары.

Қазақ ұлтының тағдырына әсер етіп, үлкен үлес қосқан Жұмабай Тәшенов болды. Жұмабай Тәшенов қарсылығы қазақ ақын-жазушыларын қанаттандырып, шабыт берді. Өмірге Жұмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқовтың әні «Менің Қазақстаным», Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы, Ілияс Есенберлин мен Әбіш Кекілбаевтың романдары, басқа да шығармалар – ұлттық патриотизм идеясын ел санасына сіңірді. Ендігі жерде өзіміздің халықтық құндылығымыздың сақтап, сол өшпес құндылықтарды одан әрі дамытуға барлық күш-жігерімізді салуымыз қажет.

«Үш жүз жыл бойы бодандық бұғауында тұншыққан қазақ халқының қайтадан ұлттық идеяны ту етіп егемен елін, дербес мемлекетін орнатып, айналасы жиырма жылдың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген қандай ұлы күші еді?» - деп таңқалатындар болса, сол ұлы күш - осы ғасырлар бойы халқымыздың көкірегінен өшпеден ұлттық намыс пен азаттық рухы еді.

Жаңа дәуір 1991 жылдың желтоқсанынан басталды. Елбасымыз Тәуелсіздіктің сын сағаттарында мойымай көтеретін қажырлы қайраткер, дана саясаткер ретінде елімізді сеніммен алға бастады. Қазақтың маңдайына біткен ұлы достықтың, бірліктің, бауырмалдықтың көк туын берік ұстап, тасқа тұяғын қашаған тұлпар мінген батырларша, халқына тыныштық пен жігер беріп, шыдамдылық пен төзімділіктің шегіне жеткізіп тәрбиелеп отыр. Менің Қазақстаным! Бұл сөзді жай ғана айта салу қиын. Тіпті мүмкін емес десе де болады. Оны айтқанда бойыңды ерекше сезім билеп, санаңда әлдебір жарқын сәуле жалт еткендей әсерге бөленесің.

Бұл, енді нағыз ғасыр жаңалығы, Қазақстанның саяси-экономикалық тұрғыдағы ең батыл әрі тәуекелді шешімі болды. Елбасының өзі бас сәулетші болып Есілдің ең бойында жаңа ел орда орнығып, Сарыарқаның төсінде Астана бой көтерді. Бүгінде тәуелсіздігімізге тірек болған Астанамыз күн санап сәулеті де, дәулеті де өркендеп келеді. Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан әлемдік саясаттың да салмақты серкесіне айналып үлгерді. Бұл ретте біз бірінші кезекте Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың табиғи талантына сүйсінуіміз керек. Қандай форумда, қандай саяси шешім қабылдауда болмасын Елбасымыз көрегендік, салқынқандылық, табандылық, шешендік, меймандостық қасиеттерімен қай ортаны болса да өзіне ұйыта алумен оқ бойы алда жүр. Осындай Қазақстан мен оның басшысына берілген әлемдік форматтағы бағалаудың бағамын біз Еуропаның Қауіпсіздігі мен Ынтымақтастығы Ұйымына, яғни ОБСЕ-ге Төраға болған кезеңде, сондай-ақ ОБСЕ-нің Астана Саммитін өткізу барысында танып білдік. Ойлап қараңыз, 56 мемлекеттің басшылары мен ірі халықаралық ұйымдар өкілдерінің жетекшілерін бір арнаға тоғыстырып, бүкіләлемдік мүддені талдап, талқылаған Астана Саммиті, шын мәнінде, бүкіл Қазақстанның жұлдызды сағаты болғаны анық. Міне, осының барлығы да Елбасының кемел ақыл-парасатының арқасы екенін мойындауымыз керек. Биылғы жылдың өзі-ақ ел тарихындағы айшықты оқиғаларға толы болып отыр. Ең біріншіден, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл толады.

Біз үшін, бұл – тұғырлы белес! Екіншіден, тұңғыш рет қазақ елінде Азияданың қысқы олимпиадалық ойындарын сән-салтанат, үлкен жеңістермен өткіздік. Біз үшін, бұл – байрақты жарыс! Үшіншіден, биыл тәуелсіз Қазақстан әлемнің 57 мемлекеті мүше саналатын Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етіп, бүкіл әлемдік маңызы зор осы саяси форумды абыройлы өткізді. Біз үшін, бұл – мерейлі мәртебе! Жалпы, мұндай тәуелсіз қазақ елінің, Қазақстан халқының 20 жылдық өміріндегі мәртебелі биіктер Ұлт көшбасшысының баға жетпес жанқиярлық еңбегінің арқасында қол жеткен керемет жетістіктер болып саналады. Сонымен Қазақстан тәуелсіз ел атанып, дербес мемлекет құрғанына 20 жыл болды.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жолы – қасиетті жол. Оған шығар алдында адам баласы арын да, жанын да тазарту керек, рухани сілкініс керек. Қасиет тұтқан қазақтың бойтұмары секілді, қазіргі кезде біздің бойтұмарымыз – Ата Заңымыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізген осынау жарқын күндерде менің туған өлкемде, алтын бесігім Қазақстанда, бүкіл әлемде тек бейбітшілік болса екен деймін.

Туған жерді біздер, жас ұрпақтар, сүймесек оның ертеңі не болмақ? Туған жер жайлы толғанысымды «өлеңі өртке тиген дауылдай» Қасым ақынның жырымен аяқтамақпын:

Мен де өзіңдей байтақ едімдең едім
Қызығыңды көріп еркін келемін.
Сен де аямай бердің маған барыңды,
Менде аямай барымды саған беремін.

Шайқын Мейрамбек

10 сынып, Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектебі Отырар ауданы
Жетекшісі: Ноғайбекова Ақмарал

Азаматтық – патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие

«Адамзатқа ең алдымен білім емес тәрбие берілу керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп жерлесіміз ғұлама ғалым Әл-Фараби айтқандай, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына тәрбиенің нәрлі дәнін егетін ең басты ошақтың бірі мектеп болса, сол тәрбие жүйесінің өзегі – мектеп ұжымы. Қазіргі уақытта руханилық пен адамгершілікке негізделген, демократия мен гуманизм ұстанымдарына сәйкес білім берумен тәрбиелеудің қазақстандық үлгісі жүзеге асырылуда. Қазақстандық ұлтжандылықты, азаматтықты, рухани құндылықты, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие беру жұмысының 12 бағыты айқындалды.

Отбасы тәрбиесі адамдар арасындағы оңтайлы және эмоцияналды көңіл-күй қарым-қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Қазақстандық қоғамның жалпы сұранысы және халық дәстүрлері, әлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құрылған балалар мен жастарды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау бірінші қатарға қойылады. Тәрбиеленушілердің санасында дәстүрлі

ұлттық және моралдық құндылықтар жандандыру отбасы негізінде қалыптастыруды ұялату.

Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру өзін-өзі тану жастарға қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінуге, қоршаған ортаға өзінің көзқарасын жалпы адамзаттық құндылық ұстанымында жүйелеу, өзінің өмірлік ұстанымын анықтауға көмек беру үшін қажет. Өзін-өзі тану өзі дамытудың, жеке тұлғаның дербес белсенділік көрсетуінің, өзінің қабілеті мен әлеуметтік мүмкіндігін ашудың қажетті шарты болып табылады. Адам-адам, адам-қоғам, адам-техника, адам-табиғат жүйесіне терең білім қалыптастыру. Өзін-өзі тану нәтижесінде адам өзінің дербес өсу және өзін-өзі жетілу қабілетіне ие болады. Сөйтіп, адам толысуын, өмір рахаты мен оның мәнін жете түсінеді.

Әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру тұлғалық қасиет (әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық) әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде өзіне тән тәртіп стилі, шығармашылық пен дербестікті дамытуға, қоғамдағы өзгерістерден дереу және тең әсер алу, белсенді өмір ұстанымында болуға ықпал жасайды.

Коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру тәртіп қағидасын анықтайды, құндылықтар жүйесін, идеяларды, нормаларды, айшықтайды және шығармашылық қызметте өзінің дербестігін көрсетуде қарым-қатынасты ұйымдастыруға, байланысты орнатуға, оларды дамытуға, келісуге, тәртіпке келтіруге және түзетуге көмек береді.

Экологиялық тәрбие адамның бойына табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуын, табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың олармен парасатты іс-әрекеттерін болжайды. Экологиялық тәрбиенің негізі алдымен, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғауды, елімізде экологиялық жағдай туралы халықты ақпаратпен қамтамасыз етуді көздейді.

Эстетикалық тәрбие рухани – адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы анағұрлым жоғары сана-сезім, тұжырымдамалы ойлауға қабілет, әлемді тұтас бағамдай білетін,

өзінің дербес шығармашылық қызметімен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдар мен қарым-қатынаста қалыптастыру.

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсәби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатын қояды. Оны іске асыруға алдын алушылық білімі креді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай-ақ, тәрбиеленушілерді сан алуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық және ақпараттық түсіндіруші жұмыс барысында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы – көп ұлтты, іргелі мемлекет. Ұлттық дәстүрге берік, елін жерін сүйетін, шыншыл азамат тәрбиелеу, келешек ұрпақтың бойына Қазақстандық отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру өскелең өмір талабынан туындап отыр. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіш сезімін қалыптастыратын азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасым-дылығында.

Шаяхмет Абылайхан

9 сынып, М.Әуезов атындағы орта мектебі Бәйдібек ауданы
Жетекшісі: Әлжанова С.С.

Менің сүйікті кітабым

Қыркүйек айы болатын. Осыдан бір жыл бұрын мен оқитын мектептің мемориалдық мұражайына саяхат жасағанымыз бар. Ұлы жазушы М.Әуезовтың туған күні қарсаңында өтілетін арнайы сабақ пен түрлі мәдени іс-шаралардың мазмұны қандай әсерлі. Сондай бір кезде мұражайда ілінген суреттер тарихына көз жүгірттім. Ғұлама жазушының біздің Шаянға келіп, бірнеше күн қонақ болғаны, халықпен жүздесіп, өмір түйіткілдерін сезініп, ауданның әлеуметтік тіршілігіне, рухани жағдайына, әсіресе, өнер-білімге көп көңіл бөлгенін білдім. Мектептің атақты жазушы есімімен аталуы да тегін емес екен. Тәрбие көзі білім ошағынан таралатынын айта келіп, ауылдағы ескі мектеп

жайын көрген жазушы осы мектептің салынуына мол үлес қосыпты. Әрине, сондықтан да қарашаңырақ мектеп емес пе ?!

Тарихтан сыр шертер суреттер мен көне жәдігерлерді таныстырып жүрген мұражай меңгерушісі:

- Мына суреттегі кісіні танысыңдар ма? - деп, М.Әуезовтың қасында басына қара шляпа, үстіне сәнді ұзын плащ киген сымбатты кісіні көрсетті. Біз жапа-тармағай «Иә» десіп, білгенімізді айтып жатырмыз.

- Ол кісі – біздің жерлесіміз, жазушы Еркінбек Тұрысов. Мұхтар аталарың Шаянға келгенде Еркінбек ағаларыңның үйінде қонақ болып, киелі өңірдің тылсым табиғатын бірге тамашалап, талай шығармаларды тудыруға оң ықпал еткен жан. Жазушының аяқталмай қалған «Өскен-өркен» романы осы сапардың жемісі,-деп апай бізге түсіндіріп берді.

Осы кезде мені бір сұрақ мазалады. Өзіміз мақтанышпен айтатын Еркінбек аға туралы не білеміз? Оның дарынды жазушы екенін, бірнеше кітаптардың авторы екенін білемін, алайда қысқа әңгімелеріне көз жүгірткенім болмаса, барлық шығармаларын толық аяқтап оқымаппын. Ұят-ай! Қазаққа танымал «Бәйдібек», «Темірлан», «Нұржаудың нұрлы күндері», «Құралай жолы» т.б әдебиет әлемін елеңдетіп, жауһарларымен байытқан туындыларын шала біліп, мазмұнын толық меңгермегенім үшін өзімді іштей кінәлап, қатты ұялдым. Содан азаматтық намыс жетелеп, кітапханаға бардым. Кішкентайымда анамнан естіген жазушының арқар туралы бір әңгімесі есіме түсіп, «Құралай жолы» кітабын қайта оқу үшін қолыма алдым.

Туған жер табиғатының көркемдігі, ұлы адамдармен бірге қызықтаған тау суреттері, жүректі шымырлатар өрнекті де айшықты сөздер мені шығарма тұңғиығына жетелей түсті.

Дана Мұхтардың Еркінбек ағамен тауды аралап, ондағы ғажайып суреттердің әсерін өзара бөлісіп, ой жіберіп қарағаны қандай ғажап! Таудағы тіршілікті тамашалап, Қаратау сілемдерінің қатпарларынан терең сыр шертеді.

Аты аңызға айналған Ақбикеш сұлу, қыран құстар мекендеген Бүркітті қиясы, әсемдік символына балаған құралай оқиғасы – бәрі-бәрі жазушының ұлы да нәзік сезім иірімдері арқылы берілген. Шығармадағы Мұхаңның жол үсті әңгімеде айтқан мына сөздері ерекше әсер етті. «Қазақ жұрты көкек, шаруагер ел сәуір, аңшылар жағы Құралай атайтын көктемнің айы төрт түлік мал, жан-жануардың жас төлін жаңа өргізіп жатқан шағы. Бұл кезде жөн білер кісі пышақ та қайрамайды. –Құралай айы, құралай жолы қашанда ашық, қастерлі». Қандай жақсы айтылған сөз десеңізші! Табиғатқа жанашыр ұлы адам-

дар әңгімесін өсиет қып үлкен әріптермен маңдайшаларға жазып қоярма еді!

Бұдан соң Еркінбек ағаның «Тау тәңірісі» аталатын хикаятын оқыдым. Оқыған сайын ойыма әр түрлі сезімдер ұялай бастады. Біздің өлке – қасиетті де бай өлке. Ақыны да, батыры да, елге қамқор Бәйдібектей биі де жарасып, мақтанышқа айналған ұрпақтар сабақтастығын үлгі еткен киелі мекенде туғаныма тәубе деймін. Жазушы шығармасында ел қорғаған батырдың өнегелі істері, көзсіз ерлігі баяндалған. Әбдіқұл мергеннің өмірі жайлы айтылған бұл хикаят маған таныс та жақын көрінді. Өйткені, онда менің сыныптас досым Ерболған Еркебұланнның атасы жөнінде жазылыпты. Халыққа қиындық әкелген зұлмат жылдар, соғыс кезіндегі қанды оқиға, ел үшін кеудесін оққа төсеген Әбдіқұл қарияның мергендік қасиетін шебер суреттеген көріністер мені ерлікке жетеледі.

Қазақ үшін мәңгілік есім ер Бәйдібектің тарихи тұлғасы мен сан ұрпаққа жалғасқан ізгі істерін бейнелейтін «Бәйдібек» хикаяты, ел басына күн туған дауылды, дабылды жылдарда халықтың бастан кешкен қиын тағдыры «Нұржаудың нұрлы күндері», «Алыста қалған» повестері арқылы көрініс тапқан.

Келесі әңгіме Шерхан романының геройы «Сұлу Бөрте» деп аталады. Алғашында мен шығарманың тақырыбын басқаша түсініппін. Тарихтан белгілі әйгілі Шыңғысханның әйелі Бөрте сұлу жайында болар деп ойладым. Сөйтсем, Шерхан Мұртазаның «Бөрте, Зөре, Нұржан» атты шағын әңгімесіне арқау болған сұлу жануардың ел ішіндегі тіршілігі суреттеліпті. Біздің қаламгер аға Шаянға кіре берістегі биікте орналасқан тамаша тау сұлулығын қолдан жасаған екен. Ел суреттен көріп, зообақтан тамашалайтын арқар, тырна, «Көкжал» атты арлан бөлтірік, кішкентай үйшікте балалаған кірпі, алма ағашының төбесін мекен еткен «Ұлдай» атты үкісі болыпты.

Еркінбек ағаның үйінде енесінен адасып қалған кішкентай құралайдың 6 жасар Нұржанмен бірге өсіп, өсе келе өзіне тән табиғи сымбатымен Шаянның көшелерін емін-еркін аралап, дүкендерге кіріп-шығатыны қызықты да шынайы берілген. Көп ұзамай оған өзі тағдырлас сұлу Зөре қосылып, дүниеге кішкентай жас Бөртенің келуі қандай көркем. Тауда өсіп, биікке жаратылған жануарлардың сол тауларын аңсауы да табиғи заңдылық емес пе?! Биіктікті аңсаған Зөренің шатырдан секіріп, қазаға ұшырауы, қазаны көтере алмай таза тектілікпен көз жұмған айнымас серігі Бөртенің тағдыры жан тебіrentпей қоймайды. Ата-анасынан айрылған жас Бөрте араға уақыт салып, өзінің

табиғи мекені – тауға кетеді. Отанға, туған жерге, адамдарға деген сезімі тұрақсыз жандарға осындай жануарлар тіршілігін үлгі етерлік шығарма тудырған жазушы әлемі қандай бай.

Бүгінде сексеннен асқан менің сүйікті қаламгерім – М.Әуезовтің ізбасары, Шаянның Шолоховы атанған Еркінбек Тұрысовтың шығармашылық жолын терең тани түстім. Жазушы өскен ауылда тұрып, ол жүрген ауада тербеліп, шабыт аламын. Мүмкін, Еркінбек ағадан оқығандарымның шығармашылығыма әсері болған шығар деп ойлаймын.

Менің сүйікті кітабымның авторы Еркінбек Тұрысовты мен ұлы жазушыға балаймын. Әрине, Астананы іздемей-ақ, туған жердің төсінде жүріп талай құнды еңбектер жазған жазушының ұлылығы осында шығар.

Шаяхмет Абылайхан

9 сынып, М.Әуезов атындағы ОМ Бәйдібек ауданы
Жетекшісі: Әлжанова С.С.

Туған жер

Отырып-ап, армандаймын, қиялдаймын бір сәтке,
Талай қызық, талай ғажап бұл өмірден көрсек те.
Туған өлкем перзентіне бал бақытын сыйлаған,
Мақтанамын қасиетінді сыйғыза алмай жер-көкке.

Туған жерім, хош иісің жұпар еді, ой неткен!
Бұлақ даусы сыңғыр қағып күлгендей бір бойжеткен.
Сенің ғажап құдіретің нар тұлғалар туғызып,
Сенің асыл қасиетің домбыраны сөйлеткен.

Кейбіреулер Шаянның желі қатты деседі,
Өзі келсе, қона жатып бақыт ғұмыр кешеді.
Жел емес, ол – ақындар мен батырлардың демі ғой,
Туған жердің топырағын сүйіп өткен кешегі.
Өзіңменен арайланар шұғылалы ақ таңым,
Өзің барда жұмақтағы мәңгі жасыл бақтамын.,
Туған жерім, бір өзіңе махаббатым мәңгілік,
Саған ыстық сезімімді бойтұмар ғып сақтадым.

Қоғамдағы сөйлеу мәдениеті

Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеріп, барлық қаракөз бауырларымыздың яғни қазақта-рымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан бала-бақша, үй, мектеп, жоғарғы оқу орындарында ұл-қыздарымызда тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Содан, үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастарымыздың бір-бірінен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтінін, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтінін байқаймыз. Олай болса, біздің бүгінгі шығармамыз қоғамдағы сөйлеу мәдениеті жайында, тіл туралы болмақ.

Тіл мәдениеті – тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілін қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айрмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетінің жақсы қарым-қатынаста болуы. Тіл мәдениеті қамтитын тілдік норманың үш түрі бар. Олар: Тілдік норма (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы). Этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері). Коммуникативті норма (сөйлеу қарым- қатынасының тиімділік қағидалары). Сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделген.

Әр адам өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиіс. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иесінде шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланыста. Адам өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жете алмайды. Сондықтан адам әдеби, мәдени әрі түсінікті сөйлеу керек. Сыртқы сөйлеу ауызша, жазбаша болып бөлінеді. Бұлардан басқа ауызша сөйлеудің мынадай екі түрі бар: Диалогты сөйлеу. Монологты сөйлеу. Диалогтық сөйлеу – екі немесе бірнеше адамның тілдесуі. Монологтық сөйлеу – бір адамның сөйлеуі, (әңгіме, баяндама, лекция және т.б.). Мұнда сөйлеуші бір адам, тыңдаушы – көп халық. Осылайша сыртқы сөйлесу: ауызша диалогтық сөйлеу, ауызша монологтық сөйлеу болып бөлінеді.

Адамның айтқан қандайда бір сөзі белгілі бір мағынаны білдіреді және сөйлеушінің, жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді.

Мұнан туатын қорытынды: сөйлеу ойды білдіріп, іштегі сезімді сыртқа шығарады.

Өзара тілдескенде, лекция, баянама жасағанда мәнерсіз сөйлеу – ол қаншама мазмұнды ойға толы болса да, әсерсіз, жансыз болып шығады. Ауызша сөйлеудің эмоциялық реңкі интонациямен, ишараларымен білдіреді. Жазбаша сөйлеуде мұндай мүмкіндіктер жоқ. Сол себепті қағазға жазушы адам өз сөздерін барынша қиыстырып, оларды өз орнына тауып қойып, ойын мәнерлі түрде жеткізе алады. Иә, сөйлей білу – өз ойыңды келістіріп тұрып айтып бере білу, оның мазмұнын ғана баяндап қоймай, нәзік сырларын сол қалпында жеткізіп, тыңдаушының етжүрегін елжірете білу.

Дұрыс сөйле білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға толық түсіндіре біледі. Адамдар оны ауызша диалогтық, ауызша монологтық және жазбаша сөйлеуде әртүрлі жолдрмен жүзеге асыра алады. Бұл сөйлеу түрінің арасында психологиядық айырмалар да баршылық. Мысалы, ірі жазушы-лардың көбісі ауызша сөйлеуге шебер болмаса, керісінше бірқатар шешен адамдар өз ойын жазып жеткізуге шорқақ.

Диалогтық сөйлеу кезінде де көбінесе әдеби сөйлемейді.»Тілім менің – тірлігімнің айғағы» деген Мұқағали атамыздың аталы сөзі баршаға үлгі ретінде қалатыны сөзсіз.

Павлодар облысы

Война стучит в мое сердце...

Каждый раз 9 Мая, в День Победы, моя бабушка смотрит концерт военной песни, и нередко на ее глазах блещут слезы. С некоторых пор я стала спрашивать ее о причине ее грусти. И со временем бабушка рассказала мне следующее: «Вот в песне поется: «Нет в России семьи такой, где не памятен был свой герой». А ведь в нашем казахском ауле тоже в каждой семье был родственник, так или иначе связанный с Великой Отечественной войной. В нашей же семье таких трое: оба прадедушки и дядя». Так я стала составлять летопись о делах своих героических предков. Вот их имена.

Абдрахманов Жакия, 1905 – 1944г.г.

Кызыров Кинаят, 1914-1996 г.г.

Макин Темиршот, 1905 – 1989 г.г.

Абдрахманов Жакия, самый старший из моих прадедов, воевал в Сталинграде, где и погиб в самый тяжелый период боев за этот город.

Другой мой прадед, Кызыров Кинаят, в 1941 году служил на Дальнем Востоке. Рядовой Кызыров участвовал в боевых действиях против японских интервентов и в бою под Халхин-Голом получил легкое ранение. Когда полк, где он служил, был передислоцирован на границу с Китаем, где он исполнял свой воинский долг в штабе данного полка в качестве писаря. Летом 1946 года закончил службу и вернулся на Родину.

Мой дядя по материнской линии Макин Темиршот прошел тяжелый боевой путь с июля 1941-ого года до дня Победы в действующей армии Ленинградского фронта под командованием таких полководцев, как Г.К.Жуков, Р.Р. Роккосовский. В 1943 году он служил в блокадном Ленинграде. В бою за освобождение Ленинграда был ранен и оказался в госпитале. Находясь на лечении, воспоминания о родной земле и близких он излагал в стихотворениях, посвященных своей сестре. Самым памятным является его письмо родной сестре, моей прабабушке, где дедушка с глубоким сожалением пишет о потере отца. Его письма являются символом патриотизма и любви к Отечеству, родной земле и самым близким. За участие в борьбе против немецко-фашистских оккупантов он был награжден орденами

Красной Звезды, Отечественной войны I,II степени, медалями «За Отвагу», « За боевые заслуги» и другие. С войны вернулся в конце 1945 года.

Это простые, незамысловатые строчки, написанные молодым бойцом, очень трогают меня, они говорят мне о его чистой душе, о том, каким испытанием стало для него расставание с родными и близкими. А еще меня восхищает, с каким спокойствием и достоинством пишет он о том, что едет защищать Родину.

После войны мой прадед Кызыров Кинаят работал в Баян-ауле бухгалтером. До конца своей жизни проживал в своем родном селе, вел скромный образ жизни. С моей прабабушкой Макиной Каримой вырастил и воспитал семерых детей, в том числе мою бабушку Розу.

Мой дядя, Макин Темиршот, после войны работал в потребительской кооперации, занимал руководящую должность. Затем в 1954 году по направлению партии работал председателем колхоза по программе «Освоение целинных и залежных земель». До выхода на пенсию работал заведующим отделением совхоза «Алексеевский». За мирный труд был награжден орденами Октябрьской революции, Трудового Красного Знамени, Знаком Почета, другими медалями. Его имя занесено в книгу летописи Баянаульского района.

Их потомки также заслужили уважение в обществе. Сейчас все мои усилия направлены на увековечение памяти прадедов – участников самой страшной войны в истории человечества - Великой Отечественной. Для этого я по крупицам собираю свидетельства той эпохи, а стихи прадедушки перевела на русский язык, за помощь в переводе очень благодарна своим учителям: Макишевой Вере Александровне и Досмагамбетовой Асемгуль Оскарбаевне.

«Прошла война, прошла страда, но боль взывает к людям: давайте, люди, никогда об этом не забудем!» - сказал А.Т.Твардовский, известный советский поэт. Слова эти продолжают оставаться актуальными и сегодня.

Айдарханова Гульназ

10 класс, школа с. Жана жулдыз Железинский район

Руководитель: Камалова Е. И.

Государственные символы РК

Государственные символы – это гордость гражданина любой страны, ведь это не только художественные образы, но и глашатаи идеи осуществления государственной независимости.

Вглядываясь в символы своей страны, я растворяюсь в лазури бесконечного над землей и людьми неба, и вместе с гордым орлом, несущим с собою прозорливость, щедрость, высоту помыслов, взмываю к светилу, чтобы вместе с ним озарять нашу Родину. И так приятно лицезреть этот цвет безоблачного неба, мира и благополучия! Так радостно ощущать теплые лучи источника жизни и энергии и понимать, что золотое солнце – символ богатства и покоя! Так хочется стать одним из его ярких лучей, олицетворяющих дружбу всех народов нашего великого государства!

Плавными движениями, стараясь повторить каждый виток национального орнамента, спускаюсь я под родной шанырак, чтобы ощутить тепло семейного очага, мир и покой. И вновь солнечные лучи – уйки, равномерно расходящиеся от центра шанырака. У шанырака встречают меня два верных стража – мифологические кони, с рогами в виде полумесяца, золотыми крыльями. Перешептываются с ветром их крылья-колосья. В их глазах отчетливо видны устремления к сильному, процветающему государству. И только чистые помыслы, стремление к совершенствованию и достижению гармонии в обществе, с природой и мировой цивилизацией... Все ярче светит звезда над нашим шаныраком, как бы маня к себе сообщество государств и народы всех пяти континентов земли. «Қазақстан»... Эта надпись на государственном языке – результат длительного развития казахской нации.

Высоко в небе и под родным шаныраком, ни на секунду не смолкает мелодия нашего величественного гимна – «флага, сотканного из слов», нашего духовного знамени. Звучит над всей страной стремление народа к свободе, звучит призыв к дружбе, единению во имя гуманизма, мира и согласия на нашей древней и прекрасной земле.

Только настоящий патриот может воедино слиться с государственной символикой, понимая каждый элемент, чувствуя значение всех символов.

Велика история нашей страны. Казахстан прошлого – историческая родина отважных тюркских племен, мощное среднеазиатское государство. Казахстан настоящего – независимое государство с высокими темпами развития. Казахстан будущего – одна из признанных мировых держав. С гордостью осознаю: мы, жители Казахстана, и наше государство – одно органическое целое. Наша общая цель – процветание страны, осуществление всех добрых замыслов нашего Президента, который с обретения независимости до сегодняшних дней является верным путеводителем нашей Родины.

Мир, спокойствие, благополучие, богатство, справедливость, великодушные – вот спутники, ведущие нас к светлому, успешному будущему.

Алимжан Жайнат

11класс, школа-гимназия № 26 г. Экибастуз

Руководитель: Амантаева Г.Б.

С чего начинается Родина

С чего начинается Родина...

Когда читаешь эти строки, невольно в памяти всплывают слова известной песни: «...с картинки в моём букваре ...». А для меня слово родина ассоциируется со словом «бабушка». Бабушки есть у всех, они разные, но все любят своих внуков, любят рассказывать интересные истории. Свою бабушку я сравниваю с бабушкой Зере, «чудесной рассказчицей разных легенд», с которой Абай дружил «до самой её смерти». С гордостью писал М.Горький о своей бабушке в повести «Детство». Жизнь моей бабушки тоже содержательная и интересная, у неё огромный жизненный опыт.

Любовь к родине зарождается с любви к родным и близким. Судьба моей бабушки – судьба моей Родины. Для меня Родина – это моя семья. В молодости моей бабушке пришлось нелегко, но она никогда не жаловалась, потому что умела жить легко и добро, сеяла вокруг себя радость, восторг перед жизнью. В годы Великой Отечественной войны моей бабушке было 7-8 лет, она знает, что такое голод и нужда, что такое цена хлеба. Хорошо знает, что такое целина. Бабушка часто рассказывает нам, как с песней выезжали в поле, тракторы пахали землю, а она вслед кидала семена. Ей было всего тридцать два года, когда се-

мью постигло горе, и умер муж. Пришлось одной воспитывать и ставить на ноги пятерых детей.

Первым, кто вселил чувство любви к родной земле, была прекрасная душа бабушки. Жили мы тогда в деревне. Помню в детстве, когда я была маленькой, бабушка отправляла нас за телятами в степь.

Степь.... Здесь столько всего интересного! Ковром расстилается зелёная трава, разноцветными красками играют цветы. Неожиданно появляется любопытный суслик и тут же исчезает. Пахнет свежестью и зеленью.

Приходилось бегать не только за телятами. Помню, брали мешок и ходили в степь собирать кизяк. Кизяк использовали для топлива, чтобы выпекать домашний хлеб, хлеб бабушки, душистый и поджаристый, свежий и хрустящий, самый вкусный! Как сейчас помню, стоит у печки бабушка, счастливая, довольная, щёки красные, глаза добрые, и жарит баурсаки. Тёмные её глаза, улыбаясь, изливали на всех греющий душу свет. Баурсаки у бабушки круглые, пышные, румяные. Прибежали дети с соседнего двора, чтобы их попробовать. Обмахивая платком разгоревшееся лицо, бабушка певуче говорила: «Кушайте на здоровье!» Видела я в детстве, как бабушка ходила к речке стирать. Тогда для стирки использовалась специальная доска. Любопытно было наблюдать за ловкими движениями бабушкиной руки, непременно хотелось тоже попробовать.

Я уверена, что Родина начинается с воспоминаний о бабушке.

Родина - это подснежники, которые мы собирали, когда бегали в степь за телятами, это запах свежего хлеба, горячие баурсаки бабушки.

И любовь к ней зарождается у семейного очага, где прошли лучшие детские годы. А когда вспоминаешь их, то в памяти всплывает милая улыбка бабушки, её трудолюбивые руки, добрые глаза.

Я думаю, что Родина – это семья. Это мои родители, мои братья и сёстры, бабушка, дедушка. Родина – это не только маленький клочок земли, но и вся Павлодарская область. Поэтому, я представляю себе, что областной центр - это бабушка и дедушка, Экибастуз – дети, село – внуки. Всё это вместе - моя Родина, одна большая семья, которую никто не разрушит.

Альжанова Жанна

10 класс, Енбекшинская школа Железинский район, село Еңбекші
Руководитель: Жамбусинова Ж. А.

Родина. В этом, казалось бы, простом и коротком слове так много значимого. Родина – это место, где ты родился, где ты живешь, где живут твои родители, твои друзья, это все окружающие тебя люди, это окружающая тебя природа, родные леса, полянки, озера, степи, это всё то, что окружает нас с детства, и является самым важным в жизни любого человека. Поэтому Родину нужно защищать, оберегать.

Любовь к Родине вечна. Она появляется с рождения. Чувство патриотизма в каждые времена проявлялось по-разному.

Примером патриотизма являются участники Великой Отечественной войны. Это наши деды, которые день и ночь вели бой с фашистами за спокойствие своего народа, за будущее своих детей, за процветание своего государства. Они победили в этой войне. Этому помогло сильное чувство патриотизма, ответственности.

Сейчас нашими главными защитниками и истинными патриотами, по моему мнению, являются те, кто служит в армии. Я совсем не понимаю тех молодых и здоровых ребят, которые избегают этой службы. Разве это не считается позором? Ведь тот, кто проходит через это, становится мужественнее, сильнее, заслуживает уважение у всех, становится настоящим ответственным гражданином своей страны, настоящим патриотом. Это воспитывает любовь к родине. Это и есть патриотизм. С моей точки зрения армия – это сила, армия – это защита, армия – это закалка характера. Благодаря ей мы спим спокойно. По моему мнению, те молодые парни и девушки, которые отваживаются идти служить в армию, ставят перед собой цель – стать защитником отечества, быть полезным народу и это большая честь. Да, не только парни, но и девушки идут служить. Почему? Потому что все мы патриоты своей страны, и нам неважно какого мы пола, какого мы возраста, а важно спокойствие наших родных и близких. Чувство патриотизма так многогранно по своему содержанию, что сложно дать определение несколькими словами.

Казахстан – многонациональная страна. Несмотря на это, для каждого жителя, Казахстан является Родиной. Многие уезжают из родных мест, но это не значит, что они предали Родину. Некоторые думают, что где - то жизнь лучше, чем здесь, но уехав, в душе они очень сильно скучают по «дому» и по землякам. Те же, кто остаются, не из-за отсутствия возмож-

ностей уехать, считают, что это земля их предков, отцов, где они жили и умирали, и что они должны оставаться с ними на одной родной земле.

Для каждого Родина означает что - то свое. И каждый показывает свою любовь к Родине по-своему. Охранять природу родных мест, беречь памятники культуры, уважать государственные символы, любить свой народ и просто гордится тем, что здесь родился. Вот, что должен делать настоящий патриот.

Балтабекқызы Інжу

11 сынып, А.Иманов атындағы ЖОББЛ-мектеп
Май ауданы, Баскөл ауылы

Егемен Қазақстан: өткенге көз тастау және бүгінгі күн

Өр Алтайдан Атырауға дейін тыныштық орнатқан қазақ елінің талай күрделі тарихи кезеңдерді басынан кешкені баршамызға белгілі. Темірдей төзімді, рухы биік халық жоңғарлардың қалың қолының шабуылына төтеп берген. Қалың елмен бірігіп, бір жеңнен қол шығара білген қазақ батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбайлар азулы жауды Аңырақайда аңыратып жеңсе, Райымбек сияқты киелі батырлар кейін шапқан кесапат жауды қасиетті қазақ жерінен біржола қуып тастаған. Қазақ жерін отарлап, бірте-бірте өз мақсатын орындап келе жатқан орыс патшалығы мен қарны жуан билерге қарсы шыға білген нағыз ерлік көрсеткен «Тебінгі теріс тағынып, темір қазық жастанған» да өр рухты, қайратты қазақ батырлары.

Сонау ғасырлар қойнауына көз салсаңыз, батыр бабалармыз өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң етуге төзбеген. Жауына қандай қатал болса, досына сондай адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садаққа кеудесін тосқан. Осындай найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен.

Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде менің ата-бабам туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамның кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды

дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діні жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін қазақстандық телімі болған.

Тарихтан қарап отырсақ, қатігез толқындар біржолата мәңгі жойылып жібергендей талай қиын кезең тұсында қиналса да, аман қалды. Қазақ ұлты тарихында көптеген қиыншылықты бастан кешті, аяусыз шабуылға ұшырады, алпауыттар тайталасының кәріне ілінді, қырғыннан қырғынға, басқыннан басқынға талай азапты көрді. Дегенмен “тәуелсіз” деген мағынаны білдіретін “қазақ” деген атына сай әрқашанда азаттыққа қол жеткізу үшін талпынды, осы жолда күресті. Талай батырларымыз бен ұлт қайраткерлеріміз халқын бостандық таңына жеткізуді армандап жанын пидә етті, шәйт болды, арманда кетті. Ұлтымызды құрту мақсатымен жасалған алуан түрлі әрекеттер, қу саяси шаралар ұрпақ жадына жойқын соққы бергенімен оны мүлдем бағындыра алмады, дініміз бен тілімізді түбегейлі жоюға шамасы жетпеді. Қазақ “мың өліп, мың тірілсе” де, қазақ болып қала берді, әр ұрпақ өзінен кейінгілерге тәуелсіздікті арман етіп, ұлттық мақсат ретінде аманат етті. Міне, сол өткен күрес – бүгінгі күннің жемісі деп білемін.

Ал жиырмамыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет пайда болды. Солардың бірі – Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар Қазақстан Республикасы еді.

Шуақты, жарқын өміріміз үшін күрескен ата-бабаларымыздың арқасында, біз бақыттымыз. Мен балалық ақ тілекпен Қазақстанда бейбітшілік, тыныштық болып, еліміздің егемендігі мәңгілік болсын деп тілеймін. Жасай бер, жаса, менің Қазақстаным!

Менің Отаным – Қазақстан

Біздің ел – Қазақстан Республикасы. Бұл жүзден астам адамдар тұратын ел: орыстар, қазақтар, немістер, украинецтер және т.б. Біздің Отанымыздың үлкен және кіші халықтарын есептеуге өте қиын. Қазақстан – бұл барлығымыз үшін Отан. Біздің көбіміз мұнда туды, өмір сүреді, білім алады, Отанды дамыту үшін жұмыс істейді. Қазақстанда он бес миллион адам тұрады. Мында тұрғандардың бәрі тілді, тарихты және қазақ халқының дәстүрін білуге талпынады. Қазақ халқы өте қонақжайлы және

Менің Қазақстаным – бұл ең қымбатты, мәнді, қымбатты, сүйікті ел. Біздің ата-бабаларымызға біздің жерімізді жаулардан қорғауға және оны бізге мұра етіп қалдыруға көп ғасырлар қажет болды. Қазақ халқының мәдени мұрасы туған жер туралы көп шығармаларды және суреттерді, олардың шексіз жазықтарды құрайды. Белгілі ақындар қазақ елінің тарихы мен сұлулығын жырлады. Халық есі ұрпақтан-ұрпаққа қазақ халқының өміріндегі мәнді және трагедиялық оқиғаларды сақтайды және береді.

Қазақстан – бұл жас, бірақ тез дамитын мемлекет. Жыл сайын біздің елдің экономикасы жақсарып келеді, мәдениеті дамып, қалалар өсіп келеді. Оның дамуы үлкен қарқынымен келеді. Республика аумағында көптеген өзендер, көлдер бар. Оған қоса қазақ жерлерінің ескі қойнауларға бай. Бізде табиғи қорларды табуға болады: темір, көмір, мұнай, газ, алтын.

Қазақстан – үлкен мүмкіндіктер елі. Қазір біз тек қана мектеп оқушыларымыз, бірақ болашақ туралы ойланамыз, мамандық алуға армандаймыз, мемлекетке пайда әкелу үшін.

Бейбітшілік пен ынтымақ жерде – әр адам үшін ең маңыздысы. Біз өз болашағымызда сенімдіміз, біздің Елбасы біз бақытты өмір сүру үшін барлығын жасайды. Біз өзіміздің еліміздің өткені мен болашағы үшін мақтан тұтамыз.

Біздің Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, оның арқасында біз бейбітшілік және аман-есен елде тұрамыз.

Отан – бұл, адам өз үйіндей сезінетін жер, оған жанға жайлы, қайда тағы және тағы оралғын келетін жер. Әрбір адам өз үшін – Отан мағынасын түсіну қажет. Өз елін сүю үшін, оның тарихын, ата-

бабаларымыздың өмірін білу керек. Мен Қазақстанда өстім, мында мен жоғарғы білім ала аламын, жақсы маман бола аламын.

Қазақстан Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин және т.б. белгілі адамдардың Отаны болып табылады.

Қазақ халқы – бұл мықты, батыл және қайсар адамдар, өз атамекені үшін барлығын жасауға дайын тұрады. Бүгінгі күнде кіші отаншылдар сол, өз Отанын сүйетін және жанқияр адамдар.

Патриот – өз елінің қызығушылықтары туралы қамын ойлайтын, ол үшін құрбан етуге дайын адам. Патриот елінің өткенін құрметтейтін және жетістіктермен мақтан етеді. Бірақ дәл біз, қазіргі ұрпақ біздің еліміздің өмірін жақсартуымыз керек. Патриотизмнің қалыптасуы бала жасынан басталады, ата-аналар бізге мемлекетімізге, өз елімізге махаббатты ұластыру қажет.

Мен, Қазақстан ары қарай әйгілі мемлекет және бай ел болатынына сенімдімін. Біздің міндетіміз – патриот болу, өз Отанымызды қорғауымыз, жұмыс істеуіміз, мемлекет игілігіне оқуымыз керек. Себебі Қазақстан – біз ортақ үйіміз, біздің Отанымыз.

Болашақ өткен мен қазіргісіз мүмкін емес, ал патриотизм тарих пен адамдарсыз мүмкін емес. Отан түсінігі, махаббат, халық анықталған адамдарға, оқиғаларға, оның қоршаған ортасына аландау сезімі негізінде адам санасына қалыптасады.

Біздің ұлттық ойымыздың негізін Ата Заң құрайды, Қазақстан халқын биліктің негізгі қайнары.

Бүгінгі шынайы патриотизм – бұл әлемдік ел сияқты елдің жаңартуын және құрылысын ойлау. Бұл міндет жастарды патриоттыққа тәрбиелеу үшін маңызды негіз болып табылады.

Патриоттың тұлға тәрбиелеу жолының маңызды рөлі белсенді оқу және педагогиканы насихаттау болып табылады. Бұл әдістің басты мақсаты өткен ұрпақтың тәжірибесі негізінде тәрбиелеу.

Патриоттың дамуы және болуы Отансыз мүмкін емес, ал сонда біздің басты міндетіміз Отанды сақтау.

Оған қоса патриоттың дамуы мен болуы туған мәдениетсіз, тіл және дәстүрсіз мүмкін емес, сондықтан біздің міндетіміз туған мәдениетімізді, тілімізді және дәстүрімізді көбейту және дамыту, сақтауымыз керек.

Белевкина Елена

8 класс, Башмачинская ОСШ

Руководитель: Балгужинова М.С.

Родина

Древняя и вечно юная земля...

Земля батыров, земля талантливых акынов, писателей, певцов и жырау. Это мой родной Казахстан. Родной... Родина...

Как тепло и ласково звучат для всех людей эти слова! У каждого человека есть своя Родина. Для меня это моё родное село Башмачное, моя семья, школа, друзья и вся наша огромная Республика Казахстан. Я счастлива, что родилась уже в свободном, Независимом Казахстане, и считаю его своей Родиной, где свободен каждый человек, где единой семьей живут представители почти ста тридцати наций и народностей.

Я считаю, что каждый гражданин должен быть патриотом своей страны. В переводе с греческого языка «патриот» - это сын своей земли, который любит свою родину, свой народ, чтит традиции и обычаи и гордится ими. Мы родились здесь, здесь живем и являемся патриотами своей страны, поэтому мы должны знать символы нашего государства.

У моей страны есть государственные символы: Герб, Флаг, Гимн. Государственные символы являются визитной карточкой Казахстана, считаются священными для всего казахского народа. Герб, Гимн, Флаг - это лицо государства. Они всегда являются предметами национальной гордости.

В мире существует множество стран, и они имеют свои государственные символы. Эти символы возникли не сразу. Только в двадцатом веке во всем мире установилась обязательная традиция - каждой стране иметь свой Герб, Гимн, Флаг.

Коматов Ернұр

11 сынып, әскери мектеп-интернат Павлодар қаласы
Жетекшісі: Аханбаева С. Е.

Мен – Қазақстанның патриотымын

Отаншылдық сезім – адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс. Ол – ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін, баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмететке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, бала бақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады.

Патриоттық сезімнің нысанасы мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескеткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам

көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерін ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алған соң алдына қиын, бірақ өмірлік маңызды міндет қойылды. Қоғамды қайта құрудағы маңызды және неғұрлым өткір мәселелердің бірі – Қарулы Күштердің тағдыры болып саналады. Бұлай болуы заңды да, өйткені армия – мемлекеттің тағдырын, ішкі тұрақтылығын, қазіргі әлемдегі орны мен маңызын айқындайтын құралдардың бірі.

Соғыстан сақтану – адамзаттың ең бірінші мақсаты. Қазіргі кездегі қасіретті болмыстардан – соғыс, қақтығыс, әскери қауіптен және әскери қатер көздерінен арылу үшін әскерге арқа сүйемей өтуі мүмкін емес. Аймақта қалыптасқан әскери-саяси жағдайға байланысты және ТМД аумағында орын алып отырған саяси және экономикалық поцестерді талдай келе, Қазақстан Республикасы өз Қарулы Күштерін құруды қолға алды.

Республика Президенті, еліміздің Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә. Назарбаев Республиканың Қауіпсіздік Кеңесі мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Бізге егемендігімізді қорғау мүддесін кез келген жағдайлардағы әрекеттерге дайын, жаттықтырылған, жоғары жинақтылықтағы осы заманға сай армия қажет», - деп атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаев: «...Әлемдік бәсекеге төтеп берудің басты шарты – күшті рух пен білім. Өз Отанының патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұялату. Өз Отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет. Әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып келе жатқан өз еліңнің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сенімі», - деп көрсеткен болатын. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап, міндеттер бүгінде жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үрдісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерінде үздіксіз, кешенді жүргізілуін талап етеді.

Қазақ халқының ұлылығы басым тұғыр тағылымы аясында ұлды ұлылығымен, қызды сан қырлы қылықтылығымен рухты етіп тәрбиелеу – халқымыздың, әсіресе ата-аналар мен ұстаздардың түпкілікті міндеті.

Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-біркүш.

Қорыта келгенде, бүкіл әлемдегі адамзат халқының бар арманы мен мақсат-тілегі ол – бейбітшілік. Әрқашанда елімізде тыныштық, ынтымақ достығымыз, отаншылдығымыз жоғары артып, әлемде әрқашан бейбітшілік болсын!

Корнеева Дарья

10 класс, Прииртышская школа им.Т.П. Праслова,
Железинский район, село Прииртышское,
Руководитель: Горохова Л.Н.

Государственные символы Республики Казахстан

Государственный Герб Республики Казахстан. 4 июня 1992 года навсегда останется в истории и в памяти народа, как день рождения государственного Герба Республики Казахстан. Сегодняшний Герб суверенного Казахстана является результатом огромного труда, творческих исканий двух известных архитекторов: Жандарбека Малибекова и Шоты Уалиханова, выиграть в этом соревновании было нелегко. Достаточно напомнить, что только в финальном конкурсе принимали участие 245 проектов и 67 описаний будущего Герба.

Герб имеет форму круга. В мире самой совершенной формой считается форма шара. А круг, как самый близкий к этому совершенству элемент, особо ценится у кочевников. Круг, как элемент геральдики, имеет применение везде, но он в особом почете и уважении у восточных кочевников. Это символ жизни и вечности.

Центральным элементом, вобравшим в себя основную идею нашего Герба, является шанырак - круговое навершие купола юрты. Шанырак - символ семейного благополучия, мира, спокойствия. Мастерски, эффективно и красиво изображенный тундык - зенитное отверстие юрты, напоминает яркое солнце на фоне голубого мирного неба. Купольные жерди - уык, равномерно расходящиеся от центра по голубому пространству Герба, напоминают лучи солнца - источник жизни и тепла. Авторам удалось решить проблему изображения кереге - раздвижных решетчатых основ юрты. Крестообразные, тройные, кульдреуши шанырака символизируют единство трех жузов, которое обеспечивает его прочность. Таким образом, языком геральдики авторы отражают миролюбивую сущность казахов. Призывают все народы

республики под общий шанырак, стремиться превратиться в крепкие мощные несущие конструкции нашего общего дома - Казахстана.

Следующей составной частью композиционной структуры Герба являются золотокрылые с рогами в форме полумесяца, фантастические скакуны - тулпары. Силуэт скакунов на языке геральдистов имеет глубокий смысл и содержание. Он означает: бесстрашие льва, прозорливость сокола, физическую мощь и силу быка, быстроту, скорость и пластику лани, хитрость и находчивость лисы в борьбе против врагов. Золотые крылья скакунов напоминают также снопы зерна, золотых колосьев, то есть признак труда, изобилия и материального благополучия.

В центре Герба находится пятиконечная звезда. В проекте там были расположены полумесяц и три маленькие звезды, по ходу обсуждения предлагались варианты восьмиконечной, семиконечной, пятиконечной звезд. Остановились на последнем. Наше сердце и объятия открыты представителям всех пяти континентов.

Остается отметить световую гамму нашего Герба. В основном их две: золотистая и голубая. Первая соответствует светлому, ясному будущему. наших народов. Голубое небо едино для всех народов мира. Его цвет в нашем Гербе олицетворяет наше стремление к миру, согласию, дружбе и единству со всеми народами планеты.

Государственный Флаг Республики Казахстан. Голубой Флаг с золотистым национальным орнаментом слева, золотистым солнцем и парящим силуэтом орла в центре сегодня украшает административные здания в республике, развевается над зданиями посольств суверенного Казахстана в иностранных государствах, установлен возле здания Организации Объединенных Наций. Он ныне всеми воспринимается, как символ свободы, независимости и суверенитета нашей республики. Его автор Шакен Ниязбеков. Этот наш новый символ является результатом его творческих исканий и самоотверженного труда.

Главным элементом государственного Флага является его цвет. Надо отдать должное настойчивости и целеустремленности автора, который с самого начала отказался от многоцветия и доказывал одноцветие Флага, как символ, единства Казахстана. И вот в окончательном варианте определяется светло-голубой цвет. Прежде всего, светло-голубой цвет относится к числу тех цветов, который человечеством с давних времен широко используется как один из ярких, выразительных и приятных. Это не случайно. Ведь данный цвет преобладает в природе. Он является одним из семи священных цветов радуги. Цвет

неба и воды. Таким образом, без примеси, чистый голубой цвет нашего Флага свидетельствует о культурно-этническом единстве народа и одновременно указывает на идею неделимости государства.

Солнце - источник жизни и энергии. Поэтому силуэт солнца является символом жизни. Человек не вечен. Приход в мир и уход человека из жизни измеряется временем. А время определяется для кочевника движением солнца. Восход и заход солнца, одно измерение - день. По закону геральдики, силуэт солнца является символом богатства и изобилия. Поэтому не случайно при внимательном рассмотрении лучи солнца на нашем Флаге одновременно имеют форму зерна - основы изобилия и благополучия.

В миропонимании кочевников особое место занимает степной орел или беркут. Его изображение в Гербах и Флагах народов и этнических групп, населявших Казахстан, имеет давнюю традицию. На языке символики силуэт орла означает государственную власть, широту и прозорливость. Для степняков это символ свободы, независимости, стремления к цели, к высоте, полет в будущее. Вместе с тем, орел, имея мощную силу, способен дать достойный отпор любому, кто пытается помешать в достижении будущего. Силуэт орла возник и от идеи стремления молодого суверенного Казахстана на высоты мировой цивилизации.

Еще одним элементом, дающим новизну и неповторимость нашему Флагу, является параллельная к его древку полоса, состоящая из национального орнамента. Здесь изображен казахский орнамент «кошкар-муыз - бараньи рога».

Государственный Гимн Республики Казахстан. 7 января 2006 года Гимном Республики Казахстан стала популярная песня, написанная ещё в 1956 году «Менің Қазақстаным» («Мой Казахстан») с внесёнными изменениями, приводящими песню в соответствие со статусом государственного Гимна. Поскольку поправки в текст внесены Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, он указывается, как соавтор текста. При исполнении Гимна на официальных церемониях присутствующие должны вставать и прикладывать ладонь правой руки к левой стороне груди, тем самым выражаем своей земле преданность и верность. Музыка композитора Шамши Калдаякова на слова Нурсултана Абишевича Назарбаева, Жумекена Нажимеденова. Автор говорит о будущем и о возможностях нашего «неоглядного простора». В припеве, называя себя «цветком» и

«песней», он подчеркивает свою связь с Родиной. Ведь без земли любовью цветов погибнет, а песня, которая не исполняется, забудется.

Я горжусь тем, что Казахстан суверенное, самостоятельное государство. Как независимое государство Казахстан имеет свои государственные символы - Герб, Гимн и Флаг. Геральдика нашего государства отображает богатство страны, единство народа, стремление достигать высокие цели, желание жить всегда в мире и согласии, не зная войн и различного рода междоусобиц.

Кудабаева Жансая

8 сынып, “Жас дарын” мектеп Павлодар қаласы

Бір халық, бір ел, бір тағдыр...

Отанды сүю – біздің перзенттік парымыз, қарыс қадам үшін жанын қиған бабалардың асыл аманатына адалдығымыз!

Н.Ә.Назарбаев

Отан... Бұл сөз-әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз.

Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке – Қазақстан. Қазақстан дегенде көз алдыма шалқыған жайлау түтіні, бұрқыраған ауыл, жазық дала елестеп, бақтағы бұлбұл құстың үні мен айдын көлдегі аққу құстың қиқулаған даусы құлағыма келеді. Әр адамның туған Отаны, туған жері оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға, туған елге деген махаббат сезімі оянады. Әр адам үшін кіндік қаны тамып, туып өскен жері, яғни өз Отанынан қымбат мекен жоқ. Отанымыздың ұлтарақтай жері үшін қаһарман ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша күресіп, ұрпағына оны мирас етіп қалдырды. Сондықтан барлығымыз туған еліміз бен жеріміздің алдында әрқашан борыштар екенімізді ұмытпауымыз қажет. «Отан – оттан да ыстық», «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп аға буын тегін айтпаған болар. Осы кең байтақ Отанымызда салт-дәстүріміз, рухани байлықтарымыз, ұлттық болмысымыз бен терең тарихымыз жатыр.

Біз қазір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Біздің ата-бабаларымыз өмір үшін күрес жолында ешбір қиындықтан тайсалмастан жауға қарсы шықты! «Елім», «Жерім», «Отаным» деген ұрандарды жүректе мәңгі сақтап еліміздің патриотына айналды.«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес.

Сол сұрапыл соғыста қан төккен ата-бабаларымыздың арқасында Қазақстан тәуелсіз ел атанып, өзінің әнұранын, туын, елтаңбасын алғанына міне 22 жылдың жүзі болды. Еліміз әлемнің мақтанышына айналды.

Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Ондай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі, аңдар мен құстар, неше түрлі жануарлар жасайды. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық», - деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау – әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Кусаинов Ерлан

10 класс, школа-лицей № 8 г. Павлодар

Руководитель: Кокова А. В.

Символы Независимости Казахстана

Голубой флаг, с золотистым солнцем и парящим силуэтом орла, и герб, в центре которого находится образ шанырака как символ общего дома для всех казахстанцев, явили миру образ нового независимого государства под названием Республика Казахстан. Высокое и священное понятие независимости выступает основой единства и общенациональной идеи Казахстана, призванной объединить наш народ, и станет бесценным достоянием потомков, которым предстоит дальнейшее созидание устремленной в будущее страны.

Язык отцов, язык тысячелетий,
Ты временем, как глина, обожжён,
В тебе – удар меча и посвист плети,
Мужская гордость и горячность жён,
В тебе звучат забытые наречья
Шумеров, гуннов, хрип монгольских слов...

Олжас Сулейменов

Во многом воспитание патриотизма начинается с государственного языка, который стал таким же символом государственности, как гимн, флаг и герб. Язык – это система образов. Через язык образы Родины, соотечественников, национальной истории – в целом культуры – становятся образами души. В нем отражено многоцветье и многоголосье казахской языковой картины мира. Язык казахов всегда отличался среди других тюркских языков своей образностью, картинностью; казахи славились и славятся своей народной словесностью, своим красочным фольклором. Это кладезь национальной духовности. «Будущее Казахстана - в казахском языке», - сказал Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев. Истоки патриотизма — в глубоком знании языка и истории страны, в понимании и уважении дел старших поколений, которые век за веком отстаивали независимость и процветание родной земли.

Я думаю, что любовь к родине не поддается измерению цифрами, а на деле выражается в чувствах, объединяющих людей. Особая роль

отводится государственным символам Казахстана как символам независимости, формирующим казахстанский патриотизм. Канат Саудабаев отметил, что «...государственные символы, наряду с международно-признанной и оформленной границей и органами власти, являются важнейшими атрибутами государственности. От уважения к ним начинается воспитание уважения к стране, начинается патриотизм. Мы должны с ранних лет прививать детям любовь и уважение к нашему Флагу, Гербу, Гимну».

Символы суверенного Казахстана отражают основные направления идеологии независимого государства, его исторического развития, мышления и философии, являются воплощением многовековой мечты казахского народа о свободе и независимом пути развития. Они способствуют формированию национального самосознания, основанного на любви к Родине, стремлении служить ее интересам и готовности к ее защите. Четвертое июня было объявлено Днем государственных символов Казахстана. Ежегодно в этот день жасотановцы по всей стране проводят патриотические акции, формирующие уважение к нашим государственным символам — Флагу, Гимну и Гербу Казахстана. Этим воспитывается любовь к Родине.

Без глубокого чувства любви к своей стране, без подлинного патриотизма нет настоящего гражданина, настоящего человека. Глубокое осознание своей пуповинной неразрывности с Отечеством, нераздельной сопричастности с ним произойдет тогда, когда каждый казахстанец от колыбели и до седин будет верен земле предков и с гордостью будет рассказывать о значении древних и новых символов независимого Казахстана. Я думаю, что истинный смысл патриотизма связан со счастьем жить на родной земле и желанием реализовать энергию созидания молодых на благо великой страны в самом сердце Евразии, моей Родины, Казахстана!

Кусаинова Мадина

7 сынып, Еңбекші мектебі Железин ауданы
Жетекшісі: Жаирбаева А. Қ.

Тәуелсіз елімнің Тұңғыш Президенті

Туған жер, қатар өскен құрбы, атамекен, Отанға деген махаббат, перзенттік парыз туралы сыр шертпейтін адам болар ма, сірә!

Сондықтан бізде бұл тақырыптар өзгелерден гөрі көп айтылады және айтыла бермек.

Менің туған елім – Қазақстан. Даласы, таулары биік өр, халқы мейірімді ғажайып өлке. Республиканың өз алдына дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін алғанына биыл 23 жыл толғалы отыр. Осыны ойласам кеудемді үлкен қуаныш сезімі кернейді. өз еліңде бақытты, тыныш өмір сүргенге не жетсін! Алыс-жақын елдерде соғыс болып жатқанда, біздің аспанымыз ашық, өміріміздің бейбіт болғанына қуанамын. Сол бейбітшіліктің арқасында күліп-ойнап, еркін білім алып жүрген ерікті елдің қызының бірімін. Мен болашаққа нық сеніммен, үлкен үмітпен қараймын. Тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыз өз таңдауымен ел Президенті сайлады. Оған үлкен сенім артты, міндет жүктеді. Мұның мәнін біз жақсы түсінеміз. Әбішұлы Назарбаев Нұрсұлтан ата – елге, барша әлемге танылған, өмір еңбектің шытырман жолдарынан өткен, шыңдалған, болашақты көрегенділікпен саралап, болжай білетін азамат, өткенінің өзі – көпке үлгі болар өмірбаян. Нұрсұлтан Әбішұлы Алатаудың бауырында дүниеге келсе де, жанға жайлы мекенде өмір кешпей, еңбек жолын Теміртаудан бастап, Қазақстан магниткасында шыңдалған. «Қанат ұшса қатаяды», - деген осы болар. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстанды әлемге танылған тәуелсіз мемлекетке айналдырды. Ел сенімі ақталды деген – осы. Ал Нұрсұлтан Әбішұлы оны тек өзінің жетістігі деп есептемей. «Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында» тағы басқа еңбектерінде халықты өткеніне үңіліп, бүгінгісіне шүкіршілік етуге тәрбиелеп отырды. Ата-бабаларымыз Батыр халық аттың жалында, найзаның ұшымен, білектің күшімен, ақтық демі біткенше, елін дұшпанға таптатпай, Алтайдан Дунайға, Сібірден Шығысқа дейінгі ұлан-ғайыр даланы небір сұрапыл соғыстардан, замана зұлматтарынан аман алып қалып отырған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдардың тар жол, тайғақ кешуінде де тәуелсіздік туын құлатқан жоқ. Ата-бабаның сол тізгінің Елбасының Нұрсұлтан Әбішұлыда атамыз мықтап ұстаған. Олай деуімізде де себеп бар. өйткені, Президент адам құқығы мен заңға саналы түрде басым бағыт бере отырып, өз еліндегі тыныштық пен келісімді көзінің қарашығындай сақтауда. Елдің ата заңы Конституциясы мен рәміздері өмірге келді. Тәуелсіз Отанымыздың көк жүзімен астасқан көк байрағы астында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық. Ардақты ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғаны, тұңғыш төл теңгеміздің шығуы, Семей

атом полигонының жабылуы – бәрі де Елбасына тікелей араласуымен болған.

Ел ордасы болып Астана бой көтерді. Бұл қала өзінің әсем сәулет өнері үлгілерімен, сан-алуан тарихи және мәдени ескерткіштерімен, сұлулығымен әлем назарын өзіне қаратып отыр. Мұндай тамаша сәулет өнері туындылары, солардың ішінде «Ақорда», «Бәйтерек», «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Думан» орталығы секілді көптеген ғимараттар мен ескерткіштер орналасқан. Әсем қаламыз – Астананың жылдан-жылға жаңарып, көркеюіне Елбасымыздың қосқан үлесі орасан зор. 1998 жыл «Халық бірлігі мен тарих жылы» атанғаннан кейін біршама тарих беттерінде ашылмаған, анықталмаған тарихи байлықтарымыз ашылды. 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп жариялануы бекерге емес. Президентіміздің тапсырысымен көптеген Қазақ азаматтары өзінің ата-бабаларының тұрған, кіндік қаны тамған кең байтақ Қазақ еліне келіп, өмір сүрулеріне мүмкіндік алды. 2000 жыл «Мәдениетті қолдау» болып жарияланған. Мәдениет – әрқашан адамзаттың ұлы мұраты, асыл болмыс-бітімі, рухани байлығы. Жаңа ХХІ ғасырға қадам басқан шақта Қазақ халқының өнерін жаңғыртып, мәдениетін басқа елдерге таныту игіліктің басы. Елбасының Н.Ә.Назарбаев сол туралы: «Біз – талантты халықтың өнерлі ұрпағымыз».

Ата-дәстүрін, ана тәрбиесін көріп өскен, содан нәр алып жетілген ұрпақтың өнерді қадірлемеуі мүмкін емес. Халық өнері – қазына. Біз сол өнерді жалғастырушыларымыз» - деп, барлық елді мәдениетті қолдап, атадан қалған қазынаны ұмытпауға үндеді және оны өркендетуге мүмкіндіктер жасады. Президентіміз белгіленген «Қазақстан – 2050» бағдарламасы және жыл сайынға Жолдауы біздің адаспайтын жолымыз, айқын да ашық бағдарымыз. Елбасы өз Жолдауында «Қазақстанның болашағы жастардың қолында», - деп бізге үлкен сенім білдірді. «Хан біреу болса керек, қалғандары тіреу болса керек», - деген есті сөз бар. Американдықтар Дж.Вашингтоның, орыстар Бірінші Петрді, түріктер Ататүркті қастерлейді. Оларды шын мәніндегі мемлекеттерінің негізін қалаушысы, ел тағдырының ең бір қиын кезеңінде тізгін ұстапшысы, ту көтерген тарихи тұлғасы ретінде құрметтейді. Сондай текті де дара тұлға – Н.Ә.Назарбаев. Нұрсұлтан Әбішұлының «Тарих толқынында» еңбегі барысында 1999 жылы Мұхтар Құл-Мұхамедке берген сұхбатында: «Мен Елбасы болсам да, Қазақ деген атасын ардақтап, анасын сыйлаған, әруағын қастерлеп, Алласына сыйынған елдің бір перзентімін», -

дейді де Президентіміздің ұлылығы мен көрегенді-лігін айқын түсінгендейміз. Осы сөз кейінгі ұрпаққа қарапайымдылық пен ізеттіліктің не екенін үйретері сөзсіз. Мен осы ізгілікті жадыма сақтай отырып, ел тәуелсіздігі мен ел Президентін бөлек қарауға болмайтын егіз ұғым екенін түсіндім.

Қабен Қымбат

8 сынып, Баянауыл мектеп – интернат Баянауыл ауданы
Жетекшісі: Рымхан А.

Кемеңгер атам, Мәшһүр бабам!

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шоқтығы биік, дара тұлғалардың бірі. Ол – ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен қазақ әдебиетінің белгілі тұлғасы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бес – он бес жас аралығында Алланың ғылымын, араб – парсы, шағатай, түрік тілдерін жетік меңгерген.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ойлары өзіндік бір деректілікке негіздейді, себебін түсіндіреді, құпия сырына үңіледі. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «айдан – жарық, күнінен – раушан» түйінді ой- пікірлері айрықша маңызды. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұрасын зерттеушілердің айтуына қарағанда оның еңбектері шамамен 30 томдық еңбекті құрайды. Бірақ сол еңбектерінің түгелі дерлік біздің қолымызға өкінішке қарай жеткен жоқ. Осы еңбектерінің көбі ескі қаріппен жазылған, сондықтан да ғалымдар оны толық оқи алмады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің 73 жасында қайтыс болатынын білді, сол себепті де өзінің жерлейтін орнын көрсетіп кеткен. Мен Мәшһүр атамды үлгі тұтам және де шығармаларын сүйіп оқимын. Өткен жылғы жаз айында жолым түсіп, Мәшһүр атаның туған жеріне барған едім. Онда мен Мәшһүр атамның басына арнайы салынған кесенеге бардым. Ол кесене Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылында 1999 жылдың 23 қазанында ірге тасы қаланған екен. Кесене орналасқан алаң 6,2 гектар жерді қамтиды. 2006 жылы қайтадан күрделі жөндеуден өткізіліп, халықты қуанышқа бөлген еді. Шаңырақ түрінде көгілдір түсті күмбез алтын жарты айды қиып тұр, аспанға ұмтылған көгілдір мұнаралары мен зор баспалдақтар жаңа мешітті көркемдете түсті. Мешіт ғимаратының мөлшері 48x48 метрді

құрайтын сегіз қырлы жұлдызды бейнелейді, мұнараларының биіктігі – 63 метр, жарты айлы күмбездердің биіктігі – 54 метр. Мешіттегі хрусталь «Зумрад» люстрасы Ташкентте жасалған екен. Кесененің ішінде 434 шам бар. Кесененің архитектурасы жайлы бірсөзбен айтыпжеткізу мүмкін емес. Ол жерге келген адамдар риза болып, жан ләззатын алып қайтады. Тіпті, сол жерге барғандар айықпас ауруларынан айығып, өлең жазатын адамдарда шабыты оянып, керемет бір күйге енеді екен.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы аты бүкіл елге жайылған. Ондай адамдар дүниеге көп келе бермейді, тіпті жоқ деуге болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – әулие адам. Ол болашақты болжай алған. Мысалға келтірсек: 1916 жылдың 25 маусымында қалың елдің дариядай толқуы басталған болатын. Ал Мәшһүр атамыздың жазбаларында былай делінген:

Қаракесек Бекболаттың Заманы
Қасқыр деген Заман еді,
Жамандық пен бұзықты
Басқа ұр деген Заман еді.
Айдабол Тайкелтірдің Заманы
Түлкі деген Заман еді,
Ойын мен мәжіліс
Күлкі деген Заман еді.
Қаракесек Алшынбайдың Заманы
Қарсақ деген Заман еді,
Біреудің бір нәрсесін алдап
Алсақ деген Заман еді.
Шұршіттің темір қақпаны,
Мұжықтың кендір арқаны - делінген болатын.

Міне, көріп отырғанымыздай Мәшһүр атамыздың осы сөзін астарлап ашып көрсек, атамыздың айтқаны дәл келеді. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерін жалықпай оқи бергің келеді. Мен осындай Ұлылардың кіндік қаны тамған Баянауыл құт мекенінде туғаныма, Аллаға мың да бір ризашылығымды білдіремін!

Қадырхан Ақерке

8 сынып, «Жас дарын» мектеп Павлодар қаласы

Мәңгілік ел

Жалғыз Отан - тәуелсіз Қазақстан.

Н. Ә. Назарбаев

Шіркін, мен қандай бақыттымын!

Елеулі елдің ерке қызы болып туғаныма... Неге маған қолыма ақ қағаз бен қалам алып көсіліп бір шаппасқа? Неге маған бақытыммен бөліспеске...?

Арайлап атқан таңдарың, әсем батқан күндерің, дариядай суларың, туған жер, әр түкпірің керемет қой біз үшін. Туған жер – кіндік қан тамған жер. Ондай жер пендеде жалғыз ғана. Адам өмірінде киелі орын алатын жер. Алғаш тәй-тәй басқан, тұңғыш «ана» деп күлім қаққан киелі жер. Нақты осы азғантай жер пендені елімен, өткенімен, болашағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан адам бойында туған жерге деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан – ошақ басынан басталады: туған үй, туған көше, туған қала. Осының бәрі жан иесіне жастайынан қымбат.

Бүгінде туған жеріне орала алмай жырақта жүргендер қаншама? Шетелдегі қандастарымыздың аңсағаны – туған жеріне, туған топырағына оралу. Үкімет оларға бар жағдайды жасап, елге қайтаруда. Қазақ халқының «Туған жердің түтіні түзу шықсын», «Туған жердің ауасы шипа», «Туған жер - тұғырың», «Туған жерден топырақ бұйырсын» дегендей көп мақал - мәтелдер мен нақыл сөздер бар. Осы айтылғандарға терең үңілсек, туған жердің қадірі, түпкі мағынасы Отанды сүю екенін түсінесіз.

Қазақстан – көп ұлтты, кең байтақ, ұлан-ғайыр жер. 130 - дан астам ұлт өкілі өмір сүріп жатқан ел. Әрқайсысының жағдайын ойлап, басын біріктіріп, елімізде тыныштық, бейбітшілікті сақтап отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай «бақ атамыз» барда біз бақыттымыз, тату - тәттіміз.

Нұраға, өзіңсің ғой елбасымыз,

Әрқайсысын ойлаған қамқоршымыз.

Саясатың салиқалы, білеміз біз,

Сол үшін әрдайым қол ұшын береміз біз.

Қазақстан болашағы - біз, жастармыз,
Сенеміз, үмітіңді біз ақтармыз.
Осынау байтақ елді көтердің,
Біз - сенің қуанышты балаңбыз.

Қазақстан – дамыған шет елдермен терезесін теңестіру жолындаға держава. «Бұл әлемде ең бастысы – біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қай бағытта жылжып бара жатқанымыз», - деп Холмз айтқандай, Қазақстан Республикасы дұрыс жолда жылжып бара жатыр. Нұрсұлтан Әбішұлы жақында ғана «Қазақстан-2050» Стратегиясын ұсынған болатын. Осы аталмыш стратегия көптеген мәселелерді қамтиды. Қазақстанның көркеюіне үлес қосатынына кәміл сенімдемін.

Егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік міртебесін алды. «Ана тілі - ұлтымыздың айнасы». Тіл – құдірет. Тіл – қасиет. Тіл – мақтаныш. Ана тілді қастерлеп, қадірлеу – адамзаттың борышы. Ана тілі әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Туған тілді сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі. Тіл – қай ұлттың болмасын тағдыры мен тарихы, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қарым-қатынас құралы. Тіл болмаса, сөз болмайды. Сөз болмаса, адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Тіл – атадан балаға мирас болып қалатын баға жетпес мұра.

Мен «Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, зор асқақтықпен айта аламын. Себебі бұл күн – талай күрестердің жеңісі. Бұл атқан таң – қуанудың белгісі. Осы тірі жүрген заманның артында қанша еңбек, қанша тер төгілгенін өздеріңіз де білесіз. Енді, осы елімізді көркейту біздің, келер ұрпақтың, қолында.

Мен болашақта Қазақстанның «Азия Барысы» атанатынына сенемін. Оған көптеген үміт арта тұра, оның үмітін ақтауға тырысамын. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мына өлең жолдарымен сабақтағым келеді:

Ұзақ күндер ұзартады таңдарын,
Сендік бақыт менің - дағы жанғаным.
Жігеріммен бар күшімді әрқашан
Қазақстан, бір өзіңе арнадым!

Қанат Ілияс

8-сынып, Қаражар жалпы негізгі мектеп,
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

Труд души

«Не позволяй душе лениться». Эти слова русского поэта Николая Заболоцкого давно стали крылатыми. Но что такое труд души? С телом человека все понятно: оно ходит, бегает, переносит грузы, работает руками. А как может трудиться душа?

На самом деле душа отвечает за очень важную черту человека. Это его духовное развитие, его самосовершенствование. Человеческий дух и воля должны закаляться, укрепляться и становиться сильнее день ото дня. А душевные качества человека должны становиться с каждым днем лучше.

Чего человеку недостает, то и надо развивать в душе. Если человек боязлив, то нужно развивать храбрость. Если невнимателен к окружающим, то нужно развивать отзывчивость. Если жаден, то широту души, и так далее. Еще не стоит забывать и про свои лучшие качества и развивать их еще больше.

Для этого каждый день человеку нужно делать что-то такое, что поможет ему двигаться вперед как личности. Например, преодолевать свои страхи. Или развивать свой ум, узнавать новую полезную информацию. Или учиться находить общий язык с людьми, с которыми не так легко общаться.

Да, свою личность надо с самых юных лет строить, прилагая к этому усилия. Тогда она получится достойной. В построении и развитии неповторимой личности человека и заключается труд его души.

Не позволяй душе лениться!
Чтоб в ступе воду не толочь,
Душа обязана трудиться
И день и ночь, и день и ночь!..

Это строки из стихотворения Николая Заболоцкого. Трудно поверить, что писал это стихотворение смертельно больной человек, ведь эти строки не о смерти, а о жизни. Не о бренности земного бытия, а о глубинном смысле существования человека на земле говорит поэт.

Утро. Я выхожу из дому. Моросит дождь, небо затянуто серыми облаками. Люди все куда-то спешат, никому ни до кого нет дела.

Вот обычный день. Человек встает, идет на работу, зачастую не интересную для него, приходит домой и ложится спать. Многие люди вообще ничего не читают. Но ведь это необходимо! Мы можем прожить без воды и пищи совсем мало времени. Если душа не трудится, не подпитывается книгами, то она умирает, и человек продолжает жить без нее. У таких людей абсолютно пустые глаза — посмотришь в них, и становится страшно, словно куда-то проваливаешься.

Мы обязаны постоянно думать, переживать, может быть даже страдать, потому что без этого душа не возвышается, не становится лучше, а просто засыхает как ненужный цветок.

Люди, у которых душа не трудится ежедневно, ежечасно, по-моему, ужасны. Нужно работать над собой, быть добрее и справедливее. Душа должна трудиться даже ночью — ведь во сне мы тоже думаем и переживаем.

У многих людей, из тех, которых называют «новыми русскими», душа абсолютно не трудится, их единственная забота — заработать побольше денег, все равно каким путем.

Мақажан Әлия

10 сынып, №10 лицей-мектеп Павлодар қаласы

Менің Қазақстаным және Елбасы

Қазақстан – өз ұлты, халқы, діні, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар құдіретті ел. Қазаққа тән ата-бабаларымыз данқ алған ар-намыс, жігер-қайрат, қайтпас қанат мұрар етін де келеше құрпаққа дейін жеткен. Тарихы бай, көне мәдениетпен және ерекше табиғат пен ұлы мемлекет. Ғасырлар көп оның жауларынан қоныстандырып, меңгеріп, қорғап қалу және бүгін өміршең бізге мұраға тапсырылу үшін бабаларымыздарға керек болды. Еңбек, тер және қандар, қуаныш және бейнеттер неше өткен ұрпақтар үлесіне тиді. Жоңғарлармен соғыстар, патшалықтың қиын кезеңі, Ұлы Отан соғысы – қазақ халқы көп қайғыларды көзікөрді. Халқымыз көпқиыншылық көрді, азап шекті. Бірақ соған қарамастан, қазақ халқымыз рухын сындырмай, намысын тапталмай барлық жауларменен қиыншылықтарға қарсы тұрып, 1991 жылы 16 желтоқсанда өз

тәуелсіздігін алды. Сол күннен бастап қазақ халқы ешкімге құл бола алмады, ешкім де қазақ жеріне қол сұға алмады. 16 желтоқсаннан бастап әр қазақстандық үшін тарихтың таза парақтары ашылып, жаңа өмір басталды.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналды. Ұлы даланың тағдыр-тарихын барлық дем тынысымен түсініп, елінің ендігі тарихын сол ұлылар рухын да одан әрі жаңғырта, жасарта алып кететін ер, көзсіз батыр, тап-таза ар – намыстан жаралған қайтпас-қайсарқайраткер, елін басқарып, қос батырдың ісін істей алатындай ерекше тұлғаны тап басып таңдап, тағдырын қолына бергенінде жаза басып жаңылған жоқ еді. НұрсұлтанӘбішұлы – жер бетіне сөзін өткізіп, отырған бүгінгі заманның көрнекті саясаткері, Қазақстанның тәуелсіз мемлекетін құрудың басында тұрған, осы жолдағы не қилы тар жол, тайғақ кешуді халқымен бірге өтіп, қиыншылықтарын бөліскен, бүгінде әлем мойындап отырған жаңа мемлекетті қалыптастырған қайраткер. Қазақстанның әр азаматы осы соғыссыз бейбіт те тату өмірі үшін, білім алып тегін оқуға мүмкіндігі үшін, өз армандарыңды орындау мүмкіндігі үшін елбасымызға шексіз алғыс білдіруі тиіс. Президент боламын деген кісі ақылы мен қайратын, жігерін, ірі саясаткер талантымен, ел басқару ісіндегі мол тәжірибесі мен ұштастыра отырып, елдің бірлігі, халықтың тыныштығы, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қадір-қасиетінің артуы үшін еңбек етуі шарт. Нұрсұлтан Назарбаев бұл шарттардан мүдірмей өтті, ол елдің, мемлекеттің ақыл-ойын байытуға, абыройын асыруға, ар-ожданын ардақтауға қызмететті және қызмет етіп келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен демократиялық құндылықтарды құрметтеу, ашық қоғам құру, адам құқын қорғау мен сөз бостандығын өркениет өрісіне сай қамтамасыз ету салаларында ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға жетті. Еліміздің экономикасын көтеріп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, саяси реформалар жүргізіп, басқарудың тиімді тетіктерін қалыптастыру бағыттарында да қомақты шаруалар атқарылды. 2010 жылғы Азиядадағы, 2012 жылғы Лондондағы және жуырда өткен Сочи қаласындағы қысқы олимпиадағы жетістіктер Қазақстанның спорттағы күшін бүкіл әлемге танымал етті. ЕҚЫҰ саммитіне басшылық ету біздің еліміздің мәртебесі мен беделін көтерді.

Сонымен қатар республикамыз қазірге дейін бірқатар халықаралық ауқымды шараларға бастамашы болып үлгерді. Әлемдік, өңірлік деңгейдегі құрылымдарды өмірге әкелудің көшбасында жүрді. Ел ішіндегі этносаралық татулық пен дінаралық келісім үдерістері өзгелерге үлгі етерліктей дәрежеге көтерілді. Дүниежүзілік, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы күш-жігеріміз де халықаралық қоғамдастық тарапынан оң бағаланып келеді. Жер шарының көптеген мемлекеттерімен тек достық, ынтымақтастық тұрғысында қарым-қатынас орнаттық. Халықты аштыққа, жалаңаштыққа ұрындырмай, қиын өткелден алып шығуының бірден-бір жолы – шетелдердің қаржысын Қазақстанның экономикасын өркендетуге жұмсау, өзіміздің теңгемізді тұрақтандыру, дамыған елдер мен байланыс жасап, жер бетінде Қазақстан атты мемлекеттің барын таныту болды. Өтпелі кезең қиыншылықты болғанмен, мемлекеттің алдындағы өзекті мәселелерде Елбасы бірден-бір баянды бағыт ұстанды. Мемлекеттің қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын қалыптастыруды бұрын-соңды болмаған жетістікке жетті. Жаңа басқару жүйесі, оның басқарушы, бақылаушы және атқарушы органдары мен институттары құрылды. Қазақ елінің территориялық тұтастығының, біртұтас мемлекеттігінің заңды негізі қаланды. Ел егемендігін алысымен, БҰҰ-ға мүше етіп енгізді. Қазақстан осы күннен бастап және жер жүзіндегі жүзден астам ел таныған Егемен ел болды.

Елбасымыздың Қазақстан тарихындағы ең маңызда да бағытталған шешімі – елдің астанасын басқа қалаға көшіріп, атын өзгерту. Елордаға бақ пен дәулеттілеген Елбасы: «Бұл болашағымызға керек, қызығын келер ұрпақтар көреді», - деген болатын. «Өзіңмен қазағымның бағы ашылды, Туғызған ел едік қой сан асылды. Астана қазаққа тек қана әлеуметтік, экономикалық һәм саяси маңызы бар қала ғана емес, ол тәуелсіздіктің рухани тұғыры ретінде әр қазақтың жүрегінде елге, жерге, Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігі болып қалады. Өйткені Астанамыз аз ғана уақыт ішінде Қазақстанның ірі қоғамдық-саяси, ғылыми, мәдени және іскер орталығына айналып отыр. Тәуелсіз еліміздің саяси тарихы көбіне жас Астанамен байланысты. Астана Еуропа мен Азия арасындағы байланыс көпірдің қалану мәртебесіне ие болып отыр. Қазақ халқының санасына Астана бірлігіміз бен тіршілігіміздің айшықты белгісі – символы болып қалыптасты.

Манарбек Данагүл

9 сынып, Марғұлан ЖОМ Екібастұз

Отан басына қиын-қыстау іс түскенде қиынның қиынынан қаймықпай еңбек еткен кісі - міне, нағыз патриот сол. Отан – ана барда шын жүрегіңмен сүйетін жер-суың, туған халқың, туған жерің бар. “Отан үшін отқа түс күймейсің” - дейді дана халық. Халық қашанда қалып айтпайды. Ел игілігін тасытуда еңбегімен ел құрметіне бөленген жайсаң жастар арамызда қаншама десеңіші?!

Патриоттық сезім әркімде бола бермейтін қасиет. Қазіргі кезде елі үшін жан беретін адамдар кемде-кем. Көбінесе сөзбен барлығы патриот, ал іспен болса олар аз. Біз патриот болуға міндеттіміз. Себебі: Қазақстанда тұрамыз, бейбітшілікте, уайым-қайғысыз өмір сүріп жатырмыз. Бұған Президентіміздің де үлесі зор. Ол кісінің арқасында бүкіл әлемге танылудамыз. Адамдардың көрген қиыншылықтарына көмектесіп, қол ұшын беруде.

Патриоттық қасиетті өз бойымыздан тудыра білуіміз керек. Оған тек Отанды сүю жатпайды, сол елде тұратын жетім-жесірге қол ұшымызды берсек, бұл біздің елімізге көмек ретінде берген үлесіміз болып саналады.

Біз – тәуелсіз елдің ұланымыз! Әзірше Отанды қорғау қолымыздан келмесе де, басқа кішігірім болса да істейтін заттар баршылық. Тек шын пейілмен жасасақ болғаны.

Сұлтанмахмұт Торайғыров айтып кеткен болатын “Отанды сүй, еліңді аялай біл!” - деп, бұл сөздің мағынасын ашсақ көп мән бар.

Мен осы шығарған өлеңім арқылы, Отанымызды, елімізді сүйсек: патриоттық сезімге жас балаларды тәрбиелесек жаман болмаймыз. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” демекші, барлығымыз бір аспан астында өмір сүріп жатқандықтан, бір жұдырық болып жұмылып осы істі алға бастауымыз керек деп ойлаймын.

Медеубаева Айдана

10 сынып, № 25 гимназия Екібастұз қаласы

Мәңгілік елдің мәңгілік еріне!

Адам да тау сияқты, биік не аласалы,

Тұлғалы азаматтар қаламас аласаны.
Қорғаған елін желден, қара бұлт ызғарлардан,
Тұғыры биік шыңға ұқсатам аға сізді.

Ұлтымның ұлылығын сақтаған ұлы тұлға,
Қосады халқы бүгін бір өзін ән мен жырға ...
Елбасы деп табынып, сыйлаған ел мен жұрты,
Аңсаған армандары аппақ боп алдан шықты.

Топ жарған саңлақтай, біртуар нар тұлға ғой,
Қаншама дала, қала көтерді өзіңмен бой.
Ұрпаққа үлгі-өнеге болады әрбір ісің,
Ел ұлы абыроймен ақтаған ел үмітін.

Ашылды айқара есік осынау халқымызға,
Ұмыт боп кетіп еді, ата-жұрт салтымыз да.
Хабары тәуелсіздік жетіп ед өзіңізбен,
Басқалар таң қалады шын атақ даңқымызға ...

Астанам бейбітшілік қаласы боп атанды,
Елімнің көш ілгері басқаны байқалады.
«Еуропа ұйымына төраға болды ағам,» - деп,
Ұрпағы мақтанышпен айтып жүр, айтады әлі.
Қанатын жайып халқым, кеудесін керді кеңге,
Спортшы жастарымыз жеңіспен келді елге.
Жер-жерге даңқы шығып, танылды жақсы атымен,
Болды ғой басқаларға таң қалар үлгі-өнеге.

Жылылық шарпып өтіп, жүректің үніменен,
Шығарма жазып отырмын өз ана тілімде мен.
Бұл шіркін арманы еді, шың болған бабалардың,
Бас иіп сан ұрпағы, үлгі етер ағаларын.

Елміз ғой сыйлай білген, қашанда елін, ерін,
Көтерген биік қойып тұлғалы кемеңгерін.
Сіздердей ағаларым бар ұлы дана болған,
Мәңгілік Қазақстан, мен неткен бақытты едім!

Муратхан Қымбат

6 сынып, Тіленшін атындағы мектеп Ақтоғай ауданы

Отан – оттан да ыстық

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Тарих парақтарын ақтарсақ, қазақ халқының азаттық жолында ерлік пен елдіктің талай үлгісін көрсете білген ата-бабаларымыздың табанды күресінің арқасында «Қазақ» деген іргелі елдің шаңырағы көтерілгенін білеміз. Пешенесіне талайы тағдыр батпандап қайғы мен қасірет жазған халқымыздың азаттық үшін туылған ақтық бұлқынысы желтоқсан жаңғырығына айналып, әлемді дүр сілкіндірді. Сол сілкіністен бастау алған азаттық күрес 1991 жылы Тәуелсіздік болып салтанат құрды.

Бұл – қазақ үшін, Қазақстанды Отаным, елім, жұртым деп білетін әрбір қазақстандық үшін үлкен оқиға, зор қуаныш. Ендігі жерде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол –Тәуелсіз Қазақстан.

Тәуелсіз елдің тілегі – бейбітшілік, тыныштық, келешегі – білімді ұрпақ. Сен қай жерде дүниеге келсең, сол жер түгелдей сенің иелігіңде. Мен қазақстанда тұрамын. Ол – менің Отаным.

Халқымыз «Отан – от басынан басталады. Отан – оттан да ыстық», -деп бекер айтпаса керек. Менің шағын отбасымнан жылулық, береке тарай отырып, Отанымның біртұтас, ынтымақта болуына үлес қосылады. Шаңырақсыз үй болмайды. Тірексіз үйдің шаңырағы ортасына құлап түседі. Сондықтан әр отбасының керегесі кең, босағасы берік, бірлігі бекем болса, Отанымыз да гүлдене бермек.

Осы орайда «мен кімін?» деген сұрақ туындайды. Мен – Қазақстан Республикасының Азаматымын. Туған жерім – Қазақстан Республикасы. Менің елім – егемен, тәуелсіз мемлекет. Республикамыздың негізгі рәміздері – елтаңбасы, туы, әнұраны және ата заңы бар.

Мен – Отанымның жас ұланымын. Сондықтан өз жерімді, өз елімді ата-бабаларымыз бен әке-шешелеріміз сияқты қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық.

Мұхаметжан Ақбөпе

9 сынып, Шөптікөл орта мектеп Баянауыл ауданы

Жетекшісі: Абилова Г. Н.

Мәңгілік елдің – мәңгілік тіл

Он жетінші қаңтар – қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Елбасы Қазақстан халқына жаңа «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауын жолдаған болатын. Осы жолдаудағы Нұрсұлтан Әбішұлының әрбір сөзі жүрекке жылылық ұялатып қана қоймай, біздің болашаққа деген сенімімізді еселей түсті.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы болашақта бізге жол көрсетер бағытымыз екенін барлық жастар біледі. Жолдауда айтылған барлық бағдарлама біз үшін өте қымбат. Көздеген мақсатқа жету үшін қандай қадамдар жасайтынымыз бізді қатты ойландырады. Бұған жастардың қосар үлесі мол. Бізді қуантатын жағдай ол – халқымыздың әлеуметтік жағдайы жақсарғандығы, ол – Елбасымыздың халық жағдайын бірінші орынға қойғандығы. Қазір өрлеу жолында болғандықтан, дамыған 30 елдің қатарына кіру бәсекелесі – басты мақсат. Жаңа Қазақстанның болашағы – біздің қолымызда! Біздің бойымызда патриоттық рух Отанға деген құрмет сезімімізді оятып, әр жастың бойына жігер берді.

«Мәңгілік ел» қатарынан Қазақстанның өшпес орнын табуы Елбасымыздың дұрыс саяси бағытына байланысты. Елдігіміз бен бірлігіміз шыңдалған бұл шақта Қазақстанның «мәңгілік ел» болып қалуына өз үлесімізді қосамыз. Сонымен қатар дамушы елдер қатарынан инновациялық технологияларды қолдана алатын жаңа Қазақстан құрамыз. Бұл жолдау жүрегімізде үміт отын жандырды. Елбасы өз жолдауында студенттердің шәкіртақысы және білім қызметкерлерінің жалақысы өскендігі жайлы айтты. Яғни білім жіне ғылымға аса зор көңіл бөлді.

Елбасының тілге жасаған қамқорлығы ұшан-теңіз екендігі жалғыз қазақ ұлтына емес, жалпы қазақстандықтар жақсы біледі. Сондықтан да тіл саясатын қадірлейді, қолдайды.

«Ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін», – деген екен қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы. Бүкіл әлемдік дағдарыс жағдайында ертеңін ойламаған елдің есесі кетеді. Ал «Қазақстан – 2050» стратегиясы ендігіде қазақ мемлекеті үшін темір қазық іспеттес, қай кезде де жол сілтей тұрмақ.

«Мәңгілік ел» идеясына қатысты пікір білдіретін болсам, менің ойымша, бұл ішкі саяси, экономикалық, халықаралық қорғаныс, ұлтты сақтайтын қорғаныс идеясының туындады деген ойдамын.

Біздің күш-қуатымыз – біздің дәстүрлерімізде, біздің тарихымызда, біздің қазіргімізде, болашағымызда. Біз – әлем таныған елміз. Біз Қазақстандықтармыз.

«Қазақстан – 2050» – біздің еліміздің даму жолы, біздің күш-қуатымыз. Бұл сөздер әр отандасымыздың жүрегінде еліне деген шексіз мақтаныш сезімін оятпақ.

«Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар: ана тіліміз мәңгілік Елбасымызбен бірге мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттық ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз ат салысуымыз қажет», - деп ой түйді Н. Назарбаев. Бұдан артық айту мүмкін бе?! Шынымен, ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымне өзін қамшылауы тиіс. Сонда ғана қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналады.

Кез келген елдің мемлекеттілігін айқындайтын негіз қалаушы фактор оның тілі болып табылады. Тіл – мемлекеттік нышан ретінде танылатын басты құндылық. Қазақ халқы өз тілін ардақтап, кие тұтқан. Тіл құдіретін танып, «Өнер алды – қызыл тіл», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп дәріптеген.

Тіл – халықтың жаны,сәні, тұтастай кескін – келбеті,болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

Бүгінгі күндерде ана тіліміз теңдігін алып, мемлекеттік тіл болса да, көпшіліктің арасындағы саңырауларға әлі де болса самалы тимей жатқаны, жасырын емес. Қазір көптеген жастар тілімізді шұбарлап, өз ана тілінде тұрпайы сөйлейді.

Ана тіліміз – біздің ең басты байлығымыз. Біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан жүргізілетін барлық іс қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз – өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып,

тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмаймыз.

Біздің тіліміз – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, өз атамекенімізде жүргендіктен, өз тілімізде сөйлеу – басты парызымыз

Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеруі міндетті.

Қорыта келгенде, елбасының «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында айтылған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру, осы идеяның басты тағаны ретінде қазақ тілін дамыту – әр қазақстандықтың парызы мен алдағы жұмыстардың нақты бағыты. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев алдымызға қойған ұлы міндеттерді іске асыру, қасиетті қазақ жерінде парсатты қоғам құру мақсаттарын жүзеге асыру үшін ұйысуымыз, жұдырықтай жұмылуымыз керек.

Мэлс Айнур

9 класс, филиал АОО «НИШ» г. Павлодар

Руководитель: Оразалина К.Р.

Родной язык

Родной язык красив и необычен. Сколько великолепных произведений написано на этом языке. Казахским языком нельзя не восхищаться, ведь с помощью его можно передать всю красоту окружающего мира, а также внутренний мир человека.

Казахский язык – самый напевный, самый искусный и красноречивый. Казахи отличаются от других народов удивительным ораторством и находчивостью. Он передает мысли очень точно и ясно.

Казахский язык – это неоценимое духовное богатство, с которыми живет народ, передавая из поколения в поколения мудрость, славу, культуру и традиции. В нем необъятная душа народа, величие его народа. Он – путеводная нить к высотам мировой культуры, к свету знаний.

Родной язык... Он такой неповторимый, мелодичный и певучий, так как вобрал в себя гул полей и лесов, ароматный, пьянящий запах родной земли. В народе нет большего сокровища, чем его язык. Язык – это характер народа, его память, история и духовное могущество. В

нем отображаются обычаи, традиции, быт народа, его ум и опыт, красота и сила души. Язык – важнейший компонент культуры. Он вековой труд целого поколения. Радостная или горькая, гневная или нежная летит крылатая песня. Песня – это язык.

Задача будущего поколения сохранить казахский язык, не дать ему исчезнуть. Если исчезнет язык, то вскоре прекратит свое существование и вся нация. Родной язык не менее ценный, чем и полезные ископаемые, его нельзя купить или продать, им можно только гордиться и восхищаться. Я горжусь, что этот прекрасный язык – мой родной.

Назарова Ирина

11 класс, СОШ № 5 г. Павлодар

Руководитель: Немеренко Е.В.

Мы в ответе за все!

В наше время, когда человечество устремляется в погоню за удовольствиями, преуспеванием и наживой; когда отовсюду в нашем обществе слышны разговоры о росте цен и понижении уровня жизни населения; когда телевизионный экран и компьютер закрывают собой все вокруг – так трудно остановиться и трезво рассудить, что такое окружающий нас мир, Родина, народ.

Поэт А. Твардовский предупреждал человечество:

Но... даром думает, что память
Не дорожит сама собой,
Что ряской времени затынет
Любую боль,
Любую боль...

Эти «быль» и «боль» стали достоянием нашей Родины, им народ и самая главная задача – не дать забыть о прошлом, не создавать условие для торжественных парадов, воинствующий молодчиков с фашистской свастикой на рукаве, для вандализма и осквернения памятников павшим в ВОВ, для торжества беспредела и беззакония. И все эти ростки фашизма, национализма дают сегодня обильные, пышные восходы. Можно ли быть равнодушным и спокойным тому, кто переживает за судьбу

своей Родины? Что такое «фашизм»? С И.Ожегов дают следующие толкования: «Идеология воинствующего шовинизма и расизма, опирающиеся на не поэтические течения, так же открытая террористическая диктатура, прогрессивный режим, направленный на подавление общественных политических движений, на уничтожение демократии» В словаре И.В.Даля толкования слова «фашизм» нет. Еще в девятнадцатом веке это страшного слова не знали. Именно двадцатый век войдет в историю человечества как «век-волкодав», объявивший войну человеку и человечности, а Европа на практике столкнется с двумя формами фашизма: Гитлеризмом и Сталинизмом.

Странно и необъяснимо сегодня то, что фашизм живет и процветает. В нескольких километрах от станции Вещенской, родины М.А. Шолохова создана усадьба- музей Владимира Мелехова, который собрал документы и факты существования фашизма на русской, украинской, белорусской земле и пропагандирует доблесть фашистских войск, утверждает, что победа фашизма была бы единственным шансом спасения и освобождения Советского Союза от коммунизма. На страницах учебников истории некоторых стран откровенно фальсифицируются факты истории, умаляется роль подвигов погибших за Родину. А в городах и селах открываются памятники Бендере, и Власов, войска которых осуществляли сжигание людей, расстрелы и повешенья. Эти «бойцы» были правой рукой Гитлера, которой чинила «правосудие». Демонстрацией роста фашистской идеологии явился Майдан на Украине. Это как же можно не любить свой народ и страну, чтобы так яростно воевать с ними?

Нельзя быть равнодушными к проявлению такого «антипатриотизма».

Нужно стать ближе друг к другу, милосерднее и думать не только о своей мелочной выгоде, а о всем живом на Земле. Тогда мы сможем стать «людьми из тех людей, что людям, не пряча глаз, глядят в глаза...»

Нурахметова Аружан

9 класс, АОО «НИШ» г. Павлодар

Руководитель: Оразалина К.Р.

Один язык, один народ, одна судьба.

На вопрос, каким будет Казахстан в 2050 году, Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев ответил, что это будет страна с единым

сплоченным народом. «Мы являемся одним народом, одной страной с одной судьбой» - сказал Глава государства. Сплочение казахстанского общества в единый народ необходимо для того, чтобы Казахстан ускоренно развивался.

На протяжении веков на исторической земле казахов проживали представители различных национальностей. В результате сложилась ситуация, когда вместе с казахами мирно живут представители 140 этносов и 40 конфессий. Объединить всех представителей различных национальностей в единый народ – казахстанцы - необходимо на основе ценностей, которые близки всем гражданам нашей республики. Все мы живем в одной стране – в Казахстане. Нас объединяет наша общая история. Общими ценностями народа Казахстана является совместная ответственность за судьбу страны и будущих поколений ее граждан. Казахстанцев отличает высокий уровень толерантности по отношению к образу жизни, обычаям, чувствам, мнениям, идеям, верованиям представителей всех этносов. В казахстанском обществе дорожат нравственными ценностями: почитание старших, уважение к семье, традиции гостеприимства - все это способствует укреплению взаимопонимания и дружбы граждан различной этнической и религиозной принадлежности.

В Казахстане действует Ассамблея народа Казахстана. Ни одна страна в мире не может похвастаться наличием такого эффективного инструмента укрепления единства многонационального народа. Сегодня опыт Казахстана по укреплению межнационального единства, заслужив высокую оценку экспертов, рассматривается международным сообществом, как заслуживающая распространения во всем мире. Достаточно сказать, что модель, получившая название «Казахстан: интегральная матрица единства и согласия» переведена на 56 языков мира и распространяется во всех странах ОБСЕ.

Объединить все нации и народности, проживающие в Казахстане, в единую нацию - казахстанцы- призван государственный язык. В Казахстане много делается для развития казахского языка: открываются детские сады и школы с государственным языком обучения, переводятся книги на казахский язык, выпускаются теле и радиопередачи на казахском языке и др.

Согласно Конституции, государственным языком является казахский, в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык. Знание языка - вопрос государственной важности. Знание го-

сударственного языка - свидетельство патриотизма людей, живущих в государстве. Овладение казахским языком должно стать долгом и обязанностью каждого гражданина. В предстоящие годы все казахстанцы, особенно подрастающее поколение, должны овладеть государственным языком. Знание государственного языка должно стать фактором роста личной конкурентоспособности граждан, карьерного роста и активного участия в общественно-политической жизни.

Государство заботится также о создании условий для изучения и развития языков народа Казахстана. Работают школы с узбекским, уйгурским и другими языками обучения. В школах с первого класса изучают три языка: казахский, русский, английский. Формула «Единство – через многообразие» помогает сохранить мир и согласие в нашей стране.

В Республике Казахстан принята «Доктрина национального единства», в которой провозглашается, что независимость – главная национальная ценность, что народ Казахстана объединяет «одна страна – одна судьба», «разное происхождение – равные возможности», «развитие национального духа».

Полякова Дарья

6 класс, школа № 39 г. Павлодар

Руководитель: Суханинская УИ.

Мир и согласие в моем государстве

На моем мольберте много красок, я люблю использовать яркие цвета: сочно-зеленая трава, прохладно-синие горы, бесконечная линия горизонта - все это пейзаж моей Родины, моего Казахстана. Я возвращаюсь с пленера, проходившего в Алматы, и смотрю в окно поезда, вглядываясь вдаль родных просторов. Я родилась в этой стране, мои родители тоже родились в Казахстане. Наверное, человеку всегда мил родной край и это естественно, что я люблю его красотой. Но я считаю, что люди – это своего рода тоже части мозаики, из которой складывается Родина.

Мне нравится наш народ, мы все разные и в то же самое время так похожи. Мы все хотим жить в мире и согласии, поэтому для нас так важна дружба. Каждый вносит свой вклад в построение прочной дружбы, ведь начинать нужно с себя, с требований к самому себе. Я за-

хожу в купе, вместе со мной едут мои друзья по художественной школе. Интересно, что мы все принадлежим к разным национальностям: я – русская, Асет – казах, Ольга – немка, а Дима – украинец. Нам всегда есть о чем поговорить, чему научиться друг у друга. А если посмотреть на наши работы, то можно понять, как мы любим свою Родину. Наш маленький коллектив – модель нашего многонационального государства, в котором каждый ощущает себя значимым.

Я считаю себя счастливым человеком, потому что я не знаю, что такое война. На моих картинах, всегда изображены только счастливые люди, красивые пейзажи. И в этом заслуга не только наших предков, воевавших за нашу свободу с фашистской Германией, но и заслуга тех, кто сейчас решает судьбу народа, ведь сохранять мир в наше время глобализации также тяжело как отстоять его в бою.

Я смотрю новости и читаю газеты, мне интересно знать, что происходит во всем мире. Я уже понимаю, что согласие в стране – это то, на чем держится мир. Желаю своей стране и всем ее жителям – сохранить тот ценный дар, который мы имеем – наше единство. Судьба нашего поколения как чистое полотно и мы должны написать на нем историю нашей страны яркими красками, и пусть на голубом небе парит свободный и гордый орел, зовущий нас к новым вершинам.

Попов Виктор

3 класс, агрономийская средняя школа
С.Андриановка, Актогайский район

Я патриот

Я горжусь своей Родиной – это многонациональное государство Казахстана. Оно входит в девятку самых больших стран мира. Большую часть территорий нашей страны составляют степи, полупустыни и пустыни. Моря и озера. Казахстан богат рыбой. В наших степях очень много растений, деревьев, животных. Сейчас в нашей стране проживают Казахи, Русские, Болгары, Белорусы, Немцы, и другие народы. А я проживаю в селе Андриановка, здесь мне очень нравится. Я с радостью хожу в школу, занимаюсь спортом, играю с друзьями, помогаю родителям. Когда я вырасту я обязательно стану защитником своей Родины и буду работать в „Спецназе“

Патриоттық тақырыптағы шығарма

Менің туған жерім – Керей мен Жәнібек бабаларымыз қалаған қазақ жері. Қарға тамырлы қазақ халқының көздің қарашығындай сақтаған осынау қасиетті мекені ата-бабаларымыздың найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғағанының арқасында бізге жетіп отыр. Сол себепті де, осындай алып Отанды сүйіп өту – кімге де болсын қасиетті парыз, абыройлы міндет. Отанды сүю оның әрбір тасын сүюден басталады. Бұл шексіз махаббатты туған анаңа, асқар таудай екеңе деген махаббатпен теңестіруге болады.

Қазақстан жерін ежелден қоныстанып келе жатқан ел – қазақ халқы.

...Жуырда жария еткен «Қазақстан-2050» стратегиясы бойынша біздің ең басты мақсатымыз – 2050 жылғы қарай әлемнің 30 елінің қатарына кіру. Қазақ тілі 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшеді. Бұл жайында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мәлімдеді. Айта кетейік, соңғы бірнеше жылдан бері ұлт зиялылары қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесін көтеріп жүрген болатын. Бүгінгі таңда ана тіліміз кириллица әріптерімен жазылып жүр. Сонымен қатар көшбасшымыз: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесу керек» деп, қазақ тілінің деңгейін қазіргіден де жоғары дәрежеге жеткізуді мақсат етіп отыр. Биыл қабылданған «Қазақстан -2050» жолдауы да, «Қазақстан-2030» жолдауы сынды тез орындалатынына сенімдімін.

2012 жылы желтоқсанның бірінші жұлдызы Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні болып белгіленді. Осы оқиғаға қуанбаған жан болмады десем қателеспеспін. Бұл күн елбасының елі үшін жасаған барлық жақсылығы мен қамқорлығын көретін ерекше мереке деймін.

АҚШ-тың бүгінгі президенті Бараак Обаманың: «Сіздің еліңіз егеменді, тұрақты және өркендеген мемлекет ретінде өзінің дамуында маңызды табыстарға қол жеткізді» деген шынайы пікірі, Қытай көшбасшысы Ху Цзиньтаоның: «Тәуелсіздік жылдары сіздің басшылығыңызбен, Қазақстан халқы өзінің қажырлы да жасампаз еңбегімен дамудың дұрыс жолын таба білді» деген ойы, Ресей президентінің «Мен сізге алғыс білдіремін» деген ыстық ілтипаты, Түркия президентінің: «Нұрсұлтан Назарбаев – күллі түркі

дүниесінің көшбасшысы»,-деп ағынан жарылуы – біздің елбасымздың мәртебесінің қаншалықты биік екендігінің айқын көрсеткіші. Мұндай марапат түйіндердің өзінен тұтас бір энциклопедия жасақтауға болатын секілді.

Ал, ең басты баға – мемлекет басшысына өз халқының берген бағасы емес пе?! Ол бағаның қандай екенін білгіңіз келсе, елбасы әрбір өңірді шарлаған сәттегі халықтың оған деген ыстық ниет,ықыласын көріңіз. Қалың жұрттың арасынын, қақ жарып келе жатқанда халықтың көз жанарында тұнған алғыс пен шынайы сенімді көріңіз. Ірі халықаралық форумдар мен саммиттерде елбасы көптің алдына шыққанда, бәрінің орындарын тұрып, қол соққандарын көріңіз. Мұның бәрін көріп, көңілге пікір түйіңіз. Ол пікір жұртымыздың ортақ пікірімен орайлас, қолайлас, қарымдас келетінін көріңіз. Сол кезде адамның көңілінде өз туған жеріне деген мақтаныш пен патриоттық сезім жаныңды шуаққа , қимылыңды қуатқа бөлейді.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, мен де болашақ ұрпақ, елімнің көркеюіне аз да болсын өзімнің үлесімді қосқым келеді. Біз білім алып, ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап , жалғастырып, еліміздің одан әрі көркеюіне атсалысуымыз керектігін жүрегіммен сезініп, мақтан етемін. Өз шығармам-ды Нұрсұлтан Әбішұлы Назрабаевтың сөзімен тәмамдағым келеді: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетін нығайтып – көркеюі жолында жан- теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

Сайдуллаева Алия

10 класс, СОШ № 2 п.Майкаин

Руководитель: Есенова Л.М.

Польша. Познань.- Казахстан. Майкаин.

Пол – Европы прошагали, полземли,
Этот день мы приближали, как могли...

Эти строки из известной песни мы слушаем каждый год. 9 мая стоим у обелисков, вспоминаем своих земляков, вчитываемся в даты...

Пол – Европы! Более 46 тысяч павлодарцев было призвано на войну. Наши земляки воевали на всех фронтах и во всех родах войск. Мужественно сражались павлодарцы во многих странах Европы.

Польша. Город Познань. Вот уже в течение нескольких лет Майкаинская школа №2 поддерживает дружескую связь с этим городом. В окрестностях Майкаина находится кладбище, где покоятся поляки, репрессированные в годы войны. Не раз побывали наши друзья из Польши у нас в Майкаине, наши делегации также несколько раз посетили город Познань. Последняя поездка состоялась в сентябре 2012 года. Цель нашего посещения польской земли была, конечно же, в ознаменовании с достопримечательностями этой страны. Но у меня была и другая миссия, более важная. Я знала, что наш родственник, Хамитов Ш.Х., ветеран войны, старший лейтенант, призванный на фронт в начале войны, дошедший до Берлина, мечтал разыскать своего младшего брата Хамитова Нажмидена, 1925 года рождения, призванного на фронт в январе 1943 года, погибшего в 1945 году в Польше в Северной Померании.

Наши друзья, услышав мою историю, охотно согласились хоть как-то содействовать мне в поисках.

На южном склоне Цитадели, среди зеленых насаждений, находится несколько кладбищ. Одним из них является кладбище советских воинов. По обеим сторонам монументальной лестницы, ведущей к возвышающемуся над могилами обелиску, было похоронено 5829 офицеров и солдат, погибших в 1945 году. Немного подальше – на бывшем гарнизонном кладбище – находится поставленный в 1930 году памятник русским солдатам, умершим в немецком плену в 1914 – 1918 годах. Солдаты Красной Армии похоронены также на двух других познанских кладбищах. На кладбище Милостово в 1964 году были перезахоронены останки 4282 погибших советских солдат, перенесенных из прежних мест их похорон в окрестностях Познани. На новом кладбище в Глушине похоронено в 1945 году 139 погибших солдат. Памятник 12 советским солдатам, убитым во время боев за взятие Познани, находится также в Кобылеполе, вблизи перекрестке улиц Маяковского и Рыся.

Слишком тяжелыми оказались бои для наших земляков. Мы ходили между могильными плитами, вчитывались в фамилии... Досада и горечь при виде даты рождения и гибели солдат: родился в 1925 году – погиб в бою в марте 1945 года. Им было всего по 20 – 25 лет. И всего ничего оставалось до Победы.

К сожалению, нужную фамилию я не нашла. По словам наших друзей, Померания – это очень большая территория, морское побережье. К тому же очень много братских могил.

Но я благодарна полякам за то, что они бережно относятся к захоронениям наших воинов, чтят и помнят их подвиги.

Да, война принесла нашему народу большие жертвы и страдания. По данным архива погибло в боях и пропало без вести 21802 павлодарцев. Это огромные жертвы, принесенные ради Победы, ради жизни, ради того, чтобы народы вот так свободно и дружно общались между собой.

Салькова Раухан

7 сынып, Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі Ертіс ауданы

Ауылымның тарихы

Отан! Отан дегеніміз – адамның туып-өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекен. Қазақ елі – көп ұлтты, бірлігі жарасқан ел! Бүгінгі шақта біз тәуелсіз, егеменді елде тұрамыз. Осы күнге жеткізген біздің ата-бабамызға мың алғысымызды білдіреміз! Бұл күн бізге оңай жолмен келмеді. Ата-бабаларымыз көптеген қиын қыстауды өткеріп, бізге ұланғайыр жерді мұра етіп қалдырды. Бұл жасаған ерлікті ешқашан ұмытпауымыз керек, біз, болашақтар өз еліміздің тарихын да біліп, құрметтеуіміз керекпіз. Сол мақсатта мен өз туған ауылым Қараағаш тарихы жайлы айтқым келеді.

«Қараағаш» ауылының жанындағы екі көлдің біріншісін «Ежеке», екіншісін «Ұлы көл» деп атайды. Кеңес дәуірінің гүрілдеп тұрған шағында бұл «Ұлы көлдің» жанына 5-ші бөлімшенің мал шаруашылығының сауын сиырлары орналасып, қара күзге дейін сол жерде жайлауда болатын. Ұлы Отан соғысынан кейін осы екі колхоз «Победа», «Чапай» қосылып, Северный совхозының 5-ші бөлімшесі (қазіргі кездегі Қараағаш ауылы) деп нөмерленді. Шындығында, бұрынғы атау жұртшылық үшін өте маңызды, көкейге қонымды, тәрбиелік жағынан мәнді болатын.

1920 жылдары «Чапай» жерінде мешіт болған, ол мешітті Қанай деген әулет салған. Сол мешіттің молдасы Қанай ұлы Бәкен молда болған. Кейінен осы мешіттің орнына мектеп ашылған болатын.

Сол кезеңдерде, «Чапай» колхоздарындағы мектептерде Асылбеков Шәжән, Әлімов Жұман, Қисабеков Жәуке, Қожамуратов Ақбетей, Шәріпов Рашит деген мұғалімдер ұстаздық қызмет атқарып, ауыл балаларына ана тілінде білім берген. Кейіннен бұл қазақ мектептері толығымен жабылып, жоғарыдан келген бұйрықпен 1964 жылы орыс мектебіне айналдырылды. Мұғалімдері де, оқушылары да қазақ болса да, солай жасалынды. Бұның бәрі Кеңес заманының ағымы болатын. Бұл тарих. Ерліктерімен аты аңызға айналған бабаларымыздың тарихы. Тарихты ешқашанда ұмытуға болмайды.

Ең алғаш құрылған колхоздың алғашқы төрағасы Табаев Темірхан деген жергілікті азамат болды. Бұл кісінің немересі Олжабай – милиция полковнигі болған. Алматыда өте жауапты қызметтер атқарған адам.

1928-29 жылдары, ауылға аласапыран бұлты төніп, бай тұқымы деген адамдарды жазықсыздан, арғы аталары бай болған деп кейінгі ұрпақтарын тұтқындап, жапа шеккізіп, түрмеге жауып, одан хабарсыз кеткен біраз адам болған. Бұл теріс ағым кезі, ешкім ауыз ашпайтын қатал заман кезі еді.

Иә, сол кезде ата-бабамыз нендей қиындықтардан өтті? Бүгінгі заманға дейін қаншалықты өзгерістер орын алды? Бұл сұрақтардың жауабын іздесек тарих парақтары жетпес еді. Дегенмен, «Северный» аймағы туралы деректер қозғасақ...

Қазіргі «Северный» кеңшарының орнында, 1929 жылға дейін «Клинская» нефтебаза болған, осы жерде 1930 жылы «Северный» совхозы орнады. Бірінші бөлімшесінің бұрынғы атауы «Төбелес» болса, бертін келе ол атау біреулердің өзгертуімен жаңа атаумен «Жаңа төбелес» болып шыға келеді. Бұл «Төбелес» дегеннің өзі жай аталмаған, ол тарихи атаумен туған атау. Бір кезде шабындығы мол, малға жайлы жер болғандықтан, осы жерге халық арасында үлкен талас болып, ол төбелеспен жалғасып, ақыры үлкен төбелес болған жерді «Төбелес» деп атапты, бұл тарихта қалғаны жөн. Сондықтан бұл атауды өзгерудің де еш қажетті жоқ деп санайды ауыл тұрғындары.

Ал совхоздың 2-ші және 3-ші бөлімшелері бертін құралған. Атаулары болған жоқ. Совхоздың 4-ші бөлімшесінің бұрынғы атауы «Қызыл жыра» болған. Бөлімше нөмерленгеннен кейін ол атау ұмытыла бастады. Сөйтіп ,тарихи атауға қиянат жасалынды. Совхоздың 5-ші бөлімшесінің бұрынғы атауы «Табай жотасы» деп атаған. Бұл қалың ауыл болды. 1929 жылдары бұл жерде екі колхоз пайда болды. Олардың біріншісі - «Чапай» болса, екіншісі - «Победа» колхозы деп атайды

... «Қара тоқа» деген ауылда Көшекбаев Салық деген болыс тұрған. «Қараағаш» ауылының жанында «Ежеке» деген көл бар. Осы көлдің жанында мешіт болған. Бұл мешіттің иманы Құсайын дейтін молла болған. Ал, енді қолдан жасаған зұлмат жылдар – 1931-32 жылғы аштықтан өлген біраз адам болды, бірақ ол адамдар қай жерде қаза болса сол жерде жерленген болатын. Ол жерлердің көбі «Чапай» жерінің маңында. Аштықтан қаза болғанның көбі Омбы облыс, Іш жақтан, міне сол жақтан аштықтан жосылған адамдар әлдері таусылып өліп жатқан болатын. Бұл да ата-бабамыздың өткерген бір қиыншылығы. Бұл қаза болған ата-бабаларымызды әр жыл сайын еске алып, құран бағыштап, ас беріледі.

«Чапай» колхозында 1938 жылдан бастап Жаңғозынов Шайқы деген кісі ел басшысы болған. Сол соғыс кезінде тек қана ауылдың ер азаматтарынан басқа бас көтерер деген балалардың да атын атауға болады. Қазіргі кезде олар ата болып, ол кезде бала дегендер, өмір толғауларынан өтіп қарттық шежіреге жетіп, ұрпақ қызығын көріп отыр. Олар: Абенов Кенжебай, Әужанов Зәкуля, Шайхин Кәкен, Сұлбаев Зәйнәш, Құзбаков Әннәй, Болатбаев Имаш. Бас есепші Ғандоллаев Омар болды. Болатбаев Имаш бас есепшінің көмекшісі болды. Абенов Кенжебай, Әужанов Зәкуля деген азаматтар бұғанасы қатпаса да «лабогрейка» деген шөп жинағышта жұмыс істеген.

Шайхин Кәкен, Сұлбаев Зәйнәш екеуі де шөпте қолмен ауыр жұмыс істеген. Ахметов Зәкен бригадир болды. Жүсүпов Мүтәләп соғыс уақытында, есепшілік қызметте болған. Бұл ауыр жылдары Ұлы Отан соғысында ауылдың бас көтерер ер азаматтары от кешсе, ал ауылда қалған азамат, азаматшалар мен бала шағының еңбек майданында көрген бейнетін ұмытуға бола ма?

Жоқ, Ерлік ұмытылмайды, оны ұмытуға ешкімнің де құқығы да жоқ. Осы соғыс кезінде қиыншылыққа төзіп еңбек еткен адамдардың біразын атап өтсем деймін. Еңбек майданында жұмыс істеген адамдар Құрманбай, Әділбай, Серікбай, Балтабеков Зайырбай, Кәкіш, Есімбай, Сұлбаев Файзолла, Қасым, Июнов Қашкен, Сасықбаев Мағызым, Құрман, Әужан, Рамазан, Жұмаділ, Бекіш, Жансейіт, Жарасов Жұмабай, Жайықбай, Әрошке, Қайырбай, Уәли, Семен, Шөмей, Бакенов Мұқатай, Әкежанов Бек деген ер адамдар еңбек етсе, әйел адамдардан Үкіжанова Қайнел, Боранбаева Сәуен, Өртенбаева Рахима, Кенжебаева Дәме, Тұрымбаева Зейнеп, Рамазанова Бағыла, Жаңғозынова Зейнеп, Құзбакова Бітәй, Елмуратова Мәнзура, Кәрімова Бәдиша қиыншылық пен ауырпашылық қасіретін көріп, бастарынан өткізген болатын. Осы

азаматтар мен азаматшалардың сол кездегі өткен қол еңбектеріне біраз тоқталып кетейік. Семенов Құрманбай, Жаңғозынов Шайқы, Сұлбаев Файзолла елдің басын құрап халықты еңбек майданына ұйымдастырып, бірлікте ұстап, ел басқарған адамдар Жұмықов Қасым, Сасықбаев Мағзым 1942 жылдары соғыстан жараланып келсе де, елде еңбек майданына араласқан адамдар. Кенжебаев Құрман – бұл кісі де елді ұйымдастырып, басқарған. Рамазан, Әужан ұста болып темірден құрал-сайман соққан. Әділбай деген кісі де шаруашылықта жақсы жұмыс істеп, бірнеше рет сыйлықтар алған. Жұмаділ деген қарт адам ескіше білімді болған, азан шақырушы болған. Торайғыров Жансейіт деген қария, бұл кісіні дюана дейді, халық емшісі, керемет емші болды дейді. Жарасов Жұмабай – ол кісі озат қоюшы болған, колхоздың қойын соғыс жылдары бір қасқырға жегізбей, бір ит сатып алып, қойларды қырағылықпен баққан. Қожамұрат, Елмұрат деген азаматтарда мал шаруашылығында еңбек етіп, ол кісілердің де керемет малды емдеуші емшілік қасиеттері болған. Сол соғыс жылдары колхозға малды, колхоздағы әр үйден алып, колхоз малының басын құрап, бертінге дейін сол малдардан 1000 мал құралған болатын. Өткеннің білмеген, онан тәлім-тәрбие, ғибарат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі – тұрлаусыз.

Біздің қазақ халқы батыр халық. Қазақ ата-бабасының мұрдесі жатқан жерді қатты қадірлеген, арғы түбіміз осы жерден шыққандықтан біздің тарихымыз да, өткеніміз де осы деп алатын болсақ, өзіміздің жер, атамекен, кең байтақ, өлкеміздің тарихын білу кімнің болсын парызы!

Самұрық Бекдаулет

2 сынып, Байет ЖОМ Екібастұз

Жетекшісі: Амангелді Р.

Ұлылардың ұрпағы болғым келеді

Мен өз елімнің ұланымын. Апай бізге «Сендер егеменді еліміздің ертеңгі ұланысыңдар» десе, анам мені «ұланым» деп еркелетеді. Менің түсінгенім «ұлан» деген атқа лайық болу үшін өз еліңді шексіз жақсы көруің керек.

Анам менің бөлмемді еліміздің кішкентай туы, елтаңба суреті әнұран және жеріміздің картасымен безендіріп қойған. Ондағы

мақсаты мені өз ұлтын, отанын мақтан етер азамат болсын дегені ғой. Мен Ескендір Ибрагимов ағамыз салатын «Көк тудың желбірегені» әнін бос уақытымда айғайлап тұрып шырқаймын. Осындай сәттерімде анам менің басымнан сипап: «Сен өте ұлтжанды болып өсіп келесің» деп күледі. «Отанды сүю отбасынан басталады» деген қағиданы енді түсіне бастағандаймын.

Біз әдебиет сабағында өз еліміздің бақыты мен байлығы - оның тәуелсіздігінде екендігі жайлы оқып үйренеміз. Мен өскенде ұшқыш та, суретші де болғым келеді. Қазір мен әлі кішкентаймын. Сондықтан бала қиял мені әр жаққа жетелейді. Үкілеген үмітім мен асқақ армандарым әлі алда деп білемін. Бірақ бір қызығы менің ұлтым деп соққан бала жүрегім «ұлылардың ұрпағы бол»деп үн қатады. Демек, мен ұлы елімнің ұлтын сүйген ұланы боламын.

Саттарова Айжан

11 сынып, № 20 лицей Павлодар

Бізге, иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының дүйім Қазақстан елінің қызу құштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл лебізі. Ол - өлең, ол - ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол - шалқыған дәулет, көркейген сәулет!

Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында, жастарымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да жаршысы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан.

XXI ғасыр табалдырығынан аттадық бірақ, соған қарамастан кімдекім болмасын толғаныста болатыны сөзсіз. Жалындаған толғаныс жас жүрегіме, болашақ өмірге деген батылдық пен нық сенімнің жолын ашқандай. Көптің арманы болған бұл күнді «Алла» бізге көруге нәсіп етті. Осыған шүкіршілік етіп, бабаларымыздың аңсаған мақсат-мұратын жандандыруға атсалысайық. Өйткені өркениетке бет алған егеменді еліміздің ендігі болашағы ұрпақ тәрбиесі деген ұлы міндетпен ұштасып жатыр. Онсыз болашағымыздың бұлдыр елес, бос қиял екені даусыз. Сонда не істеу керек? Меніңше, ең алдымен, ел үшін 1941-1945, 1986 жылдары жанын қиған ағаларымыздың ерлігін, батылдығын, ақындарымыздың шешендігін, батыр аналарымыздың төзімділігін жалпы Отанымыздың келешегі үшін аянып қалмаған азаматтар мен азаматшаларды ұмытпай, жас буынға үлгі ретінде тәлім-тәрбие алуына жағдай жасауымыз қажет. Содан соң барып, ұрпағымыздың бойына

ұлттық идея, рухани қасиет, патриотизм қалыптастыруымыз керек. «Патриотизм», «Ұлттық идея» дегеніміз не? Ол қара бастың қамы емес, рудың, не тайпаның зары емес, адамзаттың баласы – ұлтымыздың ұлықтығы үшін теңдігі мен елдігі үшін өтейтін әр пенденің қарызы мен парызы болса керек... Сондықтан «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, тәуелсіз мемлекетіміздің қолға алып отырған басты мәселелерінің бірі – жастарға жоғары дәрежеде сапалы білім беру, саналы тәрбие беру мәселесіне ерекше көңіл бөлейік. Осы орайда Елбасымыздың «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беруге арналған мемлекеттік бағдарламасында» былай деп айтқан: «Қазақ баласын ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу, білім берудің мектепке дейінгі барлық ұйымдардың міндеті.

XXI ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады». Мінеки, бүгінгі күннің биік талабы осы!

Қазіргі кезде білім саласына көп көңіл аударылуы, дарынды балаларға арналған көптеген шаралардың жүргізілуі қуантарлық жай. Елімізде білім беру жүйесіне әлі де болса назар аударылса, келешекте Қазақстандағы білім жүйесінің саласы әлемдік деңгейге жететініне сенімдімін.

Қазіргі уақытта нашақорлық проблемасы ең көкейкесті, өзекті мәселе болып отырғаны бәрімізге де белгілі. Оған себеп болып отырған мына жағдайлар: жұмыссыздық, сыртқы ортаның тұрақсыздығы, психологиялық проблемалар. Бұған өмір жолындағы тұлға ретінде қалыптаспаған балалар мен жасөспірімдер аса еліктегіш болады. Әрине, егер отбасында бірлік, ынтымақ пен сыйластық болмаса, онда бала ыстық сезім мен түсіністікті ауладағы топтардан іздемейді, сондықтан бұндай жағдайға тап бола алмайды. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеп, нашақорлыққа бүкіл ел болып қарсы тұрып, ертеңгі ел үмітін ақтайтын азаматтардың бойына рухани асыл қасиеттерді дәріптеу – баршамыздың алға қойған мақсатымыз. Адам санасына бесікте жатқан сәбилік кезден бастап, даритын қастерлі нәр бар. Ол құдіреттің аты қазақтың қазақтығын әйгілейтін бірден бір белгі – қазақ тілі деп санаймын. Ұрпағы өз тілінде сөйлеген ұлттың рухы биік. Мен өз басым көп нәрсені осы тіл игеру мен тілдің қадір-қасиетін бағалай білу жайына ерекше көңіл бөле қараймын. Тек қазақ жастары ғана емес, елімізде барлық ұлт өкілдері мемлекеттік тілді меңгеріп, тіл арқылы қазақтың мәдениеті мен салт-дәстүрін дүние жүзіне паш етсе, «нұр үстіне, нұр болар еді». Қазіргі таңдағы «Тіл туралы» заңның

қабылдануы – ана тіліміздің жарқын болашағының алғы шарты емес пе? Келешекте тіліміз биік тұғырға көтеріліп, Радлов, Бартольдтар таң қалған деңгейге жетіп, әлемдік дәрежеге ие болған тілдердің қатарынан көрінетініне сенімім мол.

Скворцова Валентина

6 класс Павлодарская область

Моя Родина

Когда я была маленькой, я не знала, что моя родина, так прекрасна. Один раз осенью мы поехали на рыбалку за город. Я ехала в машине и смотрела в окно. На скошенных пастбищах паслось множество животных: коров, овец и лошадей, которых пас пастух. Мы приехали на Иртыш. Я вышла из машины и посмотрела на небо, оно было розовое - это был закат. Я подошла к воде и посмотрела вдаль, и увидела как на баржу подъемный кран грузил песок, в воде он отражался замком. Это было так прекрасно как в сказке. Наступила ночь, небо было синее, на нём было много ярких звёзд, и луна так ярко светила, что было светло.

В Алматы расположен известный всему миру каток Медео. В горах расположена спортивная горнолыжная база. А ещё Алматы славится своими яблоками сорта Апорт.

Алматы

Алматы красивый город,
Он сравнится с лебедем.
На деревьях сочные плоды
И солнце светит с высоты.

В Астане есть прекрасное сооружение Бай Терек. С этой постройкой связана прекрасная легенда. На свете было дерево, на котором было гнездо, а в гнезде лежит золотое яйцо. Оно принадлежало жарптице. Было предание, что тот, кто найдёт это яйцо - будет счастлив. Также в Астане есть Парламент и другие государственные здания.

Ещё Казахстан славится красивейшими горами Алатау. На вершинах этих гор лежат вечные снега. Ещё наша Республика славится подземными ископаемыми. Здесь есть почти вся таблица Менделеева.

В нашей стране много красивых уголков. Для меня нет красивее – Павлодара. Я люблю есть очень красивая набережная с фонтанами и пляж. Еще в нашем городе есть фантастический музей, где представлена в экспозициях история нашего края.

Я люблю свою родину.

Сүйеніш Ерқанат

9 сынып, Парамоновка мектебі
Достықселолық округі, Парамоновка ауылы

Арман жыры алаштың, азатық еді аңсаған

«Тәуелсіздік – барлық қазақстандықтар үшін аса қасиетті құндылық» -деп Елбасы бекерден-бекер айтпаған. Талай ғасырлар бойы осы жолда жан алысып жан берісіп, ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, ұлан ғайыр осынау атырапты көзінің қарашығындай сақтап ұрпаққа қалдырған баһадүр бабалармыздың арқасы. Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ, небір алмағайып қиын-қыстау, тар жол тайғақ кешулерді бастан кешіп, ұлттық рухымыздың сағын сындырған тарихи толқулар мен толғаныстарға толы болды.

Ұлттық болмысымыз бен әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз, тіліміз бен ділімізден ажыраудың сәл-ақ алдында қалдық. Туған ел, туған жерден қыспақ көріп киелі атамекеннен жыраққа кеткен қаншама қазақ баласы бүгінгі таңда отанға оралып жатқаны тәуелсіздіктің арқасы. Тарих өткенді және болашақты таразылайтын ұлы шежіре, баға жетпес құндылыққа толы тағдыр-тынысы. Сондықтан төмендегі мына бір ойлардан тәуелсіздіктің қандай ұғым екенін, оның қалай келгенін көз алдымызға елестетеді.

Біз бөрілі байрақ ұстаған, батыр жауынгер бабалардың ұрпағымыз. Талай қилы-кезеңді басынан кешкен қайсар мінезді ұлт екенімізді мақтан тұтамыз. Қазақ болып туғанымызға мақтануымыз керек.

Өткеніңе үңілсем қандай ауыр,
Қиындықты көрдің ғой талай дәуір.
Есіркемей ескіні келешеке,
Қадам басу, жоқ сірә туыс бауыр.
Не көремдің өмірде алты алашым,
Өрлік, ерлік күшіңмен қарсыластың.

Қысылтайаң қыспақта жан ұшырып,
Шүберекке түйілген шыбын жаның.
Талай мәрте қанатың қырқылғаннан,
Бетің қайтып көрген жоқ жығылғаннан.
Қолдан бермей ақ туын азаттықтың,
Қорғай білдің қылышын суырғаннан.

-деген ой жадымда жаңғырығады. Азаттық жолында жанын пайда еткен өр мінезді батыр бабалармыздың ерен ерлігі еш уақытта ұмытылмайды.. Егеменді ел болып етек жеңімізді жинағанамызға 20 жылдың жүзі болды. Осы аралықта айбынды алаш елін төрткүл әлем танып мойындады. Көкбайрағы желбіреген азат елдің әрбір таңы күлімдеп атып, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықтың берік іргесі мызғымастай қалана берсін. Тәуелсіз қазақ елінің іргесін бекітіп, ынтымағын ұйытқан Елбасымыз жасай берсін!

Бүгін менің елімді төрткүл әлем таныған,
Алты алаштың арманын асқақтатқан Нұр ағам.
Сегіз қырлы, бір сырлы кемеңгерлік ісімен,
Қара қылды қақ жарып, тұңғиықтан жол тапқан.
Үзеңгілес өзге мен санасатын елім бар,
Тәуелсіздік, еркіндік шекаралы жерім бар.
Ынтымақты ұйытып тұрмысыңды көтерген,
Елбасының орасан еңбегінің жөні бар.

Сыздықова Азиза

школа-лицей им. Абая №10 г. Павлодар

Патриотизм

Что значит слово «патриотизм» в наше время? Мы с гордостью представляем себя патриотами нашей страны. Мы кричим, что мы любим нашу страну и готовы умереть ради неё. Мы говорим, что наша нация достойна всех благ земных, ведь мы самые лучшие, и мы можем достичь многого.

С раннего детства родители учат нас патриотизму, внушая любовь в нашей стране, земле и нации. В школе нам рассказывают о том, как все-таки богата наша страна, как мы сражались за нашу землю и насколько мы суверенное государство. Мы вешаем наш герб высоко, мы

поднимаем наш флаг до самого неба, мы поём наш гимн так, как будто поём в последний раз.

Мы – дети, любим свою страну, ценим каждый миллиметр нашей земли, преданы нашей отчизне, мы готовы пройти через все мучения вместе с нашим народом, ибо мы реликвия, которую передают наши предки из поколения в поколения, все традиции сохраняем мы, мы - семья. Да, и в каждом красиво описанном слове есть одно «но». Откуда все-таки рождается расизм и нацизм? Возможно, все зависит от восприятия человека к словам. Но, учить надо не любить свою страну, а учить делать выбор, выбор любить или не любить.

Меня никогда не заставляли ходить в мечеть, петь гимн или уважать символику своей страны. Да, родители говорили, что так надо, но я довольно упрямый ребенок, который всегда любит все решать сам. Я дошла до этого сама, увидев насколько все-таки прекрасна наша история, воспитание людей. Я полюбила нашу страну искренне, и сделала я это сама. Это – зов сердца. Я знаю, мы достойны того, чтобы каждый гражданин нашей страны был патриотом. Очень важно понимать, что патриотизм - это не только любовь к своему народу или же национальности, но и уважение к другим. Уважение и толерантность – вот что, на мой взгляд, отличает настоящего патриота от расистов и нацистов. Проявляя уважение к человеку другой нации, мы создаем образ своего народа, своей страны. Больше того, хотеть воевать, а не сотрудничать могут только очень глупые и недалёковидные люди. Ведь жить в мире всегда лучше, чем вести кровопролитные войны, в которых мы теряем людей. Теряя людей, мы теряем себя, свою человечность. Быть патриотом – значит любить свою страну и свой народ искренне. Что значит уважать другие страны и национальности. Только человек, понимающий это, является патриотом в полном смысле этого слова.

Сыздыкова Аида

11 сынып, «Зерде» жалпы мектеп Екібастұз қаласы
Жетекшісі: Нұртаева Н.Қ.

Менің міндетім – Отанға қызмет ету және қорғау

«Бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жерімізді мирас қып қалдырған. Еңбегі еш кетпеді де. Үміті ақталып, кейінгі ұрпаққа саналы, дана адам билік басына отырды. Олардың ар-

маны орындалып, көсегесі көгерген кезге жеттік. Ең алдымен, досқа адал, дұшпанға қатал болуды, сонан соң досқа күлкі, дұшпанға таба болмауды, рухы биік болып, намысты қолдан бермеуді әрқашан есте сақтаған ел басымыз осы қасиеттерді бізге де үлгі етті.

Әлемде беделі бар бір ұлт болып, бой жазып келеміз. Мен өз елімді мақтан етемін! Ел тірегі – елбасы, Елбасы тірегі – ел екенін де ұмытпағанымыз абзал. Еліміздің патриоты болу, сапалы білім алу, қай салада болса да елің үшін аянбай еңбек ету - біздің міндетіміз.

Ата-бабамыздан бізге мұра болып қалған жеріміз бар. Әрқашанда ынтымақтастығы жарасқан көп ұлтты еліміз бар. Әрине, «біреудің көзі жақсы, біреудің сөзі жақсы» - демекші, маңдайыңнан сипап тұрып, ту сыртыңнан соққы беретіндер де жеткілікті. Осы себептен де біз әрқашан да неге болса да дайын, сақ болуымыз қажет. Сонымен қатар қандай жағдай туындаса да осалдық танытпай, айбар шегіп, мәселені шиеленістірмей, ымыраластықпен шешіп, ел тыныштығын жоғары қоюымыз керек.

Біз қазіргі уақытта патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөліп, саналы көзқараспен қарауымыз қажет. Бұған Жүсіпбек Аймауытовтың: «Баланы бұзуға, яки түзетуге себеп болатын бір шарт - жас күнінде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады» - дегені дәлел бола алады. Патриотизм дегеніміз - Отанды сүю деген түсінік. Отанды сүю - өз еліне адал берілгендік, оған қалтқысыз қызмет ету, оның мүдделері мен қауіпсіздігін қорғау. «Үйді қорғау - есіктен, Елді қорғау бесіктен басталады» - дегендей, отанды сүю туа сала пайда болатын сезім емес, сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, мектебіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алады. Тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Әрбір оқушы өз ұлтының тарихын жете меңгеріп, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойына сіңіргенде ғана «Елін сүйгеннің еңсесі биік» дегендей, намысы мен ұлттық рухы жоғары деңгейдегі азамат болып қалыптасады.

Отан отбасынан басталады. «Жас бала - жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді», - дейді халқымыз. Ата-ана биік шаңырақ көтеріп, берік босаға құрса, үлгілі отбасынан шыққан бала өзін әр кезде бақытты сезінеді. Ал бақытты адамдар өмір сүрген мемлекеттің болашағы зор.

Бақыт деген – мен үшін ата-анамның, туыс-бауырларымның, жақын-жуықтарымның амандығы. Олардың бәрі де дәл осылай ойлайтын болар. Отан деген – біздің үлкен отбасымыз. Аянбай еңбек

етіп, Отанға адал болғанымыз, қызмет еткеніміз – оны қорғағанымыз деп білемін.

Отанды сүю, ұлтжандылық – сүйекпен бірге сіңетін, қанмен бірге берілетін сезім. Бүгінгі күні ата-бабаларымыз салып кеткен тұзу жолмен жүріп, сол жолды ары қарай дамыту, ескімен жаңаны ұштастыру – Қазақстан халқының міндеті. «Туған жерге туың тік», «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас», «Ер жігіт – елінің ұлты, Намысының құлы», «Туған жер – тұғырың, Туған ел – қыдырың» деп даналарымыз бекер айтпаған.

Сайып келгенде жас ұрпаққа ата-бабаларымыздың азаттық үшін арпалысып, сол жолда құрбан болған Сырым батырдың, Исатай мен Махамбеттің, Кенесары ханның, 1916 жылдың құрбандары: Әлихан Бөкейхановтың, Мұстафа Шоқайдың, үш тұлпардай билеріміздің, Абай, Ағыбай тәрізді қайраткерлер тәлім алған өз халқымыздың ұлттық тәрбиесін қолға алмай, оның үлгілі жолдарын жеткізуіміз мүлде қиынға түсетіні айдан анық. Осы тұста Қайрат Рысқұлбековтерді осы ұлы тұлғалармен қатар қойғым келеді. Өткен ғасырлардағы, үстіміздегі ғасырдың басындағы қанды шайқастар, ірілі-ұсақты небір көтерілістер, ең ақырғысы тарихқа «Желтоқсан оқиғасы» деген атпен енген, кейіннен «Желтоқсан» ұлт-азаттық көтерілісі деген бағаға ие болған. 1986 жылғы жастар мен студенттердің жанкештілігі, тәуелсіздікке қан төгіссіз бейбіт жолмен қол жеткізу үшін арпалысқан ел ағаларының ерен ерліктері халық санасынан өшер ме?!

Қазақ елінің әр перзенті елін, отанын қорғауға дайын болуы керек. Бір сөзбен айтқанда өз елінің патриоты болуы шарт. Бүгінгі оқушы – ертеңгі мемлекет болашағы. Ол мектепте алған тәлім-тәрбиесін болашақ қоғам дамуына үлес қосатыны сөзсіз. Сондықтан да баланы «қазақ патриоты» негізінде тәрбиелеу тек отбасы міндетіне жатпайды, мектеп, ұстаздарға да негіз болады. Патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз - ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі мен дүниетанымы кең азаматтарды тәрбиелеу.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліне сіңірген еңбегі зор. 22 жыл уақыт ішінде елімізді аяғына тік тұрғызып, көркейтуде. Қазақ жері ұлан-байтақ, табиғи қорларға өте бай мемлекет екені айдай әлемге аян. Сол себептен көзі жайнап, жаулап алғылары келетіндердің де саны аз емес. Алайда осындай қиындыққа қарамай: «Арпалыспен келмесе, шынайы азаттық бола

ма? Оңайлықпен келсе, оның қадірі бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ма?», «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек», - деп, елімізді қорғауға үндейді. Иә, Қазақстан - тәуелсіз, дербес ел! Тәуелсіздік туымен бірге Қазақстан тамырын терең тартып, жапырағы жайқала бастады. Тәуелсіздік арқасында қазақтың асыл арманы асқақ әнге айналды, өзге дербес елдермен тереземіз теңесіп, керегеміз кеңейді. «Тіл - ұлт байлығы» дегендей, өзіміздің ең қымбат қазынамыз - ана тіліміздің де маңдайындағы жұлдызы жарқырайды. Мұның барлығы ата- бабаларымыздың ат үстіндегі атқарып, алты малтаны ас етіп, мың өліп, мың тірілген, қылышын қаншама ғасыр қанға малып жеткен мұраты - Тәуелсіздік арқасында.

Тәуелсіздіктің желбіреп тұрған туын болашаққа жеткізетін, әнін әлемге әуелететін бүгінгі ұрпақ, біз боламыз! Аға-ұрпақтың бұл бағдарламасын жалғастыратын да біз. Тәуелсіздік бізге, біз тәуелсіздікке қызмет етеміз.

Тастемір Жанболат

10 сынып, әскери мектеп-интернат

Павлодар қаласы

Мұғалімі: Смағұлова Г.Т.

Елбасымен - болашақтың іргесін бірге қалаймыз!

Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Қазақстан өз тәуелсіздігін көптеген жастардың өмірлерінің құнымен алды. Кім біледі, егер сол ызғарлы желтоқсанда жастарымыз көтеріліске шықпаса, бүгінгі күніміз не болар еді. Мүмкін тағдырымызда солай жазылған шығар, жастар өз дегеніне жетті. Мемлекетіміздің құрылуының бірінші сатысы осылай аяқталды. Уақыт өтіп, қазақ халқы тұңғыш рет өз Елбасын қолдады. Ел тәуелсіздігі мерекесінің қарсаңында Елбасы Қазақстан халқына Жолдауын арнады. Бұл Жолдау Қазақстан халқының болашақтан күтетін нәтижелерін анықтаумен ерекшеленді. «Қазақстан – 2030» стратегиясы отыз үш жылдың ішінде емес, он бес жылдың ішінде орындалғанына бүгін куә болып отырмыз. Елбасы атап өткендей, Қазақстан Республикасы әлемдік деңгейде қалыптасып үлгерді. Енді Елбасы дамыған 30 елдің қатарынан көрінетін Қазақстан қандай болуы керек, қандай

басымдықтар жүзеге асырылуы тиіс деген сұрақтарға жауап іздеп, ел алдына жоғары міндеттер қойды. Бұл міндеттердің орындалуына, Қазақ елінің тыныштығының сақталуына, экономикасының күшеюіне әрбір қазақ азаматы мүдделі екеніне тоқталды.

Осы ретте Елбасы Қазақ елінің барлық азаматтарына алты үлкен міндет артты. Біріншіден, артымыздан еріп келе жатқан ұрпақтың жат жұртта емес, өз елінде өсіп, өмір сүруге құмартуын арттыру, соған жағдайлар жасау, туған жерінің иесі екендігін сіңдіру. Екіншіден, барлық этностар құқықтарының теңдігін сақтау. Үшіншіден, қазақ тілі мен үштұғырлы тіл саясаты. Елбасы қазақ тілі біздің рухани негізіміз екенін, еліміздің болашағы қазақ тілінде екенін, қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атай алатынымызды атап өтті. Мұндай сөздер көпшіліктің күткені еді. Төртіншіден, мәдениет, дәстүр және даралық. Елбасы қазақтың күрделі мәселелерін ашық айтып, ішкі тұтастықты бұзуға дәмеленген рушылдық, жершілдік секілді алып-қашпа әңгімеден бойды алыс ұстауға шақырды. Қарға тамырлы қазақтың түбі бір екенін әрқашан есте ұстау керек. Бесіншіден, ұлттық интеллигенцияның рөлі. Алтыншыдан, ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дін туралы ойлану керек. Өйткені қазіргі кезде дін мәселесі ушығып кетейін деп тұр. Жастар дәстүрімізде жоқ діни ағымға салынуды әдетке айналдырып барады.

Менің қазіргі уақытта жан-жақты білім алып, рухани өрісімнің кеңеюіне ықпал етіп отырған – әскери мектеп. Мен осы мектептің табалдырығын аттап, білім нәрін сусындап жүргенімді зор мақтанш тұтамын. Бұл мектепте оқып жүргеніме екі жыл толып қалды. Біз мектептің табалдырығын алғаш әскери Ант қабылдаудан бастадық. Өмірдің жаңа сатысын енді басқандаймын. Осы курсанттармен бірге тез есейіп кеткенімді байқамай қалдым. Бұл мектептің өмірі барлығынан да өзгеше. Бізді «офицерге лайық бол» деп тәрбиелейді. Адалдық пен адамгершіліктің ақ жолына салады. «Адалдық», «Ар», «Адал еңбек», «Батылдық» деген сөздер жанымызға жақын, үйреншікті. Ал сол алдымызға қойған міндеттерді бұлжытпай орындау – біздің парыз. Мектеп дарынды балаларға арналған болғандықтан, бұл жерде ең білімді, білікті, күшті, озат курсанттар оқиды. Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналған балалар осы мектепке келіп, аңсаған армандарын жүзеге асыруда.

Біз бәріміз бір атаның ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін.

Мен – Қазақстанның патриотымын, сондықтан туған жерімнің жарқын да баянды болашағы үшін аянбай еңбек етемін!

Тастен Дана

8 класс, АОО «НИШ» г. Павлодар

Руководитель: Оразалина К.Р.

Моя родина - мой дом

Казахстан – моя родина, отчизна, родная земля, мой дом и моя муза. Сказано немало искренних слов о любви к своей Родине. Она живет в глубине души каждого из нас. Истинный патриот своей страны должен ценить и знать прошлое своих предков и чтить их память. Недаром сказано: «кто не знает своего прошлого, у того нет будущего». А наше будущее и будущее нашей страны тесно связано. Как сказал глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев: «...насколько качественным будет уровень здоровья, интеллекта и образования каждого гражданина, настолько высокой окажется конкурентоспособность государства в системе мирового сообщества». А это значит что будущее нашего государства в наших руках! Так давайте же пробудем чувство патриотизма и гордости и будем делать все для процветания и роста благосостояния населения. Ведь наша страна - это наш дом.

Учителя и многие взрослые люди часто говорят нам о том, то что мы, это будущее страны. Поэтому мы должны становиться лучше с каждым днем, вкладывать все свои силы в свое будущее, тем самым улучшая и изменяя будущее своей страны. Люди которые вкладывают что-то в будущее – реалисты. Так давайте же будем ими! И впервые очередь чем думать что может сделать для нас страна, давайте думать что мы можем сделать для нее. Конечно, сейчас мы приносим не так много пользы и для родины, и для дома. Но мы должны брать пример со своих родителей. Каждый раз они покупают в дом новую и красивую мебель, пытаются осветлить его и сделать более уютным. Но мы должны брать

шире, воспринимая свою страну как свой родной дом. Каждый гражданин должен гордиться своим государством и любить его всем сердцем. Ведь когда-то Цицерон сказал: «Нам дороги родители, дороги дети, близкие, родственники...но все представления о любви к чему-либо соединены в одном слове – отчизна. Какой честный человек станет колебаться, умереть ли за нее, если он может принести этим ей пользу?».

На земле более шести тысяч народов и народностей и только более двухсот стран, где одна из них-Казахстан. Наша молодая страна входит в число пятидесяти лучших стран мира. И это очень хороший результат. Но если заглянуть глубже, то мы увидим, как нелегко далась нам свобода. Наши предки изо всех сил боролись за нее, за будущее своей страны. Сколько людей погибло на поле боя, сколько людей бросались под огонь ради своей отчизны и товарищей! Сотни людей умирало от рук врага, но несмотря ни на что они боролись до последней капли крови. Поэтому мы должны оправдать их надежды и доказать, что они погибли не зря. Ведь если представить, что наши родители, дяди и тети, братья и сестры, бабушки и дедушки, которые не чают души в нас, погибли напрасно, и это уже не вернуть... поставьте себя на их место, и почувствуйте боль, которую чувствовали они когда-то. Представим людей, которые попали в плен врага, или отважных солдат, которые бесстрашно бежали им на встречу, бежали на встречу к смерти. Как когда-то сказал Гомер: «Знаменье лучшее – за отечество храбро сражаться». Так давайте соберемся с силами и поднимем нашу Родину – Казахстан!

Төлеубаева Айымгүл

5 сынып, Қараағаш орта мектебі Ертіс ауданы

Ер еісімі - ел есінде

«Ерлік өлмейді, ер ұмытылмайды», -демекші соғыс жылдары еліміз үшін де, бүкіл әлем халықтары үшін де, есте қаларлық кейінгі ұрпаққа үлгілі, өнегелі жыл. Бүкіл дүниежүзілік соғыстың аяқталуына биыл алпыс тоғыз жыл толып отыр.

Ардагер аталарымыздың, әкелеріміздің, ағаларымыз бен әпкелеріміз жастардың бойында Отанның абыройы мен бостандығын қорғаған ардагерлер үшін мақтаныш сезімін тудыратынына сенімдімін. Ардагерлерге ілтипат көрсету парызымыз.

Сол бір ел басына қайғылы бұлт үйірілген шақта қолына қару алып елін, жерін қорғауға аттанған жұрт есінде қаларлық ерлік жасамаса да, сол қырғынға қатысқанның өзі үлкен ерлік дер едім.

Біздің Қараағаш ауылынан да 40-қа тарта ардагер жауынгерлеріміз Отан үшін жанын қиған. Олардың 20-ға тартасы елге оралып, қалғандары елінің келешегі үшін қан майданда оққа кеудесін тосып, туған – туысқандары мен ауылдастары «Отаны үшін ерлікпен қаза тапты» деген қағаздарын алған. Өздері өмірден өткенімен, жаумен шайқасқан ата-бабаларымыздың ерлігі тарих қайнауынан орын алып, отандастарының жадында мәңгіге сақталады.

